

ФРИДРИХ  
ЭНГЕЛЬС

---

АНТИ-ДЮРИНГ

\*



---

**ФРИДРИХ  
ЭНГЕЛЬС**

**АНТИ-  
ДЮРИНГ**

---

**МАРКСИЗМ  
ЛЕНИНИЗМ  
ИНСТИТУТЫ**



**БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕРІ**

*Пролетарии всех стран, соединяйтесь!*  
ИНСТИТУТ МАРКСИЗМА-ЛЕНИНИЗМА  
при ЦК КПСС

---

**ФРИДРИХ ЭНГЕЛЬС**

**АНТИ-ДЮРИНГ**

**ПЕРЕВОД В НАУКЕ,  
ПРОИЗВЕДЕННЫЙ  
ГОСПОДИНОМ  
ЕВГЕНИЕМ ДЮРИНГОМ**

---

ГОСУДАРСТВЕННОЕ ИЗДАТЕЛЬСТВО  
ПОЛИТИЧЕСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ

1 9 5 3

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ  
МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНЫҢ  
ҚАЗАҚ ФИЛИАЛЫ

---

# ФРИДРИХ ЭНГЕЛЬС

## АНТИ-ДЮРИНГ

ЕВГЕНИЙ ДЮРИНГ  
МЫРЗАНЫҢ  
ҒЫЛЫМДА ЖАСАҒАН  
ТӨҢКЕРІСІ

---

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ

1 9 5 7



## КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ИНСТИТУТЫНАН

Энгельстің «Евгений Дюринг мырзаның ғылымда жасаған төңкерісі», немесе «Анти-Дюринг» деген кітабы ғылыми коммунизмнің негізін салушылардың ең маңызды шығармаларының қатарына қосылады. Бұл кітапта, дейді Ленин, «философия, жаратылыс тану және қоғамдық ғылымдар саласындағы ұлы-ұлы мәселелер талданған... Бұл өте-мөте мазмұнды және өнегелі кітап»<sup>1</sup>.

«Анти-Дюрингден» орыс тіліне аударылған жеке үзінділер 1879 жылдың өзінде-ақ пайда болды, ал XX ғасырдың басынан кітаптың орыс тіліндегі тұтас аудармасы басылып шықты. «Анти-Дюринг» біздің елімізде Ұлы Октябрь социалистік революциясынан кейін кең тарады. Кітап СССР халықтарының көптеген тіліне аударылып, ондаған рет басылып шықты.

«Анти-Дюрингтің» Марксизм-ленинизм Институты дайындаған 1945 жылғы орысша жаңа басылуында кітаптың тексті жаңадан каралып, қайта өңделген аударма бойынша берілді. Бұдан былайғы орысша басылулары кейбір шамалы түзетулермен кітаптың осы басылуының тексті беріп отырды.

Бүкіл текстінің басынан аяғына дейін Лениннің өз шығармаларында алған терминологиясы қолданылды. «Анти-Дюрингтің» Ленин цитатқа келтірген жерлері кітаптың текстіне Лениннің аудармасы бойынша кіргізілді.

Аударманың негізіне бұл кітаптың неміс тіліндегі үшінші басылуы<sup>2</sup> алынған. «Саяси экономия» деген бөлімнің Маркс жазған оныншы тарауы Маркстің қолжазбасының Марксизм-ленинизм институтында сақтаулы фото көшірмесі бойынша тексерілді.

Кітаптың негізгі аты — «Анти-Дюринг» — оның Энгельстің жазылған хаттарындағы аты мен бұл кітаптың Ленинде неғұрлым жиі кездесетін атына сай келеді.

<sup>1</sup> И. И. Ленин, Шығармалар, 2-том, 12-бет.

<sup>2</sup> «Nenn Eugen Dühring's Umwälzung der Wissenschaft» von Friedrich Engels. Dritte, durchgesehene und vermehrte Auflage. Stuttgart. Verlag von I. H. W. Dietz. 1894.

Кітапқа қосымша ретінде мына нәрселер берілді: «Анти-Дюрингке» арналған дайындық жұмыстардың таңдамалы үзінділері, кейіннен Энгельс өзі дайындаған «Табиғат диалектикасы» деген еңбектің материалдарына жатқызған бұрынғы алғысөз және Энгельс «Анти-Дюрингке» жазған «Ескертулер».

Энгельстің «Жаяу әскер тактикасы және оның материалдық негіздері» деген мақаласы және ««Анти-Дюрингке» арналған дайындық жұмыстардан» деген тараудың кейбір үзінділері орыс тілінде бірінші рет 1945 жылғы басылуында жарыяланған болатын.

«Кіріспенің» алғашқы желісінің ең маңызды деген тұжырымдары «Кіріспенің» тиісті жерлеріне арналған жол астындағы ескертулер түрінде келтіріліп отыр.

Кітаптан алып, өзі «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы» деген кітапшаны құрастырған тарауларына Энгельстің қосқан қосымшалары кітаптың текстіне кіргізіліп, квадрат жақшаның ішіне алынды.

«Қосымшалардың» тексті Энгельстің қолжазбаларының фото көшірмелері бойынша қайтадан тексеріліп, анықталды.

Кітаптың бұл басылуын *И. И. Прейс* әзірлеп, ***В. М. Познер*** редакциялаған.



## ҮШ БАСЫЛУЫНА АРНАЛҒАН АЛҒЫСӨЗДЕР

### I

Бұл еңбек әсте де пәлендей бір «ішкі талпынудың» жемісі емес. Мұның керісінше.

Осыдан үш жыл бұрын Дюринг мырза, социализмнің әдепті және сонымен бірге оның реформаторы ретінде, өзінің ғасырындық астынан жекпе-жекке шақырған кезде, менің Германиядағы достарым менен қатты өтініш етіп, социал-демократиялық партияның сол кездегі орталық органы — «Volksstaat»-та социалистік жаңа теорияны менің сын көзімен баяндап шығуымды сұрады. Осы жуырда ғана түпкілікті біріккен жас партияның сектанттық жіктелуіне және абыржуына қайтадан сылтау қалдырмау үшін олар мұны өте-мөте қажет деп есептеді. Германиядағы істің жағдайы туралы менен гөрі олар жақсы пікір айта алды; олай болса, мен оларға сенуге міндетті болдым. Оның үстіне жаңа көзқарас адамын социалистік баспасөздің бір бөлегі шын жүректен құшағын жайып қарсы алған болып шықты, рас, бұлай шын жүректен қарсы алу тек Дюринг мырзаның жақсы ниетіне байланысты еді, бірақ сонымен бірге мұның өзі партиялық пресаның бұл бөлегі, Дюринг мырзаның нақ осы жақсы ниеті себепті, дюрингілік доктринаны да наным ретінде қабылдаудан да аулақ емес деп ойлауға дәлел болады. Керек десе бұл доктринаны жұртқа түсінікті формада етіп жұмысшылардың арасына тиратуға да әзірленген адамдар да табылды. Сөйтіп, ақырында, «Volksstaat-ты» осындай орасан зор дәмемен шыққан жаңа ғылым жөнінде батыл позиция ұстауға көндіру үшін Дюринг мырза мен оның кішкене сектасы мадақтаушылық пен пәлеқорлықтың барлық айла-амалдарын қолданып бақты.

Осылардың бәріне қарамастан, менің басқа жұмыстарды былай қоя тұрып, осы ащы жемісті қолға алуға бел байлағаным-ша тибиандатқан бір жыл өтіп кетті. Ал бұл жемістің сондай бір қасиеті бар жеміс еді, оны татып көргеннен кейін, оны еріксізден түгел жемі қоюға тура келді. Мұның үстіне ол өте ащы болып қана қойған жоқ, сонымен қатар көлемі де зор еді. Жаңа социалистік теория кейбір жаңа философиялық системаның ақырғы практикалық нәтижесі болып жарыққа шықты. Сондықтан ол

теорияны осы системаның ішкі байланысы жағынан алып зерттеу керек болды, ал олай болса осы системаның өзін де талдап тексеру керек болды. Дюринг мырза барлық мүмкін нәрселер жөнінде және онан да басқа онша-мұнша нәрселер жөнінде әңгіме қылатын орасан кең салада Дюринг мырзаның сонынан еріп көру керек болды. Бірсыпыра мақалалар осылай пайда болды, бұл мақалалар 1877 жылдың басынан бастап, «Volksstaat»-тың орнын басқан Лейпциг «Vorwärtse»-інде басылып, осы арада байланысты түрінде беріліп отыр.

Сонымен, қарастырылып отырған мәселенің сыйпатының өзі сынды осы мәселенің ғылыми мазмұнына, яғни Дюринг мырзаның шығармасының мазмұнына мүлде пропорциялы келмейтіндей етіп еріксіз тыңғылықты баяндатқызды. Алайда, бұл тыңғылықтылықты тағыда бір басқа екі түрлі пікір орынды етіп отыр. Бір жағынан, бұл тыңғылықтылық маған білімнің осы арада көтеріліп отырған мүлде әралуан салаларында кәзіргі кезде жалпы ғылыми немесе практикалық маңызы бар талас мәселелерді өзімнің қалай түсінетіндігімді дұрыс формада дамытуыма мүмкіндік берді. Мұның өзі әрбір жеке тараудан көрінеді, және де бұл шығарма Дюринг мырзаның «системасына» басқа бір системаны қарама-қарсы қою мақсатын қаншама аз көздегенімен де, сонда да болса менің білдірген көзқарастарымда ішкі байланыс бар өкөні оқушының көзіне түспей қалмайды деп сенуге болады. Бұл жағынан менің еңбегімнің мүлде жеміссіз болып шықпағандығына кәзірдің өзінде-ақ менде жеткілікті дәлелдер бар.

Екінші жағынан, «система жасаушы» Дюринг мырзаның өзі кәзіргі неміс өмір шындығында жалғыз-жарым құбылыс емес. Біраздан бері жалпы алғанда космогония мен натурфилософия системалары, саясат, саяси экономия системалары Германияда жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаулап өсіп келеді. Ең бишара деген философия докторы, тіпті студиоз да, бүтінбір «система» жасаудан басқа кішірек бірдеңемен шұғылдана қоймайды. Кәзіргі мемлекетте әрбір азамат өзі үн көтеруіне тура келетін барлық мәселелер туралы пікір айта алады деп ұйғарылатыны сыяқты; саяси экономияда әрбір тұтынушы өзінің тіршілік қажеттері үшін сатып алуына тура келетін товарлардың бәрін мұқият білуші болып табылады деген ұйғарындыны негізге алатыны сыяқты,— осы сыяқты жұрт ғылымда да осындай ұйғарындыны қолдану керек деп есептейді. Ғылым бостандығы дегеннің мәнісі — жұрт өзі зерттемеген нәрселердің бәрі жөнінде жазады деген сөз, міне осының өзі бірден-бір нағыз ғылыми метод деп көрсетіліп жүр. Ал Дюринг мырзаның өзі осы жүгенсіз кеткен жалған ғылымның ерекше типтерінің бірі болып табылады, бұл жалған ғылым біздің заманымызда Германияның барлық жерінде де алдыңғы қатарға ентелеп, өзінің лепірме бос мылжыңының

дүрмегімен бәрін де басып кетіп жүр. Поэзиядағы, философиядағы, саясаттағы, саяси экономиядағы, тарихи ғылымдағы лепірме бос мылжың, кафедралар мен мінбелерден айтылатын бос мылжың, қай-қай жердегі болсын бос мылжың, артықшылық пен тереңойлылыққа дәмегөй лепірме бос мылжың, басқа ұлттардың жәй дәрекі-тұрпайы бос мылжыңынан өзгеше бос мылжың, «арзан, бірақ шіріген» деген ұраны бар неміс интеллектуалдық индустриясының аса сыйпатты және неғұрлым жаппай жемісі ретіндегі лепірме бос мылжың, — айнағатасыз өзге де неміс фабрикаттары сыяқты нәрсе, амал не, бұл бос мылжың Филадельфия көрмесінде әлгі фабрикаттармен қатар қойылмаған. Тіпті неміс социализмі де, — әсіресе Дюринг мырза берген жақсы үлгіден бермен қарай, — біздің заманымызда тым-ақ ықылас қойып лепірме бос мылжыңмен айналысып жүр және «ғылыммен» мақтан ететін, өздері ғылым саласында «шығнында да ештеңені үйренбеген» түрлі субьектілерді шығаруда. Біз мұнда неміс студиясының социал-демократия жағына шыға бастағанын көрсететін балалық ауруды көріп отырмыз, бірақ бұл ауру осы процестен ажырамайтын нәрсе болғанмен де, біздің жұмысшылар өзінің кіршіксіз тамаша мінезінің арқасында ол ауруды сөзсіз жеңіп шығады.

Мен мықтағанда дилетант ретінде ғана шыға алатын салаларда Дюринг мырзаның соңына түсуге мәжбүр болып отырсам, бұған мен кінәлы емеспін. Мұндай реттерде мен көбінше өзімнің қарсыласымның жалған немесе теріс пікірлеріне дұрыс және даусыз фактыларды қарама-қарсы қоюмен шектеліп отырдым. Юридикалық салада және жаратылыс тану ғылымының кейбір мәселелерінде мен осылай істедім. Басқа реттерде әңгіме теориялық жаратылыс тану ғылымына қатысты жалпы көзқарастар жөнінде болды, демек, әңгіме жаратылыс зерттеуші маманның да өз мамандығының шеңберінен шығып, бір-біріне шектес салаларға шығуына тура келетін сфера туралы болды, бұл бір-біріне шектес салаларда, Вирхов мырзаның мойындауы бойынша, ол, осы маман, басқа да қарапайым адамдардай «дүмше» болып табылады. Баяндаудағы азын-аулақ дәлсіздіктер мен кемшіліктер жөнінде жұрт мұндай жағдайларда түрліше мамандықтың өкілдерінің арасында бола беретіндей кешірім жасар деп өенемін.

Мен осы алғысөзді жазып бітірген кезімде, мен Дюринг мырзаның «*Neue Grundgesetze zur rationellen Physik und Chemie*»<sup>1</sup> деген «баосшылыққа» алынатын жаңа шығармасының жарыққа шыққандығы туралы кітап баспасының Дюринг мырза жазған құлақтандыруын көрдім. Өзімнің физика мен химия саласындағы білімдерімнің жеткіліксіз екендігін толық мойындай келіп, мен дегенмен біздің Дюринг мырзаны жақсы білемін деп ойлай-

<sup>1</sup> «Рационалды физика мен химияның негізгі жаңа заңдары». Ред.

мын, сондықтан да, тіпті жоғарыда аталған шығарманы көрмей тұрып-ақ, күні бұрын мынаны айта аламын: физика мен химияның әлгі шығармада анықталған «заңдары» өзінің қателігі немесе бос мылжындығы жағынан саяси экономияның, дүние схематикасының, т. б. Дюринг мырза ашқан және менің шығармамда талданған бұрынғы заңдарымен қатар қоюға ылайық заңдар, ал енді Дюринг мырзаның жасап шығарған «ригометри», немесе өте төмен температураны өлшейтін аспабы, жоғары немесе төмен температураны өлшеу үшін керек емес, тек қана Дюринг мырзаның надандық такаппарлығын өлшеу үшін ғана керек.

Лондон, 11 июнь, 1878 ж.

## II

Бұл шығарманың жаңадан басылып шығуға тиіс болғаны мен үшін күтілмеген нәрсе болды. Оның сынға алатын объектісін кәзіргі кезде жұрт ұмытып кетті деуге болады; бұл шығарманың өзі көп мындаған оқушыларға арналып Лейпциг «Vorwärts»-інің 1877 және 1878 жылдардағы номерлерінде бөліп-бөліп басылғаны былай тұрсын, оның үстіне көп даналы жеке кітап болып та басылып шықты. Менің бұдан бірнеше жыл бұрын Дюринг мырза туралы жазғанымды тағы кімнің білгісі келді екен?

Мұның бұлай болып отырғаны ең алдымен мына жағдайдан болу керек: социалистерге қарсы ерекше заң шығысымен-ақ, менің сол кезде әлі сатуда болған басқа да барлық шығармаларым сыяқты, бұл шығармама да Германияда тыйым салынған еді. Қасиетті одақ елдеріндегі мұраға қалып келе жатқан бюрократтық соқыр сенімдерге әбден шырмалып қалмаған адамның қай-қайсысына болса да бұл шараның нәтижесінің қандай болатыны айқын еді, оның нәтижесі: тыйым салу бұйрықтарын шығара отырып, бұларды іс жүзіне асыра алмайтын берлиндік мырзалардың дәрменсіздігін көрсетіп беретіндей тыйым салынған кітаптардың екі есе, үш есе өтуі еді. Шындығында да, империялық үкіметтің сыпайыгерлігінің арқасында менің кіші-гірім еңбектерім өзімнің шамама келетінінен де көп болып басылып шығып жүр; олардың текстің дұрыстап қарап шығуға да менің уақытым жоқ, сондықтан мен көбінше оларды жәй ғана қайта бастыра салуға мәжбүрмін.

Бұған тағыда бір басқа жағдай қосылып отыр. Дюринг мырзаның осында талданып отырған «системасы» өте кең теориялық саланы қамтйды, міне осының өзі мені де барлық жерде де өкшелеп оның соңынан қалмай, оның көзқарастарына менің өз көзқарастарымды қарама-қарсы қойып отыруға мәжбүр етті. Төріс делінген сын осының арқасында дұрыс сынға айналды; айтыс Маркс екеуіміздің диалектикалық методьмыз бен дүниеге коммунистік көзқарасымыздың азды-көпті жүйелі түрде баяндалуына, — баяндалуы болғанда, оның үстіне білімнің бірсыпыра

көп саласын қамтыйтын баяндалуына айналды. Маркстің «*Mélanges de la Philosophie*»-ында<sup>1</sup> және «Коммунистік Манифесте» тұңғыш рет дүние жүзіне белгілі болған дүниеге осы көзқарастымыз «Қапиталдың» жарыққа шығуымен жұртшылықтың негүрлiм қалың тобын бұл көзқарастымыз өзіне сондайлық тез қимықтырып тартып әкеткенше жыйырма жылдан аса уақыт инкубациялық дәуірді басынан кешірді. Кәзіргі кезде бұл көзқарас өзіне көп жұрттың назарын аудартып отыр және Европа жерінен әлдеқайда алыста, бір жағынан, пролетарлары бар, екінші жағынан, ер жүрек ғалым-теоретиктері бар елдердің бәрінде де бұл көзқарастың өзінің жолын қуушылары бар. Сонымен, кітаптың дұрыс мазмұнына бола Дюрингтің қағыйдаларына қарсы жүргізілген айтыспен, көп реттерде кәзірдің өзінде керексіз болып қалған айтыспен, келісетіндей дәрежеде мәселеге зейін қоятын жұрт болса керек.

Жол-жөнекей айта кетейін, бұл кітапта баяндалып отырған көзқарастың едәуірін Маркс негіздеп, дамытқан болатын, тек біразын ғана мен дамыттым, сондықтан менің бұл шығармамның Маркстің келісімінсіз шыға алмағаны өзінен өзі түсінікті. Мен қолжазбаны басуға бермей тұрып бүкіл қолжазбаны Маркске оқып бердім, ал саяси экономия туралы баяндайтын бөлімнің 10-шы тарауын («Сын тарихынан») Маркс жазған, тек сыртқы жағдайларға байланысты пікірлерден келіп оны, амал не, біраз қысқартуыма тура келді. Біздің көптен келе жатқан дағдымыз: арнаулы салаларда бір бірімізге болысып отыру еді.

Кітаптың бұл жаңа басылуының өзі, бір тарауынан басқасы, бірінші басылуының — өзгеріссіз — қайта басылуы болып табылады. Бір жағынан, баяндау жағынан өзім оны-мұны өзгеріс кіргізім келсе де, кітапты мұқият қарап шығуға менің уақытым болмады. Әңгіме мынада: Маркстің қалдырып кеткен қолжазбаларын баспаға дайындау менің борышым, ал мұның өзі басқа нәрселердің бәрінен де анағұрлым маңызды нәрсе. Оның үстіне, текстіге пәлендей өзгерістер енгізу дегенге менің тіпті ұжданым бармайды. Менің шығармам — айтыс шығарма, сондықтан менің ойым: өзімнің қарсылас адамым ешнәрсе де түзете алмай отырған соң, ол жөнінде мен де ешнәрсені түзетпеуге тиіспін. Мен тек Дюринг мырзаның жауабына қарсы пікірлер айтуға правом бар екенін білдіре аламын. Бірақ мен Дюринг мырзаның менің ашқан айтысыма қарсы жазған нәрсесін оқыған жоқпын, ерекше бір керегі болмайынша оқымаймын да: теория жағынан мен онымен есеп айырысып біттім. Алайда, мен ол жөнінде әдеби күресте ереже болып кеткен ар-намыс ережелерінің бәрін де сақтауға тиіспін, өйткені менің кітабым басылып шыққаннан кейін Берлин университеті ол жөнінде масқара әділетсіз-

<sup>1</sup> «Философия қайыршылығы». *Ред.*

дік істеген. Рас, университет бұл үшін мықтап сазайын тартты. Жұрттың бәріне белгілі жағдайларда Дюринг мырзаның сабақ беру бостандығынан айыруға барып отырған университет, егер өзіне, нақ әлгіндегідей жұрттың бәріне де белгілі жағдайларда, Швенингер мырзаны еріксіз теліп отырса, бұған таңқалуға праволы емес.

Өзім түсіндіру сыйпаты бар қосымшалар жасаған бір ғана тарау — бұл: «Теория очеркі» деген үшінші бөлімнің екінші тарауы. Өзім қорғап отырған көзқарастың негізгі түйінін баяндау жөнінде ғана әңгіме болып отырған әлгі тарауға келгенде, менің қарсылас адамым менің неғұрлым жұртқа түсінікті етіп жазуға тырысқаным үшін және байланысы күшті болу үшін қосымшалар жасағаным үшін маған наразы бола алмайды. Мұның үстіне бұл үшін сыртқы себеп те болды. Кітаптың үш тарауын («Кіріспесөздің» бірінші тарауын және үшінші бөлімнің бірінші, екінші тарауларын) мен өзімнің досым Лафарг үшін өз алдына жеке кітапша етіп қайта өндеп бердім, ондағы мақсат — оны француз тіліне аударып басып шығарту болды, ал француз тілінде басылуы итальян және поляк тілдеріндегі басылуына негіз болғаннан кейін мен «Die Entwicklung des Sozialismus von der Utopie zur Wissenschaft»<sup>1</sup> деген атпен немісше басылуын шығардым. Бұл кітапша бірнеше айдың ішінде үш рет басылып шықты және сонымен қатар орыс, датчан тілдеріне де аударылып басылып шықты. Осы басылуларының бәрінде де жоғарыда көрсетілген бір ғана тарау толықтырылды, және де түп нұсқаның халықаралық тексті болып алған неғұрлым бертіндегі тексті болып отырғанда түп нұсқаны жаңадан басарда алғашқы текстімен өзімді байланысты ету менің тарапымнан педантизм болар еді.

Бірақ, мұның үстіне, менің көбінесе екі мәселе жөнінде өзгерістер енгізгім келер еді. Біріншіден, адамзаттың алғашқы тарихы жөнінде, мұны түсінудің кілтін Морган бізге 1877 жылы ғана тауып берді. Бірақ мен содан бері өзімнің «Семьяның, жеке меншіктің және мемлекеттің шығуы» (Цюрих, 1884) деген кітабымда осы уақыттың ішінде өзіме белгілі болған материалды пайдаланып отырғандығымнан осы неғұрлым бертініректегі еңбегіме сілтесем де жетіп жатыр.

Екіншіден, теориялық жаратылыс тану ғылымы туралы баяндайтын бөлімін өзгерткім келер еді. Мұнда баяндау тілі тым ауыр, сондықтан көп нәрсені кәзіргі кезде неғұрлым айқын және анық етіп айтып беруге болар еді. Ал егер мен бұл арада жақсарту енгізуге өзімді праволымын деп есептемейтін болсам, онда мен мұнымен осы арада өзімді өзім сынға алуға міндеттімін.

Саналы диалектиканы немістің идеалистік философиясынан

<sup>1</sup> «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуы». Ред.

күтқарып, оны табиғат пен тарихты материалистік тұрғыдан түсінуге қолданған бірден-бір адамдар сірә Маркс екеуіміз болармыз. Бірақ табиғатты диалектикалық тұрғыдан, сонымен қатар материалистік тұрғыдан түсіну үшін математикамен және жаратылыс тану ғылымымен таныс болу қажет. Маркс математиканы жете білген адам, бірақ жаратылыс тану ғылымдарымен біздер тек анда-санда, тиіп-қашып, оқта-текте ғана шұғылдана алдық. Сондықтан мен коммерциялық конторды тастап, Лондонға көшіп келіп, бұл үшін қажетті бос уақыт тапқан кезімде өзімді математика мен жаратылыс тану ғылымы саласында, мүмкін болғанынша, Либих айтатындай, әбден «түлеу» процесіне бердім, сөйтіп сегіз жыл бойына бұған өзімнің уақытымның көбін сарп еттім. Осы процестің нағыз қызу кезінде менің Дюринг мырзаның натурфилософия дейтінімен шұғылдануыма тура келді. Сондықтан егер мен кей кездерде тиісті техникалық сөздерді тауып ала алмаған болсам және мен тегінде теориялық жаратылыс тану ғылымы саласында біраз шорқақтау болсам, мұның өзі әбден табиғи нәрсе. Бірақ, екінші жағынан, өзім сол кезде әлі жеңе қоймаған өзімнің төселмегендігімді сезуім мені сақ етті; сол кезде жұртқа белгілі болған фактылар жөнінде шынымен күнәкәр болғанымды, сонымен қатар сол кезде алынып кеткен теорияларды баяндауда теріс пікірлер айтқанымды менен ешкім де таба алмайды. Бұл жөнінде тек жұрт танымаған бір ұлы математик қана Маркске хат жүзінде шағым етіп, мені батылданып  $\sqrt{-1}$  ар-намысына тиді депті.

Әлбетте, математика мен жаратылыс тану ғылымдары саласындағы менің оқығандарымды осылай қорытқанда әңгіме тегінде маған ешқандай күмән келтірмеген ақыйқатқа мәселенің егжей-тегжейі арқылы да көзімді жеткізу туралы болды, көзімді жеткізетін ақыйқатым атап айтқанда мынау: табиғатта сансыз көп өзгерістердің былығынан тарихта да оқыйғалардың бейне кездейсоқтығына үстем болатын қозғалыстың диалектикалық заңдары,— заңдары болғанда, адам ойы дамуының тарихы арқылы да бойлай жүре отырып, бірте-бірте ойлаушы адамның санасына барып жететін заңдардың дәл өзі өзіне жол ашады; бұл заңдарды тұңғыш рет барлығын қамтығтын етіп, бірақ мистификацияландырылған формада, Гегель дамытқан-ды. Сонымен, біздің ұмтылған нәрселеріміздің бірі бұл заңдарды осы мистикалық формасынан арылтып, оларды барынша қарапайым, жалпылама түрінде аяп-айқын етіп түсіндіру болды. Әлбетте, ескі натурфилософия,— онда шынымен жақсы бірсыпыра көп нәрселер болғанымен де, онда қаншалық ізгі бастамалар болғанымен де,<sup>1</sup>— бізді қанағаттандыра алмады. Мұның өзі осы кітапта

<sup>1</sup> Ескі натурфилософияның тарихи маңызына баға беруден гөрі оған ақылы кем дарынсыздықпен, Карл Фогтін үлгісімен, шүйліге беру әлдеқайда

неғұрлым толық дәлелденіп отырғандай, натурфилософия, әсіресе оның гегельдік формасы, мына жөннен қателесті: натурфилософия табиғаттың уақыт жағынан ешбір дамуын, бірінің соңынан бірі болып отыратындығының ешқандайын мойындамады, тек бірінің екіншісімен қатар өмір сүретіндігін ғана мойындады. Мұндай көзқарас, бір жағынан, прогрестік тарихи даму тек «рухта» ғана болады деген Гегель системасының өзінде болды, ал екінші жағынан, жаратылыс тану ғылымының сол кездегі жалпы күйінен болды. Сонымен, Гегель бұл ретте Канттан едәуір артта қалған болып шықты, ал Кант өзінің небулярлық теориясы арқылы күн системасының пайда болуы жөніндегі қағыйданы көптен алға тартты, ал теңіз тасуының жердің айналуына баяулататындай әсер ететіндігін ашуы арқылы бұл системаның құрымай қоймайтындығын көрсетті. Ақырында, мен үшін мәселе диалектикалық заңдарды табиғатқа сырттан енгізу туралы емес,

оңай нәрсе. Ескі натурфилософияда өрескел нәрселер мен Фантастика көп, бірақ соның заманындағы жаратылыс зерттеуші-эмпириктердің философиялық емес теорияларындағыдан көп емес, ал енді ол натурфилософияның өзінде ойланып айтылған, ақылға сыйымды көп нәрселер бар екенін, мұны эволюция теориясы тарала бастағаннан бері жұрт түсіне бастады. Мысалы, Тревиранус пен Океннің сіңірген еңбектерін Геккель толық правомен мойындады. Окен өзінің алғашқы шырыш пен алғашқы көпіршік жөніндегі концепциясында кейіннен протоплазма мен клетка түрінде шынымен ашылған нәрсені биологияның постулаты ретінде көрсетеді. Гегельдің дәл өзіне келетін болсақ, онда ол көп мәселелерде өз заманындағы эмпириктерден әлдеқайда жоғары тұрды, бұл эмпириктер: әлі түсініліп жетпеген құбылыстардың бәрін түсіндіріп бердік деп ойлады, түсіндіргенде бұл құбылыстарға пәлендей бір күшті — салмақ күшін, жүзу күшін, электрдің контакт беретін күшін, т. т. тірек етіп қойып түсіндірдік деп ойлады, немесе, мұның өзі ешбір тура келмеген жерде, қайсыбір белгісіз затты: жарық, жылылық, электр затын т. т. тірек етіп түсіндірдік деп ойлады. Бұл қыялдағы заттарды кәзір жойылды деп есептеуге болады, бірақ Гегель қарсы күрескен күшті бетке ұстаушылық кісі күлерлік елес ретінде, мәселен, 1869 жылдың өзінде Гельмгольцтің Инсбрукте сөйлеген сөзінде пайда бола кетті. (*Helmholtz, Populäre Vorlesungen, II, Heft, 1871, S. 190*) [*Гельмгольц, Көпшілікке түсінікті лекциялар, 2-ші дәптер, 1871, 190-бет. Ред.*]. Англия құрмет пен байлыққа бөлеген Ньютонды XVIII ғасыр француздарынан мұра болып көшкен кереметтеушілікке қарама-қарсы Гегель былай деген: Германия аштан өлтірген Кеплер кәзіргі аспан механикасын шын негіздеуші адам және Ньютонның тартылыс заңы Кеплердің үш заңының бәрінде кәзірдің өзінде-ақ бар, ал үшінші заңында әбден анық айтылып берілген. Өзінің *Naturphilosophie*-сінің [*«Табиғат философиясы» Ред.*] 270-ші параграфында Гегельдің дәлелдеген нәрсесін және бірнеше жәй теңдеулер арқылы қосқан қосымшаларын (*Hegels Werke, 1842, VII Band, S. 98 және 113—115*) [*Гегельдің Шығармалары, 1842, VII том, 98 және 113—115-беттері. Ред.*] біз ең жана математикалық механиканың нәтижесі ретінде Густав Кирхгофтан тағыда кездестіреміз (*«Vorlesungen über mathematische Physik», 2. Auflage, Leipzig, 1877, S. 10.*) [*«Математикалық физика жөніндегі лекциялар», 2-ші басылуы, Лейпциг, 1877, 10-бет. Ред.*] және асылына келгенде — бірінші рет сол Гегель дамытқан жәй математикалық түрінде кездестіреміз. Утопистер кәзіргі коммунизмге қандай қатынаста болса, натурфилософтар саналы-диалектикалық жаратылыс тану ғылымына дәл сондай қатынаста болды. [*Энгельстің ескертуі.*]



қайта оларды табиғаттың өз ішінен табу, бұларды табиғаттың өзінен шығару туралы болды.

Алайда мұны жүйелі етіп, әрбір жеке салада орындап шығу — орасан үлкен еңбек. Ал зерттеуге тура келетін саланы ұшан-теңіз деуге болады, оның үстіне жаратылыс тану ғылымының өзі бұл мәселеде сондайлық үлкен өзгеріс процесін өткеріп отыр, сондықтан бұған өзінің барлық бос уақытын сарп ететін адам да бұл процесті қадағалап байқай алар ма екен. Оның бержағында, Маркс өлгеннен бері қарай менің бар уақытым неғұрлым шұғыл міндеттерді орындауға кетіп отырды, сондықтан мен өзімнің жаратылыс тану ғылымы саласындағы жұмысымды үзуге тиіс болдым. Кәзіргі кезде мен осы еңбекте беріліп отырған мобилдармен қанағаттанып, алдағы уақытта қол жеткен нәтижелерді, — бәлкім, математика жөніндегі Маркс қалдырып кеткен аса зор маңызы бар қолжазбалармен қосып, — жыйнақтап, жарыялауға мүмкіндік беретін ретті күтуге мәжбүрмін.

Бірақ былай болып шығуы да мүмкін: теориялық жаратылыс тану ғылымының прогресі менің еңбегімді, оның көбісін немесе түгелімен, керексіз етіп тастауы мүмкін, өйткені тіпті көп жыйналған таза эмпирикалық жаңалықтарды системаға салу қажеттігінің өзі ғана теориялық жаратылыс тану ғылымын еріксіз тап қылып отырған революция тіпті нағыз қыңыр эмпирикке де табиғат процестерінің диалектикалық сыйпатын танытқызуға тиіс. Бұрынғы өзгермейтін қарама-қарсылықтар және бадырайып тұрған, өтіп болмайтын межелік желілер барған сайын жоғалып барады. Ең ақырғы, «шын» газдарды сұйылтуға қол жеткеннен бері қарай, дененің сондайбір қалыпқа келетіні, мұнда сұйық-тамшы және газ түріндегі формаларды бірінен бірін ажыратып болмайтыны анықталғаннан бері қарай, — агрегаттық қалыптар өздерінің бұрынғы абсолюттік сыйпатының ең соңғы қалдығынан айрылды. Көмелді газдарда жеке газдық молекулалардың қозғалатын жылдамдық квадраттары бірдей температурада молекулалық салмаққа кері пропорцияда болатыны газдардың кинетикалық теориясы арқылы анықталған кезде, — жылылық турадан-тура қозғалыс формаларының қатарына қосылды, бұл қозғалыс формаларының өзі тікелей өлшеуге болатын нәрселер. Егерде бұдан он жыл бұрын қозғалыстың жаңадан ашылған негізгі ұлы заңы жәй әншейін энергияның сақталу заңы ретінде ғана, қозғалыстың құртылуы немесе жаңадан жасалуы мүмкін емес дегеннің жәй көрінісі ретінде ғана түсінілген болса, яғни тек сан жағынан ғана түсінілген болса, онда бұл өресі тар, теріс көріністі энергияның айналуды заңы түріндегі дұрыс көрініс барған сайын ығыстырып келеді; энергияның айналуды заңында тұңғыш рет процестің сапалық мазмұны өзінің правосына еніп, дүниеден тыс жаратушы жөніндегі ең ақырғы есте қалған нәрселер жойылып келеді. Енді қозғалыс кинетикалық

энергиядан (механикалық күш дейтіннен) электрге, жылылыққа, белгілі бір қалыптық потенциялық энергиясына, т. т. айналып отырғанда, және мұның керісінше де болып отырғанда қозғалыстың (энергия дейтіннің) мөлшері өзгермейді дегенді бір жаңа нәрсе деп уағыздаудың керегі де болмай қалды; бұл пікір айналу процесінің өзін, негізгі ұлы процесті бұдан былай анағұрлым маңызды зерттеудің біржолата қол жеткен негізі болып табылады, табиғатты танудың бәрінің қорытылуы осы негізгі ұлы процесті түсінуде болып табылады. Биологияны эволюция теориясының тұрғысынан талдап шеше бастаған кезден бері қарай органикалық табиғат саласында да классификациялаудың қатып қалған межелік желілері бірінен соң бірі жоғала бастады; классификациялауға көнбейтін дерлік аралық буындар күн санап көбеюде, неғұрлым дәл зерттеу ісі организмдерді бір кластан екінші класқа ауыстырады, сөйтіп наным шартына айналды деуге болатын ерекше белгілері өзінің сөзсіз маңызынан айрылады: кәзір біз жұмыртқалайтын сүтқоректілер бар екенін білеміз, ал егер алынған хабар расталатын болса, төрт аяқпен жүретін құстар да бар көрінеді. Ал егер бұдан көп жыл бұрын Вирхов клетканы табудың нәтижесінде жануар индивидуінің бірлігін клеткалы мемлекеттердің федерациясына жүктеуге мәжбүр болған болса, — мұнын өзінің табиғи-ғылыми және диалектикалық сыйпатынан да гөрі, прогрессистік<sup>1</sup> сыйпаты болды, — онда күрделі жануарлардың организмінде амеба тәрізді болып жылжып жүретін ақ қан клеткалары табылғаннан кейінгі жерде жануар (ал олай болса, адам) өзіндігі жөніндегі ұғым бұрынғыдан да бетер қыйындай түседі. Оның бержағында, бітиспейтін және шешілмейтін деп саналған нақ осы қым-қыйғаш қарама-қарсылықтар, осы зорлықпен белгіленген, тапжылмайтын межелік желілер және кластардың айырым белгілері кәзіргі жаратылыс тану ғылымының өзіне шектеулі-метафизикалық сыйпат беріп келді де. Табиғатты диалектикалық тұрғыдан түсінудің өзекті пункті мына ақыйқатты мойындау болып табылады: табиғатта болып отырғанмен де бұл қарама-қарсылықтар мен айырмашылықтардың тек қана отноcительді маңызы бар, қайта олардың қыялдағы тапжылмайтындығы мен абсолютті маңызы табиғатқа тек біздің рефлексиямыз арқылы сырттан енгізіліп отыр. Табиғатты диалектикалық тұрғыдан түсінгенде, жаратылыс тану ғылымының көбейіп отырған факты жүзіндегі материалды осыған мәжбүр еткеннен кейін барып түсінуге болады; ал бұлай түсінуге жеткенде, табиғи-ғылыми фактылардың диалектикалық сыйпатына диалектикалық ойлау заңдарын түсіне біліп қараған жағдайда оп-оңай жетуге болады. Қалай болғанда да жараты-

<sup>1</sup> Вирховтың либералдық «прогрессистік» партияға жататындығы аңғарылып отыр. *Ред.*

лыс тану ғылымының алға кеткендігі соншалық, ол енді диалектикалық қорытындыдан қашып құтыла алмайтын болды. Бірақ ол өзіне бұл процесті жеңілдетеді, жеңілдеткенде, егер тәжірибенің деректері қорытылып отырған нәтижелердің ұғымдар өкенин және ұғымдарға сүйену өнерінің өзі бір туа біткен нәрсе емес екенін және оның жайшылықтағы, күнделікті санамен бірге пайда болмайтынын, қайта өзінің ұзақ эмпирикалық тарихы да бар, эмпирикалық жаратылыс тану ғылымынікі қандай болса сондай өте ұзақ тарихы бар шын ойлауды керек қылатынын ұмытпайтын болса жеңілдетеді. Жаратылыс тану ғылымы философияның екіжарым мың жыл бойындағы дамуы арқылы қол жеткен нәтижелерді меңгеріп алғанда ғана, жаратылыс тану ғылымы, бір жағынан, ерекше, өзінен тыс және өзінен жоғары тұратын натурфилософия атаулының бәрінен құтыла алады, екінші жағынан, дәл өзінің, ағылшын эмпиризмінен мұраға алған тар өрісті ойлау методынан құтыла алады.

Лондон, 23 сентябрь, 1885 ж.

### III

Кітаптың осы жаңа басылуы, кейбір өте шамалы стиль өзгерістері болмаса, бұрынғы басылуының қайта басылуы болып табылады. Тек бір тарауында ғана, екінші бөлімнің оныншы тарауында («Сын тарихынан»), дәл мына төмендегі пікірлерге сүйеніп, мен елеулі қосымшалар қосуға өзіме ерік бердім.

Жоғарыда екінші басылуына жазылған алғысөзде айтылғандай, бұл тараудағы неғұрлым елеулі нәрселердің бәрі Маркстің жазғаны. Журнал мақаласына арналған бірінші редакциясында мен Маркстің қолжазбасын едәуір қысқартуға мәжбүр болдым және қысқартқанда, Дюрингінің қағыйдаларын сынау ісі саяси экономия тарихы саласындағы Маркстің өз көзқарастарын баяндауға қарағанда кейінгі қатарға шығып калатын бөлімдерінің дәл өзінде қысқартуға мәжбүр болдым. Оның бер жағында қолжазбаның дәл осы бөлімі әлі кәзіргі кезде жұрттың әбден, үнемі көңіл қоятын нәрсесі. Классикалық саяси экономияның туу процесінде Петти, Норс, Локк, Юм сыяқты адамдарға өздеріне лайықты орын беріп отырған Маркстің пікірлерін түмкіндігінше толық және сөзбе-сөз келтіруді мен өзімнің борылым деп есептеймін; мен Кенэннің «Экономикалық кестесіне», Түкіл кәзіргі заманғы саяси экономия үшін осы уақытқа дейін лепшілмей келген сфинкстің осы жасырын сырына, Маркстің берген түсіндірмесін келтіріп өтуді онан да бетер қажет деп есептеймін. Мұның керісінше, тек Дюринг мырзаның шығармаларына қатысты болған нәрселерді мен қалдырып кеттім, өйткені мұны қалдырып кету жалпы байланысты бұзған жоқ.

Қорыта келгенде бұл шығармада қорғалып отырған идеялардың оның соңғы басылуынан бері қарай ғылыми топтар мен жұмысшы табының — оның үстіне дүние жүзінің барлық цивилизациялы елдерінде — қоғамдық санасына кең тарағандығына өзімнің әбден рыйза екендігімді білдіремін.

*Ф. Энгельс.*

Лондон, 23 май, 1894 ж.

✱

---

# К І Р І С П Е

## I

### ЖАЛПЫ ЕСКЕРТПЕЛЕР

Кәзіргі социализм өзінің мазмұны жағынан алғанда, ең алдымен, бір жағынан, дәулеттілер мен дәулетсіздердің, жалдамалы жұмысшылар мен буржуаның арасындағы кәзіргі қоғамда үлгі болып отырған таптық қарама-қарсылықтарды, ал екінші жағынан, өндірісті жайлап алған анархияны байқаудың нәтижесі. Ал өзінің теориялық формасы жағынан ол әуелде XVIII ғасырдағы француздың ұлы ағартушылары ұсынған принциптердің ілгері қарай және дәйекті түрде дерлік дамытылуы ғана болып жарыққа шығады<sup>1</sup>. Социализмнің түпкі тамыры тереңде [материалдық] экономикалық фактыларда жатса да, әрбір жаңа теория сыяқты, социализм де ең алдымен өзіне дейінгі жыйналған идеялық материалдан тууға тиіс болды.

Таялып келе жатқан революцияға әзірлеп, Францияда жұрттың көзін ашқан ұлы адамдардың өздері де өте-мөте революцияшылдықпен іске кірісті. Олар қандай түрде болса да, сыртқы бедел дегеннің ешқандайын танымады. Дін, табиғатты ұғыну, қоғам, мемлекеттік тәртіп — мұның бәрі аяусыз қатты сынға түсті; мұның бәрі ақыл сотына тартылуға тиіс болды, сөйтіп, не өзінің өмір сүруін ақтауға, не өмір сүруден бастартуға тиісті болды. Бар әлемнің бәрі тек ойлай білетін ақылмен ғана өлшенетін болды. Бұл кез, Гегельдің сөзімен айтқанда, дүние басымен қойылған<sup>2</sup> кез еді, басымен қойылғанда, ең алдымен.

<sup>1</sup>«Кіріспенің» алғашқы желісінде бұл сөздер мына төмендегі редакциямен берілген еді: «*Кәзіргі социализм*, ол өзі істің шын мәнісінде қоғам ішінде дәулеттілер мен дәулетсіздердің, жұмысшылар мен қанаушылардың арасында болып отырған таптық қарама-қарсылықтарды байқаудан туып отырса да, бірақ өзінің теориялық формасы жағынан ол өзі алғашында XVIII ғасырдағы француздың ұлы ағартушылары ұсынған принциптердің неғұрлым дәйекті түрде, ілгері қарай дамытылуы болып жарыққа шығады, — өйткені социализмнің алғашқы өкілдері де, Морелли мен Мабли, ағартушылар болған еді ғой». *Ред*

<sup>2</sup> [Француз революциясы туралы Гегель міне былай деген: «Право туралы ой, оның ұғымы — өзін *бірден* танытты, правосыздықтың ескі тіректері оған ешбір қарсылық жасай алмады. Право туралы ой конституцияның негі-

адамның басы мен оның ойлауы арқылы табылған қағыйдалар өздерін, адам баласының барлық істері мен қоғамдық қатынастардың негізі деп танысын деген талап қойған мағнадағы кезі еді, ал мұның соңынан, неғұрлым кең мағнада, осы қағыйдаларға қайшы келген шындық факты жүзінде басынан аяғына дейін асты-үстіне келтірілген кезі еді. Қоғам мен мемлекеттің бұрынғы формаларының барлығы, бұрыннан келе жатқан түсініктердің барлығы ақылға сыйымсыз деп танылып, ескі-құсқы ретінде далаға тасталған еді; бұған дейін дүниені тек соқыр сенімдер ғана билеп келді, сондықтан дүниенің өткендегісінің бәрі тек аянышты, жиіркенішті нәрсе болып табылады. Енді тұңғыш рет күн шықты [ақыл заманы туды], осы кезден бастап ескі наным мен әділетсіздік, артықшылық пен езушілік мәңгі ақиқатқа, мәңгі әділдікке, адам жаратылысының өзінен туатын теңдікке және адам баласының қол сұғуға болмайтын праволарына жол беруге тиіс болды.

Біз кәзір мынаны білеміз: бұл ақыл заманы дегені — дәріптелген буржуазия заманы болды, басқа ешнәрсе де емес, мәңгі әділдік дегені буржуазиялық юстицияда жүзеге асты, теңдік дегені — заң алдындағы буржуазиялық теңдік болып шықты, ал буржуазиялық меншік — адамның праволарының ішіндегі ең маңыздыларының бірі деп жарыяланды. Ақыл билеген мемлекет, — Руссоның «қоғамдық договоры», — дегені практика жүзінде тек буржуазияның демократиялық республикасы ғана болып шықты, солай болуға тиіс те еді. XVIII ғасырдың ұлы ақыл иелері де, өздерінен бұрын өткен ақыл иелерінің бәрі сыяқты, өз заманының өздеріне қойған шегінен асып кете алмады.

Бірақ феодалдық дворяндардың және [бүкіл былайғы қоғамның өкілі болып шыққан] буржуазияның арасындағы қарама-қарсылықпен қатар, қанаушылар мен қаналушылардың, арам тамақ байлар мен еңбекші кедейлердің арасында да жалпы қарама-қарсылық болды. Дәл осы жағдай буржуазия өкілдерінің, пәлендей бір жеке таптың емес, бүкіл азап шегуші адам баласының өкілі болып шығуына мүмкіндік берді. Ол ол ма. Өзінің

---

зіне алынды, сөйтіп енді бәрі де соған сүйенуге тиіс. Аспанда күн жарқырап, оның айналасында планеталар айнала бастағаннан бері, адамның басымен тұрғаны, яғни ойға сүйенгені және сол ойға сәйкес шындықты құрғаны бұған дейін болған емес. Nüs, яғни ақыл, дүниені билейді деп алғаш айтқан Анаксагор болатын, бірақ рухани шындықты ой билеуге тиіс екенін адам тұңғыш рет енді ғана мойындады. Бұл күннің жарқырап шығуы болды. *Барлық ойлай алатын жан иелері жаңа заманның туғанын қуанышпен құттықтап қарсы алысты. Бұл заман көтеріңкі қуанышқа толды, сөйтіп, тәңрі дүниемен тұңғыш рет жарасқандай болып, бүкіл дүниені рух жігері жайлады»* (Hegel, Philosophie der Geschichte, 1840, S. 535) [Гегель, Тарих философиясы, 1840, 535-бет. Ред.] Профессор Гегель маркұмның мұндай қоғамдық тіректерді құлататын қауіпті іліміне қарсы социалистер туралы заңды қолданатын уақыт енді жеткен жоқ па екен? [Энгельстің ескертуі.]

дүниеге келген күнінен бастап, буржуазияның өз қара басының қарама-қарсылық ауыртпалығы болды: капиталистер жалдама жұмысшыларсыз өмір сүре алмайды, және ортағасырлық цех иелерінің осы заманғы буржуаға айналғаны сыяқты, цехтегі кіші мастер мен цехтен тысқарғы күндікші пролетарларға айналды. Ал жалпы алғанда, буржуазия *дворяндарға қарсы күресте*, өзін сол кездегі түрліше еңбекші таптардың да мүдделерін көздеушіміз деп есептеуге белгілі дәрежеде праволы бола тұрса да, буржуазияның әрбір ірі қозғалысы тұсында кезіргі замандағы пролетариатты туғызған сол кездегі азды-көпті есейген таптың өз алдына дербес қозғалыстары туып отырды. Германиядағы реформация мен шаруа соғыстары заманындағы [анабаптистер<sup>1</sup> мен] Томас Мюнцердің қозғалысы, ағылшынның ұлы революциясы кезіндегі левелерлердің<sup>2</sup>, француздың ұлы революциясы кезіндегі Бабефтің қозғалыстары міне осындай қозғалыс еді. Әлі есейіп жетпеген таптың бұл революциялық қарулы көтерілістерімен қатар тиісті теориялық аттаныстар болып отырды; XVI және XVII ғасырларда ең жақсы қоғамдық құрылысты арман етіп, қыялмен суреттеулер<sup>3</sup>, ал XVIII ғасырда — тікелей коммунистік теориялардың пайда болуы (Морелли мен Маблдің теориясы) осындай теориялық аттаныс болды. Теңдік талабы енді саяси праволар жағымен ғана тынып қойған жоқ, әрбір жеке адамның қоғамнан алатын орнының да тең болуы талап етілді; тап артықшылықтарын ғана емес, сонымен бірге тап айырмашылықтарының өзін де жою қажет екені дәлелденіп көрсетілді. [Тұрмыс рақатын көрудің қандайына болса да тыным салатын] аскеттік қатаң, спартандық коммунизм жаңа ілім көрінісінің тұңғыш формасы болды. Мұнан соң үш ұлы утопист пайда болды: Сен-Симон, мұнда пролетарлық бағытпен қатар, әлі белгілі дәрежеде буржуазиялық бағыт та болды, Фурье мен Оуэн, ал Оуэн капиталистік өндірісі анағұрлым дамыған елде және осы өндірістен туған қарама-қарсылықтардың әсерімен тап айырмашылықтарын жоюдың бірқатар жобаларын жасап шығарды, жасағанда, француз материализміне тікелей қосылатын система түрінде жасап шығарды.

Бұлардың үшеуіне де бірдей тән нәрсе — олар сол кездегі тарихи пайда болған пролетариаттың мүдделерін көксеушілер

<sup>1</sup> *Анабаптистер* (қайта шоқынғандар) — XVI ғасырдағы реформацияның кезіндегі діни секта. *Ред.*

<sup>2</sup> *Левелерлер* (аударғанда: *теңгермешілер*) қала мен деревняның плейбейлік элементтері қозғалысының өкілдерінің аты, бұлар 1648 жылы Англияда болған революцияның кезінде анағұрлым радикалды демократиялық талаптар қойған. *Ред.*

<sup>3</sup> Энгельс бұл арада утопиялық коммунизмнің өкілдері — Томас Мордың (XVI ғасыр) және Кампанелланың (XVII ғасыр) шығармаларын айтып отыр. *Ред.*

ретінде шыққан жоқ. Олар [ен алдымен] белгілібір қоғамдық тапты азат етпекші болған жоқ, ағартушылар сыяқты, [бірден] бүкіл адам баласын азат етпекші болды. Ағартушылар сыяқты, олар да ақыл-ой мен мәңгі әділдік заманын орнатпақшы болды; бірақ француз ағартушыларының ақыл-ой заманынан олардың ақыл-ой заманының айырмашылығы жер мен көктей. Бұл ағартушылардың принциптеріне лайықталып құрылған буржуазиялық дүниеде ақылға да сыйымды емес, әділетті де емес, сондықтан, феодализм мен барлық бұдан бұрынғы қоғамдық тәртіптер сыяқты, ол да аласталып тасталуға тиіс. Ақыйқат ақыл-ой мен ақыйқат әділдік бұған дейін дүниеде үстем болған емес, оның себебі тек қана сол — жұрт оны дұрыс түсінбеді. Қазіргі уақытта дүниеге келіп, ақыйқатты біліп отырған данышпан адам ол кезде болмады. Бұл адамның кәзір дүниеге келгендігі, ақыйқаттың кәзір ғана ашылуы, — бұл тіпті де тарихи дамудың жалпы барысының қажетті нәтижесі емес, сөзсіз болатын оқыйға емес, бұл жай бақытты кездейсоқтық. Мұндай данышпан адам бұдан бес жүз жыл бұрын да осындай болып туып, адам баласын бес жүз жыл бойына созылған адасудан, күрестен және азап шегуден құтқара алған болар еді.

Бұл ой жүйесі барлық ағылшын, француз және Вейтлингті қоса алғашқы неміс социалистеріне барынша тән нәрсе<sup>1</sup>. [Олардың барлығының пікірінше], социализм — абсолюттік ақыйқаттың, ақылдың, әділдіктің белгісі, сондықтан социализмді тауып жарыққа шығарса-ақ, ол өз күшімен бүкіл дүниені өзіне бағындырып алады; бірақ абсолюттік ақыйқат уақытқа, кеңістікке және адам баласының тарихи дамуына тәуелсіз болғандықтан, ол ақыйқаттың қашан және қай жерде жарыққа шығатыны, оларша тіпті таза кездейсоқ нәрсе. Сонымен қатар, абсолюттік ақыйқат, ақыл және әділдік белгілі бағытты негіздеушінің әрқайсысында тағыда әртүрлі; бағыт негіздеушінің әрқайсысында абсолюттік ақыйқаттың, ақыл мен әділдіктің өзіне ерекше түрі болуы тағыда оның өзінің субъективтік ақыл-ойына, тұрмыс жағдайларына, танымының дәрежесіне және ойлауының даму дәрежесіне байланысты. Сондықтан осындай абсолюттік ақыйқаттар келіп бір-бірімен шатысқанда, жанжалды тек олардың арасындағы өзара қайшылықтарды жуып-шаю жолымен ғана шешуге болады. Бұдан, күні бүгінге дейін Франция мен Англияның жұмысшы социалистерінің көпшілігінің ақыл-ойын билеп келген ерекше эклектикалық аралық социализмнен басқа еш

<sup>1</sup> «Социализмнің утопиядан ғылымға қарай дамуында» бұл пікір былайша баяндалған: «Утопистердің ой жүйесі көпке дейін XIX ғасырдағы социалистік көзқарастардан үстем болып келді және шінара кәзірде де үстем болып отыр. Француз бен ағылшынның барлық социалистері, сол сыяқты бұрынғы неміс коммунизмі, соның ішінде Вейтлинг те, осы жуырға дейін сол утопистердің ой жүйесінде болып келді». *Ред.*



нәрсе де туа алмайды. Бұл эклектикалық социализм — секталар құрушы түрлі адамдардың болашақ қоғам туралы неғұрлым көмескі сын пікірлерінен, экономикалық қағыйдалары мен түсініктерінен құралған, толып жатқан эралуан сарындары бар барынша қырық құрақ бір құрама нәрсе болып табылады, — бұл құрақтың тұлғалы жеке бөлшектері ұшы-қыйыры жоқ дауға салынып, бұлақтың түбіндегі майда тастардай, неғұрлым тез қырнанып, жұмырланса, ол құрақтың жамалып құралуы да соғұрлым оңайға түседі. Социализмді ғылымға айналдыру үшін, ең алдымен оны реалдық негізге қою қажет болды.

Бұл кезде, XVIII ғасырдағы француз философиясымен қатарласып және соның ізінше немістің Гегель аяқтаған жаңа философиясы дамыды. Неміс философиясының ең ұлы табысы, ойлаудың жоғарғы формасы — диалектикаға қайта оралғандығы болды. Ерте замандағы грек философтарының бәрі де туысынан стихиялық диалектиктер еді, ал олардың арасындағы асқан жетік ақыл иесі Аристотель диалектикалық ойлаудың ең маңызды формаларын сол уақытта-ақ зерттеген еді<sup>1</sup>. Жаңа философияда да диалектиканың тамаша өкілдері (мәселен, Декарт пен Спиноза) болғанымен, ол философия, әсіресе ағылшын философиясының әсерінен, қайта барған сайын метафизикалық ойлау әдісі дейтінге белшесінен бата берді, бұл ойлау әдісі XVIII ғасырдағы француздарды да бүтіндей дерлік билеп алды, ең болмағанда олардың арнаулы философиялық еңбектерінде билеп алды. Алайда олар, сөздің тура мағынасында, философияның нақ өзінен тысқары мәселелерде бізге диалектиканың жақсы үлгілерін қалдыра алды; Дидроның «Рамо немересі» деген шығармасы мен Руссоның «Адам арасында теңсіздіктің шығуы туралы» деген шығармасын еске түсіріп өтсек те болғаны. — Бұл арада ойлаудың осы екі методтың да мәніне қысқаша тоқтап өтелік, бізге әлде бұл мәселемен неғұрлым толық шұғылдануға тура келеді.

Біз табиғатқа немесе адам баласының тарихына ие болмаса өзіміздің рухани ісімізге ой жүгіртсек болғаны, біздің көз алдымызда ең алдымен байланыстар мен өзара қыймылдардың ұшы-қыйыры жоқ жалғасып шырмалып жатқан көрінісі пайда болады; бұл көріністе не нәрсе болса да қыймылдамай, өзгермей тұрмайды, қайта бәрі де қозғалады, өзгереді, туып және құрып жатады. [Сөйтіп, біз алғашында жалпы көріністі көреміз, бұл көріністе жеке бөлшектер әзірге азды-көпті кейін қалып тұрады, біз дәл *не нәрсенің* қозғалатынына, ауысып, байланыста

<sup>1</sup> «Кіріспенін» алғашқы желісінде бұл жері мына түрде тұжырымдалған: «Ерте замандағы грек философтарының бәрі де туысынан стихиялық диалектиктер еді, ал Аристотель, ерте заманның Гегелі, диалектикалық ойлаудың ең маңызды формаларын сол уақытта-ақ зерттеген еді». *Ред.*

болып отыратынына көңіл бөлуден гөрі, қозғалысқа, ауысуларға және байланыстарға көбірек көңіл бөлеміз.] Дүниеге осы ең алғашқы, қарапайым, бірақ асылында дұрыс көзқарас ерте замандағы грек философиясына тән көзқарағ еді, ал бұл көзқарасты тұңғыш рет айқын көрсеткен Гераклит болатын: барлық нәрсе бар, сонымен қатар жоқ та, өйткені барлық нәрсе *өтіп отырады*, барлық нәрсе үнемі өзгеріп отырады, барлық нәрсе үнемі туу және жойылу процесінде болады. Алайда, бұл көзқарас құбылыстардың бүкіл көрінісінің жалпы сыйпатын дұрыс көрсетіп тұрса да, оның өзі жеке бөлшектерді түсіндіру үшін дегенмен жеткіліксіз, ол көрініс осы жеке бөлшектерден құралады, ал жеке бөлшектерді білмей тұрғанда, бізге жалпы көрініс те анық болмақшы емес. Құбылыстың жеке жақтарын (бөлшектерін) білу үшін, біз оларды лажсыздан өздерінің жаратылыстық немесе тарихи байланысынан бөлектеп алып, әрқайсысын өз алдына жекелеп оның қасиетіне қарай, оның ерекше себептеріне және туатын нәтижелеріне, тағысын тағыларына қарай зерттеуге тиістіміз. Жаратылыс тану ғылымы мен тарихи зерттеудің міндеті, яғни әбден белгілі себептен, арғы замандағы гректерде, тек екінші дәрежелі орын алған ғылым салаларының міндеті ең алдымен осы болып табылады, өйткені гректердің әуелі [бұған] керекті материал жыйнап алуы керек болды. [Табиғи-ғылыми және тарихи материал белгілі шамада жыйналып болғаннан кейін ғана сын көзімен іріктеу, салыстыру, осыған лайықтап класс-класқа, жік-жікке, түр-түрге бөлу жұмысына да кірісуге мүмкіндік болды.] Сондықтан табиғатты дәлме-дәл зерттеу негізі алғашқы рет тек Александрия дәуірінің гректерінде ғана дамып бастады, ал кейіннен, орта ғасырларда, оны арабтар онан әрі дамытты. Ал нағыз жаратылыс тану ғылымының өзі тек XV ғасырдың екінші жартысынан былай қарай басталады, сөйтіп осы кезден бастап жаратылыс тану ғылымы барған сайын үздіксіз жедел табыстарға жетуде. Табиғатты оның жеке бөлшектеріне бөліп жіктеу, табиғаттың түрлі процестері мен табиғат заттарын белгілібір кластарға бөлу, организмді денелердің ішкі құрылыстарын оның нешетүрлі анатомиялық формалары арқылы зерттеу—мұның бәрі соңғы төрт жүз жылдың ішінде жаратылыс тану ғылымының дамып, орасан зор табыстарға жетуінің негізгі шарттары болды. Бірақ зерттеудің дәл сол әдісі бізге заттар мен табиғат процестерін жеке-жеке алып, олардың жалпы ұлы байланысынан тыс алып қарауды, осының салдарынан да — оларды қозғалуы емес, қозғалмай тұрған қалыпта, негізінен өзгеріп отыратын қалыпта емес, мәңгі өзгермейтін қалыпта деп, тірі емес, өлі деп танып қарау әдетін қалдырды. Бәкон мен Локктің жаратылыс тану ғылымынан философияға ауыстырған бұл ұғыну әдісі соңғы ғасырлардағы ерекше тар өрістілікті — ойлаудың метафизикалық әдісін туғызды.

Метафизиктің пікірінше, заттар мен олардың ойдағы суреттері, яғни ұғым — өзіне жеке, өзгермейтін, қатып қалған, өне бойы бір қалыптағы заттар, оларды бірінен соң бірін, бір-біріне байланыстырмай зерттеу керек. Метафизиктің басы толған ылғый келісімге келмейтін қарама-қарсылықтар; оның бар айтатын сөзі: «бар — бар, жоқ — жоқ; одан басқа қалғаны жәдігөйдің жалғаны». Оныңша, зат не бар не жоқ, дәл сол сыяқты зат өзі де бола алмайды және сонымен бірге басқа зат та бола алмайды. Оң мен теріс бірін-бірі мүлде жойып отырады; себеп пен қыймыл да біріне-бірі қатып қалған қарама-қарсылықта болады. Бұл ойлау әдісі ақылға қонымды болғандықтан, ә дегенде мүлде айқын сыяқты болып көрінеді. Бірақ үй шаруашылығында, үй тұрмысында өте пайдалы болатын адам ақылына қонымдылық, зерттеудің кең саласына шығуға бел байласымен-ақ керемет оқыйғаларға кездеседі. Метафизикалық ойлау әдісі праволы және, зерттелетін заттың түріне қарай, белгілібір, азды-көпті кең салаларда тіпті қажетті болып табылғанымен де, ол ерте ме, кеш пе сондай бір шекке жетеді, ол шектен асқаннан кейін сыңаржақты, тәр-өрісті, абстрақтылы әдіс болып қалады, сөйтіп шешіп болмайтын қайшылықтарға кездесіп шырматылады, өйткені ол жеке заттарды көріп, олардың өзара байланысын көрмейді, олардың бар болуын көріп, олардың тууын және құруын көрмейді, олардың тыныш қалпынан келіп, олардың қозғалысын ұмытады, талды көріп, тоғайды көрмейді. Біз, мәселен, күнделікті тұрмыста бір айуанның өмір сүретінін немесе тіпті өмір сүрмейтінін сеніммен айта аламыз, бірақ неғұрлым дәлірек зерттей келгенде, мұның кейбір кездерде өте қыйын мәселе екендігіне көзіміз жетеді, нәрестенің ана құрсағында өлуін кісі өлтіргендік деп табуға болатын рационалдық шекті ашуға босқа әуре болған юристерге бұл мәселенің қыйындығы әбден жақсы мәлім. Сол сыяқты, адамның дәл қай мезгілде өлгенін де анықтау мүмкін емес, өйткені физиология өлімнің кенет, ілезде бола қалатын акт емес екенін, өте ұзақ өтетін процесс екенін көрсетіп отыр. Сондай-ақ, организмді жан иелерінің қай-қайсысы болса да әрбір кірпік қаққандай уақыттың ішінде дәл өзіндей де болады, дәл өзіндей де болмай қалады; ол өзі әрбір кірпік қаққандай уақыттың ішінде өзінің сырттан алатын заттарын бойына сіңіріп, өзінен басқа бір заттарды бөліп шығарып отырады, оның организмнің клеткаларының біреулері өліп, екіншілері туып жатады, сөйтіп біраз уақыт өткеннен кейін бұл организмнің бойындағы заттары бүтіндей жаңарып, олардың орнына атомдардың басқа құрамы келеді. Міне сондықтан да әрбір организмді жан иелері әрдайым өз қалпында болады және, алайда, өз қалпында болмайды да. Неғұрлым анығырақ зерттегенімізде, біз белгілібір қарама-қарсылықтың екі ұшығының да — оң және теріс ұшығының — бір-біріне қарама-қарсы болғаны сыяқты, олардың бір-бірінен айырылмас-

тай байланысты екенін, сондықтан, өздерінің *бүкіл* қарама-қарсылығына қарамастан, олардың өзара бір-біріне сіңісіп отыратынын көреміз. Бұдан соң біз мынаны көреміз: себеп пен нәтиже — өздерін дербес алғанда, тек кәміл болып отырған жеке оқыйғаға қолданғанда ғана маңызы бар болатын түсініктер; ал бұл жеке оқыйғаны біз бүкіл тұтас дүниемен жалпы байланысты қалпында алып қарасақ-ақ, бұл түсініктер универсалдық өзара әсер түсінігіне қосылып, бір-бірімен ұштасып, араласып кетеді, осы өзара әсерде себеп пен нәтиже үнемі орын ауыстырып отырады; бұл арада немесе кәзір себеп болған нәрсе, басқа жерде немесе басқа уақытта нәтиже болып шығады және керісінше болып отырады.

Ойлаудың барлық осы процестері мен барлық осы методы метафизикалық ойлаудың шеңберіне сыймайды. Ал заттар мен олардың ақыл-ойдағы бейнеленуін ең алдымен олардың өзара байланысы, олардың тіркесуі, олардың қозғалуы, олардың тууы және құруы күйінде алып қарайтын диалектика үшін, жоғарыда келтірілгендегідей құбылыстар, қайта, тек қана оның өзінің зерттеу методының дұрыстығын растайды. Табиғат — диалектиканың тәжірибелік негізі, ал бұл негізге күн сайын көбейе беретін өте бай материал беріп отырған кәзіргі жаратылыс тану ғылымы мұның өзімен мынаны дәлелдеді: табиғатта болып жатқанның барлығы да, сайып келгенде, метафизикаша емес, диалектикаша болып жатады, [табиғат ылғый біртекті, үздіксіз жаңадан қайталап отыратын шеңберде қозғалып отырмайды, қайта нағыз тарихты басынан өткізіп жатады. Бұл жерде ең алдымен Дарвинді атап айту керек, ол кәзіргі замандағы бүкіл организмді дүние, өсімдіктер мен жан-жануарлар, ал олай болса, адам да, миллиондаған жылдарға созылған даму процесінің жемісі деп дәлелдеп, табиғат жөніндегі метафизикалық көзқарасқа өте қатты соққы берді]. Бірақ диалектикалық жолмен ойлауға үйренген жаратылыс зерттеушілер күні бүгінге дейін бірен-саран ғана болғандықтан, қол жеткен нәтижелер мен ойлаудың орын тепкен метафизикалық әдісі арасындағы осы жанжал, кәзіргі кезде теориялық жаратылыс тану ғылымында үстем болып отырған және оқытушылардың да, шәкірттердің де, жазушылардың да, оқушылардың да бәрін бірдей сергелденге салып отырған шексіз шатасқандықтың қайдан туғанын толық түсіндіре алады.

Сонымен, бүкіл әлем туралы, оның дамуы мен адам баласының дамуы туралы, сондай-ақ бұл дамудың адамның ақыл-ойындағы бейнеленуі туралы дәл түсінікті, туу мен жойылудың арасындағы, прогрессивті өзгерістер мен регрессивті өзгерістердің арасындағы жалпы өзара әсерді үнемі еске ала отырып, диалектикалық жолмен ғана табуға болады. Нәмістің ең жана философиясы бірден дәл осындай көзқараспен шықты. Кант өзі-

нің ғылыми жұмысын мынадан бастады: ол Ньютонның мәңгілік және өзгермейтін деп танылған күн системасын — оған бір кезде тұңғыш рет атышулы түрткі берілгеннен кейін — тарихи процеске айналдырды: күн мен барлық планеталардың айналып отыратын буалдыр массадан пайда болу процесіне айналдырды. Сонымен қатар, ол соның өзінде-ақ күн системасының пайда болуы оның болашақта сөзсіз жойылатындығын да көрсетеді деген қорытындыға келді. Елу жыл өткеннен кейін Канттың көзқарасын Лаплас математикалық жолмен дәлелдеді, ал одан елу жыл өткеннен кейін спектроскоп дүние кеңістігінде тығыздығы түрлі дәрежедегі әбден қызған осы сыяқты газ массалары бар екендігін көрсетті.

Немістің бұл ең жаңа философиясы Гегельдің системасына келіп аяқталды; ал Гегельдің сіңірген ұлы еңбегі мынау болды: ол тұңғыш рет бүкіл табиғи, тарихи және рухани дүниені процесс түріндегі нәрсе деп, яғни үнемі қозғалуда, өзгеруде, қайта құрылуда және дамуда деп таныды, сөйтіп осы қозғалу мен дамудың ішкі байланысын ашуға тырысты<sup>1</sup>. Осы тұрғыдан алып қарағанда, адам баласының тарихы мағнасыз зорлықтардың қыйсынсыз шумағы болып көрінуден, дәл сол сыяқты — кәзіргі уақытта кемеліне келген философиялық ақылдың төрешісінің алдында — жарамсыз деп танылып, тез ұмытуға ғана лайық нәрсе болудан қалды; қайта, ол тарих адам баласының өзінің даму процесі деп танылды, сондықтан енді ойлаудың міндеті мынада ғана болды: бұл процестің барлық адасулары арасынан оның дәйекті сатыларын шолып өту және барлық бейне кездейсоқтықтардың ішіндегі оның ішкі заңдылығын дәлелдеп көрсету болды.

Бұл жерде Гегельдің системасының өзінің алдына қойған міндетін шешпегендігінің біз үшін пәлендей мәні жоқ; оның сіңірген тарихи еңбегі — оның осы міндетті алға қойғандығы. Ал бұл міндет сондай, оны ешқашан да жеке адам шеше алмайды. Сен-Симонмен қатар, Гегель де өз заманының ең жетік ақыл иесі болса да, ол дегенмен, бір жағынан, өз басы білімінің сөзсіз шектеулілігінен, ал екінші жағынан, өз заманындағы білім мен көзқарастардың тереңдігі мен көлемі жағынан да дәл сон-

<sup>1</sup> «Кіріспенің» алғашқы желісінде Гегель философиясы былайша сыйпатталады: «Гегель системасы философияның акырғы, нағыз аяқталып біткен формасы еді, өйткені ол өзі басқа ғылымдардың бәрінен жоғары тұратын ерекше ғылым деп танылады. Онымен бірге бүкіл философия күйреді. Ойлаудың диалектикалық әдісі ғана қалды және бүкіл табиғи, тарихи, интеллектуалды дүниені мәңгі-бақый қозғалыста болып отыратын, өзгеріп отыратын, үнемі туу және жойылу процесінде болып отыратын дүние деп түсіну қалды. Енді тек философияның алдына ғана емес, сонымен қатар барлық ғылымдардың алдына да әрбір жеке саладағы осы мәңгі қайта құрылу процесінің қозғалу заңын ашу талабы қойылды. Гегель философиясының өзінің ізбасарларына қалдырып кеткен мұрасы да осы еді». *Ред.*

дай шектеулілігінен аса алмады. Бұған тағыда үшінші жағдай келіп қосылды. Гегель идеалист еді, яғни ол үшін, біздің басымыздағы ойымыз шынында бар заттар мен процестердің аздықтп абстрактылы бейнелері емес, қайта мұның керісінше, заттар мен олардың дамуы Гегельге, дүние жаратылғанға дейін бір жерде болған белгілібір «идеяның» жүзеге асқан бейнелері болып көрінді. Сонымен, бүкіл дүние басымен қойылды, сөйтп дүние құбылыстарының шын байланысы мүлде теріс айналдырылды. [Сондықтан] да, құбылыстардың кейбір жеке байланыстарын Гегель қаншалықты дұрыс және данышпандықпен тапса да, дегенмен, оның системасының көп жері, жеке салалары теріс, жасанды, ойдан шығарған, қысқасы — бұрмаланған болып шығуға тиіс болды. Гегельдің системасы, система ретінде, орасан шала система еді, бірақ оның еосесіне өзінше мұндай системаның ең ақырғысы болды. Атап айтқанда, бұл системаның кемшілігі, оның әлі де ем қонбайтын ішкі қайшылығы болды: бір жағынан, оның мәнді алғышарты адамзат тарихына даму процесі ретінде қарауы болды, бұл процесс өзінің жаратылысы осындай болғандықтан, өзінің ақыл-ойдағы дамуын абсолюттік ақыйқат деп аталатынды табуымен аяқтай алмайды; бірақ, екінші жағынан, оның системасы дәл осы абсолюттік ақыйқатты аяқтаған система болғысы келеді. Табиғат пен тарихты танып білудің барлығын қамтыйтын, біржола аяқталып біткен системасы бар деу диалектикалық ойлаудың негізгі заңдарына қайшы келеді, бірақ мұның өзі, алайда, бүкіл сыртқы дүниені үнемі танып біліп отыру ұрпақтан-ұрпаққа орасан зор табыстарға жеткізетінін тіпті де бекер демейді, қайта оны солай болады дейді.

Осы күнге дейін Германияда үстем болып келген идеализмнің мүлде жалған екенін түсіну қалайда материализмге алып келді, бірақ, әрине, жәй әншейін XVIII ғасырдың метафизикалық, ылғый механикалық материализміне бастап әкелген жоқ. Бүкіл өткен тарихты беталды революцияшылдықпен, құр әншейін керек қылтаушылыққа қарама-қарсы, кәзіргі материализм тарихты — адам баласының даму процесі деп біледі, оның үстіне бұл процестің қозғалу заңдарын ашу кәзіргі материализмнің міндеті болып табылады. XVIII ғасырдың француздарындағы сыяқты, Гегельде де табиғат туралы, Ньютонның үйреткеніндей, мәңгілік дүниелік денелері бар және Линнейдің үйреткеніндей, түрі өзгермейтін организмді жан иелері бар белгілібір шектеулі шеңберлердің ішінде қозғалып отыратын бір қалыптағы тұтас бір нәрсе деген түсінік басым болды; табиғат туралы осы түсінікке қарама-қарсы кәзіргі материализм жаратылыс тану ғылымының ең жаңа табыстарын қорытады; жаратылыс тану ғылымының бұл табыстары бойынша табиғаттың да уақытына қарай өз тарихы бар, қолайлы жағдайларда өзін жайлайтын

түрлі организмдердің бәрі сыяқты, аспан әлеміндегі денелердің өздері де туып және жойылып отырады, ал осылай шыр айналып отыру тегінде мүмкін болғандықтан, мұның өзі шексіз зор көлем алады. Бұл реттердің екеуінде де материализм шын мәнісінде диалектикалық материализм болып табылады, сондықтан ол өзге ғылымдардан жоғары тұрған философияға енді мұқтаж емес. Әрбір жеке ғылымның алдына, заттардың және заттар туралы білімдердің бүкіл жалпы байланысындағы өзінің алатын орнын анықтап алу талабы қойылысымен-ақ, бүкіл осы жалпы байланыс туралы пәлендей бір ерекше ғылымның керегі болмай қалады. Ал сонда, бүкіл бұрынғы философияның ішінен ойлау мен оның заңдары туралы ілім ғана, — формалдық логика мен диалектика ғана дербес мәнісін сақтап қалады. Былайғыларының бәрі табиғат пен тарих жайындағы деректі ғылымдарға қосылады.

Бірақ табиғат жайындағы көзқарастардағы бұл төңкеріс, тек зерттеу істері таным үшін тиісті деректі материалдар туғыза келе ғана жасалатын болса, ал тарихты түсінудегі батыл бетбұрысты туғызған тарихи оқыйғалар бұдан әлдеқайда бұрын болып өтті. 1831 жылы Лионда тұңғыш рет жұмысшы көтерілісі болып өтті; 1838 жылдан 1842 жылға дейінгі дәуірдің ішінде болған тұңғыш ұлттық жұмысшы қозғалысы, ағылшын чартистерінің қозғалысы, әбден өзінің кемеліне келді. Пролетариат пен буржуазияның арасындағы тап күресі, бір жағынан, ірі өнеркәсіп, екінші жағынан, буржуазияның жуырда жеңіп алған саяси үстемдігі күшейе келе ғана Еуропаның анағұрлым дамыған елдерінің тарихында бірінші қатарға шықты. Еркін конкуренцияның бейнебір нәтижесі болуға тиісті капитал мен еңбек мүдделерінің барабарлығы туралы, жаппай жұрттың жарастылығы туралы және жалпы халықтың бақыттылығы туралы сөз қылатын буржуазиялық экономия ілімінің бастан-аяқ жалғандығын фактылар барған сайын айқын етіп көрсетіп берді<sup>1</sup>. Сондықтан осы фактылармен санаспай кету мүмкін болмады, сол сыяқты, ол фактылардың тіпті аяқталып бітпеген болғанымен де, теориялық көрінісі болған француз социализмімен де, ағылшын социализмімен де санаспай кету мүмкін болмады. Ал тарих жөніндегі ескі, әлі де ығыстырылып шығарылмаған, идеалистік ұғым материалдық мүдделерге негізделген ешқандай тап күресі бар деп,

<sup>1</sup> «Кіріспенің» алғашқы желісінде бұл сөздерден кейін мынадай сөздер бар: «Францияда 1835 [1834] жылғы Лион көтерілісі де пролетариаттың буржуазияға қарсы күресуін жарыялады. Ағылшын мен француздың социалистік теориялары тарихи маныз алды және Германияда да өзін қуаттатуға тиіс болды, сонымен қатар онда өнеркәсіп жаңа-жаңа ғана ұсақ өндірістен дамып бастаса да жұрттың сынын туғызуға тиіс болды. Кәзір Германиядағыдан гөрі немістер арасында пайда болған теориялық социализм, демек, өзінің бар материалын шетке шығаруға тиіс болды». *Ред.*

тегі ешқандай материалдық мүдделер бар деп білмеді. Өндіріс пен барлық экономикалық қатынастар «мәдениет тарихының» екінші дәрежелі элементтері ретінде, тек сөз арасында ғана өске алынды. Жаңа фактылар бүкіл өткен тарихты жаңадан зерттеп шығуға мәжбүр етті, міне сонда анықталғаны — [ең алғашқы қалыптан басқа], өткен тарихтың *бәрі* таптар күресінің тарихы болды, бір бірімен күресуші бұл қоғамдық таптар әрбір белгілі кезеңде өндіріс пен айырбас қатынастарының, қысқасы — өз заманындағы *экономикалық* қатынастардың жемісі болып табылды; олай болса, мынау анықталды — әрбір замандағы қоғамның экономикалық құрылымы сондай бір реалдық негіз жасайды, ал осы реалдық негіз сайып келгенде әрбір белгілі тарихи дәуірдің праволық және саяси мекемелерінің, сондай-ақ діни, философиялық және басқа көзқарастарының бүкіл қондырмасын туғызады. [Гегель тарих туралы ұғымды метафизикадан арылтты, ол оны диалектикалық ұғымға айналдырды, бірақ оның тарих жөніндегі ұғымы, асылына келгенде идеалистік ұғым болды.] Қазір идеализм өзінің ең ақырғы баспанасынан, тарих жөніндегі ұғымнан қуылды; енді тарих жөніндегі ұғым материалистік ұғым болып алды, сөйтіп, бұрынғыдай адамның болмысы оның санасынан туады деп түсінудің орнына, енді адамның санасы оның болмысынан туады деп түсінуге жол табылды.

[Сондықтан енді социализм — белгілі бір данышпан ақыл иесінің кездейсоқ тапқан жаңалығы деп танылмай, тарихи пайда болған екі таптың — пролетариат пен буржуазияның — күресінің қажетті нәтижесі деп танылады. Енді социализмнің міндеті, қоғамның мүмкін қадері кемеліне келген системасын жасау емес, оның міндеті — осы аталған таптар өздерінің өзара күресімен бірге қажетті нәтижесі болған тарихи-экономикалық процесті зерттеуде және осы процесс туғызған экономикалық жағдайдың ішінен жанжалды біржайлы етіп шешудің жолын қарастырып табу.]

Бірақ француз материалистерінің табиғат жөніндегі ұғымдары диалектикамен және ең жаңа жаратылыс тану ғылымымен қандай сыйыспаған болса, бұрынғы социализм де тарих жөніндегі осы материалистік ұғымдармен сондай сыйыспады. Бұрынғы социализм қазіргі капиталистік өндіріс әдісі мен оның салдарларын сынай тұрса да, ол оның мәнін түсіндіре алмады, олай болса, оған шамасы келмеді, — ол оны тек қана түкке жарамайды деп жарыялай алды. [Ол, осы өндіріс әдісі тұсында жұмысшы табын болмай қалмайтын қанаушылыққа неғұрлым көбірек ашынған сайын, бұл қанаудың қандай екенін және оның қалай туатынын айқын түсінуге ол социализмнің соғұрлым шамасы келмеді.] Бірақ алда тұрған міндет мынау еді: бір жағынан, капиталистік өндіріс әдісінің өзінің тарихи байланысында сөзсіз



туатындығын, оның белгілі тарихи дәуірге қажетті болатындығын, олай болса, оның сөзсіз құрытындығын да түсіндіру, ал екінші жағынан, сол өндіріс әдісінің ішкі, күні бүгінге дейін әлі ашылмаған, сыйпатын ашып көрсету болды. Өйткені бұрынғысын мәселенің өзінің шын мәнінен гөрі зиянды нәтижелеріне көбірек бағытталды. Мұның өзі қосымша құнды табу арқасында орындалды. Ақысы төленбеген еңбекті иемденушілік капиталистік өндіріс әдісінің және оның жұмысшыларды қанауының негізгі формасы екені дәлелденіп көрсетілді; капиталист жұмысшы күшін, товар ретінде товар рыногиндегі бағасындай толық бағасына сатып алғанда да, капиталист жұмысшы күшінен, оны сатып алғандағы төлеген бағасынан артық құн өндіреді, сөйтіп, дәулетті таптардың қолындағы ұдайы өсіп отыратын көп капитал болып жыйналатын құндардың сомасы сайып келгенде осы қосымша құннан құралады. Сонымен, капиталистік өндірістің қалай жасалатыны, сол сыяқты капиталдың өзі қалай өнетіні түсіндірілді.

Бізге осы екі ұлы жаңалықты ашып берген — тарихты материалистік жолмен ұғындырған және қосымша құн арқылы капиталистік өндірістің жасырын сырын ашқан — *Маркс* болды. Осы жаңалықтардың табылуы арқасында социализм ғылымға айналды, сондықтан әңгіме енді ең алдымен бұл ғылымды барлық егжей-тегжейлері мен [өзара байланыстарын] қамтып онан әрі дамыта беруде болып отыр.

Евгений Дюринг мырза көп шу көтеріп шыға келіп, өзі философияда, саяси экономияда және социализмде толық төңкеріс жасадым деп жар салған кезде теориялық социализм мен кәзірде маркүм философия саласында істің жайы шамамен осындай болған еді.

Ал енді Дюринг мырзаның бізге не уәде етіп отырғанын және... өз уәдесін оның қалай орындап отырғанын қарастырайық.

## II

### ДЮРИНГ МЫРЗА НЕ НӘРСЕ УӘДЕ ЕТЕДІ

Біздің қарастырып отырған мәселемізге бір табан жақын қатысы бар нәрсе Дюринг мырзаның мына шығармалары — оның (*Kursus der Philosophie-ci*)<sup>1</sup>, «*Kursus der National-und Sozialökonomie-ci*»<sup>2</sup> және «*Kritische Geschichte der Nationalökonomie und des Sozialismus-ы*»<sup>3</sup>. Бізге бәрінен бұрын, көбінесе керегі оның бірінші шығармасы.

<sup>1</sup> «Философия курсы». 1875 ж. *Ред.*

<sup>2</sup> «Ұлттық және әлеуметтік экономия курсы». 1876 ж. *Ред.*

<sup>3</sup> «Ұлттық экономия мен социализмнің сын тарихы». 1875 ж. *Ред.*

Ең бірінші бетінде Дюринг мырза өзі туралы жар салып: мен «өз заманым үшін және таяудағы көз жетерлік даму үшін осы күштің (философияның) өкілі болуға талап етіп шығып отырған адамның өзімін» дейді. Сөйтіп, ол өзін кәзіргі заманның және «көз жетерлік» болашақтың бірден-бір ақыйқат философы деп жарыялап отыр. Кімде-кім Дюринг мырзамен келіспесе, ол адамның ақыйқатпен келіспегені. Дюринг мырзаға дейін де өздері туралы дәл осылайша ойлаған адамдар аз болған жоқты, бірақ, Рихард Вагнерді қоспағанда, ол, сірә, ешбір шімірік-пестен өзі туралы осылай айтып отырған бірінші адам болар. Ал оның үстіне, өзі сөз қылып отырған ақыйқат — «ең ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқат» екен.

Дюринг мырзаның философиясы — «табиғи система немесе өмір шындығының философиясы... Өмір шындығы бұл системада дүние туралы қайсыбір қыяли және субъективтік тәр өрісті түсінікке бой ұру ниетінің қандайына болса да жол бермейтін түрде түсініледі». Сонымен, бұл философияның мынадай қасиеті бар философия, бұл философия Дюринг мырзаны оның өзі теріске шығармай отырған өзінің қара басының, субъективтік тәрөрістілігінің шегінен әрі шығарып отыр. Бұл кереметтің қалай болатынын біз әлі күні бүгінге дейін түсіне алмай келе жатсақта ол өзі ең ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқаттарды анықтай алуы үшін, әлбетте, мұның қажеті де бар.

«Өзін алғанда рух үшін ең бағалы білімнің табиғи система-сының» өзі «ой тереңдігіне ешқандай нұқсан келтірмей, болмыстың негізгі формаларын дәл анықтады». Өзінің «шынайы сын көзқарасы» арқылы ол система біздің назарымызды «шын философияның, осыған сәйкес табиғат пен өмірдің шындығына бағытталған философияның элементтеріне, — жәй ғана көзге көрінетін көк жиек дегеннің ешқандайын мойындамайтын, бірақ өзінің күшті, жолындағының бәрін лақтырып тастайтын өресінде сыртқы және ішкі табиғаттың барлық жері мен барлық аспан әлемін түгел көрсететін философияның элементтеріне» аударып отыр. Бұл арада біз «ойлаудың жаңа әдісін» көріп отырмыз, ал оның берген нәтижелерінің өзі «түп негізінде өзіне ерекше қорытындылар мен көзқарастар... система жасаушы идеялар... дәл анықталған ақыйқаттар» болып табылады. Бұл системадан біз «шоғырланған инициативадан» (мұның мағнасы не болса ол болсын) «күш алатын еңбекті» көреміз... «мәселенің нағыз түбіріне дейін жететін зерттеуді... барынша тыянақты ғылымды, заттар мен адамдарды нағыз ғылыми түсіне білуді... өзінің предметін барлық жағынан қамтыйтын ақыл-ой еңбегін... ақыл-ой парасаты жететін алғышарттар мен қорытындылардың творчестволықпен өрістетілуін... мүлде бір келелі нәрсені» көреміз. Саяси-экономикалық салада Дюринг мырза бізге «тарихи және системалық жағынан көлемді еңбектер» ғана беріп қойған жоқ, — бұлардың

ішінде тарихи еңбектер мұның үстіне «*менің жоғары стильде жазылған тарихнама*» деп баса көрсетілген, ал экономикалық ғылымда ол еңбектер «творчестволық бетбұрыстарға» жол салып берді, дейді. Бірақ, мұның үстіне, ол өзінің еңбегін өзіне тән, әбден талдап шешкен болашақ қоғамның социалистік жоспарымен аяқтап шығады, бұл жоспардың өзі «*ап-айқын және мәселенің түп тамырына дейін жететін*» теорияның практикалық жемісі» болып табылады, сондықтан да бұл жоспар, Дюринг мырзаның философиясы сыяқты сондай кіршіксіз, бір өзі ғана құтқарушы жоспар болып табылады; өйткені «*мен өзімнің «Ұлттық және әлеуметтік экономия курсымда» сыйпаттама берген социалистік системада ғана ақыйқат «меншіктілік» тек елес түріндегі және алдын ала жасалған немесе күштеп енгізілген меншіктің орнын баса алады*». Ал болашақ осымен үйлестірілуге тиіс.

Дюринг мырза сол Дюринг мырзаның дәл өзіне тартып отырған осы мақтау букетін оп-оңай он есе өсіруге болар еді. Алайда, кәзірдің өзінде-ақ оқушыда өзінің шын философпен ісі болып отырғанына немесе ...-пен ісі болып отырғанына аздап күдік туғызу үшін осы келтірілгендердің өзі де жетер,— бірақ біз оқушыдан жоғарыда атап көрсетілген мәселенің түп тамырына дейін жету қабілетімен біртабан жақын танысқанша өзінің үкім шығаруын қоя тұруды өтінеміз. Біз бұл букетті тек мына себепті ғана беріп отырмыз, мұндағы мақсатымыз — біздің көріп отырғанымыз жәй әншейін өзінің ойындағы пікірлерін айтып, бұл пікірлердің құнды-құнсыздығын шешу мәселесін тарихтың төрелігіне беріп отырған кәдімгі жәй философ пен социалист емес екенін, қайта оның кемінде папа қателеспейді дегеннен дәмесі бар мүлде бір керемет жан екенін,— егер барып тұрған қылмысты мылжындыққа салынамын демесен, бір өзі ғана құтқарушы ілімін жайдан-жай қабылдауға тура келетін адам екенін көрсету. Сонымен, біз бұл арада әсте де барлық елдердің социалистік әдебиеті, соңғы кезде немістің социалистік әдебиеті де лық толы еңбектердің бірімен,— еңбек болғанда, мұнда тіпті түрлі қабілеттегі адамдар шешуіне өздерінің, бәлкім, азды-көпті материалы жетпейтін мәселелерді шын ниеттерімен өздеріне анықтап алуға тырысып отырған еңбектердің бірімен істес болып отырғамыз жок; бұл еңбектер, олардың ғылымы және әдеби кемшіліктері қандай болса да, олардың социалистік ізгі ниетін кәзірдің өзінде-ақ жұртшылықтың мойындауына тұратын еңбектер. Мұның керісінше, Дюринг мырза біздің алдымызға өзі «ең ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқаттар» деп жарыялап отырған қағыйдаларын әкеп тартып отыр, сөйтіп бұл қағыйдалардың қасында бұдан басқаша пікірдің қандайы болса да күні бұрын жалған пікірлер деп жарыяланады. Ерекше ақыйқаттың иесі Дюринг мырзада сонымен қатар зерттеудің бірден-бір нағыз ғылыми ме-

тоды да бар, мұның қасында басқа методтардың бәрі де ғылыми емес методтар. Не оның айтып отырғаны дұрыс, олай болғанда біз барлық заманның асқан данышпанын, бірінші керемет адамды көреміз, өйткені бұл мүлде қателеспейтін адам; не оның айтып отырғаны дұрыс емес, ал олай болған күнде, біздің үкіміміз қандай болғанмен де, оның ықтимал ізгі ниеттерін еске алып, Дюринг мырзаға дұрыс ниетпен мейірімділік көрсетудің қандайы болса да оған не дегенмен өлгенше зәбір болып көрінер еді.

Ең ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқатың мен бірден-бір нағыз ғылымдық қасиетің болған жағдайда, әлбетте, өзгелей адасушы және ғылымға қатысы жоқ адам баласын шектен тыс екек көруге тура келеді. Сондықтан Дюринг мырзаның өзінен бұрынғылар туралы барынша менсінбей сөз қылып отырғаны және «мәселенің түп тамырына дейін жететін» өзінің тыңғылықтылығы Дюринг мырзаның өзі ерекшелік жасап осы атаққа ие қылған біраз ұлы адамдарда ғана болғаны бізді таңдандыруға тиіс емес.

Алдымен оның философтар туралы пікірін тындап көрейік: «Қандай да болсын адал пікір атаулыдан жұрдай *Лейбниц*, болуы мүмкін болатын философтық етуші сарай малайларының бәрінің ішіндегі ең тәуірі». *Кант* болса әйтеуір өйтіп-бүйтіп төзуге болатын адам, бірақ оның артынан барлығы да асты үстіне келіп, әлем-тапырық болды: бар пайда болған нәрсе — керсі сандырақ және ең біртабан жақын тұрған эпигондардың, әсіресе *Фихте* мен *Шеллинг* сыяқты мырзалардың бос мылжыңы қандай болса, дәл сондай қыйсынсыз сандырақ... натурфилософиялық надан былшыл сөздің сұмдық масқаралары... Канттан кейінгі ғажап сорақылықтар» және «*Гегель* деген біреу» аяқтап шыққан «қызу сандырағы». Бұл Гегельдің өзі «гегельдік жаргонмен» сөйлеп, «гегельдік індетті» жайғанда «оның үстіне» өзінің «формасы жағынан да ғылыми емес үлгісімен» және өзінің қонымсыз идеяларымен» жайды.

Жаратылыс зерттеушілеріне аз таяқ тиіп отырған жоқ, бірақ олардың ішінен атымен аталғаны тек Дарвин ғана, сондықтан да біз соның бір өзімен тынуға мәжбүрміз: «Дарвиннің жартылай поэзиясы, метаморфозалармен жасаған фокустері, бұлардың түсіну жағынан сезімдік өрескел тар өрістілігімен қосып, мәселені ажырата білу қабілетінің топастануымен қосып... Біздің пікірімізше, өзінен Ламарктың ой жүйелерін, әрине, шығарып тастау керек болатын өзгеше дарвинизмнің өзі *адамшылыққа қарсы бағытталған айуандықтың едәуір дозасы* болып табылады».

Бірақ бәрінен де социалистерге оңбай таяқ тиіп отыр. Барлық социалистердің ішіндегі ең шамалысы Луи Блан ғана болмаса, басқаларын бәрі де күнакарлар және өздеріне Дюринг мырза тұрғанда (немесе тым болмаса содан кейін екінші орында) артығырақ беріліп жүрген даңққа лайық емес адамдар.

Ақыйқаттық немесе ғылымдық тұрғыдан ғана емес, — жоқ олай емес, сонымен қатар кісінің жеке басы қасиетінің тұрғысынан да артық даңқ беріліп жүр. Бабеф пен 1871 жылғы кейбір коммунарлар болмаса, олардың бәрі де «ер адамдар» емес еді. Үш утопистке «әлеуметтік алхимиктер» деген атақ берілген. Бұлардың ішінен Сен-Симон мейірбандылықпен келемеж етіліп отыр, өйткені оған «бойын шаттық билеп кеткен» деген мін тағылып отыр, оның бержағында аяныш білдіргенсіп: оның өзі діни алжасуға шалдыққан еді дейді. Оның есесіне, Фурье туралы әңгіме болғанда, Дюринг мырзаның мүлде шыдамы бітеді, өйткені Фурьеде «нақұрыстықтың барлық элементі бар... тегінде, ең дұрысы жындыханалардан табуға болатын идеялар бар, нағыз өрескел сандырақтар бар... нақұрыстықтың ұясы бар... Айтып жеткізуге болмайтын ағат Фурье-ай», бұл «піспеген бас», бұл «делікүл» — оның үстіне тіпті социалист те емес; оның фаланстерінде негізді социализмнің түйірі де жоқ, мұның өзі — «кәдімгі сауда үлгісімен құрастыра салынған теріс ой жүйесі». Сонымен, ақырында: «Фурьенің есіміндегі және бүкіл фурьеризмдегі бар ақыйқат нәрсе — оның бірінші буыны (fou — жынды) екеніне көз жеткізу үшін, осы көргенсіз шабуылдар (Фурьенің Ньютон туралы пікірлеріндегі) әлі жеткіліксіз болып көрінетін адамдар болса, ондай адамдардың өзі делікүлдардың бір категориясына жатқызылуы керек». Ақырында, Роберт Оуэннің «идеялары күңгірт, кедей еді... оның мораль туралы мәселеледегі ойлауы тым дөрекі еді... ағаттыққа соққан бір азғана үйреншікті идеясымақтары... ақыл парасатына қайшы келетін, дөрекі түсіну әдісі... Оуэннің идеяларының өресі шындап сынауға татый қояр ма екен... оның такаппарлығы және т. т. Сонымен, егер Дюринг мырза утопистерге олардың есімдеріне қарап өте-мөте өткір сөздермен: Сен-Симон — saint (масайраған), Фурье — fou (жынды), Анфантен — enfant (балалық) деп сыйпаттама беріп отырса, онда бұған тек мынаны қосып айту ғана қалады: Оуэн — эттегене-ай (o weh!), сонда социализм тарихындағы бүтін бір, тым келелі дәуір жәй әншейін төрт сөзбен-ақ жоқ қылынады. Ал кімде-кім бұған шүбәланатын болса, «ондай адамның өзі делікүлдардың бір категориясына жатады».

Дюрингтің ең соңғы кездердегі социалистер туралы айтқан пікірлерінен біз, сөзді қысқарту үшін, Лассаль мен Маркске қатыстыларын ғана алып келтірелік.

*Лассаль:* «Бірдемені түсіндіріп жаюға педанттық-ұсақшыл әрекет етушілік... схоластиканың шытырманы... жалпы теория мен түкке тұрғысыз ұсақ-түйек нәрселердің сұмдық қоспасы... формасыз, мағнасыз гегельдік соқыр сенім... қорқытатын мысалдар... оның өзіне тән тарөрістілік... тіпті түкке тұрғысыз қоқыспен әлдеқандай болу... біздің яһуди батыр... памфлетті жазушы-

сымақ... қарапайым адам... өмір мен дүниеге көзқарастарының ішкі ауытпалылығы».

*Маркс:* «Көзқарастарының тәрәпістілігі... оның еңбектері мен еңбегінің нәтижелерінің өздігінен алғанда, яғни таза теориялық тұрғыдан алып қарағанда, біздің саламыз үшін (социализмнің сын тарихы үшін) ұзақ уақыттық маңызы жоқ, ал ақыл-ой ағымдарының жалпы тарихында ең жаңа сектанттық схоластиканың бір тарауы ықпалының белгілері ретінде ғана еске алынуға тиіс... қорыту және системаға салу қабілеттерінің дәрменсіздігі... идеялары мен стилінің кескінсіздігі, тілінің лайықсыз орамы... ағылшынша менменшілдігі... жұртты, ақымақ етуі... шындығына келгенде тарихи және логикалық фантастиканың қойыртыпағы ғана болып табылатын өрескел концепциялары... кісіні шатастыратын сөз құрамы... жеке басының менменшілдігі... жөнсіз сырбаздануы... кісі төзерлік еместігі... өткір тілді болуға дәмеленетін қалжыңдары мен әзілқойлығы... қытай оқымыстылығы... философия мен ғылым жағынан артта қалғандық».

Тағысын тағы, тағысын тағылар, өйткені жоғарыда келтірілгендердің бәрі — Дюрингінің гүл өсірген жерінен тез-тез теріп алынған кішкене букет қана. Әлбетте, кәзіргі кезде біз осы сыпайы бәләғаттаулардың қаншалықты ең ақырғы инстанциядағы түпкілікті акыйқаттар екенін әңгіме қылып отырғанымыз жоқ, бұл бәләғаттаулар біраз тәрбие көрген адам болса Дюринг мырзаның *қандай да бір* жаман және кісі төзбестік нәрсе табуына ерік бермеуге тиіс еді. Дәл сондай-ақ біз әзірге Дюринг мырзаның осы сыпайыгерліктерінің түбірінен негізділігіне бізде әлдеқалай күман туа қоймасигеді деп сактанамыз, өйткені олай болмаған жағдайда бізге, бәлкім, өзіміз қатарына қосылатын деліқұлдардың категориясын тандап алуға да тыйым салынған болар еді. Біз тек, бір жағынан, Дюринг мырзаның нені «пікір білдірудің әдепті, нағыз сыпайы әдісінің үлгілері» деп атайтындығының мысалын көрсетуді, ал екінші жағынан, Дюринг мырза үшін оның өзінің қателеспейтіндігі қандай дәл анықталған болса, өзінің алдындағылардың жарамсыздығы нақ сондай дәл анықталған бір нәрсе сыяқты екенін атап көрсетуді өзіміздің боршымыз деп білдік. Осымен біз барлық замандардың осы асқан данышпанының алдында... егер, әрине, бәрі де дәл осылай болатын болса, аса зор құрметпен тәжім етіп сөзімізді доғарамыз.

---

## Бірінші бөлім

# Ф И Л О С О Ф И Я

### III

#### ТАРАУ. АПРИОРИЗМ

Дюринг мырзаның айтуынша, философия дегеніміз дүние мен өмір жөніндегі жоғары формалы сананың дамуы болып табылады, ал неғұрлым кеңірек мағнада алғанда ол қандай да болсын білім мен еріктің *принциптерін* қамтыйды. Қандай да болса танымдар мен стимулдар қатары жөнінде немесе өмір сүру формаларының қандай да болса бір тобы жөнінде адам санасы үшін мәселе туған жердің бәрінде, — бұл құбылыстардың *принциптері* философияның предметі болуы керек. Бұл принциптер дегеніміз өздерінен білім мен еріктің бүкіл сан-алуан мазмұнын құрастыруға болатын қарапайым ғана — немесе осы күнге дейін қарапайым деп шамаланып отырған — элементтер болып табылады. Денелердің химиялық құрамы сыяқты, заттардың жалпы құрылысы да негізгі формалар мен негізгі элементтерге баланып көрсетілуіне болады. Бұл айтылған элементтер немесе принциптер, бір табылғаннан кейін, тікелей белгілі және қол жететін барлық жайлар үшін ғана емес, сонымен бірге бізге белгісіз, қолымыз жетпейтін әлем үшін де маңыз алады. Сонымен, философиялық принциптер ғылымдардың табиғат пен адам өмірін түсіндіруде бірыңғай жүйе болуы үшін қажет ететін соңғы қосымшасы болады. Бүкіл өмір сүретіннің негізгі формаларынан басқа, философияның зерттейтін нағыз екі объектісі ғана бар, атап айтқанда ол — табиғат пен адам дүниесі. Сонымен, материалымызды тәртіптеу үшін *мүлде еркін түрде* үш топ шығады; олар: жалпылама дүниелік схематика, табиғат принциптері туралы ілім және, ақырында, адам туралы ілім. Бұл жүйеде сонымен бірге белгілі *логикалық ішкі тәртіп* те бар, өйткені қандай да болсын болмыс үшін маңызы бар формальды принциптер алдан жүреді де, бұл қағыйдалар *қолданылуға* тиісті объектілердің салалары олардың соңында болады, және олар бір саланың екіншіге бағынған бойымен сатыланып келеді. Міне, бүтіндей дерлік сөзбе-сөз айтып бергенде, Дюринг мырзаның айтып отырғаны осылар.

Демек, Дюринг мырзада әңгіме, сыртқы дүниеден емес, ой-

лаудан алынған принциптер жөнінде, табиғат пен адамзатқа қолданылуға тиісті, демек, табиғат пен адам баласы бейімделуге тиісті формальдық негізгі қағыйдалар жөнінде болып отыр. Бірақ ойлау бұл принциптерді қайдан алады? Өзінен өзі ала ма? Жок, өйткені Дюринг мырзаның өзі: таза идеалдықтың саласы логикалық схемалармен және математикалық формалармен шектеледі дейді (кейін көреміз, соңғысы оның үстіне дұрыс та емес). Бірақ логикалық схемалар тек *ойлау формаларына* ғана жатады, ал мұнда әңгіме тек *болмыс* формалары туралы, сыртқы дүниенің формалары туралы болып отыр, ал ойлау бұл формаларды ешуақытта өзінен шығармайды және өзінен шығара алмайды, тек сыртқы дүниеден ғана алады. Сонымен, барлық арақатынас тура қарама-қарсы болып шығады: принциптер — зерттеудің басталатын пункті емес, қайта оның қорытынды нәтижесі болып табылады; бұл принциптер табиғатқа және адам баласының тарихына қолданылмайды, қайта солардан алып абстракцияланады; табиғат, адамзат принциптерге бейімделмейді, қайта принциптер, тек өздері табиғат пен тарихқа үйлесетіндіктен ғана дұрыс болады. Зат жөніндегі бірден-бір материалистік көзқарас осындай, ал Дюринг мырзаның оған қарама-қарсы көзқарасы — *Гегель деген біреудің жасағанынан* айнағатасыз, шын арақатысты асты-үстіне келтіретін, шын дүниені ой-қыялдан құрастыратын, дүниеден бұрын болған және ғасырлар бойы әйтеуір бір жерде өмір сүріп келе жатқан схемалардан, көлеңкелерден немесе категориялардан құрастыратын идеалистік көзқарас.

Шынында да, Гегельдің «Энциклопедиясы» мен ондағы бүкіл қызу сандырақты Дюрингтің ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқатымен салыстырайық. Дюринг мырзада, біріншіден, жалпылама дүниелік схематика бар екенін көреміз, ол Гегельде *логика* деп аталады. Сонсын, оның екеуінде де бұл схемаларды — тиісінше, логикалық категорияларды — табиғатқа қолдану бар екенін көреміз, мұның өзі натурфилософияны береді; ақырында, оларды адамзатқа қолдану бар — бұл Гегельдің әлгі рух философиясы дейтіні. Сонымен, Дюринг ретінің «логикалық ішкі тәртібі» бізді «мүлде еркін түрде» Гегельдің «Энциклопедиясына» қайта алып келеді; әлгі тәртіптің өзі Гегель мектебінің мәңгілік жиді Берлин профессоры Михелетті қуантып жылатқандай дәлдікпен сол «Энциклопедиядан» алынған.

«Сананы», «ойлауды» толық натуралистік түрде, болмысқа, табиғатқа күнбұрыннан қарама-қарсы қойылатын әншейін бір нәрсе деп түсінген жерде қашан да осылай болып отырады. Мұндай болғанда сана мен табиғаттың, ойлау мен болмыстың, ойлау заңдары мен табиғат заңдарының сондай дәрежеде бір-біріне үйлес келетіні аса танқаларлық жағдай болып көрінуге тиіс. Бірақ мұның соңында: ойлау деген не, сана деген не, бұлар қайдан шығады деп сұрақ қойсақ, олар адам мыйының жемісі



екенін, ал адамның өзі де белгілі табиғи жағдайда және табиғатпен бірге өркендеген табиғат жемісі екенін көреміз. Осыдан келіп өз өзінен түсінікті нәрсе — айналып келгенде өздері де табиғат жемістері болып табылатын адам мыйының жемістері табиғаттағы басқа байланыстарға қайшы келмейді, қайта оған сәйкес келеді.

Бірақ Дюринг мырза мәселені осылай жайша түсіндіруге баспайды. Өйткені Дюринг мырза тек адамзаттың атынан ғана пікір айтып отырған жоқ қой, осының өзінің маңызы да аз болмас еді, қайта ол бүкіл аспан әлемінің саналы, ойлаушы жандары атынан пікір айтып отыр ғой. Шынында да, «егер біз сана мен білімнің негізгі формаларына «адамдікі» деген ат қойып, олардың тәуелсіз маңызы мен сөзсіз ақыйқат болу правосын жоққа шығармақ болсақ, немесе тіпті оған күман келтірмек болсақ та, мұның өзі сана мен білімнің негізгі формаларын кемсіткендік болар еді». Сонымен, басқа бір планетада екі жердегі екі бес болады екен деген шүбә тумас үшін, Дюринг мырза ойлауды «адамдікі» деп атауға өзіне право бермей қояды, содан келіп оны өзіміз кездестіріп отырған бірден-бір реалдық негізінен, яғни адам мен табиғаттан бөліп алуға мәжбүр болады. Осымен бірге Дюринг мырза өзі «эпигон» деп тілдеген Гегельдің эпигонына айналдыратын идеологияға белшесінен батып отыр. Алайда, Дюринг мырзаның басқа аспан әлемдерінде жүретін кездерінде онымен әлі талай рет сәлемдесерміз.

Мұндай идеологиялық негізде ешқандай материалистік ілім жасау мүмкін болмайтындығы өзінен өзі түсінікті. Сонынан көреміз, Дюринг мырза талай рет табиғатқа саналы қыймыл таңуға мәжбүр болады, яғни турасын айтқанда — құдайды таңуға мәжбүр болады.

Дегенмен, шындықшыл философымыздың бүкіл шындық негізін шындық дүниесінен идеялар дүниесіне көшіруіне басқа да дәлелдері болған. Өйткені осы жалпылама дүниелік схематика жөніндегі, болмыстың осы формальдық принциптері жөніндегі ғылым, — нақ осының өзі Дюринг мырзаның философиясының негізі болып отыр ғой. Егер дүние схематикасын, құр бастан емес, бас арқылы шындық дүниеден шығаратын болсақ, егер болмыс принциптерін бар нәрседен шығаратын болсақ, — бұл үшін бізге, философия емес, дүние жөніндегі, онда не болып жатқаны жөніндегі түбелікті білімдер керек; мұндай жұмыстың нәтижесінде шыққан нәрсе де, философия емес, түбелікті ғылым болады. Ал бұлай болғанда Дюринг мырзаның шығармаларының бүкіл томы әншейін босқа жұмсалған еңбек болғаны.

Онан соң, егер бұдан былай философия дегеннің керегі болмайтын болса, онда ешқандай системаның да, тіпті философияның табиғи системасының да керегі болмайды. Табиғат құбылыстарының бүкіл жыйынтығының системалық байланыста екенді-

гін ұғынғандық ғылымды барлық жерде де, жеке нәрселерде болсын, тұтас алынған нәрседе болсын, бұл системалық байланысты дәлелдеп отыруға ниеттендіреді. Бірақ бұл байланысты предметтің өзіне мүлде сай келтіріп, жеріне жеткізе ғылыми бейнелеу, өзіміз тұрған дүниелік системаның ойымызда дәлме-дәл бейнесін жасау біздің заманымыз үшін де, барлық басқа замандар үшін де мүмкін болмайтын іс. Егер адамзат дамуының қандай да болса бір кезеңінде барлық дүниелік байланыстардың, әрі физикалық, әрі рухани және тарихи байланыстардың, мұндай түпкілікті системасы құрылған болса, онда мұнымен адам танымының өрісі аяқталар еді де, қоғам осы системаға сәйкес құрылған күннен былай қарай тарихи даму үзілген болар еді; ал мұның өзі өрескелдік, нағыз сандырақ болар еді. Сонымен, адамдардың қайшылық алдында тұрғанын көреміз: бір жағынан, олардың алдында дүние системасын оның жалпылама байланысында сарқа білу міндеті тұрады, ал екінші жағынан, олардың өз жаратылысы және дүниелік системаның жаратылысы да ешқашанда бұл міндетті толық шешуге мүмкіндік бермейді. Бірақ бұл қайшылық екі фактордың екеуінің де, дүние мен адамның, жаратылысында ғана болып қоймайды, сонымен бірге оның өзі бүкіл ақыл-ой прогресінің басты тұтқасы болып табылады да, адамзаттың үздіксіз прогрестік дамуында күн сайын және үнемі шешіліп отырады — шешілгенде де, мысалы, белгілі бір математикалық есептер шексіз сан қатары арқылы немесе үздіксіз бөлшек арқылы қалай шешілетін болса, мүлде солай шешіліп отырады. Іс жүзінде дүниелік системаның әрбір ретте ойдағы бейнеленуі шектеулі болады, объективтік жағынан алғанда — тарихи жағдайлардан субъективтік жағынан алғанда — ойлаушы автордың дене, рухани жаратылысымен шектеулі болады. Бірақ Дюринг мырза ерте бастан өзінің ойлау әдісін дүние туралы субъективтік-шектеулі түсінікке қарай ешбір ауытқуға жол бермейтін ерекше әдіс деп жарыялайды. Дюринг мырзаның жүрмейтін жері жоқ екенін, болуы мүмкін аспан элементтерінің бәрінде болатынын әлгінде көргенбіз. Ал кәзір оның білмейтіні де жоқ екенін көріп отырмыз. Ол ғылымның ақырғы міндеттерін шешкен де, сөйтіп, бүкіл ғылымның болашаққа апаратын есігін тас бітеп тастаған.

Дюринг мырза, болмыстың негізгі формалары сыяқты, бүкіл таза математиканы да тура бастан, априорлық түрде, яғни өзіміз сыртқы дүниеден алатын тәжірибеге сүйенбей-ақ шығарып алуға болады деп есептейді. Таза математикада ақыл-ойдың «дәл өзінің еркін творчествосы мен ой қыялының жемістерімен» ісі болады; сан және фигура ұғымдары «математика үшін жеткілікті және оның өзі жасақтайтын объект», сондықтан математиканың «*ерекше тәжірибе мен дүниенің реалдық мазмұнына тәуелсіз маңызы бар*».

Таза математикада әрбір жеке адамның *ерекше* тәжірибесіне тәуелсіз маңыз болатыны, әрине, рас, бірақ кез келген ғылымның жете анықталған барлық фактылары жөнінде де, тіпті жалпы алғанда барлық фактылар жөнінде де осыны айтуға болады. Магниттің полярлығы, судың сутегі мен оттегінен құралатындығы, Гегель өлген болса, Дюринг мырзаның тірі жүру фактысы,— міне осының бәрінде менің тәжірибемнен немесе басқа бір жеке адамдардың тәжірибесінен тәуелсіз маңыз бар; тіпті өзі қаннен-қаперсіз ұйықтап жатқан кездерінде, Дюринг мырзаның тәжірибесінен де тәуелсіз. Бірақ таза математикада ақыл-ойдың тек өз творчествосы мен ой қыялының жемістерімен ғана ісі болады деу мүлде дұрыс емес. Сан және фигура ұғымдары, басқа ешқайдан емес, тек шындық дүниеден алынған. Адамдардың санауға үйренген, яғни алғашқы арифметикалық есеп шығаруға үйренген он саусағын не десеңіз ол деңіз, тек әйтеуір ол ақыл-ойдың еркін творчествосының жемісі емес. Санау үшін, саналуға тиісті нәрселердің болуы ғана емес, сонымен бірге, бұл нәрселерге көз жібергенде, олардың санынан басқа қасиеттеріне алаңдамайтын қабілет те болу керек; ал ол қабілет — тәжірибеге сүйенген ұзақ тарихи дамудың нәтижесі. Сан ұғымы да, фигура ұғымы да, бас ішінде таза ойдан шыққан емес, тек қана сыртқы дүниеден алынған. Белгілі формалы заттар болуға тиіс болды, ал одан фигура деген ұғымға жеткенге дейін, ол формалар салыстырылуға тиіс болды. Таза математиканың объектісі — шын дүниенің кеңістік формаларымен сандық қатынастары, демек, мұның өзі — өте реалдық материал. Бұл материалдың өте-өте абстрактілі форма алу фактысы оның сыртқы дүниеден шыққандығын тек аздап қана бүркемелей алады. Ал осы формалар мен қатынастарды таза күйінде зерттей алу үшін, оларды өз мазмұндарынан мүлде бөліп алып, мазмұнды, бейнебір талғаусыз нәрседей, шет қалдыру қажет; осы жолмен біз өлшемі жоқ нүктелерді, жуаны, көлденеңі жоқ сызықтарды, әртүрлі  $a$  және  $b$ ,  $x$  және  $y$  сыяқты белгілерді, тұрақты және ауыспалы шамаларды шығарамыз, тек ең соңында ғана ақыл-ойдың өзінің еркін творчествомен ой қыялының жемістеріне, атап айтқанда — жорымалы шамаларға келіп жетеміз. Сол сыяқты, математикалық шамалардың бірінен-бірін шығару да, априорлық болып көрінгенмен, олардың априорлық тегін емес, тек рационалдық өзара байланысын ғана дәлелдейді. Цилиндрдің *формасын* тік бұрышты өзінің бір қабырғасын айнала айналдырудан әкеліп шығару пікіріне келмес бұрын, мүлде жетілмеген формалардағы болса да, бірсыпыра реалдық тік бұрыштар мен цилиндрлерді зерттеу керек болды. Барлық басқа ғылымдар сыяқты, математика да адамдардың практикалық *мұқтаждарынан*: жер учаскторінің көлемі мен ыдыстардың сыйымдылығын өлшеуден, уақытты есептеуден және механикадан шықты. Бірақ, ойлаудың басқа да бар-

лық салаларындағы сыяқты, реалдық дүниеден абстрактылық түрде алынған заңдар да, дамудың белгілі бір сатысында реалдық дүниеден бөліп алынып, бейнебір дербес нәрсе ретінде, шеттен келген заң ретінде, өзімен үйлес келуге тиіс болатын сол реалдық дүниеге қарама-қарсы қойылады. Қоғам мен мемлекеттің жайы нақ осындай болды, басқаша емес, нақ осы сыяқты, таза математика да, өзі осы дүниенің дәл өзінен алынса да, соған тән байланыс формаларының бір бөлігін бейнелеуші ғана болса да, келе-келе дүниеге қолданылатын болды, — затында оның жалпы қолданыла алу себебі де осыдан болды.

Дюринг мырзаның «таза логикалық көзқарас тұрғысынан-ақ дәлелдеуді жуытпайтын, тіпті дәлелдеуді керек те қылмайтын» математикалық аксиомалардан, ешқандай тәжірибені араластырмастан, бүкіл таза математиканы шығаруға болады, сонсоң оны дүниеге қолдануға болады деп қыялдағаны сыяқты, ол нақ сондай ретпен ең әуелі бас ішінен болмыстың негізгі формаларын, қандай да болсын білімнің қарапайым құрамды элементтерін, философияның аксиомаларын жасап шығара аламын, олардан бүкіл философияны немесе дүниелік схематиканы шығарып, өзімнің бұл конституциямды табиғат пен адамзатқа мәртебелі түрде мархабат етемін деп қыялдайды. Бірақ, амал не, табиғат ешбір ретте 1850 жылғы Мантейфель пруссактарынан<sup>1</sup> құралған емес те, ал адамзат ішінде олар мүлде жоққа тән.

— Математикалық аксиомалардың өзі ақыл мазмұнының мүлде тапшылық белгісі болып табылады, ол мазмұнды математиканың логикадан алуына тура келеді. Оларды мынадай екі аксиомаға тұжыруға болады:

— 1. Бүтін бөліктен артық. Бұл ереже нағыз тавтология болып табылады, өйткені сан мағнасында алғандағы «бөлік» деген түсінік бастан-ақ «бүтін» деген түсінікке белгілі ретте қатысты нәрсе, атап айтқанда, «бөлік» деген жәй әншейін сандық «бүтіннің» өзі бірнеше сандық «бөліктерден» құралады деген сөз ғана. Ал мұны әлгі аксиома дегеннің әбден кесіп айтып бергенінен біз титтей де алға басқан емеспіз. Бұл тавтологияны былай деп ойға жүгіртіп, тіпті белгілі дәрежеде дәлелдеуге де болады: бүтін дегеніміз бірнеше бөліктен тұратын нәрсе; бөлік дегеніміз бірнеше рет еселеп алғаннан кейін бүтін болатын нәрсе; демек, бөлік бүтіннен кем, — ал осы қайталай берудің кемтарлығы мазмұн кемтарлығын бұрынғыдан да ерекше көзге түсіреді.

2. Бөлек тұрған екі шаманың әрқайсысы үшінші бір шамаға тең болса, онда ол екеуінің де бір біріне тең болғаны. Бұрын

<sup>1</sup> — реакцияшыл министр Мантейфельдің қатысуымен жасалған 1850 жылғы конституцияны қабылдаған пруссактардың құлдарша көнгіш болғаны тұспалдап айтылған. *Ред.*

Гегельдің дәлелдегеніндей, бұл ереженің өзі оның дұрыстығына логика кепілдік беретін қорытынды болып табылады,— демек, ол қорытынды, таза математика саласынан тыс жерде болса да, дәлелденген. Теңдік, тең еместік жайындағы өзге аксиомалар осы қорытындының логикалық дамуы ғана болып табылады.

Бұл мардымсыз ережелермен математикада да, басқа жерде де ешкімді қызықтыра алмайсың. Алға басу үшін, біз реалды қатынастарды, шын денелерден бөліп қаралатын қатынастар мен кеңістік формаларын алуымыз керек. Сызықтар, беттер, бұрыштар, көпбұрыштар, текшелер, шарлар және т. б. жөніндегі түсініктер — бұлардың бәрі шындықтан бөлініп алынған; сондықтан бірінші сызық нүктенің кеңістіктегі қозғалысынан пайда болды, бірінші бет — сызықтың қозғалысынан, бірінші дене — беттің қозғалысынан пайда болды, т. с. дейтін математиктерге сену үшін едәуір-ақ идеологиялық аңқаулық керек. Тіпті мұндайларға тілің бармайды-ау. Үш өлшемнің математикалық фигурасы дене деп аталады, латынша *corpus solidum* делінеді, демек — тіпті сезілетін дене деген сөз, міне сонымен, фигураның аты, еркін ой қыялынан емес, дәрекі шындықтан алынған.

Бірақ осынша көп сөздің не қажеті бар? Дюринг мырза 42—43-беттерде таза математиканың эмпирикалық дүниеден тәуелсіздігін, оның априорлығын, оның еркін творчество мен ой қыялының жемістерімен ісі болатынын шабыттана жырлап келіп, 63-бетте ол былай деп мәлімдейді: «бұл математикалық элементтердің (сан, шама, уақыт, кеңістік және геометриялық қозғалыс) тек өзінің формасы жағынан ғана мүлтіксіз екені... сондықтан қандай текті болмасын абсолюттік шамалар мүлде эмпирикалық бір нәрсе болып табылатыны қалай болса солай өстен шығарылып жүр»... Алайда «математикалық схемалар, тәжірибеден оқшауланған, бірақ солай болса да жетерлік, сыйпаттама жасатады», мұның өзі азды-көпті қандайда болсын абстракцияға қолданарлық, бірақ ешбір ретте ол абстракция шындықтан алынған жоқ деп дәлелдемейді. Дүниелік схематикада таза математика нағыз ойлаудан шыққан; натурфилософияда ол — мүлде бір эмпирикалық, сыртқы дүниеден алынып, сонсын оқшауланылған бір нәрсе. Біз мұның қайсысына нануға тиіспіз?

## IV

### ДҮНИЕЛІК СХЕМАТИКА

«Бәрін қамтыйтын болмыс *бірден-бір*. Өзіндік мәнді болғандықтан, ол өзінің жанына не үстіне ешнәрсе дарытпайды. Оған өкінішті бір болмыс қосу деген оны өзі бола алмайтын нәрсе ету, атап айтқанда — оны неғұрлым көлемдірек бүтіннің бөлігі неме-

се элементі ету деген сөз болар еді. Барлығын, бейне бір рамамен қоршағандай, *бірыңғай* пікірімізбен қамтуымыз арқасында, — қажетті түрде осы пікір *бірлігіне* кіретін нәрсенің ешбірі өзінде қандай да болса екіжақтылық сақтай алмайды. Сол сыяқты, ешқандай нәрсе бұл пікір бірлігінен тысқары да қала алмайды... ойлау атаулының мәнісі сана элементтерін бірлікке біріктіру... Бұл бірлік — біріктіктің сондай бір пункті, оның арқасында *дүние туралы бөлінбес ұғым* туады, ал *universum*<sup>1</sup>, сөздің өзіннен-ақ көрініп тұрғанындай, бәрі де пәлендей бір *бірлікке* біріккен бір нәрсе болып танылады.

Дюринг мырза осылай дейді. «Мәселе атаулының бәрі, әңгіме математиканың қарапайым... негізгі ережелері жайында болып отырғандайын, қарапайым негізгі формаларда *аксиомалықпен* шешілмекке керек» дейтін математикалық метод, — міне осы метод мұнда алғашқы рет қолданылған.

«Бәрін қамтыйтын болмыс бірден-бір». Егер тавтология, бастауышта айтылғанды баяндауышта жай қайталау, — егер осы аксиома болатын болса, онда мынау біздің алдымыздағы барып тұрған аксиоманың өзі. Мұның бастауышында бізге Дюринг мырза болмыс бәрін қамтыйды дейді, ал баяндауышында: олай болған күнде бұл болмыстан тысқарыда ешнәрсе өмір сүрмейді деп батыл айтып салады. Не деген үздік «система жасағыш идея»!

Шынында да «система жасағыш» екен. Алты жол оқығанымызша болмады, Дюринг мырза «біздің бірыңғай пікіріміз» арқылы әлден-ақ болмыстың *бірден-бірлігін* оның *бірлігіне* айналдырды. Ойлау атаулының мәнісі біршама бірлікке бірігуде болғандықтан, болмыс та—ойға жүгіртілетін болуы себебінен-ақ, — тек бірыңғай жай деп ойға салынады, сөйтіп дүние жөніндегі ұғым бөлінбес ұғым болады; ал *ойдағы* болмыс, *дүние жөніндегі ұғым*, бірыңғай болса, онда ақыйқат болмыс та, ақыйқат дүние де бөлінбес бірлік болғаны. Сондықтан да «рух болмысты оның біртекті универсалдығында қамтуға үйренген кезеңнен бастап, о дүниелік дегендерге енді ешқандай орын қалмайды».

Біз мұнда Аустерлиц пен Иена, Кениггрец пен Седан шайқастары өзінің қарасын да көрмейтін соғыс жорығын көріп отырмыз. Бас-аяғы екі-үш қағыйдамен, алғашқы аксиоманы келтірген жерден не бәрі бір бетті өтер-өтпестен, біз о дүниелік дейтіндердің бәрін, құдайды, тәңірі әскерін, аспан әлемін, тамұқ пен ғарасат майданын, шыбынжанның өлмейтіндігімен қоса, бұзып, сырып тастап, құртып үлгірдік те.

Болмыс бірден-бір дегеннен болмыстың бірлігіне біз қандай жолмен келеміз? Бұл болмысты жалпы түсінетініміз жолымен. Бірден-бір болмысты, бейнебір рамаға салғандай, өзіміздің

<sup>1</sup> — элем. Ред.

Бір ыңғай пікірімізбен қамтыған бойда-ақ, бірден-бір болмыс енді ойдағы бірыңғай болмыс, ой бірлігі бола кетті, өйткені ойлау атаулының мәнісі: ол сананың элементтерін пәлендей бір бірлікке біріктіреді.

Соңғы қағыйда тіпті дұрыс та емес. Біріншіден, ойлау бір бірімен байланысты элементтерді бірлікке қаншалықты біріктіретін болса, ол сана предметтерін өзінің элементтеріне соншалықты ыдыратады да. Анализсіз синтез жоқ. Екіншіден, ойдың өзі, егер ол жаңылыс жібермесе, сана элементтерін бірлікке біріктіргенде тек бұл бірлік сол элементтердің өздерінде не реалды келешек бейнелерінде *бұған дейін өмір сүрген* болса ғана біріктіре алады. Біз етік шетқасын сүт қоректі жануарлармен бірыңғай категорияға жатқызғанымызбен, — одан етік шетқасына желін пайда болмайды. Сонымен, болмыстың бірлігі және, сол ретпен, болмысты бірлік деп түсінуді жөн көру — дәлелденуге тиісті жайдың нақ өзі осы. Егер бізге Дюринг мырза болмысты, айталық, екі жақты емес, бірыңғай деп білемін дейтін болса, бұл оның, басқа ешкімге міндетті емес, өз басының пікірін айтып отырғаны.

Егер біз оның идеяларын таза күйінде көз алдымызда келтіргіміз келсе, ол мынадай болады: «Мен болмыстан бастаймын. Демек, мен болмысты ойға саламын. Болмыс жөніндегі ой бірыңғай. Бірақ ойлау мен болмыс өзара жарасты болуға тиіс, олар біріне бірі сай келеді, «бірін бірі жабады». Олай болса, шындығында болмыс та бірыңғай. Олай болса, ешқандай «о дүниеліктер» жоқ». — Бірақ егер Дюринг мырза, бізге жоғарыда айтқандай абыз нақылдарымен сыбаға тарту орнына, осылайша ашығын айтқан болса, онда оның идеологиялық тәсілі айдан ашық болған болар еді. Ойлау мен болмыс барабарлығынан қандай да болса ойлау нәтижесінің реалдығын дәлелдемек болу, — міне, Гегель деген біреудің ең барып тұрған ессіз қызу қыялының бірі нақ осы болатын.

Тіпті Дюринг мырзаның бүкіл дәлелдемесі дұрыс болған күнде де, ол спиритуалистерден бір сүйем де жер жеңіп ала алмаған болар еді. Спиритуалистер оған жауапты қысқасынан қайырады: «дүние біз үшін де ажыратылмас бір нәрсе *болып табылады*; дүниенің бұл дүниелік және о дүниелік болып екіге жіктелуі тек біздің жер бетіне ғана тән, тұңғыш күнаның зілі басқан біздің көзқарасымызда ғана өмір сүреді; ал өз бетінше алғанда, яғни құдайдың жаратуында, бүкіл болмыс бірыңғай» — дейді. Сонсын олар Дюринг мырза жақсы көретін аспандағы басқа әлемдерге онымен бірге барып, олардың ішінен күнаға бату деген болмаған, демек, бұл дүние мен о дүние арасындағы қарама-қарсылық деген де жоқ, ал дүниенің бірлігі дін догмасы болып табылатын біреуін не бірнешеуін көрсетеді.

Мұның бәрінен де ең кісі күлерлігі сол, — Дюринг мырза

болмыс деген ұғымнан құдай жоқ дегеннің ыспаттамасын шығармақ болып, құдай бар деген белгілі онтологиялық ыспаттаманы қолданады. Ол ыспаттама былай дейді: біз құдайды ойға салғанда, оны барлық жетілгендік қасиеттердің жыйыны деп білеміз. Ал бұл жетілгендік қасиеттер жыйынына ең алдымен кіретін нәрсе — бар болушылық, өйткені жоқ нәрсе жетілген де болмайды. Демек, құдайдың жетілгендік қасиеттері ішіне бар болушылықты да кіргізуге тиіспіз. Демек, құдайдың бар болуы хақ. Міне, Дюринг мырза да дәл осылай байымдайды: біз болмысты ойға салғанда, оны *бір ұғым* деп білеміз. Бір ұғыммен қамтылатын нәрсе — бірыңғай. Сонымен, егер болмыс бірыңғай болмаса, ол өзінің ұғымына сай келмес еді. Демек, ол бірыңғай болуға тиіс. Демек, құдай жоқ, т. т.

Біз *болмыс* туралы, тек қана болмыс туралы айтқанымызда, бірліктің мәні мынада ғана болады: әңгіме болып отырған нәрселердің бәрі *болуы*, бар болуы керек. Олар, — қандай да болса басқа бір бірлікте емес, — осы болмыс бірлігінде оймен біріктіріледі, сондықтан оның бәрі *бар нәрсе* деген жалпылама пікір, оларға басқа ешқандай, жалпы болсын, жалпы емес болсын, қасиеттер бере алмайтыны былай тұрсын, тіпті алғашқы кезеңдерде ондай қасиеттердің бәрін қараудан шығарып тастайды. Өйткені болмыс бұл заттардың бәріне ортақ деген негізгі қарапайым фактыдан тіпті бір миллиметр қашықтасақ-ақ болғаны, сол сәтте біздің көзімізге бұл заттардағы *айырмашылықтар* көріне бастайды. Бұл айырмашылықтардың мәнісі біреулерінің ақ, біреулерінің қара, біреулерінің жанды, біреулерінің жансыз, біреулерінің, айталық, жер бетіндегі дүниеге, екіншілерінің о дүниедегіге жататындығы болғандығында ма, — мұның бәрі жөнінде біз барлық затқа бір тегіс тек бар болу қасиеті телінген екен деген дәлелмен қорытынды жасай алмаймыз.

Дүниенің болмысы оның бірлігінің алғышарты бола тұрсада, дүниенің бірлігі оның болмысында емес, өйткені дүниенің *тұтас болуы үшін ең әуелі оның бар болуы керек*. Болмыс дегеніміз тегінде — біздің көзіміз жеткен жерден әрі қарай ашық тұрған мәселе. Дүниенің шын мәнісіндегі тұтастығы оның материялықтығында, ал дүниенің материялықтығы бір-екі ауыз айлакер сөзбен дәлелденбейді, философия мен жаратылыс тану ғылымының ұзақ уақыт, қыйындықпен дамуы арқылы дәлелденеді.

Әрі қарай жүрейік. Дюринг мырза баяндап отырған *болмыс* «өзіне өзі тең бола тұрып, қандай да болсын айырықша анықтамалардан айрылған және шындығында тек ойдағы *ештеме емес-тің*, былайынша айтқанда — ой жоқтықтың аналогі ғана болып табылатын таза болмыс» емес. Бірақ көп кешікпей көреміз, Дюринг мырзаның дүниесі шынында нақ мынадай болмыстан: қандай да болсын ішкі айырмашылықтары жоқ, қандай да болсын қозғалысы мен өзгерісі жоқ болмыстан басталады, демек, ол



Іс жүзінде ойдағы *ештеме еместің* аналогі болып табылады, олай болса, оның шын мәнісіндегі ештеме емес болғаны. Осы *ештеме емес-болмыстан* дүниенің даму, *жаралу* болып табылатын кәзіргі дифференциалды, өзгермелі халі дамып шыққанда ғана, және мұны түсінгеніміздің соңында ғана, осы мәңгілік түр өзгертуде «универсалды болмыс ұғымын өзіне өзін тең ретінде ұстап қалуға» жайымыз келеді. Сонымен, енді біз жоғары сатыдағы болмыс ұғымын көріп отырмыз, бұл сатыда ол ұғымға тұрақтылықпен бірге өзгеріс те, болмыспен бірге жаралу да кіреді. Осы пунктке жеткеннен кейін, мынаны көреміз: «тегі мен түрі, немесе жалпы алғанда — жалпы мен ерекше, заттарды айырудың ең қарапайым амплуды болып табылады, бұларсыз заттардың құрылысын түсінуге болмайды». Бірақ мұның бәрі тек *сапаны* айырудың ғана амалдары; бұларды қарастырғаннан кейін әрі қарай жүреміз: «төкке шама ұғымы қарсы түр, бұл енді ешқандай түр айырмашылығы жоқ әлгі біртектінің ұғымы сыяқты», яғни *сападан санға* көшеміз, ал мұның соңғысы қашан да «өлшемді».

Енді келіп осы «әрекеттіліктің дәл түрде бейнеленген жалпылама схемалары» мен олардың «ақыйқат сын көзқарасын» Гегель деген біреудің қонымсыз идеяларымен, өрескел сандырағымен, қызу қыялымен салыстырып көрейік. Онда мынаны көреміз: Дюринг мырзаның істегені сыяқты, Гегельдің логикасы *болмыстан* бастайды; Дюринг мырзадағы сыяқты, болмыс өзін *ештеме емес* ретінде ашады; мүлде Дюринг мырзадағы сыяқты, бұл «ештеме емес-болмыстан» *жаралуға* өтіледі, ал жаралудың нәтижесі нақты болмыс (Dasein), яғни болмыстың неғұрлым жоғары, неғұрлым толысқан формасы (Sein) болып табылады. Нақты болмыс *сапаға* әкеледі, сапа *санға* әкеледі, — бұл да мүлде Дюринг мырзадағы сыяқты. Бірде-бір елеулі элементінде кемшілік болмауы үшін, басқа бір ретте, Дюринг мырза бізге былай деп баяндайды: «Сезімсіздік сферасынан түйсік сферасына өту, оның бүкіл сандық бірте-біртегіне қарамастан, тек *сапалық секірме* жолмен ғана жүреді, бұл секірме жөнінде біз... қасиеті онымен бірдей қарапайым градациядан мүлде өзгеше дей аламыз». Мұның өзі өлшеу қатынастарының гегельдік түйінді желісі ғой, мұнда таза сандық ұлғаю немесе кему белгілі түйінді пункттерде *сапалық секірме* туғызады, мысалы, судың ысуы мен сууы жағдайында осындай болады, мұнда қайнау, қату пункттері сондай бір түйін болып табылады, бұл түйінде, — қалыпты қысым жағдайында — жаңа агрегаттық қалыпқа секірме болады, демек, сан сапаға ауысады.

Біздің зерттеуіміз де мәселенің түп тамырына жетуге тырысты, сөйтіп зерттеуіміз Дюрингтің негізгі схемаларының түбірінің Гегель деген біреудің «қызу қыялын» тауып отыр, гегельдік «Логиканың» (I бөлім, болмыс туралы ілім) дәлме-дәл, ескі гегельшілдікке тән «дәйектілікпен» алынған және плагиатты

бүркемелеуге ешқандай дерлік тырыспастан алынған категорияларын тауып отыр!

Бірақ өзі сонша жала жапқан, өзінің ізтастаушысының бүкіл болмыс схематикасын алып пайдаланғанына қарамастан, Дюринг мырза — секірмелі түрде санның сапаға ауысуы жайындағы жоғарыдағы мысалды өзі келтіргеннен кейін — беті шімірікпестен Маркс туралы былай дейді: «Мысалы, *сан сапаға айналады* деген Гегельдің *бытысқан, көмескі түсінігіне* сілтеу (Маркстің сілтеуі) қандай кісі күлерлік болып шыққан!»

Бытысқан, көмескі түсінік! Мұнда құбылып отырған кім, кісі күлерлік болып шыққан кім, Дюринг мырза?

Сонымен, бұл тамаша жайлардың бәрінің алдын ала ұйғарылғандай «аксиомалықпен шешілмегені» былай тұрсын, тіпті мүлде сырттан, яғни Гегельдің «Логикасынан» әкелініп енгізілген. Енгізілгенде де бүкіл тарауда ішкі байланыс дегеннен тіпті нышаны да жоқ, өйткені бұл байланыс Гегельден алынбаған, сөйтіп ақырында бәрі де кеңістік пен уақыт, тұрақтылық пен өзгергіштік жөніндегі мазмұнсыз ақылгөйлік болып шыққан.

Гегель болмыстан мазмұнға, диалектикаға көшеді. Мұнда ол рефлексияның анықтамаларын, олардың ішкі *қарама-қарсылықтары* мен қайшылықтарын, — мысалы, болымды мен болымсызды, — қарастырады, — содан *себептілікке*, немесе себеп пен қыймылдың қатынасына көшеді, ақыры *қажеттілікпен* аяқтайды. Дюринг мырзадан да біз дәл осыны көреміз. Гегельдің мазмұн туралы ілім деп атағанын Дюринг мырза өз тіліне аударып, «болмыстың логикалық қасиеттері» дейді. Бұлар ең алдымен «күштер антагонизмінде», *қарама-қарсылықтарда*. Ал енді қайшылық дегенге келетін болсақ, оны Дюринг мырза қайта мүлде бекерге шығарады; бұл мәселеге әліде ораламыз. Мұнан әрі ол *себептілікке*, ал одан *қажеттілікке* көшеді. Демек, егер Дюринг мырза өзі жайында: «*біз клеткадан философия соқпайтындармыз*» дейтін болса, мұны, тегінде, ол кісі клетканың *ішінде*, атап айтқанда — гегельдік категориялар схематизмінің клеткасы ішінде философия соғады деп түсіну керек шығар.

## V

### НАТУРФИЛОСОФИЯ. УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК

Енді *натурфилософияға* көшейік. Мұнда да Дюринг мырзаның өзінің алдында өткендерге наразы болуына әбден жөні бар. Натурфилософия «соншалық құлдырап, надандыққа арқа сүйеген қайдағыбір жалған поэзияға айналған», ол «өздерінің қоқыстарын бетке ұстап, абсолюттің абызы болып сөз сөйлейтін, сөйтіп жұрттың басын айналдыратын Шеллинг деген біреу мен сол

сыяқты сойқандардың аузындағы сатылғыш философияның үлесіне тиген». Бізді бұл «бұзықтықтардан» аман алып қалған шаршау болды; бірақ ол әзірге тек «әрі-сәрілікке» жол ашып отыр; «ал қалың жұртшылыққа келетін болсақ, мұнда үлкенірек шарлатан кететін болса, көбінесе оның орнын ұсағырақ, бірақ әптірек шарлатан басып, алдыңғының барлық пәлесін басқа атпен жүргізе бастайтыны жұртқа мәлім». Жаратылыс зерттеушілердің өздері «дүниені қамтыйтын идеялар әлеміне саяқат құруға» көп «әуестік» жасамайды, сондықтан да олар теориялық салада тек «тым асығыс жасалған байланыссыз қорытындылар» ғана береді. Қысқасын айтқанда, бұл араға көмек өте-мөте керек еді, ал бақытқа қарай, Дюринг мырза өз орнында отыр екен.

Бұдан кейін дүниенің уақыт жүзінде дамыйтыны, кеңістікте өрісі тарлығы жөніндегі аян болғандарды дұрыс баға беру үшін, біз тағыда «дүниелік схематиканың» кейбір жерлеріне оралуға тиіспіз.

Болмысқа, бұл жолы да Гегельге сәйкес түрде (Энциклопедия, § 93), шексіздік — Гегельдің *оңбаған* деп атаған шексіздігі тіркеледі, ал сонсын зерттеледі. «Шексіздіктің қайшылықтарсыз ойланылатын неғұрлым анық формасы — сан катарында сандардың шексіз көбейе бере алатындығы... онан әрі есептей беру мүмкіндігін ешқашан доғармастан, әрбір санға өзіміздің тағы бір сан қоса алатынымыз сыяқты, болмыстың әрбір қалпына екінші бір қалпы жалғасып тұрады, сөйтіп осындай қалыптардың кыйсапсыз пайда бола беруі шексіздік болып табылады. Бұл *дәлме-дәл ойланылатын* шексіздіктің осы себептен де бірден-бір ғана бағытты жалғыз ғана негізгі формасы бар. Өйткені өзгеріп отыратын қалыптардың жыйынын қарама-қарсы бағытта да көз алдына келтіру біздің ойлауымыз үшін бәрібір болса да, дегенмен ондай кейінге жүретін шексіздік — тым асығыс түсініктен туған образдан басқа ешнәрсе де емес. Шынына келгенде, бұл шексіздік шындығында *кейін* бағытта өтілуге тиіс болғаннан кейін, өзінің әрбір жеке қалпында оның артында шексіз сандар катары болар еді. Бірақ олай болған күнде саналған шексіз сандар катарының жөнсіз қайшылығына ұшыраған болар едік; сондықтан шексіздіктің екінші бір бағыты бар деп долбарлау мағнасыз болып шығады».

Шексіздікті бұлай түсінуден шығарылатын бірінші нәтиже сол, дүниедегі себептер мен нәтижелер тіркесінің бір кезде бас-тамасы болған болуға тиіс: «біріне бірі қосылып кеткен себептердің шексіз саны деудің кыйсынсыз болатын бір себебі — оның сансыздықты саналған деп білуінде». Олай болса, *түпкі себептің* болғандығы ыспатталды.

Екінші нәтиже болып табылатын «әрбір белгілі санның нақтылық заңы: дербес объектілердің қандай да болса бір реалды тегінің барабар элементтерінің жыйналуы тек нақтылы

сан құралуы түрінде ғана мүмкін болады». Өз-өзінше алғанда әрбір белгілі кезеңде тек аспан әлемдерінің түгел саны ғана емес, сонымен қатар материяның дүниеде өмір сүруші барлық ең ұсақ бөліктерінің жалпы саны да нақты болуға тиіс. Бұл соңғы қажеттілік ешқандай коспаны атомсыз деп білуге болмайтындығына ақыйқат негіз болып табылады. Әрқандай реалды бөліністің қашанда түпкі нақтылығы болады және мұнысы болуға тиісті де, өйткені олай болмаған күнде саналған сансыздыңтың қайшылығы шығады. Нақ осы себеп бойынша жердің кәзірге дейін күннен неше айналғандығы санының, мұның саны бізге мәлім болмаса да, нақтылы болуға тиіс екені былай тұрсын, сонымен бірге табиғаттың барлық мерзімді процестерінің қандай да болса бір бастамасы болған болуға тиіс; қандай да болсын дифференциация, табиғаттың бірінен соң бірі келіп тұратын саналуан құбылыстары біршама *өзіне өзі тең қалыпқа* негізделуге тиіс. Мұндай қалыпты ежелден келе жатыр деп қайшылықсыз-ақ ойлауға болады, бірақ егер уақыт өз-өзінше реалды бөліктерден тұрған болып, керісінше, мүмкіншілікті мүлтіксіз деп шамалау жолының бір өзімен ғана, біздің ақылымызбен еріксіз бөлінбеген болса, бұл түсінікке де орын қалмас еді. Ал уақыттың реалды және іштей біртекті емес мазмұны жөнінде әңгіме басқаша; уақытты шындығында осылай әртекті фактылармен толтыру, сол сыяқты бұл саланың өмір сүру формалары — нақ өздерінің әртүрлі болуы арқасында — есептеуге келетінге жатады. Өзгерістері жоқ және өз-өзіне тең күйіндегі сапарда ешқандай айырмашылық көрсетпейтін қалып болады деп көз алдымызға елестетсек, онда уақыт жөніндегі неғұрлым арнаулы ұғым да неғұрлым жалпы болмыс идеясына айналып кетеді. Бостан бос ұзақтықтың бұлай жыйнақталуының мәнісі не болуға тиіс екенін, мұны тіпті ақылға сыйғызып болмайды. — Маңызды жаңалық аштым деп көп мақтанатын Дюринг мырза осылай дейді. Алғашында ол бұл жаңалықтар «кем дегенде, едәуір маңызды ақыйқат болып танылар» деп үміт қана артады, бірақ оның аржағында былай деп жазады: *«нағыз қарапайым тәсілдерді, солар арқылы өзіміз шексіздік ұғымдары мен олар жөніндегі сынға бұған дейін мәлімсіз маңыз алып берген тәсілдерді еске түсірейік... Кеңістік пен уақытты жан-жақты түсінудің элементтерін, кәзіргі замандағы терең зерттелуі мен айқындай түсілуінің арқасында мүлде қарапайым түрде құралған элементтерін еске түсірейік»*.

Өзіміз алып берген! Кәзіргі замандағы терең зерттелуі мен айқындай түсілуі! Сонда мұның өзіміз деп отырғаны кім, және кәзіргі заман дегені қашан көрінбек? Терең зерттеп отырған кім, айқындай түсіп отырған кім?

«Тезис. Дүниенің уақытта бастамасы бар, сол сыяқты ол кеңістікте де шекаралармен тұжырылған. — Ыспаттама. Шынында

да, егер біз дүниенің уақытта бастамасы жоқ дейтін болсақ, онда уақыттың қандай да болсын нақты кезеңіне дейін мәңгілік өткені болады — демек, дүниедегі заттардың бірізді қалыптарының шексіз қатары өткені. Бірақ қатардың шексіздігі мәнісінің өзі сонда, ол ешқашанда бірізді синтезбен бітпек емес. Демек, шексіз дүние қатары өткен болуы мүмкін емес; олай болса, дүниенің бастамасы дүниенің бар болуының қажетті шарты болып табылады, — ыспатталуға тиіс болған бірінші жай осы. Ал тезистің екінші жартысына келетін болсақ, мұнда да қарама-қарсы пікірге жол беріп, дүние деген біруақытта өмір сүретін заттардың шексіз нақты сүтіні дейміз. Бірақ қандай да болса көзбен көргендей шамалайтын белгілі шекаралардың ішінде емес мұндай санның көлемін біз тек бөліктер синтезі арқылы ғана, ал ондай санның тұтастығын тек түгел синтез арқылы, немесе бірлікті өзіне өзін қайталап қосу арқылы ғана ойға сала аламыз. Сондықтан, барлық кеңістіктерді толтырып тұрған дүниені тұтас деп ойға салу үшін, шексіз дүние бөліктерінің бірізді синтезін аяқталған деп қарау қажет болар еді, яғни барлық бірге жасасып отырған заттардың есебі үшін қажетті шексіз уақытты өткен ретінде қарауға тура келер еді, ал мұның өзі мүмкін емес нәрсе. Сонымен, ақыйқат заттардың шексіз агрегатын нақты тұтастық деп қарауға болмайды, ал олай болса, оны нақты *біруақыттылық* деп те қарауға болмайды. Демек, кеңістікте көлбеуі жағынан дүние шексіз емес, өзінің шекараларымен тұжырылған, — ыспатталуға тиіс болған екінші жай осы.

Бұл қағыйдалар, алғашында 1781 жылы жарыққа шыққан, «Иммануил Кант. Таза ақыл-ой сыны» деп аталған, жұртқа жақсы мәлім бір кітаптан тура көшіріп алынған, оның 2-ші кітабының 2-ші бөлімінің I бөлігінде, II тарау § 2: Таза ақыл-ойдың бірінші антиномиясы деген жерінен ол қағыйдаларды әркім-ақ оқып көруіне болады. Дюринг мырзаның өз даңқын көтерген жері-ақ, ол Кант айтқан пікірге «әрбір белгілі санның нақтылық заңы» деген атты желімдей жапсырған, сөйтіп дүние өмір сүрген болса да ешқандай уақыт болмаған кез болды дегенді ашқан. Ал барлық басқа жайларға, яғни Дюринг мырзаның пікірлерінде тағыда аз да болса айтуға тұрарлық не бар дегенге келетін болсақ, онда мынаны айтуға тиіспіз: оның «өзіміз» деп отырғаны — Иммануил Кант, ал «кәзіргі заманы» не бәрі тоқсан бес жыл. Даусыз, «мүлде түсінікті» екен. Не деген тамаша «бұған дейін мәлімсіз маңыз»!

Ал дұрысында Кант ол қағыйдалар өзінің бұл ыспаттамамен біржолата анықталды деп мүлде айтқан емес. Қайта ол кітаптың әлгімен жалғас бетінде бұған қарама-қарсы бір жайды айтып, дәлелдейді: дүниенің уақытта бастамасы жоқ, кеңістікте аяқталуы жоқ, дейді ол. Бұл қағыйдалардың, екіншісі сыяқты, біріншісінің де сондай ыспатталатынында, нақ осында Кант анти-

номия жатыр, шешілмес қайшылық жатыр деп біледі. Ұсақтау адамдар болса, кім біледі, «Кант деген біреудің» бұл арадан шешілмес қыйыншылық тапқанына біршама ойланып қалар еді. Бірақ «түпкі негізінде өзіне бөлек сыйпатты қорытындылар мен көзқарастар» әзірлеуші біздің батыр ондайдың адамы емес: Канттың антиномиясынан өзіне қажеті болатындарын ол ұқыпты түрде көшіріп алады да, қалғандарын шетке сырып тастайды.

Мәселе өз-өзінен өте оңай шешіле кетеді. Уақыттың мәңгілігі, кеңістіктің шексіздігі деген, — тосыннан қарағанда айқын және бұл сөздердің дәл мағнасына сай келіп отырғандай, — олардың *ешқандай* жақта да — алда да, артта да, жоғарыда да, төменде де, онда да, солда да — бітуі жоқ деген сөз. Бұл шексіздік шексіз қатарға тән шексіздіктен мүлде өзгеше, өйткені шексіз қатар қашан да бірліктен, қатардың бірінші мүшесінен басталады. Қатар жөніндегі бұл түсінікті біз айтып отырған жайға қолдануға болмайтындығы оны кеңістікке қолданып көрген бойда-ақ ашыла кетеді. Шексіз қатар дегенді кеңістікке қолданғанда, ол — белгілібір нүктеден белгілібір бағытқа қарай шексіздікке тартылған сызық. Мұнымен ең болмағанда жуықтап болса да кеңістіктің шексіздігі бейнелене ме? Мүлде бейнеленбейді: кеңістік өлшемдері жөнінде түсінік беру үшін, қайта, бір нүктеден үш дүркін қарама-қарсы бағыттарға тартылған, кем дегенде алты сызық керек болады; олай болғанда біз мұндай алты өлшем алған болар едік. Канттың мұны жақсы түсінгендігі сондай, ол өзінің сандық қатарын дүние кеңістігіне тек жанамалап, орайлап қана көшірді. Ал Дюринг мырза, керісінше, кеңістіктегі алты өлшемді бізге қабылдаттырады, сөйтеді де, оның артынша, кеңістіктің әдеттегі үш өлшемін місе тұтпағаң Гаустың математикалық мистицизміне ызаланғанын айтып жеткізуге сөз таба алмай әуре болады.

Уақытқа қолданғанда екі жағы да шексіз сызықтың немесе екі жағы да шексіз бірліктер қатарының белгілі бейнелік мағнасы бар. Ал егер біз уақытты *бірліктен* басталған қатар деп, немесе нақтылы бір *нүктеден* шыққан сызық деп түсінетін болсақ, онда біздің уақыттың басталған жері бар деп күнбұрыннан айтып қойғанымыз болады; нақ сол дәлелденуге тиіс жайды жорамалдаған болып шығамыз. Біз уақыт шексіздігіне біржақты, жартылық сыйпат береміз; бірақ біржақты, теңжарымға бөлінген шексіздік те өзінен өзі қайшылық болып табылады, ол «қайшылықсыз деп ойланатын шексіздіктің» тура қарама-қарсылығы болады. Қатар ішіндегі кез келген бірлік бізге қатарды санауды содан бастайтын бірлік бола алады, сызық бойындағы кез келген нүкте бізге сызықты өлшеуді содан бастайтын нүкте бола алады, бұл бірлікті немесе бұл нүктені қай жерге қойсақта сызық пен қатарға бәрібір, деп білсең қана мұндай қайшылықтан құтылуға болады.

Бірақ «саналған шексіз сан қатарының» қайшылығы қалай болмақ? Оны біз, егер Дюринг мырза *бұл шексіз қатарды қалай санаудың* айласын бізге көрсетіп берсе ғана, жақынырақ келіп зерттей аламыз. Ол кісі —  $\infty$  (минус шексіздік) тен нольге дейінгіні санау ісін тындырсын да бізге келсін. Бірақ, ол санауын қай жерден бастасын мейлі, артында шексіз қатар қалатыны, сонымен бірге, шешемін деген мәселесінің де қалатыны айқын емес пе. Ол өзінің  $1+2+3+4\dots$  деген шексіз қатарын бұрып, шексіз ақырдан кейін қарай бірлікке дейін қайтадан санап әрекеттеніп көнсін; мұның өзі тіпті істің мәнісін де түсінбейтін кісінің әрекеті екендігі мүлде айқын. Ол ол ма. Дюринг мырза өткен уақыттың шексіз қатары саналды деп отырса, онда оның уақыттың басталған жері бар дегені, әйтпесе ол «санап шығуды» мүлде бастай алмаған болар еді. Демек, ол бұл жерде де ыспаттауға тиіс нәрсесін алғышарт ретінде тыққылап отыр. Сонымен, саналған шексіз қатар деген түсінік, екінші сөзбен айтқанда, әрбір белгілі санның нақтылық заңы деген бүкіл дүниені қамтыған дюрингтік заң — *contradictio in adjecto*<sup>1</sup> болып табылады, оның өзі ішінде қайшылық жатыр, және қайшылық болғанда *өрескел* қайшылық.

Мынау айқын: ақыры бар, бірақ бастамасы жоқ шексіздік — бастамасы бар, бірақ ақыры жоқ шексіздіктен артық не кем шексіз емес. Ақыры мен бастаманың, оңтүстік және солтүстік полюстер сыяқты, бір-бірімен қажетті түрде байланысты екенін, ақырын тастаса, бастаманың ақырға айналатынын, қатардағы *бірден-бір* ақырға айналатынын, — керісінше де осылай болатынын, сәл ғана диалектикалық көрегендігі болса, Дюринг мырзаның аңғаруы керек еді. Шексіз қатарды қолданатын математикалық дағды болмаса бүкіл қыял елесінің өзі де болмас еді. Математикада, нақтылы емеске, ақыры жоққа келу үшін, қажетіне бола, істі нақтылыдан, ақыры бардан бастайтынымыз себепті, оң немесе теріс математикалық қатарлардың бәрі де бірліктен басталуға тиісті, әйтпеген күнде мұнда ешқандай есеп болуға мүмкін емес. Бірақ математиктің идеалды тілегі реалды дүние үшін өріксіз таңылған заң бола алмайды.

Бірақ Дюринг мырза қайшылықтары жоқ ақыйқат шексіздікті ешқашанда көз алдына келтіре алмайды. Шексіздік *дегеніміз* қайшылық, және ол қайшылықтарға толы. Шексіздіктің бірғана түпкі шамалардан құралатындығының өзі ғана, — ал мұның өзі нақ солай, — қайшылық болып табылады. Материалдық дүниенің шектеулілігінен шығатын қайшылықтар оның шексіздігінен шығатындарынан бір де кем емес, сондықтан бұл қайшылықтарды жоямын деген әрекеттің қандайы да болсын,

<sup>1</sup> — сын есімдері, яғни нәрсе мен оның анықтамасы арасындағы қайшылық (мысалы, «ағаш темір», «дөңгелек шаршы» деген сыяқты т. т.). *Ред.*

жоғарыда көргеніміздей, одан да жаман жаңа қайшылықтарға әкеледі. Шексіздіктің қайшылық *болғандығыман* да оның өзі шексіз, уақыт пен кеңістікте ұшы-қыйырсыз өрістей беретін процесс болып *табылады*. Бұл қайшылықты жою шексіздіктің ақыры болып шығар еді. Мұны Гегель де өте дұрыс түсінген еді, сондықтан да ол бұл қайшылық жайында ақылгөйсінген мырзаларды орынды түрде жек көре сөйлеген-ді.

Әрі қарай жүрейік. Сонымен, уақыттың басталған жері болды. Ал оның басталған жеріне дейін не болған? Өзгермейтін, өзіне өзі тең қалыптағы дүние болған. Ал бұл қалыпта ешқандай бірізді өзгерістер болмайтындығы себепті, уақыт жөніндегі неғұрлым жекерек ұғым неғұрлым жалпы *болмыс* идеясы болып өзгереді. Біріншіден, мұнда Дюринг мырзаның басында қандай ұғымдардың өзгеріп отырғандығында біздің мүлде жұмысымыз жоқ. Әңгіме уақыт *ұғымы* туралы болып отырған жоқ, *шын* уақыт туралы болып отыр, Дюринг мырза мұнан ешқандай ретте оп-оңай құтыла алмайды. Екіншіден, уақыт ұғымы неғұрлым жалпы болмыс идеясы болып қаншама өзгермесін, бұдан біз бір қадам да ілгері баса алмақ емеспіз. Өйткені болмыстың қандайының болса да негізгі формалары — кеңістікпен уақыт; кеңістіктен тыс болмыс бар деу қандай зор мағнасыздық болса, уақыттан тыс болмыс бар деу де сондай зор мағнасыздық болып табылады. Бұл уақыттан тыс болмыс дегенмен салыстырғанда гегельдік «уақытсыз өткен болмыс» пен жаңа-шеллингтік «мәңгілік алдындағы болмыс» әлдеқайда тиімдірек түсінік болып табылады. Сондықтан Дюринг мырза іске өте абайлап кіріседі: асылында, дейді ол, мұның өзін уақыт деуге де болар, бірақ ол шын мәнісінде уақыт деп атауға келмейтін уақыт, өйткені уақыт дегеніміздің өзі реалды бөліктерден құралған емес қой, оны өзінше бөліктерге бөлетін тек біздің ақыл-ойымыз; айыруға боларлық фактылармен уақытты шын толтыру ғана есептеуге келетін жайға қосылады; ал бостан бос ұзақтың жыйынтығының мәнісі не болуға тиіс, — мұны тіпті ақылға сыйдырып болмайды. Бұл жыйынтықтың не болуға тиіс екені біз үшін мүлде бәрібір нәрсе; сұрақ мынау: дүние осындағы шамаланған қалпында созыла бере ме, ол уақыт ұзағын көтере ме? Бос кеңістікте мағнасыз, мақсатсыз өлшеулер жасасақ ештеме шықпайтыны сыяқты, мұндай мазмұнсыз ұзақтықты өлшегеннен де ештеме шықпайтынын біз қашаннан білеміз; мұндай жаймен шұғылданудың зеріктіретін іс болуы себепті де Гегель оны *оңбаған* шексіздік деп атаған болатын. Дюринг мырзаның айтуынша, өзгеріс уақыт ішінде және уақыт арқылы өмір сүрмейді, уақыт тек өзгеріс нәтижесінде ғана өмір сүреді. Уақыттың нақ осы өзгеше болуы, өзгерістен тәуелсіз болуы себепті де оны өзгеріс арқылы өлшеуге болады, өйткені өлшеу үшін әрқашан өлшенуге тиісті нәрседен өзгеше бір нәрсе керек. Сонсын, ішінде ешқандай елеулі өзге-



рістер болмайтын уақытты *мүлде* уақыт *емес* деуге болмайды; қайта, ол таза, ешқандай жат қосындылар тимеген, демек, акыйқат уақыт, *уақыттың нақ өзі* болады. Шынында, егер біз уақыт ұғымын оның нағыз шынайы таза түрінде, барлық жат, бөгде қосындылардан бөлектенген түрінде аңғарғымыз келсе, уақыты жағынан қатарлас не бірінен соң бірі болып жататын түрлі уақыттардың барлығын, бұған қатысы жоқ нәрседей, бір шетте қалдыруға мәжбүр боламыз, — басқаша айтқанда, ішінде ешнәрсе болмайтын уақытты көзімізге елестетуге тиіс боламыз. Демек, осы жолмен әрекет етсек, біз уақыт ұғымын әсте де болмыстың жалпы идеясына батып кетуге жібермейміз, қайта алғаш рет уақыттың таза ұғымына жетеміз.

Алайда Дюринг мырзаның дүниенің өзіне өзі тең алғашқы қалпы дегенді айтып шатасатынымен салыстырғанда, бұл қайшылықтар мен үйлесімсіздіктердің бәрі әншейін баланың ойындай болып қалады. Егер дүние бір кездерде сондай қалыпта болып, онда мүлде ешқандай өзгерістер болмаған болса, онда ол сол қалпынан өзгерістерге қалай көше алды? Өзгерістерден мүлде жұрдай нәрсе, және оның үстіне ол заман-заманнан осы қалыпта тұрған болса, ешқандай ретте бұл қалыптан өздігінен шыға алмақ емес еді, қозғалыс және өзгеріс қалпына көше алмақ емес еді. Олай болса, дүниені қозғап жіберген бірінші түрткі сырт жақтан, о дүниеден болған болады. Бірақ, жұртқа мәлім, «бірінші түрткі» деген құдайды айтудың басқа бір әуені ғана болып табылады. Өзіміздің дүниелік схематикамда құдаймен, о дүниемен әбден есеп айырыстым деп бізді сендірген Дюринг мырза мұнда келіп оларды неғұрлым айкындалған, тереңдетілген түрде, тағы да натурфилософияға өзі енгізіп отыр.

Мұнан әрі Дюринг мырза былай дейді: «Шама болмыстың тұрақты элементінікі болған жерде, ол өзінің нақтылығында өзгеріссіз қалады. Материя мен механикалық күш жөнінде... осы қағыйда әділ». Бір айта кететін нәрсе, мұндағы бірінші сөйлем — Дюринг мырзаның даңғырама аксиомалық-тавтологиялық сөз сөйлеу мәнерінің тамаша үлгісі: белгілі шама өзгермейтін жерде ол сом күйінде қала береді. Сонымен, дүниеде бар механикалық күштің саны мәңгі-бақи сол күйінде қала береді. Бұл айтылғанның дұрыстығы себепті, оның философияда бұрыннан белгілі екенін, оны бұдан үш жүз жылдай бұрын Декарттың тұжырымдағанын, күштің сақталатыны туралы ілімнің, міне жыйырма жыл болды, жаратылыс танудың барлық салаларында жұрттың ойын билеп алғанын, ал Дюринг мырзаның оны *механикалық* күшпен тежеуі әсте оны жақсартқандық болмайтынын біз айтып жатпаймыз. Бірақ дүниенің өзгеріссіз қалпы кезінде механикалық күш қайда болған? Дюринг мырза бұл сұраққа ешқандай жауап бермей қасарысады.

Дюринг мырза, мәңгі-бақи өзіне тең болып қала беретін ме-

ханикалық күш ол кезде қайда болды және ол нені қозғап тұрды? Жауап: «Өзгерістері жоқ, өзінде уақыт жүзіндегі өзгерістердің ешқандай жыйынтығы болмаған әлемнің немесе, дәлірек айтқанда, материя болмысының ең алғашқы калпы деген мәселені тек өзінің тапқырлық қабілетін өзі кемтар етуді зор даналық көрген ақыл ғана бекер дей алады». Демек: не сіз менің өзгеріссіз алғашқы қалып дегенімді әнгімесіз қабылдайтын боласыз, не тапқырлық қабілет дарыған, мен, Евгений Дюринг, сіздерді рухани жағынан әтектер деп жарыялайтын боламын деген сөз. Бұлай деу, әрине, кейбіреулерді қорқытуы да мүмкін. Ал, Дюринг мырзаның тапқырлық қабілетінің бірнеше үлгісін көре қалған біз болсақ, Дюринг мырзаның сыпайы боғауызын әзірше жауапсыз қалдыра тұрып, одан тағы сұраймыз: дегенмен, Дюринг мырза, айыпқа бұйырмасаңыз, әлгі механикалық күштің жайы қалай болды? — дейміз.

Дәл осы арада Дюринг мырза сасып қалады. Шынында да, — деп мінгірлейді ол, — «бұл ең алғашқы шекті қалыптың абсолюттік барабарлығы ауысудың ешқандай принципін өзінен өзі бермейді. Алайда, бізге жақсы мәлім болмыс тізбегінің қандай да болсын, тіпті ең кішкене жаңа буыны жөнінде де шын мәнісінде дәл осындай қыйыншылық болатынын еске түсірейік. Сондықтан бұл басты жағдайдан қыйыншылықтар тапқысы келген адам елеусіздірек жағдайлардағы қыйыншылықтарды аттап өтпеуі керек. Оның үстіне, біздің алдымызда аралық қалыптарды сатылап өрлеу түрінде енгізудің мүмкіншілігі тұр, сонымен бірге, кейін қарай жүргенде, өзгерістердің толық сенуіне жету үшін, үздіксіздік көпірі тұр. Рас, таза логикалық жағынан алғанда бұл үздіксіздік басты қыйыншылықты жоя алмайды, бірақ ол біз үшін қандай да болсын заңдылықтың және бізге жалпы мәлімдігі бар ауысу атаулының бәрінің негізгі формасы болып табылады, сондықтан біз оны жоғарыда аталған ең алғашқы тепе-теңдік пен оның бұзылуы арасындағы аралық буын ретінде де пайдаланып қалуға праволымыз. Бірақ егер біз бұл, былайша айтқанда (!), қыймылсыз тепе-теңдікті кәзіргі заман механикасының айырықша қарсылық айтпастан (!) келісетін ұғымдарымен сәйкес түрде түсінгіміз келген болса, онда материяның өзгергіш қалыпқа қалайша жеткенін мүлде ұғып болмас едік». Бірақ, дейді Дюринг мырза, масса механикасынан басқа, массалар қозғалысының аса ұсақ бөлшектер қозғалысына айналуы бар; ал ол қалай жүреді, «бұл үшін бізде осы күнге дейін ешқандай жалпы принцип жоқ, сондықтан егерде бұл құбылыстар біршама қараңғы жаққа тартатын болса, оған танданбауымыз керек».

Міне, Дюринг мырзаның бар айтары осы. Шынында да, егер біз мұндай бишара, құрғақ бұлтарыстар мен бос сөздерге қанағаттанғымыз келсе, онда «тапқырлық қабілетті өзі кемтар ету-

ді» ғана емес, сонымен бірге, соқыр, қараңғы нанымды да зор даналық көруге тиіс болар едік. Абсолюттік барабарлықтың өзінен өзі өзгеріске келе алмайтынын Дюринг мырзаның өзі де мойындап отыр. Сол сыяқты, абсолюттік тепе-теңдіктің өзінен өзі қозғалып кетуіне көмектесетін де ешқандай құрал жоқ. Бұлай болғанда не қалады? Бишара жалған үш түрлі жалтарыс қалады.

Біріншіден: Дюринг мырзаның көзқарасы бойынша, болмыстың бізге жақсы мәлім тізбегінің қандай да болсын, ең кішкене буынынан келесі буынына ауысуын айқындау сондай қиын. — Тегінде, Дюринг мырза өзінің оқушыларын сәби деп санайтын болу керек. Болмыс тізбегіндегі ең ұсақ буындардың жеке ауысулары мен байланыстарын айқындау — жаратылыс Ұану ғылымының мазмұны екені белгілі, және мұнда кейбір жерде үлестің реті болмай калса, өткендегі қозғалысты «жоктан» бар болды деу ешкімнің де, тіпті Дюринг мырзаның да, ойына келе қоймайды, қайта, қашан да болса, бұл қозғалыс оның алдындағы бір қозғалыстың ауысуының, қайта өзгеруінің немесе жалғасуының нәтижесі деп шамаланады. Ал мұнда, оның өзінің мойындап отырғанындай, әңгіме қозғалысты қыймылсыздан шығару, яғни *жоктан* бар қылу жайында болып отыр.

Екіншіден: бізде «үздіксіздік көпірі» бар. Рас, ол қыйыншылықтан таза логикалық жолмен құтылуымызға көмектеспейді, дегенмен де бұл көпірді қыймылсыз бен қозғалыс арасындағы аралық буын ретінде *пайдалануға* праволымыз. Амал не, қыймылсыздың үздіксіздігі оның *қозғалмауында*, сондықтан ол арқылы қалайша қозғалыс жасауға болады деген мәселе бұрынғысынан да бетер құпия сырлы болып қала береді. Дюринг мырза өзінің мүлде қыймыл жоқтықтан жан-жақты қозғалысқа ауысу дегенін қаншама өте-мөте ұсақ бөлімшелерге ажыратпасын, оны қаншама ұзақ дәуірге созылады демесін, бәрі бір, тұрған жерімізден миллиметрдің он мыңнан бір бөлгендей жерге де жылжый алмаймыз. Құдай жаратты демесек, ештеме жоқтан бірдеме барға ауыса алатын түріміз жоқ; бұл «бірдеме» математикалық дифференциалдан артпаған болса да бәрі бір. Сонымен, үздіксіздік көпірі деген тіпті есек көпірі<sup>1</sup> де емес; мұндай көпірден тек Дюринг мырза ғана өте алады.

Үшіншіден: кәзіргі механика өзінің маңызын жоғалтпаған кезде, — ал Дюринг мырзаның пікірінше, оның өзі ойлауды дамыту үшін аса маңызды құралдардың бірі болып табылады, — қыймылсыздан қозғалысқа қалайша көшуге болатынын мүлде түсініп болмайды. Бірақ жылудың механикалық теориясы мас-

<sup>1</sup> Түп нұсқада — сөз құбылысы: немісше Eselsbrücke (есек көпірі) деп миғұла немесе жалқау шәкірттерге арналған құралды айтады («шпаргалка» деген сыяқты бірдеңе). *Ред.*

салар қозғалысының белгілі жағдайларда молекулалық қозғалысқа айналатынын көрсетеді (рас, бұл ретте де қозғалыс екінші бір қозғалыстан шығады, ол ешуақытта да қыймылсыздан шыққан емес); мүмкін, осының өзі берік (тепе-теңдікте тұрған) статикалық пен динамикалықтың (қозғалыстағының) аралығына көпір болуға жарар, деп тұспалдаған болады Дюринг мырза ептеп қана. Бірақ бұл құбылыстар «біршама қараңғы жаққа тартады». Ал Дюринг мырза бізді осы қараңғыға отырғызып, қалдырады да кетеді.

Неге түрлі тереңдеткенде, айқындай түскенде келіп жеткен жеріміз мынау болды: барған сайын тереңдеген сандырақ батпағына белшемізден бата отырып, ақырында, тиісті жеріне келіп тірелдік, — «біз үшін қараңғы жаққа» жеттік. Бірақ бұған қапаланып тұрған Дюринг жоқ. Кітаптың келесі бетінде-ақ беті шімірікпестен «өзіне өзі тең тұрақтылық ұғымын реалды мазмұнымен толтыра алдық, мұнда тікелей материяның өзі мен *механикалық күштердің* қыймылдарын негізге алдық» дегенді айтады. Міне, осы кісінің басқаларды «шарлатан» деп атайтынын қайтерсің!

Бір тәуірі, осындай көп былықпайдың ішінде, «қараңғыда» дәрменсіз адасып жүргенде, қалай да көңіліңді көтеретін, жұбаныш болатын тағы бір жай бар: «Басқа аспан әлемдерінде тұрушылардың математикасы біздікінен басқа ешқандай өзге аксиомаларға негізделе алмайды!».

## VI

### НАТУРФИЛОСОФИЯ. КОСМОГОНИЯ, ФИЗИКА, ХИМИЯ

Бұлардан кейін біз кәзіргі дүниенің қандай жолмен құрылғандығы туралы теорияларға келеміз. Дюрингінің айтуынша, материяның жалпы шашыранқы қалпы ионалық философтардың кезінде-ақ олардың түпкі түсінігі болған, бірақ әсіресе Кант заманынан бері қарай алғашқы буалдыр деген гипотезе жаңа роль ала бастаған, және мұнда тарту күші мен жылы сәуле шашу аспан жүзіндегі жеке қатты денелердің бірте-бірте пайда болуын түсіндіруге қолданылған. Жылу жөніндегі кәзіргі механикалық теория, деп пікір айтады ол мұнан кейін, әлемнің ертедегі қалыптары жайындағы қорытындыларға әлде қайда нақтырақ сыйпат беруге мүмкіндік туғызады. Бірақ мұның бәрі солай болғанмен «газ түріндегі шашыраңқылық қалып, оның ішіндегі механикалық системаны нақтырақ сыйпаттауға алдын ала мүмкіндік болған күнде ғана, байыпты маңызы бар қорытындылар үшін түпкі негіз бола алады. Олай болмаған күнде, бұл идеяның факт жүзінде өте күңгірт болып қалатындығы былай тұр-

сын, әлгі алғашқы буалдырдың өзі де, онан әрі қорытынды жасалған сайын, шынымен бірден бірге қоюлана, қаранғылана түседі; ...әзірше барлық әңгіме неғұрлым дәлірек байымдауға келмейтін шашыранқылық идеясының күңгірт, формасыз күйінде қалып отыр», сонымен келіп, «бұл газ түріндегі әлем дегеннің кәдімгі жел-сөзді концепция екенін» көреміз.

Осы күнгі аспан әлемдерінің бәрі шырқ айналған буалдыр массадан пайда болды деген Кант теориясы астрономияның Коперниктен бергі аса ұлы табысы болды. Ол табиғаттың уақыт жүзінде ешқандай тарихы жоқ деген түсінікке ең алғашқы рет күдік тудырды. Оған дейін: аспан әлемдері әуел бастан-ақ белгілі бір орбиталарымен қозғалып келеді, өзгермеген бір қалпында келеді деп танылатын; жеке планеталарда организмді жандар өліп біткен болса да, дегенмен тектер мен түрлер өзгермейді деп есептелетін. Әрине, табиғаттың үнемі қозғалыста тұратыны жұрттың бәріне де айқын болған, бірақ бұл қозғалыс бір процесі қоймастан қайталай беру түрінде болады деп түсінілген. Ойлаудың метафизикалық тәсіліне толық сай келетін бұл түсінікті алғашқы рет Кант опырып түсті, және мұны оның ғылыми жолмен жасағаны сондай, оның келтірген дәлелдерінің көбі осы күнге дейін де күшін сактап отыр. Әлбетте, шындап айтатын болсақ, Канттың теориясы кәзірге дейін де гипотеза болып табылады. Бірақ дүниенің кооперниктік системасы да осы күнге дейін гипотеза болып келеді ғой<sup>1</sup>. Ал жұлдызды аспанда қызған газ массалары бар екендігі спектроскопия жолымен, қандай да болсын қарсы пікірді жеңетін дәлелділікпен анықталғанның соңында Канттың теориясына қарсыласқан ғылыми оппозицияның да үні өшті. Дюринг мырзаның өзі де, осы буалдыр қалыптағы стадиясын мойындамаса, өзінің дүниелік конструкциясынан іштеме шығара алатын емес; бірақ ол — осы үшін өш алмаққа — маған ол буалдырдың ішінен белгілі механикалық системаны көрсетіндер деген талап қояды, ал екіншіден, бұл орындауға мүмкіндігі жоқ талап болғандықтан, әлгі буалдыр қалыпты неше түрлі айтпағанды айтып жамандайды. Амал не, кәзіргі заман ғылымы бұл системаны Дюринг мырза толық қанағаттанарлықтай етіп сыйпаттай алмайды. Бірақ ол жөнді жауап бере алмайтын басқа мәселелер де көп. Құрбақаның неге

<sup>1</sup> Коперниктік система жөнінде Энгельс 1888 жылы өзінің «Людвиг Фейербах» деген шығармасында былай деді: «Коперниктің күн системасы үш жүз жылдай гипотеза болып, әбден мүмкіндігі бар, бірақ сонда да гипотеза болып қала берген еді. Сонан Леверье, осы системаның мәліметтеріне сүйене отырып, соған дейін мәлім болмаған тағы бір планета болуға тиіс екенін дәлелдеп қана қоймай, оның үстіне ол планетаның әуе кеңістігінде тұрған жерін есептеп тапқан кезде, ал осыдан кейін Галле бұл планетаны шын тауып алған кезде келіп, Коперниктің системасы ыспатталып шықты». Қараңыз. *Ф. Энгельс. Людвиг Фейербах (К. Маркс пен Ф. Энгельс, Таңдамалы шығармалардың екі томдығы, II том, 379-бет). Ред.*

құйрығы жоқ деген сұраққа ғылым осы кезге дейін: «олар құйрығын жойып алған» деп жауап бере алады. Егер бұлай жауап бергенге қызуланғысы келген біреу шығып, олай болса, барлық әңгіме неғұрлым дәлірек байымдауға келмейтін жойып алу идеясының бұлдыр, формасыз күйінде қалғаны, мұның бәрі кәдімгі жел сөзді концепция дейтін болса, моральды жаратылыс тануға бұлайша қолданудан бір қадам да алға баспаған болар едік. Бұл сыяқты дәрекілік білдіру, реніш айту қашан да және қай жерде де кездесуі мүмкін, нақ сондықтан да олар қашан да болсын, қай жерде болсын орынсыз болады. Ақырында, Дюринг мырза сол алғашқы буалдырдың механикалық системасын өзі неге таппайды, кім оның қолын ұстап отыр?

Бір жақсы жері, біз енді: Кант айтатын буалдыр масса «әлемдік ортаның толық барабар қалпына немесе, басқаша айтқанда, материяның өзіне өзі тең қалпына онша сайма-сай келмейді» деген жайды көреміз. Кәзіргі бар аспан әлемдерінен кері қарай буалдыр шарға апаратын жолды тауып, бұған қанағаттанғаны, материяның өзіне өзі тең қалпы жайында ойына да келмегені, — Кант үшін шын бақыт болған. Жол-жөнекей айта кетелік, кәзіргі жаратылыс тануда Канттың буалдыр шары алғашқы буалдыр деп аталып жүрген болса, мұны тек относителді түрде ғана түсіну керек екені өзінен өзі түсінікті. Ол буалдырдың алғашқы болып табылатыны, біріншіден, кәзіргі бар аспан әлемдерінің бастамасы болғандығынан, ал екіншіден, біз кәзіргі уақытта барлық нәрсе содан шықты дейтін, материяның ең ертедегі формасы болғандығынан. Мұның өзі материя бұл алғашқы буалдыр күйіне дейін шексіз көп басқа формалар арқылы өтті дегенді жокқа шығармайды, қайта, солай деп шамалауды көздейді.

Дюринг мырза бұл арада өзімнің артықшылығым бар деп қарайды. Біздің әзірге, ғылыммен бірге, бір кезде болған алғашқы буалдырға тоқтаған жерімізден оның ғылымдар ғылымы ерте кездерге оның әрірек тереңдеп кіруіне көмектеседі, — тіпті «кәзіргі заманғы түсінік мағнасындағы таза статикалық түрде де, динамикалық түрде де ақылға сыйғызып болмайтын әлемдік ортаның қалпына» дейін, демек, тегінде түсінуге болмайтын жайларға дейін апарайды. «Біз әлемдік орта деп атайтын материя мен механикалық күштің бірлігі, былайша айтқанда, логикалық-реалды формула болып табылады, оның мақсаты — материяның өзіне өзі тең қалпын дамудың есептеуге келетін барлық стадияларының алғышарты ретінде көрсету».

Анығында, материяның бұл өзіне өзі тең алғашқы қалпы дегенмен әлі де анағұрлым ірге ажырасып болмаған сыяқтымыз. Бұл жерде келіп ол материя мен механикалық күштің бірлігі деп аталып шықты, ал енді бұл бірлікке «логикалық-реалды формула деген» ат берілген, т. т. Демек, материя мен

механикалық күштің бірлігі тыйылған бойда-ақ қозғалыс басталды.

Бұл логикалық-реалды формула деп отырғаны шындық философиясына Гегельдің «өзіндік» (Ansich), «өзі үшін» (Fürsich) категорияларын пайдаланбақ болған дәрменсіз әрекеттен басқа ешнәрсе емес. Гегельше: өзіндік болмыста жетілмеген қарама-қарсылықтардың алғашқы барабарлығы бар, олар қандай да болса бір затта, қандай да болса бір процесте, қандай да болса бір ұғымда жасырын жатады; ал өзі үшін болмыста бұл жасырын элементтер өзгеленіп, оқшауланады, олардың арасында өзара күрес басталады. Олай болғанда, біз материя мен механикалық күштің бірлігі түрінде алғашқы қозғалмас қалып болған деп, ал қозғалысқа көшу — олардың бөлінуі және қарама-қарсылыққа келуі түрінде болған деп түсінуге тиіс боламыз. Бірақ бұлайша түсіну жолымен Дюрингінің қыялындағы алғашқы қалыптың болғандығы дәлелденбейді, тек ол қалыпты Гегельдің «өзіндік» категориясына жанастыруға ғана, ал сол сыяқты қыялдағы бұл қалыптың тыйылуын — «өзі үшін» категориясына жанастыруға ғана болады. Гегель, көмекке кел!

Материя, — дейді Дюринг мырза, — шындықтағының бәрін бойында сақтаушы, сондықтан да материядан тыс жерде ешқандай механикалық күштің өмір сүруі мүмкін емес. Онан соң, механикалық күш материяның бір қалпы болып табылады. Сөйтіп, еш қыймыл болмаған алғашқы қалыптың кезінде материя мен оның қалпы, яғни механикалық күш бірыңғай бір нәрсе болған. Демек, сонынан, бір қыймыл бола бастаған кезде, әрине, әлгі қалып материядан айырықша болуға тиіс болған. Олай болса, өзімізді осы сыяқты мистика әңгімесімен сыйлағанға, оның үстіне, өзіне өзі тең қалып статикалық та, динамикалық та болмаған, ол теңбе-теңдікте де, қозғалыста да тұрмаған деп иландырылғанға көнуіміз керек болады. Бұл қалыптың кезінде механикалық күш қайда болған, сырттан келген түрткісіз, яғни құдайдың құдіретінсіз, абсолютті қыймылсыздықтан қозғалысқа қалай көшеміз? — міне, мұны біз әлі білмейміз.

Материалистер материя мен қозғалыстың жайын Дюринг мырзаға дейін әңгіме қылған. Дюринг мырза қозғалысты механикалық күшке балайды, оны қозғалыстың бейне негізгі формасы деп біледі, сөйтіп өзін материя мен қозғалыс арасындағы шын байланысты ұғыну мүмкіншілігінен айырады; бұл байланыс, шынында, бұрынғы материалистердің бәрине де айқын болмағанды. Ал дұрысында істің жайы ап-анық. *Қозғалыс дегеніміз материя болмысының формасы.* Қозғалыссыз материя деген еш жерде, еш қашанда болған жоқ және болуы мүмкін де емес. Әлем кеңістігіндегі қозғалыс, жеке аспап әлемдеріндегі одан кемірек массалардың механикалық қозғалысы, жылылық ретінде немесе электр не магнит тогі ретінде молекулалардың толық-

суы, химиялық ажырау мен қосылу, организмді өмір — міне, қозғалыстың формалары осылар, әрбір белгілі кезеңде дүниедегі нәрсенің әрбір жеке атомы осы қозғалыстар — жағдайында біреуінде немесе бірден бірнешеуінде — болады. Қандай да болса тыныштық, қандай да болса теңбе-теңдік тек относителді ғана болады, олар тек қозғалыстың не ондай, не мұндай бір белгілі формасына қатынаста ғана мағна алады. Мысалы, белгілі бір дененің жерде механикалық теңдестік жағдайында, яғни механикалық мағнада — тыныштық жағдайында жатуы мүмкін, бірақ мұның өзі, ол дененің өте ұсақ физикалық бөліктерінің сол дененің бойындағы температураға сай толықсулар жасауына немесе оның атомдарының белгілі химиялық процесс жасауына кедергі жасамайтыны сыяқты, ол дененің жер қозғалысына қатынасуына, бүкіл күн системасының қозғалысына қатынасуына, кедергі жасамайды. Материясыз қозғалыстың мүмкін болмайтыны сыяқты, қозғалыссыз материяның болуы да мүмкін емес. Сондықтан, материяның өзі сыяқты, қозғалыс та жасауға, бұзуға келмейтін нәрсе — бұл пікірді бұрынғы философия (Декарт) былай деп баяндаған: әлемде бар қозғалыстың мөлшері әрқашан бір көлемде қала береді. Демек, қозғалыстың жаратылуы мүмкін емес, оның тек ауысуы ғана мүмкін. Қозғалыс бір денеден екінші денеге ауысқанда, ол қозғалыс ауысып отырғандықтан, ол белсенді болғандықтан, оны ауысушы қозғалыстың себебі деп қарауға болады, өйткені соңғысы ауыстырылушы, пассивтік болып табылады. Бұл белсенді қозғалысты біз күш деп, ал пассивтік қозғалысты — күштің білінісі деп айтамыз. Бұдан келіп күштің шамасы мен оның білінісінің шамасы бірдей болатыны айдан анық нәрсе, өйткені екеуінде де болатын сол бір қозғалыс қой.

Сонымен, материяның қозғалыссыз қалпы деген барып тұрған бос сөз, қыйсынсыз түсінік, нағыз «қызу сандырақ» болып шығады. Мұндай түсінікке келу үшін, біздің жерде белгілі бір дене тұра алатын относителдік механикалық теңдестікті абсолюттік тыныштық деп біліп оны көз алдына келтіру керек, сонсын бұл түсінікті тұтас әлемге көшіру керек. Универсалды қозғалысты бір ғана механикалық күшке баласа, әрине, бұл көшіру оңайлай түседі. Міне сонда қозғалысты бұлайша бір ғана механикалық күшке балап тежеудің тағы бір артықшылығы бар, ол күшті тыныш жатқан, байлаулы жатқан, демек, белгілі бір кезде қыймылсыз жатқан деп түсінуге мүмкіншілік береді. Егер қозғалысты көшіру, көп реттерде солай болатыны сыяқты, оған әртүрлі аралық буындар кіретін бірсыпыра күрделі процесс болса, онда тізбектің соңғы буынын қалдыра тұру арқылы ақыйқат көшіруді тілеген уақытыңа кейінге қалдыра тұруға болады. Мысалы, мылтықты оқтасақ, ал шаппасын басып, мұның нәтижесінде оның атылуын, яғни дәрінің тұтануы арқасында босаған қоз-



ғалыстың ауысу кезеңін тандап алуды өз билігімізге қалдырсақ, істің жайы дәл осындай болады. Сондықтан материяның қозғалыссыз, өзіне өзі тең қалпы кезінде оның ішінде октаулы күш болған деп түсінуге болады, — егер Дюринг мырза материя мен механикалық күштің бірлігі дегенде қандай да болса тегінде бір ұғыныс бар деп білетін болса, дәл осыны айтатын шығар. Бірақ мұндай түсінік мәнағасыз, өйткені ол тұтас әлемге, абсолютті бір нәрсе ретінде, өзінің табиғатында относителді күйді, демек, әрбір белгілі кезеңде материяның тек бір бөлігі ғана ұшырауы мүмкін күйді көшіреді. Бірақ бұл жағдайды елеусіз қалдырғанның өзінде де, тағы да қыйыншылық кездеседі: біріншіден, әлем қалайша оқтала қалған, өйткені біздің заманымызда мылтықтар өзі-өзінен оқталмайды ғой, ал, екіншіден, бұдан кейін мылтықтың шаппасын басып, атқан кім? Тілегенімізше бұлқынып, безектеуімізге болады, бірақ Дюринг мырзаның басшылығымен қайта-қайта оралып келер жеріміз — құдайдың әмірі.

Шындық философы астрономиядан механика мен физикаға көшеді, мұнда ол жылылықтың механикалық теориясы, оның ашылғанынан бергі тұтас бір ұрпақтың өміріндей уақыт ішінде, Роберт Майердің өзі біртіндеп жеткізген пункттен көп алыстап кеткен жоқ деп қынжылады. Оның үстіне, мұның бәрі әлі өте дүдәмәл нәрселер дегенді айтады: «материя қозғалу қалпымен бірге статикалық қатынастар да берілгенін және бұл соңғылардың механикалық жұмыста ешқандай өлшеуіші жоқ екенін... тағы еске салуға» мәжбүр боламыз, «егер біз бұрын табиғатты ұлы қызметкер деп атаған болсақ, кәзірде осы сөзді берік қолданатын болсақ, оның үстіне, өзіне өзі тең қалыптар мен тыныш жатқан қатынастар ешқандай механикалық жұмыс болып табылмайтынын қосуымыз керек. Сонымен, бізде статикалықтан динамикалыққа апаратын көпір тағы жоқ болып отыр, егер жасырын жылылық деген осы күнге дейін теория үшін кедергі тас болып қалып отырса, біз мұнда да бір олқы жер бар екенін атап көрсетуге тиіспіз, теорияның космикаға қолданылуы жағында осындай олқы жердің барлығын теріске шығарудың оншама қажеті бола қоймас еді».

Абызға тән бұл бөспенің бәрі тағыда сол ұждан арамдығынан шыққан; бұлайша қозғалысты абсолюттік қыймылсыздықтан туғызумен әбден шатасқандығына ол ұжданның көңілі жайлы, бірақ дегенмен де бірден-бір сақтаушысына, атап айтқанда аспан мен жерді жаратушыға шағынуға ұялады. Егер тіпті механикадан да, оған жылылық механикасын қосқанда статикалықтан динамикалыққа апаратын, теңдестіктен қозғалысқа апаратын көпір табуға болмаса, онда Дюринг мырза өзінің қыймылсыз қалпынан қозғалысқа неге көпір іздейді? Онда ол осы жолмен бәледен аман-есен сытылып шығар еді.

Әдеттегі механикада сырттан тиген түрткі статикалықтан

динамикалыққа апаратын көпір болып табылады. Егер салмағы бір центнер тасты он метр биікке көтеріп, оны өзіне өзі тең қалыпта және тыныштықта тұратын етіп, аспаға салбыратып асып қойса, бұл дененің кәзіргі тұрысы ешқандай механикалық жұмысқа жатпайды деу үшін, немесе оның бұрынғы күйімен арадағы қашықтығының механикалық жұмыста ешқандай өлшеуіші жоқ деу үшін, бұлай деу үшін тек емшектегі балаларға ғана жүгінуге болар. Бұл тастың өзінен өзі жоғары көтеріліп арқанға асырмағанын кез келген кісі-ақ Дюринг мырзаға көп қыйнамай түсіндіре алады, ал егер бұл тас қайтадан құлайтын болса, ол құлап түскенде, өзін он метр биікке көтеруге жұмсалғандай мөлшерде механикалық жұмыс шығаратынын механиканың кез келген оқулығы оған көрсете алады. Тіпті тастың сол жоғарыда ілулі тұрған тым қарапайым фактысының өзі де механикалық жұмысты білдіреді, өйткені егер ол ұзақ уақыт ілулі тұрса, химиялық ажыраулар нәтижесінде, арқаны босап, тасты көтере алмайтындай болған кезде, ол үзіліп түседі. Ал, Дюринг мырзаның тілімен айтқанда, механикалық процестердің бәрін осындай «қарапайым негізгі формаларға» келтіруге болады; және тиісті сыртқы түрткісі бола тұрып, статикалық қалыптан динамикалыққа көпір жүргізе алмайтын инженер әлі тумаған шығар.

Қозғалыстың өзіне өлшеуішті өзінің карама-қарсылығынан, тыныштықтан табуға тиіс болатыны, сөз жоқ, біздің метафизигіміз үшін тиіс өтпейтін жаңғақ, ащы дәрі болып табылады. Өйткені бұл — барып тұрған қайшылық қой, ал, Дюринг мырзаның пікірінше, қандай да болса қайшылық деген нәрсе мағнасыздық<sup>1</sup> болып табылады. Солай дегенмен де, ілулі тастың белгілі мөлшердегі механикалық қозғалыс болатындығы, оны тастың салмағы мен жер бетінен қашықтығына қарап дәлме-дәл өлшеуге болатындығы және оны қалағаныңша әртүрліше пайдалануға болатындығы (мысал, тура төменге құлатуға, еністен домалатуға, бір валды айналдыруға болатындығы) факт болып табылады; оқтаулы мылтықтың жайы да нақ осындай. Диалектикалық түсіну үшін бұлайша қозғалысты оның карама-қарсылығында, тыныштықта көрсету тіпті ешқандай қыйыншылық келтірмейді. Диалектикалық түсіну үшін бұл карама-қарсылықтың бәрі, әлгінде көргеніміздей, относительдік қана болып табылады; абсолюттік тыныштық, сөзсіз теңдестік дегендер болмайтын нәрсе. Жеке қозғалыс теңдестікке ұмтылады, біріккен қозғалыс теңдестікті тағы бұзып жібереді. Сонымен, тыныштық пен теңдестік бар жерде, олар тежелген қозғалыстың нәтижесі болып табылады, ал бұл қозғалыстың өз нәтижесімен өлшене алатындығы, сол нәтижемен көріне алатындығы және белгілі бір

<sup>1</sup> Неміс тілінде аударуға келмейтін сөз құбылысы: *Widerspruch* — қайшылық, *Widersinn* — мағнасыздық. *Ред.*

формада одан тағы пайда бола алатындығы өз өзінен түсінікті. Бірақ Дюринг мырза істің жайын мұндайлық қарапайым баяндағанды қанағат ете алмайды. Қәдімгі метафизиктің істегенін істеп, ол әуелі қозғалыс пен теңдестіктің аралығына шындықта болмайтын терең құз орнатады, сонсын келіп, бұл өзі ойлап шығарған құздың үстінен көпір сала алмағанына таң қалады. Ол кісінің нақ осылайша өзінің метафизикалық Росинантына<sup>1</sup> мініп алып, Кант шығарған «өзіндік затты» қуып ала жөнелуіне де болар еді, өйткені сайып келгенде бұл қол жетпес көпірдің әржағында тығылып жатқан, басқа еш нәрсе жоқ, нақ соның өзі.

Ал енді жылылықтың механикалық теориясының және бұл теория үшін «кедергі тас болып қалып отырған» бөгеулі, немесе жасырын, жылылық дегеннің жайы қандай?

Егер бір қадақ мұзды қату нүктесі температурасында және әдеттегі атмосфералық қысым жағдайында қыздыру арқылы сол температурадағы бір қадақ суға айналдырсақ, сонда ол бір қадақ суды цельция бойынша нольден 79,4 градусқа дейін қыздыруға немесе 79,4 қадақ суды 1 градусқа дейін қыздыруға жететін жылылық жойылады. Егер, мұнан әрі, осы бір қадақ суды қайнау нүктесіне дейін, яғни 100 градусқа дейін қыздырса, онда судың температурасы 100 градустық буға айналып біткенше, жеті еседей артық мөлшерде жылылық жойылады — бұл 537,2 қадақ судың температурасын 1 градус жоғарылатуға жететін жылылық мөлшері. Бұл жойылған жылылықты *бөгеулі* деп атайды. Егер суыту арқылы буды қайтадан суға айналдырып, ал суды қайтадан мұзға айналдырса, онда бұрын бөгеулі жағдайға түсірілген жылылық мөлшері қайтадан *босанады*, яғни ол сезерлік және жылылық ретінде өлшерлік халге келеді. 100 градусқа дейін суыған будың тек бірте-бірте ғана суға айналатыны, қату температурасындағы судың мұз болып өте жай қатыны сол бу қоюлағанда, су қата бастағанда шығып жататын жылылықтың себебінен. Фактылар осындай. Ендігі сұрақ мынау: бөгеулі жағдайда тұрған кезінде жылылыққа не болып жатады?

Жылылық дегеніміз — дененің физикалық әрекетшіл өте ұсақ бөлікшелерінің (молекуларының), температураға және агрегаттық қалыпқа қарай, көп не аз мөлшерде толықсуы, — белгілі жағдайларда қозғалыстың кез келген басқа формаларына айналатын толықсуы, деп көрсететін жылылықтың механикалық теориясы, — міне осы теория: жоғалған жылылық белгілі көлемде жұмыс жасады, жұмысқа айналды, деп түсіндіреді істің жайын. Мұз ерігенде жеке молекулалардың өзара тығыз, берік байланысы тоқталады, бір-біріне тиіп тұратын бөлікшелердің еркін орналасқан түріне айналады; су буға айналғанда, қайнау нүк-

<sup>1</sup> — Сервантестің «Дон-Кихот» романында Дон-Кихоттың мінген аты. Ред.

тесінде мынадай жағдай туады: онда жеке молекулалар бір-біріне ешқандай елеулі әсер етпейді де, тіпті жылылықтың әсерінен жан-жаққа ұшып кетіп жатады. Қандай да болса бір газ күйіндегі дененің жеке молекулаларында сұйық күйдегіден әлдеқайда көп энергия болатындығы, ал сұйық күйдегіде — мұз күйдегіден тағыда көп энергия болатыны айқын. Сонымен, бөгеулі жылылық жойылып кеткен жоқ, — ол тек түрін өзгертіп, молекулалық күшею формасын алды. Жеке молекулалар бірі мен бірі арасындағы бұл абсолюттік не относительдік еркіндікті сақтап тұра алатын жағдай тыйылысымен, яғни температура минимум  $100^{\circ}$ -тан төмен немесе  $0^{\circ}$ -тан төмен түскен бойда, — бұл күшею босансыйды, молекулалар бұрынғы бір-бірінен жұлқынып шыққандағыдай күшпен енді бір-біріне қарай ұмтылады, және бұл күш жоқ болып кетеді, бірақ ол жылылық түрінде қайта пайда болу үшін ғана жоқ болады, пайда болғанда, дәлме-дәл бұрынғы бөгеулі күйдегі мөлшеріндей пайда болады. Жылылықтың бүкіл механикалық теориясы сыяқты, бұл түсінік те, әрине, гипотеза ғана болып табылады, өйткені молекулалардың толықсуын былай қойғанда, олардың өздерін де көрген ешкім жоқ. Сондықтан, бұл өте жас теорияны түгел алғандағы сыяқты, бұл гипотезада ашылмаған олқы жерлердің көп екендігі күмансыз, бірақ ол, қалай дегенмен де, қозғалыстың құрымайтындығымен және жаралмайтындығымен ешқандай қайшылыққа келместен, осы процесті түсіндіріп бере алады, және тіпті жылылықтың айналуы кезінде оның қайда кететіні жайында да бұл гипотезаның дәлме-дәл есеп беруге шамасы келеді. Демек, жасырын немесе бөгеулі жылылық деген жылылықтың механикалық теориясы үшін мүлде кедергі тас болып табылмайды. Қайта, бұл теория процеске ең алғашқы рет орынды түсінік беріп отыр, ал кедергі тас болатын, сірә, молекулалық энергияның басқа формасына айналған жылылықты физиктердің осы күнге дейін «бөгеулі» жылылық деген ескірген, кәзір қолайы келмейтін сөзбен атап жүруі болса керек.

Сонымен, қатты, тамшылы-сұйық және газ түріндегі агрегаттық қалыптардың өзіне өзі тең қалыптары мен тыныш жатқан қатынастарында, қалай болғанда да, механикалық жұмыс бейнеленген, өйткені бұл соңғысы жылылықтың өлшеуіші болып табылады. Жердің қатты қабығында да, сол сыяқты мұхиттың суында да өздерінің кәзіргі агрегаттық қалпында, мүлде белгілі мөлшерде босанған жылылық бейнеленген, ал оған сондайлық белгілі мөлшердегі механикалық күш сай келетіні өз-өзінен түсінікті. Жер пайда болған газ түріндегі шар тамшылы-сұйық агрегаттық қалыпқа, ал соңырақ — көбінесе қатты агрегаттық қалыпқа көшкенде белгілі мөлшердегі молекулдық энергия жылылық түрінде әлем кеністігіне тарап кеткен. Демек, Дюринг мырза құпиялық пішінмен күбірлеп айтатын қыйыншылық жоқ;

тіпті космика жағындағы құбылыстармен ісіміз болып отырғанның өзінде де, біздің білу-тану құралдарымыздың жетілмегендігінен шығатын кемшіліктер мен олқылықтарға душар болсақта, мұнда еш жерде де теория жүзінде жеңіп болмайтын кедергілерді кездестірмейміз. Мұнда да статикалықтан динамикалыққа апаратын көпір болып табылатын нәрсе сырттан тиетін түрткі — салқындау немесе қызу, мұның өзі теңдестікте тұрған затқа әсер ететін басқа бір денелерден туады. Дюрингтің натурфилософиясына тереңдегеніміз сайын, қозғалысты қыймылсыздықтан шыққан деп түсіндірмек болған немесе таза статикалықтың, тыныш жатқанның *өзінен өзі* динамикалыққа, қозғалысқа баратын көпір таппақ болған әрекеттің бәрі үмітсіз екендігі кеңінен анықтала түседі.

Ал енді біз өзіне өзі тең алғашқы қалып дегеннен біраз уақытқа аман-есен құтылған сыяқтымыз. Дюринг мырза енді химияға көшіп, осымен байланысты, табиғат тұрақтылығының осы күнге дейін шындық философиясы тапқан үш заңын біздің алдымызға әкеліп жаяды; атап айтқанда:

1) жалпы алғанда бүкіл материяның мөлшері, 2) қарапайым (химиялық) элементтердің мөлшері және 3) механикалық күштің мөлшері — мұның бәрі тұрақты шамалар болып табылады.

Сөйтіп, материяның және оның өзі қарапайым бөліктерден құрылатын болғандықтан сол қарапайым құрамды бөліктердің жаралмайтындығы мен қыйрамайтындығы, сол сыяқты, қозғалыстың жаралмайтындығы мен қыйрамайтындығы — осы өте қанағаттанғысыз сыйпатталған жалпыға мәлім көне фактылар — міне, Дюринг мырзаның органикалық емес дүние жөніндегі натурфилософиясының нәтижесі ретінде бізге ұсына алатын жалғыз ғана тиімді нәрсесі осы. Бірақ мұның бәрі бізге қашан бері белгілі нәрселер еді ғой. Бізге белгісіз болып келген бір-ақ жай бар екен: ол «тұрақтылық заңдары» екен және бұлардың өзі «заттар системасының схемалық қасиеттері» болып табылатындығы екен. Мұнда да ол, бұрын көргеніміздей, Кант жөнінде істегенін істеп отыр: Дюринг мырза жалпыға мәлім бір ескі нәрсені алады да, оған дюрингтік этикетка жапсырады, сөйтеді де оны «түп негізінен ерекше қорытындылар мен көзқарастар... система туғызушы идеялар... түбіріне жететін ғылым» деп атайды.

Бірақ бұл әлі бізді әсте де қынжылтпауы керек. Барлық ғылымдардың ішіндегі ең түбірлісінің және Дюринг мырза ұсынып отырған ең тәуір деген қоғамдық құрылыстың қандайлық кемшіліктері болмасын, мына бір жайды Дюринг мырза әбден анық кесіп айтады: «әлемдегі бар алтынның мөлшері әрқашан қажетті түрде бірдей болды, жалпы материя сыяқты, оны да не көбейтуге, не азайтуға болмайды». Ал бұл «бар алтынға» біз өзімізге не сатып ала аламыз, — амал не, Дюринг мырза бұл жағын бізге хабарламайды.

## VII

## НАТУРФИЛОСОФИЯ. ОРГАНИЗМДІ ДҮНИЕ

«Қысым мен тұрткі механикасынан түйсіктер мен ойлар байланысына дейін аралық басқыштардың бірыңғай кейіпті және бірден бір дәйектілігі жүреді». Осылайша сендіруі арқылы Дюринг мырза тіршіліктің пайда болуы жайында тыянақтырақ бірдеме айту қажеттілігінен өзін құтқарып қалады, ал дұрысында, әлемнің дамуын өзіне өзі тең қалпына дейін түптеп зерттеген, басқа аспан әлемдері өз үйіндей болып кеткен ой иесі бұл жағын да дәлме-дәл біледі деп күтетін жөн бар еді. Алайда, Дюринг мырзаның бұл келтірілген пікірі, бұдан бұрын еске алынған өлшем қатынастарының гегельдік сызықтар түйінімен толықтырылмай тұрғанда, жартылай ғана дұрыс болады. Қаншама бірте-бірте болса да, қозғалыстың бір формасынан екінші формасына көшу әрқашанда секірме, шешуші бұрылыс болды. Аспан әлемдерінің механикасынан жеке аспан әлемдеріндегі кішкене массалардың механикасына көшу осындай; массалар механикасынан молекулалар механикасына көшу де осындай, бұл молекулалар механикасы төтесін айтқанда физика зерттейтін қозғалыстарды: жылылықты, жарықты, электрді, магнетизмді қамтыйды. Дәл осы сыяқты, молекулалар физикасынан атомдар физикасына — химияға — көшу де тағы сол батыл секірме арқылы жүзеге асады; мұның өзі әдеттегі химиялық қыймылдан біз тіршілік деп атайтын белоктар химизміне көшуде бұдан да үлкен дәрежеде орын алады. Бұдан кейін тіршілік сферасы ішінде секірмелер барған сайын сирек және елеусіз бола бастайды. Сонымен, тағы да Гегельдің Дюринг мырзаны түзеуіне тура келеді.

Организмді дүниеге логикалық көшу үшін Дюринг мырзаға мақсат ұғымы қызмет етеді. Бұл да тағы сол Гегельден алынған, ол өзінің «Логикасында» — ұғымдар туралы ілімде — химизмнен тіршілікке көшуді телеология арқылы, яғни мақсат туралы ілім арқылы жүзеге асырады. Қайда барсақ та, Дюринг мырзаның барлық жерінде Гегельдің бір «түсінілуі қыйын идеясына» тап келеміз; Дюринг мырза беті шімірікпестен оны дәл өзінің идеясы, «түбіріне жететін ғылымы» етіп көрсетеді. Біз бұл арада мақсат және амал жайындағы түсінікті организмді дүниеге қолданудың қаншалықты дұрыс және орынды болатындығын зерттеумен шұғылдансақ, мұнымыз тым әріге кеткендік болар еді. Қалай болған күнде де, тіпті гегельдік «ішкі мақсатты» қолданудың өзі, яғни әдейі әрекет жасайтын сырт элемент, мысалы, күдірет даналығы табиғатқа әдейілеп ендірілмеген, бірақ сол заттың өзінің қажеттілігінде орныққан мақсатты қолданудың өзі, — мақсат ұғымын тіпті осылайша қолданудың өзі дәйекті философиялық мектептен өтпеген адамдарды мағнасыз түрде

табиғатқа саналы және әдейіленген қыймылдар танушылыққа әкеліп соқтырады. Басқалардың аз да болса «спириттік» ниеті байқалса сондай зығыры қайнайтын Дюринг мырза енді келіп «инстинктер көбінесе өздерінің құбылуына байланысты қанағаттандырушылыққа бола жаралған деп әбден айқындықпен» сендірмек болады. Ол бізге: бишара табиғат «үнемі және қайта-қайта заттық дүниені тәртіпке келтіріп тұруға тиіс болады», оның үстіне табиғаттың басқа да жұмыстары көп, ол жұмыстар «табиғаттан әдетте ойлайтыннан әлдеқайда артық нәзіктік талап етеді» дегенді әңгіме қылады. Бірақ табиғат жеке бір нәрселерді өзі не үшін жарататынын *біліп* қана қоймайды, оның үйдегі қызметші әйел жұмысын атқаруына тура келіп қана қоймайды, бір өзі-ақ субъективтік саналы ойда өте орынды жетілгендік болып табылатын нәзіктікке не болып қана қоймайды, — бұларға қоса табиғатта ерік те бар; өйткені инстинктердің қосымша ролін, — олар жөл жөнекей жүзеге асыратын реалды табиғи функцияларды: тамақтануды, өсіп-өнуді, т. б. — «біз, тура емес, тек жанама түрдегі *қалаулы* нәрселер деп түсінуге праволымыз». Сонымен біз санамен, ой ойлайтын санамен, қыймыл жасайтын табиғатқа келіп жеттік, демек, біз енді, дұрысында, статикалықтан динамикалыққа апармағанмен, пантеизмнен деизмге апаратын «көпірде» тұрмыз. Немесе мүмкін, Дюринг мырзаның өзі де аздап «натурфилософтық жартылай поэзиямен» шұғылданғысы келген шығар.

Жоқ, олай болуы мүмкін емес. Біздің шындық философиямыздың бізге организмді табиғат жөнінде бар айта алатыны: осы «натурфилософиялық жартылай поэзияға» қарсы, «жеңіл мінезді үстірттікке, ғылыми бұрмалаушылықтарға толы шарлатандыққа» қарсы, *дарвинизмнің*, «ақындық дәріптеу сыйпаттарына» қарсы жорықпен тынады.

Дарвинге ең алдымен тағылған айып: ол Мальтустің ел-жұрт теориясын саяси экономиядан жаратылыс тануға көшірді дейді, ол мал өсіруші түсінігінің шеңберінде жүр, ол өзінің тіршілік үшін күрес деген теориясында ғылымға жат жартылай поэзияға түсіп кеткен, бүкіл дарвинизм, оның Ламарктен алғанын есептемегенде, адамзатқа қарсы бағытталған аюандықтың едәуір көрінісі болып табылады дейді.

Дарвин өзінің ғылыми саякаттарынан өсімдіктер мен хайуандардың түрлері тұрақты емес, өзгермелі деген пікірге келді. Өзінің үйінде бұл пікірді одан әрі дамыту үшін, байқау жүргізуге қолдан хайуан және өсімдіктер өсіруден артығы жоқ деп білді. Нақ осы жағынан Англия аты шыққан ел; басқа елдердің, мысалы Германияның табыстары, өзінің көлемі жағынан, бұл жөнінде Англияның істегендерінің маңына да жуымайды. Оның үстіне, бұл салада қол жеткен табыстардың көбі соңғы ғасырға жатады, сондықтан фактыларды атап көрсету үлкен қыйынға

түспейді. Дарвин сұрыпталу бір түрдің хайуандары мен өсімдіктерінде жұрттың бәрі әртүрлі деп таныйтын түрлерде кездесетіннен жасанды түрде неғұрлым елеулі айырмашылықтар туғызғанын анықтады. Сонымен, бір жағынан, түрлердің өзгергіштігі белгілі дәрежеде дәлелденді, ал екінші жағынан — түрлік белгілері бірден емес организмдердің ертеде бір атадан тараған болуы мүмкін екендігі дәлелденді. Дарвиннің бұдан кейін зерттегені: тірі организмдерде уақыттардың өтуімен — адамның ешқандай саналы, әдейі эсерінсіз — жасанды іріктелу жолымен істелетіндей өзгерістерді болғызатын себептер табиғаттың өзінен табылмас па екен, деген мәселе болды. Бұл себептерді ол табиғат туғызатын ұрықтардың орасан көптігі мен олардан нақты жетіліп шығатын организмдердің аздығы арасындағы сәйкессіздіктен тапты. Әрбір ұрық өсіп-өнуге ұмтылатындықтан, бұдан қажетті түрде тіршілік үшін күрес пайда болады, ол тікелей денелік күрес немесе жалмау түрінде ғана емес, тіпті өсімдіктерде де байқалатындай, кеңістік үшін, жарық үшін күрес түрінде де жүреді. Бұл күресте пісіп жетіліп, өсіп-өрбуге, онша елеулі болмаса да, тіршілік үшін күресте тиімді, қандай да болса бір дербес өзгешелігі бар жанға көбірек сәті түсетіні айқын. Сонымен, бұл дербес өзгешеліктердің тұқым қуалау тенденциясы болады, ал егер олар бір түрдегі көп жандарда кездессе, онда, тұқымға тарту жыйнақтала келе, бір кезде түскен бағытпен күшейе беру тенденциясы да болады. Керісінше, ондай өзгешеліктері жоқ жандар тіршілік үшін күресте тезірек құрып, бара-бара жойыла береді. Сонымен, табиғи іріктелу жолымен, неғұрлым икемділердің тірі қалуы жолымен түрлердің өзгерісі болып отырады.

Дарвиннің осы теориясына Дюринг мырза қарсылық білдіріп, Дарвиннің өзінің мойындауы бойынша тіршілік үшін күрес идеясының пайда болуын экономист, ел-жұрт теоретигі — Мальтустің көзқарастарын қорытудан іздеу керек, дегенді айтады. Сонымен, Дюринг мырзаның айтуынша, аталған теорияда артық халық мәселесіндегі поптық-мальтустік көзқарастарға тән барлық кемшіліктер бар сыяқты. Ал дұрысында тіршілік үшін күрес идеясының *пайда болуын* Мальтуспен іздеу керек деу Дарвиннің мүлде ойына келмеген нәрсе. Ол тек қана өзінің тіршілік үшін күрес теориясын бүкіл өсімдік және хайуанат дүниесіне қолданылған Мальтус теориясы деді. Мальтус ілімін соншалық аңғырттықпен сынсыз қабылдаған Дарвиннің бұл мұлт басуы қаншама оғаш болса да, табиғаттағы тіршілік үшін күресті көруге, табиғат ысырапқорлықпен өндіретін ұрықтардың сансыз көптігі мен олардың ішінен жетілетіндерінің аздығы арасындағы қайшылықты, — көп ретте тіршілік үшін күрес жолымен және кейде тіпті өте қатаң күреспен шешілетін қайшылықты көруге Мальтус көзілдірігінің керек болмайтынын



көз келген адам бір қарағаннан байқай алады. Рикардоның миллтустік қорытындыларға негіздеген жалақы заңы ол қорытындылардың үні өшкенінен көп кейінде де өзінің маңызын сиктады; нақ сол сыяқты тіршілік үшін күрес те оны ешқандай миллтустік жолмен түсіндіруге байланыссыз табиғатта бола бермек. Алайда, табиғаттағы организмдердің де өздерінің мекендеу аңдары бар, олар әлі мүлде зерттелмеген десе болғандай; оны ашықтау, сөз жоқ, түрлердің даму теориясы үшін шешуші маңыз алмақ. Ал осы бағытта да шешуші түрткі берген кім? Дарвиннен басқа ешкім емес.

Дюринг мырза мәселенің бұл болымды жағына көп жоламай, ақыл жасап сақтық істеп отыр. Оның орнына ылғый тіршілік үшін күрес теориясы жауап беріп отыруға тиіс. Оның ойынша, санасыз өсімдіктер мен шөпкоректі жуас жәндіктер арасында тіршілік үшін күрес болуы күн бұрыннан-ақ мүмкін емес-ті: «сөздің қатаң нақты мағнасында айтқанда, хайуандар дүниесінде тіршілік үшін күрестің орын алатыны — онда коректенудің жыртқыштық және жалмау жолымен болатындығынан». Тіршілік үшін күрес ұғымын осындай тар шеңберге енгізеді де, бұл ұғымға өзі осындай мағна бергенімен ісі болмай, бұл ұғымның хайуандық сыйпаты бар деп, жатып тұрып ашуланады. Алайда бұл жаны күйгеннен ашу-ызаның жарасы Дюринг мырзаның тек өзіне ғана оқ болып тиеді, өйткені мұндай шолақ мағнадағы тіршілік үшін күрестің бірден-бір авторы оның өзі, сондықтан оған жауапты да бір өзі. Демек, «табиғаттың қандай да болсын әрекеттерінің заңдары мен түсінігін хайуандар арасынан іздейтін» Дарвин емес, — Дарвин, қайта, тіршілік үшін күрес сферасына бүкіл организмді дүниені кіргізген, — бұл Дюринг мырзаның өзі шығарған жалған қыяли бір құбыжығы. Алайда, тіршілік үшін күрес деген атты Дюринг мырзаның жаны күйген ашуына ықыласпен құрбан етуімізге болады. Ал ондай күрес *фактысының* тіпті өсімдіктер арасында да болатынын Дюринг мырзаға әрбір шалғын жер, әрбір егіндік, әрбір орман дәлелдей алады; ал әңгіме атында емес, «тіршілік үшін күрес» деу керек пе әлде «тіршілік ету жағдайларының жеткіліксіздіктері және механикалық әсерлер» деу керек пе, — онда тұрған да әңгіме жоқ; әңгіме түрлердің сақталуына немесе өзгеруіне бұл фактының қалай әсер ететінінде. Бұл мәселе жөнінде Дюринг мырза қасарып, өзінен-өзі жұмған аузын ашпай отыр. Демек, табиғи іріктелу жөнінде әңгіменің бәрі әзірге бұрынғысынша қалады.

Бірақ дарвинизм «өзінің айналулары мен айырмашылықтарын жоқтан шығарады». Шынында да, Дарвин табиғи іріктелуді әңгіме қылғанда, жеке жандардағы өзгерістерді туғызған *себептерді* былай қоя тұрып, ең алдымен бұл сыяқты дара ауулардың аз-аздап барып белгілі бір нәсілдің, өзгешелік түрдің

немесе түрдің белгілеріне қалайша айналатынын баяндайды. Дарвин үшін бірінші кезектегі іс бұл себептерді табуда емес, — ол себептердің біразы осы күнге дейін мүлде белгісіз де, ал біразын тек жалпы сыйпатта ғана көрсетуге болады, — ол үшін бірінші кезектегі іс: сол себептердің нәтижелері орнығып, берік маңыз алатын қонымды формаларын табуда. Дарвин, шындығында да, бұл арада өзінің жаңалығын шектен тыс кең сфераға тарайды деп білді, ол оған түрлердің өзгеру процесінің бірден-бір рычагі маңызын берді, өзгерістер жалпыламаға айналатын форма мәселесіне бола, ол қайталап отыратын, жеке-дара өзгерістердің себептері жайындағы мәселеге көңіл қоймады. Бұл, — жалғыз Дарвиннің кемшілігі емес, шын мәнісінде ғылымды алға апарушы басқа да көп адамдарға ортақ кемшілік. Оның бер жағында, егер Дарвин жеке-дара айналуларды жоқтан шығаратын болса және мұнда тек қана «мал өсірушінің даналығын» қолданатын болса, онда әрбір мал өсіруші мен селекционер де хайуанат және өсімдік формаларының айналуың жоқтан шығаратын болғаны ғой және бұлардікі; жорынды айналулар ғана емес, шын мәнісіндегі айналулар болғаны ғой. Алайда, бұл айналулар мен өзгешеліктердің өзі қайдан шыққан деген мәселені зерттеуге түрткі болған да, басқа ешкім емес, Дарвиннің өзі.

Ең жана заманда табиғи іріктелу туралы түсінік, әсіресе Геккельдің арқасында, кеңейе түсті, ал түрлердің өзгергіштігі икемшілдік пен тұқым қуалау арасындағы өзара әсердің нәтижесі деп есептеле бастады, мұнда икемделу — процестің өзгеріс жасайтын жағы деп, ал тұқым қуалаушылық, — оны сақтаушы жақ деп көрсетілуде. Бірақ Дюринг мырзаға бұл да ұнамайды: «өмір жағдайларына нағыз икемделуде, табиғаттың беруінше немесе алуынша қарағанда, түсініктермен белгіленетін стимулдар мен әрекет формаларының болуы шарт. Әйтпеген күнде икемделу дегеннің тек бір елес болғаны, және бұл ретте әрекет етуші себептілік физикалықтың, химиялықтың және өсімдік-физиологиялықтың төменгі басқыштарынан жоғары көтерілмегені». Дюринг мырзаның бұл жолы да ашуын келтірген нәрсе аты болып отыр. Ал оның бер жағында, бұл процесті ол қалай ата-масын, мұндағы мәселе мынада: мұндай процестер арқылы организмдердің түрлерінде өзгеріс жасала ма әлде жоқ па? Дюринг мырза бұл жолы да ешқандай жауап бермейді.

«Қандай да болса бір өсімдік өзінің өсуінде жарық неғұрлым көп түсетін жолды таңдап алғанда, бұл шіміркену нәтижесі физикалық күштер мен химиялық агенттердің комбинациясынан артық ешнәрсе болып табылмайды, ал осы жағдайды, метафора түрінде емес, нағыз шынымен икемделу жөнінде әңгіме қылушылар болса, онда мұның өзі түсініктерге *спириттік* шатасу енгізбек». Табиғат белгілі бір әрекеттер істегенде, оны кімнің

**еркімен** істейтінін дәлме-дәл білетін, табиғаттың *нәзіктігін*, тіпті оның *еркін* де сөз қылатын бұл адам басқаларға келгенде сондай қатал. Шынында да, мұнда спирттік шатасу бар, — бірақ кімде: Геккелде ме әлде Дюринг мырзада ма?

Және спирттік қана емес, логикалық та шатасу бар. Біз Дюринг мырзаның мақсат ұғымының табиғат үшін де күші бар деп барынша табан тіресіп жақтағанын көрдік: «амал мен мақсат арасындағы қатынаста ешқандай саналы ниет болмайды». Бірақ саналы ниетсіз және өзі сондай батыл жоққа шығарған түсініктердің араласынсыз икемшілдік дегеннің өзі нақ сондай бір санасыз лайықты әрекет болмағанда немене?

Демек, егер ағаш көлбақасының немесе жапырақ жейтін жәндіктің түсі жасыл болса, егер шөл хайуандары күм түстес сарғылт келсе, ал поляр хайуандары көбінесе қардай аппақ болса, онда, әрине, олар мұндай түстерді арнаулы ниетпен, белгілібір түсінікті басшылыққа алумен қабылдаған жоқ: қайта, бұл түстер тек физикалық күштер мен химиялық факторлардың әсер етуінің нәтижесі болып табылады. Дегенмен де, бұл хайуандардың осындай түстері арқасында өздері тұрған ортаға лайықты түрде *икемделгені* және нақ осының нәтижесінде өз жауларына көп байқалмайтындай болып икемделгені даусыз. Дәл осы сыяқты, кейбір өсімдіктердің өзіне жуыған жәндікті ұстап қалып, жеп қоятын мүшелері сондай қыймылға икемделгей, тіпті лайықты түрде икемделген. Демек, Дюринг мырза икемделудің өзі тек түсініктің әсерімен ғана болуы мүмкін деп таласып отырса, онда оның лайықты қыймылы да түсінік арқылы жасалуға тиіс, ал саналы, әдейі ниетті болуға тиіс деген жайды тек басқаша сөзбен ғана айтып отырғаны. Бұдан біз, шындық философиясындағы дағды бойынша, тағы да аман-есен баяғы өзінің мақсаттарын жүзеге асырушы жаратқанға, яғни құдайға келіп тірелдік. «Бұрын бұлайша түсіндіру деизм деп аталатын және өзі құрметтелмейтін (дейді Дюринг мырза), ал кәзір бұл жағынан да даму кері кеткен сыяқты».

Икемделуден тұқым қуалауға көшеміз. Дюринг мырзаның пікірінше, дарвинизм мұнда да жалған бағытқа түскен көрінеді. Дарвин: бүкіл организмді дүние бір арғы атадан тараған, былайша айтқанда, бір ғана жанның тұқымы болып табылады депті-міс. Шығу тегінің бірлігі жағынан байланысы жоқ біркелкі табиғат жаратындыларының дербес параллельді қатарлары Дарвин үшін әсте де болмайтын нәрсе екен, сондықтан да, туу арқауы немесе өсіп-өрбудің басқа бір әдісінің арқауы үзілген бойда, ол өзінің өткенді өкшелеген көзқарастарымен тұйыққа тіреледі екен, деседі.

Кәзір өмір сүретін организмдердің бәрін Дарвин *бір-ақ* арғы атадан тараған депті деу, әдеп сақтап айтқанда, Дюринг мырзаның «өзінің еркін творчествосы мен қыялының жемісі»

болып табылады. «Origin of Species-тің»<sup>1</sup> (6-басылуы) ақырғы беттің алдындағы бетінде Дарвин «барлық тірі жандарды, бөлектенген жаратындылар деп емес, арғы түбі көп емес бірнеше жандардан өрбіп, бір ізбен келе жатқан ұрпақтар» деп білетінін тура айтады. Геккель бұдан да әріге кетіп, «өсімдік дүниесінің мүлде дербес бір аталық шежіресі болуы, ал хайуанаттар дүниесінің — өзіне бөлек шежіресі» болуы мүмкін деп есептейді, ал бұл екеуінің аралығында — «протистер ұрпағының біраздаған дербес қатарлары болып, мұндай әрбір қатар алдыңғы екеуге мүлде байланыссыз түрде, өздерінің монерасының архигондық<sup>2</sup> формасынан дамуы мүмкін» деп қарайды («Schöpfungsgeschichte»<sup>3</sup>, 397-бет. Бұл арғы ата дегенді Дюринг мырза оны яһудилердің арғы атасы Адам-атамен салыстыру арқылы, мүмкіншілігіне қарай, кәдірін түсіру үшін ғана ойлап шығарған, оның үстіне, Дюринг мырзаның бақытсыздығына қарай, Смиттің ассириялық зерттеулері бұл яһуди арғы атасы делініп жүрген Смиттің арғы атасы болып шыққандығы, дүниенің жаратылуы, жер жүзін топан басқаны жайындағы библиялық әңгімелер яһудилердің, вавилондықтардың, халдейлердің және ассириялықтардың бәріне ортақ ертедегі пұтқа табынушылық заманының діни ертегілер жыйнағынан шыққан үзінді екендігі оған мәлімсіз болған.

Рас, Дарвинді генеалогиялық арқау үзілген жерде дереу тұйыққа тіреледі деп кіналау қатаңдық, бірақ оны жоққа шығаруға да болмайды. Амал қанша, бұл кінаны біздің бүкіл жаратылыс тану ғылымымызға қоюға болады. Шығу тегін көрсететін арқау үзілген бойда ол «тұйыққа» тіреледі. Ол осы күнге дейін организмді жандарды басқа бір жандардан таратып шығару болмаса, өзге жолмен жаратуға жеткен жоқ: ол тіпті осы күнге дейін химиялық элементтерден жай протоплазма немесе басқа бір белоктік нәрселер де ала алмай отыр. Демек, тіршіліктің пайда болуы жөнінде жаратылыс тану ғылымының әзірге кесіп айта алатыны-ақ: тіршілік химиялық жолмен пайда болған болуға тиіс деу болды. Мүмкін, бізге бұл ретте шындық философиясының көмектесетін жайы бар шығар, өйткені онда шығу тегінің бірлігі жағынан байланыстары жоқ табиғат жаратындыларының дербес параллельді қатарлары бар емес пе? Бұл жаратындылар қалай пайда болды? Өзінен өзі туу жолымен бе? Бірақ тіпті осы күнге дейін өзінен өзі туу дегенді ең қызу жақтаушылардың өзі де бұл жолмен, бактерия, санырауқұлақ ұрықтары және басқа өте қарапайым организмдер болмаса, жәндіктер, балықтар, құстар және сүтқоректілер пайда болады

<sup>1</sup> «Түрлердің пайда болуы». *Ред.*

<sup>2</sup> — ең бірінші туған. *Ред.*

<sup>3</sup> «Жаралу тарихы». *Ред.*

деп таласқан емес. Егер табиғаттың осы біркелкі жаратынды-дырының (әлбетте, организмді жаратындылардың, мұнда тек осылар жайында ғана әңгіме болып отыр) бір тектен шыққан бййланыстары болмаса, онда «шығу тегін көрсететін арқау үзілген жерде» олар, немесе олардың арғы аталарының әрбіреуі, тек жеке жарату жолымен ғана дүниеге келген болады. Сонымен, біз тағы жаратқанға қайта айналып келдік және әлгі де-низм деп аталатынға келдік.

Онан әрі, Дюринг мырза Дарвин «ерекшеліктердің жыныстық композициясының қарапайым актысын бұл ерекшеліктердің пайда болуының күрделі принципі етіп көтереді» дейді, мұны Дарвиннің үлкен үстірттігі деп қарайды. Бұл да — мәселенің гүбіріне жететін, біздің философтың еркін творчествосы мен қиялының жемісі. Дарвин, мұның керісінше: «табиғи іріктелу» деген сөз, өзгерістердің пайда болуын емес, өзгерістердің *сақталуын* ғана қамтыды, деп кесіп айтады (63-бет). Дарвиннің ешқашан айтпаған қағыйдаларын бұлайша жаңадан бұрмалау Дюринг мырзаның бізге мынадай терең мағналы мәлімдеме жасауына керек болған: «Егерде жыныстық өрбудің ішкі схематизмінен дербес өзгерудің қандай да болса бір принципін габуға болса, онда бұл идея өте орынды болар еді, өйткені жалпылама генезис принципін жыныстың өрбу принципімен бір тұтас біріктіріп, өзінен өзі туу деп аталатын жайды, өндірудің абсолютті қарама-қарсылығы түрінде емес, нақ туу деп қарайтын пікір әбден табиғи нәрсе». Міне, осындай сандырақты шығаруға барған кісі ұялмастан Гегельді «жаргонға» үйір деп кіналайды!

Дарвиннің теориясы түрткі болып, жаратылыс тану ғылымының орасан зор өрге басқанына Дюринг мырзаның күйінішін білдіретін оның кейісті және пәтуәсіз күнкілі мен ұрсысын осы айтқанымыз да жетер. Дарвин де, жаратылыс зерттеушілер ішіндегі оның жолын қуушылар да Ламарктың ұлы еңбегін қалайда кемсітуді ойлаған емес: өйткені оны ең алғаш рет жаңадан көтерген Дарвин мен оның жолын қуушылар еді ғой. Бірақ Ламарк заманында, түрлердің пайда болуы жөніндегі сұраққа жауап беру үшін, ғылымның болашақты алдын ала болжап білмейінше, — былайша айтқанда, сәуегейлік істемейінше, жеткілікті материалы болмағанын естен шығармауымыз керек. Ал Ламарктан бергі заманда, баяндаушы да, сол сыяқты анатомиялық та ботаника мен зоология саласында аса көп материал жыйнақталғаны былай тұрсын, сонымен бірге ғылымның мұнда шешуші маңызы бар мүлде жана екі тарауы пайда болды, олар атап айтқанда: өсімдікпен хайуанат ұрықтарының дамуын зерттеу (эмбриология) және жер бетінің әртүрлі қабаттарында сақталған организмді қалдықтарды зерттеу (палеонтология). Организмді ұрықтардың жетілген организм болып бірте-

бірте дамуының және жер тарихында бірінен соң бірі пайда болып отырған өсімдіктер мен хайуандардың жүйелі қатарларының арасында өзіне тән сыйпатты бір сәйкестік барлығы ашылып отыр. Нақ осы сәйкестік даму теориясы үшін мықты арқа тіреу болды. Бірақ даму теориясының өзі әлі өте жас, сондықтан мұнан әрі зерттеу ісі түрлердің даму процесі жөніндегі кәзіргі түсініктерді, оның ішінде таза дарвиндік түсініктерді де, едәуір дәрежеде модификациялауға тиіс.

Ал организмді тіршіліктің дамуы жөнінде шындық философиясы бізге қандай тиімді нәрселер айта алады?

«Түрлердің өзгергіштігі жарамды гипотеза болып табылады». Бірақ онымен қатар «шығу тегінің бірлігі жағынан байланыстары жоқ біркелкі табиғат жаратындыларының дербес параллельді өмір сүруінің» де күші бар. Осының негізінде: табиғаттың біркелкі емес жаратындылары, — яғни өзгеріп отыратын түрлері, — бірінен бірі пайда болады, ал біркелкілері олай емес, деп ойлау керек болар еді. Бірақ бұл да тап ондай емес, өйткені өзгеріп отыратын түрлер жайында да «Шығу тегінің бірлігі арқылы байланыс, керісінше, табиғаттың өте бір екінші қатардағы актысы болып табылады» деп жазылған. Демек, қалай дегенмен де «екінші кластың» болса да әйтеуір шығу тегі жайында әңгіме болып отырғаны ғой. Алайда Дюринг мырза бұл шығу тегі жайында талай-талай жамандық, күнгірт нәрселер айтты, тілдегеннің соңынан, шығу тегін сайып келгенде оның артқы есіктен тағы кіргізгеніне қуанатын боламыз. Табиғи іріктелу жөнінде де істің жайы дәл осындай болып отыр, өйткені бүкіл табиғи іріктелудің жүруіне себепкер болатын тіршілік үшін күреске қарсы сондайлық жаны күйген ашу-ызасынан кейін бір уақытта былай деп жазғанын көреміз: «организмді құралмалардың қасиеттері жыйынтығының неғұрлым терең негізі, сонымен, тіршілік жағдайлары мен космокалық қатынастарда тұр, ал Дарвин баса көрсететін табиғи іріктелуді тек екінші кезекте ғана есепке алуға болады». Демек, қалай дегенмен де, екінші класс болса да, әйтеуір табиғи іріктелу ғой. Бірақ, табиғи іріктелумен бірге, тіршілік үшін күрес те, демек, поптық-мальтустық халық артылысы да мойындалады! — Міне, бар болғаны осы, — басқалары жөнінде Дюринг мырза бізді Ламаркқа сілтейді.

Ақырында, Дюринг мырза бізді метаморфоза және даму деген сөздерді онды-солды пайдалана бермендер деп сақтандырады. Метаморфоза, дейді ол, айқын ұғым емес, ал даму ұғымы онда шындығында даму заңдары анықтала алатын болғандықтан ғана орынды болады. Екеуінің де орнына «композиция» деп айтуымыз керек, сонда бәрі де ретке түседі. Тағы сол баяғы әңгіме: заттар бұрын қандай болса сол күйінде қала береді, олардың тек аттары өзгерсе болғаны, Дюринг мырза соған қатырйыза. Жұмыртқадан балапанның жетілуін айтатын болсақ,

мұнымыз шатастырғандық болады, өйткені бұл арада біз даму деңгейін жеткіліксіз дәрежеде ғана анықтай аламыз. Ал егер баланың «композициясы» дейтін болсақ, барлық әңгіме айқын бола кетеді. Демек, бұдан былайғы жерде біз: «мына бала өте жақсы өсіп келеді екен» демей, «бала тамаша композиция процесінде екен» дейтін боламыз, сөйтіп біз Дюринг мырзаның өзінің лайықты орнын тауып, «Нибелунгтер Сақыйнасын» жаратушының қатарына барып тұрғанын — өзін өзі ізгі бағалау мағнасында ғана емес, сонымен қатар болашақтың композиторы ретінде де тұрғанын құттықтауға тиіс боламыз.

## VIII

### НАТУРФИЛОСОФИЯ. ОРГАНИЗМДІ ДҮНИЕ (СОҢЫ)

«Көремін дегендер салмақтап көрсін... біздің натурфилософиялық бөлімді оның барлық ғылыми алғышарттарымен жабдықтау үшін қандай болымды білімдер қажет болар екен. Оның негізіне салынғандар: ең алдымен математиканың мәнді жеңістерінің бәрі, одан кейін механикадағы, физикадағы, химиядағы дәлме-дәл білімінің басты қағыйдалары, сол сыяқты физиологияның, зоологияның және зерттеудің осы тәрізді тарауларының жалпы жаратылыс тану-ғылыми қорытындылары».

Дюринг мырзаның математика мен жаратылыс тану-тарихи жағынан оқымыстылығын Дюринг мырза осындай сеніммен және батылдықпен атап өтеді. Алайда бұл мардымсыз тараудан, әсіресе оның одан да жарытымсыз нәтижелерінен оның аржағында түбірге жететін болымды, білім тұрғаны көрінбейді. Қалай болған күнде де, физика мен химия жөнінде Дюринг айтқан абыздық көпірмен ойлап шығару үшін физикадан жылылықтың механикалық баламасын көрсететін теңдемеден басқа ешнәрсені білудің қажеті жоқ, ал химиядан барлық денелердің элементтерге және элементтердің қосындыларына бөлінетінін білсе жеткілікті. Оның үстіне, Дюринг сыяқты (131-бет) «тартылушы атомдар» дегенді айтуға барған кісі осы арқылы өзінің атом мен молекула арасындағы айырмашылық туралы мәселеде әлі де мүлде «қараңғыда қармалап» жүргенін көрсетеді. Жұртқа мәлім, тарту немесе қозғалыстың қандай да болса бір механикалық немесе физикалық формасы атом арқылы түсіндірілмейді, онымен химиялық қыймыл ғана түсіндіріледі. Органикалық табиғат жөнінде жоқтан өзгені айтқан, түпкі нәтижесі мүлде жарытымсыз, түкке тұрғысыз, қайшылықтарға толы, ал шешуші мәселеде де абызға тәң мағнасыз бөспеге бой ұрған тарауын оқығаныңызда, — бір дегеннен-ақ бұл Дюринг мырза мұнда өзі өте аз білетін нәрсені түсіндірмек болады-ау деген ойдан құтыла алмайсың. Оқушы

Дюринг мырзаның ендігі жерде организмді тіршілік туралы ілімде (биологияда), даму дегеннің орнына, композиция деу керек деген ұсынысына жеткенде жаңағы ойың тіпті нығая бастайды. Бұл тәрізді ұсыныс жасаған адамның мұнысымен организмді денелердің құралуы туралы титтей де түсінігі жоқтығын көрсеткені болады.

Ең төменгілерін есептемегенде, барлық организмді денелер клеткалардан — мықтап ұлғайтқанда ғана көрінетін, ішінде клеткалық өзегі бар, кішкене белоктік түйір нәрселерден құрылады. Әдетте сыртқы қауыз да клеткадан құралады, ондайда оның іші азды-көпті мөлшерде сұйық болады. Ең қарапайым клеткалық организмдер *бір* клеткадан тұрады; ал организмді жандардың аса зор көпшілігі көптеген клеткалардың байланысты комплексі ретінде көпклеткалы болып табылады, ол клеткалар төмен организмдерде біркелкі болады да, жоғарыларында өзінің формасы, топтануы және қыймылы жөнінен барған сайын әртүрлі бола береді. Мысалы, адам организмінде сүйек, бұлшық ет, жүйке тамыр, тарамыс, сіңір, шеміршек, тері — бір сөзбен айтқанда, тканьдардың бәрі де клеткалардан тұрады немесе солардан өсіп жетілген. Ал организмді клеткалы құралмалардың бәрінде, — ішінде клеткалық өзегі бар белоктік нәрсенің қарапайым бір түйірі болып табылатын, өмірінің көп уақытында қауызы болмайтын амёбадан бастап тура адамға дейін және ең кішкене бірклеткалы десмиди балдырынан бастап ең жоғары дамыған өсімдікке дейін, — міне, осылардың бәрінде де клеткалардың өсіп-өрбуінің бәріне ортақ әдісі клеткалардың бөлінуі болып табылады. Клетканың өзегі әуелі екі жаққа тартылып, ортасы жінішкереді; өзектің екі жартысын бөлген бұл тартылыс барған сайын күшейе береді де, ақырында, біржола бөлініп, екі клеткалық өзек пайда болады. Клетканың өзінде нақ сол процесс болады; жаңағы екі өзектің әрқайсысы клеткалық нәрсе жыйнақталатын орталыққа айнала береді, ол нәрсенің екінші жақпен байланысатын жері барған сайын тартылып, жінішкере береді, жінішкергенде, ақырында келіп, екі жақ бір-бірінен бөлініп, енді дербес клеткалар болып өмір сүретін болғанша жінішкере береді. Хайуан жұмыртқасы ұрықтанғаннан кейін одан ұрық клеткасының осылайша, бірінен соң бірі, өте көп рет бөлінісуі арқылы толық жетілген хайуан өсіп шығады, нақ осы сияқты, жетілген организмдегі тозған тканьдардың ауысуы да осы жолмен болып тұрады. Мұндай процесті композиция деп атау, ал оны даму деп атауды — «нағыз фантазия» деу, әрине, — біздің заманымызда бар деу қаншама қыйын болса да, — бұл процесс жөнінде түк білмейтін адамның ғана қолынан келетін іс; мұнда нағыз дәл мағнасында алғанда, тек қана даму болады, ал бұл жерде тіпті ешқандай композиция деген жоқ!

Дюринг мырзаның тіршілік деп жалпы нәні түсінетіні жа-



Аялда төменіректе тағы бір аз қосымша жасауымызға тура келеді. Атап айтқанда оның тіршілік деп білетіні мынау: «организмсіз дүниеде өзінен өзі болып тұратын қозғалыстар системасы болып табылады; бірақ заттардың шын бөлшектенуі басталатын және олардың циркуляциясы айрықша каналдар арқылы кішірек құралмаларға ауысуға жол беретін ұрықтық схема бойынша бір ішкі пункттен жүзеге асырылатын жерде ғана, — тек сол жерде ғана сөздің неғұрлым тығыз байланысты және қатаң мағнасындағы шын тіршілік туралы батыл жетіп, сөз қылуға болады».

Бұл сөйлемнің дәрменсіз, шатас грамматикалық құрылысын айтпағанда да, бұл сөйлем оның өзін қалай түсінемін десең де, сөздің дәл және қатаң мағнасында айтқанда, мағнасыздықтың «өзінен өзі болып тұратын қозғалыс жүйесі» болып табылады (ол не деп түсінілсе де). Егерде тіршілік шын бөлшектену болған жерде ғана басталатын болса, онда біз Геккель ашқан бүкіл протистер әлемін өлі деп жарыялауға тиіс боламыз ғой, мүмкін, бөлшектену деп нені түсінетінімізге қарай, мұның сыртында да талайларды қоса жарыялармыз. Егер тіршілік бұл бөлшектенудің ұрықтық кіші схема арқылы ауыстырылуы ыңғайлы болған жерде ғана басталатын болса, онда ең көм дегенде, бірқлетқалыларды қоса, бүкіл төменгі организмдерді тірі жан деп білуге болмағаны. Егер тіршіліктің белгісі заттардың айрықша каналдар арқылы циркуляция жасауы болатын болса, онда біз тірі организмдердің қатарынан, жоғарыда аталғандардың үстіне, енді медузаны қоспағанда ішекқуыстылардың бүкіл жоғары класын сызып тастайтын боламыз, демек, — бүкіл полиптерді, басқа да хайуан мен өсімдік аралығындағыларды сызып тастауға тиіс боламыз. Егерде заттардың ішкі бір пункттен айрықша каналдар арқылы циркуляция жасау тіршіліктің мәнді белгісі деп есептелетін болса, онда біз жүрегі жоқ немесе бірнеше жүрегі бар хайуандардың бәрін өлі деп жарыялауымыз керек. Бұған, жоғарыда аталғандардың үстіне жататындар: құрттардың бәрі, теңіз жұлдыздары мен коловраткалары (Гекслидің жіктеу тәртібі бойынша *Appuloidea* және *Appulosa*), шаян тектілердің біразы (шаяндар), тіпті, ақырында, бір омыртқалы — ланцетник (*Amphioxus*) бар. Барлық өсімдіктер де осыған жатады.

Сонымен, Дюринг мырза тіршілікті сөздің дәл өзі, неғұрлым тығыз және қатаң мағнасында сыйпаттамақ болып, тіршіліктің бір біріне мүлдем қайшы төрт түрлі белгісін береді, оның ішінде біреулері, бүкіл өсімдік әлемін ғана емес, сонымен бірге хайуанат әлемінің тең жартысын дерлік мәңгілік өлімге жазады. Шынында да, Дюринг мырза «ең түп негізінде өзіне ерекше қорытындылар мен көзқарастар» беремін деп уәде еткенде бізді алдаған екен деп ешкім де айта алмас!

Екінші бір жерінде былай деген: «табиғатта да, төменгісінен жоғарғысына дейінгі барлық организмділердің негізінде қарапайым тип жатқанын көреміз» және бұл тип «өзінің жалпы мәнінде тіпті ең жетілмеген өсімдіктің ең екінші қатарлы қозғалысынан-ақ бүтіндей, толығынан байқалып тұрады». Бұлай деу тағыда «бүтіндей, толығынан» мағнасыздық. Бүкіл организмді табиғатта байқалатын аса қарапайым тип клетка болып табылады, және ол, шынында да, жоғары организмділердің негізінде болады. Бірақ төменгі организмдер ішінде клеткадан әлде едәуір төмен тұратын талайларын көреміз, мысалы, ешқандай жіктелуі жоқ белоктік нәрсенің жай бір түйірі болып табылатын протамеба, одан кейін толып жатқан басқа да монерлер және барлық түтікті балдырлар (Siphonaeae). Мұның бәрінің жоғары организмдерге жалғыз-ақ байланысы: олардың елеулі құрамды бөлігі белок болып табылады, сондықтан да олар белокке тән функциялар атқарады, яғни өмір сүреді, сонсын өледі.

Мұнан әрі Дюринг мырза бізге мынаны айтады: «Физиологиялық жағынан алғанда түйсік қандай да болса, ең болмағанда өте қарапайым болса да, жүйке-тамыр аппараты болуына байланысты. Сондықтан барлық хайуандық формаларға тән белгі олардың түйсікке қабілеті, яғни өздерінің қалпын субъективтік-саналы түрде аңғару қабілеті болып табылады. Өсімдік пен хайуан арасындағы кенет шекара түйсікке секіріп түсетін жерде жатыр. Жалпыға мәлім өтпелі формалардың болу фактысы бұл шекараны жоймайтыны былай тұрсын, қайта бұл сырттан қарағанда шешілмейтін немесе шешуге келмейтін формалардың нақ өзінің арқасында ол шекара логикалық қажетке айналады». Сонсын мұнан әрі: «әлгінің керісінше, өсімдіктер түйсікке аздал болса да ұқсастығы бар нәрседен және одан қандай да болса қабілеттіліктен мүлде және біржола айрылған».

Біріншіден, Гегель (Naturphilosophie<sup>1</sup>, § 351, Қосымша): «түйсік дегеніміз *differentia specifica*, яғни хайуанның мүлде айырмашылық белгісі» дейді. Олай болса, тағы да Гегельдің «түсінуге қыйың идеясы», оған Дюринг мырзаның жай аннексиясы жолымен ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқат деген ізгі атақ берілген.

Екіншіден, өсімдік пен хайуан арасындағы өтпелі формалар, сырттан қарағанда шешілмейтін немесе шешуге келмейтін формалар дегенді (шіркін, тіл болғаныңа!) біз мұнда алғаш рет естіп отырмыз: Мұндай аралық формалардың өмір сүретіні, өсімдік не хайуан екенін тектен тек айта салуға келмейтін организмдердің болатыны, біздің тегінде бұлайынша өсімдік пен хайуан арасына айқын жік сала алмайтынымыз,—міне осы факт Дюринг мырзаға олардың айырмашылық белгілерін анықтау керек деген

<sup>1</sup> «Табиғат философиясы». Ред.

логикалық тілек туғызады, ал ол белгісін іркілместен сол таба-нында-ақ өзі сын көтермейді деп шығады. Бірақ бізге өсімдіктер мен хайуандар арасындағы аралық формалардың даулы са-ласына барудың тіпті қажеті де жоқ; ал тиер-тиместен жапыра-ғы не гүлі бүрісе қалатын сезімтал өсімдіктер, шыбын-шіркей жейтін өсімдіктер, — міне осылар түйсікке аз да болса ұқсасты-ғы бар нәрседен, тіпті түйсікке қандай да болса қабілеттілігінен айырылған ба? «Ғылымға жанасымы жоқ жарты поэзияға» тү-семін демесе, бұлай деп Дюринг мырза да айта алмас.

Үшіншіден, Дюринг мырзаның түйсік деген физиологиялық жағынан қандай да болса, тіпті өте қарапайым болса да, жүй-ке-тамыр аппаратына байланысты екен дегені де тағы өзінің ер-кін творчествосы мен қыялының жемісі болып табылады. Бар-лық ең төменгі сатыдағы хайуандарда ғана емес, сонымен қатар хайуан-өсімдік аралығындағыларда да—ең болмағанда олардың көбінде — жүйке-тамыр аппаратының ешқандай белгісі байқал-майды. Тек алғаш рет құрттардан бастап қана, жалпы ереже ре-тінде, жүйке-тамыр аппараты кездеседі; ал аталған хайуан ор-ганизмдерінде түйсік жоқ, өйткені оларда жүйке-тамыр жоқ деп алғаш рет шығып отырған Дюринг мырза. Түйсіктің өзі қажетті түрде жүйке-тамырлармен байланысты емес, бірақ оның осы күнге дейін дәлірек анықталмаған әлдеқандай бір белоктік нәр-селермен байланысты болуы сөзсіз.

Алайда, Дюринг мырзаның биологиялық білігі оның беті ші-мірікпестен Дарвинге қойған сұрағымен жеткілікті сыйпат-талады: «Сонда хайуанның өсімдіктен өрбігені ме?» — деп сұ-райды ол. Мұндай сұрақты хайуандар жөнінде де, өсімдіктер жөнінде де ешқандай түсінігі жоқ адам ғана бере алады.

Жалпы алғандағы тіршілік жөнінде Дюринг мырза бізге мы-наны ғана хабарлай алады: «Созымдылықпен қалыптасатын схе-малану (бұл тағы не бәле?) жолымен болатын заттар алмасуы әрқашанда шын өз маңасындағы тіршілік процесінің айырма белгісі болып қала береді».

Міне, бұдан тіршілік жөнінде білгеніміздің болған-біткені осы, бұған қоса, әлгі «созымдылықпен қалыптасқан схемала-нумен» нағыз дюрингтік жаргонның мәнәғасыз мый-баптағына тізеден батамыз. Демек, егер біз тіршілік дегеннің не екенін біл-гіміз келсе, өзіміз бұл мәселенің егжей-тегжейіне жете білуіміз қажет.

Соңғы отыз жыл ішінде физиолог-химиктер мен химик-физи-ологтар органикалық заттар алмасуы — тіршіліктің неғұрлым жалпы және өзіне тән құбылысы деп есепсіз көп айтты да, Дю-ринг мырза осы айтылғанды өзінің сыпайы, айқын тіліне ауда-рып алды. Бірақ тіршілікті органикалық заттар алмасуы деп бағалау — тіршілікті... тіршілік ретінде бағалау болады, өйтке-ні органикалық заттар алмасуы, немесе «созымдылықпен қалып-

тасқан схемаланумен» болатын заттар алмасуы деген оның өзін түсіндіруді — тіршілік арқылы түсіндіруді, организмді мен организмсіз арасындағы, яғни жанды мен жансыз арасындағы айырмалар арқылы түсіндіруді керек қылатын жай. Демек, мұндай түсіндіруде біз орыннан жылжымаймыз.

Заттар алмасуы деген тіршіліктен басқа жерде де болады. Шикі материалдар жеткілікті түрде ағылып келіп тұрғанда өзінің жаңғыруы үшін жаңа жағдайлар туғыза беретін талай химиялық процестер бар, және мұнда процесті көтеруші белгілі бір дене болады. Мысалы, күкіртті жағу арқылы күкірт қышқылын жасағанда осылай болады. Мұнда күкірттің қос қышқылы,  $\text{SO}_2$ , алынады, ал бұған су буы мен азот қышқылы енгізе, күкірттің қос қышқылы сутегі мен оттегі жұтып күкірт қышқылына айналып,  $\text{H}_2\text{SO}_4$  болады. Мұнда азот қышқылы оттегінің біраз бөлігін беріп, өзі азот тотығына айналады; бұл азот тотығы дереу ауадан тағы оттегін алып, жоғары азот тотықтарына айналады, сөйтеді де дереу бұл оттегін күкірттің қос қышқылына беріп, жаңағы процесті қайтадан бастайды, сондықтан, теория жүзінде алғанда, есепсіз көп күкірт қос қышқылын, оттегін және суды күкірт қышқылына айналдыру үшін өте азғантай азот қышқылы жететін болады. — Мұнан соң, әлі организмді, тіпті организмсіз де жарғақтардан сұйық нәрсе өткенде, сол сыяқты Траубенің жасанды клеткаларында да заттар алмасуы болады. Бірақ бұл жерде де заттар алмасуымен біз бір қадам алға баса алмайды екенбіз, өйткені тіршіліктің мәнін түсіндіруге тиіс деген заттар алмасуының өзі тіршілік арқылы түсіндірілуде ділтер. Демек, басқа бір түсінік іздеуге тура келеді.

*Тіршілік дегеніміз белоктік денелердің өмір сүру тәсілі, ал бұл өмір сүру тәсілінің мәнісі ол денелердің химиялық құрамды бөліктерінің үнемі өзінен өзі жаңғырып тұратынында.*

Мұнда белоктік дене кәзіргі заман химиясының ұғымында түсініліп отыр, ол химия бұл терминмен өзінің құрамы жағынан әдеттегі жұмыртқа ағына ұқсастығы бар және протеиндік денелер деп те аталатын барлық денелерді қамтыйды. Үйлесімді термин емес, өйткені оған жақындығы бар барлық заттардың ішінде әдеттегі жұмыртқа ағы ең бір жансыз, ең бір әрекетсіз роль атқарады: ол жұмыртқа ағы сарысымен қатар өсіп келе жатқан ұрыққа тек қана қоректік зат болып табылады. Алайда, белоктік денелердің химиялық құрамы әлі көп белгілі болмағандықтан, неғұрлым жалпы алынған бұл терминге басқаларының бәрінен артықша қаралуға тиіс.

Тіршілікті кездестірген жеріміздің бәрінде оның қандай да болса бір белоктік денеге байланысты екенін көреміз, ал қандай да болса бір шіру процесіне кірмеген белоктік денені кездестірген жеріміздің бәрінде біз түгелінен тіршілік құбылыстарын көреміз. Әрине, тірі организмде тіршіліктің бұл құбылыстарының

дифференциялануының ерекше процестерін туғызатын басқа да химиялық қоспалар қажетті түрде болуға тиіс, бірақ қарапайым формасындағы тіршілікке олардың қажеті жоқ, немесе организмге тамақ ретінде кіріп, белоктерге айналатын болғандықтан ғана қажет. Біз білетін ең төменгі тірі мақұлықтар белоктік заттын қарапайым бір түйірінен артық ешнәрсе де емес, бірақ солардың өзі де тіршіліктің мәнді құбылыстарының бәрін аңғартады.

Барлық тірі жандарда бірдей кездесетін бұл тіршілік құбылыстарының мәні неде? Ең алдымен мынада: белоктік денелер айналасындағы ортадан басқа қолайлы заттарды іліп алып, оларды ассимиляциялайды, ал дененің көнерек бөлікшелері бұзылып, сыртқа шығады. Басқа, жансыз денелер де табиғи процесс барысында өзгеріп, бұзылып немесе комбинацияланып тұрады, бірақ мұның нәтижесінде олар бұрынғысындай болудан қалады. Желге мүжілген жартас өнді жартас емес; қышқылданған металл тотқа айналады. Ал өлі денелердің бұзылуына себепкер болған нәрсе белоктың өмір сүруінің негізгі шарты болады. Белоктің денеде құрамды бөліктердің бұл үздіксіз айналуы, қоректену мен сыртқа шығарудың үнемі алмақезек ауысып отыруы тоқтаған бойда, — осы мезгілден бастап белоктік дененің өмір сүруі тоқталады, ол бұзыла бастайды, яғни өледі. Демек, белоктік дененің өмір сүру тәсілі болып табылатын тіршіліктің мәні ең алдымен мынада: белоктік дене әрбір кезеңде өзіндегі өзі болып табылады, ал сонымен қатар, екінші жағынан, басқаша болып тұрады, және оның бұлайша болуы, жансыз денелердегі сыяқты, сырттан ұшыраған қандай да болса бір процестің нәтижесінен де емес. Керісінше, тіршілік деген, қоректену және сыртқа шығару арқылы жүретін заттар алмасуы деген өзінің иесі — белокке тән, соның бойына біткен өз-өзінен болып тұратын процесс, бұл процессіз өмір болуы мүмкін емес. Ал бұдан шығатын қорытынды сол, егер бір кездерде химия жасанды жолмен белок шығара алатын болса, ол белоктің, тіпті өте нашар болса да, тіршілік құбылыстары болуы керек. Химия сонымен бірге ол белокке тиісті қоректі де аша ала ма, — ол әлі екіталай нәрсе.

Қоректену және сыртқа шығару арқылы болатын заттар алмасуынан, — белоктің мәнді функциясы болып табылатын алмасудан, және белокке тән созымдылықтан тіршіліктің барлық басқа да өте қарапайым факторлары шығады, олар: белок пен оның қорегі арасындағы әрекеттестікте болатын шіміркенушілік; ең төменгі сатыда-ақ ас жұтқанда байқалатын жыйырылушылық; ең төменгі сатыда бөліну арқылы өрбу де кіретін өсуге қабілеттілік; ішкі қозғалыс, мұнсыз ас жұту да, асты сіңіру де мүмкін болмайды.

Тіршілікті түсіндірген бұл дефинициямыз, әлбетте, мүлде жегімсіз, өйткені ол тіршіліктің барлық құбылыстарын қамтудан

қашық жатыр, қайта ол тек тіршілік құбылыстарының ең жалпы, ең қарапайымдарымен ғана тынады. Дефинициялардың бәрінің де ғылыми тұрғыдан қарағанда шамалы ғана құндылығы бар. Тіршілік жайында шын мәнісінде мейлінше толық түсінік беру үшін, оның ең төменгісінен бастап, ең жоғарғысына дейінгі барлық біліну формаларын зерттестіріп шығуымызға тура келер еді. Алайда күнделікті пайдалану үшін алдыңғыдай дефинициялар өте қолайлы болады, тіпті кейде оларсыз аяқ басу қыйын; ал олардың шарасыз кемшіліктерін ұмытпайтын болсақ, зияндары да тие алмайды.

Алайда Дюринг мырзаға қайта оралайық. Егер оған жер бетінің биологиясынан оншама сәті түспеген болса, ол өзінің жүлдызды аспанына барып паналап, өзін өзі жұбата біледі.

«Түйсік органының арнаулы құрылысы ғана емес, бүкіл объективтік дүниенің өзі де рахаттандыруға және қыйналдыруға бейімделіп құрылған. Осы негізде біз рахаттану мен қыйналдырудың қарама-қарсылығын, және *дәлме-дәл* өзімізге таныс формадағысын, универсалды деп қабылдаймыз, және ол *әлемнің әртүрлі дүниелерінде* шын мәнісінде біркелкі сезімдермен көрінуге тиіс... Бұл сәйкестіктің маңызы *аз емес*, өйткені *ол түйсіктер әлемін* түсінудің кілті болып табылады... Демек, бізге субъективтік космикалық дүниенің объективтік дүниеден оншалық жаттығы жоқ. Қандай да болса әлемнің құрылысын біркелкі пішін бойынша ойға салу керек, сөйткенде біз сана жөніндегі ілімнің бастамасына жетеміз, ал ол ілім тек жер бетіне ғана қолданылмайды».

Түйсіктер әлемінің кілтін қалтасына салып жүрген кісіге жер бетінің жаратылыс тануынан өрескел бір-өкі қате жібергендік не болушы еді? Allons donc!<sup>1</sup>.

## IX

### МОРАЛЬ ЖӘНЕ ПРАВО. МӘҢГІЛІК АҚЫЯҚАТТАР

Тұрпайы, абызға тән былшыл езбенің, бір сөзбен айтқанда, Дюринг мырзаның табандаған елу бет бойына оқушыларға сана элементтері жөніндегі түбірге жететін ғылым деген атпен ұсынып отырған барып тұрған *сандырағының* мысалдарын келтіріп жатудан тартынып отырмыз. Жалғыз-ақ мына бір жерінен ғана үзінді келтірейік: «Тек сөз арқылы ғана ой ойлауға қабілеті бар адамның *таза және шын мәнісіндегі* ойлаудың не екенін басынан кешірмеген». Олай болған күнде, ең таза, ең шын мәнісіндегі ой иесі хайуандар болғаны ғой, өйткені олардың ой ойлауына ешқашанда мазасыз сөздің бөгеті болмайды. Қалай бол-

<sup>1</sup> Солай болып жүрмесін! *Ред.*

ғанда да, дюрингілік пікірлер мен оларды баяндайтын тілден бұл пікірлердің қандай болса да бір тілге онша жанаспайтынын және неміс тілінің бұл пікірлерге онша жанаспайтынын көруге болады.

Ақырында, көңіліміз бір жеңілдеп, төртінші бөлімге көшуімізге болады; мұнда, әйтеуір, бұл сұйық сөз быламығымен қатар, әр жерде *мораль* және *право* жөнінде аңғарарлық бірдемелер кездестіреміз. Бұл жолы ең бастан-ақ бізге басқа аспан әлемдеріне серуендеп қайтайық деген шақыру келіп тұр: өйткені мораль элементтері «парасатты ақыл-ойларына тіршіліктің инстинктік біліністерін саналы түрде тәртіптеумен шұғылдануға тура келетін адамзат емес жаңдардың бәрінде... келісілуге... тиіс болып шығады... Алайда, бұл сыяқты қорытындыларға біздің ықыласымыз онша үлкен болмайды... Дегенмен де басқа аспан әлемдерінде дара және қоғамдық тіршілік бір схемадан шығуға тиіс, ол схема... ақыл-ойға қарап қыймыл жасайтын жанның негізгі жалпы құрылымын жолдан да тайдыра алмайды, аттап та өте алмайды, деген пікір біздің ой өрісімізге *игілікпен кеңіткен түрде* әсер етеді».

Дюрингілік ақыйқаттардың мүмкін болған барлық басқа әлемдерге қолданылатындығы мұнда, тиісті тараудың соңында емес, ерекшелік ретінде, ең басында алға тартылып отырса, онда мұның өзіне жеткілікті негіз бар. Мораль және әділет жөніндегі дюрингілік түсініктерді барлық *әлемдерге* қолдануға болатындығы анықталса, онда олардың игілікті күшін барлық *уақыттарға* да оңай таратуға болады. Және бұл жолы да әңгіме — анау, мынау емес — ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқаттар жайында болып отыр. Мораль дүниесінің «жалпы білім дүниесі сыяқты, өзінің өткінші емес принциптері және қарапайым элементтері болады»; моральдық принциптер «тарихтан және халық мінездерінің кәзіргі өзгешеліктерінен жоғары тұрады... Даму барысында неғұрлым толық моральдық сана болып қалыптасатын жеке ақыйқаттар және, былайынша айтқанда, ұждан, өздерінің түпкі негіздеріне дейін танылғаннан кейін, математиканың ақыйқаттары мен ережелері сыяқты қолданылуын және сондайлық әрекет өрісін талап етуіне болады. *Шын мәнісіндегі ақыйқаттар асылында өзгермейді... осылай болғандықтан танымның дұрыстығы уақытқа және нақты өзгеріске байланысты деп түсіну тегінде қыйсынсыз нәрсе*». Сондықтан тағайынды білімнің сенімділігі және әдеттегі танымның жеткіліктілігі, — біздің есіміздің дұрыс кезінде, — білім принциптерінің абсолютті маңызына күдер үзе күмандануға дейін баруымызға жол бермейді. «Ұзақ уақыт күманданудың бір өзі ғана дертті әлсіздіктің белгісі болады, және бұл басқа ешнәрсе де емес, кейде өз *мәңсіздігін* жүйелі тануынан қандай да болса бір тұрақтылық белгісін жасамақ болатын *үмітсіз шатақтың* көрінісі болып табыла-

ды. Өнеге мәселелерінде жалпы принциптерді теріске шығарушылық географиялық және тарихи жағынан алғанда мінез-құлықтар мен өнеге шарттарының алуан түрлілігіне барып жармасады және бұған қоса жаман өнеге мен жауыздықтың сөзсіз қажеттілігі мойындалса болғаны, үніне сай моральдық талаптардың елеулі маңызы мен факт жүзіндегі ықпалдылығы мүлде жоққа шығарылғалы тұр. Пәлендей бір жеке алынған жалған ілімдерге қарсы емес, адамның өзінің саналы, моральдық халге қабілеттілігіне қарсы шыққан бұл *жегідей жеген скепсис* ақыр аяғында келіп іс жүзінде жоққа айналуға тиіс, тіпті анығында жай нигилизмнен де жаман бір нәрсеге соқтыруға тиіс... Ол өзі құлатқан өнеге түсініктерінің *ерсі астан-кестені* арасында көп қыйналып өктемдік жүргізе аламын, сөйтіп принципсіз зорлыққа шалқайтып есік ашамын деген үмітке бөленеді. Бірақ ол жаман қателесуде, өйткені ақыл-ойдың адасушылық пен ақыйқаттағы сөзсіз тағдырын жай көрсетудің өзі-ақ соңынан осы аналогияның бір өзі арқылы ғана табиғи құнакарлықтың дұрыс нәрсені жүзеге асыру мүмкіншілігін ешбір жоймайтынының анық болуы үшін жетіп жатыр».

Біз Дюринг мырзаның ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқаттар жөнінде, ойлаудың суверендігі, танымның абсолюттік шындығы т. б. жөнінде айтқан осындай лепірме жел сөздерінің бәрін бұған дейін тыныш қабылдап келдік, — өйткені бұл мәселе тек кәзір өзіміз келіп жеткен пунктінде ғана шешілуі мүмкін еді. Осы араға дейін шындық философиясының жеке бір айтқандарының қаншалықты «суверендік маңызы» және «ақыйқаттыққа даусыз правосы» бар екенін зерттеу жеткілікті болып келді. Ал мұнда адам дүние тануы нәтижелерінің жалпы алғанда суверендік маңызы және ақыйқат деп аталуға даусыз правосы (Anspruch) бола ала ма, болса қандай нәтижелерінің суверендік маңызы бар және ақыйқат деп аталуға даусыз правосы бар, деген мәселеге келіп отырмыз. Мен мұнда *адамның* дүние тануы дегенде, өзім білмейтін басқа аспан әлемдерінде тұрушыларды қорлайын деген жаман ойым жоқ, бұлай деуіме жалғыз-ақ себеп: әсте суверенді болмаса да хайуандарда да таным бар ғой. Ит өзінің қожасын құдайым деп таныйды, ал іс жүзінде бұл қожа барып тұрған сұмырай болуы мүмкін.

Адамның ойлауы суверенді ме? Бұл сұраққа не «я», не «жоқ» деп жауап берместен бұрын, біз алдымен адамның ойлауы дегенді зерттеп алуымыз керек. Бұл жеке жалғыз-жарым адамның ойлауы болып табыла ма? Жоқ. Бірақ ол өткендегі, кәзіргі және келешектегі сан миллиард адамдардың жеке дара ойлауы болып өмір сүреді. Егер мен, демек, менің түсінігімде қорытылған сол адамдардың бәрінің, оның ішінде келешектегілерінің де, ойлауы *суверенді* дейтін болсам, яғни адамзаттың ұзақ уақыт өмір сүретіні себепті және танымның органдары мен



объектілерінің өздерінде бұл танымға шек қойылмағаны себепті бұл ойлау өмір сүріп отырған дүниені танып алады дейтін болсам, — мұным жауыр болған бірдемені және оның үстіне мүлде құнарсыз бірдемені айтқандық болады. Өйткені айтылған пікірдің ең құнды нәтижесі деп мынаны санауға болады: бұл пікір бізді кәзіргі танымымызға өте сеніңкіремей қарауға итермелейді, неге десекіз, біз, тегінде, әлі де адамзат тарихының, шамамен айтқанда, ең бас кезінде тұрған болуымыз керек, сондықтан *біздің* қатемізді жөндеулеріне тура келетін ұрпақтар кәзіргі кезде өзіміз танымының қатесін жөндемек болып отырған және екінің бірінде біз өздерін менсінбей қарайтын ұрпақтардан әлдеқайда көп болуға тиіс.

Сананың, ал демек, сонымен бірге, ойлау мен танымның да тек бірқатар жеке жандарда ғана білінуі мүмкін екендігі фактысын Дюринг мырзаның өзі қажеттілік деп жарыялайды. Бұл әрбір индивидтің ойлауын суверенді деп есептей алатын жалғыз-ақ себебіміз: оның дені сау, сергек кезінде оған зорлап бір пікір таңа алатын ешқандай өктем күш бар деп білмейміз. Ал әрбір жеке-дара ойлаудың жеткен танымдарының суверендігіне келетін болсақ, бұл жайында сөз де болмауға тиіс екенін, бүкіл бұрынғы тәжірибемізге қарағанда, бұл танымдардың түгел бәрінде жетілдіре түсуді керек қылатын элементтер мұндай жетілдіруді керек қылмайтын элементтерден, яғни дұрыс элементтерден әлдеқайда көп болатынын бәріміз білеміз.

Екінші сөзбен айтқанда, ойлаудың суверенділігі өте-мөте суверенсіз ойлайтын жеке-жеке адамдар арқылы жүзеге асады; ақыйқат болуға сөзсіз правосы бар таным бірқатар отноcительдік (релятивтік) адасулар арқылы жүзеге асады; бұлардың екеуі де басқаша емес, тек адам баласының мәңгілік өмір сүруі арқылы ғана толық жүзеге асады.

Жоғарыда бізге кездескен қайшылық — қажет болғандықтан бізге абсолюттік болып көрінетін адам ойлауының сыйпаты мен оның тек ой-өрісі тар жеке адамдар арқылы жүзеге асуы арасындағы қайшылық — бұл арада да көрініп отыр. Бұл қайшылықты тек шексіз алға басқан қозғалыста ғана, біз үшін, ең болмағанда, адам баласының практикада ұшы-қыйғыры жоқ болып отырған жалғасқан бірталай ұрпақтары арқылы ғана шешуге болады. Бұл мағнада алғанда, адамның ойлауы қаншалықты суверенді болса, соншалықты суверенсіз, сондықтан оның дүние тану қабілеті де қаншама белгілі шекте болса, соншама шексіз. Өзінің жаратылысы, міндеті, мүмкіншілігі, түпкі тарихи мақсаты жағынан алғанда адамның ойы суверенді және шексіз; жеке жүзеге асуы жағынан алғанда, белгілібір уақыттағы өмір шындығы жағынан алғанда адамның ойы суверенсіз және оған белгілі шек қойылған.

Мәңгілік ақыйқаттар жөнінде де істің жайы дәл осындай.

Егерде адамзат бір кездерде тек қана мәңгілік ақыйқаттарға — яғни суверендік маңызы бар және ақыйқат болуға абсолюттік правосы бар ойлау нәтижелеріне сүйеніп іс ететін заманға жететін болса, онда ол интеллектуалдық дүние шексіздігінің реалды және потенциалды түрде сарқылған жеріне барып жеткен болар еді, сонымен, саналған сансыздық деген атышулы керемет келіп шығар еді.

Бірақ тыянақты анықталуы сондай, тіпті қандай да болса күмәндану бізге ақылдан адасқандық болып көрінетін ақыйқаттар бар емес пе? Мысалы, екі жердегі екі төртке тең, үшбұрыштың бұрыштарының қосындысы екі тік бұрышқа тең, Париж Франция жерінде, тамақ ішпеген адам аштан өледі т. т. Олай болса, *мәңгілік* ақыйқаттардың, ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқаттардың болғаны ғой!

Әрине. Танымның бүкіл саласын, баяғыдан белгілі тәсіл бойынша, үш үлкен бөлімге бөле аламыз. Бірінші бөлімге аздық көпті мөлшерде математикалық өңдеуге келетін жансыз табиғат көріндегі барлық ғылымдар жатады, ондайлар: математика, астрономия, механика, физика, химия. Егер өте-өте жай нәрселерге үлкен ат қойғанды қызық көретін адам болса, онда былай деуге болады: бұл ғылымдардың *кейбір* нәтижелері мәңгілік ақыйқаттар, ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқаттар болып табылады, сондықтан да олар *дәл* ғылымдар деп аталған. Алайда нәтижелердің бәрінде бірдей ондай сыйпат бола бермейді. Математикаға өзгермелі шама енгізілген кезде, олардың өзгергіштігі шексіз аз бен шексіз көпке де қолданылатын болған кезде, — сол кезде жалпы алғанда өнегелі болып табылатын математика да күнаға батты: ол да таным алмасының дәмін татып, мұның өзі оған үздік зор табыстарға, сонымен бірге адасушылыққа да, жол ашты. Математикаға біткеннің бәрінің абсолютті мәнділігін, талассыз дәлелділігін бейнелейтін тың жайлар келмеске кетті; алауыздықтар дәуірі басталды, сөйтіп біз адамдардың көбі дифференциал, интеграл есептерін шығарғанда, өздерінің не істеп отырғандарын білгендіктен емес, осы күнге дейін нәтижелері әрқашан дұрыс шығып келгендіктен, оған былайынша сенетін заманға жеттік. Астрономия мен механикада істің жайы бұдан да нашар, ал физика мен химияда, быжылдаған көп балшыбынның ішінде қалған сыяқты, кілең гипотезаның ортасында тұрсын. Істің жайының бұдан басқаша болуы да мүмкін емес-ті. Физикада молекулалардың қозғалысымен, ал химияда атомдардан молекулалардың пайда болуымен ісіміз болады, ал егер жарық толқындарының интерференциясы ойдан шығарылған нәрсе болмаса, бұл қызық нәрселерді бір кезде өз көзімізбен көреміз деуге тіпті ешқандай үміт жоқ. Мұнда біраз уақыттар өткеннен кейін ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқат дегендер мүлде сирек кездесетін жай болмақ.

Өзінің табиғатында, тек біз ғана емес, тегінде бір де адам басы-қасында болмаған процестермен шұғылданатын геологияда істің жайы бұдан да нашар. Сондықтан мұнда ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқаттарды іздеп табу үлкен қыйыншылыққа түседі, ал нәтижелері өте шамалы болады.

Ғылымдардың екінші класына тірі организмдерді зерттейтін ғылымдар кіреді. Бұл салада орын тепкен қарым-қатынастар мен себептік байланыстардың әрқыйлылығы сондай, әрбір шешілген мәселенің аса көп жаңа мәселелер көтеретіні былай тұрсын, әрбір жеке мәселені де көп реттерде кейде жүздеген жылдар керек қылатын талай зерттеулер жолымен тек бөліп-бөліп қана шешуге болады; оның бержағында зерттеудегі байланыстарды системаға салу керектігі бізді әрқашан ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқатты гипотезаның қалың нуымен қоршауға мәжбүр етеді. Сүтқоректілердегі қан таралуы сыяқты сондай қарапайым нәрсені дұрыстап анықтау үшін Галеннен бастап Мальпигиге дейінгі уақыт ішінде қандай ұзыннан ұзақ аралық басқыштар қажет болды! Қан түйіршіктерінің пайда болуы жайында қандай аз білеміз, сол сыяқты, мысалы, нендей де болса бір аурудың білінісі мен оның себептерін рационалды байланысқа келтіру үшін кәзірдің өзінде де бізге көптеген аралық буындардың жетпейтіні қандай! Оның бержағында өте көп реттерде клетканың табылуы сыяқты жаңалықтар пайда болады да, олар бізге осы күнге дейін биологияда берік анықталған ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқаттардың бәрін бүтіндей қайта қаратқызып, олардың талай-талай үймектерін біржола сырып тастатады. Сондықтан, мұнда шын мәнісіндегі, нағыз өзгермейтін ақыйқаттарды анықтағысы келген кісі, адам баласының бәрі де өледі, сүтқоректілердің ұрғашыларының бәрінде желін болады т. т., деген тәрізді жауыр сөздермен қанағаттануға тиіс болады. Ол тіпті жоғары хайуандарда ас сіңіру, баспен емес, асқазанмен және ішек жолымен болатынын, өйткені ас сіңіру үшін орталығы басқа шоғырланған жүйке тамыр қызметі керек екенін де айта алмайды.

Ал ғылымдардың үшінші тобында, — адамдардың тұрмыс жағдайларын, қоғамдық қатынастарды, праволық және мемлекеттік формалар мен олардың философия, дін, искусство және т. т. түріндегі идеялық қондырмасын, олардың тарихи жалғасында және кәзіргі жағдайында, зерттейтін тарих ғылымдары тобында мәңгілік ақыйқаттар жайы бұлардан да нашар. Организмді дүниеде бізге не дегенмен, әйтеуір, дәйекті процестер қатарымен ісіміз болуына тура келеді, олар біздің тікелей байқауымыз шеңберінде, өте кең көлемдерде бірсыдырғы дұрыс қайталап тұрады. Аристотель заманынан бері организмдердің түрі жалпы және тұтас алғанда өзгеріссіз. Ал, керісінше, қоғамдар тарихында, адамзаттың алғашқы күйінен, тас дәуірі деп аталатын кезеңнен, шыққанымыздан бастап-ақ құбылыстардың қайталауы:

үйреншікті емес, некен-саяқ кездеседі; ал мұндай қайталаулар бола қалған жерде де, ол ешқашанда мүлде бірдей жағдайда болмайды. Мысалы, мәдениетті халықтардың бәріндегі жерге алғашқы қауымдық меншік фактысы осындай, оның ыдырау формасы да осындай. Сондықтан адамзаттың тарихы саласында біздің ғылым биология саласындағыдан да бетер көп кейінге қалған. Ол ол ма: кейде некен-саяқ бір реті болып белгілі тарихи кезеңдегі тіршіліктің қоғамдық және саяси формаларының ішкі байланысын біле алсақ, әдетте, мұның өзі ол формалар жартылай көнерген, құлауға бет алған кезде болады. Демек, мұнда, істің шын мәніне келгенде, танымның относительдік сыйпаты бар, өйткені ол белгілі уақытта, белгілі халықтарда болатын және өзінің жаратылысында өтпелі қоғамдық және мемлекеттік формалардың байланыстары мен нәтижелерін анықтаумен шектеледі. Сондықтан, мұнда ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқаттардың соңынан, шын мәнісіндегі, тегінде өзгермейтін ақыйқаттардың соңынан қуған адамның қолына ілінері шамалы, — оларға тек адам баласы жалпы алғанда еңбек етпей тұра алмайды, адамдар осы күнге дейін көбінде өктемдік етушілер және бағынушылар болып бөлініп келді, Наполеон 1821 жылдың 5 майында өлді, т. т. деген тәрізді жауыр болған, жалпылама сөздер ғана тиюі мүмкін.

Алайда, бір жақсысы, мәңгілік ақыйқаттар, ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқаттар және т. т. деп аталатындарға нақ осы салада жиі ұшырасамыз. Мәңгілік ақыйқаттардың бар болуы фактысынан жалпы алғанда адамзат тарихында да мәңгілік ақыйқаттар, мәңгілік мораль, мәңгілік әділет және т. т. өмір сүреді деп, олар математиканың қорытындылары мен ережелерінікі сыяқты маңызды және солардай қыймыл өрісін талап етеді деп, қорытынды шығарғысы келген адам ғана екі жердегі екі төрт, құстың тұмсығы бар деген тәрізді, тағы сондай жайларды мәңгілік ақыйқаттар деп жарыялайды. Міне сонда мынаған кәміл сенуге болады: нақ осы адамзат досы ең алғашқы реті келген бойда-ақ бізге: бұрынғы мәңгілік ақыйқаттарды шығарушылардың бәрі де азды-көпті мөлшерде есек, шарлатан болған, олардың бәрі де адасуда жүрген, бәрі де қателескен және олардың адасулары мен олардың қателіктері өте табиғи нәрсе, мұның өзі ақыйқат және дұрыстық дегеннің бәрі тек *менде* болатынынның дәлелі болып табылады, жаңа пайда бола қалған пайғамбар — менің қолымда мүлде даяр күйінде ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқат, мәңгілік мораль, мәңгілік әділет бар, деп мәлімдемек. Мұның бәрі жүз рет, мың рет болған жайлар, сондықтан, — әңгіме басқалар жайында емес, — жоқ, әңгіме өздері жайында болып отырғанда оған нана қалатын аңқау адамдардың әліде кездесетініне тандануға ғана тура келеді. Ал оның бержағында мұнда біздің алдымызда, қалай дегенде де, тағы

бір сондай пайғамбар тұр, ол қандай да болса бір жеке адам ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқаттарды аша алады дегенді жоққа шығаратын адамдарға, әдеттегіше, жан-тәнімен ызаланады. Бұл жағдайды жоққа шығару, тіпті оған күманданудың өзі әлсіздіктің белгісі, жаман былықпайдың, кемтарлықтың, жегідей жеген скепсисің барлығын көрсетеді; оның өзі тіпті қарапайым нигилизмнен де, жабайы астан-көстеннен де жаман, деп осындай тағыда басқа ізгі де сыпайы стильмен шұбыртып ала жөнеледі. Пайғамбардың бәріндегі сыяқты, бұл кісіден де ғылыми-сын тұрғысынан зерттеуге, талқылауға ұмтылғандықты көре алмаймыз, — мұнда Дюринг мырза бар болғаны ыза кернеп бұрк-сарқ еткенді біледі.

Біз жоғарыда бұған қоса адам ойлауының заңдарын зерттейтін ғылымдарды, яғни логика мен диалектиканы еске салуымызға болатын еді. Бірақ бұларда да мәңгілік ақыйқаттар жайының жақсылығы шамалы. Сөздің өз мағнасындағы диалектиканы Дюринг мырза барып тұрған қыйсынсыздық деп жарыялаған, ал логика жөнінде бұрын-сонды жазылған және кәзір жазылып жүрген көптеген кітаптар мұнда да ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқаттардың, кейбіреулер ойлағандай, жер-жерде шашылып жатпағанын мейлінше дәлелдейді.

Алайда біздің кәзірті тұрған таным басқышымыздың, одан бұрынғы да барлық басқыштар сыяқты, түпкілікті болудан қашық екендігіне зәреміз ұшуының қажеті жоқ. Бұл басқыш кәзірдің өзінде фактылардың аса зор материалын қамтыйды және білімінің қандай да болса бір саласына толық жаттыққысы келген әрбір адамнан өте тереңнен арнаулы зерттеуді талап етеді. Мұнда заттарды тану өзінің жаратылысынан көптеген ұрпақтар тізбегі үшін относителді болып қалып, өзінің аяқталуына тек бірте-бірте жетуге тиіс, немесе тіпті, космогония, геология және адамзат тарихы сыяқты, тарихи материалдардың жеткіліксіздігі себепті мәңгі-бақи толық емес және аяқталмаған болып қалуға тиіс. Кімде-кім осы тектес білімдерге шын мәнісіндегі, өзгеріссіз, ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқат критериясын қолданғысы келсе, ол тек өзінің надандығы мен түсінбегендігін ғана дәлелдейді, тіпті, осы жолғыдай, оның шын астары өзінің кателеспейтінін көрсету дәмесі болса да солай болады. Тіпті жуыспайтын қарама-қарсылықтарда қозғалушы логикалық категориялардың бәрі сыяқты, ақыйқат пен адасудың тек өте шағын шектің ішінде ғана абсолюттік маңызы бар; мұны біз жоғарыда көрдік; егер диалектиканың негіздерімен, оның негізгі дәлелдерімен, жуыспайтын қарама-қарсылықтардың бәрінің қолдануға жеткіліксіздігі туралы, дәл осы туралы сөз қылған негізгі дәлелдерімен аз да болса таныс болса, оны Дюринг мырза да білген болар еді. Ақыйқат пен адасудың қарама-қарсылығын жоғарыда айтылған өте тар шектен тыс қолдансақ, бұл қарама-қарсылық от-

носителдік (релятивтік), олай болса, пікірді білдірудің дәлме-дәл ғылыми әдісі үшін жарамсыз қарама-қарсылыққа айналар еді. Ал егер, бұл қарама-қарсылықты, абсолюттік қарама-қарсылық есебінде жоғарыда айтылған шектен тыс қолданбақ болсақ, онда біздің мұнымыздан түк шықпайды: қарама-қарсылықтың бір-біріне жуыспайтын екі жағының әрқайсысы өзіне қарама-қарсы болып шығады, яғни ақыйқат адасушылыққа айналады, адасушылық ақыйқатқа айналады. Мысал ретінде Бойльдің белгілі заңын алайық, ол заң бойынша тұрақты температурада газдың көлемі оған жасалған қысымға кері пропорционалды. Реньо бұл заңның кейбір реттерде қолдануға келмейтінін ашты. Егер Реньо «шындық философы» болса, ол: Бойль заңы өзгергіш, демек, ол кәдімгі ақыйқат емес, олай болса — ол тегінде ақыйқат та емес, сондықтан ол — адасу, деп жарыялауға міндетті болар еді. Бірақ онда Реньо Бойльдің заңындағы қателіктен әлдеқайда үлкен қателікке ұрынар еді де, өзі тапқан ақыйқат түйірі адасудың үйме-жүймесі ішінде жоғалар еді; демек, ол өзінің әуелгі дұрыс нәтижесін адасуға айналдырар еді, ал бұл адасумен салыстырғанда, Бойль заңы, өзіне тән адасу түйірімен бірге, ақыйқат болып көрінер еді. Бірақ Реньо, ғылым адамы болғандықтан, ондай балалыққа барған жоқ; ол одан әрі зерттей отырып, тегінде Бойль заңының тек біршама ғана дұрыс екенін анықтады; атап айтқанда, оны қысым арқылы тамшылы-сұйық күйге айналдыруға болатын газдарға қолдануға келмейді; оның бер жағында қысым сондай бір нүктеге жақындап, мұнда газ сұйыққа айналатын кезден бастап ол заң өзінің күшін жоғалтады. Сонымен, Бойль заңының тек белгілі шеңбер ішінде ғана дұрыс болатыны анықталды. Ал бірақ ол осы шеңбер ішінде де абсолютті және түпкілікті дұрыс па? Бірде бір физик олай деп айта алмайды. Ол: бұл заң қысым мен температураның белгілі шеңберінде ғана және белгілі газдарға ғана жүреді, дейді; және ол осы тар шектің ішінде тағыда жаңа тежеулер жасауға немесе тіпті заңның тұжырымдауын өзгертуге тура келуі мүмкін дегенге қарсы шығып жатпайды<sup>1</sup>. Сонымен, мысалы, физикада

<sup>1</sup> Осыны жазған кезімнен бергі уақыт ішінде бұл сөздерім расталған сияқты. Менделеев пен Богускийдің неғұрлым дәлірек аппараттармен жүргізілген ең жаңа зерттеулері бойынша, нағыз газдардың бәрінде қысым мен көлемнің арасындағы қатынастың өзгеріп тұратындығы анықталды, сүтегінде кәзірге дейін қолданылған қысымдардың бәрінде кенею коэффициенті болымды болған (көлемнің кішіреюі қысымның өсуінен жайырақ жүреді); атмосфералық ауада және басқа да зерттелген газдарда әрбір газ үшін қысымның нульдік нүктесі бар екені анықталды, сондықтан қысымның азында әлгі коэффициент болымды болады, көбінде — болымсыз болады. Демек, осы күнге дейін практикада жарамды Бойль заңы толып жатқан арнаулы заңдармен толықтыруды керек етеді. (Ал кәзір — 1885 ж. — тегінде ешқандай «ақыйқат» газ жоқ екенін білеміз. Олардың бәрі де тамшылы-сұйық күйге келтірілді.) [Энгельстің ескертуі.]

ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқаттардың жайы осындай. Сондықтан шын ғылыми еңбектерде адасу және ақыйқат деген сыяқты догмалық-моральдық сөздерден аулақ жүріледі; ал шындық философиясы тәрізді шығармаларда, керісінше, олардан аяқ алып жүре алмайсың, мұнда ананы бір, мынаны бір айтып бөскендік өзін суверенді ойлаудың аса суверенді нәтижесі етіп таңғысы келеді.

Бірақ, — деп сұрауы мүмкін аңқау оқушы, — шындық философиясының мазмұны түпкілікті ақыйқат және оның үстіне ақырғы инстанциядағы ақыйқат болып табылады деп Дюринг мырза қай жерде тура мәлімдеген еді? Қай жерде? — Мысалы, өзінің системасын өлердей мақтаған жерін алуға болады (13-бет), екінші тарауда біз одан кейбір үзінділер келтірдік. Немесе, жоғарыда келтірілген пікірінде: моральдық ақыйқаттар, олар түпкі негіздеріне дейін танылғандықтан, математиканың қорытындылары сыяқты маңызға дәмелене алады дегені. Сонысың, Дюринг мырза өзінің шын мәніндегі сын көзқарасымды негізге ала отырып және ең түбіріне жететін өзінің зерттеулерім арқылы осы түпкі негіздерге, негізгі схемаларға жеттім, демек, моральдық ақыйқаттарға ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқаттардың сыйпатын бердім деп отырған жоқ па? Ал егер Дюринг мырза өзінен де, өз заманынан да мұндай мойындау талап етпейтін болса; егер оның буалдыр болашақтағы бір кездерде ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқаттар анықталуы мүмкін дегісі ғана келген болса; демек, оның шатастырыңқыраған түрде айтқаны отырғаны шамамен сол «жегідей жеген скепсистің», «жөнсіз былықтың» айтқаны болса, — олай болған күнде бұл ушудың неге қажеті болды, және, тегінде, Дюринг мырзаға не керек өзі?

Ақыйқат және адасушылық мәселесінің өзінде-ақ бір орыннан қозғалмаған болсақ, жақсылық пен жамандық мәселесінде істің жайы одан да нашар. Бұл қарама-қарсылық тек қана мораль саласында, олай болса, адамзат тарихына жататын салада білінеді, ал мұнда ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқат басқалардан да гөрі тапшы. Жақсылық пен жамандық жайындағы түсініктің халықтан халыққа, ғасырдан ғасырға өзгеріп отырғандығы соншалық, тіпті екінші бірінде біріне бірі тура қайшы келіп отырған. — Бірақ, деуі мүмкін қарсы шыққан біреу, жақсылық не дегенмен жамандық емес те, жамандық жақсылық емес; егер жақсылық пен жамандық араластырылатын болса, қандай да болсын өнегелілік жойылмақ, әркім не істегісі келсе соны істемек. Дюрингінің пікірінен абыздың киімін шешетін болсақ, оның пікірі нақ осындай. Бірақ мәселе бұлайша оп-оңай шешілмейді. Егер ол мұндай оңай нәрсе болса, онда жақсылық пен жамандық жайында ешқандай талас болмас еді, жақсылық не, жамандық не екенін әркім-ақ білген болар еді. Ал кәзіргі кезде істің жайы қандай? Кәзіргі уақытта бізге уағыздалып жүрген қандай мо-

раль? Ең алдымен, бұрынғы діншіл замандардан мұра болып қалған христиандық-феодалдық мораль; мұның өзі, өз ретінде, негізінде католиктік және протестанттық болып екіге бөлінеді, бұдан кейін де иезуит-католиктік және ортодокс-протестанттықтан бастап тайғанақ ағартушылық мораліне дейін неше түрлі тараулар жетіп жатыр. Бұлармен қатарлас кәзіргі буржуазиялық мораль тұр, ал оның жанында келешектің пролетарлық моралі тұр; сонымен, Еуропаның алдыңғы қатарлы елдерінің бір өзінде ғана өткен шақ, осы шақ және келер шақ мораль теориясының бір кезде және қатар өмір сүріп келе жатқан үш үлкен тобын алға қойды. Мұның қайсысы ақыйқат мораль болып табылады? Егер абсолютті жетілу деген өлшеуіш қолданылатын болса, мұның біреуі де ақыйқат мораль емес; бірақ әрине, үстіміздегі уақытта кәзіргі құрылысты құлатуды қуаттайтын, келешекті жақтайтын мораль, демек, пролетарлық мораль, оны ұзақ уақыт өмір сүруге жеткізетін элементтердің көбіне ие болады.

Ал егер кәзіргі қоғамның үш табының, феодалдық аристократияның, буржуазияның және пролетариаттың әрқайсысының өзіне бөлек моралі болса, одан біз мынадай ғана қорытынды жасай аламыз: адамдар өздерінің өнеге жөніндегі түсініктерін, саналы түрде болсын, санасыз түрде болсын, сайып келгенде өздерінің таптық жағдайы негізделген практикалық қатынастардан алады, яғни өндіріс пен айырбас болатын экономикалық қатынастардан алады.

Бірақ жоғарыда көрсетілген үш түрлі мораль теорияларында олардың бәріне ортақ бір жай бар; мүмкін, нақ осы ортақ жайдың өзі біржола орнатылған моральдың белгілі бір бөлігі болатын шығар? Бұл айтылған мораль теориялары бір тарихи дамудың үш түрлі сатысын бейнелейді, демек, олардың тарихи негіздерінің бір болғаны; осының өзінен-ақ оларда ортақ жайлар көп болмауға мүмкін емес. Ол ол ма. Экономикалық дамудың бірдей немесе шамамен бірдей сатылары үшін өнеге теориялары қалай болғанда да азды-көпті мөлшерде бір біріне сәйкес келуі керек. Қозғалмалы заттарға жеке меншік орнаған кезден бастап, бұл жеке меншік болған қоғамдардың бәрі үшін ортақ моральдық ереже: «Ұрлық істеме» деген болды. Осыдан келіп бұл айтылған ереже мәңгілік моральдық ереже бола ала ма? Жоқ, мүлде бола алмайды. Ұрлыққа итермелейтін қандай да болса себептер жойылған қоғамда, демек, бір кездерде ұрлық істелсе тек жындынып ауырғандар ғана істеуі мүмкін қоғамда, — бір мораль уағызшысы шығып, «ұрлық істеме!» деген мәңгілік ақыйқатты салтанатты түрде жарыяламақ болса, ол қандай күлкі болар еді.

Сондықтан біз мораль дүниесінің де тарихтан, ұлттық өзгешеліктерден жоғары табжылмас принциптері бар деген желеумен



бізге қандай да болса бір моральдық догманы мәңгілік, түпкілікті, бұдан былай өзгермейтін өнеге заңы ретінде таңбақ болатын әрекеттің қандайына болса да қарсымыз. Қайта, біз қандай да болсын мораль теориясы осы күнге дейін сайып келгенде қоғамның белгілі экономикалық жағдайының жемісі болды дейміз. Ал осы уақытқа дейін қоғам таптық қарама-қарсылықтарда дамығандықтан, мораль әрқашан таптық мораль болды: ол не үстем таптың өктемдігі мен мүдделерін қорғап отырды, немесе, өзілуші тап тиісінше күшейген кездерде, ол таптың бұл өктемдікке қарсы ашынуын білдіріп, езілгендердің келешегінің мүдделерін білдірді. Мұнда, моральда, адам танымның басқа да барлық салаларындағы сыяқты, жалпы алғанда прогресс байқалатындығына, әрине, өшкім күманданбайды. Бірақ біз кәзірде де таптық моральдың шеңберінен әлі шыққанымыз жоқ. Нағыз адамгершілік мораль, таптық қайшылықтармен олар жөніндегі естеліктердің бәрінен жоғары тұрған мораль, таптардың қарама-қарсылығы жойылып қана қоймай, сонымен бірге, практикалық өмірде оның ізі де жойылған қоғамдық даму сатысында ғана мүмкін болады. Ал енді өзі ескі таптық қоғамның қақ ортасында отырып алып, әлеуметтік революцияның қарсаңында, болашақ тапсыз қоғамға уақыт пен нақты өзгерістерден тәуелсіз мәңгілік мораль таңбақ болып дәмеленген мына Дюринг мырзаның білгішсінтен пиғылына жұрт төрелік бөрсін! Дюринг мырзаны ол болашақ қоғамның құрылысын жалпылама түрде болса да біледі деп шамалағанның өзінде де істің жайы осындай,—ал шынында оның білетін-білмейтін бізге әді белгісіз.

Әңгімеміздің соңында тағы бір «түп негізінде өзіне бөлек», бірақ солай болғанмен «түбіріне жеткен» жаңалық ашқанды айта кетейік. Жамандықтың пайда болуы мәселесінде «хайуанның бір түрі арам пиғылды *мысық түрінде* болатыны біз үшін адамда да осындай мінез-құлықтың болатындығының бір көрінісі болып табылады... Сондықтан, егер біз *мысықтың* немесе басқа да жыртқыш аңдардың болуында мистикалық бірдеме бар деп сезіктенетін болмасақ, жамандық деген де бір ғажайып құпия нәрсе емес екенін аңғарамыз». Сонымен, жамандық деген — мысық. Демек, шайтанда мүйіз бен ат тұяғы емес, өткір тырнақ пен көк көз бар. Мефистофельді, жоғарыда айтылғандай, қара мысық түрінде бейнелемей, қара ит түрінде бейнелегені Гегенің кешіргісіз қатесі болған. Жамандық деген — мысық! Міне бұл, шынында да, барлық дүниелерге ғана емес, сонымен бірге, мысыққа да жарайтын мораль екен!<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Түп нұсқада бұл аударуға келмейтін сөз құбылысы: «für die Katze» деген мүлде түкке аспайтын зат, сонымен бірге, босқа кеткен еңбек те деген сөз. *Ред.*

## X

## МОРАЛЬ ЖӘНЕ ПРАВО. ТЕНДІК

Біз Дюринг мырзаның методымен талай рет танысқанымыз болды. Оның методының мәнісі мынада: таным объектілерінің әрбір тобын олардың қарапайым элементі дегендерге ажыратады, бұл элементтерге сол сыяқты қарапайым, өзінен өзі айқын деген аксиомаларды қолданады, сонсын осы жолмен алынған нәтижелерді бетке ұстап әрекет етеді. Сондықтан қоғамдық өмір саласының мәселелерін де «аксиомалық жолмен, әңгіме математиканың қарапайым... негізгі формалары жайында болғандай болса, жеке қарапайым, негізгі формаларда шешу қажет». Сонымен келіп, тарихқа, моральға және правоға математикалық метод қолдану мұнда да бізді табылған нәтижелердің математикадағыдай шын болуына жеткізуге тиіс, бұл нәтижелерге нағыз шын, өзгермейтін ақыйқаттар сыйпатын беруге тиіс.

Мұның өзі, ежелгі жақсы көрілген, априорлық деп аталатын, идеологиялық методтың өзгеше бір түрі ғана; бұл метод бойынша белгілі бір нәрсенің қасиеттері, оларды сол нәрсенің өзінен табу арқылы емес, ол нәрсе жөніндегі ұғымнан логикалық жолмен шығару арқылы танылады. Мұнда әуелі, нәрсенің өзіне сүйене отырып, сол нәрсе жөнінде ұғым жасалынып алынады; сонсын бәрі асты үстіне аударылады да, нәрсенің бейнесі, ол жөніндегі түсінік нәрсенің өзі үшін өлшеуішке айналады. Енді, ұғымның нәрсеге үйлес келуі емес, қайта нәрсе ұғымға үйлес келуге тиіс болады. Дюринг мырзада ұғым орнына аса қарапайым элементтер, өзі жете алғандай жердегі соңғы абстракциялар жүреді, бірақ бұл ешбір ретте де істің мәнін өзгертпейді: аса қарапайым элементтердің, ең әрі кеткенде, таза логикалық сыйпаты ғана бар. Демек, шындық философиясы мұнда да таза идеология болып отыр, шындықты оның өзінен емес, түсініктен шығарушы болып отыр.

Міне осы тәрізді идеолог мораль мен правоны, айналасындағы адамдардың шын қоғамдық қатынастарынан емес, ұғымнан немесе «қоғамның» аса қарапайым элементтері дейтіндерден құрастырған күнде не шығады? Мұндай құрылыс үшін оған материал не болады? Тегінде, екі түрлі зат болуға тиіс: біріншіден, бұл негізге алынған абстракцияларда, мүмкін, аман қалған нақты мазмұнның болмашы қалдықтары шығар да, екіншіден, идеологіміздің өзінің өзіндік санасынан енгізген мазмұны шығар. Ал ол өзінің санасынан не табады? Көбінесе моральдық және праволық көзқарастар табады, бұл көзқарастар арасында өзі тұрған қоғамдық және саяси қатынастардың болымдылығы не болымсыздығы, қуаттауы не күресуі маңнасында—азды-көпті дәрежеде тиісті көрінісі болып табылады; мұның соңында ол тиісті

әдебиеттен алынған түсініктер табуы мүмкін, қала берді, өз басының кейбір дарақылықтарын да табуы мүмкін. Біздің бұл идеологіміз тызақ қағып қалай жалтарса олай жалтарсын: ол есіктен сыртқа лақтырған тарихи реалдық терезеден қайта ұшып кіріп жатады. Барлық дүниелер мен барлық замандарға лайықтап өнегелік және праволық ілім жасап отырмын деп босқа лаққан ол шындығында өз заманының консервативтік не революциялық ағымдарының бұрмаланған, — өйткені ол ілімі нақты негізден қол үзген, — және, қыйсық айнадағы сыяқты, аяғы жоғары қараған бейнесін беріп отыр.

Сонымен, Дюринг мырза қоғамды оның аса қарапайым элементтеріне ажыратады және, оның айтуынша, аса қарапайым қоғам ең болмағанда *екі* адамнан құралатын көрінеді. Бұдан кейін Дюринг мырза бұл екі жанды аксиома жолымен өзінің әрекетіне пайдаланады. Сөйтіп бұл жерде өз өзінен келіп моральдың негізгі аксиомасы шығады: «екі адамның еріктері сол күйінде өзара *толық тең*, олардың бірде бірі екіншісіне ешқандай болымды талаптар қоя алмайды». Сөйтіп «моральдық әділеттің негізгі формасы сыйпатталған, онымен бірге юридикалық әділеттің формасы да сыйпатталған, өйткені «правоның принципіті ұғымдарын өрістету үшін бізге жалғыз-ақ керегі *екі адамның* мүлде қарапайым және элементарлы қатынасы ғана».

Екі адам немесе екі адамның еріктері сол күйінде өзара *мүлде тең* деушілік, — аксиома еместігі былай тұрсын, тіпті тым асыра айтқандық болады. Ең алдымен, екі адам тіпті жыныс жағынан да тең болмауы мүмкін, бұл қарапайым факт, — егер әлгі балалық түсінікті бір минутқа шын көріп қарасақ, — бізді дереу былай дегенге келтіреді: қоғамның аса қарапайым элементі, екі еркек адам емес, *семья* құраған, өндіріс максатындағы қоғамдық байланыстың осы аса қарапайым және алғашқы формасын құраған бір еркек пен бір әйел болады екен, дегенге келтіреді. Бұл Дюринг мырзаға ешбір жарамайды. Өйткені, біріншіден, оған екі қоғам құрушыны да мүмкінінше теңірек жасауы керек, ал екіншіден, тіпті Дюринг мырза да алғашқы қоғам семьясынан еркек пен әйелдің моральдық және праволық теңдігін құрастыра алмас еді. Сонымен, екіншісі бірі: не Дюринг мырзаның әлеуметтік молекуласы, өзінің көбеюі арқылы бүкіл қоғам құрылуға тиіс болған молекула, бастан-ақ құрып бітуде тиіс, өйткені екі еркек бірігіп ешқашанда бала жарата алмақ емес, не болмаса біз ол екі еркекті екі семья басы деп білуіміз керек. Мұның соңғысы болса бүкіл қарапайым негізгі схема өзінің қарама-қарсылығына айналады: адамдардың теңдігі орнына ол, ең мықтағанда, семья басыларының ғана теңдігін дәлелдейді, ал бұл ретте әйел кемсітілетін болғандықтан, бұл схема оның үстіне әйелдің бағынышты екенін де көрсетеді.

Бұл арада біз оқушыға бір ұнамсыз жайды айтып қоюға тиіспіз: ендігі жерде ол көп уақытқа дейін бұл инабатты екі ерден құтыла алмайды. Қоғамдық қатынастар саласында олар, басқа аспан әлемдерінің тұрғындары осы кезге дейін қандай роль атқарған болса, сондай роль атқарады; ал аспан тұрғындарынан құтылған сияқтымыз. Саяси экономияның, саясаттың және тағы басқа сондайлардың қандай да болса бір мәселесін шешуге тура келсе, дереу осы екі ер шыға келеді де, табан орында мәселені «аксиомалықпен» шеше салады. Біздің шындық философымыз қандай да тамаша, творчестволық, система жасаушы жаңалық ашқан! Бірақ әңгіменің шынына көшетін болсақ, амал қайсы, бұл екі ерді ашқан ол емес екенін айтуға тиіс боламыз. Бұл екі ер — бүкіл XVIII ғасырға ортақ. Бұл екеуі Руссоның теңсіздік туралы трактатының өзінде кездеседі (1754 ж.), бұл еңбекте ол екеуі Дюринг мырза айтып отырған пікірге мүлде қарама-қарсы жайларды аксиомалықпен дәлелдейді. Бұдан кейін олар — Адам Смиттен бастап Рикардоға дейін — саяси экономияшыларда басты роль атқарады; бірақ мұнда олар әйтеуір әрқайсысы өзінің бөлекше жұмысымен шұғылдануы жағынан тең болмайды — көбінесе бірі аншы, бірі балықшы болады да, өздері өндірген заттарын өзара айырбас қылады. Мұнымен қатар, олар бүкіл XVIII ғасыр бойында көбінесе жай түсіндіруші мысал ретінде жүріп келді, ал Дюринг мырзаның жаңалығы сол-ақ, ол бұл иллюстрациялық методты қоғамдық ғылым атаулының негізгі методы етіп, барлық тарихи қоғамдық формалардың масштабына көтереді. Әрине, өзінің «заттар мен адамдарды қатаң ғылыми жолмен түсінуінді» бұдан артық жеңілдету қиын болар.

Бірақ екі кісі және олардың еріктері өзара мүлде тең, олардың бірде бірі екіншісіне ешнәрсе бұйыра алмайды, деген негізгі аксиоманы жасақтау үшін, мұндай іс үшін кез келген екі ер адам жарай қоймайды. Бұл екі адам қандай да болсын реалдыктан, жер бетінде болатын барлық ұлттық, экономикалық саяси және діни қатынастардан, қандай да болсын жыныс және жеке бас өзгешеліктерінен соншалық тәуелсіз болуы керек, сонда ол екеуінде «адам» деген жалаң ұғымнан басқа ешнәрсе қалмайды, әрине, бұлай болғанда ол екеуі «мүлде тең». Демек, бұл екеуі нағыз барып тұрған елес, ал оны шығарып отырған қайда болса да «спириттікке» әуестенушілікті сезіп, әшкерелеп жүретін Дюринг мырзаның өзі. Бұл екі елес, әлбетте, сыйқыршысы не бұйырса соның бәрін істеуге тиіс; бірақ нақ сондықтан да олардың фокустарының бәріне былайғы жұрт мейлінше немқұрайды қарайды.

Дегенмен, Дюринг мырзаның аксиоматикасын әрірек барыңқырап қарайық. Екі ерік бір біріне ешқандай болымды талап қоя алмайды. Ал егер оның біреуі не дегенмен талап қойып, онысын күштеп жүзеге асыртқызатын болса, онда әділетсіздік жағ-

дийы пайда болады, және бұл негізгі схемаға сүйеніп Дюринг мырза әділетсіздік, зорлық, құлдық дегендер не екенін түсіндіреді, — қысқасын айтқанда, сөзге тұрарлық бүкіл бұрынғы тарихты түсіндіріп шығады. Ал Руссо жоғарыда аталған шығармасында сол екі ер адам арқылы осындай аксиомалықпен бұған мүлде қарама-қарсы бір жайды дәлелдеген болатын, атап айтқанда, ол мынаны дәлелдеді: А және Б деген екі субъектіден біріншісі екіншісін зорлықпен кіріптар ете алмайды, ол тек Б ны А сыз күн көре алмайтын жағдайға қою арқылы ғана осыған жетеді, — рас, Дюринг мырза үшін бұл тым материалистік көзқарас. Сондықтан ол мәселені бірсыпыра басқашарақ жақтан алып қарап көрейік. Теңізде апатқа ұшыраған кеменің екі кісісі адам баласы тұрмайтын аралдан шығып, онда қоғам құрады. Олардың еріктері формальды жағынан алғанда мүлде тең, мұны екеуі де осылай деп біледі. Бірақ материалдық жағынан екеуінің арасында үлкен теңсіздік бар: А—батыл, жігерлі адам болса, Б—батылдығы жоқ, жалқау, босаң адам; А — зерек, Б — топас. Міне, бұдан келіп, әдетте, А ның Б ға өз дегенін жүргізетіні, басында ұғындыру арқылы жүргізсе, сонынан оның үйреншікті болып кететіні, бірақ қашан болғанда да өз ықтыярымен келіскендік формасында болатыны белгілі емес пе, бұған көп уақыт керек пе? Алайда, бұл арада өз ықтыярымен келіскендік формасы сақталған ба? немесе ол өрескел тепкіде қалған ба? — құлдықтың аты құлдық қой. Еріксіздік күйге өз ықтыярымен ену бүкіл орта ғасырлар заманында орын алған, ал Германияда ол отызжылдық соғыстан кейінгі уақытта да байқалып отыр. Пруссияда, 1806 және 1807 жылдардағы соғыс жеңілістерінен кейін, крепостнойлық тәуелділік жойылып, онымен бірге, аса маркабатты төрелердің қол астындағы адамдар мұқтаждық көргенде, ауырғанда, қартайғанда оларға қарасу міндеті де жойылған кезде, шаруалар корольге арыз беріп, өздерін басыбайлы күйде қалдыруды сұраған, әйтпесе мұқтаждық көре қалсақ бізге кім қарасады? — деген. Демек, екі ер адам схемасы олардың теңдігі мен бір біріне жәрдемдесуіне қаншалық бейімделген болса, теңсіздік пен құлдыққа да сондайлық «бейімделген», ал енді, қоғам өліп бітеді деп қорқып, оларды семья басылары деп мойындауға мәжбүр болғандығымыздан, схемада мұра ретінде ауысып отыратын құлдықтың да көзделгені.

Алайда, бұл ойларды әзірше қоя тұрайық. Айталық, Дюринг мырзаның аксиоматикасы бізді иландырды дейік, екі еріктің толық тең праволылығы, «жалпы аламзаттық суверендік», «индивид суверендігі» идеялары, — өзімен салыстырғанда тіпті Штирнердің «Жалғызілік адамы» мен оның меншігі<sup>1</sup> де, бұл іске ол

<sup>1</sup> «Жалғызілік адам және оның меншігі» — Макс Штирнер шығармасының аты; ол шығарманы Маркс пен Энгельс «Неміс идеологиясында» өлтірсеңға алған. *Ред.*

өзінің азды-кем үлесін қосқан болса да, түкке тұрмайтын бүкіл осы нағыз құлпырған қызыл тіл бізді сондай қуантты дейік. Сөйтіп, біз бәріміз кәзір *мүлде теңбіз* және тәуелсізбіз. Болғаны осы ма? Жоқ, дегенмен болғаны осы емес. «Орынды тәуелділік» дейтін реттер болады, бірақ мұндай реттер «сол күйіндегі екі еріктің әрекеттерінен емес, үшінші саладан, мысалы, — әңгіме балалар жайында болғанда, — олардың дербестігінің жеткіліксіздігінен ізделуге тиіс себеппен» түсіндіріледі.

Шынында да! Тәуелділік себебін сол күйіндегі екі еріктің әрекетінен іздемеу керек! Әрине, одан іздеуге болмайды, өйткені еріктің біріне өзінің әрекетін көрсетуге кедергі жасалып отырады. Бұл себептерді үшінші саладан іздеу керек! Ал ол үшінші сала деген не? Ол — езілген бір еріктің жеткіліксіздігін көрсеткен нақты айқындық. Біздің шындық философымыздың шындықтан алыс кетуі соншалық, «ерік» деген абстрактылы, мазмұнсыз терминмен салыстырғанда ол еріктің шын мазмұны мен сыйпатты айқындығы ол үшін өнді «үшінші сала» болып табылады. Қалай болған күнде де, теңправолылық ішінде бөлекшелік болатынын атап өтуге тиіспіз. Дербестігі жеткіліксіз ерікке келгенде теңправолылық өзінің күшін жояды. *Шегіну № 1.*

Мұнан әрі. «Бір жанның өзінде аң мен адам қасиеті қосылған болса, толық адамдығы бар екіншісі атынан, оның қыймыл түрі бір біріне тек адамдар ғана қарсы тұрғандай болуға тиіс пе, деген сұрақ қоюға болады... Сондықтан біреуінің қандай да болса бір жөнде нағыз аңдық сыйпатқа бейімі бар моральдық жағынан тең емес екі жан жайындағы біздің долбарымыз, бұл айырмашылық бойынша, адам топтарының ішінде және сондай топтардың арасында... кездесуі мүмкін барлық қатынастар үшін типтік негізгі форма болып табылады». Бұл дәрменсіз бұларыстардан кейін келетін зарлы пікірді оқушының өзі оқып көрсін, онда Дюринг мырза иезуит попындай безектеп, тызақтап, адамшыл адамның аң-адамға қарсы не істеуге бара алатынын, өзгеріссіз моральға ешқандай кір келтірместен, ол аң-адамға қаншалықты сенбеушілік, әскери айла, қатаң, тіпті террорлық тәсілдер, сонымен бірге, алдау-арбау қолдана алатынын казуистікпен анықтамақ болады.

Сөйтіп, екі адам «моральдық жағынан тең болмаған» ретте де теңдік тоқтайды. Олай болғанда мүлде тең екі адамды ортаға шығарудың қажеті де жоқ еді, өйткені моральдық жағынан мүлде тең екі адам болмайды. — Алайда, дейді бізге, теңсіздіктің мәнісі: біреуде адамшылық болады да, екінші біреуде аң сыйпаты болады. Бірақ адамның хайуанат дүниесінен өрбу фактысының өзі-ақ адамның ешуақытта да хайуанға тән қасиеттерден толық арылып болмайтындығына кепіл бола алады, демек, әңгіме бұл қасиеттердің не көп дәрежеде, не аз дәрежеде екендігінде болуы мүмкін, — әңгіме хайуандықтың не адамшы-

лықтың әртүрлі дәрежесінде ғана болуы мүмкін. Адамзатты бір-бірінен мүлде өзгеше екі топқа бөлуді, адамшыл адамдар және аң-адамдар, қайырымдылар және жауыздар, қойлар және текелер деп бөлуді, — мұндай бөлуді, шындық философиясынан басқа, тек христиандық ғана жақтайды, оның толық дәйекті түрде, мұндай бөліс жасап отыратын аспанда судьясы да бар. Ал шындық философиясында жоғарғы судья кім болады? Тегінде, бұл мәселе христиандықта практика жүзінде қалай шешілген болса, солай шешілетін болу керек, онда тақуа қойлар өздерінің дүниедегі жақындары «текелердің» үстінен жоғары судья болу ролін өздеріне алады және бұл істе белгілі табыстары да болады. Егер бір кездерде шындық философиясының сектасы құралатын болса, ол секта бұл жөнінде момын тақуаларға, сірә, жал бере қоймас. Бірақ біз үшін оның бәрі бір; бізге керекті-ақ: адамдар арасындағы моральдық теңсіздік нәтижесінде олардың теңдігі тағыда жоққа шығады деп мойындағандары. *Шегіну № 2.*

Әрі қарай жүрейік. «Егер біреу ақықат пен ғылымға сәйкесті түрде әрекет етсе, ал екінші біреу қандай да болса бір ескі нанымға немесе соқыр сенімге сәйкес әрекет етсе, онда... қалай болған күнде де араларында егес шықпак... Белгілі дәрежедегі қабілетсіздік, мінезде дөрекілік немесе жаманшылыққа бейімдік болған жерде мұның арты әрдайым қақтығысқа соғады... *Зорлық* деген тек балалар мен жындыларға ғана қолданатын ақырғы құрал болып қоймайды. Адамдардың бүкіл бір табиғи топтары мен мәдениетті таптардың сыйпаттары олардың бұзылғандықтан дұшпандыққа айналған еріктерін қоғамдық тұрмыс тәртібінің шеңберіне енгізу мақсатында *бағындыруды* болмай қоймайтын қажеттілік етуі мүмкін. Басқаның еркі бұл ретте де *тең праволы* болып танылады, бірақ оның зиянды, дұшпан әрекетінің бұзылғандық сыйпаты болғандықтан ол *теңістіру* қажеттігін туғызады, ал мұнда ол зорлыққа ұшырайтын болса, бұл оның өз әділетсіздігінің кері айналып соққанын көргені».

Демек, екі еріктің «толық теңдігін» жойып, цивилизациялы тонаушы мемлекеттердің артта қалған халықтарға істеп отырған барлық масқаралық істерін, патшалық Россияның Түркстанда істеген хайуандықтарына дейін, дұрысқа шығаруға болатын мораль орнату үшін, тек моральдық теңсіздік ғана емес, ақыл теңсіздігі де жеткілікті болғаны. Генерал Кауфман 1873 жылы жазда татардың жәуміт деген бір тайпа елін шауып, шатырларын өртеп, бұйрықта айтылғандай, «Кавказдың жақсы әдеті бойынша», олардың әйелдері мен балаларын кескілендер деп жарлық бергенде, ол да осылай деген: жәуміттердің бұзылғандық себепті дұшпандыққа айналған еріктерін қоғамдық тұрмыс тәртібінің шеңберіне енгізу мақсатында бағындыру болмай қой-

майтын қажеттілікке айналды, сондықтан бұл қолданған құралдарымыз неғұрлым дұрысы болды; кімде-кім бір мақсатты тілесе, оған жетудің құралын да тілеуі керек, — деген. Бірақ ол, тегістеу үшін қырғанда, — мұнымыз олардың еріктерін тең праволы деп білгеніміз деп, жәуміттерді оның үстіне мазақ қылатын мұндайлық қатаңдыққа барған жоқ. Бұл жанжалда да таңдаулы адамдар, ақыйқат пен ғылымға сәйкесті түрде іс етеді-міс дейтіндер, — демек, сайып келгенде, шындық философтары, — ескі наным, соқыр сенім, дөрекілік, мінез-құлықтың жаман іске бейімдігі дегендерді шешуге ерікті болады, сонымен бірге, олар теңеу мақсатында нақ қай кезде зорлық жұмсау мен бағындыру қажет болатынын да шешуге тиіс. Сонымен, теңдік енді келіп зорлық жолымен теңеуге айналды, мұнда бірінші ерік екінші еріктің тең праволылығын оны бағындыру жолымен ғана таныйды. *Шегіну № 3*, ал мұның өзі бұл арада масқара болып қашуға айналады.

Жол-жөнекей айта кетелік: бөтеннің еркі оны зорлық жолымен теңеу процесінде ғана тең праволы болып танылады, деген сөйлем Гегель теориясының бұрмаланған түрі ғана болып табылады, бұл теория бойынша жаза — қылмыс істегеннің правосы: «Жазаның ішіне қылмыс істегеннің өзіндік правосы енген деген түсінікте қылмысшыны есті жан ретінде сыйлағандық бар» (*Rechtsphilosophie*<sup>1</sup>, § 100, ескерту).

Осы араға тоқтауымызға болады. Дюринг мырзаның енді не істейтінін көрмек болып мұнан әрі оған ере беру артық болар: ол өзі сондай аксиомалықпен анықтаған теңдікті, жалпы адамзаттық суверендікті және т. т. енді бөліп-бөліп қыйратады; айлакерлікпен тек екі ер адамнан қоғам орнатады да, бірақ мемлекет құру үшін тағы үшінші біреуді енгізуге мәжбүр болады, өйткені, — істің жайын қысқаша айтқанда, — бұл үшінші адамсыз ешқандай көпшілік қаулысының шығуына болмайды, ал ондай қаулыларсыз — демек, сол сыяқты, көпшіліктің азшылыққа өктемдік жүргізуінсіз — бірде бір мемлекет өмір сүре алмақ емес; бұдан кейін ол бірте-бірте бұрылып, өзінің келешек «социалитарлық» мемлекетін жасақтау жөніндегі неғұрлым тынышырақ ағысқа ауысады, ал сол мемлекетте біз әлі оған бір күндері кездесетін болармыз. Біздің мынаған әбден көзіміз жететіндей болды: екі еріктің толық теңдігі ол екі ерік *ешнәрсе тілемейтін* кезеңге дейін ғана бола алады, ал олар адамның абстрактылық еркі болуды қойып, шын мәнісіндегі жеке ерікке, екі шын адамның еркіне айналған бойда, — теңдік дереу тоқталады. Біз мынаны көрдік: балалық шақ, ессіздік, мінез-құлықтағы хайуандық сыйпат дейтіндер, ескі наным деген қате түсінулер, сырттан таңылған соқыр сенімдер, бір жақты қабілетсіз деп

<sup>1</sup> «Право философиясы». Ред.



жорамалдау, ал екінші жақты адамшылығы бар, ақыйқат пен ғылымды түсінеді деп шамалау, — бір сөзбен айтқанда, екі ерік пен оларға еретін интеллектілердің сапасындағы қандай да болсын айырмашылық адамдар арасындағы бағынуға дейін жетуі мүмкін теңсіздікті дұрысқа шығарады. Мынадай сұрақ туады: Дюринг мырза теңдік деген өз үйін түп негізіне дейін сондайлық мықтап бұзып отырғанда, бізге тағы не талап ету керек?

Бірақ біз теңдік идеясын Дюринг мырзаның тұрпайы, оралымсыз баяндағанын бітірсек те, мұның өзі ол идеяның өзін бітіргеніміз болып шықпайды; бұл идея, әсіресе Руссоның аркасында, ұлы революция кезінде<sup>1</sup> және одан соң да белгілі теориялық роль — практикалық-саяси роль атқарды, сол сыяқты кәзірде де барлық дерлік елдердің социалистік қозғалысында көрнекті үгітшілік роль атқаруда. Бұл ұғымның ғылыми мазмұнын анықтау пролетариат үгіті үшін оның да құнын белгілемек.

Адам болғандықтан барлық адамдардың арасында адамға тән бір ортақ жай бар, осы ортақтың алып жатқан шеңберінде адамдар бір-біріне тең, деген түсініктің ерте заманда шыққаны өз өзінен белгілі. Бірақ теңдікке кәзіргі кезде қойылатын талап бұл түсініктен мүлде өзгеше. Бұл талаптың мәнісі бәрінен де мынада: адамдардың адамдық ортақ қасиетінен келіп, адамдардың адам ретіндегі теңдігінен келіп барлық адамдардың немесе, ең болмағанда, белгілібір мемлекеттің барлық азаматтарының және белгілібір қоғамының барлық мүшелерінің тең саяси және — соған қарай — әлеуметтік маңызға праволы екенін шығарады. Относительдік теңдік жөніндегі алғашқы түсініктен мемлекеттегі және қоғамдағы теңправолылық жөнінде қорытынды жасалып, ол қорытынды тіпті табиғи, өз өзінен айқын нәрсе болып көріне бастауы үшін әлденеше мың жылдар өтуге тиіс болған және шынында солай өткен. Ең ерте заманғы, алғашқы қауымдарда әңгіме ең мақтағанда қауым мүшелерінің теңправолылығы жайында ғана болуы мүмкін еді; әйелдердің, құлдардың, бөтен елдіктердің ол теңправолы адамдар қатарына кірмегені өз өзінен түсінікті. Гректер мен римдіктерде адамдар арасындағы теңсіздік олардың қандай жөндегі болса да теңдік жайларынан анағұрлым үлкен роль ойнаған. Гректер мен варварлар, еріктілер мен құлдар, мемлекеттің азаматтары мен олардың тек сүйеуінде жүретіндер, Рим азаматтары мен Римнің қол астындағылар (соңғы сөзді кең мағынада қолданғанда), — міне осылардың бәрі тең саяси маңызға ие болуды көздеме деген пікірдің өзі ерте заман адамдарына ақылдан таңғандық болып көрінер еді. Рим империясының билігі тұсында ерікті адам мен құл арасындағы

<sup>1</sup> Мұнда Энгельстің айтып отырғаны 1789 жылғы Францияның буржуазиялық революциясы. *Ред.*

айырмашылықтан басқа әлгі айырмашылықтардың бәрі бірте-бірте өшіп, жойыла берді; сонымен, әйтеуір еріктілер үшін, жеке адамдардың теңдігі пайда болды, ол теңдіктің негізінде жеке меншікке сүйенген біз білетін праволардың ішіндегі аса жетілген формасы — Рим правосы өрістеп шықты. Бірақ ерікті адам мен құлдың арасындағы қарама-қарсылық бар болып тұрған кезде *жалпы адамзаттық* теңдіктен туатын праволық қорытындылар жөнінде сөз болуы да мүмкін емес еді; мұны біз күні кешеге дейін Солтүстік Америка Одағының құл иеленуші штаттарынан көріп келдік.

Христиан діні барлық адамдар үшін тек *бір* ғана теңдік болады деп, атап айтқанда — алғашқы күна теңдігі болады деп білді; бұл оның құлдар мен езілгендер діні болған сыйпатына толық сай келді. Мұнымен қатар христиан діні, ең жақсы дегенде, ардақтылар теңдігін таныды; бірақ, ол теңдік тек христиан дінінің ең алғашқы дәуірінде ғана көрінді. Жаңа діннің алғашқы сатысында да кездесетін мүлік ортақтығының қалдықтары, теңдік туралы шын түсініктерден гөрі, қуғынға душар болған адамдардың топтасуынан болып отырды. Ұзамай-ақ священник пен жәй адамның арасында айырмашылықтың орнауы христиандық теңдіктің бұл бастамасын да жоқ қылды. — Батыс Европаны германдардың жайлап алуы бірте-бірте сол уақытқа дейін болып көрмеген өте күрделі типті әлеуметтік және саяси иерархия жасап, теңдік туралы түсініктердің бәрін жүздеген жылдар жоғалтып жіберді. Бірақ осымен қатар ол тарихи қозғалысқа батыс және орталық Европаны тартып, мұнда ең алғаш рет іргелі мәдени өлке жасады, мұнда алғаш рет көбінесе ұлттық мемлекеттер системасы туды, бұлар бір-біріне ықпал жасап, бірін бірі қорқынышта ұстады. Осындай жолмен келіп кейінірек кезеңде адам теңдігі туралы және адам праволары туралы әңгіме туа алғандай негіз дайындалды.

Мұның үстіне, феодалдық ортағасырлық ішінен өзінің мұнан өрі дамуында теңдіктің кәзіргі замандық талабын көтеруші болған тап қалыптасты, атап айтқанда ол — буржуазия. Алғашында өзі феодалдық сословие болған буржуазия көбінесе қолөнер өнеркәсібі мен феодалдық қоғам ішіндегі өнімдер айырбасын дамудың біршама жоғары сатысына жеткізді де, XV ғасырдың аяқ кезінде жаңа теңіз жолдарын тапқан ұлы сапарлар оның алдына жаңа, неғұрлым кең өріс ашты. Бұған дейін тек Италия мен Левант арасында ғана жүріп келген Европандан тысқары сауда енді Америка мен Индияға жайылып, көп кешікпей-ақ, өзінің маңызы жағынан, Европаның жеке елдерінің арасындағы айырбастан да, жеке елдердің өз іштеріндегі айырбастардан да асып түсті. Американың алтыны мен күмісі Еуропаға құйылып, ірітуші элемент ретінде феодалдық қоғамның қуыс-мүсінің бәріне кіріп кетті. Қолөнер өндірісі өсіп отырған керексінуді қана-

гаттандырудан қалды; неғұрлым алдыңғы қатарлы елдердің жетекші өнеркәсіп салаларында оның орнына мануфактура кірді.

Алайда, қоғам өмірінің экономикалық жағдайларындағы бұл зор төңкерістің соңынан іле-шала оның саяси құрылымында тиісті өзгеріс бола қойған жоқ. Қоғам барған сайын буржуазиялық болып бара жатса да мемлекеттік құрылыс феодалдық болып қала берді. Үлкен өрістің саудасы, әсіресе халықаралық сауда, ал онан бетер — бүкіл дүниежүзілік сауда ерікті, жүрген жолында кедергі көрмейтін товар иелері болуын керек етеді, олар бір бірімен тең праволы болуға тиіс, осы бәріне бірдей правоның, — әйтеуір әрбір жеке жердегі тең правоның негізінде өзара айыр-бас жүргізетін болуға тиіс. Қолөнерден мануфактураға көшудің алғышарты; басы бос біраз жұмысшы болуы керек, — басы бос болғанда, бір жағынан, цехтік шырмаулардан бос, ал екінші жағынан, өзінің жұмысшы күшін өзбетімен пайдалануға керекті құралдардан да бос болуға тиіс, — өздерінің жұмысшы күшін жалдау жөнінде фабрикантпен сөйлесіп келісе алатын, демек, онымен келіссөз жүргізетін тең праволы жақ ретінде оған қарсы тұратын адамдар болуы керек. Және, ақырында, адам еңбегінің барлық түрінің теңдігі мен тең маңызы, — өйткені еңбектің барлық түрі жалпы алғанда *адам* еңбегі болып табылады, оның өзі солай болып отырғандықтан да, — кәзіргі буржуазиялық саяси экономияның күн заңынан санасыз, бірақ неғұрлым айқын бейнесін тапты, — бұл заң бойынша қандай да болса товардың құны оның ішіндегі қоғамдық қажетті еңбекпен өлшенеді<sup>1</sup>. — Алайда экономикалық қатынастар еріктілік пен тең праволылықты талап еткен жерде саяси құрылыс қадам басқан сайын оған цехтік шырмаулар мен айрықша артықшылықтарды қарама-қарсы қойып отырды. Жергілікті артықшылықтар, дифференциалы бажы салықтар, неше түрлі айрықша заңдар, бөтен елдіктердің немесе колония тұрғындарының саудасына ғана емес, сонымен қатар көп реттерде мемлекеттің өз азаматтарының да талай категорияларының саудасына қысаңшылық істеді; цехтік артықшылықтар кез келген жерде және қашанда болса мануфактураның даму жолына кесе көлденең тұратын болды. Еш жерде жол бос болмады, еш жерде буржуазиялық конкуренттер үшін мүмкіндік теңдігі болмады, ал шынында ең бірінші және барған сайын сондай зәру болған қажетті шарт осы теңдік еді.

Қоғамның экономикалық прогресі күн тәртібіне феодалдық бұғаулардан азат болу, феодалдық теңсіздіктерді жою арқылы праволық теңдік орнату талабын қойысымен, — бұл талап көп

<sup>1</sup> Теңдік жөніндегі кәзіргі түсініктерді буржуазиялық қоғамның экономикалық жағдайларынан алып түсіндіруді ең алғаш рет Маркс «Капиталда» дамытты. [Энгельстің ескертуі.]

кешікпей неғұрлым кең көлем алуға тиіс болды. Ол талап өнеркәсіп пен сауданың мүдделері үшін көтерілген болса да, шаруалардың аса зор бұқарасы үшін де осындай тенправольлық талабын қоюға тура келді. Кіріптарлықтың тіпті толық крепостнойлық күйге дейінгі барлық сатыларында тұрған шаруалар өзінің жұмыс уақытының аса көп бөлігін ақысыз-дәнемесіз зор маркабатты феодал сеньорына беруге, оның үстіне тағы сол сеньор мен мемлекеттің пайдасына сансыз көп оброктар төлеуге міндетті болды. Екінші жағынан, феодалдық артықшылықтар жойылатын болсын, дворяндардың салықтан қақастығы және жеке сословиелердің саяси артықшылықтары жойылатын болсын деген талаптың пайда болуы сөзсіз еді. Ал әңгіме, Рим империясындай дүниежүзілік империяда емес, буржуазиялық дамудың шамамен айтқанда бірдей сатысында тұрып, бір бірімен теңдік негізінде қатынас ұстаған тәуелсіз мемлекеттер системасында болғандықтан, теңдікті талап етушіліктің, жеке мемлекет шеңберінен сыртқа шығып, жалпылай сыйпат алуы, еріктілік пен теңдіктің *адам правосы* болып жарыялануы табиғи нәрсе болды. Оның өзінде бұл праволардың тек буржуазияға тән сыйпатын мынадай бір жай өте-мөте көзге түсірді: адам правосын алғаш рет мойындап шыққан Америка конституциясы сонымен бірге Америкада орын алған түсті нәсілдерді құл етушілікті нығытып берді; таптық артықшылықтарға лағнет айтылды да, нәсілдік артықшылықтарға ақ бата берілді.

Алайда, мына жағдай белгілі: буржуазия феодалдық бюргерлердің ішінен жарып шығып, ортағасырлық сословиеден кәзіргі заман табына айнала бастаған кезден бастап әрқашан және қажетті түрде оның жанында, көлеңке сыяқты болып, пролетариат ере жүреді. Нақ сол сыяқты, теңдік жөніндегі буржуазиялық талаптар жанында әдетте теңдік жөніндегі пролетарлық талаптар ере жүреді. Таптық *артықшылықтарды* жою туралы буржуазиялық талап көтерілген кезден бастап, онымен қатар, *таптардың өзін* жою керек деген пролетарлық талап та көтерілуде; ол бастапқыда — алғашқы христиандыққа қосылып, діни формада жүрді, ал сонынан — теңдік жөніндегі буржуазиялық теориялардың өздері негізінде болды. Пролетарлар буржуазияны сөзінен ұстайды: теңдік деген затында жоқ бір нәрсе болып қана қоймауы керек, ол тек мемлекеттік салада ғана жүзеге асырылмай, шын мәнісінде болуы керек, ол қоғамдық, экономикалық салада да жүргізілуі керек. Француз буржуазиясы, ұлы революциядан бастап, азаматтық теңдікті ең алға ұстаған кездің нақ өзінен бастап, — француз пролетариаты оның артынша дереу әлеуметтік, экономикалық теңдікті талап етумен жауап қайырды, сөйтіп бұл талап нақ сол француз жұмысшыларына тән жауынгерлік ұран болып кетті.

Сонымен, пролетариат аузынан шыққан теңдік туралы талапта екі түрлі мән бар. Не ол сорақы әлеуметтік теңсіздіктерге қарсы шыққан, байлар мен кедейлер арасының, мырзалар мен крепостнойлар арасының, мешкейлер мен аштар арасының жер мен көктей айырмашылығына қарсы шыққан стихиялық реакция болады — мұндай реттер әсіресе алғашқы кездерде, мысалы, Шаруалар соғысында болды, — талап өзінің осы формасында революциялық инстинктің жайша бір белгісі болып табылады, оның құндылығы да тек осында. Не болмайды екен, теңдік жөніндегі пролетарлық талап теңдік жөніндегі буржуазиялық талапқа қарсы реакция ретінде шығады, бұдан ол біршама дұрыс, одан әрі кететін талаптар шығарып алады; мұнда ол капиталистердің өздерінің дәлелдерін пайдалана отырып, жұмысшыларды капиталистерге қарсы көтеру үшін үгіт құралы болып қызмет етеді, және бұл ретте ол талаптың тағдыры буржуазиялық теңдіктің өзінің тағдырымен тығыз байланысты болады. Екі реттің екеуінде де теңдік жөніндегі пролетарлық талаптың нақты мазмұны таптарды жою талабына тіреледі. Бұдан әрі кететін теңдікті талап етудің қандай болса да, сөз жоқ, сорақылыққа әкеліп соғады. Біз бұрын мұндай сорақылықтардың мысалдарын келтірдік, ал Дюринг мырзаның болашақ құрылыс жайындағы қыялдарына жеткен кезімізде әлі де талайын көрсетуімізге тура келеді.

Сонымен, буржуазиялық формадағы болсын, пролетарлық формадағы болсын, теңдік туралы түсініктің өзі тарихи дамудың жемісі болып табылады; бұл түсінікті жасақтау үшін белгілі тарихи жағдайлар қажет болды, ал ол жағдайлардың өзінің ұзыннан ұзақ өткен тарихы болды. Демек теңдік жөніндегі мұндай түсінікті не десеңіз ол деңіз әйтеуір ол мәңгілік ақыйқат емес. Ал егер кәзіргі кезде бұл түсінік — екі мағнасының бірінде — қалың көпшілік үшін өз өзінен белгілі бір жайға айналған болса немесе, Маркс айтқандай, «халықтағы соқыр сенім беріктігіне ие болған» болса, онда бұл — әлгі түсініктің аксиомалық ақыйқаттығының нәтижесі емес, XVIII ғасыр идеяларының жалпыға тарағандығының және біздің заманымызда да өз маңызын сақтап отырғандығының нәтижесі. Сонымен, егер Дюринг мырза ешбір ескертусіз өзінің атышулы екі ер адамына теңдік өрісін жайлатып қойған болса, мұның өзі оның халықтағы соқыр сенімге толық табиғи нәрсе болып көрінетіндігінен. Шынында да, Дюринг мырза өзінің философиясын *табиғи* деп атайды, өйткені ол философия өзіне мүлде табиғи көрінген ережелерге ғана сүйенеді. Бірақ олар неге оған табиғи болып көрінеді, — ол, әрине, мұндай сұрақ қоймайды.

## XI

МОРАЛЬ ЖӘНЕ ПРАВО. ЕРІКТІЛІК  
ЖӘНЕ ҚАЖЕТТІЛІК

«Саяси және юридикалық сала үшін бұл курста айтылған принциптердің негізіне *предметті аса терең түрде арнаулы зерттеу* алынды. Сондықтан... мұнда мәселе юриспруденция мен мемлекет туралы ғылым саласында қол жеткен *нәтижелерді* дәйекті түрде баяндау жайында болып отырғанын... негізге алу қажет. Менің алғашқыдағы мамандығым нақ осы юриспруденция еді, және мен оған университеттегі әдеттегі үш жыл теориялық оқу мерзімін бөлумен ғана қойғаным жоқ: одан кейін үш жыл сот жұмысында жүрген кезімде де бұл предметті зерттеумен болдым, және менің жұмысым көбінесе оның ғылыми мазмұнын *тереңдетуге* бағытталды. Нақ сондай-ақ, егер менің сынауымда бұл мамандықтың күшті жақтары сыяқты нашар жақтары да өзіме белгілі деген сенім болмаса, менің жекеправолық қатынастар мен тиісті юридикалық өрсіліктерді сынаған сыным да, *әрине, сондай сеніммен* шықпаған болар еді».

Өз басы жайында осылай деуге дәлелі бар кісі, әсіресе «өз мойындауынша, юридикалық ғылымдарды бір кезде қалай болса солай оқыған Маркс мырзамен» салыстырғанда, бірден-ақ өзіне сенім туғызуға тиіс. Сондықтан да бізді мынадай жай таңдандырмай қоятын емес: сондайлық сеніммен шығып, жекеправолық қатынастарды сынаған сын «юриспруденция ғылымдық жағынан... алысқа кеткен жоқ», азаматтық болымды право деген правосыздық болып табылады, өйткені ол зорлыққа негізделген меншікті қуаттайды, қылмыстық правоның «табиғи негізі» *өш алу* болып табылады, деген әңгімелермен қанағаттанады, — ал бұл өш алу деп отырған сөзінде жаңа болса тек «табиғи негіз» деген мистикалық жамылғысы ғана жаңа. Мемлекет туралы ғылымның табыстары бізге бұрыннан белгілі әлгі үш ердің келіс-сөздерін баяндаумен тынады, олардың ішінде біреуі басқаларына әлі де зорлық жасауда, және мұнда Дюринг мырза зорлық пен езгіні ең алғаш енгізген кім, — бұл жандардың екіншісі ме, әлде үшіншісі ме? — деген мәселені өзінше бір сондай байсалды пішінмен талқылайды.

Дегенмен де бұл өзіне өзі әбден сенген юрисіміздің үш жылдық сот жұмысында тереңдей түскен аса терең түрдегі арнаулы істері мен оның ғылымға жанасымын мұнан әрі қарап көрейік.

Лассаль жөнінде Дюринг мырза былай дегенді айтады: ол «қобдыйшаны ұрламаққа оқталуға түрткі *болғаны*» үшін сот жауаптылығына тартылған, бірақ «айыпталынбаған, өйткені *ол*

кездерде мүмкін болатын әлгі тағылған айып дәлелденбегендіктен соттаудан босату деп аталатын жай жарыяланған... бұл *жартылай* ақтау».

Мұнда әңгіме болып отырған Лассаль процесі 1848 жылдың жазында Кельнде, присяжныйлер сотында қаралған; бұл қалада, бүкіл дерлік Рейн облысындағы сыяқты, француз қылмыстық правосы жүретін. Онда тек саяси теріс қылықтар мен қылмыстар үшін ғана, өзгешелік ретінде, пруссиялық земство правосы енгізілген болатын, бірақ 1848 жылдың апрелінде-ақ бұл айрықша қаулыны Кампгаузен жойған болатын. Француз правосы пруссиялық земство правосының қылмысқа «түрткі болу» деген бұлдыр категориясын мүлде білмейді, ал «қылмыс істеуге оқталуға түрткі болу» дегенді онан да бетер білмейді. Ол тек қылмысқа *айдап салу* дегенді ғана біледі және айдап салушылықтың жазалануы үшін оның «сыйлықтар беру, уәде беру, қорқыту, өзінің пұрса-тын жаманға пайдалану немесе күш жұмсау жолымен, зұлымдықпен азғырып көндіру немесе жазалануға тиісті қулықтар істеу жолымен» жүргізілген болуы тиіс (Code pénal, art 60<sup>1</sup>). Ішкі істер министрлігі, пруссиялық земство правосына шомып кетіп, Дюринг мырза сыяқты, ол да барынша анық француз заңы мен земстволық правоның екіұшты анық еместігі арасындағы елеулі айырмашылықты байқамаған, содан Лассальға қарсы бірбеткей процесс көтеріп, онысынан мықтап жығылды. Пруссиялық земство правосының «таңылған айып дәлелденбегендіктен ақтау», бұл *жартылай* ақтау, деген категориясын француздың қылмыс зерттеу процесі біледі деп айтуға кәзіргі француз правосы жағынан іштеме білмейтін мүлде надан кісінің ғана батылы барар; кәзіргі француз правосы қылмыс зерттеу процесінде тек айыпты ету, не ақтау дегенді ғана біледі — екеуінің орталығында тағы бірдеме бар дегенді білмейді.

Сонымен, егер Дюринг мырза әйтеуір бір кезде Code Napoléon<sup>2</sup>-ды қолына ұстаған болса, әрине, Лассальға өзінің «жоғары стильді тарихнамасын» сондай сеніммен қолдана алмаған болар еді, деуге тиіспіз. Осымен байланысты, біз мынаны атап көрсетуге тиіспіз: ұлы француз революциясының әлеуметтік жеңістеріне негізделген, бұл жеңістерді юридикалық салаға көшірген кәзіргі заманның *бірден-бір* азаматтық кодексі, яғни кәзіргі француз правосы Дюринг мырзаға *мүлде мәлімсіз* көрінеді.

Француз үлгісі бойынша бүкіл континентте енгізілген, шешімді көпшілік дауыспен қабылдайтын присяжныйлер сотын Дюринг мырза сынға алған екінші бір жерде мынадай ақыл үйреткенді

<sup>1</sup> Қылмыс кодексі, 60-бет. *Ред.*

<sup>2</sup> *Наполеон кодексі* — француз революциясының Code civil-інен (Азаматтық кодексі) алып Наполеонның жасаған заңдар жыйнағы. *Ред.*

көреміз: «Я, жетілген қоғамда, қарсылық білдірген дауыстар болып тұрғанда, айыпқа тарту мағнасыз нәрсе болады деген,— шынында, кейбір тарихи мысалдардан кұр емес, — пікірге тіпті үйреніп кетуге де болады... Алайда бұл байсалды және терең идеялы пікір, жоғарыда атап өткеніміздей, үйреншікті формалар үшін қолайсыз болып көрінуге тиіс, өйткені бұл пікір олар үшін тым артық».

Қылмыс істері жөніндегі үкімдерде ғана емес, сол сыяқты, азаматтық процестердегі шешімдерде де присяжныйлердің бірауызды болуы ағылшынның жалпы правосы бойынша, яғни Англияда ежелгі заманнан бері, демек, кем дегенде XIV ғасырдан бері жүріп келе жатқан жазусыз әдет-ғұрып правосы бойынша сөзсіз қажет екені Дюринг мырзаға тағыда мәлімсіз болып шықты. Сонымен, Дюринг мырзаның ойынша кәзіргі заманға тым артық көрінген байсалды және терең идеялы пікірдің Англияда ортағасыр заманының ең кара түнек кездерінде заң күші болған, ол Англиядан Ирландияға, Америка Құрама Штаттарына және барлық ағылшын колонияларына апарылған,— ал оның бержағында Дюринг мырзаның юриспруденцияны ұқыпты оқығаны оған бұл мәселеден ешбір түсінік бермеген. Сөйтіп, присяжныйлер қабылдайтын бірауызды шешімнің жүру өрісі пруссиялық земство правосы жүретін болмашы облыспен салыстырғанда шексіз зор болып қана қоймай, сонымен бірге ол істері присяжныйлердің көпшілік даусымен шешілетін облыстардың бәрін қосқандағыдан тіпті көлемді де. Дюринг мырзаға мәлімсіз болып отырған тек бірден-бір кәзіргі заман правосы — француз правосы ғана емес; ол Рим беделіне байланыссыз түрде осы уақытқа дейін дамуда келе жатқан және дүние жүзінің барлық жеріне тараған бірден-бір герман правосы жөнінде де осындай надандығын көрсетіп отыр, — ол ағылшын правосын білмейді. Және оны білудің де не қажеті бар? Өйткені юридикалық тәсілмен ой ойлаудың ағылшындық үлгісі «Римнің классик-юристерінің таза ұғымдары рухында неміс жерінде жасақталған үлгіге карағанда бәрібір шама-шарыксыз болып шығар еді», дейді Дюринг мырза, одан кейін тағы былай дейді: «біздің айырықша тіл құрылысымызбен салыстырғанда бала тілі сыяқты қойыртпақ ағылшын тілімен сөйлейтін елдер де сөз болып па?» Бұған біз тек Спинозаның айтқанын айтып: *ignorantia non est argumentum*, надандық дәлел емес, деп қана жауап бере аламыз.

Осының бәрінен кейін біз мынадан басқа қорытындыға келе алмаймыз: Дюринг мырзаның аса терең түрде жүргізген арнаулы жұмысының мәнісі: ол үш жыл бойы теория жөнінде *Corpus Juris*<sup>1</sup>-ке үңілген, ал одан кейінгі үш жыл ішінде практика жүзінде пруссиялық ізгі земство правосымен терең шұғыл-

<sup>1</sup> — VI ғасырдағы Рим империясының үлкен заңдар жыйнағы. *Ред.*



данған. Әрине мұндай оқымыстылықтың өзі де аз еңбек емес, мұның өзі бұрынғы заман Пруссиясының кәдірлі бір уездік судьясына немесе адвокатына жетіп жатар еді. Бірақ барлық дүниелер мен барлық замандар үшін право философиясын жасаймын деп шыққасын, француз, ағылшын, америкалық сыяқты ұлттардың праволық қатынастарынан кішкене хабарларырақ болу керек еді,— бұлар, пруссиялық земство правосы жүріп отырған Германияның бір шағын жерінен гөрі, тарихта мүлде басқаша роль атқарған ұлттар. Бірақ әрі қарай жүрейік.

«Бірде әдет-ғұрып правосы болып, бірде көбінесе маңызды шешімдерге таза түріндегі устав формасын беру жолымен жасакталған жазба заң болып саналуан бағыттардан келіп қалай болса солай тоғысып жатқан жергілікті, өлкелік және земство-лық праволар шұп-шұбар араласқан, — жекеліктер жалпылықты құртатын, ал одан кейін, жөні келгенде, жалпылық тыянақтар жекеліктерді құртатын тәртіпсіздік пен қайшылық үлгілерінің бұл коллекциясы кімге болса да айқын право санасын беруге мүлде жарамсыз». — Ал мұндай шым-шытырық шатақ қай жерде етек жайған? — деген сұрақ туады. Баяғы сол пруссиялық земство правосы жүретін жерде етек жайған, мұнда оның қатарында, үстінде және астында саналуан түрлі дәреженің провинциялық праволары мен жергілікті статуттары, кейбір жерлерде әдет-ғұрып правосы мен басқа да қоқыстар жүріп жатады, мұның өзі барлық практик-юристердің ашынған ащы даусын шығаруда, оған мұнда Дюринг мырза да қатты жаны ашып қосылып отыр. Оған сүйікті Пруссиясынан кетудің қажеті жоқ, Рейн облысына барып қайтса да жетіп жатыр; бұл облыста ол мұндайдың бәрінің жойылғанына кәзір жетпіс жыл болғанын көріп біледі, ал бұл сыяқты ескірген тәртіптер баяғыда жойылған басқа цивилизациялы елдер өз алдына.

Мұнан әрі: «Кішкене жұмсағырақ формада табиғи жеке бас жауаптылығы әрбір мүшенің жеке басы қатысын бүркөмелейтін коллегиялардың немесе басқа да бюрократтық мекемелердің құпия, солай болғандықтан анонимдік, коллективтік шешімдерімен және коллективтік әрекеттерімен қалқаланады». Және екінші бір жерінде: «Біздегі кәзіргі тәртіптер тұсында біреу тұрып жеке бас жауаптылығын коллегиялардың бүркөмелеп, жаба түсуіне үзілді-кесілді қарсылық айтса, оның өзі *ғажап* және өте қатаң талап болып көрінеді». Егер біз Дюринг мырзаға мынаны қабарласақ, мүмкін, ол оған *ғажап* жаналық болып көрінер: ағылшын правосы жүретін жерлерде сот коллегиясының әрбір мүшесі өзінің пікірін ашық мәжілісте жеке шығып айтып, дәлелдеуге міндетті; істі ашық жүргізуді, ашық дауысқа салуды білмейтін сайланып қойылмаған әкімшілік коллегиялары дегендер көбінше *пруссиялық* мекемелер болып табылады, басқа елдердің

көпшілігінде ондайлар жоқ, сондықтан да оның талабы тек Пруссияда ғана ғажап және өте қатаң болып көрінуі мүмкін.

Сол сыяқты, бала туғанда, неке қыйғанда, кісі өлгенде, өлікті жерлегенде шіркеудің түрлі жоралармен еріксіз араласатындығы жөніндегі оның шағымы да, — егер әңгіме неғұрлым ірі цивилизациялы елдер жайында болып отырса, — тек Пруссияға жатады, ал онда азаматтық тіркеу тәртібі орнағаннан бергі кезде енді оған да жатпайды. Дюринг мырзаның тек өзінің келешек «социалитарлық» құрылысы арқылы жүзеге асырмақ нәрселерін оған дейін қарапайым заң арқылы тіпті Бисмарк та жасап үлгірген. — Дюринг мырзаның «өздерінің мамандығын орындауға юристердің әзірлігінің жеткіліксіздігі» жайындағы шағымынан да пруссиялыққа тән жоқтау әуенін аңғаруға болады, — бұл шағымды «әкімшілік чиновниктері» жөнінде де айтуға болады. Тіпті Дюринг мырза кез келген жерде жайып салып, асыра көпірте сөйлеп жүретін юдофобство да, Пруссияға тән нәрсе демегеннің өзінде, әйтеуір, анық Ост-Эльба жеріне тән нәрсе. Соқыр сенімдермен ескі нанымдардың бәріне суверендікпен мәнсінбей қарайтын шындық философының өзіне келгенде, оның өз басындағы қырсықтардың ықпалында отыруы сондай, еврейлерге қарсы ортағасырлық екіжүзділіктен қалған халықтың соқыр сенімін «табиғи негіздерге» сүйенген «табиғи пікір» деп атайды, тіпті мынадай да іргелі сөздер айтуға барады: «социализм — халықтың еврейлік араласпен мықтап былғанған күйіне қарсы ойдағыдай күресуге қабілетті бірден-бір күш» (еврейлік араласпен былғанған күй! — Не деген таза, шын халық тілі!).

Жетер. Бұл кісінің юридикалық жағына оқымыстымын деп мақтануына нақты негіз болған нәрсе, ең мықтағанда, нағыз әдеттегі жай ескі пруссиялық юристің нағыз әдеттегі жай білімі көрінеді. Жетістіктерін бізге Дюринг мырза дәйектілікпен айтып беріп отырған юриспруденция мен мемлекет тану ғылымының саласы пруссиялық земство правосы жүретін жерлерге «тура келеді». Кәзір тіпті Англиядағы әрбір юриске де мәлім Рим правосынан басқа, Дюринг мырзаның юридикалық білімі тек қана бірден бір пруссиялық земство правосымен шектеледі, тап бір Дюринг мырза сауатын нақ осы кітаппен ашқан сыяқты тілмен жазылған оқымысты патриархалдық деспотизмнің осы кодексімен шектеледі, — бұл кодекс өзінің айтатын ақылдарымен, юридикалық жағынан тыянақсыздығы және тайғақтығымен, дүре соғу сыяқты қыйнау және жазалау шараларымен түгелдей революциядан бұрынғы кезеңге жатады. Бұдан басқаның бәрі, — француздың кәзіргі азаматтық правосы да, сондай-ақ, мүлде өзіне тән жолмен дамыған және бүкіл континентке мәлімсіз жеке бас бостандығына кепілдік еткен ағылшын правосы да, — Дюринг мырзаға жәдігөйдің жалғаны. «Жай көз жететін жермен шектелмейтін, жолындағының бәрін төнкеріп кететін қуатты қозғалысымен

сыртқы және ішкі табиғаттың жер мен көгінің бәрін аударыстыратын» бұл философияның *шын мәнісінде* жеткен жері... бұрынғы пруссиялық алты шығыс провинцияның шекарасы көрінеді, оған қоса, земстволық ізгі право жүретін тағы бірнеше ойдық-ойдық жерлер болса керек; ал осы жерлердің сыртында бұл философия ешқандай жерді де, көкті де, сыртқы және ішкі табиғатты да аударыстырмайды, ал оның аударыстырып көрсететіні ақ: басқа жерлерде не болып жатқандығынан түк қабарсыз өзінің сорақы надандығы ғана.

Ерік еркіндігі деп аталатын жай туралы, адамның жауаптылыққа қабілеттілігі туралы, қажеттілік пен еркіндік арасындағы қатынас туралы мәселеге соқпастан мораль мен правоны әңгіме етуге болмайды. Шындық философиясының да бұл мәселе жөнінде шешімі бар, тіпті бір емес, екі бірдей шешімі бар.

«Еркіндік жөніндегі әртүрлі жалған теориялардың орнына белгілі қатынастың тәжірибе жолымен анықталған қасиетін қою керек, ол қатынаста, бір жағынан, рационалдық ұғым, ал екінші жағынан — инстинктік талап белгілібір, тең әрекетті күш болып қосылатын *тәрізді*. Бұл сыяқты динамиканың негізгі фактылары байқаудан алынуы керек және, *мүмкіндігіне қарай*, жалпы түрде сапасы мен шамасы анықталып, солардың негізінде әлі болмаған уақыттың күнбұрышынан өлшеп қоятын болу керек. Мыңдаған жылдар бойы шайналып, қорек етіліп келген ішкі еркіндік жайындағы қыйсынсыз қыялдар осы арқылы әбден жойылып қана қоймайды, сонымен бірге, олардың орнына өмірдің практикалық қажетіне жарайтын, болымды бір нәрсе алынады». — Бұл көзқарас бойынша еркіндіктің мәнісі мынада сыяқты: рационалдық ұғыну адамды онға тартады да, иррационалдық әуестік — солға тартады, ал күштер осындай параллелограм түрін алғанда, шын қозғалыс диагональ бағытымен жүреді. Демек, еркіндік деген нәрсе ұғыну мен әуестік арасындағы, ақыл мен ақылсыздық арасындағы орта шама болып табылады, және бұл еркіндіктің дәрежесін әрбір кісіден, астрономия тілімен айтқанда, «жеке бас теңдемесі» арқылы эмпирикалық түрде анықтауға болатын сыяқты. Алайда, бұдан азғана беттерден кейін Дюринг мырза былай деп мәлімдейді: «Біз өнеге жауаптылығын еркіндікке негіздейміз, ал еркіндік деген біз үшін, былайынша айтқанда, табиғи және үйреншікті парасатқа сай түрдегі саналы себептерге икемділіктен басқа ешнәрсе емес. Мұндай себептердің бәрі, біздің қарама-қарсы қылықтар болуы мүмкін деп түсінуімізге қарамастан, тоқтатқысыз табиғи заңдылықпен жүреді; бірақ біз моральдық тетіктерді іске қосқанда нақ осы болмай қоймайтын ықтыарсыз көндірушілікке сенеміз».

Еркіндік жөніндегі бірінші анықтаманы ай-жайға қарамай итеріп тастаған бұл екінші анықтама да Гегель көзқарасын ба-

рынша тұрпайылау болып табылады. Еркіндік пен қажеттіліктің арасалмағын ең алдымен дұрыс түсінген Гегель болды. Оныңша, еркіндік дегеніміз — қажеттілікті білу. «Қажеттілік түсінілмегенде ғана соқыр қажеттілік болады». Еркіндік табиғат заңдарына ой жоруындағы тәуелсіздікте емес, еркіндік сол заңдарды білуде және сол білудің негізінде табиғат заңдарын жоспарлы түрде белгілі мақсаттар үшін қызмет етуге көндіру мүмкіндігінде. Мұның сыртқы табиғаттың заңдарына да, адамның өзінің денелік және рухани тұрмысын билейтін заңдарға да қатысы бар, — бұлар екі түрлі заң, бұл заңдарды біз ең әрі кеткенде өзіміздің түсінігімізде ғана бір бірінен бөлектей аламыз, ал шындықта әсте де бөлектей алмаймыз. Олай болса, ерік еркіндігі — істі жете біліп, қорытынды жасай алуға, одан басқа ешнәрсе де емес. Сөйтіп, белгілібір мәселе жөнінде адамның пікірі неғұрлым *еркін* болса, бұл пікірдің мазмұны соғұрлым зор *қажеттілікпен* анықталатын болады, ал негізі білмеушіліктен шыққан және көптеген әртүрлі бір біріне қайшы келетін, мүмкіндігі бар шешімдер ішінен қажетін таңдап жүрген сыяқты көрінетін сенбеушілік осынысы арқылы өзінің еріксіздігін, шындығында өзіне бағындыруға тиісті нәрсеге өзі бағынышты болып отырғанын дәлелдейді. Демек, еркіндік — табиғаттың қажеттіліктерін (*Naturnotwendigkeiten*) білуге негізделген үстемдік — өзімізге және сыртқы табиғатқа жүргізілетін үстемдік, сондықтан ол тарихи дамудың қажетті жемісі болып табылады. Хайуанат дүниесінен алғашқы бөлініп шыққан адамдар мәнді жайлардың бәрінде, хайуандардың өздері сыяқты, еріксіз болды, бірақ олардың мәдениетке қарай алға басқан әрбір қадамы еркіндікке қарай басқан қадам болды. Адамзат тарихының табалдырығында механикалық қозғалысты жылылыққа айналдыру жаңалығы ашылды: ысқылау жолымен от тұтатылатын болды; осы уақытқа дейін өткен дәуірдің аяқ кезінде жылылықты механикалық қозғалысқа айналдыру жаңалығы ашылды: бу машинасы табылды. — Бірақ бу машинасының әлеуметтік дүниеде жасап отырған аса зор азат етуші төңкерісіне қарамастан, — бұл төңкеріс әлі жартылай да аяқталған жоқ, — дегенмен де ысқылау арқылы от тұтатуды тапқандық өзінің адамзатты құтқару жөніндегі дүниежүзілік-тарихи ісі жағынан бу машинасынан әлдеқайда артық жатыр, бұған күмандануға болмайды. Өйткені ысқылау арқылы от тұтату ең алғаш рет табиғаттың белгілі күшіне адам баласының билігін жүргізіп берді және осы арқылы адам баласын хайуанат дүниесінен біржола бөлектеді. Біз үшін бу машинасы өзіне байланысы өте зор өндіріш күштердің өкілі болса да, былайғы жерде ешқандай таптық айырмашылықтар болмайтын, жеке-жеке тіршілік ету амалдарының ешқандай қамын жеу болмайтын, ең бірінші рет шын мәнісіндегі адам еркіндігі жайында, табиғаттың танылған заңдарына үйле-

сімді өмір жайында айтуға болатын қоғамдық құрылысты жүзеге асыру тек сол өндіргіш күштер арқылы ғана мүмкін болатын болса да, ол бу машинасы ешуақытта да адамзат дамуында әлгіндегідей орасан зор секірме жасай алмайды. Адамзаттың бүкіл тарихы әлі де болса қандай жас, біздің кәзіргі көзқарастарымызға нендей де болса бір абсолюттік маңыз беру қандай кісі күлерлік болар еді, — мұның өзі мына қарапайым фактыдан да көрініп тұр: осы кезге дейін өткен бүкіл тарихты механикалық қозғалысты жылылыққа айналдыруды тапқан практикалық жаңалықтан бастап, жылылықты механикалық қозғалысқа айналдыруды ашқан кезге дейінгі дәуірдің тарихы деп сыйпаттауға болады.

Дюринг мырзада, әрине, тарих басқаша баяндалады. Ол адалсушылықтың, надандық пен дөрекіліктің, зорлық пен құл етушіліктің тарихы ретінде қаралып, жалпы алғанда шындық философиясы үшін едәуір жеккөрінішті нәрсе болып табылады: жекелеп алғанда, тарих екі үлкен бөлімге ажырайды, атап айтқанда: 1) материяның өзіне өзі тең қалпынан француз революциясына дейін және 2) француз революциясынан Дюринг мырзаға дейін. Ал оның ішінде, ХІХ ғасыр, өз бойында социализм ұстаған, демек, «француз революциясының жаршылары мен қаһармандары ойлап шығарғаннан (!) әлдеқайда зор өзгерістердің ұрығын сақтаған» болса да, «ХVІІІ ғасырға қарағанда, өзінің мәнісі жағынан әлі де реакцияшыл болып, ал ақыл жағынан тіпті онан да реакцияшыл (!) болып» қалып отыр. Шындық философиясының бүкіл өткендегі тарихты жек көретіні мынадай жолмен ақталады: «Келешектегі сан мың жылдарды ойлайтын болсақ, жазба ескерткіштер арқасында тарихи көз жіберуге мүмкіншілік болған өткендегі аздаған мыңжылдықтардың, олардың осы күнге дейін жасақтаған адамзат құрылысымен қоса, *үлкен маңызы болмайды...* Тұтас алғанда адамзат тұқымы әлі өте жас; егер бір кездерде кейінге ғылыми көз жіберушілік, мындаған емес, ондаған мың жылдарды дәлелге алатын болса, біздің кәзіргі мекемелердің рух жағынан пісіп жетілмеген балалық шағы ол кездерде ең көне заман болып саналуға тиісті біздің заманымыз жөнінде өз өзінен түсінікті алғышарттың талассыз маңызын алмақ».

Соңғы сөйлемнің шын мәнісіндегі «айрықша тіл құрылысына» енді тоқталмастан, тек екі түрлі ескерту жасаймыз. Біріншіден, бұл «көне заман» қандай жағдайларда да келешектегі барлық ұрпақтар үшін өте қызғылықты заман болып қалмақ, неге десеңіз, ол соңырақтағы неғұрлым жоғары дамудың негізін құрайды, неге десеңіз, оның басталған жері — адамның хайуанат дүниесінен бөлініп шыққан жері де, ал мазмұны — болашақтың ынтымақтасқан адамдарына ешуақытта кездеспейтін қыйыншылықтарды жеңу. Екіншіден, бұл көне заманмен салыстырған-

да, әлгіндей қыйыншылықтар мен кедергілерден аман болатын келешек тарихи дәуірлер бұрын-соңды болмаған ғылыми, техникалық және қоғамдық прогресс бермек; сондықтан да, біздің соншалық «артта қалған», «кертартпа» ғасырымыздың рух жағынан піспеген, балалық шағы негізінде ашылған ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқаттарды, өзгермейтін ақыйқаттарды және түбіріне жететін концепцияларды пайдаланып, келешек мынжылдықтарға ақыл айту үшін қолайлы кезең ретінде бұл көне заманның аяқ кезін таңдап алу, ақыл айтқанда да, қалай болған күнде де, тым бір ғажап нәрсе болар еді. Шынында да, бүкіл бұрынғы тарихи дамуға қарсы бағытталған жеркеништі балағаттаудың бәрінің сол дамудың ең соңғы нәтижесі делініп жүрген әлгі шындық философиясы дейтінге де тікелей қатысты екенін көрмеу үшін философиядағы Рихард Вагнер болып, тек оның таланты дарымаған болу керек.

Түбіріне жететін жаңа ғылымның ең сыйпатты үлгілерінің бірі — жекелену жайында және өмір құндылығын арттыру жайында баяндайтын бөлім. Мұнда абызға тән жауыр сөздер тұтас үш тарау бойына бұрқылдап, көбіктеніп, сарқырап ағып жатады. Амал не, біз бұдан бірнеше қысқа үзінділер берумен қанағаттануға мәжбүр боламыз.

«Қандай да болсын түйсіктің, сонымен бірге өмірдің қандай да болсын субъективтік формаларының неғұрлым терең мәнісі қалыптардың айырмасына негізделеді. Бірақ толық (!) өмір жөнінде мұнан әрі көп түсіндіріп жатпастан (!) мынаны көрсетуге болады: іркілген күй емес, қайта өмірлік бір күйден екіншіге көшу — өзі арқылы өмір сезімі көтеріліп, шешуші маңызы бар қозулар дамйтын жағдайдың нақ өзі болып табылады... Бір тұрған тепе-теңдік күйінде тұра беретін *тәрізді*, шамамен өзіне өзі тең, *былайынша айтқанда*, селқос қалыптың, — оның сыйпаты қандай болмасын, — болмысты түйсіну үшін үлкен маңызы болмайды... Мұндай қалыпқа дағдылану және, *былайынша айтқанда*, көндігу ол қалыпты біртүрлі мүлде парықсыз, селқос нәрсеге, өлім халінен онша айырмашылығы жоқ бір жайға айналдырады. Ең тәуір болды дегенде бұған тағыда, өзіне бөлек бір өмір білінісі ретінде, іш пысып қамығу қосылады... Іркілген өмірде жеке жандар мен халықтар үшін қандай да болса құштарлық, қандай да болса болмысқа қызығу сөнеді. Бірақ бұл құбылыстардың бәрін тек біз айтқан айырма заңына негізделіп қана түсіндіруге болады».

Бұл Дюринг мырзаның түпкі негізінен өзіне ерекше бір қорытындыларды тезден жасап ала қоятындығы тіпті ғажап екен. Осы жаңа ғана былай деген жалпы жай шындық философиясының тіліне аударылды: бір жүйкені ұзақ уақыт шіміркенту немесе бір шіміркеністі ұзақ уақыт ұстау қандай да болсын жүйке, жүйке-тамыр системасын шаршатады, демек, қалыпты

жағдайда жүйке шіміркенуінде үзіліс болып және шіміркеніс түрі ауысып тұруы керек (қашан заманнан-ақ кез келген физиология оқулығынан оқып көруге болатын және әрбір филистерге өз тәжірибесінен белгілі факт). Дюринг мырза бұл көне-қоқсы, мүлде адайы пікірді жоғарыда келтірілген сөйлемдегі «қандай да болсын түйсіктің неғұрлым терең мәнісі қалыптардың айырмасына негізделеді» деген құпия сырлы формаға айналдырып болмай жатып, — бұл жауыр сөз «біз айтқан айырма заңға» айналып үлгірді. Және бұл айырма заңы тағыда түйсіктер ауысуының жанға жайлы екендігінің иллюстрациясы және мысалдары ғана болған біраз құбылыстарды «толық түсіндірерлік» етеді, — ал бұл жөнінде ең қарапайым филистер ақылына да түсінік керек болмайды және ол қайдағы жоқ айырма заңына сілтегеннен бір атомдай да артық айқын болмайды.

Бірақ «біз айтқан айырма заңының» түбірге жетер сыйпаты мұнымен де доғарылмайды. «Өмірде мүшелі жастың ауысып тұратыны, онымен байланысты өмірлік жағдайлардың өзгеріп тұратыны біз айтқан айырма принципін көзбе көз көру үшін өте бір қолайлы мысал болады. Сәби, бала, жас жігіт, ер кісі белгілі кезеңдегі өзінің өмірді сезу күшін, өздері келіп жеткен белгіленген күйден гөрі, бір күйден екінші күйге өту дәуірлері арқылы біледі». Бірақ мұнымен әлі іс біткен жоқ: «егер бұрын бастан көшіргенді немесе істелгенді қайталаудың ешқандай қызығы жоқ екенін есепке алатын болсақ, онда біз айтқан айырма заңының тіпті әрірекке де қолданылуына болады». Басталатын жері жоғарыда келтірілгендер сыяқты терең және түбіріне жететін ережелер болған бүкіл абыз сандырағын енді оқушының өзі де байқай алады. Кітабының аяғында: «Өмір құндылығын бағалау және көтеру үшін теория жүзінде де, практика жүзінде де айырма заңы шешуші маңыз алды!» — деп салтанатты түрде жарыялауына, әлбетте, Дюринг мырзаның қақы бар. Оның өзі Дюринг мырзаға өз жұртшылығының рухани құндылығын бағалау үшін де сондайлық маңыз алады: ол, тегінде, бұл жұртшылық бар болғаны есектер мен филистерлерден тұрады деп ойлайтын болу керек.

Мұнан кейін бізге өмірдің мынадай нағыз барып тұрған практикалық ережелері ұсынылады. «Өмірге жалпы мүдделікті сақтау үшін» (филистерлер үшін және филистер болғысы келіп жүргендер үшін тамаша міндет) «керекті құрал: бәрі қосылып бүтін болатын жеке, *былайынша айтқандай*, элементарлық мүдделердің табиғи уақыт өлшеміне қарай не дамуына, не бірінің орнын бірі басуына жол беру керек. Нақ сол сыяқты, оңайырақ қанағаттанылатын төмен козуларды неғұрлым ұзақ уақыт әрекет ететін жоғары козулармен ауыстыруға қаншалықты келетіндігін сыйпаттайтын шкаламен пайдалануға, мұны бір мезгілде бір күйдің өзіне пайдалануға болады; мұның өзі қандай да бол-

са қызығы жоқ олқылықты болдырмау үшін қажет. Сонымен қатар, табиғи түрде немесе қоғамдық тіршіліктің әдеттегі барысында пайда болатын зорланушылықты қалай болса солай жыйнастыруға да, жеделдетуге де тырыспау керек, сондай-ақ оларды аздап, бірден қозғағаннан қанағаттандырмау керек, мұның өзі қарама-қарсы бұрмалау болып табылады және бұл да рахатқа қабілетті тілектің пайда болуына кедергі жасайды. Баска реттерде сыяқты, мұнда да табиғи ырғақты сақтау ұнамды, келісімді. Қозғалыстың алғышарты болып табылады. Сол сыяқты, алдына шешілмейтін міндет қойып — белгілі бір жөнімен туатын қозуды табиғат немесе жағдайлар өлшеп берген уақыт шегінен ұзартамыз демеу керек», және т. т. Егер бұл, дәмі жоқ, татуы жоқ, барып тұрған дәрекі сөздерге данасынған педанттың филистерлік салтанатты сәуегейлігін бір аңқау адам «өмір көру» ережесі ретінде пайдаланбақ болса, оның әйтеуір, «қандай да болса қызығы жоқ олқылыққа» ренжуіне тура келмес еді. Оған өзінің барлық уақытын рахаттарды дұрыстап әзірлеуге және оларды тәртіптеуге жұмсауына тура келер еді де, рахаттанудың өзі үшін бір де бос минуты қалмас еді.

Біз өмірді көруіміз керек, нағыз толықсыған өмірді көруіміз керек. Дюринг мырза бізге тек екі нәрсеге тыйым салады: біріншіден, «темекіге үйреніп кеткеннен болатын былғаныш»; екіншіден, «жаман қоздыратын немесе жалпы алғанда неғұрлым нәзік сезімге лайықсыз қасиеттері бар» ішімдіктер мен тәтті тамақтар. Бірақ Дюринг мырза өзінің саяси экономия курсында шарап өндірісін жер-көкке сыйғызбай отырғандықтан, ол ешбір ретте де арақты бұл ішімдіктер қатарына қоса алмайды; демек, біз оның тыйым салып отырғаны тек шарап пен сыра шығар деп қорытынды жасауға мәжбүр боламыз. Оған енді етті тыю қалып отыр, сонда ол шындық философиясын Густав Струве марқұм әрекет еткен биікке көтереді,—нағыз балалықтың биігіне көтереді.

Алайда, нақ осы спирт ішімдіктері жөнінде Дюринг мырзаның көбірек жеңілдік істеуіне болар еді. Егер бір сорлы бишара рюмканы аузына жиі апаратын болса, және мұның салдарынан статикалықтан динамикалыққа өткізетін көпірді іздеп әуре болып жүрсе, әлі де статикалықтан динамикалыққа көпір таба алмай жүргенін өзі мойындап отырған адамның бұл жөнінде мейірімдірек болуына барлық дәлелі бар.

## XII

### ДИАЛЕКТИКА. САН ЖӘНЕ САПА

«Болмыстың негізгі логикалық қасиеттері жөніндегі бірінші және аса маңызды қағыйда қайшылықтың болмайтыны жайында. Қайшылық дегеніміз тек ойлар комбинациясына ғана қатысты



бола алатын категория, ал шындыққа ешбір ретте қатысы жоқ. Заттарда ешқандай қайшылық деген жоқ немесе, басқаша айтқанда, қайшылықты реалдық нәрсе деп білудің өзі барып тұрған мағнасыздық болып табылады... Қарама-қарсы бағытта бір-біріне қарсы әрекет ететін күштердің антагонизмі дүние болмысындағы қандай да болсын әрекеттің және сол дүние мәндерінің тіпті негізгі формасы болып табылады. Элементтер мен индивидтердің күштерінің бағыттарындағы бұл қарсыластық қыйсынсыз қайшылық идеяларына тіпті манайлап та жуыспайды... Мұнда біз реалды қайшылықтың шығында қыйсынсыз екендігіне айқын көзіміз жетіп, әдетте логиканың жорымалы құпиясынан шығатын тұманды серпілкенімізге рыйза бола аламыз; сонымен бірге, тұрпайылап ағаштан жонып істелген, антагонистік дүние схематикасының орнына тықпаланып келген қайшылық диалектикасының пұт-құдайын ана жер, мына жерде мадақтағандықтың да пайдасы жоқ екенін анықтадық». «Философия курсында» диалектика жайында айтылатынның ұзын-ырғасы, міне, осындай. Ал оның есесіне «Сыншыл тарихында» Дюринг мырза қайшылық диалектикасына, ал онымен бірге — әсіресе Гегельге көресіні көрсетуі тіпті өзгеше. «Гегельдік логика бойынша — немесе, дәлірек айтқанда, логос туралы ілім бойынша — ойлауда қайшылық шығу деген атымен болмайды, ойлау өзінің жаратылысында, басқаша болуы мүмкін емес, тек субъективтік және саналы түрде болады: қайшылық заттар мен процестердің өздерінде объективтік түрде болады және, былайынша айтқанда, денелік формада анықтала алады; сонымен, мағнасыздық, пікірлердің мүмкіндігі жоқ комбинациясы болудан қалып, факт жүзіндегі күш болады. Қыйсынсыз нәрсенің шын болмысы — міне, логика мен логика емесінің гегельдік бірлігінің наным символының бірінші мүшесі осындай... Неғұрлым қайшы болған сайын, соғұрлым ақықаттырақ немесе, басқаша айтқанда, неғұрлым қыйсынсыз болған сайын, соғұрлым нанымдырақ: міне, нақ осы ереже,—тіпті жана ашылған да емес, бар болғаны аян және мистика теологиясынан жәй алына салынған ереже, — әлгі диалектикалық принцип дегеннің жалаңаш түрін бейнелейді».

Жоғарыда келтірілген екі жердегі пікірді мынадай ережеге түюге болады: қайшылық = мағнасыздыққа, сондықтан оған шындық дүниесінен орын жоқ. Басқа жөндерден едәуір дені дұрыс адамдарға бұл ереженің өзі түзудің қыйсық болмайтыны, қыйсықтың түзу болмайтыны сыяқты ережедей өз өзінен айқын болып көрінуі мүмкін. Бірақ, дегенмен де, дифференциялық есеп, — дені дұрыс адам ақылының күллі наразылығына қарамастан, — белгілі жағдайларда түзуді қыйсыққа теңейді және осынысы арқылы түзу мен қыйсықты үйлес келтіру мағнасыздық болады деген ұғыныста қатып қалған дені дұрыс адам ақылы ешуақытта жете алмайтын табыстарға жетеді. Ал қайшылық диалектикасы

дейтін, ең ерте заман гректерінен бастап осы күнге дейін, философияда сондайлық елеулі роль атқарып келгенде, тіпті Дюринг мырзадан күштірек қарсыласушы да, диалектикаға қарсы шыққанда, тек құрғақ сөз бен көптеген бәлағаттан гөрі, басқаша дәлелдер келтіруге міндетті болар еді.

Заттарды тыныш жатқан жансыз нәрселер деп, әр қайсысын жеке-жеке, бірінің қатарында бірі, бірінің соңында бірі, деп қарайтын болсақ, әлбетте, оларда ешқандай қайшылыққа кезікпейміз. Біз мұнда белгілі қасиеттер табамыз, олар кейде бәріне ортақ, кейде айырым немесе тіпті бір біріне қайшы келген болады, бірақ соңғысындай ретте олар түрлі заттар арасында бөлінген болып, өз іштерінде ешқандай қайшылық болмайды. Біздің байқауымыз осы шенбердің ішінде болғандықтан, бізге сондай-ақ ойлаудың да әдеттегі, метафизикалық тәсілі жарап жатыр. Ал заттарға олардың қозғалысы, олардың өзгерісі, олардың өмірі, олардың бір біріне өзара әсер етуі жағынан қарай бастасақ, істің жайы мүлде басқаша болады. Мұнда біз бірден-ақ қайшылықтарға душар боламыз. Қозғалыстың өзі қайшылық; жәй механикалық ауысудың өзі мына себепті жүзеге аса алады: дене уақыттың бір кезеңінде осы жерде болады да сонымен қатар басқа жерде болады, ол дене бір тұрған жерінде әрі тұрады, әрі тұрмайды. Бұл қайшылықтың үнемі пайда болып және сол сәтінде шешіліп отыруы — қозғалыс дегеннің нақ өзі.

Демек, біздің бұл көріп отырғанымыз «заттар мен процестердің өздерінде объективтік түрде болады және, былайынша айтқанда, денелік формада анықтала алады» дейтін қайшылық. Ал бұл жайында Дюринг мырза не дейді? Ол тегінде осы күнге дейін «рационалдық механикада нағыз статикалық пен динамикалық арасында көпір жоқ» дегенді айтады. Міне, енді оқушы ақырында келіп Дюринг мырзаның бұл жаны құмар сөзінің астарында не жатқанын байқай алады; оның мәнісі, басқа емес, мынау: метафизикалық сарынмен ойлайтын ақылдың тыныштық идеясынан қозғалыс идеясына көшуге ешқандай шамасы жоқ, өйткені жоғарыда көрсетілген қайшылық оның жолын бөгеп тұрады. Қозғалыс оның мүлде ақылына сыймайды, өйткені қозғалыс деген қайшылық. Ал қозғалысты ақылға сыйғысыз деп отырып, ол өзінің еркіне қарсы бұл қайшылықтың барлығын өзі мойындайды, демек, заттар мен процестерде объективті түрде қайшылық бар екенін және оның шын күш болып табылатынын мойындайды.

Ал егер жәй механикалық ауысудың өзінде қайшылық болып отырса, онда материя қозғалысының жоғары формаларында, әсіресе организмді өмір мен оның дамуында қайшылықтың одан да бетер болғаны ғой. Жоғарыла көргеніміздей, тіршіліктің мәнісі, ең алдымен, тірі жанның әрбір белгілі кезеңде тап-өзі және дегенмен де басқа болуында. Демек, тіршілік дегеніміз, сонымен

бірге, заттар мен процестердің өзінде орын алған, тоқтаусыз өзін өзі тудырып және өзін шешіп тұратын қайшылық болып табылады, және бұл қайшылық тоқтаған бойда тіршілікте тоқтайды, өлім келеді. Нақ сол сыяқты біз ойлау саласында да қайшылықтардан құтыла алмайтынымызды көрдік, мысалы, адамның іштей шектеусіз тану қабілеттілігі мен оның іс жүзінде тек сырттай шектелген, тануы шектелуі жеке адамдарда ғана жүзеге асатыны арасындағы қайшылықты көрдік, — бұл қайшылықтың бірінен сон бірі келетін ұрпақтардың шексіз қатары арқылы шешілетінін, — әйтеуір, біз үшін практика жүзінде солай болатынын — алға басқан шексіз қозғалыста шешілетінін көрдік.

Жоғары математиканың басты негіздерінің бірі—белгілі жағдайларда түзу мен қыйсықтың бір нәрсе болатыны жайындағы қайшылық екенін біз жоғарыда атап өттік. Бірақ жоғары математикада мынадай екінші бір қайшылық та жүзеге асады: біздің көз алдымызда бірін бірі кесіп өткен сызықтар түйіскен нүктесінен бес-алты сантиметр былай шыққасын параллель болып, яғни тіпті шексіз соза берсе де түйіспейтін сызықтар болып есептелуге тиіс. Бірақ солай бола тұрса да жоғары математика осындай және одан да күшті қайшылықтар арқылы, дұрыстығы былай тұрсын, төменгі математиканың мүлде әлінен келмейтін нәтижелерге жетеді.

Бірақ төменгі математикада да қайшылықтар аяқ алғысыз. Мәселен, А-дан шыққан түбір А-ға дәреже болуға тиіс екені, бірақ дегенмен  $A^{\frac{1}{2}} = \sqrt{A}$  екені қайшылық болып табылады. Сол сыяқты, теріс шама белгілібір шаманың шаршысы болуға тиіс деген де қайшылық болып табылады, өйткені әрбір теріс шаманы өзіне өзін көбейткенде оң шаршы шығады. Сондықтан минус бірдің шаршы түбірі деген жәй қайшылық ғана емес, тіпті өрескел қайшылық, нағыз мағнасыздық. Ал солай бола тұрса да  $\sqrt{-1}$  көп реттерде математикалық дұрыс амалдың қажетті нәтижесі болып табылады; оны айтасыз, егер математикаға  $\sqrt{-1}$ -мен амал етуге тыйым салынған болса төменгі математиканың да, жоғары математиканың да халі не болар еді?

Математиканың өзі, ауыспалы шамалармен шұғылдана отырып, диалектикалық салаға кіреді, және бір көңіл қоярлық жай, оған бұл прогресті енгізген диалектика философы Декарттың нақ өзі болды. Ауыспалы шамалар математикасы тұрақты шамалар математикасына қалай қатысатын болса, жалпы алғанда диалектикалық ойлау жолы метафизикалық ойлау жолына солай қатысады. Алайда мұның өзі математиктердің көпшілігінің диалектиканы тек математика саласында ғана мойындауына ешбір бөгет жасамайды, ал олардың ішінде көптеген адамдарға диалектикалық жолмен табылған методтарды бұдан былай да

түгелдей ескі, шектеулі метафизикалық тәртіппен пайдаланып іс етулеріне бөгет жасамайды.

Дюрингтік күш антагонизмі мен антагонистік дүниелік схематикаға толығырақ талдау жасау Дюринг мырза бізге бұл тақырыпқа бос сөзден гөрі татымдырақ бірдеме берген күнде ғана мүмкін болар еді. Ал шынында, өзінің осы сөзін ойлап шығарғанмен, Дюринг мырза бізге бұл антагонизмнің, дүниелік схематикада болсын, натурфилософияда болсын, қыймыл жасап тұрғанын бірде бір рет көрсеткен емес, және осының өзі — Дюринг мырзаның өзінің «дүние болмысының қандай да болсын әрекетінің негізгі формасы мен оның мәндері» арқылы мүлде ешқандай түбелікті ештеме атқара алмайтындығын ең жақсылап мойындағандық болады. Ол түсінікті де: егер Гегельдің «мәніс туралы ілімі», қайшылықтарда емес, қарама-қарсы бағыттарда қозғалатын күштер туралы тұрпайы пікір қатарына түсірілген болса, онда, әлбетте, ең дұрысы: мұндай байлаусыз пікірді қандай да болса қолданудан аулақ жүру.

Дюринг мырзаның диалектикаға қарсы ашу шақыруы үшін бұдан былайғы жерде Маркстің «Капиталы» сылтау болған. «Табиғи және түсінікті логиканың жоқтығы, мұның өзі диалектикалық шытырмандар мен ойдың арабтық өрнектеріне тән нәрсе... Кітаптың кәзір жарыққа шыққан бөлігіне мына бір принципті қолдануға тура келеді; белгілібір ретте, тіпті жалпы алғанда (!) белгілібір философиялық соқыр сенім бойынша қандай да болсын пікірге қандай да болсын бір мағна беруге болады және барлық пікірлерге тілеген мағна беруге болады, сөйтіп осылайша түсініктерді шатастырудың, бұрмалаулардың нәтижесінде, ақыр аяғында, барлық жайдың мәнісін бір жерге түюге болады». Белгілібір философиялық соқыр сенімді осылайша түсінуі Дюринг мырзаға енді Маркстің экономикалық философиямен шұғылдануының «ақыры» не болатынын, демек, «Капиталдың» келесі томдарының мазмұнының қандай болатынын сеніммен алдын ала айтып қоюна мүмкіндік береді, оның бер жағында мұның бәрі «асылында, адам тілімен, неміс тілімен айтқанда, екі (соңғы) томында тағы не баяндалатынын болжап білу мүмкін емес» деп мәлімдегеннің соңында дәл жеті жолдан кейін барып айтылып отыр.

Дұрысында, Дюринг мырза шығармаларының «қайшылық объективтік түрде болатын және, былайынша айтқанда, денелік формада анықтала алатын» «заттарға» қосылатын болып шыққаны тек бұл жолы емес. Мұнысы Дюринг мырзаның өктемсіген түрмен онан әрі былай деуіне мүлде кедергі болмайды: «Бірақ жөні дұрыс логика оны кемсіткен карикатураны женер деп үміттенуге болады... Бұл кісімсінгендік пен диалектиканың құпия коқысы басында аз да болса ақыл қалған бір де бір адамды... мұндай пікір мен стиль қойыртпағына тереңдей түсуге

қызықтыра алмайды... Диалектикалық сорақылықтардың ақырғы ізі жойылуымен бірге бұл ақмақтандыру құралы... өзінің алдамшы ықпалын жоғалтады, сондықтан қауызынан аршылған жұмбақты нәрселердің ішкі өзегі, ең мықтағанда, жәй әншейін байлаусыз пікірлер болып жүрмесе, үйреншікті теориялардың сыйпатын беретін жерден бір де бір адам ендігі жерде асқан даналық іздеп басын шатастырып жатуды міндетім деп санамайтын болады... Логос туралы ілімнің қағыйдалары бойынша құрылған (Маркстің) шытырмандарын, жөні дұрыс логиканы масқараламайынша, айтып жатуға мүлде келмейді». Дюрингтің айтуынша, Маркстің методы «өзінің жолын берік ұстаушылар үшін диалектика кереметтерін көрсету», т. с. көрінеді.

Мұнда Маркстің зерттеулерінің экономикалық нәтижелерінің дұрыстығы не дұрыс еместігі жайында біздің мүлде ісіміз болып отырған жоқ, — әзірге әңгіме Маркс қолданған диалектикалық метод жайында болып отыр. Бір нәрсе ғана күмәнсіз: «Капиталдың» оқушыларының көпшілігі енді, — Дюринг мырзаның арқасында, — не оқығандарын білетін болады. Бұл оқушылардың ішінде Дюринг мырзаның өзі де болады, ол 1867 жылы (*Ergänzungsblätter III, Heft 3*<sup>1</sup>) — өзіндей ой иесі шамасында — Маркстің кітабын біршама орында түрде баяндай алғандай еді, ол кезде ол, кәзіргі уақытта қажетті деп жарыялап отырғанындай, Маркс ойының желісін әуелі өзінің дюрингтік тіліне аударып алуға мәжбүрмін деп санамаушы еді. Сол кездің өзінде-ақ ол Маркс диалектикасын Гегель диалектикасымен ұқсас деп қате басқан болса да, дегенмен ол кезде метод пен ол метод арқылы табылған нәтижелерді айырарлықтай қабілетінен айырыла қойған жоқ еді, — жалпы формасындағы методқа шабуыл жасау жеке-жеке нәтижелерді жоққа шығару бола алмайтынын ол кезде білуші еді.

Қалай болғанда да, ең ғажап нәрсе — Дюринг мырзаның: Маркс көзқарасынша «ақыр аяғында, барлық жайдың мәнісі бір жерге түйіледі» екен деп хабарлағаны; былайынша айтқанда, Марксше, мәселен, капиталистер мен жалдамалы жұмысшылардың, феодалдық, капиталистік және социалистік өндіріс әдістерінің «мәнісі бір жерге түйілетін» сыяқты, ақырында, тіпті, айта берсеңіз, Маркс пен Дюринг мырзаның өзі де «бір жерге түйілетін» сыяқты. Мұндай көрнеу сорақылықтың мүмкін болуын түсіндіру үшін, «диалектика» деген бір сөздің өзі ғана Дюринг мырзаны сондай бір мәжнүн жайға душар етті; бұл жағдайда ол үшін, ұғымдардың белгілі ретте бұрмаланып, шатастырылуы салдарынан, өзі не айтып, не қойса да, ақыр аяғында, «барлық жайдың мәнісі бір жерге түйіледі» екен деп білуімізге тура келеді.

<sup>1</sup> «Қосымша беттер» III, 3-кітап. *Ред.*

Бұл арада біздің көріп отырғанымыз — Дюринг мырзаның «менің жоғары стильді тарихнамам» деп атайтынының үлгісі немесе оның мына айтқаны: «тектік пен типтікке тиісті мән беретін, ал микрологиялықпен егжей-тегжейін қазбалау арқылы Юмның оқымысты қара табандар деп атаған адамдарының ыңғайына жығылуды мүлде білмейтін жыйынды тәсіл; жоғары және ізгі стильді осы тәсіл ғана толық ақыйқат мүдделеріне және цехтік шырмаудан басы бос жұртшылық алдындағы борышымызға үйлес келеді». Шынында да, жоғары стильді тарихнама және тектік пен типтікке тиісті мән беретін жыйынды тәсіл Дюринг мырзаға өте қолайлы, өйткені оның мұнда мүлде анық фактылардың бәрін де микрологиялық фактылар деп өлең қылмауына болады, оларды нольге тенеуіне болады, сөйтіп, бірдемені дәлелдеудің орнына, тек жалпылама сөздер сөйлеуіне, дәлелсіз пікірлер айтуына, ойран салуына болады. Оның үстіне, аталған тәсілдің тағы бір артықшылығы: қарсылас адамның айтысуы үшін табан тірерлік ешнәрсе бермейді, сөйтіп, Дюринг мырзаға жауап қайыру үшін, оған да жоғары стильде және жыйнақты түрде мүлде дәлелсіз пікірлер айтудан, тыянақсыз жалпы сөздер сөйлеуден, содан барып, оның да Дюринг мырзаға ойран салуынан басқа жөнді амал қалмайды, — қысқасын айтқанда, Дюрингінің өз істегенін істеуге тура келеді, ал былай ету әркімге ұнай бермейді. Сондықтан да біз Дюринг мырзаның, өзгешелік ретінде, жоғары және ізгі стильді сәл қоя тұрып, Маркстің логос туралы теріс ілімінен әйтеуір екі мысал келтіргені үшін оған рыйза болуымыз керек.

«Мысалы, Гегельдің сан сапаға ауысады, сондықтан да белгілі шекке жеткен аванс тек осы сан жағынан өсуі арқасында капиталға айналады деген шатақ, күнгірт түсінігіне сүйену шынында да кісі күлерлік емес пе?».

Әрине, Дюринг мырзаның бұлайша «тазалаған» баяндауында бұл пікір тым едәуір ерсілеу көрінеді. Сондықтан Маркстің өзінде, түп нұсқасындағысын мұның қалай екенін қарайық. 313-бетте («Капиталдың» екінші басылуы)<sup>1</sup> Маркс тұрақты және өзгөрмелі капитал туралы, қосымша құн туралы бұрынғы зерттеуден мынадай қорытынды шығарады: «ақшаның немесе құнның қалай болса солай алынған кез келген сомасы капиталға айналына алмайды, қайта, бұл айнарудың алғышарты жеке бір ақша немесе товар иесінің қолындағы ақшаның немесе айырбас құнының белгілі минимумы болып табылады». Мысал ретінде Маркс мынадай жорамал келтіреді: еңбектің бір саласында жұмысшы күніне сегіз сағат өзіне жұмыс істейді, яғни өзінің жалақысының құнының орнын толтыру үшін істейді, ал одан кейінгі төрт сағатты капиталиске, тура сол капиталистің

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952 ж., 313-бет. Ред.

қалтасына түсетін қосымша құн өндіру үшін істейді. Осылай болған ретте, бір кісі өзінің жұмысшыларының біреуінен кемдігі жоқ тұрмыста тұруына мүмкіндік беретіндей мөлшердегі қосымша құн сомасын күнде қалтасына салып тұруы үшін, онда оның қолында екі жұмысшыны шикі материалмен, еңбек құралдарымен және жалақымен жабдықтай алатындай құн сомасы болуы керек. Ал шынында капиталистік өндірістің мақсаты жәй өмір сүруді қолдау емес, байлықты арттыру болғандықтан, екі жұмысшысы бар біздің бұл қожайынымыз капиталиске жатпас еді. Олай болса, кәдімгі жұмысшыдан екі есе жақсы тұру үшін және өндірілген қосымша құнның жартысын капиталға айналдыру үшін, оның сегіз жұмысшы жалдағандай, яғни алғашқы реттегіден төрт есе артық құн сомасына иелік ететіндей мүмкіншілігі болу керек. Кез келген азын-аулақ құн сомасы капиталға айналдыруға жете бермейді, бұл жөнінде дамудың әрбір кезеңінің, өнеркәсіптің әрбір саласының өздерінің минимумдық шектері бар деген фактыны түсіндіруді және негіздеуді міндет етіп қойған осындай, сонынан бұдан да толығырақ пікірлерден кейін ғана, — тек осылардың бәрінен кейін ғана Маркс былай дейді: «Жаратылыс танудағы сыяқты, мұнда да Гегель өзінің «Логикасында» ашқан таза сандық өзгерістер белгілі сатыда сапалық айырмашылықтарға ауысады деген заңның дұрыстығы расталып отыр»<sup>1</sup>.

Ал енді оқушы осы жоғары және ізгі стильді тамашалай берсін, осы стиль арқылы Дюринг мырза Маркске оның шындығында айтқан нәрселеріне қарама-қарсы жайларды жауып отыр. Құндар сомасының жағдайларға қарай, әртүрлі болса да, әрбір нақты ретте белгілі минимумдық шамаға жеткенде ғана капиталға айнала алатындығы, — міне осы факт гегельдік заңның *дұрыстығының ыспаттамасы* болып табылады, дейді Маркс. Ал Дюринг мырза Маркске мынадай пікір танады: Гегельдің заңы бойынша сан сапаға ауысатын *болғандықтан*, «*сондықтан* белгілі шекке жеткен аванс... капиталға айналады», — демек, Маркстің айтқанына қарама-қарсы.

«Толық ақыйқаттың мүдделеріне» бола, «цехтік шырмаудан басы бос жұртшылық алдындағы борышқа бола» цитатты дұрыс келтірмеушілік әдетін біз Дюринг мырзаның Дарвин ісін талқылағанынан көріп танысқанбыз. Әрірек барған сайын бұл әдеттің шындық философиясы үшін ішкі қажеттілік болып табылатыны, әйтеуір, қалай болған күнде де, өте бір «жыйынды тәсіл» екені молырақ көріне түседі. Дюринг мырзаның Маркс кез келген «авансты» айтыпты дегенін де сөз қылып жатпаймыз, шынында онда шикі материалға, еңбек жабдықтарына және жалақыға жұмсалатын аванс жайында ғана әңгіме болған; сонымен,

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952 ж., 314-бет. *Ред.*

мұнда Дюринг мырза Маркске барып тұрған мағнасыздықты жауып отыр. Ал осы өзі ойлап шығарып жапқан мағнасыздықты оның *кісі күлерлік* деп арсыздық ететінін қайтерсің! Өзінің күшін сынау үшін дүниеде жоқ басқа бір Дарвинді қолдан жасап алғаны сыяқты, ол бұл жолы да қайдағы жоқ басқа бір Марксті шығарып алыпты. Шынында да, «жоғары стильді тарихнама» екен!

Біз жоғарыда, дүниелік схематиканы сөз қылған кезімізде көрдік, сандық өзгерістің белгілі нүктелерінде кенеттен сапалық ауысу болады деген мағнадағы мөлшер қатынасының гегельдік түйінді сызығына келгенде Дюринг мырза кішкене бақытсыздыққа ұшырап қалды: жуасып отырған бір кезінде бұл жайды өзі мойындап, өзі қолданды. Біз онда аса белгілі мысалдардың бірін, — судың агрегаттық күйінің өзгеру мысалын келтірдік оның қалыпты атмосфералық қысым жағдайында цельсия бойынша 0° температурада сұйық күйден қатты күйге айналатынын, ал цельсия бойынша 100° температурада сұйықтан газ күйіне айналатынын айттық, сонда бұл бұрылыс нүктелердің екеуінде де температураның жай сандық өзгерісі су күйінің сапалық өзгерісін тудырады.

Бұл заңды дәлелдеу үшін біз табиғаттан да, адам қоғамының өмірінен де тағыда неше жүздеген осындай фактылар келтіре алар едік. Мәселен, Маркстің «Капиталының» «Относительдік қосымша күн өндіру» деген төртінші бөлімінің бүкіл өнбойында кооперация, еңбек бөлінісі мен мануфактура, машина өндірісі мен ірі өнеркәсіп салаларынан есепсіз көп мысалдар келтіріледі, ол мысалдарда сандық өзгеріс заттың сапасын қайта құрады, сол сыяқты, заттардың сапалық қайта құрылысы олардың санын өзгертеді, мұнда, демек, Дюринг мырзаға сондай жеккөрінішті сөзбен айтқанда, сан сапаға ауысады және сапа санға ауысады. Мысалы, мына факт соны көрсетеді: көп адамдардың кооперациясы, көптеген жеке күштердің тұтас бір күш болып бірігуі, Маркстің сөзімен айтқанда, «дәрежеге өсірілген жаңа күш» туғызады, мұның өзі соны құрайтын жеке күштердің жыйынтығынан мүлде басқаша.

Дюринг мырза толық ақыйқатты көздеп өнін айналдырған «Капиталдың» нақ сол жерінде әлгілердің үстіне Маркс мынадай ескерту жасады. «Кәзіргі заман химиясында қолданылып жүрген, ең бірінші рет Лоран мен Жерар ғылыми дамытқан молекулалық теория нақ осы заңға негізделеді<sup>1</sup>. Бірақ Дюринг мырзаның онда не жұмысы болушы еді? Өйткені ол мына жайды біледі ғой: «өздеріне оқымыстылық түр беру үшін жарытымсыз сайман ететіндері жартыкеш ғылымдар мен кейбір өтіріктен философия соққандық болған Маркс мырза мен оның бәсе-

<sup>1</sup> «Капитал», I том, 1952, 314-бет, ескерту 205а. Ред.



келесі Лассаль сыяқтыларда жаратылыс тану-ғылыми жолмен ойлаудың кәзіргі заманға тән жоғары дәрежедегі білімдік элементтері болмай шығады», ал Дюринг мырзаның шығармасының негізіне «механикадағы, физикадағы және химиядағы дәл білімнің басты ережелері» алынған және т. т. Ал мұның қандай негіз екенін біз жоғарыда көрдік. Бірақ бұл жөнінде басқалардың да бір пікірге келуі үшін біз Маркстің жаңағы ескертуінде келтірілген мысалды жақынырақ алып қарайық.

Мұнда әнгіме көміртегі қоспаларының нақ гомологиялық қатарлары жайында болып отыр, олардың көбі-ақ кәзірдің өзінде белгілі және әрқайсысының құрамының өзіндік алгебралық формуласы бар. Егер біз, мәселен, химиядағы алынған тәртіп бойынша, көміртегі атомын С арқылы, сутегі атомы Н арқылы, оттегі атомын О арқылы белгілеп, ал әрбір қоспадағы көміртегі атомдарының санын  $n$  арқылы белгілейтін болсақ, сонда бұл қатарлардың кейбіреулері үшін молекулалық формулаларды мына түрде білуімізге болды.

$C_n H_{2n+2}$  — калыпты парафиндер қатары  
 $C_n H_{2n+2}O$  — алғашқы спирттер қатары  
 $C_n H_{2n} + O_2$  — бір негізді майлы қышқылдар қатары.

Егер біз мысал ретінде бұл қатарлардың соңғысын алып, бірінен соң бірін  $n=1$ ,  $n=2$ ,  $n=3$ , т. т. деп келтіретін болсақ, мынадай нәтижеге жетеміз (изомерлерді былай қойғанда):

$CH_2O_2$ — құмырысқа қышқылы	— қайнау нүктесі	$100^\circ$	балқу нүктесі	$1^\circ$
$C_2H_4O_2$ — сірке	"	"	$118^\circ$	$17^\circ$
$C_3H_6O_2$ — пропион	"	"	$140^\circ$	"
$C_4H_8O_2$ — майлы	"	"	$162^\circ$	"
$C_5H_{10}O_2$ — валериан	"	"	$175^\circ$	"

және т. т.  $C_{30}H_{60}O_2$  — мелиссин қышқылына дейін жүре береді, бұл қышқыл тек 80 градуста балқыйды, ал қайнау нүктесі мүлде жоқ, өйткені ол тегінде ыдырамайынша булана алмайды.

Демек, біз мұнда элементтердің жай сан жағынан қосылуынан және қашан да бір қатынаста қосылуынан сапалары әртүрлі көптеген денелер пайда болғанын көреміз. Бұл құбылыс қоспаның барлық элементтері өз сандарын бірдей қатынаста өзгертетін жерлерде неғұрлым таза күйінде көрінеді, мысалы, калыпты  $C_n H_{2n+2}$  парафиндерде осылай: олардың ең төменгісі  $CH_4$  метан деген газ болады да, ал белгілілердің ішінде ең жоғарғысы  $C_{16}H_{34}$  гексадекан деген қатты дене болады, мұның өзі 21 градуста балқыйтын, тек 278 градуста қайнайтын түссіз

кристалл. Бұл екі қатардың екеуінде де әрбір жаңа мүше алдыңғы мүшенің молекулалық формуласына  $\text{CH}_2$  қосқаннан, яғни бір атом көміртегі, екі атом сутегі қосқаннан пайда болады, сөйтіп молекулалық формуланың осы сандық өзгерісі әрбір ретте сапасы мүлде басқаша дене пайда болғызады.

Бірақ бұл қатарлар тек айырықша көрнекі мысал ғана болып табылады; химияның барлық жерінде дерлік, мысалы, әртүрлі азот тотықтарының, әртүрлі фосфор немесе күкірт қышқылдарының өзінде қалай «санның сапаға ауысқанын» көруге болады, сөйтіп Гегельдің осы бейне шатас, күнгірт түсінігін заттар мен құбылыстарда; былайынша айтқанда, денелік формада сезуге болады, алайда, мұнда, Дюринг мырзадан басқа, шатасатын, күнгірт көретін ешкім болмақ емес. Егер бұл фактыға бірінші рет назар аударған Маркс болса, ал Дюринг мырза, бұл пікірді оқый тұрып, тіпті не жайында сөз болғанын да түсінбеген болса (әйтпегенде ол, әрине, мұндай қылмысты текке жібермес еді), онда мұның өзі, тіпті кейінге, дюрингтік атакты натурфилософия жаққа қарап жатпай-ақ, мына жайды толық айқын түрде анықтауға жетіп жатыр: сонда «жаратылыс тану-ғылыми ойлау әдісінің кәзіргі заманға тән жоғары дәрежедегі білімдік элементтері» кімде жоқ болғаны — Марксте ме әлде Дюринг мырзада ма, және «химияның... мызғымас негізгі қағыйдаларынан» жете таныстығы жоғы екеуінің қайсысы болғаны?

Сөзіміздің сонында санның сапаға айналуын растайтын тағы бір қуа шақырмақпыз, атап айтқанда, Наполеонды шақырмақпыз. Атқа мықты емес, бірақ тәртіпті француз кавалериясының сол кездерде жекпе-жекке сөзсіз артық, бірақ тәртібі жоқ аттыәскер болған мамелюктермен ұрысын ол кісі мына түрде суреттейді. «Екі мамелюк үш француздан сөз жоқ күшті болды; 100 мамелюк 100 французға теңбе-тең келді; 300 француз көп реттерде 300 мамелюктен басым болып жүрді; ал 1 000 француз қашан болса да 1 500 мамелюкті жеңіп отырды». — Маркста айырбас құнның капиталға айналуына мүмкіндік болуы үшін, оның, өзгеріп тұратын болса да, нақты минимумдық сомасы болуы қажет екені сыяқты, нақ сондай Наполеонда да иін тірескен сап пен жоспарлы қыймылдан шығатын тәртіп күшінің іске асуы үшін, аттары жақсы, әскерлері ат пен қылышқа мықты, батырлықтары артық болмаса көм түспейтін қалыпсыз кавалерияның тіпті әлдеқайда көп әскерлерінен басым болу үшін атты отрядтың белгілі минимумдық мөлшері қажет болған. Бірақ бұл Дюринг мырзаға қарсы дәлел бола ма? Еуропамен күресте Наполеонның быт-шыты шыққан жоқ па? Ол әлісін әлі жеңіле берді емес пе? Ол неліктен? Тек кавалерияның тактикасына Гегельдің шатас, күнгірт түсінігін енгізуі себепті ғана!

## XIII

## ДИАЛЕКТИКА. БЕКЕРГЕ ШЫҒАРУДЫ БЕКЕРГЕ ШЫҒАРУ

«Бұл тарихи очерк (Англиядағы капиталдың алғашқы қорлануы дейтіннің пайда болуы) Маркстің кітабының, басқа жерлерімен салыстырғанда, тәуір жері болып табылады; егер де ол, ғылыми балдақтардан басқа, тағы да диалектикалық балдақтарға да сүйенбеген болса, мұның өзі бұдан да тәуір болған болар еді. Бұл арада Гегельдің бекерге шығаруды бекерге шығаруы — тәуірірек және ашығырақ дәлелдері болмағандықтан — босандырушының ролін атқарады: бұл босандырушының жәрдемімен келешек өткендегінің ішінен бөлініп шығады. Жеке адамның меншігінің жоғарыда көрсетілген жолдармен XVI ғасырдан бастап жойылуы алғашқы бекерге шығару болып табылады. Мұның соңынан бекерге шығаруды бекерге шығару ретінде және сонымен бірге «жеке адамның меншігін» қайтадан қалпына келтіру ретінде, бірақ жерді және еңбек жабдықтарын бірлесіп иеленушілікке негізделетін жоғарғы формада қалпына келтіру ретінде келетін екінші бір бекерге шығару келіп шығады. Егер бұл жаңадан шыққан «жеке адамның меншігін» Маркс мырза сонымен бірге «қоғамдық меншік» деп атаған болса, онда Гегельдің жоғарғы бірлік дегенінің әсері нақ осы жерде білінеді, ал бұл жоғарғы бірлік ішінде қайшылық жоғалады (aufgehoben), яғни, гегельдік сөз құбылысы бойынша, қанша сақталса, сонша өрлейді. ...Сонымен, экспроприаторларды экспроприациялау тарихи шындықтың материалдық сыртқы жағдайларында өзінен-өзі туатын нәтижесі тәрізді болып табылады... Гегельдің бекерге шығаруды бекерге шығару сыяқты көз бояушылығына сену негізінде ғана жер мен капиталды қоғам болып иеленудің қажеттілігіне бірде-бір есі бар адам сене қояр ма екен... Гегельдің диалектикасы сыяқты ғылыми материалдан не істеуге болатындығымен, немесе — дұрысырағы — бұл материалдан қандай сорақылықтар шығатындығымен таныс адамды Маркстің түсініктерінің сұмпайы күнгірттігі таңдандыра алмайды. Бұл нәрселермен таныс емес адамдарға турасын айтамын, Гегельдің бірінші бекерге шығаруы катехизистен алынған күнаға бату деген түсініктің қызметін атқарады, ал екіншісі күнаны кешіруге жеткізетін жоғарғы бірліктің қызметін атқарады. Дін саласынан алынған бұл сыяқты ұқсастық көз бояушылықтары арқылы, әрине, фактылардың логикасын негіздеуге болмайды... Маркс мырза жеке адамның меншігі, сонымен бірге қоғамдық меншік болуы жөніндегі өзінің шатасқан идеясымен қанағаттанады да, бұл терең мағналы диалектикалық жұмбақтың шешуін өзінің жолын ұстаушыларға өз бетімен шешуге қалдырады». Дюринг мырза осылай дейді.

Демек, Маркс әлеуметтік революцияның қажеттілігін, жерді және еңбекпен табылған өндіріс құрал-жабдықтарын ортақ меншікке айналдырудың қажеттілігін Гегельдің бекерге шығаруды бекерге шығаруына сүйенбейінше дәлелдей алмайды екен ғой; ол өзінің социалистік теориясын діннен алынған осындай ұқсастық көз бояушылыққа негіздей отырып, — жоғалған қайшылықтың гегельдік жоғарғы бірлігі ретінде, болашақ қоғамда бір уақыттың ішінде меншіктің өзі әрі жеке, әрі қоғамдық меншік болып өмір сүреді деген қорытындыға келеді екен ғой.

Әзірге бекерге шығаруды бекерге шығару мәселесін былай қоя тұрып, енді осы «бір уақыттың ішінде әрі жеке, әрі қоғамдық меншік» болып табылатын меншікті қарап көрейік. Дюринг мырза мұны «күнгірт» дейді, ол бұл жөнде — мұның өзі таңқаларлық іс болса да, — дұрыс айтып отыр. Бірақ оның бақытсыздығына қарай, бұл «күнгірттікте» отырған Маркс емес, тағы да сол Дюринг мырзаның нақ өзі. Ол бұдан бұрын Гегельдің «сандырақ қыял» методын шебер пайдалана білуі арқасында «Капиталдың» әлі бітпеген томдарында не болуға тиіс екенін қыйналмастан анықтаған болса, сол сыяқты, кәзір де ол көп қыйналмастан Марксті Гегель жолымен түзете алады, бұл үшін Маркске меншіктің қайдағы бір жоғарғы бірлігі деген бірдемені әкеп танады, ал Маркс бұл туралы бірде-бір сөз айтқан емес.

Марксте былай делінген: «Мұның өзі — бекерге шығаруды бекерге шығару. Ол жеке адамның меншігін қайта туғызады, бірақ оны капиталистік заманның тапқан жаналықтары негізінде — өрікті қызметшілердің кооперациясы негізінде, олардың жерді және өздері өндірген өндіріс құрал-жабдықтарын ортақ иеленуі негізінде туғызады. Әрине, жеке адамдардың өз еңбектеріне негізделген бытыраңқы жеке меншігін капиталистік меншікке айналдыру іс жүзінде осы кезде-ақ өндірістің қоғамдық процесіне негізделіп отырған капиталистік жеке меншікті қоғамдық меншікке айналдырудан гөрі анағұрлым ұзақ, қыйын және ауыр процесс болып табылады»<sup>1</sup>. Міне, бар болғаны осы. Сонымен, экспроприаторларды экспроприациялау арқылы құрылған тәртіптердің мәнісі мынада болады: жерді және қызметшілердің өздері жасаған өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдық иелену негізінде жеке адам меншігі қайта орнайды. Неміс тілін білетін адамдардың қай-қайсысы үшін болса да мұның мәнісі мынау болмақ: қоғамдық меншікке жер және басқа да өндіріс құрал-жабдықтары жатады, ал жеке адам меншігіне — басқа өнімдер, яғни тұтыну заттары кіреді. Ал мәселе тіпті алты жасар балаға да түсінікті болуы үшін, Маркс 56-бетте «жалпыға ортақ өндіріс құрал-жабдықтарымен жұмыс істейтін және өздерінің жеке жұмыс күштерін бүгін бір қоғамдық жұмыс күші етіп жоопармен

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 766—767-беттер. Ред.

жұмсайтын ерікті адамдардың одағын», яғни социалистік түрде ұйымдастырылған одақты сөз қылып, былай дейді: «Одақтың еңбегінің барлық өнімі қоғамдық өнім болып табылады. Бұл өнімнің бір бөлегі қайтадан өндіріс құрал-жабдығы ретінде пайдаланылады. Мұның өзі қоғамдық болып қалып отырады. Бірақ өнімнің екінші бір бөлегі одақ мүшелерінің күн көру қажетіне ұсталады. Сондықтан өнімнің бұл бөлегі солардың арасында бөлінуге тиіс»<sup>1</sup>. Мұның өзі тіпті гегельшіліктен басы шатасқан Дюринг мырзаға да жете түсінікті болуға тиіс қой.

Бір уақыттың ішінде әрі жеке, әрі қоғамдық меншік болып табылатын меншік дегеніміз — сұмпайы күнгірттік, гегельдік диалектикадан шығатын мағнасыздық екен, мұның өзі шатасқандық, мұның өзі терең мағналы диалектикалық жұмбақ, бұл жұмбақты шешу ісін Маркс өзінің жолын ұстаушыларға қалдырған деушілік, — тағы да Дюринг мырзаның өз бетімен шығарып алып жүргені, ойынан татқаны болып табылады. Маркс, гегельшіл деп жорылған адам есебінде, бекерге шығаруды бекерге шығарудың нәтижесі етіп нағыз жоғарғы бірлікті беруге міндетті еді; бірақ ол бұл істі Дюринг мырзаның ойындағыдай істемегендіктен, Дюринг мырзаға тағы да жоғары және ізгі стильге түсіп, толық ақыйқат мүдделеріне бола, өзі жасап шығарған жалған нәрселерді Маркске тықпалауына тура келеді. Тіпті ілуде бір болса да цитатты дұрыс келтіруге мүлде икемі жоқ адам цитатты қашан да дұрыс келтіретін басқа адамдардың «қытайша оқымыстылығына», әлбетте, ызалануға тиіс, нақ осынымен «әрбір белгілі ретте шығармасынан цитат келтірілетін жазушының тұтас идеясын жете түсінбегендігін жөндеп бүркей алмайды» деуге тиіс. Дюринг мырзаныкі дұрыс. Жоғары стильді тарихнама жасасын!

Біз осы күнге дейін: Дюринг мырзаға тән ылғый цитатты теріс келтірушілік, қалай дегенмен де, әбден адал ниетпен болатын шығар, мұның өзі не ол кісінің мәселені дұрыс түсінуге мүлде қабілетсіздігіне, не жоғары стильді тарихнаманың сүйегіне сіңген цитатты жатқа келтіру әдетіне, — дағдыда кәдімгі салақтық деп аталатын әдетке, — байланысты шығар деп ойлап келген едік. Бірақ біз бұл арада Дюринг мырзаның да саны сапаға ауысатын жерге келіп жеткен сыяқтымыз. Өйткені, егер біз мына жайларды салмақтап көретін болсақ: біріншіден, Маркстің ол жері былайынша да өте анық баяндалған және оның үстіне осы кітаптың екінші бір жерінде ешқандай қате түсінік болмайтындай етіп толықтырылған; екіншіден, жоғарыда айтылған «Ergänzungsblätter-дің» «Капиталды» сынауында да, «Сыншыл тарихтың» бірінші басылуындағы сында да Дюринг мырза мұндай «жеке адам меншігі, сонымен бірге қоғамдық та

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 85-бет. *Ред.*

болып табылатын меншік» деген құбыжықты ашқан жоқ еді, ол мұны өзінің кітабының екінші басылуында, яғни «Капиталды» үшінші рет оқығанда барып ашты; ақырында, тек осы, социалистік рухта қайта өңделген, екінші басылуында ғана Дюринг мырза Маркске қоғамның келешек ұйымдасуы жайында қайдағы жоқ ерсі сөздерді көбірек жабуды қажет деп білді, ондағы мақсаты, оған қарама-қарсы, неғұрлым салтанатты түрде «өзімнің курсымда мен экономикалық және юридикалық жағынан сыйпаттаған шаруашылық коммуна» дегенді ұсынуға мүмкіншілік алу болды, — міне, осының бәрін салмақтап көретін болсақ, өз өзінен мынадай бір қорытынды шыққалы тұр, бұлай деп шамалауымызға Дюринг мырзаның өзі мәжбүр етті десе болғандай, — мұнда ол Маркстің пікірін әдейілеп «игілікті түрде кеңіткен», яғни Дюринг мырзаның өзі үшін игілікті түрде кеңітілген.

Бекерге шығаруды бекерге шығару мәселесі Маркстің еңбектерінде қандай қызмет атқарады? Маркс 791-бетте және онан соңғы беттерде<sup>1</sup> мұның алдындағы 50-бетте баяндалған капиталдың алғашқы қорлануы делінетін мәселе жөніндегі экономикалық және тарихи зерттеулердің ақтық нәтижелерін салғастырады. Капиталистік заманға дейін, мысалы Англияда, қызметшілердің өз өндіріс құрал-жабдығын жеке меншігінде пайдалануына негізделген ұсақ өндіріс болып келді. Капиталдың алғашқы қорлануы делінетіннің мәнісі осы тікелей өндірушілерді экспроприациялау болды, яғни өз еңбегіне негізделген жеке меншікті жою болды. Мұны жоюдың мүмкін болған себебі, айтылып отырған ұсақ өндіріс — өндіріс пен қоғамның қарапайым, өрісі тар шеңберлеріне ғана сай келеді, ал дамудың белгілі бір сатысында бұл өндіріс өзінің жойылуына материалдық негізді өзі жасайды. Бұл жойылу, жеке және бытыранқы өндіріс құралдарын шоғырланған қоғамдық өндіріс құралдарына айналдыру капиталдың алғашқы тарихы болып табылады. Қызметкерлердің пролетарларға, ал олардың өндіріс құрал-жабдықтары капиталға айналысымен, капиталистік өндіріс әдісі нығайысымен, — еңбектің бұдан былайғы қоғамдастырылуы, жердің және басқа өндіріс құрал-жабдықтарының бұдан былайғы (капиталға) айналуы, демек, жеке меншік иелерінің бұдан былай да экспроприациялануы жаңа формаға енеді. «Енді экспроприацияға өзі дербес шаруашылық жүргізетін жұмысшы жатпайды, көп жұмысшыларды қанайтын капиталист жатады. Бұл экспроприация капиталистік өндірістің өзінің имманенттік заңдары арқылы, капиталдардың шоғырлануы жолымен іс жүзіне асып отырады. Бір капиталист басқа көп капиталистерге өлтіре соққы береді. Осы шоғырланумен, немесе азғантай капиталистердің көп капи

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 764—767-беттер. *Ред.*

талистерді экспроприациялаумен қатар еңбек процесінің кооперативтік формасы барған сайын кеңейген ірі көлемде дамыйды, ғылымды технологиялық жолмен саналы қолданушылық дамыйды, жерді жоспар бойынша коллектив болып пайдалану, еңбек жабдықтарының тек коллектив болып қана пайдаланыла алатын жабдықтарға айналуы дамыйды және өндіріс құрал-жабдықтарының барлығын тәртіптелінген қоғамдық еңбектің ортақ өндіріс құрал-жабдығы ретінде қолдану жолымен шаруашылық көзбен қарап пайдалану ісі дамыйды. Бұл өзгеру процесіндегі барлық пайданы тартып алып, монополиялап отырған капиталист шонжарлардың саны үнемі азайып отырумен қатар, ұшы-қыйыры жоқ қайыршылық, езушілік, құлдық, азғындаушылық, қанаушылық өсіп отырады, сонымен бірге, сол капиталистік өндіріс процесінің механизмі арқылы үйретіліп, біріктіріліп және ұйымдастырылып отыратын үздіксіз өсіп келе жатқан жұмысшы табының ашынуы да өсіп отырады. Капитал монополиясы өзі тұсында және өзінің қарамағында өскен өндіріс әдісіне бұғау болады. Өндіріс құрал-жабдықтарының шоғырлануы мен еңбектің қоғамдастырылуы өздерінің капиталистік қауызымен сыйыса алмайтын дәрежеге жетеді. Капиталистік қауыз жарылады. Капиталистік жеке меншіктің өлу сағаты соғады. Экспроприаторларды экспроприациялайды»<sup>1</sup>.

Ал енді менің оқушыдан сұрайтыным: диалектикалық шытырман орағыту мен ойдың араб өрнектері мұның қай жерінде, айырмашылық атаулының бәрін жоққа шығаратын түсініктерді шатастыру мен бұрмалау қай жерінде, жолын берік ұстаған адамдарға арналған диалектикалық кереметтер қай жерінде, диалектикалық құпия сырлы бос сөз бен логос туралы Гегель ілімінің көлеміндегі көз бояушылықтар қай жерінде, ал бұларсыз Дюрингтің айтуынша, Маркс өз пікірін ақырына дейін баяндай алмайтын емес пе еді? Маркс ұсақ өндірістің бір мезгілде өз дамуы арқылы өзінің жойылуына қажеттілікпен жағдай туғызғаны сыяқты, яғни ұсақ меншік иелерінің экспроприациялануына жағдай туғызғаны сыяқты, капиталистік өндіріс те кәзір өзін жоятын материалдық жағдайларды өзі туғызып отырғандығын тарих жүзінде дәлелдеп, бұл арада қысқаша қорытынды жасап отыр. Тарихи процесс міне осындай, ал егер бұл процесс сонымен бірге диалектикалық процесс болса, мұның өзі Дюринг мырзаға қаншама тағдырдың жазуы сыяқты болып көрінсе де, оған Маркс кіналы емес.

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 766-бет. Бұл цитаттың Энгельстергі текстісі мен «Капиталдың» 1952 жылғы басылуындағы осы жерінің текстісі арасында кейбір айырмашылықтар болу себебі: Энгельс цитатты «Капиталдың» I томының немісше екінші басылуынан (1872 ж.) алған, ал «Капиталдың» 1952 жылғы орысша басылуы немісше төртінші басылуының (1890 ж.) текстіні келтіреді, онда әлгі жер біраз өзгертілген түрде берілген. *Ред.*

Маркс тек енді ғана, өзінің тарихи-экономикалық дәлелдеуін бітіргеннен кейін, былай дейді: «Өндірістің және иемденудің капиталистік әдісі, демек, капиталистік жеке меншік те, адамның өз еңбегіне негізделген жеке адам меншігін алғашқы бекерге шығару болып табылады. Капиталистік өндірісті табиғи-тарихи процесс қажеттілікпен осы өндірістің өзі бекерге шығарады. Мұның аты — бекерге шығаруды бекерге шығару», т. т. (жоғарыда цитата келтірілгендей).

Сонымен Маркс бұл процесті бекерге шығаруды бекерге шығару деп атағанда бұдан оның тарихи қажеттілік екендігінің дәлелін табамын деп ойламайды да. Қайта оның керісінше: бұл процестің жарым-жартылап кәзірдің өзінде жүзеге асқанын, жарым-жартылап келешекте жүзеге асуға тиіс екенін тарих жүзінде дәлелдегеннен кейін ғана, ол оны сонымен бірге белгілі диалектикалық заң бойынша болатын процесс деп сыйпаттайды. Бар болғаны міне осы. Сонымен, мұның өзі — бекерге шығаруды бекерге шығару бұл жерде босандырушының қызметін атқарады, осының жәрдемімен алдағы болашақ өткеннің ішінен шығады деу немесе Маркс бекерге шығаруды бекерге шығару заңына сену негізінде жерді және капиталды қоғамдық иеленушіліктің қажеттігіне біреудің нануын талап етеді екен деу — тағы да сол Дюринг мырзаның нағыз барып тұрған бұрмалауы (ал мұның соңғысының бір өзі ғана дюрингілік «нақ қайшылық» болып табылады).

Диалектиканың тегін мүлде түсінбегендік Дюринг мырзаның оны әншейін бір жайша дәлелдеудің құралы деп есептейтіндігінен де көрініп тұр; мұның өзі түсініктің тайыздығынан формальды логиканы немесе элементарлы математиканы осындай құрал деп есептегенмен бірдей. Тіпті формальды логика да ең алдымен жаңа нәтижелер іздеп табудың, белгіліден белгісізге көшудің методы болып табылады; диалектика да осындай, тек ол әлдеқайда үлкен мағнада, және ол, оның үстіне, формальды логиканың тар өрісін аттап өтіп, өзінің ішінде неғұрлым кең көлеміндегі дүние танудың ұрығын ұстайды. Математикада да осы арақатыс бар. Элементарлы математика, тұрақты шамалар математикасы, ең болмағанда жалпылай және тұтас алғанда, формальды логика шеңберінің ішінде өріс алып отырады; ең елеулі бөлімі шексіз аз сандарды есептеу бөлімі болған ауыспалы шамалар математикасы да, оның түп мәнісін алып қарағанда басқа ештеңе де емес, диалектиканы математикалық қатыстарға қолданғандық болып табылады. Бұл методты зерттеудің жаңа салаларына әрқыйлы қолданумен салыстырғанда жай дәлелдеу мұнда мүлде кейінге шегінеді. Бірақ дифференциалды есептеудің алғашқы дәлелдемелерінен бастап, жоғарғы математиканың барлық дәлелдемелері түгелдей дерлік, элементарлық математика тұрғысынан қарағанда, шынына келгенде, теріс болып табылады. Егер, осын-



да істеліп отырғанындай, диалектика саласында табылған нәтижелерді формальды логика арқылы дәлелдеуге тырысушылық орын алса, әлгіден басқаша болуы мүмкін де емес. Дюринг мырза сыяқты дәрекі метафизикке бір ғана диалектика арқылы бірдеме дәлелдеймін деп әуре болу бір кезде Лейбниц пен оның шәкірттерінің сол кездегі математиктерге шексіз аз сандар теоремасын дәлелдеймін деп босқа еңбек жұмсағаны сыяқты болар еді. Бұл математиктер, дифференциал дегенді естігенде, Дюринг мырзаның «бекерге шығаруды бекерге шығару» жайын естігендерісіндей, құрысып-тырысып қалатын, ал оның бержағында біз бекерге шығаруды бекерге шығаруда дифференциалдың да кейбір роль атқаратынын көріп отырмыз. Бұл мырзалар ол кезде өліп кетпегендіктен, ұрса-ұрыса жүріп, түбінде барып көнді, бірақ, көздерін жеткізгеннен емес, шешімдер қашан да болса дұрыс шыға бергесін көнді. Өз мойындауынша, Дюринг мырза енді ғана қырықтан жаңа асқан көрінеді, егер ол әбден қартайғанша тұрағын болса, — біз бұған тілектеспіз, — онда ол да осыны көрмек.

Дегенмен осы Дюринг мырзаның әбден сорын қайнатып болған, христиандарда әулие аруағына қарсы күнакар болу қандай ауыр қылмыс болып саналса, оған да сондай болып жүрген осы қорқынышты «бекерге шығаруды бекерге шығару» дегеннің өзі не? Шын мәнісінде мұның өзі өте қарапайым және барлық жерде, күнде болып жататын процедура; егер оны ескі идеалистік философия қымтап келген және Дюринг мырза сыяқты дәрменсіз метафизиктер өз мүдделері үшін бұдан былай да қымтамақ болатын неше түрлі мистикалық қоқыстан тазартса, оны кез келген сәби де түсіне алатын болады. Арпаның дәнін мысалға алайық. Неше биллиондаған ондай дән диірменге тартылып, әбден пісіріліп сыра жасалып, сонсын ішіледі. Ал егер ондай арпа дәні өзіне қолайлы жағдай тауып, құнарлы жер қыртысына түссе, онда ол жылылық пен ылғалдың әсерінен өзіне тән ерекше бір өзгеріске ұшырайды: ол көктейді, сонсын оның дән ретінде өмір сүруі қойылып, бекерге шығарылады; оның орнына өзінен шыққан өсімдік пайда болады, — бұл — дәнді бекерге шығару. Ал бұл өсімдіктің қалыпты өмірінің барысы қандай болады? Ол өседі, гүлдейді, ұрықтанады, содан бұл тағы да арпа дәндерін салып, ол пісісімен өсімдік сабағы қурап бітеді, сөйтіп енді бұл келіп бекерге шығады. Бұл жердегі бекерге шығаруды бекерге шығарудың нәтижесі ретінде алғашқыдағы арпа дәнінің қайтадан пайда болғанын көреміз, бірақ ол бір дән емес, бірі он болып, не жыйырма, отыз болып шыққан. Дәнді астықтың түрлері өте жай өзгереді, олай болса, кәзіргі арпа бұдан жүз жыл бұрын да шамамен айтқанда осындай болған. Енді сәнге егілетін бір өсімдікті, мысалы, далияны немесе орхидеяны алып көрейік; егер біз, баушының өнерін қолданып, ұрыққа және одан өніп келе жатқан өсімдікке әсер тигізсек, бұл бекерге шығаруды бекерге

ғалымға адамдар келтіретін болғандықтан, механика массалар деп атайтын шамаларға сәйкес келетін шамаларға негізделеді. Бұл массаларға салыстырғанда жер массасы шексіз үлкен және жер механикасы оны шексіз үлкен шама деп түсіндіреді. Жердің радиусы  $= \infty$ , құлау заңын қарағанда бүкіл механиканың принципі осындай. Алайда жер ғана емес, бүкіл күн системасы да және онда кездесетін бүкіл қашықтық та, өз тарапынан, тағыда шексіз аз болып шығады, шыққанда, біз телескоп арқылы өзіміз байқайтын жұлдыз системасында бар қашықтыққа, және жарықтың жылдарымен белгіленетін қашықтыққа, өтсек-ақ болғаны шексіз аз болып шығады. Сонымен, біз енді бұл жерде бірінші реттегі ғана емес, сонымен қатар екінші реттегі шексіз шамаларды да көріп отырмыз және өзіміздің оқушыларымыздың қыялына, — егер оларға бұл ұнайтын болса, — шексіз кеңістіктерде өздеріне тағыда онан әрі жоғарғы реттердегі шексіз шамаларды құруды береміз.

Ал, кәзір физика мен химияда үстем болып отырған көзқарастар бойынша, механика айналысатын жер бетіндегі массалар, денелер молекулалардан, аса уақ бөлшектерден тұрады, бұларды, қаралып отырған дененің физикалық және химиялық барабарлығын жойып жібермейінше, онан әрі бөлшектеуге болмайды. В. Томсонның есептеп шығаруы бойынша бұл молекулалардың ең кішкенесінің диаметрі миллиметрдің елу миллиондық үлесінің бір үлесінен кем болмауға тиіс<sup>1</sup>. Ал тіпті егер біз ең үлкей молекуланың диаметрі миллиметрдің жыйырма бес миллиондық үлесінің бір үлесіне жетеді десек, онда осы жағдайдың өзінде де молекула механика, физика және тіпті химия айналысатын ең кішкене массамен салыстырғанда да өлшерлік кішкене болып қала береді. Осыған қарамастан, молекулада тиісті массаға тән сыйпаттың бәрі де болады, ол молекула физикалық және химиялық жағынан сол масса болып көріне алады және, шындығында да, барлық химиялық теңдемелерде сол масса болып көрінеді. Қысқасын айтқанда, математикалық дифференциалда өзінің ауыспалы шамасы жөнінде қандай сыйпаттар болатын болса, молекулада тиісті масса жөнінде дәл сондай сыйпаттар бар, мұндағы айырмашылық мынау ғана: дифференциал болған ретте, математикалық абстракцияда, бізге жұмбақ және түсініксіз болып көрінетін нәрсе мұнда өзінен өзі түсінікті, былайша айтқанда, айқын болады.

Математика өзінің абстрақтық дифференциалдарын қалай қолданатын болса, табиғат та осы дифференциалдарды, молекула-

<sup>1</sup> Бұл цифр Вильям Томсонның «Атомдардың шамасы» деген мақаласында («The Size of Atoms») келтіріледі, бұл мақала алғаш рет «Nature» журналында 1870 ж. 31 мартта шықты (vol. I, p. 553) және сонсын қосымша ретінде Томсон мен Тэтаның «Теориялық физика туралы трактатына» енді («Treatise on Natural Philosophy». 2 nd edition, 1883) Ред.

ларды дәл солай және дәл сондай заңдар бойынша қолданады. Сөйтіп, мысалы  $x^3$  тан шығатын дифференциал  $3x^2dx$  болады, сонымен қатар біз  $3x dx^2$  пен  $dx^3$ -ке көңіл бөлмейміз. Егер біз тиісінше геометриялық құрылыс жасасақ, онда біз куб аламыз, оның жақтарының ұзындығы  $x$  шексіз аз шама  $dx$ -ке өседі. Айталық, бұл куб белгілібір ұшуы-қатуы тез химиялық элементтен, күкірттен тұрады екен делік; оның бір бұрыш жақсайтын үш қырының үсті қоршалған, ал қалған үш қырының үсті бос екен делік. Егер біз осы күкірттен тұратын кубты күкірттің буынан пайда болған атмосфераға орналастырып, осы атмосфераның температурасын жетерліктей дәрежеде төмендетсек, сонда күкірттің буы біздің кубтың бос үш қырына отыра бастайды. Біз, егер, бұл процесті оның таза күйінде түсінгіміз келіп, осы үш қырдың әрқайсысының үстіне әуелі бір молекуланың қимығын ұйреншікті тәсілдерден шығып кетпейміз. Кубтың  $x$  жағының ұзындығы бір молекуланың диаметріндей,  $dx$ -ке ұлғайды. Ал  $x^3$  кубтың көлемі  $x^3$  пен  $x^3 + 3x^2dx + 3x dx^2 + dx^3$ -тің арасындағы айырмасына өсті, сонымен бірге біз, математика сыяқты, дәл сондай ерікпен,  $dx^3$ -ке, яғни бір молекулаға және  $3x dx^2$  яғни, ұзындығы  $x + dx$ -ке тең ұзыннан орналасқан молекулалардың үш қатарына көңіл бөлмейміз. Нәтижесі бірдей: кубтың массасының өскені  $3x^2 dx$ -ке тең.

Дәл айтқанда, күкірт кубте  $dx^3$  пен  $3x dx^2$  болмайды, өйткені кеңістіктің дәл бір жерінде екі немесе үш молекула бола алмайды, сондықтан оның массасының өскені дәл  $3x^2d + 3x dx + dx$ -ке тең. Мұның себебі: математикада  $dx$  дегеніміз ұзындық шама, ал жуандығы мен көлденеңі жоқ ұзындықтар табиғатта, жұртқа мәлім, дербес түрде болмайды, ал, олай болса, математикалық абстракциялардың тек бірыңғай математика шеңберінде ғана сөзсіз маңызы болады. Ал осы математика  $3x dx^2 + dx^3$ -ке көңіл бөлмейтіндіктен, мұнда ешқандай айырма шықпайды.

Буланғанда да дәл осындай болады. Стакандағы судың молекулаларының үстінгі қабаты бу болып көтерілгенде, судың бүкіл  $x$  қабатының биіктігі  $dx$ -ке кемиді, ал молекулалар қабатының онан әрі бірінен соң бірінің бу болып ұшып жатуы, шыңында онан әрі болып жатқан дифференциалдануы болып табылады. Ал қысымның және салқындаудың әсерінен белгілібір ыдыстағы ыстық бу қайтадан қоланып, суға айналғанда, сөйтіп молекулалардың бір қабатының үстіне бір қабат (сонымен қатар біз процесті қыйындататын қосымша жағдайларға тоқтамауға еріктіміз), ыдыс әбден толғанша қосыла бергенде, біздің бұл жерде көретініміз дәл мағнасында айтқанда интегралдау, мұның математикалық интегралдаудан айырмашылығы тек мынада ғана: бірі адамның ойлауы арқылы саналы түрде болады, ал екіншісі санасыз түрде табиғат арқылы болады.

Бірақ шексіз аз шаманы есептеу процестеріне мүлде ұқсас процестер тек сұйық күйден газ күйге және одан керісінше айналғанда ғана болмайды. Түрткінің нәтижесінде массаның қозғалысы тоқтап, жылылыққа, молекулалық қозғалысқа айналғанда, массаның қозғалысын дифференциалдау болмағанда не болды? Ал бу машинасының цилиндрінде будың молекулалық қозғалыстары сондай бағытта жыйнақталып, олар массаның қозғалысына айналып, поршөнді белгілі биікке көтергенде, олар бұл жерде интегралданып отырған жоқ па? Химия молекулаларды атомдарға, массасы мен ұзындығы кем шамаларға бөледі, бірақ бұл шамаларда алғашқы шамалардың болған ретінде болады, сөйтіп молекулалар мен атомдар бір біріне белгілі шекті қатынастарда болады. Демек, дененің молекулалық құрамын көрсететін барлық химиялық теңдемелер формасы жағынан дифференциалдық теңдеме болып табылады. Бірақ шындығында олар өздерінде бар атомдық салмақтың арқасында кәзірдің өзінде-ақ интегралданып қойды. Химия шамаларының өзара қатынасы белгілі дифференциалдарды қолданады.

Ал атомдар әстеде қарапайым бірдеме емес, жалпы алғанда заттың ең ұсақ бізге мәлім бөлшектері емес. Атомдардың құрамы күрделі деген пікірге барған сайын көбірек бейім химияның өзін сөз қылмағанның өзінде, физиктердің көпшілігі жарықтық және жылылық сәуле беруші болып табылатын дүниелік эфир де дискреттік бөлшектерден тұрады, алайда, олар соншалық кішкене, химиялық атомдарға және физикалық молекулаларға осы соңғылардың механикалық массаларға қатысқаны, яғни  $d^2x$ -тің  $dx$ -ке қатысқаны сыяқты қатысады дейді. Сонымен, бұл жерде материяның құрылысы жөнінде кәзіргі уақытта қабылданған ұғымдардан екінші реттегі дифференциалды көріп отырмыз, ал кімде-кімге мұның өзі қызық болатын болса, ол адамның табиғатта тағыда сонымен қатар  $d^3x$ ,  $d^4x$ , т. т. үшін ұқсастар да болуға тиіс деп ұйғаруына ешнәрсе бөгет болмайды.

Сөйтіп, материяның құрылысы жөнінде қандай пікірде болса да бір күмансыз нәрсе мынау: материя бірқатар үлкен, массаларының мөлшері біршама әрқыйлы жақсы жіктелген топтарға бөлінген, сондықтан әрбір жеке топтың мүшелері өз массаларының тарапынан бір біріне белгілі, шекті қатыста болады, ал өздеріне неғұрлым жақын топтардың мүшелеріне математика мағнасында алғанда шексіз көп немесе шексіз аз шамалар ретінде қатысады. Біз көретін жұлдыздар системасы, күн системасы, жер массалары, молекулалар мен атомдар, ақырында, эфирдің бөлшектері, осылардың әрқайсысы осындай топ жасайды. Әрбір топтар арасынан аралық буындар табуымыздан істің мәні өзгермейді: мәселен, күн системасы массалары мен жер массаларының аралығынан біз астероидтарды кездестіреміз, — олардың кейбіреулерінің диаметрі, айталық, Рейстің кіші ұрпақтары

княздігінің<sup>1</sup> диаметрінен артпайды, — метеориттерді, т. т. кездестіреміз; жер массалары мен молекулалардың аралығында организмді дүниеде клетканы кездестіреміз. Осы аралық буындар тек мынаны дәлелдейді: табиғат түпелдей секірулерден тұратын *болғандықтан да* табиғатта секірулер жоқ.

Математика шын шамаларды қолданғанда, ол да мұнан былай бұлтарыссыз осы көзқарасты қолданады. Жерлік механика үшін жер массасының өзі-ақ шексіз үлкен болады; астрономияда жер массалары және оларға сәйкес метеориттер шексіз аз шамалар ретінде шығады; астрономия, ең жақын тұрған көзғалмайтын жұлдыздардың шегінен шығып, біздің жұлдыз системасының құрылысын зерттей бастасымен, дәл сондай түрде күн системасы планеталарының қашықтығы мен массалары да ол үшін жойылып кетеді. Математиктер өздерінің абстракция берік қамалына, таза математика дейтінге тек тасаланса-ақ болғаны, осы аналогиялардың бәрі ұмыт болады; шексіздік мүлде жұмбақ бірдемеге айналады, ал анализде қолданылатын әдіс тәжірибе атаулыға және мағна атаулыға мүлде қайшы түсініксіз бірдеме болып көріне бастайды. Математиктер әрқашан таңырқарлық түрде дұрыс нәтижеге жеткізетін өздерінің методтарын онша түсіндірмегенімен оны ақтаған ақылсыздықтары мен сорақылықтары натурфилософияның (мысалы, Гегель философиясының) ең жаман, нағыз және жалған қыялшылдығынан асып түседі, бұл қыялшылдық жөнінде өздерінің қорқынышын білдіру үшін математиктер мен жаратылыс зерттеушілер жеткілікті сөз таба алмай жүр. Олардың өздері Гегельге кіна етіп таққан нәрсені өздері істеп отыр — істегенде анағұрлым үлкен көлемде істеп отыр, — атап айтқанда абстракцияны ақырғы шегіне жеткізеді. Олар таза математика дейтіннің бәрі абстракциямен айналысатынын, оның шамаларының *бәрі*, дәл айтатын болсақ, ойдағы шамалар екендігін және ақырғы шегіне жеткізілген абстракцияның бәрі мағнасыздыққа немесе өзінің қарама-қарсылығына айналатынын ұмытады. Математикалық шексіз, санасыз түрде болса да, шындықтан алынған, сондықтан да ол, өзінен өзі шыққан болып не математикалық абстракциядан шыққан болып емес, тек шындықтан шыққан болып түсіндірілуге тиіс. Ал шындықты біз осы бағытта зерттей бастағанда, онда біз өзіміздің көргеніміздей, сонымен қатар шексіздің математикалық қатысы өз саласынан алынған шын қатыстарды да табамыз, тіпті осы қатыстың қыймыл үстінде көрінуіне себепші болатын математикалық тәсілдің табиғатта бар аналогиясына кездесеміз. Ал сөйтіп предмет айқындалды.

<sup>1</sup> Екінші герман империясының құрамына кірген ең кішкентай мемлекеттердің бірі. *Ред.*

(Ойлау мен болмыстың барабарлығы Геккельде жаман көрсетілген. Сонымен қатар *үздіксіз және дискретті материяның қайшылығы*; Гегельден қараңыз)<sup>1</sup>.

### Табиғатты «механикалық жолмен» түсіну туралы

#### *46-бетке<sup>2</sup>: Қозғалыстың әртүрлі формалары және оларды зерттейтін ғылымдар*

Осы мақала («Vorwärts-тің» 1877 ж. 9 февральдағы номерінде)<sup>3</sup> шыққаннан бері, Кекуле («Die wissenschaftlichen Ziele und Leistungen der Chemie»)<sup>4</sup> механиканың, физиканың және химияның дәл сондай анықтамасын берді: «Егер материяның мәні туралы осы ұғымды негізге алатын болсақ, онда химияға *атомдар жөніндегі ғылым*, ал физикаға *молекулалар жөніндегі ғылым* деп анықтама беруге болады; ал онда осы заманғы физиканың массалармен айналысатын бөлегін, оған *механика* деген атты қалдырып, ерекше пән етіп бөлу керек деген пікір өзінен өзі туады. Сонымен, механика физика мен химияның негізі болып шығады, өйткені оның екеуі де құбылыстардың белгілі жақтарын қарағанда және әсіресе есептегенде, өзінің молекулаларын және сондай-ақ, атомдарын масса деп түсіндіруге тиіс болады». Бұл тұжырымның тексте<sup>5</sup> және ілгері заметкада берілген тұжырымнан өзгешелігі айқындығының біраз төмендігінде екенін көріп отырмыз. Ал ағылшынның бір журналы («Nature») Кекулениң жоғарыда келтірілген қағыйдасына: механика дегеніміз массалардың статикасы мен динамикасы, физика дегеніміз молекулалардың статикасы мен динамикасы, химия дегеніміз атомдардың статикасы мен динамикасы деп отырса<sup>6</sup>, онда меніңше, тіпті химиялық процестерді таза механикалық процестерге сөзсіз аударып жіберу, зерттеу өрісін, аз дегенде химия саласында, лайықсыз тарылтады. Ал солай бола тұрса да осы аудару соншалық мода болып алған, мысалы, Геккельде «механикалық» және «монистік» деген сөздер тең мағналы сөздер ретінде үнемі қолданылады және, оның ойынша, «осы заманғы фи-

<sup>1</sup> Осы үш жолды Энгельс соңынан қосымша жазған. *Ред.*

<sup>2</sup> Беті «Анти-Дюрингтің» бірінші басылуы бойынша көрсетілген. Бұл бірінші бөлімнің VII тарауының бірінші беті: «Натурфилософия. Организмді дүние». *Ред.*

<sup>3</sup> Бір топ мақалалар түрінде басылған «Анти-Дюрингтің» VII тарауы алғаш рет басылған «Vorwärts» газетінің номері. *Ред.*

<sup>4</sup> «Химияның ғылыми мақсаттары мен табыстары» *Ред.*

<sup>5</sup> — яғни «Анти-Дюрингтің» тектінде, бірінші бөлімнің VII тарауының басында. *Ред.*

<sup>6</sup> Энгельстің айтып отырғаны «Nature» журналының 1877 ж. 15 ноябрьдегі номеріндегі заметка, бұл заметкада Кекулениң баяндамасы қысқартылып баяндалып берілген. *Ред.*

зиология... өз саласында тек физикалық-химиялық, немесе сөздің кең мағнасында алғанда механикалық, күштерге орын береді» (Perigenesis)<sup>1</sup>.

Физиканы молекулалардың механикасы, химияны — атомдардың физикасы және сонан соң биологияны — белоктардың химиясы деп атағанда, мен бұл ғылымдардың бірінің біріне көшетінін, — демек, олардың арасындағы байланысты, үздіксіздікті де, сондай-ақ екеуінің айырмашылығын да, дискреттігін де көрсеткім келеді. Онан әрі бару, химияны да өзінше бір механика деп атау, маған орынсыз нәрсе болып көрінеді. Механика сөздің неғұрлым кең немесе тар мағнасында айтқанда тек санды біледі, ол жылдамдықпен, массалармен, ал, мықтағанда көлеммен айналысады. Ал өзінің жолында денелердің сапасы, мысалы, гидростатикада, аэростатикада, кездесе қалса, ол механика молекулалық күйлер мен молекулалық қозғалысты қарастырмайынша өте алмайды, ал механиканың өзі бұл жерде көмекші ғылым, физиканың алғышарты болып табылады. Ал физикада, әсіресе химияда сан жағынан өзгерудің нәтижесінде сапа жағынан өзгерістің болатыны, яғни санның сапаға айналатыны былай тұрсын, сонымен қатар сан жағынан өзгерулермен байланыстылығы мүлде анықталмаған толып жатқан сапа жағынан өзгерістерді қарауға тура келеді. Ғылымдағы осы күнгі ағымның осы бағытта бара жатқандығымен рыйза болып келісуге болады, бірақ мұның өзі ол ағымның барынша дұрыс екендігін және осы ағымға еріп физика мен химияны біздің ақырына жеткізе қамтыйтындығымызды дәлелдемейді. Қозғалыстың қандайында болса да механикалық қозғалыс, материяның үлкен немесе өте кішкене бөлшектерінің ауысуы болады; осы механикалық қозғалыстарды білу ғылымның бірінші міндеті, алайда оның тек қана бірінші міндеті болып табылады. Бірақ осы механикалық қозғалыс жалпы қозғалысты толық қамтымайды. Қозғалыс — орынның ауысуы ғана емес; механикадан тыс салаларда ол сапа өзгерісі де болып табылады. Жылылық кейбір молекулалық қозғалыс болып табылады деген жаңалық ғылымда өзіне бір заман болды. Ал егер мен жылылық жөнінде ол молекулалардың белгілі ауысуы болып табылады дегеннен басқа ешнәрсе айтарым болмаса, онда менің үндемегенім жақсы. Атомдық көлемдердің атомдық салмақтарға қатысынан элемент-

<sup>1</sup> Энгельс Геккельдің мына еңбегінен цитат келтіріп отыр: «Die Perigenesis der Plastidule oder die Wellenzugung der Lebensteilchen. Ein Versuch zur mechanischen Erklärung der elementaren Entwicklungs-Vorgänge», Berlin, 1876 («Пластидул перигенезисі немесе тіршілік бөлшектерінің толқын тәрізді нәтижесі. Дамудың элементарлық процестерін механикалық жолмен түсіндіру», Берлин, 1876). Курсив Энгельстікі. *Ред.*

шығарудың нәтижесінде, тек көп ұрық қана емес, сонымен бірге, бұрынғыдан әдемірек гүлдер беретін, сапасы жақсарған ұрықтар аламыз; және бұл процесті әрбір қайталау, әрбір жаңа бекерге шығаруды бекерге шығару бұл жетілдіру процесіндегі неғұрлым жоғары саты болып табылады. — Арпа дәнінен көргеніміз сыяқты, бұл процесс құрт-құмырысқа тұқымның да көбінде, мысалы, көбелектерде болып жатады. Олар кішкене жұмыртқадан оны бекерге шығару арқылы өседі, содан жыныстық жетілуге жеткенше өрбудің түрлі-түрлі кезеңдерінен өтеді, содан кейін ұрықтанады да енді өзі бекерге шығарылады, яғни ұрғашысы көптеген жұмыртқа салып, ұдайы өсудің кезекті процесі аяқталғаннан кейін өледі. Ал басқа өсімдіктер мен хайуандарда бұл процестің мұндай қарапайым формада аяқталмайтыны, олардың өздері өлгенше ұрықтарды, жұмыртқаны немесе балаларды, бір рет емес, көп рет туатыны, — міне мұның бәрі бізге бұл арада қажет емес; бұл жерде біз әзірге бекерге шығаруды бекерге шығару организмді дүниенің екі түрлі әлемінде де *шынында болып жататынын* көрсетуге тиіспіз. Сонымен, бүкіл геология да соңынан өздері бекерге шығарылған талай бекерге шығарулар екенін, бірінен соң бірі болып отырған талай ескі тау формациялары бұзылып, жаңаларының пайда болуы екенін білеміз. Әуелі сұйық массаның суыңғанынан пайда болған алғашқы жер қабығы мұхиттық, метеорологиялық және атмосфералық химиялық әсерлерден ұсақталып, бұл ұсақталған масса қабат-қабат болып теңіздің түбіне отырған. Әр жерде теңіз түптерінің көтеріліп, су бетіне шығуы бұл алғашқы отырған массаларға жаңбырдың, жылдың әр мезгілінде өзгеріп тұратын температураның, атмосфералық оттегі мен көмір қышқылының әсерін тидіреді; жердің іш жағынан әлгі қабаттарды жарып шығатын әуелде балқыған, соңынан суыған тас текті массаларға да осындай әсерлер тиіп жатады. Сонымен неше миллиондаған жүзжылдықтар бойына осылайша бір қабаттан соң бір қабат пайда болады да жатады, — олар көбіне бірінен соң бірі бұзылып, жаңа қабаттардың пайда болуы үшін материал болады. Ал бұл процестің нәтижесі өте пайдалы: мұның өзі неше алуан химиялық элементтерден құрылған және механикалық жағынан ұсақталған жер қыртысының пайда болуы деген сөз; ол келіп бүкіл әлемге жайылған сан алуан түрлі өсімдіктердің шығуына мүмкіндік береді.

Математикадан да осы жайды көреміз. Қандай да болса алгебралық бір шаманы алайық та, оны  $a$  деп белгілейік. Егер біз оны бекерге шығарсақ, ол —  $a$  (минус  $a$ ) болады. Ал егер бұл бекерге шығаруды бекерге шығарып, —  $a$  шамасын —  $a$  шамасына көбейтетін болсақ, онда ол  $+ a^2$  болып шығады, яғни алғашқы оң шама келіп шығады; тек ол бұл жолы жоғары дәрежеде, атап айтқанда, өзіне өзі көбейтілген, екінші дәрежеде. Бұл жерде мына жайдың да айырықша маңызы жоқ: нақ осы



$a$  басқа жолмен де шығады, яғни оң  $a$  шамасын өзіне өзін көбейтсек те  $a^2$  шығады. Өйткені бекерге шығаруға ұшыраған бекерге шығарудың  $a^2$  ішінде берік отыруы соншалық, ол  $a^2$  шамасының қандай жағдайда да екі шаршы түбірі бар, атап айтқанда олар  $+a$  және  $-a$ . Сөйтіп бұл бекерге шығарылған бекерге шығарудан құтыла алмау, шаршының ішіндегі теріс түбірмен құтыла алмау әсіресе шаршы теңдеулерде өте көзге түсерліктей маңыз алады. — Бекерге шығаруды бекерге шығарудың бұдан да айқын түрде көзге түсетін жері жоғары анализде, яғни Дюринг мырзаның өзі ең жоғары математикалық амалдар деп жарыялаған, ал әдеттегі тілде дифференциал және интеграл есептері деп аталатын «шексіз аз шамалардың жыйнақталуында». Бұл есептер қалай жүргізіледі? Мысалы, менде белгілі бір берілген есепте  $x$  және  $y$  деген екі түрлі ауыспалы шама бар, оның біреуі өзгертін болса, онымен бірге, істің жайына қарай белгіленген шамада, екіншісі де өзгермей қала алмайды. Мен  $x$  пен  $y$ -ті дифференциялаймын, яғни оларды соншалық шексіз аз санап аламын, бұдан келіп олар, қандайлық аз болса да шын шамамен салыстырғанда, жоқ болып кетеді, сөйтіп  $x$  пен  $y$ -тен олардың өзара еселік қатыстарынан басқа ештеме қалмайды, және ол, былайынша айтқанда, ешқандай материалдық негізі жоқ еселік қатыс болады, — ешқандай саны жоқ сандық еселік қатыс қалады. Демек,  $\frac{dy}{dx}$ , яғни  $x$ -тен және  $y$ -тен шыққан екі дифференциалдың еселік қатысы  $\frac{0}{0}$  ге тең болады, бірақ бұл  $\frac{0}{0}$  болғанда оның өзі  $\frac{y}{x}$  дегеннің бейнесі ретінде қабылданады. Тек жол-жөнекей еске сала кететінім, бұл жоқ болып кеткен екі шаманың еселік қатысы, олардың жоқ болып кеткенін анықтаған кезең қайшылық болып табылады; бірақ бұл қайшылық, тегінде 200 жылға жуық уақыт ішінде математикаға қыйындық келтірмегені сыяқты, бізге де көп қыйындық келтіре алмайды. Ал мұның өзі — мен  $x$  пен  $y$ -ті бекерге шығарамын, бірақ, бекерге шығарғанда, енді оларда ісім болмайды, деген мағнада емес, — метафизиктер нақ осылай бекерге шығарады, — мен істің жағдайына қарай бекерге шығарамын, деген сөз емес пе? Сонымен, белгілі бір формулалар мен теңдеулерде  $x$  пен  $y$  орнына менде олардың бекерге шығарылуы,  $dx$  пен  $dy$  болады. Сонсын мен бұдан кейінгі амалдарды осы формулалармен жүргіземін,  $dx$  пен  $dy$ -ке, кейбір айырықша заңдарға бағынған болса да, шын шамалар ретінде қараймын, сөйтіп белгілі бір пунктте бекерге шығаруды бекерге шығарамын, яғни дифференциалдық формуланы интегралдаймын,  $dx$  пен  $dy$  орнына қайтадан шын шама  $x$  пен  $y$  аламын; бұл жолда мен жай ғана бастаған жеріме қайтып келгенім жоқ, берілген есепті шығардым, оны кәдуелгі

геометрия мен алгебра шығармақ болса, мүмкін, бостан босқа арамтер болар еді.

Тарихта да істің жайы басқаша емес. Мәдениетті халықтардың бәрі де жерді қауым болып меншіктенуден бастаған. Алғашқы қоғамның белгілі сатысынан аттан өткен халықтардың бәрінде егіншіліктің дамуы барысында жерді қауым болып меншіктеу өндіріске бұғау болады. Жерді бұлай меншіктену жойылады, бекерге шығарылады, сөйтіп, азды-көпті ұзақ уақыт аралық сатылардан кейін жеке меншікке айналады. Ал нақ осы жерге жеке меншіктің арқасында қол жеткен егіншіліктің неғұрлым жоғары сатысында жеке меншік енді келіп өндірістің бұғауы болады, мұның өзі кәзір ұсақ жер иелігінде де, ірі жер иелігінде де байқалып отыр. Осыдан келіп қажетті түрде — енді жерге жеке меншікті бекерге шығару керек, оны қайтадан ортақ меншікке айналдыру керек деген талап туады. Бірақ бұл талаптың мәнісі, алғашқы дәуірдегі жерді қауым болып меншіктенуді қайта қалпына келтіру деген сөз емес, қайта ортақ иеленушіліктің әлдеқайда жоғары, неғұрлым дамыған формасын орнату болып табылады; ол форма, өндіріске бөгеу болмайтыны былай тұрсын, қайта өндірісті оның адымын тарылтып келген тұсаулардан ең алғаш рет босатады, сөйтіп кәзіргі заманның химия жаңалықтары мен механика өнертабыстарын толық пайдалануына мүмкіндік береді.

Немесе басқа бір мысал: арғы заман философиясы алғашқы, стихиялық материализм болды. Ол стихиялық материализм болғандықтан онда ойлаудың материяға қатысын анықтайтын қабілет болмады. Бірақ бұл мәселеде айқындыққа жету қажеттігі тәннен бөлінетін жан туралы ілімге әкеліп тіреді, — одан кейін — ол жан өлмейді деген шықты, ақырында — монотеизм пайда болды. Ескі материализм, сонымен, идеализм тарапынан бекерге шығарылды. Бірақ философияның мұнан кейінгі дамуында идеализм де шамасыз болып шығып, ол кәзіргі заман материализмі тарапынан бекерге шығарылды. Бекерге шығаруды бекерге шығарудың бұл соңғысы, жай ғана ескі материализмді тірілту емес, оның берік негіздеріне философия мен жаратылыс танудың екімынжылдық дамуының, сол сыяқты ол екімынжылдық тарихтың өзінің бүкіл идеялық мазмұнын да қосады. Тегінде мұның өзі енді философия да емес, ол өзіне дәлелдемені айырықша бір ғылымдар ғылымынан тауып, өзін сонда көрсетуге тиіс емес, нақты ғылымдардан табуға тиіс, дүние танудың өзі болмақ. Сонымен, философия «қалдырылған», яғни «әрі жойылған, әрі сақталған»: формасы жағынан жойылған да, шын мазмұны жағынан сақталған. Сонымен, Дюринг мырзаға тек «сөз құбылысы» болып көрінген жерлерге зер салыңқырап қаралса, онда нақты мазмұн барлығы анықталады.

Ақырында, Руссоның теңдік туралы ілімі де, Дюринг мырзаның ілімі оның өңсіз, бұрмаланған көшірмесі болып табылатын

тіпті осы ілім де, гегельдік бекерге шығаруды бекерге шығару босандырушылық қызметін көрсетпесе құралмаған болар еді, ал ол ілім Гегель тумастан жыйырма жылдан аса уақыт бұрын шыққан. Және бұл рольге ұялудан аулақ болған Руссо ілімі өзінің бірінші баяндалуында өзінің диалектикалық тегін, бір есептен айтқанда, жарқыратып жайып салды. Табиғи және жабайы күйінде адамдар тең болған, ал Руссо тіл пайда болуының өзін табиғи қалыптың бұрмалануы деп білетін болғандықтан, ол бір түрдің ішіндегі хайуандар арасындағы теңдікті осы хайуан-адамдарға да тән деуге толық правосы болды; жаңа заманда Геккель бұл хайуан-адамдарды шамамен *alali* — тілсіздер деп жіктеді. Бірақ бұл бір біріне тең хайуан-адамдардың басқа хайуандарға қарағанда бір артықшылығы болған: бұл — олардың жетілуге, онан әрі дамуға қабілеттілігі; ал осы қабілеттіліктің өзі теңсіздіктің себебі болған. Сонымен, Руссо теңсіздіктің пайда болуын прогресс деп біледі. Бірақ бұл прогресс — антагонистік прогресс, өйткені ол екінші жағынан регресс те болып табылады. «Мұнан кейінгі табыстардың бәрі (алғашқы қоғам күйімен салыстырғанда) *индивидтің жетілу бағытындағы* тек көруге ғана прогресс болды, ал шындығында олар *тұқымның құлдырауына* бастады. Металл өңдеу мен егіншілік деген белгілі екі өнердің табылуы осы зор революцияны тудырды» (алғашқы ну ормандардың өңделген жерге айналуы, бірақ сонымен бірге меншік орнауы салдарынан қайыршылық пен құлдықтың да пайда болуы). «*Адамдарды* цивилизацияға жеткізген, сөйтіп адамзат *тұқымын* сорлатқан нәрсе, ақындардың көзқарасынша, алтын мен күміс те, ал философтардың көзқарасынша — темір мен астық». Цивилизация бір қадам алға басқан сайын, теңсіздік те бір қадам алға басады. Цивилизациямен бірге шыққан қоғамның өзі үшін жасақтаған мекемелерінің бәрі өзінің алғашқыдағы міндетіне тура қарама-қарсы мекемелерге айналады. «Халықтардың князьдарды, өзіміздің еркіндігімізді жойсын деп емес оны күзетсін деп қойғаны даусыз — және бұл бүкіл мемлекеттік правоның негізгі заңы болып табылады». Бірақ солай бола тұрса да бұл князьдар қалайда халықтарды езуші болып алады, сөйтіп олар бұл езушілікті сондай күшейтеді де, ең шегіне жеткен теңсіздік қайтадан өзінің қарама-қарсылығына айналып, теңдікке себепші болады: деспоттың алдында бәрі тең болады, атап айтқанда — нольге тең болады. «Бұл — теңсіздіктің барып тұрған шегі, *орағытқан шеңберді жауып, өзіміз шыққан алғашқы нүктемізге келіп түйсетін соңғы нүктесі*: мұнда барлық жеке адамдардың бір біріне тең болатын себебі: олар ештеме емес, және әміршінің қарамағындағыларда әміршінің дегенінен басқа заң жоқ». Бірақ деспот өзі зорлық жүргізе алатын кезге дейін ғана әмірші болады, ал сондықтан «оны қуып шығарған кезде, ол зорлық көрдім деп шағым ете алмайды... Оны қолдаған күш зорлық болса, енді оны түсі-

ретін де зорлық болады, сөйтіп бәрі де өзінің табиғи жолымен дұрыс жүреді». Сонымен, теңсіздік қайтадан теңдікке айналды, бірақ ол, алғашқы заманның тілсіз адамдары арасында стихиялықпен шыққан ескі теңдік емес, қоғамдық келісімнің неғұрлым жоғары теңдігі болады. Езушілер езіледі. Бұл — бекерге шығаруды бекерге шығару.

Сонымен, Руссоның өзінде-ақ Маркстің «Капиталындағы» пікірлерден айнымаған пікірлер болғаны былай тұрсын, сонымен бірге, біз Руссодан нақ сол Маркс пайдаланған көптеген диалектикалық құрылыстардың да егжей-тегжейін көреміз; олар: өзінің табиғатында антагонистік, бойында қайшылық бар процестер; әрбір шегіне жеткен жайдың өзінің қарама-қарсылығына айналатыны және, ақырында, барлық жайдың өзегі болған — бекерге шығаруды бекерге шығару. Демек, Руссоның 1754 жылы әлі «гегельдік жаргонмен» сөйлеуі мүмкін емес болса да, ол қалай болғанда да, Гегельдің дүниеге келуінен 23 жыл бұрын-ақ гегельшілдік дертке ұшырапты, қайшылық диалектикасын, логос туралы ілімді, теологиканы және т. с. жұқтырыпты. Сонымен, Дюринг мырза, Руссоның теңдік туралы теориясының кәдірін кетіріп, өзінің аса инабатты екі ер адамымен әрекет еткенде-ақ еңіске еңкейген еді, бұл еңіспен ол бекерге шығаруды бекерге шығарудың құшағына қарай лажсыз зырғып барады. Бұл екі ер адамның теңдігі өркендеген және тамаша құрылыс деп суреттелген құрылыс «Философия курсының» 271-бетінде «алғашқы қоғамдық құрылыс» деп аталған 279-бетте бұл алғашқы қоғамдық құрылысты қажетті түрде «тонау тәртібі» жояды — бұл бірінші бекерге шығару. Ал біздің заманымызда шындық философиясының арқасында мынаған да жеттік: біз тонау тәртібін жойып, оның орнына Дюринг мырза ойлап тапқан, теңдікке негізделген шаруашылық коммунасын енгізуімізге болады, мұның өзі — бекерге шығаруды бекерге шығару, жоғары сатыдағы теңдік. Мұнда ой өрісін ізгілікпен кеңейтетін бір қызық нәрсе: Дюринг мырзаның өзі мәртебелі түрде ауыр қылмыс істеп — бекерге шығаруды бекерге шығарып отыр!

Сонымен, бекерге шығаруды бекерге шығару деген не? Табиғаттың, тарихтың және ойлаудың өте жалпылама, нақ сондықтан да өте кең түрде жүретін, маңызды даму заңы; мұның өзі жоғарыда көргеніміздей, хайуанат және өсімдік әлемінде, геологияда, математикада, тарихта, философияда жүретін заң, өзінің соншама қасарысқан қарсылығына қарамастан өзі байқамай, Дюринг мырзаның да өз тұрғысынан санасуына мәжбүр болған заңы. Мысалы, арпа дәнінің көктегеннен бастап ұрық берген өсімдіктің құрағанына дейінгісін бекерге шығаруды бекерге шығару болады дегенімде, мен әлі де ол дәннің ондағы бастан өткізетін *айрықша* даму процесі жайында іштеме айтқамын жоқ, бұл өз өзінен түсінікті. Мысалы, интегралдық есеп те осындай бекерге шыға-

руды бекерге шығару ғой. Олай болса, осындай жалпылама пікірмен қанағаттанғанда, мен: арпа масағы өмірінің процесі интегралдық есеп болады немесе ол, айта берсеңіз, социализм де болады деген сыяқты мағнасыздықты айтуыма болар еді. Метафизиктердің әрқашан диалектикаға жабатындары нақ осындай мағнасыздықтар. Мен бұл процестердің бәрі бекерге шығаруды бекерге шығару болады дегенімде, бұл — олардың бәрін қозғалыстың жалғыз осы заңмен қамтығаным, нақ сол себепті жеке алғандағы әрбір арнаулы процестің өзгешеліктерін ескерусіз қалдырамын. Ал диалектика дегеніміз табиғаттың, адам қоғамының және ойлаудың қозғалысы мен дамуының жалпылама заңдары туралы ғана ғылым.

Алайда бізге қарсылық айтылуы мүмкін: мұнда жүзеге асырылған бекерге шығару шын мәнісіндегі бекерге шығару емес; мен арпа дәнін, оны ұнтақтасам да, бекерге шығарамын, құрт-құмырысқаны оны езіп тастасам да, бекерге шығарамын, *a* деген оң шаманы, оны сызып тастасам да, бекерге шығарамын, т. т. Немесе мен — роза деген роза болады дейтін қағыйданы бекерге шығарып: роза деген роза емес деймін; ал содан кейін бұл бекерге шығаруды қайтадан бекерге шығарып: не дегенмен роза деген роза болады, дей бастасам, бұдан не шықпақ? — Метафизиктердің, диалектикаға қарсы айтатын басты дәлелдері, шынында да, осындай; мұның өзі метафизикалық ой ойлаудың тар өрістілігіне лайық дәлелдер. Диалектикада бекерге шығару деген жай ғана «жоқ» дей салу, немесе бар нәрсені жоқ деп жарыялау, я болмаса ол нәрсені қандай амалмен болса да құрту деген сөз емес. Кезінде Спиноза да: «*Omnis determinatio est negatio*», қандай да болсын тежеу немесе белгілеу сонымен бірге бекерге шығару болады, деген. Және сонысын мұнда бекерге шығару жолы процестің, біріншіден, жалпы, ал екіншіден, айырықша сыйпатымен белгіленеді. Мен бір нәрсені бекерге шығарып қана қоймай, ол бекерге шығаруды қайтадан кетіруге тиіспін. Демек, мен бірінші бекерге шығаруды іске асырғанымда, екіншісі қалатындай немесе мүмкін болатындай етіп іске асыруға тиіспін. Бірақ бұған қалай жетуге болады? Бұл әрбір жеке реттің айырықша жағдайына байланысты. Егер мен арпа дәнін ұнтақтаған болсам немесе құрт-құмырысқаны езіп тастаған болсам, онда мен, бекерге шығарудың бірінші актісін істеген болсам да, екіншісіне мүмкіндік қалдырмаған боламын. Демек, нәрселердің әрбір түрі үшін, сол сыяқты түсініктер мен ұғымдардың әрбір түрі үшін бекерге шығарудың өзіне айырықша түрі болады: мұның өзі бекерге шығару болғанда да, сонда даму туатын бекерге шығару болады. Шексіз аз сандардың есебін есептегенде бекерге шығару теріс түбірлерден оң дәрежелер шығарудан басқаша болады. Басқа да барлық нәрселер сыяқты, мұны оқып үйренуге тура келеді. Арпа масағы мен шексіз аз сандар есебі «бекерге шығаруды бекерге шығару»

ұғымымен қамтылады дегенді ғана білумен мен дұрыстап арнада өсіре алмаймын; дифференциал, интеграл есептерін де шығара алмаймын; мұның өзі музыка үні шектің мөлшеріне байланысты деген заңды білгендік скрипка ойнауды білгендігім болмайтыны сыяқты. — Алайда бекерге шығаруды бекерге шығару дегенді баланың ойына айналдырудан — мәселен,  $a$  әрпін біресе жазып, біресе сызып тастаудан, немесе розаны біресе роза деп, біресе роза емес деп шығудан — мұндай іш пыстыратын іспен айналысқан кісінің ақмақтығынан басқа ешнәрсе анықталмайтын айқын нәрсе. Ал оның бержағында метафизиктер: егер сіздер бекерге шығаруды бекерге шығару дегенді істегілерің келсе, оны нақ осындай, біздіңше дұрыс, формада істеулерің керек, деп бізді нандырмақ болады.

Сөйтіп, бекерге шығаруды бекерге шығару дегеннің өзі күнаға бату мен күнаны кешірудің Гегель ойлап тапқан және дін төңірегінен алынған елесті аналогиясы екен деп бізді алдауға түсіріп отырған тағыда, басқа ешкім емес, Дюринг мырзаның өзі. «Проза» деген сөздің пайда болуынан көп бұрын-ақ адамдардың прозамен сөйлегені сыяқты, олар диалектика дегеннің не екенін білуден көп бұрын-ақ диалектикалық жолмен ой жүгіртетін болған. Табиғат пен тарихта жүзеге асатын бекерге шығаруды бекерге шығару заңын ол өзі танылмай тұрғанда, санасыз түрде біздің басымызда да болатын бұл заңды, алғашқы рет анық түрде тұжырымдаған Гегель болды. Егер Дюринг мырза бұл іспен ептөп өзі шұғылданғысы келсе, бірақ оған оның тек аты ғана ұнамай тұрған болса, онда тәуір деген ат тауып алсын. Ал егер ол ойлау саласынан бұл істің нағыз шын мәнісін қуғысы келсе, онда рахым етіп оны әуелі табиғат пен тарихтан қусын, сонсын —  $a$  шамасын —  $a$  шамасына көбейткенде  $+ a^2$  шықпайтын және дифференциал, интеграл есептерін шығарушылық жазаланады деп қорқытып тыйым салынған айырықша бір математика ойлап тапсын.

## XIV

### ҚОРЫТЫНДЫ

Философия жағын осымен бітірдік; ал «Курста» мұнымен қатар кездесетін жалпы болашақ туралы қыялдарға келетін болсақ, онымен Дюринг мырзаның социализм саласында жасаған төңкерісін сөз қылған кезде шұғылданамыз. Бізге Дюринг мырза не уәде берді? Бермеген уәдесі жоқ. Ал уәделерінің ішінен орындағаны не болды? Дәнеме де жоқ. «Сол үйлесіміне қарай табиғат пен өмір шындығына бағытталған шын философияның элементтері», «нағыз ғылыми дүние тану», «система жасаушы идеялар» және басқалар сыяқты Дюринг мырзаның өзі шірене сөйлеп,

мақтауын жеткізген Дюринг мырзаның ерлік істері, сәл қол тигізіп көргенде-ақ *барып тұрған шарлатандық* болып шықты. «Ой тереңдігіне сәбір зыянын тигізбестен болмыстың негізгі формаларын берік анықтаған» дүниелік схематика Гегель логикасының барып тұрған үстірт көшірмесі болып шықты; бұл «негізгі формалар», немесе логикалық категориялар, өздері «қолданылуға» тиіс болған дүниеге дейін және дүниенің сыртында бір жерде құпия өмір сүріпті деген ескі нанымды Гегель логикасымен қосылып дүниелік схематикада қолдайды. Натурфилософия бізге космогонияны әкеліп тартты, оның бастапқы пункті «материяның өзіне өзі тең қалпы» болып табылады,—бұл қалып дегенді материя мен қозғалыстың байланысы жайындағы ең барып тұрған шатас арқылы ғана, оған қоса, бұл қалыптың қозғалысқа көшуіне бір ғана өзі көмектесе алатын дүниеден тыс құдайтағалам болады деп ойлағанда ғана көз алдына елестетуге болады. Организмді табиғатты сөз қылғанда, шындық философиясы, Дарвин ашқан тіршілік үшін күрес пен табиғи іріктелуді, «адамшылыққа қарсы бағытталған хайуандықтың едәуір дозасы» деп, қайтарып тастайды да, сонан кейін мұның екеуін де ештеп артқы есіктен кіргізіп, маңызы екінші қатарлы болса да, табиғатта әрекет ететін факторлар деп, лажсыздан қабылдауға мәжбүр болады. Және бұл арада шындық философиясына сондай бір реті келіп, биология жағына өзінің мүлде надан екендігін көрсетіп қалды; мұның өзі кәзіргі кезде,—көпшілікке арналған ғылыми лекциялардан қашып құтыла алмайтын болған уақыттан бері, — тіпті «оқымысты сословиелердің» қыздары арасынан да таптырмайтын надандық. Мораль мен право саласында Руссоның кәдірін кетірушілік алдыңғы бөлімдерде Гегельді оңдырмай бұрмалаған қырсықтан кем түскен жоқ. Сол сыяқты, право ғылымы саласында да, автор қаншама басқа түрде сендірсе де, бұл шындық философиясының надандық көрсетуі сондай, бұл сыяқты надандықты ең шамалы көне пруссиялық юристерден ғана, онда да некен-саяқ, кездестіруге болады. «Ешқандай жай көз жететін жермен шектелмейтін» философия юридикалық салада пруссиялық земство правосы жүретін өріске тура келетін шын мәнісіндегі көрінім жерді қанағат тұтады. Ал бұл философияның жолындағының бәрін төңкеріп кететін қуатты қозғалыспен «сыртқы және ішкі табиғаттың жер мен көгін» аударыстырамын деген уәдесіне келетін болсақ, мұны біз әлі босқа күтудеміз, сол сыяқты, біз «ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқаттар» «өте негізді нәрсені» де босқа күтудеміз. Ой ойлау әдісі «дүние жөніндегі субъективтік өрісі тар түсінікке» қандай да болса ниеттену дегенді білмейтін философ, — анықтай келгенімізде, — білімінің өте тапшылығымен, ойлау әдісінің метафизиктік тарлығымен және өзін кісі күлердей мадақтаумен ғана емес, сонымен бірге, тіпті өз басының балаға тән жауапсыз қылықтарымен де субъективтік

өрісі тар болып шықты. Бұл кісі, әуелі өзінің темекіге, мысыққа, еврейлерге деген жиркенішін — жалпыға ортақ заң ретінде, — еврейлерді қоса, бүкіл былайғы адамзатқа таңбай тұрып, өзінің шындық философиясын жасай алмайды. Оның басқа адамдар жөніндегі «нағыз сын көзқарасының» мәнісі — оларға ешқашан айтпаған нәрселерін, Дюринг мырзаның өз қолымен істелген нәрселерді қоярда-қоймай жаба беру. Өмір құндылығы, өмір қызығына жақсылап батудың әдісі деген сыяқты тоғышарлық тақырыптарды әңгіме қылғандағы қайыршының быламығындай сылдыр-сұйық пікірлеріне филистерлік сініп кеткен, оның Гете шығарған Фаустыға ашуланатыны осыдан. Әрине, өзінің кейіпкері етіп, байсалды шындық философын — Вагнерді — алмай, өнегесіз Фаустыны алуы — Гете тарапынан көшірілмес іс істелгендік болған. Қысқасын айтқанда, шындық философиясы, сайып келгенде, Гегельдің тілімен айтатын болсақ, «неміс ағартушылығының нағыз сұйық тұндырмасы» болып шығады, — бұл тұндырманың сылдыр-сұйық дәрекілігі оған абызға тән көпірме сөздерден быламық қосу арқасында ғана қоюырақ, ылайырақ түр алады. Бұл кітапты оқып шыққаннан кейін бұрын не білсек тек соны білген болып қала береміз, және мұндағы «ойлаудың жаңа әдісі», «өзінің түп негізінен ерекше қорытындылар мен көзқарастар» және «система жасаушы идеялар» дегендер бізге жаңадан неше түрлі қыйсынсыздықтар әкеліп тартты, ал бірдеме үйренуімізге болатындай жалғыз ауыз да сөз жоқ. Бұл кісінің даң-дұң қағып, керней тартып шақырып, өзінің фокустары мен товарларын мақтағаны базардың ең қарапайым айқайшы саудагерінен кем түспейді, — ал өзінде көпірме сөзден басқа түк жоқ, тіпті де түк жоқ, — міне осындай кісі, батылы барып, Фихте, Шеллинг, Гегель сыяқты адамдарды шарлатан деп атайды; ал шынында бұлардың ішіндегі ең осы қалай дегені — онымен салыстырғанда алып қой. Бұл арада шарлатандық бары бар... бірақ соның өзі кім екен?

---



## Екінші бөлім

# С А Я С И Э К О Н О М И Я

### I.

## ПРЕДМЕТ ПЕН МЕТОД

Ең кең мағынада алғанда, саяси экономия дегеніміз адамзат қоғамында материалдық тіршілік игіліктіктерін өндіру мен айырбастау ісін басқаратын заңдар жайындағы ғылым. Өндіріс пен айырбас түрлі екі функция болып табылады. Өндіріс айырбассыздық жүргізіле алады, ал айырбас — мұның өнім айырбасы екендігі өзінен өзі түсінікті, дәл сондықтан да — өндіріссіз бола алмайды. Осы қоғамдық екі функцияның әрқайсысы көп реттерде ерекше сыртқы әрекеттердің ықпалында болады, сондықтан көп реттерде оларды тән ерекше заңдары да болады. Бірақ, екінші жағынан, бұл функциялар әрбір белгілі кезеңде бір-біріне байланысты және біріне бірінің ететін әсері соншалық, бұларды экономикалық осы бағдарының абсциссасы мен ординатасы деп атауға болар еді.

Адамдар өнім өндіретін және өнім айырбастайтын жағдайлар елден елге, ал әрбір елде, өз ретімен, ұрпақтан ұрпаққа өзгеріп отырады. Сондықтан саяси экономия барлық елдер үшін және барлық тарихи замандар үшін бірдей бола алмайды. Тағылардың садағы мен жебесі, тас пышағы және тек ілуде бір кездесетін айырбас қатынастары мың аттық күші бар бу машиналарынан, механикалық тоқу станогінен, темір жолдардан және Ағылшын банкінен адам айтқысыз алшақ жатыр. Отты Жердің тұрғындары жаппай өндіріс пен дүниежүзілік сауда дәрежесіне, сондай-ақ вексельдермен жалдаптық істеу немесе биржалық күйреу дәрежесіне жеткен жоқ. Кімде-кім Отты Жердің саяси экономиясы мен кәзіргі Англияның саяси экономиясын баз-баяғы бір заңдарға негіздеме болса, — ондай адам, анығында, нағыз бәтуасыз кәнігі пікірлерден басқа ешнәрсе бере алмаған болар еді. Сонымен, саяси экономия өзінің мәні жағынан — *тарихи* ғылым. Ол тарихи, яғни үнемі өзгеріп отыратын материалмен айналысады; ол алдымен өндіріс пен айырбас дамуының әрбір жеке сатысының айрықша заңдарын зерттейді және тек осы зерттеудің ақырында ғана ол жалпы өндіріс пен айырбасқа қолданылатын аздаған, мүл-

де ортақ заңдарды белгілей алады. Алайда, оның бержатында, өзінен өзі түсінікті нәрсе, белгілібір өндіріс әдістері мен айырбас формалары үшін күші бар заңдардың осы өндіріс әдістері мен айырбас формаларына ортақ барлық тарихи дәуірлер үшін де күші болады. Мәселен, металл ақшаның енгізілуімен бірге барлық тиісті тарихи дәуірлерде және металл ақша арқылы айырбас жүргізетін барлық елдер үшін күші бар бірқатар заңдар ықпал ете бастайды.

Тарихи белгілі қоғамның өндіріс пен айырбас әдісіне және осы қоғамның тарихи алғышарттарына өнім бөлу әдісі де байланысты. Жерге ортақ меншігі бар рулық немесе селолық қауымда өнімді әбден тепе-тең бөлу өзінен өзі түсінікті нәрсе, ал барлық мәдениетті халықтар осындай меншікпен — немесе оның өте елеулі қалдықтарымен — тарихқа аяқ басады; қауым мүшелерінің арасында өнім бөлуде азды-көпті елеулі теңсіздік туатын жерлерде — мұның өзі қауымның ыдырай бастағанын көрсететін белгі болып табылады. — Ірі егіншілік те, ұсақ егіншілік те, өзі дамып шыққан тарихи алғышарттарға қарай, сан алуан бөлу формаларын мүмкін етеді. Бірақ бір өте айқын нәрсе, ірі егіншілік әрқашанда ұсақ егіншіліктегіден мүлде басқаша бөлістің болуын керек етеді; ірі егіншілік таптардың — құл иеленушілер мен құлдардың, помещиктер мен барщиналық-міндетті шаруалардың, капиталистер мен жалдама жұмысшылардың — қарама-қарсылығын туғызады немесе жасайды, ал ұсақ егіншілік тұсында егіншілік өндірісінде істейтін индивидтер арасындағы таптық айырмашылықтар әсте қажет емес; мұның керісінше, бұл айырмашылықтардың болуының өзі парцеллалық шаруашылықтың енді құлдырай бастағандығын дәлелдейді. — Бұдан бұрын тек қана немесе көбінесе натуралды шаруашылығы болып келген елде металл ақшаның енгізіліп, етек алуы әрқашан да бұрынғы бөлу әдісінде болатын баяу немесе шапшаң төңкеріске байланысты, және де байланыстылығы соншалық, жеке адамдар арасында өнім бөлудегі теңсіздік, — демек, байлар мен кедейлер арасындағы қарама-қарсылық, — барған сайын өсе береді. Орта ғасырлардағы жергілікті, цехтық қолөнер өндірісі ірі капиталистер мен өмірлік жалдама жұмысшылардың өмір сүруін қаншалық мүмкін етпеген болса, кәзіргі кездегі ірі өнеркәсіп, кәзіргі кездегі дамулы кредит және осы екеуінің дамуына сәйкес айырбас формасы, еркін конкуренция бұл таптарды соншалық сөзсіз туғызып отырады.

Бірақ бөлудегі айырмашылықтармен бірге таптық айырмашылықтар да туады. Қоғам таптарға — дәулеттілер мен жарлыларға, қанаушылар мен қаналушыларға, үстемшілер мен езілгендерге бөлінеді, ал мемлекет, тайпалас қауымдардың стихиялы түрде қалыптасқан топтары өзінің дамуы нәтижесінде әуелі тек өздерінің ортақ мүдделерін қанағаттандыру (мәселен Шығыста—

жер суландыру) мақсатымен және сыртқы жаулардан қорғану үшін орнатқан мемлекет, бұдан былай нақ сондай дәрежеде тағы бір қызмет — билеуші таптың езілген тапқа қарсы өмір сүру және үстемдік ету жағдайларын зорлық арқылы қорғау қызметін атқаратын болады.

Алайда бөліс өндіріс пен айырбастың жәй құнарсыз нәтижесі емес; мұның өзі де өндіріс пен айырбасқа қайыра әсер етеді. Өрбір жаңа өндіріс әдісін немесе жаңа айырбас формасын алғашында тек ескі формалар және соларға сәйкес келетін саяси мекемелер ғана бөгеп қоймайды, сонымен қатар ескі бөліс әдісі де бөгейді. Жаңа өндіріс әдісі мен жаңа айырбас формасының ұзақ күрес арқылы өзіне сай бөліс әдісін жеңіп алуына тура келеді. Бірақ өндіріс пен айырбастың кәзіргі әдісі неғұрлым икемді болса, өзгеріс пен дамуға ол неғұрлым көбірек қабілетті болса, бөліс те өзін туғызған өндіріс пен айырбас әдісінен асып түсетін және онымен қым-қыйғаш келетін сатыға соғұрлым тезірек жетеді. Жоғарыда әңгіме болған ерте замандағы, алғашқы қауымдар, сыртқы дүниемен екі арадағы қарым-қатынастың нәтижесінде осы қауымдардың ішінде мүлік жағынан айырмашылықтар туғанша, осының салдарынан олар ыдырай бастағанша, индустар мен славяндарда кәзірде де байқалып отырғанындай, мың жылдап өмір сүре алады. Мұның керісінше, үш жүз жылға жетер-жетпес уақыттан бері ғана өмір сүріп келе жатқан және ірі өнеркәсіп туған кезден бастап қана, яғни небәрі жүз жыл бұрын ғана үстем болып алған кәзіргі капиталистік өндіріс осы қысқа мерзімнің ішінде бөліс жөнінде қарама-қарсылық туғызып үлгірді — бір жағынан, капиталдарды аздаған адамдардың қолына шоғырландырды, ал екінші жағынан, үлкен қалаларда дәулетсіз бұқараны шоғырландырды, — ал мұның өзі сол капиталистік өндірісті құртпай қоймайтын қарама-қарсылық.

Бөліс пен қоғамның материалдық тұрмыс жағдайларының арасындағы байланыстылықтың өмір жүзінде тамырын терең жаятыны соншалық, мұның өзі халықтың инстинктінен үнемі көрініп отырады. Белгілі өндіріс әдісі өз дамуының өрлеу сатысында тұрған кезде тіпті сол өндіріс әдісіне сәйкес бөлу әдісінен залал тартып отырған адамдар да оған мақтау айтатын болады. Ірі өнеркәсіптің өсу дәуірінде ағылшын жұмысшылары осылай еткен еді. Ол ол ма: осы өндіріс әдісі әлі де қоғамдық-қалыптп жағдайда тұрған кезде, жалпы алғанда бөліске разылық басым болады, бұл кезде наразылық естілген күнде де ол үстем таптың өз ортасынан шығады (Сен-Симон, Фурье, Оуэн), ал нақ қаналушы бұқара оған ешқандай үн қоспайды. Тек кәзіргі өндіріс әдісі өзінің күлдырау сатысының едәуір жерін өткен кезде, оның өзі жартылай керексіз болып қалған кезде, оның өмір сүру жағдайларының көпшілігі жоғалып, оның ізбасары енді есік қағып тұрған кезде, — тек сонда ғана бөлу әдісіндегі өсе түскен

теңсіздік әділетсіз болып көрінеді, тек сонда ғана жұрт керексіз болып қалған фактыларды тастап, мәңгі әділеттік дейтінге жүгіне бастайды. Мораль мен правоға шақырған бұл үндеу ғылыми жағынан бізді титтей де алға бастырмайды; адамгершілік ашыну қаншама әділетті бола тұрса да, экономикалық ғылым оны дәлелдеме деп қарамай, тек белгі деп қана қарай алады. Ол ғылымның міндеті, мұның керісінше, қоғамдық құрылыстың біліне бастаған кеселдері кәзіргі өндіріс әдісінің қажетті нәтижесі екендігін, сонымен бірге оның ыдырай бастауының белгісі де екендігін анықтауда, онан соң қозғалыстың ыдырай түскен экономикалық формасының ішінен өндіріс пен айырбастың осы кеселдерді жоятын болашақ, жаңа ұйымының элементтерін табуда. Ақындарды туғызатын ашу-ыза — осы кеселдерді суреттегенде де, үстем тапқа жағымпазданып бұл кеселдерді бекерге шығаратын немесе дәріптеп көрсететін «үйлесімділік» уағызшыларына қарсы күресте де — әбден орынды; бірақ бұл ашу-ызаның әрбір белгілі кезең үшін *дәлелдеме* боларлық маңызының аз екендігі мұндай ашу-ыза үшін бүкіл өткен тарихтың *әрбір* заманында материалдың жеткілікті болғандығынан-ақ айқын көрінеді.

Алайда түрлі адамзат қоғамдарында жүргізілетін өндіріс пен айырбастың және, осыған сәйкес, әрдайым жүргізіліп отыратын өнім бөлудің жағдайлары мен формалары туралы ғылым ретіндегі саяси экономия, — осындай кең мағнадағы саяси экономия енді ғана жасалуға тиіс. Экономикалық ғылымның бізге осы күнге дейін беріп келе жатқаны тек қана дерлік капиталистік өндіріс әдісінің генезисімен және дамуымен тынады: ол ғылым өндіріс пен айырбастың феодалдық формаларының қалдықтарын сынаудан бастайды, бұл формалардың капиталистік формалармен сөзсіз ауыстырылатынын дәлелдейді, онан соң капиталистік өндіріс әдісінің және оған сәйкес келетін айырбас формаларының заңдарын дұрыс жағынан, яғни бұлардың қоғамның ортақ мақсаттарына тиімділігі жағынан алып дамытады да, капиталистік өндіріс әдісіне социалистік сын берумен, яғни оның заңдарын теріс жағынан алып суреттеумен, бұл өндіріс әдісі, өз дамуының нәтижесінде, өзін өзі мүмкін етпейтін тыянаққа тез жақындап келеді деген дәлелдемемен аяқтайды. Бұл сын мынаны дәлелдейді: өндіріс пен айырбастың капиталистік формалары өндірістің өзі үшін барған сайын адам төзгісіз шырғамауға айналып отыр, осы формалар сөзсіз туғызып отырған бөлу әдісі таптардың күн асқан сайын адам төзгісіз бола түскен жағдайын туғызды, сан жағынан неғұрлым азая түскен, бірақ неғұрлым бай түскен капиталистердің және неғұрлым көбейе түскен, хал-жайы, жалпы алғанда, бірден бірге нашарлай түскен дәулетсіз жалдама жұмысшылардың арасында күн асқан сайын шиеленісіп отырған антагонизмді туғызды. Ақырында, бұл сын мынаны дәлелдейді: капиталистік өндіріс әдісінің шеңберінде жасалған, бұл өндіріс

әдісі енді игере алмай отырған көптеген өндіргіш күштер өздерін бірлескен жоспарлы жұмыс істеу үшін ұйымдасқан қоғамның өз қарамағына алуын, сөйтіп қоғамның барлық мүшелерінің өмір сүруіне, олардың қабілеттерінің барынша қарыштап еркін дамуына жағдайлар жасауын күтуде.

Буржуазиялық саяси экономия жөніндегі осы сынды жан-жақты жүргізу үшін өндірістің, айырбас пен бөлістің капиталистік формасымен танысу жеткіліксіз еді. Сонымен бірге, жалпылама түрде болса да, капиталистік формадан бұрын өткен формаларды немесе көмірек дамыған елдерде онымен әлі де қатар өмір сүріп отырған формаларды да зерттеп, салыстыру үшін пайдалану керек болды. Осындай зерттеу және салыстыру ісін жалпы формада жүргізген әзірше тек Маркс қана, сондықтан буржуазиядан бұрынғы теориялық экономия саласында біздің анықтай алғандарымыздың бәрі де тек қана дерлік соның еңбектерінің арқасы.

Саяси экономия, неғұрлым шенеулі мағнада, данышпан адамдардың бастарында XVII ғасырдың аяғында туғанмен де, физиократтар мен Адам Смиттің нақтылап тұжырымдауы жағынан алғанда, шындығында XVIII ғасырдың жемісі болып табылады және өз заманындағы ұлы француз ағартушыларының табыстарымен тең түсетін, сол кездегі артықшылықтар мен кемшіліктердің бәріне ортақ нәрсе. Ағартушылар туралы айтқанымызды сол кездегі экономистерге де қолдануға болады. Жаңа ғылым олар үшін өз заманының қатынастары мен қажеттерінің көрінісі емес, мәңгілік ақыл-ойдың көрінісі болды; өндіріс пен айырбас жөнінде бұл ғылымның ашқан заңдары экономикалық тіршіліктің тарихи қалыптасқан формасының заңдары емес, қайта табиғаттың мәңгілік заңдары болды; бұл заңдарды адамның жаратылысынан шығарып отырды. Бірақ зер сала қарағанымызда бұл адам буржуаға айналу процесінде жүрген, сол кездегі жәй ғана орташа бюргер болып шығады, ал оның жаратылысын алатын болсақ, ол сол кездегі, тарихи қалыптасқан қатынастар негізінде өндіріспен және саудамен айналысқан.

Өзіміздің «сыншыл негізшіміз» Дюринг мырзамен және оның философиядағы методымен жеткілікті таңысқаннан кейін біз оның саяси экономияны түсінуі қандай болатынын оп-онай болжап айта аламыз. Философиялық салада, ол (натурфилософиядағы сыяқты) жәй былшылға салынып кетпеген жерлерде, оның пікірлері XVIII ғасырдағы көзқарастардың карикатурасы болды. Оның әңгіме еткені дамудың тарихи заңдары емес, табиғи заңдар, мәңгілік ақыйқаттар. Мораль мен право сыяқты қоғамдық қатынастар әрбір ретте тарихи қалыптасқан жағдайлар бойынша анықталмай, атышулы екі ердің көмегімен анықталып отырды, ал олардың бірі екіншісін не езеді, не езбейді, бірақ, амал не, соңғы жай осы күнге дейін ешқашанда кездескен емес. Сон-

дықтан егер біз Дюринг мырза саяси экономияны да ақыр-аяғында соңғы инстанциядағы ақтық ақыйқаттарға, мәңгілік табиғи заңдарға, тавтологиялық, мүлде мағнасыз аксиомаларға апарып тірер деп, — сонымен бірге саяси экономияның оған таныс дұрыс мазмұнының бәрін тағы да контрабандалық жолмен астыртын енгізер деп алдын ала айтсақ, мұнымыз қате бола қоймас деймін. Қоғамдық құбылыс ретіндегі бөлісті ол өндіріспен айырбастан шығармай, мұны өзінің атақты екі ерінің ақтық шешуіне тапсырар деп күнілгері айтуға болады. Ал мұның бәрі — бізге көптен белгілі фокустар болғандықтан, біз бұл жерде оларды қысқаша талдаумен ғана тынбақпыз.

Шынында да, екінші беттің өзінде-ақ Дюринг мырза бізге мынаны мәлімдейді: оның экономикалық теориясы оның философиясында *«анықталған»* нәрсеге негізделеді екен және «кейбір елеулі пункттерде *зерттеудің ең жоғары саласында біржолата аяқталған*, неғұрлым шынайы ақыйқаттарға сүйенеді» екен. — Қай жерде болса да баяғы бір рабайсыз мақтаншақтық. Қай жерде болса да Дюринг мырзаның анықтап, аяқтаған нәрселері жөнінде Дюринг мырза салтанат құрады. Шынына келгенде біз көптеген мысалын кездестірген біржолата аяқталған дегеннің мәнісі — жалындаған шамды біржолата өшіргенмен бірдей<sup>1</sup>.

Осының ізінше-ақ біз «шаруашылық атаулының ең жалпылама табиғи заңдарын білеміз» — демек, біз дәл тапқан екенбіз. Бірақ бұл табиғи заңдар былай еткен күнде ғана өткен тарихты дұрыс түсінуге мүмкіндік береді: бұл заңдарды зерттегенде «бағыну мен жіктелудің саяси формалары арқасында бұлардың қалыптасқан неғұрлым нақтылы формасын алып зерттеу керек. Құлдық пен жалдама кіріптарлық сыяқты мекемелер, бұлардың серігі — зорлықты меншікті қоса алғанда, әлеуметтік-экономикалық құрылыстың таза саяси сыйпаттағы формалары ретінде қаралуға тиіс; бұлар осы күнге дейін шаруашылықтың табиғи заңдарының ықпалы өз ішінде ғана көріне алатын шеңбер болып келді».

Бұл қағыйда атышулы екі ердің атанысқа шығуын бізге, Варнердің лейтмотиві сыяқты, жарыялауға тиісті сырнайдың ролін атқарады. Бірақ мұның өзі бұдан да үлкенірек нәрсе, — бұл бүкіл Дюринг кітабының негізгі тақырыбы болып отыр. Право туралы әңгіме болған кезде, Дюринг мырза Руссоның теңдік теориясын социалистік тілге нашар аударғаннан басқа бізге түк берген жоқ, — бұл аударманың анағұрлым таңдаулы үлгілерін жұмысшылар барып жүретін Париждегі қай кафеден болса да көп жымдан бері-ақ есітуге болады. Бұл жерде Дюринг мырзаның мемлекеттің араласуы, зорлықтың араласуы салдарынан

<sup>1</sup> Түп нұсқада аударуға келмейтін сөз құбылысы: *ausmachen* — аяқтау деген сөз, сонымен қатар өшіру, сөндіру деген мағна береді. *Ред.*

мәңгілік, табиғи экономикалық заңдар мен олардың әрекеттерінің бұрмаланғандығы жөнінде экономистердің налуын көрсетіп бізге ұсынып отырған социалистік аудармасы әсте мәз емес. Сол себепті ол лайығынша социалистердің арасында мүлде жалғыз қалып отыр. Әрбір социалист жұмысшы, қай ұлттан болса да, зорлықтың қанауды тек қана қорғап отыратынын, бірақ қанаудың өзін туғыза алмайтындығын өте жақсы біледі; жұмысшының басына түсетін қанаудың негізі капитал мен жалдама еңбек қатынасы екендігін және соңғының өзі әсте зорлықтың негізінде емес, таза экономикалық негізде туғандығын өте жақсы біледі.

Онан соң біз барлық экономикалық мәселелерде «екі процесстің — өндіру процесі мен бөлу процесінің болатындығын» көреміз. Белгілі дүмбілез Ж. Б. Сэй бұларға үшінші процессті — тұтыну процесін әкеп қосты, бірақ өзінің ізбасары сыяқты оның да бұл мәселе жөнінде ақылға қонарлықтай етіп айтып бергені шамалы. Алайда, Дюрингтің ойынша, айырбас немесе айналыс тек өндірістің бөлімшесі ғана, өйткені өнім ең соңғы, нағыз тұтынушыға барып жеткенге дейін жасалатындардың бәрі өндіріске жатады. — Дюринг мырза бір-біріне өзара байланысты бола тұрса да, мәні жағынан түрліше екі процессті — өндіріс пен айналыс процесстерін — бір жерге үйе салып, мейлінше бейпіл ауыздықпен: бұл шатақты жоюдың өзі тек «шатақ туғызуы» мүмкін деп отырған болса, оның осы арқылы дәлелдейтіні тек мынау ғана: ол нақ соңғы елу жыл ішінде айналыстың қарыштап дамығанын білмейді немесе түсінбейді. Осылай екендігі оның кітабының былайғы мазмұнынан көрініп отыр. Бірақ ол ол ма. Өндіріс пен айырбасты жалпы өндіріс деген атпен жәйша біріктіре салып, ол бөлісті өндіріске ешбір қатысы жоқ екінші бір, мүлде көлденең процесс ретінде өндіріспен қатар қойып отыр. Шындығында біз бөліс өзінің басты белгілері жағынан әрқашанда белгілібір қоғамдағы өндіріс пен айырбас қатынастарының, сонымен қатар осы қоғамның тарихи алғышарттарының да қажетті нәтижесі болып табылатындығын көрдік; соңғы жайды білген күнде, осы қоғамда үстем болып отырған бөлу әдісінің сыйпаты туралы да анық пікір қорытуға болады. Бірақ сонымен бірге біз мынаны көреміз: егер Дюринг мырза мораль, право және тарих жайындағы өз ілімінде «белгіленген» принциптерден тайғысы келмесе, онда ол осы кәнігі экономикалық фактыны мойындамауға мәжбүр болады, әсіресе бұлай ететін себебі оған өзінің айнымас екі ерін саяси экономияға контрабандалық жолмен енгізу керек болады. Бөліс өндіріске және айырбасқа байланыстылықтың қандайынан болса да аман-есен құтылғаннан кейін осы ұлы оқығға, ақырында, жасалмақ та.

Алайда, әуелі, мораль мен право туралы мәселе қаралғанда істің жайы қалай болғанын еске түсірейік. Мұнда Дюринг мырза алғашында әңгімені тек бір адамнан бастады; ол былай деді:

«Жападан жалғыз немесе, сондай-ақ басқа адамдармен ешбір байланысы жоқ деп есептейтін болсақ, бір адамда ешқандай *міндеттемелер* болмақ емес. Ол үшін ешқандай *борыштылық* жоқ, тек бір ғана тілек бар». Бірақ ешқандай міндеттемесі жоқ осы жалғыз адам дегеннің өзі кұна жасай алмайтын болғандықтан ғана кұнадан аман жүрген ұжмақтағы атышулы «Адам-атадан» басқа кім болмақ? — Алайда шындық философиясы жасаған осы Адам-ата да келешекте кұнаға батады. Кенеттен осы Адам-атаның қасында қолан шаш Хауа-ана болмағанмен де, екінші бір Адам-ата пайда болады. Адам-ата сол заматта міндеттеме алады да, — оны сол заматта бұзады. Терезесі тең адам ретінде өз туысын баурына басудың орнына ол оны өзінің үстемдігіне бағындырады, кұл етеді, — сөйтіп осы алғашқы кұнаның салдарынан, кұл етушіліктің бастапқы кұнасынан кұллі бүкіл дүниежүзілік тарих күні бүгінге дейін қасірет шегіп келеді, сондықтан мұның өзі, Дюринг мырзаның ойынша, мыс бақырға да арзымайды.

Жол-жөнекей ескерте кетейік: егер Дюринг мырза «бекерге шығаруды бекерге шығаруды» кұнаға бату мен кұнадан арылу жөніндегі ескі тарихтан алынған көшірме деп атап, жеткілікті масқараладым деп ойлаған болса, онда *оның өзі* шығарған нақ сол тарихтың ең жаңа нұсқасы туралы біз не айтпақпыз (өйткені, — біздің рептилиялар айтқандай, — жүре келе кұнадан арылуға дейін де «барып жетерміз»). Қалай болған күнде де біз еркек пен әйелдің бейкұна халден шығуында біраз мағна болған ерте замандағы семит тайпасының аңызын артық санауға әзірміз, ал Дюринг мырза екі еркектің көмегімен кұнаға батуды ойлап шығарған бірден-бір данқты адам болып қала береді.

Алайда, кұнаға батудың саяси экономия тіліне қалай аударылатынын тындап көрейік: «Өз күштерімен табиғатқа оқшау қарсы тұрған және ешнәрсесін кіммен болса да бөлісуді қажет етпеген Робинзон жайындағы ұғым өндірісті түсіну үшін қайткен күнде де жарамды логикалық схема бола алады... Бөлу идеясындағы аса елеулі элементтерді айқын көрсету үшін, өздерінің шаруашылық күштерін біріктіретін және, сірә, өздерінің үлестері жөнінде белгілібір формада бір-бірімен келісуге тиіс болатын екі адамның логикалық схемасы да нақ сондай қолайлы схема болып табылады. Шынында да, бөлудің кейбір аса маңызды қатынастарын әбден дәл көрсету үшін және олардың заңдарын логикалық қажеттігі жағынан эмбриондық зерттеу үшін осы жәй дуализмнен басқа нәрсенің ешбір керегі жоқ... Бұл ретте тең дәрежеде бірлесіп қыймылдау да, бір жақты толық бағындыру арқылы күш біріктіру де әбден мүмкін нәрсе, бұлай еткен күнде бағынышты жақ кұлдың жағдайына түседі немесе шаруашылық жұмысқа арналған жәй кұралға айналады, сондықтан кұрал ретінде ғана ұсталады... Бір жағынан, теңдік



жағдайы мен болымсыздық жағдайының, екінші жағынан, құдіреттілік пен бірден-бір белсенді қатыстың арасында бірсыпыра аралық басқыштар бар, ал дүниежүзілік тарих осы аралық басқыштарды өзінің саналуан әрқыйлы құбылыстарымен толтыру жағын қарастырған. Тарихта *право* мен *правосыздықтың* түрлі институттары жөніндегі орамды көзқарас мұнда елеулі алғышарт болып табылады... сөйтіп қорыта келгенде, бөлістің бәрі әлденендей бір «бөлістің экономикалық правосына» айналады.

Енді, ақырында, Дюринг мырза тағы да табан тірейтін мықты тірек тауып отыр. Өзінің екі ерімен қол ұстаса отырып, ол өз ғасырына күш көрсете алады. Бірақ осы үш жұлдыздың сыртында аты аталмаған тағы біреу бар.

«Қосымша еңбекті капитал ойлап тапқан жоқ. Қоғамның бір бөлегі өндіріс құрал-жабдықтарына монополиялы болып отырған жерлердің бәрінде ерікті немесе еріксіз қызметкер өндіріс құрал-жабдықтарының меншікшісіне арнап тіршілік заттарын өндіру үшін өз басын асырауға қажетті жұмыс уақытына үстеме жұмыс уақытын қосуға тиіс, ал бұл меншікті афин *kalos kagathos*<sup>1</sup>, этрус теократы, *civis romanus* (Рим азаматы), норман бароны, американ құл иесі, Валакия боярын, кәзіргі кездегі лэндлорд немесе капиталист бола ма, оның бәрі бір» (Маркс. «Капитал», I том, екінші басылуы, 277-бет)<sup>2</sup>.

Дюринг мырза осындай жолмен осы күнге дейін болып келген өндіріс формаларының бәріне ортақ, — бұлар таптық қарама-қарсылықта жүріп отыратындықтан, — негізгі қанау формасының қандай екенін білгеннен кейін, енді оған өзінің екі ерін іске қосу ғана қалды, сөйтіп шындық экономиясының түп негізі салынды. Осы «система жасағыш идеяны» орындауға ол бір минут те кідірген жоқ. Жұмысшының өзін асырау үшін қажетті жұмыс уақытынан тыс созылатын ақысыз еңбек, — міне істің мәні осында. Сонымен, бұл жерде Робинзон деген атпен аталатын Адам екінші бір Адамға, Пятницаға, барынша жұмыс істеткізеді. Алайда Пятницаның өзінің тамақ асырауына қажетті уақыттан көбірек жұмыс істейтін себебі не? Бұл мәселені де Маркс дәйектілікпен шешіп береді. Бірақ біздің екі ер үшін мұның өзі тым ұзақ оқығға. Іс бір сәтте тынады: Робинзон Пятницаны «бағындырады» — оны «құл ретінде немесе жұмыс құралы ретінде шаруашылық қызмет атқаруға» күштеп жегеді және оны «тек құрал ретінде ғана» ұстайды. Осы ең жаңа «творчестволық ой серпіні» арқылы Дюринг мырза, былайша айтқанда, екі қоянды бірден атып алады. Біріншіден, ол өзін осы күнге дейін болып келген бөліс формаларын, олардың айырмашылықтарын,

<sup>1</sup> — аксүйек. *Ред.*

<sup>2</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 240-бет. *Ред.*

олардың себептерін түсіндіру бейнетінен құтқарады: бұлардың бәрі тіпті түкке аспайтын нәрселер; бұлар езуге, зорлыққа негізделеді. Бұл мәселеге біздің әлі де ұзамай қайта оралуымызға тура келеді. Екіншіден, ол осы арқылы бүкіл бөліс теориясын экономикалық негізден мораль мен право негізіне көшіреді, яғни берік материалдық фактылар саласынан азды-көпті тұрлаусыз пікірлер мен сезімдер саласына көшіреді. Сонымен, оған зерттеп немесе дәлелдеп жатудың енді қажеттігі жоқ, тек тәуекелге бел байлап тақпақ айтуға салынса болғаны, міне енді ол еңбек өнімінің өзінің шын себептеріне сәйкес бөлінбей, қайта оған, Дюринг мырзаға, адамгершілік және әділетті болып көрінетін жолмен бөлінуін талап етіп отыр. Алайда, Дюринг мырзаға әділетті болып көрінетін нәрсе өсте өзгермейтін нәрсе емес, олай болса, нағыз ақыйқат болудан тым алыс жатыр, өйткені мұндай ақыйқаттар, Дюринг мырзаның өзінің айтуынша, «тегінде өзгермейді». Шынында да, 1868 жылы ол былай деген болатын («Die Schicksale meiner sozialen Denkschrift etc»<sup>1</sup>): «әрбір жоғары цивилизацияда меншікке барған сайын қатаң сыйпат беру тенденциясы болады, сондықтан осы заманғы дамудың мәні мен болашағы праволар мен үстемдік сфераларын былықтырып араластыруда емес, нақ осында»; онан соң сол кезде ол *«жалдама еңбектің тіршілік заттарын табудың басқа формасына айналуын әйтеуір бір кезде адамзат жаратылысының заңдарымен және қоғамдық организмнің табиғи-қажетті жіктелуімен қалайша үйлестіруге болатынын»* білуге тегінде дәрменсіз еді. Сонымен, 1868 жылы жеке меншік пен жалдама еңбек табиғи-қажетті, сондықтан да әділетті еді. 1876 жылы мұның екеуі де — зорлық пен «тонаудың» салдары, демек, әділетсіз. Ал бірнеше жылдан кейін осы әлуетті де арынды данышпанға не нәрсенің адамгершілік және әділетті болып көрінетіндігін білу мүмкін емес, сондықтан біз байлық бөлінісі туралы пікір айтқанда Дюринг мырзаның дұрыстық пен бұрыстық жайындағы өткінші, өзгермелі, субъективтік түсінігіне сүйенбей, нағыз, объективтік, экономикалық заңдарға сүйенетін болсақ, әйтеуір дұрыс істеген болып шығамыз.

Егер еңбек өнімдерін бөлудің кәзіргі кездегі әдісінде, қайыршылық пен сән-салтанаттың, аштық пен обырлықтың сорақы қайшылықтарын туғызған әдісінде, болғалы тұрған төңкеріс туралы біздің сеніміміз: бөлудің бұл әдісі әділетсіз деген, сондықтан әйтеуір бір кезде әділеттік үстем болуға тиіс қой деген санаға ғана сүйенетін болса, онда біздің ісіміз жаман болып, бізге ұзақ күтуге тура келген болар еді. Мың жылдық жақсы заманның жақында басталуын арман еткен орта ғасырдағы мистиктер таптық

<sup>1</sup> «Die Schicksale meiner sozialen Denkschrift für das Preussische Staatsministerium» — «Пруссия министрлігі үшін әлеуметтік мәселе туралы менің меморандумымның тағдыры». *Ред.*

қарама-қарсылықтардың әділетсіздігін сол кездің өзінде-ақ аңғарған болатын. Жаңа тарихтың таңында, бұдан 350 жыл бұрын, Томас Мюнцер осы сенімді бүкіл әлемге жарыялады. Ағылшын буржуазиялық революциясы кезінде де, француз буржуазиялық революциясы кезінде де нақ осы ұран естіледі де, жаңғырығып барып, қайта басылады. Таптық қарама-қарсылықтар мен таптық айырмашылықтарды жоюға шақырған осы үндеуге, 1830 жылға дейін еңбекшілер мен зарыққан бұқара селқос қарап келген үндеуге, енді миллиондаған жұмысшылардың үн қосып отырған себебі не? бұл үндеудің бір елден соң бір елге тарап отыруының, тарағанда жеке елдерде ірі өнеркәсіп қандай дәйектілікпен және қандай интенсивтілікпен дамыйтын болса, нақ сондай дәрежеде тарап отыруының себебі не? бұл үндеудің небәрі бір ұрпақтың тұсында өзіне қарсы біріккен барлық күштерге айбат шегерліктей және таяудағы болашақта өз жеңісін сеніммен күтерліктей дәрежеде қуат алған себебі не? — Осының бәрінің себебі не? Мұның себебі мынау: кәзіргі кездегі ірі өнеркәсіп, бір жағынан, пролетариатты туғызды, белгілібір айрықша таптық ұйымды, белгілібір айрықша таптық артықшылықты жою талабын емес, қайта тап атаулыны жою талабын тарихта бірінші рет алға қоя алатын тапты туғызды; бұл таптың басындағы жағдайы сондай, осы талапты қалайда іске асыруға тиіс, өйткені, олай етпеген күнде, қытай кулилерінің халіне түсіп құлдырап кету қаупіне ұшырайды. Екінші жағынан, нақ сол ірі өнеркәсіп буржуазия түріндегі тапты туғызды; бұл тап өндіріс құралдары мен тіршілік заттарының бәрін монополиялап иемденеді, бірақ бұл тап жалдаптық жанталастың және оның ізінше келетін күйреудің әрбір дәуірінде өзінің билік шеңберінен асып кеткен өндіргіш күштерге ендігі жерде үстемдік ете алмайтындығын дәлелдеп отыр, — ал қоғам, жабылып қалған сақтық клапанын ашуға машинистің дәрмені жетпей отырған локомотивтей, осы таптың басшылығымен құруға беталып зымырап барады. Басқаша айтқанда, бұдан мынадай қорытынды шығады: кәзіргі заманғы капиталистік өндіріс әдісі туғызған өндіргіш күштер және осы әдістің өзі жасаған итіліктерді бөлу системасы өндірістің нақ осы әдісімен қатты шиеленіскен қайшылыққа келіп отыр, оның бержағында бұл қайшылықтың шиеленісу дәрежесі сонша, бүкіл кәзіргі заманғы қоғамның жойылып кетпеуі үшін, өндіріс пен бөлістің әдісінде барлық таптық айырмашылықтарды жоя алатындай төңкеріс болуға тиіс. Кәзіргі заманғы социализмнің жеңетіндігі туралы сенім қаналушы пролетарлардың санасына азды-көпті айқын формада және бұлжымас қажеттікпен еніп отырған осы көрнекті, материалдық фактыға негізделген, — белгілібір кабинеттік ойшылдың дұрыстық пен бұрыстық жайындағы түсініктеріне емес, нақ осы фактыға негізделген.

## ЗОРЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ

«Менің системаларда жалпы саясаттың шаруашылық право формаларына қатынасының мейлінше батыл және сонымен бірге *мейлінше өзгеше* анықталғаны соншалық, осы мәселені зерттеуді жеңілдету мақсатымен оны әдейі көрсетіп өткен артық болмайды. *Саяси* қатынастар формасы — *тарихи келелі нәрсе*, ал *шаруашылық* тәуелділіктер тек *қыймыл* немесе тосын жағдай ғана, сондықтан да бұлар әрқашанда *екінші дәрежедегі фактылар* болып табылады. Ең жаңа социалистік системалардың кейбіреулері көзге түсе кететін мүлде кері арасалмақты жетекші принцип етіп ұсынуда: олар саяси бағыныштылық формалары бейне экономикалық қалыптан өсіп шығады деседі. Әрине, осы екінші дәрежедегі қыймылдардың бар екені рас және кәзіргі уақытта өте-мөте сезіліп те отыр; бірақ дегенмен жанама экономикалық қуатты емес, *тікелей саяси зорлықты бірінші нәрсе* деп білу керек». Басқа бір жерде де осындай пікір айтылады, мұнда Дюринг мырза «саяси құрылыс шаруашылық жағдайдың шешуші себебі болып табылады, ал кері қатынас екінші дәрежедегі бейнелі қыймыл ғана деген қағыйдаға сүйенеді... Жұрт саяси жікті ерекше бір бастама пункт демей, тек қана *қарын тойдыру мақсатын көздейтін құрал* деп қарауын қойғанға дейін, — сол кезге дейін жұрттың көзқарасында, бұл көзқарас қаншама радикалдық-социалистік және революциялық көзқарас болып көрінгенімен, реакцияшылдықтың бірталай үлесі бүркеулі жаға береді».

Дюринг мырзаның теориясы міне осындай. Бұл жерде де, көптеген басқа жерлерде де Дюринг мырза осы теорияны жәй ғана жарыялай салады, — былайша айтқанда, декрет етеді. Барлық қалың үш томның ешқайсысынан біз бұл теорияны дәлелдеу немесе қарама-қарсы пікірді теріске шығару жөнінде жасалған титтей де әрекетті көрмейміз. Егер тіпті дәлелдемелер саңырауқұлақтан да арзан болған болса, Дюринг мырза ол кезде де бірде-бір дәлелдеме келтіре алмаған болар еді. Мәселе Пятницаны құл еткен Робинзонның атышулы құнаға батуымен ақ шешіліп қойған ғой. Мұның өзі зорлық актысы, демек — саяси акт болған. Ал осы құл етушіліктің өзі біздің заманымызға дейінгі бүкіл тарихтың бастама пункті, негізгі фактысы бола отырып, оған әділетсіздіктің алғашқы құнасын жұқтырыпты, жұқтырғаны нақ сондай, тарихтың ең бергі дәуірлерінде осы құл етушілік «экономикалық тәуелділіктің неғұрлым жанама формаларына айналып», тек жұмсартылған көрінеді; осы күнге дейін үстемдік етіп келе жатқан бүкіл «зорлықты меншік» те құл етушіліктің нақ осы алғашқы актысына негізделеді екен, —

сондықтан бір айқын нәрсе, барлық экономикалық құбылыстар саяси себептерден, атап айтқанда зорлықтан келіп шығады екен. Кімде-кім бұл түсінікке қанағаттанбаса, оның жасырын реакционер болғаны.

Ең алдымен мынаны ескерте кетейік: бұл көзқарасты мейлінше «өзгеше» деп есептеу үшін Дюринг мырзадай өзінді өзін жақсы көруің керек, — ал бұл көзқарас әсте ондай емес. Дақпыртты мемлекеттік саяси істер тарихта шешуші күш болып табылады деген ұғым — тарихнаманың өзі қандай болса, нақ сондай ескілікті ұғым. Бұл ұғым бізде халықтардың дамуы туралы деректердің сондай аз сақталуына басты себеп болды, өйткені халықтардың дамуы жайшылықта, осы думанды аттаныстардың қалтарысында жүріп отырады, ал шындығында мұның өзі қозғаушы күш болып табылады ғой. Бұл ұғым тарих жөніндегі бұрынғы түсініктердің бәрінде де үстем болып келді және бірінші рет мұның негізін шайқалтқан реставрация заманындағы француз буржуазиялық тарихшылары болды; мұндағы «өзгешелік» тек сол ғана — Дюринг мырза бұлар жайында да түк білмейді.

Онан соң, тіпті бір минутке: Дюринг мырзаның айтқаны дұрыс және біздің заманымызға дейінгі бүкіл тарих шынында адамды адамның құлдануына келіп тіреледі дей қоялық; сонда да мұның өзі істің мәнін бізге ешбір түсіндіріп бере қоймайды. Ең алдымен мынадай сұрақ туады ғой: Робинзонға Пятницаны құл ету не үшін керек болды? Жәй көңіл көтеру үшін бе? Әрине, олай емес. Қайта, Пятницаның «құл ретінде немесе жәй құрал ретінде *шаруашылық* жұмысқа жегілгенін және оның тек құрал ретінде ғана ұсталатынын» көріп отырмыз. Робинзон Пятницаны құл еткенде Робинзонның пайдасына Пятницаның жұмыс істеуі үшін ғана құл етеді. Ал Робинзон Пятницаның еңбегінен өзіне қай жолмен пайда түсіре алады? Ол жол мынау ғана: Пятница өзінің еңбегімен тіршілік заттарын өндіргенде Пятницаның еңбекке жарамдылығын сақтауы үшін оған Робинзонның лажсыз беретін мөлшерінен көбірек өндіреді. Демек, Дюринг мырзаның тікелей жарлығына қарамастан, Робинзон Пятницаны құл ету арқылы жасалған «саяси жікті ерекше бір бастама пункт демей, тек қана *қарын тойдыру мақсатын көздейтін құрал*» деп біледі, сондықтан өзінің қожасы және ұстазы Дюрингпен екі арадағы істі қалай тындыратындығын енді оның өзі ойластырсын.

Сонымен, зорлықтың «тарихи келелі» сыйпатын әдейі дәлелдеу үшін Дюринг мырзаның ойдан шығарған балалық мысалы тек мынаны дәлелдейді: зорлық дегеніміз тек амал ғана, ал, мұның керісінше, экономикалық тиімділік мақсат болып табылады. Мақсаттың өзі сол мақсатқа жету үшін қолданылатын амалдан қаншалық «келелі» болса, тарихта қатынастардың эко-

номикалық жағы саяси жағынан төрі соншалық көбірек келелі болады. Демек, келтірілген мысал өзі дәлелдеуге тиісті болған пікірге нақ қарама-қарсы пікірді дәлелдейді. Істің жайы Робинзон мен Пятница жөнінде көрсетілген мысалда қандай болса, осы күнге дейін орын алып келген үстемдік пен құлдану жағдайларының бәрінде де дәл сондай. Дюринг мырзаның әсем сөздерін қолданып айтқанда, құлданушылық әрқашанда «қарын тойдыру мақсаттарын көздейтін құрал» болып келді (бұл мақсаттарды сөздің нағыз кең мағнасында түсінгенде), бірақ ол ешқашанда және еш жерде де «өзі үшін» енгізілген саяси жік болған емес. Мемлекетте салық тек «екінші дәрежедегі қыймыл» болып табылады, немесе үстемдік етуші буржуазия мен езілген пролетариаттан құралған кәзіргі кездегі саяси жік үстемдік етуші буржуалардың «қарын тойдыру мақсаттары» үшін емес, атап айтқанда пайданы сығып алып, капитал қорын жыйнау үшін емес, «әлгі жіктің өзі үшін» өмір сүреді деп ойлау үшін Дюринг мырза болуың керек.

Алайда, біздің екі ерге қайта оралайық. Робинзон «қолына шпага алып» Пятницаны өзінің құлына айналдырады. Бірақ бұл істің үдесінен шығу үшін Робинзонға шпагадан басқа да кейбір нәрселер керек. Құл кім көрінгенге пайда келтіре бермейді. Одан пайда өндіре алатын болу үшін қолда екі түрлі нәрсе болуы керек: біріншіден, еңбек құралдары мен заттары және, екіншіден, құлдың жартымсыз тамақ асырауы үшін керекті заттар болуы керек. Демек, құлдың мүмкін болуынан бұрын өндірістің дамуында белгілі сатыға және бөлісте теңсіздіктің белгілі сатысына жету керек. Ал құл еңбегінің бүкіл қоғамда өндірістің үстем әдісіне айналуы үшін өндірістің, сауданың және байлық қорының дәрежесін бұрынғыдан анағұрлым көбірек арттыру керек болады. Жерге ортақ меншігі бар алғашқы қауымдарда құлдық не мүлде болған жоқ, не тым бағынышты роль ғана атқарды. Алғашында шаруалық Рим қаласында да осылай болды; ал бұл қала «дүниежүзілік қалаға» айналып, италиялық жер иелігі сан жағынан аз аса бай меншікшілер табының қолына барған сайын көбірек жыйнақтала түскен кезде, — сол кезде құлдардан құралған халық шаруалар халқын ығыстырып шығарды. Егер персиан соғыстары кезінде құлдардың саны Коринфте 460 000, ал Эгинде 470 000 адамға жетіп, ерікті халықтың жан басына 10 құлдан келген болса, бұл үшін «зорлықтан» төрі үлкенірек нәрсе керек болды, атап айтқанда мықтап өркендеген суретшілік және қолөнершілік өнеркәсібі мен кең сауда керек болды. Америка Құрама Штаттарында зорлықтың құлдықты орнықтыруы ағылшын мақта-мата өнеркәсібінің орнықтыруынан төрі анағұрлым кем болды; мақта өспейтін жерлерде немесе шекаралық штаттар сыяқты мақталы штаттарға сату үшін құлдарды өсірумен айналыспайтын жер-

лерде құлдық өздігінен-ақ зорлық қолданбай-ақ тек өзін өзі өтемейтіндігі себепті құрып кетті.

Демек, Дюринг мырза кәзіргі кездегі меншікті зорлықты меншік деп атап, оны «үстемдіктің сондай формасы, *мұның негізінде жатқан нәрсе* өмір сүру үшін қажетті табиғи заттарды пайдаланудан жақынын тайдыру ғана емес, сонымен қатар, ең маңыздысы, адамды құл ету және оны еріксіз жұмысқа күштеу» деп анықтай отырып, шын қатынасты аударыстырып-төңкерістіріп отыр. Жұртты еріксіз еңбекке күштеудің қайсысын алсаң да, оның барлық формаларында, күштеуші адам еңбек құралдарын алдынала дайындап алған, ол құл етілген адамды тек осы құралдардың көмегімен ғана пайдалана алады, ал құлдық барда — оның үстіне — құлды тамақтандыру үшін қажетті тіршілік заттарын да жыйнап алған деп ұйғару керек. Сонымен, барлық ретте де орта дәрежеден артық белгілі мүлік қолда бар деп ұйғарылады. Бұл мүлік қайдан алынды? Қалай дегенмен де бір айқын нәрсе сол, бұл мүліктің тоналып алынуы, демек, *зорлыққа* негізделуі мүмкін бола тұрса да, бұлай болуы әсте қажеттілік емес. Бұл мүліктің еңбекпен табылуы да, ұрлықпен келуі де, саудамен, алдаумен алынуы да мүмкін. Тегінде мұның өзі әуелі еңбекпен табылған болуы керек, онан соң барып мұны тонап алуға болады.

Тегінде тарихта жеке меншіктің тууы ешбір жағдайда да тонаушылық пен зорлықтың нәтижесі емес. Қайта мұның өзі, тек кейбір заттарды ғана қамтығанымен, барлық мәдениетті халықтардың ерте замандағы, алғашқы қауымында-ақ болған. Осы қауымның ішінде-ақ жеке меншік, алғашында шетелдіктермен жүргізілген айырбас арқылы, товар формасында дамыды. Қауымның өнімдері товар формасына неғұрлым көбірек түскен сайын, яғни бұл өнімдердің өндірушінің өз тұтынуына арнап өндіретін бөлегі неғұрлым азая түсіп, айырбас мақсаты үшін өндіретін бөлегі неғұрлым көбейген сайын, айырбас қоғамның ішінде де бастапқы, стихиялы түрде қалыптасқан еңбек бөлінісін неғұрлым көбірек ығыстырып шығарған сайын, — қауымның жеке мүшелерінің мүліктік жағдайы да соғұрлым әрқелкі бола бастайды, жерді бұрынғыша қауымдасып иеленушіліктің шырқы соғұрлым қатты бұзыла береді, қауым ұсақ меншікші-шаруалардың деревнясына айнала түсіп, өзінің ыдырап бітетін кезіне соғұрлым тез жақындай береді. Шығыс деспотизмі және мыңдаған жылдар бойында бірін бірі алмастырған шапқыншы көшпенділердің үстемдігі осы ерте замандағы қауымдарға ештеңе істей алған жоқ; ал олардың стихиялы түрде қалыптасқан үй өнеркәсібінің ірі индустрия өнімдерінің конкуренциясы салдарынан бірте-бірте қыйрауы бұл қауымдарды барған сайын ыдырата түсті. Бұл жерде де, Мозель мен Гохвальдтағы «Gehö-

ferschaften»<sup>1</sup> дейтіндерде қауымдық жерлерді кәзір де әлі болып жатқан бөліс кезіндегі сыяқты, зорлық туралы айтудың реті өте аз: шаруалар әйтеуір қауымдық жер меншігін жеке меншікпен ауыстыруды өздеріне тиімді деп есептейді. Тіпті қауымдық жер иелігі негізінде алғашқы рулық аристократияның құрылуы да, — кельттерде, германдарда және индиялық Пенджабта болғаны сыяқты, — бастапқы кезде әсте зорлыққа сүйенбей, еркімен бағынушылыққа және дағдыға сүйенген. Жеке меншік өндіріс пен айырбас қатынастарының өзгеруі нәтижесінде, өндірісті арттыру және қарым-қатынасты дамыту мүдделері үшін, демек, экономикалық себептермен қай жерде болса да пайда болып отырған. Мұнда зорлық ешқандай роль атқармайды. Тонаушы өзгенің дүниелігін *иемденіп* кетерліктей болуы үшін жеке меншік институтының бұрыннан болуға тиіс екендігі, демек, зорлықтың өзі, мүліктің иесін ауыстыра алғанымен, жеке меншіктің өзін жасай алмайтындығы айқын ғой.

Сонымен қатар біз ең кәзіргі кездегі формасында, жалдама еңбек формасында «адамды құл етудің және оны еріксіз жұмысқа күштеудің» мәнісін түсіндіру үшін зорлыққа немесе зорлықты меншікке сүйене алмаймыз. Ертедегі қауымдар ыдыраған кезде, демек, жеке меншік тікелей немесе жанамалап жаппай тараған кезде еңбек өнімдерінің товарға айналуының, яғни бұл өнімдерді өзінің тұтынуы үшін емес, айырбас үшін өндірудің қандай роль атқаратындығын жоғарыда айтып өттік. Анығында Маркс «Капиталда» мына жағдайды мейлінше айқын дәлелдеп берді — ал Дюринг мырза бұл туралы тіпті бір сөз айтуға да жасқанады — : товарлық өндіріс дамудың белгілі сатысында капиталистік өндіріске айналады және осы сатыда «товарлық өндіріс пен товар айналысына негізделетін иемдену заңы, яки жеке меншік заңы өзіне тән, ішкі, бұзылмас диалектика жолымен өзінің тікелей қарама-қарсылығына айналады. Бастапқы операцияның мәнісі болып көрінген эквиваленттер айырбасының өзгеріске ұшырағаны соншалық, мұның нәтижесінде ол тек қана сыртқы көрініс болып шығып отыр; шынында да, жұмысшы күшіне айырбасталған капитал бөлегін алатын болсақ, біріншіден, оның өзі бөтеннің еңбегінің эквивалентсіз иемделген өнімінің бір бөлегі ғана; екіншіден, оны жасаған жұмысшы оның орнын толтырып қана қоймай, тағы да артығымен өтеуге тиіс... Бастапқы кезде меншік правосы бізге кісінің өз еңбегіне негізделген право болып көрінген еді... Ал енді (маркстік анализдің аяғында) былай болып шығады: меншік дегеніміз капиталист үшін өзгенің ақы төленбеген еңбегін немесе оның өнімін иемдену правосы деген сөз, жұмысшы үшін өз өнімін өзінің

<sup>1</sup> — үй қауымдар. *Ред.*



иемденуіне мүмкіндіктің болмауы деген сөз. Меншіктің еңбектен бөлінуі, сірә, осы екеуінің бірлігін өзінің бастама пункті еткен заңның қажетті нәтижесі болып шығады»<sup>1</sup>. Басқа сөзбен айтқанда, тіпті тонау, зорлық және алдау атаулының мүмкіндігін шығарып тастаған күнде де, тіпті жеке меншік атаулы бастапқы кезде меншікшінің өз еңбегіне негізделді және сонан былайғы бүкіл өмір желісінде тек тең құндар ғана бір-біріне айырбасталып отырды деп ойлаған күнде де, — тіпті соның өзінде де біз өндіріс пен айырбастың онан әрі дамуы нәтижесінде осы заманғы капиталистік өндіріс әдісіне, өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттары аз ғана бір таптың қолында монополизацияланатын жағдайға, орасан көпшілік болып табылатын екінші таптың дәулетсіз пролетарлардың халіне түсірілетін кезіне, жалдаптық өндірістік жанталас пен сауда кризистерінің ауық-ауық алмасып отыратын кезіне және кәзір кәзіргі кездегі бүкіл өндіріс анархиясына сөзсіз келіп жетеміз. Бүкіл процесс кілең экономикалық себептермен түсіндірілген, оның бержағында тонауды, зорлықты, мемлекеттік немесе басқа бір саяси жағынан қол сұғуды дәлел етудің ешбір қажеттігі болған жоқ. Бұл ретте де «зорлықты меншік» істің шын мән-жайын түсінудегі кемістікті бүркеуге тиісті жәй даурықпалы желсөз болып отыр.

Тарих жүзінде көрсетілген бұл процесс буржуазияның даму тарихы болып табылады. Егер «саяси құрылыс шаруашылық жағдайдың шешуші себебі болып табылатын» болса, онда осы заманғы буржуазия феодализмге қарсы күресте дамымай, қайта соның өзі еркімен туғызған, сүйікті перзенті болуға тиіс болар еді. Алайда, істің жайы нақ мұның керісінше болғандығын әркім-ақ біледі. Бастапқы кезде үстемдік етуші феодалдық дворяндарға оброк төлеуге міндетті болған және әралуан тәуелділер мен крепостнойлардан шыққандармен өзінің қатарын толықтырып отырған езілген сословие ретіндегі буржуазия дворяндарға қарсы үздіксіз күресте бір позициядан соң екінші позицияны жеңіп алды, сөйтіп, ақырында, ең дамып жетілген елдерде сол дворяндардың орнын басып үстем тапқа айналды; оның бержағында буржуазия Францияда дворяндарды бірден құлатып тастады, ал Англияда оларды бірте-бірте буржуазияға айналдырып, декорациялық жоғары топтар ретінде оларды өзінің құрамына енгізіп алды. Ал буржуазия бұған қалай жетті? «Шаруашылық жағдайды» өзгерту жолымен ғана жетті, бұдан кейін, ерте ме, кеш пе, ерікті түрде ме, әлде күрес нәтижесінде ме, әйтеуір саяси құрылыс та өзгеріп отырды. Буржуазияның феодалдық дворяндарға қарсы күресі қаланың деревняға қарсы, өнеркәсіптің жер иелігіне қарсы, ақша шаруашылығының натуралды шаруашылыққа қарсы күресі болып табылады, ал

<sup>1</sup> Қараныз: «Капитал», I том, 1952, 588—589-беттер. *Ред.*

буржуазияның қарамағындағы *экономикалық* күш құралдары бұл күресте оның шешуші қаруы болды, бұл қаражат әуелі қол-өнершілік, кейін мануфактура болып дамыған өнеркәсіптің өркендеуі нәтижесінде және сауданың ұлғаюы нәтижесінде үздіксіз өсіп отырды. Осы күрестің өнбойында саяси күш, корольдік өкімет бір сословиені екінші бір сословиенің көмегімен тізгіндеу үшін дворяндарға қарсы өзінің күресінде буржуазияны пайдаланған бір дәуірді қоспағанда, дворяндар жағында болды; алайда, саяси жағынан әлі де әлсіз буржуазия өзінің экономикалық қуатының өсуі арқасында қауіпті бола бастаған кезден былай қарай корольдік өкімет дворяндармен қайтадан одақтасты да, осы арқылы, әуелі Англияда, онан соң Францияда, буржуазиялық революцияны туғызды. Францияда «саяси құрылыс» өзгеріссіз қалып отырғанда, «шаруашылық жағдай» бұл құрылыстан асып кеткен еді. Саяси жағдайы жағынан дворяндар күдіретті еді де, буржуалар түк емес еді; әлеуметтік жағдайы жағынан енді буржуазия мемлекеттегі аса маңызды тап болды, ал дворяндар өздерінің барлық әлеуметтік функцияларын жоғалтып, тек қана осы жоғалып кеткен функциялар үшін сыйлық ретінде әлі де табыс алып отырды. Ол ол ма, бүкіл буржуазиялық өндіріс орта ғасырдағы феодалдық саяси формаларға тықсырылған қалпында қалып келді, алайда бұл өндіріс — мануфактура ғана емес, тіпті қолөнершілік те — бұл формалардан алдақашан асып кеткен еді; оның дамуын өндіріс үшін ілгешек пен шырғауға айналған сансыз көп цехтық артықшылықтар тежеп отырды, жергілікті және провинциялық таможня бөгеттері тежеп отырды.

Буржуазиялық революция мұны құртып жіберді, құртқанда Дюринг мырзаның принципі бойынша шаруашылық жағдайды саяси құрылысқа бейімдеу жолымен құртқан жоқ, — дворяндар мен корольдік өкімет ұзақ уақыт бойында нақ осылай етуге тыраштанған болатын, — қайта ескі, шірік саяси қоқысты лақтырып тастау арқылы және жаңа «шаруашылық жағдайдың» өмір сүріп, дамуына жағдайлар туғыза алатын саяси құрылыс жасау арқылы құртты. Ал «шаруашылық жағдай» өзіне қолайлы осы жаңа саяси және праволық атмосферада тамаша дамыды, — тамаша дамығаны соншалық, буржуазия кәзірде дворяндардың 1789 жылғы жағдайынан алыс емес: оның барған сайын әлеуметтік-керексіз бола бастағаны былай тұрсын, тіпті тікелей әлеуметтік бөгетке айнала бастап отыр, ол өзі өндірістік жұмыстан барған сайын алшақтап, — өз заманындағы дворяндар сыяқты, — тек қана табыс алушы тапқа айнала бастап отыр. Өзінің жағдайындағы осы төңкерісті де, пролетариат түріндегі жаңа тапты құру ісін де буржуазия ешбір зорлықты фокус қолданбай-ақ, таза экономикалық жолмен жүзеге асырды. Ол ол ма, буржуазия өз ісінен мұндай нәтиже шығуын әсте тілеген жоқ-ты, қайта: бұл нә-

тиже жойылмас күшпен, буржуазияның еркінен тыс және оның ниеттеріне қарама-қарсы, өзіне жол салды; буржуазияның өзіне тән өндіргіш күштер оның басшылығынан асып түсіп, бүкіл буржуазиялық қоғамды бейне табиғи қажеттілікпен не құрып бітуге, не төңкеріс жасауға бастайтын жолмен алға итермелеуде. Ал егер кәзір буржуалар қожырай бастаған «шаруашылық жағдайды» күйреуден аман алып қалу үшін зорлыққа жүгініп отырған болса, олар осы арқылы «саяси құрылыс шаруашылық жағдайдың шешуші себебі болып табылады» дейтін Дюринг мырза сыяқты өздерінің адасып отырғандығын ғана дәлелдейді. Дәлмедәл Дюринг мырза сыяқты, олар «бірінші фактор» арқылы, «тікелей саяси зорлық» арқылы, әлгі «екінші дәрежедегі фактыларды», яғни шаруашылық жағдай мен оның әл бермес дамуын қайта құра аламыз деп ойлайды; демек, олар Крупп зеңбіректері мен маузер мылтықтарынан атып бу машинасының және бу машинасы жүргізіп отырған кәзіргі кездегі барлық механизмдердің экономикалық нәтижелерін жер бетінен құрта аламыз деп, дүниежүзілік сауданың және кәзіргі кездегі банктер мен кредиттің дамуының нәтижелерін жер бетінен құрта аламыз деп ойлайды.

### III

#### ЗОРЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ (жалғасы)

Алайда, Дюринг мырзаның осы күдіретті «зорлығына» біраз байыптап көз салайық. Робинзон «қолына шпага алып» Пятницаны құл етеді. Ол шпаганы қайдан алды? Тіпті робинзоншылықтың фантастикалық аралдарында да шпага дегеніңіз осы күнге дейін тал басына бітпейді, ал Дюринг мырзада бұл сұраққа ешқандай жауап жоқ. Егер Робинзон өзіне шпага таба білген болса, күндердің күнінде Пятница қолына оқтаулы револьвер алып жетіп келер деп ойлауға да әбден болады, сонда «зорлықтың» бар арасалмағы керісінше болып шығады: Пятница әмір етеді де, Робинзон бар күшін салып жұмыс істеуге мәжбүр болады. Шындығында ғылымнан емес, балалар арасынан орын алуға тиісті Робинзон мен Пятницаның тарихына ылғый қайта орала бергендігіміз үшін біз оқушыдан кешірім сұраймыз. Бірақ амал қайсы? Біз Дюринг мырзаның аксиоматикалық методын адал қолдануға мәжбүр болып отырмыз, сондықтан шылғый балалық сферасында үнемі айналсақтап жүрген болсақ, бұған біз кінәлы емеспіз. Сонымен, револьвер шпаганы жеңіп шығады, олай болса аксиоматиканы жақтаушы ең аңқау адамға да айқын болатын нәрсе мынау: зорлық дегеніміз жәй өрік күшінің актысы емес, қайта өзінің жүзеге асырылуы үшін өте нақтылы алғышарттарды, атап айтқанда белгілі *құралдарды* керек етеді, бұлардың ішін-

де ең жетік құралдар онша жетілмеген құралдардан басым болып шығады; онан соң, бұл құралдар өндірілуге тиіс, ал осының нәтижесінде зорлықтың ең жетік құралдарын, яки былайша айтқанда—қаруларын, өндіруші адам онша жетілмеген құралдарды өндіруші адамды жеңіп шығады; бір сөзбен айтқанда, зорлықтың жеңуі қару өндірісіне негізделеді, ал қару өндірісі, өз тарапынан, жалпы өндіріс атаулыға, демек, «экономикалық қуатқа», «шаруашылық жағдайға», зорлықтың қарамағындағы *материалдық* заттарға негізделеді.

Зорлық дегеніміз кәзіргі уақытта армия мен соғыс флоты, ал мұның екеуі де, бәріміздің күйінішпен білетініміздей, «сұмдық көп ақша» тұрады. Бірақ зорлық өздігінен ақша жасай алмайды, оның ең мықтағанда жасалған ақшаны тартып алуға ғана шамасы келеді, дегенмен, француз миллиардтарының тәжрибесінен біздің тағы да күйінішпен білетініміздей, бұдан ылғый көп нәтиже бола бермейді. Олай болса, ақша дегеніміз сайып келгенде экономикалық өндіріс арқылы табылуға тиіс; демек, зорлықтың өзін тағы да сол шаруашылық жағдай анықтайды, ал шаруашылық жағдай зорлықтың құрал тауып, оны сақтауы үшін қаражат береді. Бірақ мұнымен де іс бітпейді. Экономикалық жағдайларға тәуелділігі жағынан нақ армия мен флоттай ешнәрсе жоқ. Олардың қару-жарағы, құрамы, ұйымдастырылуы, тактикасы мен стратегиясы ең алдымен өндірістің кәзіргі кезде қол жеткен дәрежесіне және қатынас құралдарына байланысты. Мұнда революцияландырғыш әсер еткен нәрсе данышпан қолбасшылардың «ақыл-ойының еркін творчествосы» емес, қайта таңдаулы қару-жарақтың тыңнан жасалуы және тірі солдаттық материалдың өзгеруі болды; ал данышпан қолбасшылардың ықпалы ең мықтағанда мынамен ғана тынып отырды: олар күрес әдісін жаңа қару мен жаңа жауынгерлерге қарай бейімдеді.

XIV ғасырдың бас кезінде батысевропалық халықтар арабтардан дәріні алып пайдаланды және, әрбір мектеп шәкіртіне мәлім, мұның өзі бүкіл соғыс ісінде толық төңкеріс жасады. Бірақ дәрі мен оталғыш қарудың енгізілуі қалай деген күнде де зорлық актысы болған жоқ, қайта өнеркәсіптік, демек, шаруашылық, прогресс болды. Өнеркәсіп заттар өндіруге бағыттала ма, әлде оларды қыйратуға бағытталама, әйтеуір өнеркәсіп болып қала береді. Оталғыш қарудың жайылуы соғыс жүргізудің өзіне ғана емес, сонымен қатар үстемдік пен езудің саяси қатынастарына да революцияландырғыш әсер етті. Дәрі мен оталғыш қаруды өндіру үшін өнеркәсіп пен ақша керек болды, ал мұның екеуі де қалалықтардың қолында еді. Сондықтан оталғыш қару әуел бастан қалалардың және феодалдық дворяндарға қарсы өзінің күресінде қалаларға сүйенген жоғары өрлеуші монархияның қаруы болды. Сол кезге дейін әл бермей келген серілік замоктарының тас қорғандары қалалықтардың зең-

біректеріне төтеп бере алмады; бюргерлердің мылтығының оғы серілердің сауытын тесіп өтетін болды. Дворяндардың сауыт киіген кавалериясымен бірге дворяндықтың үстемдігі де күйреді; бюргерліктің дамуымен қабат пехота мен артиллерия барған сайын қарулы күштің шешуші түрлеріне айнала бастады; артиллерия талаптарының қысымымен соғыс өнері өзіне жаңа, нағыз өнеркәсіптік тарауды — инженерлік істі қосып алуға мәжбүр болды.

Оталғыш қаруды жетілдіру ісі өте баяу жүріп отырды. Зеңбірек ұзақ уақыт бойы қолапайсыз, ал мылтық, толып жатқан жеке-дара жақсартуларға қарамастан, тұрпайы болып келді. Бүкіл пехотаны қаруландыруға жарамды мылтық пайда болғанға дейін 300 жылдан астам уақыт өтті. Тек XVIII ғасырдың бас кезінде ғана штық қадаған білтелі мылтық пехотаның қару-жарағынан найзаны біржолата ығыстырып шығарды. Ол кездегі пехота жақсы машықтанған, бірақ мүлде сенімсіз князьдік солдаттардан құралған еді, бұлар қоғамның ең бұзық элементтерінен алынатын да, тек таяқтың күшімен ғана тәртіпке бағынатын-ды; көбінесе бұл пехота армияға еріксіз алынған дұшпан адамдардан, соғыс тұтқындарынан құралушы еді; солдаттардың жаңа қаруды қолдануына мүмкіндік беретін бірден-бір күрес формасы Фридрих II тұсында ең жоғарғы кемеліне жеткен линиялық тактика болды. Армияның бүкіл пехотасы, өте ұзын және іші қуыс төрт бұрыш тәрізді, үш линия болып тізілетін де, тек біртұтас тұлға ретінде жауынгерлік тәртіппен жылжыйтын; тек қысылшаң жағдайда ғана екі флангінің біріне біраз алға шығуға немесе кейін шегінуге рұқсат берілуші еді. Осы қолапайсыз топты жыйын теп-тегіс жермен ғана жұбын жазбай жүре алатын, онда да тым шабан жылжыйтын (минутына 75 қадам); ұрыс кезінде жауынгерлік тәртіпті өзгерту мүмкін емес еді, сондықтан пехота ұрысқа кірісімен-ақ жеңіс пен жеңіліс қысқа уақыттың ішінде бір соққының күшімен шешілетін.

Тәуелсіздік жолындағы американдық соғысында осы қолапайсыз шеренгілерге көтерілісшілердің отрядтары қарсы шықты, бұлар, рас, марш жасай білмейтін, бірақ оның есесіне өз қарабиндерінен тамаша дәл ата білуші еді; бұлар өздерінің нағыз көкей-тесті мүдделері үшін күрескендіктен, жасақ әскерлер сияқты дезертирлік істеген жоқ. Бұлар тегіс жерде линиялық жауынгерлік тәртіппен қарсы шығып ағылшындардың айызын қандырмай жоқ, қайта өздеріне пана болған орман ішінде шашыранды жылжымалы атқыштар отрядтары түрінде жауға тиісіп отырды. Мұнда линиялық строй дәрменсіз болды да, көзге көрінбейтін және қолға түспейтін дұшпандарына қарсы күресте жеңіліске ұшырады. Сөйтіп, жанадан шашыранды атқыштар стройы — солдаттық материалдың өзгеруі нәтижесінде туған жаңа күрес әдісі табылды.

Американ революциясы бастаған істі, — соғыс саласында да — француз революциясы аяқтады. Коалицияның жақсы үйретілген жалдама әскерлеріне бұл революция да тек нашар үйретілген, бірақ көптеген бұқараны, бүкіл халықтың жасағын қарсы қоя алатын еді. Міне осы бұқарамен Парижді қорғауға, демек, белгілі бір жерді алып жатуға тура келді, бірақ жаппай ашық ұрыста жеңбейінше бұлай ету мүмкін емес еді. Бір ғана атқыштар отрядтары енді жеткіліксіз еді; бұқараны пайдалану үшін де қолайлы форма табу керек болды, бұл форма *колоннадан* табылды. Колонна-колонна болып сап құрудың өзі тіпті аз үйретілген әскерлерге де біраз тәртіп сақтап жылжуға, оның үстіне тіпті тездетілген маршпен (минутына 100 және одан да астам қадаммен) жылжуға мүмкіндік берді; мұның өзі ескі линиялық стройдың икемсіз формаларын жарып өтуге, қандай жерде болса да, демек, линиялық строй үшін ең қолайсыз жерде де, ұрыс жүргізуге, әскерлерді кәзіргі жағдайға сәйкес келетін қалаған әдіспен топтауға мүмкіндік берді және, шашыранды атқыштардың қыймылымен ұштастырғанда, жау линияларын, — позицияның шешуші пунктінде оларды резервте сақталатын қыруар қолдың көмегімен бұзып өтуге боларлық кезең туғанша, — бөгеп, алаңдатып, қажытуға мүмкіндік берді. Ұрыс жүргізудің осы жаңа әдісін, атқыштарды пехота колонналарымен біріктіруге негізделген және армияны қарудың барлық түрлерінен құралған дербес дивизияларға немесе армиялық корпустарға бөлу әдісін, тактика жағынан да, стратегия жағынан да толығынан Наполеон жасап шыққан болатын. Бірақ мұның қажеттігін, ең алдымен, армияның адамдық құрамының сыйпатын өзгерткен француз революциясы туғызды. Алайда жаңа әдіс үшін тағы да аса маңызды екі түрлі техникалық алғышарт керек болды: біріншіден, Грибоваль жасап шығарған дала орудияларының неғұрлым жеңіл лафеттері бұл орудияларды енді тиісті шапшаңдықпен жылжытуға мүмкіндік берді, екіншіден, 1777 жылы Францияда мылтықтың жаңа түрі енгізілді, бұрын стволмен тік жалғасатын мылтық дүмбісі енді аңшылық мылтыктікі сыяқты имектеу жасалған еді, мұның өзі, сөзсіз мұлт кетіргестен-ақ, белгілі бір адамды көздеп атуға мүмкіндік берді. Осы табыстар болмайынша шашыранды стройда ескі мылтықтан оқ ату мүмкін болмас еді.

Бүкіл халықты қаруландырудың революциялық системасы көп ұзамай адамды әскерге еріксіз алумен тежелді (мұнда дәулетті адамдардың өз орнына кісі жалдап жіберуіне право берілді), сөйтіп осы формадағы әскери міндеттілікті континенттегі ірі мемлекеттердің көпшілігі қабылдады. Тек Пруссия ғана өзінің ландвер<sup>1</sup> системасы арқылы қызметке ұлттың әскери күшін неғұрлым көбірек тартуға әрекеттенді. Оның үстіне Пруссия өзі-

<sup>1</sup> — земстволық жасақ. *Ред.*

нің бүкіл пехотасын ең жаңа қарумен: құндағынан оқталатын винтовкамен қаруландырды, бұл қару аузынан оқталатын соғысқа жарамды бедерлі мылтық 1830 және 1860 жылдар арасында өзінің қысқа мерзімді ролін атқарғаннан кейінгі жерде енгізілген еді. Пруссияда осы екі жаңалықтың енгізілуі оның 1866 жылы жеткен табыстарының нәтижесі еді.

Француз-пруссак соғысында тұңғыш рет екеуі де құндағынан оқталатын винтовкалармен қаруланған екі армия бір-біріне қарсы шықты, оның бержағында екі армияның да жауынгерлік құрылысы, шындығында, стволы тегіс бұрынғы білтелі мылтық дәуіріндегі сыяқты еді; мұндағы бір ғана айырмашылық сол, пруссактар жаңа қаруға неғұрлым сай келетін жауынгерлік форманы роталық колоннадан табуға әрекет жасады. Бірақ 18 августа, Сен-Прива түбінде, пруссак гвардиясы осы роталық колоннаны мықтап қолданбақ болған кезде, осы ұрысқа аса көп қатысқан бес полк бас-аяғы екі сағаттың ішінде құрамының үштен бірінен көбін (176 офицері мен 5 114 солдатын) жоғалтты, міне содан бері батальондық колонналар мен линиялық стройдың қолданылуының іске алғысыз болғаны сыяқты, роталық колонна да бір-жолата іске алғысыз болып қалды. Қандай да болсын тығыз топтасқан отрядтарды жау мылтығы оғының астында ұстау жөнінде енді ешбір әрекет істелмейтін болды, сөйтіп кейін немістер тек қана қалың атқыштар тізбегі арқылы ұрыс жүргізетін болды, өйткені бұдан бұрын да жау оғы бұршақтай жауып тұрған кезде, жоғарғы командирлер құрамының мұны тәртіпті бұзушылық деп күресуіне қарамастан, әдетте колоннаның өзі-ақ осылайша бытырап кететін-ді. Дәл сол сыяқты жау мылтығының оғы жететін жерде жылжудың бірден-бір формасы *жүгіріп өту* болды. Солдат бұл жолы да офицерден естірек болып шықты: нақ сол солдат құндағынан оқталатын мылтық оғының астында осы күнге дейін өзін өзі ақтап келе жатқан бірден-бір жауынгерлік форманы инстинктімен іздеп тапты да, бастықтардың қарсы әрекетіне қарамастан оны ойдағыдай қорғап қалды.

Француз-пруссак соғысы бұрынғы соғыстардың бәрінен мүлде басқаша маңызы бар бетбұрыс пункті болды. Біріншіден, кәзір қарудың жетілдірілгені соншалық, әлде нендей төңкеріс ретінде маңыз аларлық жаңа прогрестің болуы енді мүмкін емес. Көз жетерлік дәрежеде батальонды дәлдеп атуға болатын зеңбірек барда, нақ осылайша жеке адамды көздеп атып, дәл тигізуге болатын мылтық барда, онан соң мылтық оқтауға жететін уақыт көздеу үшін керекті уақыттан аз болып отырған кезде, — далалық соғыс үшін бұдан былайғы барлық жетістік атаулының келер-кетері шамалы. Сонымен, бұл бағыттағы даму заманы елеулі белгілері жағынан аяқталып отыр. Екіншіден, бұл соғыс континенттегі барлық ұлы державаларды өз елінде пруссактық ландвер системасын мықтап енгізуге, сөйтіп өздеріне соғыс ауыртпалығын

жүктеуге мәжбүр етті, ал осы ауыртпалықтың салдарынан олар аздаған жылдардан кейін қыйрауға тиіс. Армия мемлекеттің басты мақсаты болды, ол өзіндік мақсатқа айналды; халықтар солдаттар беріп, оларды асырау үшін ғана өмір сүреді. Милитаризм Еуропаға үстемдік етіп, оны жалмауда. Бірақ бұл милитаризмнің өз ішінде оның өз басын жалмайтын ұрық бар. Жеке мемлекеттер арасындағы бәсеке оларды, бір жағынан, армияға, флотқа, зеңбірекке, т. т. жылдан жылға барған сайын көп ақша жұмсауға, демек — финансы апатын барған сайын жақындата түсуге — мәжбүр етеді; екінші жағынан, бұл бәсеке оларды жалпыға бірдей әскери міндеттілікті барған сайын мықтап қолдануға, сөйтіп сайып келгенде бүкіл халықты қару менгеру өнеріне үйретуге мәжбүр етеді, солай болғандықтан осы халықтың өзі белгілі кезеңде командалық әскери бастықтарға қарамастан өз еркін жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Бұл кезең дәл халық бұқарасының — деревня мен қала жұмысшыларының, және де шаруалардың — өз еркі *өзінде болатын* кезде туады. Осы сатыда монархтың әскери халықтық әскерге айналады, машина жұмыс істеуден қалады, сөйтіп өзінің диалектикалық дамуы нәтижесінде милитаризм құрылды. 1848 жылғы буржуазиялық демократияның нақ пролетарлық демократия болмай, *буржуазиялық* демократия болғандығы себепті, — демек, еңбекші бұқараға мазмұны жағынан оның таптық жағдайына сәйкес келерлік ерік бере алмағандығы себепті, — оның күші жетпеген нәрсесін социализм сөзсіз жүзеге асырады. Ал мұның мәнісі милитаризм де, сонымен бірге барлық тұрақты армиялар да *іштен* бұзылады деген сөз.

Кәзіргі пехота жөніндегі тарихымыздан туатын бірінші мораль осындай. Бізді Дюринг мырзаға қайта соқтыратын екінші мораль мынау: армиялардың бүкіл ұйымдасуы мен жауынгерлік әдісі, сонымен бірге жеңістер мен жеңілістер материалдық, яғни экономикалық шарттарға: адамдық материал мен қаруға, демек, халықтың сапасы мен санына және техникаға байланысты болып шығады. Тек американдар сыяқты аңшы халық қана атқыштарстройын жанадан ойлап таба білді, ал олар нағыз экономикалық себептерден аңшы болған еді, дәл сондай-ақ кәзір ескі Штаттардың нақ сол янкилері нағыз экономикалық себептерден екіншілерге, өнеркәсіпшілерге, теңізшілер мен купецтерге айналып отыр, енді олар ну ормандарда аңшылықпен айналыспайды, бірақ оның есесіне жалдаптық саласында анағұрлым қызу әрекет істейді, олар мұнда да бұқараны пайдалану өнерін мықтап алға бастырып отыр. — Буржуаны, әсіресе шаруаны экономика жағынан азат еткен француз революциясы сыяқты революция ғана қалың армиялар формасын ойлап шығара білді, сонымен бірге олар үшін қозғалыстың еркін формаларын таба білді, өздері қорғаған абсолютизмнің соғыс өнеріндегі көрінісі болған ескі, икемсіз линиялар осы формалардың алдында күл-талқан болды. Тех-



никаның табыстары қолдануға болатын дәрежеге жетіп, іс жүзінде соғыс мақсаттарына пайдаланыла бастады дегенше-ақ, соның артынша — зорлықты жолмен дерлік, оның үстіне көбінесе әскери командованиенің еркінен тыс — бұл табыстардың ұрыс жүргізу әдісінде қандай өзгерістер, тіпті төңкерістер жасағанын біз бірден бірге көріп өттік. Оның үстіне, соғыс жүргізу өнерінің әрі өз тылының, әрі соғыс қыймылдары майданының өндіргіш күштері мен қатынас құралдарына қаншалық байланысты екендігі жөнінде біздің заманымызда әрбір зерделі унтер-офицер Дюринг мырзаның сауатын аша алады. Бір сөзбен айтқанда, қай жерде және қашан болса да экономикалық жағдайлар мен ресурстар «зорлықтың» жеңіске жетуіне көмектесіп отырды, бұлар болмайынша зорлық дегеніңіз күш болудан қалады, сондықтан кімде-кім соғыс өнерін бұған қарама-қарсы келетін, Дюринг мырзаның принциптеріне сәйкес келетін тұрғыдан қайта құрамын дейтін болса, ондай адам таяқ жеуден басқа ешнәрсе өндіре алмаған болар еді<sup>1</sup>.

Егер біз құрылықтан теңізге көшетін болсақ, мұнда да тіпті соңғы 20 жылдың ішінде анағұрлым үзілді-кесілді төңкеріс болғанын көреміз. Қырым соғысындағы жауынгерлік кеме 60 тан 100-ге тарта орудиесі бар екі-үш палубалы ағаш корабль еді; ол көбінесе желкеннің жәрдемімен жүретін, ал бу машинасы көмекші жұмысқа ғана жарайтын әлсіз еді. Оның қаруы көбінесе 32 фунттық, салмағы 50 центнер орудиелерден құралғанды, тек біразында ғана 68 фунттық, салмағы 95 центнер орудиелер болатын. Соғыстың аяғында сауытты жүзгіш батареялар, икемсіз, мүлде жылжымайтын дерлік, бірақ сол кездегі артиллерияның жағдайында оқ дарымайтын керемет алып пайда болды. Кешікпей жауынгерлік кемелерге де броня қапталды; алғашында бұл жұқа болатын: қалыңдығы 4 дюймдік броня өте ауыр деп есептелуші еді. Бірақ артиллерияның прогресі ұзамай броняны басып озды; белгілі градация бойынша өсіп отырған қандай қалың броня болса да оп-онай тесіп өтетін жаңа, неғұрлым ауыр орудие табылып отырды. Сөйтіп, біз кәзірдің өзінде, бір жағынан, 10, 12, 14 және 24 дюймді броняға жетіп отырмыз (Италия қалыңдығы үш футтық бронясы бар кеме жасамақшы), ал екінші жағынан — салмағы (бір тоннаны 20 центнер<sup>2</sup> деп есептегенде) 25, 35, 80 тонна, тіпті 100 тонна келетін, 300, 400, 1 700 және 2000 қадақтық снарядтарды бұрын құлақ есітпеген жерге атып жеткізетін нарезді орудиелерге дейін жетіп отырмыз. Кәзіргі кездегі жауынгерлік

<sup>1</sup> Пруссия бас штабындағылар да кәзір мұны жақсы біледі. «Соғыс өнерінің негізі алдымен халық тіршілігінің шаруашылық құрылысы болып табылады», — деп ескертеді бас штабтың капитаны Макс Йенс өзінің бірғылыми баяндамасында («Kölnische Zeitung» [«Кельн Газеті». Ред.], 20 апрель, 1876 ж., үшінші лист), [Энгельстің ескертуі.]

<sup>2</sup> Мұнда метрлік центнердің жартысы болатын неміс центнері (50 кг.) айтылып отыр. Ред.

кеменің өзі судағы салмағы 8 000—9 000 тонна болатын, 6 000—8 000 аттық күші бар, айналмалы башнясы және төрт, ең көп дегенде алты ауыр орудиесі және тұмсық жағында, ватерлиниядан төмен, жау кемелерін тесуге арналған шығыңқы тараны бар бұрандалы алып броненос пароход. Тегінде бұл кеменің өзі орасан зор бір машина, мұның ішіндегі бу броненосты шапшаң ілгері бастырып қана қоймай, сонымен бірге рульді басқарады, якорьды көтереді және төмен түсіреді, башняларды айналдырып отырады, орудиелерді бағыттап, оқтайды, іштегі суды ағызып сыртқа шығарады, шінара сол будың күшімен жүретін қайықтарды көтереді, төмен түсіреді, т. т. Бронялық қорғаныс пен орудие күшінің арасындағы бәсекенің бітуден әлі алшақ жатқаны сонша, кәзіргі уақытта соғыс кемесі екінің бірінде талапқа сай келуден қалып, суға түсіп үлгіргенше ескірген болып шығады. Кәзіргі кездегі жауынгерлік кеме ірі өнеркәсіптің жемісі ғана емес, сонымен бірге соның үлгісі де, жүзгіш фабрика — рас, көбінесе ақшаны босқа ырап ететін фабрика. Ірі өнеркәсібі өте-мөте өркендеген ел осы кемелерді жасау монополиясымен толық дерлік пайдаланады: түріктердің барлық броненостары, орыс броненостарының бәрі дерлік және герман броненостарының көпшілігі Англияда жасалған; азды-көпті жарамды броня түгелдей дерлік Шеффильдте жасалады; ең ауыр орудиелерді бірден-бір жасап шығара алатын Европадағы темір өндеуші үш заводтың екеуі (Вульвич пен Эльсвикте) Англияда, үшіншісі (Крупптікі) Германияда. Бұл мысал мынаны айқын көрсетеді: Дюринг мырзаның айтуынша, «шаруашылық жағдайдың шешуші себебі» болып табылатын «тікелей саяси зорлықтың» өзі, мұның керісінше, шаруашылық жағдайға мүлде бағынышты; зорлықтың теңіздегі құралын — жауынгерлік кемені — жасау былай тұрсын, оны басқарудың өзі де кәзіргі кездегі ірі өнеркәсіптің бір тарауы болып отыр. Істің осындай беталысынан нақ «зорлық» сыяқты, мемлекет сыяқты қатты зар шегіп отырған ешкім жоқ, өйткені кәзіргі уақытта мемлекетке түсетін бір кеменің құны бұрынғы тұтас бір кішігірім флоттың құнындай; оның бержағында осы қымбат кемелердің суға түспей жатып ескіріп қалатындығын, демек, бағасызданатындығын мемлекеттің өз көзімен көруіне тура желіп жүр; сөйтіп мемлекет, «шаруашылық жағдай» адамының, инженердің корабль бортындағы маңызы «тікелей зорлық» адамының — командирдің маңызынан гөрі көбірек екендігіне — әйтеуір Дюринг мырзадан кем түспейтін дәрежеде — наразы болып отыр. Мұның керісінше, броня мен орудиенің өзара тайталасында жауынгерлік кеменің асқан жетік кемеліне келтіріліп, соғысқа қаншалық жарамсыз<sup>1</sup> болса, бағасы жағынан соншалық қол жетпес

<sup>1</sup> Соғыс-теңіз ісіне жұмыс істейтін ірі өнеркәсіптің соңғы бұйымы — әзі жүретін торпеданың жетілдірілуі, сірә, осыны жүзеге асыруға тиіс болар.

бола бастағанын және осы тайталастың арқасында теңіз соғысы майданында да диалектикалық қозғалыстың ішкі заңдары ашылып, бұл заңдар бойынша милитаризм де, басқа тарихи құбылыс атаулы сыяқты, өз дамуының салдарынан құрытындығын көргенде біз, өз тарапымыздан, бұған ешбір күйіне алмаймыз.

Сонымен, «бірінші нәрсені жанама экономикалық қуаттан іздемей, тікелей саяси зорлықтан іздеудің» мүмкін еместігі бұл жерде де айдан анық. Қайта мұның керісінше. Шынында да, зорлықтың өзіндегі «бірінші нәрсе» не болып шықты? Экономикалық қуат, қолда кезіргі кездегі өнеркәсіптің қуатты құрал-жабдықтарының болуы. Қазіргі кездегі соғыс кемелеріне сүйенетін теңіздегі саяси күш «тікелей» нәрсе емес, қайта мұның керісінше болып отыр — ол экономикалық күшке, металлургияның жоғарылап дамуына, шебер техниктер мен бай көмір кендерін басқару мүмкіндігіне байланысты.

Алайда мұның бәрінің не қажеті бар? Жұрт таяудағы теңіз соғысында жоғарғы командованиені Дюринг мырзаға берсін де, сонда ол ешбір торпедасыз және басқа айла-шарғысыз-ақ, жәй ғана өзінің «тікелей зорлығы» арқылы, «шаруашылық жағдайға» құлша тәуелді болып жүрген броненос флоттардың бәрін жоятын болсыншы.

## IV

### ЗОРЛЫҚ ТЕОРИЯСЫ (аяғы)

«Аса маңызды бір жағдай сол, факт жүзінде *табиғатқа* жасалған үстемдік тек жалпы (!) *адамзатқа* жасалған үстемдік арқасында ғана болды (үстемдік болды!). Едәуір кеңістіктерде жер меншігін шаруашылыққа пайдаланудың өзі адамды алдын ала құл етпейінше және құлдық немесе барщиналық еңбектің белгілібір түрін оған күштеп істетпейінше ешқашанда және еш жерде де жүзеге асырылған емес. Заттарға экономикалық үстемдік орнатудың алғышарты адамға адамның жасаған саяси, әлеуметтік және экономикалық үстемдігі болды. Құлдарға, крепостнойларға немесе жанама түрдегі еріксіздерге үстемдігін жүргізбейтін ірі жер иесі болады деуге бола ма? Өткен кезде немесе кезіргі уақытта ірі көлемде егіншілік жүргізу үшін қарамағында ең мықтағанда семья мүшелерінің көмекші күші ғана бар бір адамның күші не болмақшы еді? Жерді пайдаланудың, — немесе жеке адамның табиғи күштерінен асып түсетін дәрежеде жерге экономикалық үстемдікті ұлғайтудың, — осы күнге дейін тарихта

бұл ретте ең кішкене торпедалық катер аса зор броненостан күштірек болып шығады. (Тегінде, оқушы мұның 1878 жылы жазылғанын еске алсын.)  
[Энгельстің ескертуі.]

мүмкін болып келген бір ғана себебі — жерге үстемдік орнату-дан бұрын немесе сонымен бір мезгілде осыған қажетті адамды құлданушылық іске асырылды. Дамудың ең бергі дәуірлерінде бұл құлданушылық жұмсартылған-ды... Неғұрлым дамыған мемлекеттерде мұның кәзіргі формасы азды-көпті дәрежеде полициялық үстемдік басқаратын жалдама еңбек болып табылады. Демек, осы заманғы байлықтың байтақ жер үстемдігінен және (!) ірі жер иелігінен көрінетін түрінің практикалық мүмкіндігі жалдама еңбекке негізделеді. Өзінен өзі түсінікті, үйлеспелі байлықтың барлық басқа түрлері тарих жүзінде нақ осылайша түсіндірілуге тиіс, сондықтан кәзіргі кезде экономика жағынан өте-мөте дамыған құрылыстың негізгі белгісі болып табылатын, адамның адамға жанама тәуелділігі өзінен өзі ұғылып, түсіндірілуі мүмкін емес, мұны тек бұрынғы тікелей бағыну мен экспроприацияның біраз өзгерген мұрасы ретінде ғана түсінуге болады». Дюринг мырза міне осылай дейді.

Тезис: Табиғатқа (адамдық) үстемдік адамға (адамдық) үстемдіктің болуын керек етеді.

Дәлел: *Едәуір кеңістіктерде жер меншігін шаруашылыққа пайдаланудың өзі құл етілген адамдардың еңбегін пайдаланудан басқаша ешқашан да және еш жерде де болған емес.*

Дәлелге дәлел: Ірі жер иелері құл етілген адамдар болмаса, қалай өмір сүре алмақ? Өйткені ірі жер иесі құл етілген адамдарсыз өз семьясымен бірге өз иелігінің тек мардымсыз бөлегін ғана өңдей алар еді ғой.

Сонымен, адам табиғатты өзіне бағындыру үшін алдын ала басқа бір адамды құл етуге тиіс болды деп дәлелдеу үшін Дюринг мырза тікесінен «табиғатты» «едәуір кеңістіктегі жер меншігіне» айналдырады, ал осы жер меншігін — кімдікі екені белгісіз — ол дереу ірі жер иесінің меншігіне айналдырады, ал ірі жер иесі құл етілген адамдардың көмегісіз өз жерін, әлбетте, өңдей алмайды.

Бірақ, біріншіден, «табиғатқа үстемдік ету» мен «жер меншігін шаруашылыққа пайдалану» — әсте бір емес. Ірі өнеркәсіпте табиғатқа үстемдік ету егіншіліктегіден өлшеусіз зор көлемде жүзеге асырылып отыр, ал егіншілік ауа райын өзіне бағындырудың орнына осы күнге дейін оған бағынуға мәжбүр болып келеді.

Екіншіден, егер біз едәуір кеңістікте жер меншігін шаруашылыққа пайдаланумен тынатын болсақ, онда мәселе осы жер меншігінің кімге тиісті екендігінде болмақ, ал біз барлық мәдениетті халықтар тарихының бастапқы кезінде, бұл жерде өзі «табиғи диалектика» деп атаған үйреншікті фокусшылдық дағдысымен Дюринг мырзаның тықпалап отырғанындай, «ірі жер иесінің» емес, жерді қауымдасып иеленетін рулық және селолық қауымдардың болғанын көреміз. Индиядан Ирландияға дейін зор

кеңістіктердегі жер меншігін өңдеу ісін алғашқы кезде нақ осындай рулық және селолық қауымдар жүргізді, оның бержағында егістік жер не қауымның есебінен бірлескен түрде өңделді, не жеке-жеке жер учаскторіне бөлініп, бұл учаскторде қауым белгілі мерзімге жеке семьяларға беріп отырды, ал орман мен жайылымдар үнемі ортақ пайдалануда болды. Онан соң Дюринг мырзаның «саяси және юридикалық ғылымдар саласындағы» «аса терең арнаулы қызметтеріне» тән тағы бір нәрсе, ол мұның бәрі жөнінде ешнәрсе білмейді, оның барлық шығармалары Маурердің бүкіл герман правосына негіз болған герман маркасының алғашқы құрылысы туралы жазған, ғылымда бір заман ашқан еңбектерімен оның мүлде таныс еместігін дәлелдейді; дәл сондай-ақ бұл шығармалар үнемі өсіп отырған әдебиетпен, әдебиет болғанда — көбінесе Маурердің еңбектерінің әсерімен — европалық және азиялық мәдениетті халықтардың бәрінде алғашқы қауымдық жер иеленудің болғандығын анықтап, оның өмір сүруі мен ыдырауының әралуан формаларын зерттейтін әдебиетпен оның мүлде таныс еместігін дәлелдейді. Француз және ағылшын правосы саласында Дюринг мырзаның «бүкіл надандығы өз басының жемісі» болғандығы сыяқты, — ал бұл надандық өте елеулі, — дәл сол сыяқты оның герман правосы саласындағы одан анағұрлым асып түсетін надандығы да «өз басының жемісі». Университет профессорларының ой өрісінің тайыздығына сондай қатты ызаланатын адамның өзі герман правосы жөнінде әлі күнге дейін, ең мықтағанда, профессорлардың бұдан 20 жыл бұрын болған дәрежесінде қалып отыр.

Дюринг мырзаның «еркін творчествосы мен ой толғауының» таза «жемісі» — оның үлкен жер кеңістіктерінде шаруашылық жүргізу үшін помещиктер мен құл етілген адамдар керек болды деген пікірі. Жер меншікшісі қауым немесе мемлекет болып табылатын бүкіл Шығыстың тілінде «помещик» деген сөз атымен жоқ, — мұны Дюринг мырза ағылшын юристерінен сұрап білуіне болады, өйткені олар, «Мұнда түнгі күзетші кім?» деген сұрақты ойлап, басын босқа қатырған маркум принц Генрих LXXII Рейсс-Грейц-Шлейц-Лобенштейн-Эберсвальде сыяқты, Индияда жүріп: «Мұнда жер меншікшісі кім?» деген сұрақты ойлап әуре-сарсаң болған. Тек түріктер ғана Шығыстағы өздері жаулап алған елдерде помещиктік феодализм сыяқты нәрсені бірінші болып енгізген-ді. Греция ерлік дәуірдің өзінде-ақ сословиелерге жіктелген күйінде тарихқа аяқ басады, ал мұның өзі де бізге белгісіз бұрын өткен, азды-көпті ұзақ тарихтың айқын нәтижесі ғана еді. Бірақ мұнда да жерді көбінесе дербес шаруалар өңдейтін; ал ақсүйектер мен ру көсемдерінің неғұрлым ірі помещьелері некен-саяқ кездесіп отырды, онда да ұзамай жоғалып кетті. Италияда жерді егіншілікке көбінесе шаруалар игеріп пайдаланды; Рим республикасының ақырғы шағында

имениелердің ірі топтары — латифундиялар — ұсақ шаруаларды ығыстырып шығарып, оларды құлдармен ауыстырған кезде, олар сонымен қатар егіншілікті мал шаруашылығымен ауыстырды да, Плинийдің өзі-ақ біліп айтқандай, Италияның түбіне жетті (*latifundia Italian perdidere*). Орта ғасырларда бүкіл Европада (әсіресе бос жатқан жерлерді айдағанда) шаруалық жер өңдеу басым болды, оның бер жағында, бұл шаруалардың белгілі бір феодалға оброк төлеуіне тура келді ме, жоқ па, — төлесе нақ қандай оброк төледі, — мұның кәзіргі қаралып отырған мәселе үшін келер-кетері жоқ. Эльбаның шығыс жағында славяндардан тартып алынған жерлерді өңдеуге кіріскен Фриз, төменгі Саксония, Фламанд және төменгі Рейн колонистері мұны әсте «барщинаның белгілі бір түріндегі» шартпен емес, өте жеңіл шартпен алым төлейтін еркін шаруалар ретінде істеді.

Солтүстік Америкада жер көлемінің өте елеулі бөлегі еркін шаруалардың еңбегі арқылы мәдени қалыпқа келтірілді, ал өздерінің құлдары және өзіне тән жыртқыштық шаруашылық системасы бар Оңтүстіктегі ірі помещиктердің жерді тоздырғаны соншалық, онда тек арша ғана өсе бастады, сондықтан мақта дақылы неғұрлым батысқа қарай жылжуға тиіс болды. Австралия мен Жаңа Зеландияда ағылшын үкіметінің жер аристократиясын қолдан жасау жөніндегі әрекеттерінің бәрі сәтсіздікке ұшырады. Қысқасы, еуропалық адамның егіншілікпен айналысуына климаты мүмкіндік бермейтін тропикалық және субтропикалық колонияларды былай қойғанда, табиғатты өз үстемдігіне бағындыратын және құлдардың немесе барщина өтеуші крепостнойлардың еңбегімен жерді егіске арнап тазартатын ірі жер иесі тек қана фантазиядан туған нәрсе болып шығады. Мұның керісінше, ерте заманда ірі жер иесі пайда болған жерлерде, мәселен, Италияда, ол бос жатқан өңірлерді өңделген егістікке айналдырған жоқ, қайта, жұртты қуып жібере отырып, тұтас елдерді күйзелте отырып, шаруалар өңдеген жерлерді жайылымға айналдырды. Тек ең жаңа заманда ғана, халықтың неғұрлым тығыздығынан жердің құны артқаннан бері, әсіресе агрономияның дамуы нашар жерді өңдеуге неғұрлым жарамды еткеннен бері, тек осы кезден былай қарай ірі жер иелері, Англияда да, Германияда да көбінесе шаруалардың қауымдық жерлерін талан-таражға салу арқылы, бос жатқан жерлер мен жайылымдарды жыртуға кең көлемде қатыса бастайды. Алайда мұнда да қарама-қарсы процесс болмай қалған жоқ: Англияда ірі жер иелері егістікке арнап тазартқан қауымдық жердің әрбір акрына олар Шотландияда кемінде үш акр егістік жерден келді, олар бұл жерлерді қой жайылымына, ақыр-аяғында тіпті ірі аңды аулайтын аңшылық паркіне айналдырды.

Біздің мұнда кездестіріп отырғанымыз Дюринг мырзаның:

жердің едәуір кеңістігін, яғни шын мәнісінде бүтіндей дерлік мәдени егіншілік көлемін егіншілік үшін игеру ісін «ешқашан да, еш жерде де» — құл етілген адамдардың күшімен тек ірі жер иелері жүргізбейінше, бұл басқаша жүргізілген емес деген пікірі ғана, — жоғарыда көргеніміздей, тарихты нағыз құлақ өстімеген дәрежеде білмеушілік «өзінің алғышарты болған» пікір ғана. Сондықтан мүлде немесе басым көпшілігі игерілген жерлерді түрлі дәуірлерде құлдардың (Грецияның гүлденген дәуіріндегі сыяқты) немесе крепостнойлардың (орта ғасырлар заманынан бергі салық төлейтін шаруа үйлерінің) қаншалық өндегенін мұнда бізге анықтап жатудың қажеті жоқ; бізге түрлі замандарда ірі жер иелерінің қоғамдық функциясы қандай болғанын зерттеп жатудың да қажеті жоқ.

Біздің алдымызға осы тамаша фантастикалық суретті жайып салғаннан кейін, — мұнда дедукцияның фокусшылдығы мен тарихтың өңін айналдырушылықтың қайсысына көбірек таңданырғанды білмейсің, — Дюринг мырза масаттана былай дейді: «Өзінен өзі түсінікті, үлепелі байлықтың барлық басқа түрлері *тарих жүзінде нақ осылайша түсіндірілуге* тиіс!». Осы арқылы ол, мәселен, капиталдың пайда болуы туралы тым болмаса бір сөз айтудан, әрине, бойын аулақ салады.

Дюринг мырзаның айтуынша, адамның адамға жүргізетін үстемдігі адамның табиғатқа жүргізетін үстемдігінің алғышарты болып табылады. Егер ол тегінде осы арқылы: біздің бүкіл кәзіргі экономикалық құрылысымыз, егіншілік пен өнеркәсіп дамуының кәзірде қол жеткен сатысы, таптық қарама-қарсылықтардан, үстемдік пен құлдық қатынастарынан көрінетін қоғам тарихының нәтижесі дегенді ғана айтпақшы болса, онда ол Коммунистік Манифестің заманынан бастап жалпыға әлдеқашан таныс болған нәрсені айтады. Бірақ әңгіме атап айтқанда таптар мен үстемдік қатынастарының шығуын түсіндіруде болып отыр, ал егер Дюринг мырзаның бұған арналған «зорлық» деген бір ғана сөзі әрқашан дайын тұратын болса, онда бұлайша түсіндірумен біз бір адым да алға баса алмаймыз. Бір жәй ғана факт сол, езілгендер мен қаналғандар қай заманда болса да езушілер мен қанаушылардан анағұрлым көп болған, демек, шын күш алғашқылардың жағында болған, — міне бір ғана осы фактының өзі-ақ зорлық теориясының түгелдей қыйсынсыз екенін әбден айқын көрсетеді. Демек, үстемдік пен құлдық қатынастарын түсіндіретін себепті әлі іздеп табу керек.

Бұл қатынастар екі түрлі жолмен пайда болды.

Адамдар бастапқы кезде жануарлар (сөздің неғұрлым шенеулі мағнасында) дүниесінен қай күйде бөлініп шыққан болса, олар тарихқа да сол күйде аяқ басты: әлі де жартылай жануарлар күйінде, табиғат күштерінің алдында дәрменсіз, өз күштерін әлі ұғынбаған, әлі де тағылар күйінде аяқ басты; сондықтан олар

жануарлардай жарлы және өнімділігі жағынан олардан аз ғана жоғары болды. Мұнда тіршілік дәрежесі жағынан белгілі теңдік, ал семья басшылары үшін — қоғамдық жағдай жағынан да өзгеше бір теңдік орын алды, ең болмағанда қоғамдық таптар болған жоқ, бұл жағдай ең бергі мәдениетті халықтардың алғашқы егіншілік қауымдарында да байқалады. Әрбір осындай қауымда әуел бастан белгілі бір ортақ мүдделер болды, бұл мүдделерді қорғау міндетін бүкіл қоғамның бақылауымен болса да жеке адамдарға жүктеуге тура келіп отырды: бұлар — талас мәселелерді шешу; өз праволарының шегінен асып кеткен адамдарға қарсы жазалау шарасын қолдану; жер суландыру ісін, әсіресе ыстық елдерде, бақылап отыру; ақырында, алғашқы-тағылық қалып сатысында — кейбір діни функциялар. Мұндай қызметтер барлық замандардағы алғашқы қауымдарда, — мәселен, ең ертедегі герман маркаларында және кәзіргі Индияда кездеседі. Әрине, бұларда белгілі дәрежеде толық билік болды және бұлар мемлекеттік өкіметтің бастамасы еді. Өндіргіш күштер бірте-бірте өсе берді; халықтың арта түскен тығыздығы жеке қауымдар арасында бірде мүдделер ортақтығын туғызған болса, екінші бір реттерде бұл мүдделерді соқтығыстырып отырды; қауымдардың неғұрлым ірі біртұтас тұлға болып топталуы тағы да жаңа еңбек бөлінісін туғызып, ортақ мүдделерді қорғайтын және қоғамға қарсы мүдделерді жаныштайтын жаңа органдардың орнауына себепкер болды. Тұтас топтың ортақ мүдделерін қорғайтын өкілдер ретінде әрбір жеке қауым жөнінде енді айрықша, белгілі жағдайларда тіпті антагонистік, қатынаста болып отырған бұл органдар, бір жағынан құбылыс біткеннің бәрі де стихиялы түрде болып жатқан дүниеде өзінен өзі дерлік белгіленетін қоғамдық қызметтердің мұралылығы арқасында, ал екінші жағынан, басқа топтармен екі арадағы жанжалдардың жиілене түсуі себепті осындай органдардың барған сайын көбірек қажет болуы арқасында, көп ұзамай бұрынғыдан да дербес бола бастайды. Бұл жерде бізге қоғам жөніндегі қоғамдық функциялардың өсе түскен осы дербестігі жүре-келе қоғамға жасалатын үстемдікке қалайша айналып кеткенін, қоғамның бастапқы қызметкері, қолайлы жағдайларда, сол қоғамның қожасына бірте-бірте қалай айналғанын, бұл қожа, жағдайға қарай, бірде шығыс деспоты немесе сатрап, бірде гректің рулық көсемі, бірде кельттердің клан басы, т. т. ретінде қалай көрініп отырғанын, осылай өзгерген кезінде оның зорлықты да қаншалық қолданғанын және, ақырында, жеке үстемші адамдардың үстем тап болып қалай топтасқанын анықтап жатудың қажеті жоқ. Біздің бұл жерде анықтайтынымыз тек мынау ғана: қай жерде болса да саяси үстемдіктің негізі әйтеуір бір қоғамдық қызмет функциясын атқару болды және бұл саяси үстемдік осы қоғамдық қызмет функциясын орындап отырған күнде ғана



ұзаққа созылып отырды. Персия мен Индияда біртіндеп гүлденген, онан соң құрып біткен деспотиялар қанша болғанымен, бұлардың әрқайсысы өзінің ең алдымен — өзен алқаптарын суландыратын жыйынтық кәсіпкер екенін өте жақсы білді, өйткені бұлай етпейінше онда егіншіліктің өзі де мүмкін емес-ті. Тек оқымысты ағылшындар ғана Индияда бұл жағдайды байқамай қалды; олар суландырғыш каналдар мен шлюздерді иесіз қалдырды, тек енді ғана, ұдайы қайталап отыратын аштықтың арқасында, олар өздерінің Индиядағы үстемдігін заңды ете алатын тым болмаса өздерінің алдында өткендердің үстемдігіндей дәрежеде заңды ете алатын, бірден-бір жұмысты елеусіз тастағанын, ақырында, аңғара бастап отыр.

Бірақ таптардың құрылуындағы осы процесспен қатар тағы бір процесс болып отырды. Екінші семьяның ішінде стихиялы түрде қалыптасқан еңбек бөлінісі әл-ауқат өсуінің белгілі сатысында семьяға сырттан бір немесе бірнеше жұмысшы күшін қосып алуға мүмкіндік берді. Бұл жағдай жерді бұрынғыша қауымдасып иеленушілік құрыған елдерде немесе, ең болмағанда, жерді бұрынғыша бірлесіп өндеудің орнына жер үлестерін жеке семьялар өңдейтін болған жерлерде өте-мөте көп кездесіп отырды. Өндірістің дамығаны соншалық, адамның жұмысшы күші өзін жәй асырауға керекті мөлшерден енді көбірек өндіре алатын болды; көптеген жұмысшы күштерін асырау үшін керекті қаражат та, бұл күштерді қолдану үшін керекті құрал-жабдық та қолда бар болып шықты; сөйтіп жұмысшы күшіне *құн* бітті. Бірақ қауымның өзінен және осы қауым кіретін одақтың ішінен қолы бос, басы артық жұмысшы күштері әлі шыға қойған жоқ-ты. Оның есесіне бұлар соғыстан әкелініп отырды, ал соғыс дегеніміз де, бірнеше қауымдық топтардың бір мезгілде қатар өмір сүруі сыяқты, көне нәрсе. Оған дейін жұрт соғыс тұтқындарымен не істерін білмейтін еді, сондықтан оларды текке қырып тастайтын, ал одан да бұрынырақ сойып жейтін. Бірақ «шаруашылық жағдайдың» кәзіргі қол жеткен сатысында соғыс тұтқындарына белгілі құн бітті; сондықтан оларды тірі қалдырып, еңбегін пайдалана бастады. Сонымен, зорлық шаруашылық жағдайға үстемдік етудің орнына, қайта соның өзіне қызмет істеуге мәжбүр болды. Сөйтіп *құлдық* ашылды. Құлдық көп ұзамай, өзінің дамуы жағынан ертедегі қауымнан ілгері жеткен халықтардың бәрінде өндірістің үстем формасына айналды, бірақ ақыр аяғында оларды құлдыратып жіберген басты себептердің бірі де осы құлдық болды. Тек құлдық дәуірі ғана егіншілік пен өнеркәсіп арасында еңбектің ірі көлемде бөлінуін мүмкін етті, сөйтіп осы арқылы ол ертедегі елдер мәдениетінің — грек мәдениетінің — гүлденуі үшін жағдай туғызды. Құлдық дәуірі болмаса грек мемлекеті де, грек искусствосы мен ғылымы да болмас еді; құлдық дәуірі болмаса Рим мемлекеті де

болмас еді. Ал Греция мен Рим салып берген фундамент болмаса кәзіргі заманғы Европа да болмас еді. Біздің бүкіл экономикалық, саяси және интеллекттік дамуымыздың алғышарты құлдық-ты жалпы жұрт қаншалық таныған болса, оны соншалық қажет еткен құрылыс болғанын ешқашан да ұмытуымызға болмас еді. Осы мағнада алғанда біз: антикалық құлдық болмаса, кәзіргі кездегі социализм де болмас еді деуге праволымыз.

Құлдық сыяқты масқара көріністерге асқан адамгершілікпен ашу-ызаңды ақтара отырып, құлдық және т.с. жөнінде жалпылама желсөзді үйіп төгуден оңай нәрсе жоқ. Амал не, бұл ашу әркімге белгілі жайды ғана, атап айтқанда — бұл антикалық мекемелердің біздің кәзіргі жағдайларымызға және осы жағдайларға байланысты сезімдерімізге енді сәйкес келмейтіндігін ғана көрсетеді. Бірақ мұнда біз бұл тәртіптердің қалай пайда болғаны, бұлардың неліктен өмір сүргені және тарихта қандай роль атқарғаны жайында мүлде ештеңе білмейтін боламыз. Ал біз бұл туралы әңгіме қозғағаннан кейін, — мұның өзі қаншама қайшылық және сандырақ болып көрінгенімен, — құлдықтың енгізілуі ол кездегі жағдайларда ілгері басқан үлкен адым болды деуге тиіспіз. Өйткені алғашында айуан болған адамның өз дамуында варварлық қалыптан сытылып шығу үшін варварлық, тіпті айуандық дерлік амалдарды керек еткендігін бекер деуге болмайды ғой. Ертедегі қауымдар өздері өмір сүріп отырған жерлерде мындаған жылдар бойы Индиядан Россияға дейін, нағыз дәрәкі мемлекеттік форманың, шығыс деспотизмнің негізі болып келді. Бұл қауымдар ыдырап кеткен жерлерде ғана халықтар өз күштеріне сүйеніп даму жолымен алға басты, ал бұлардың таяудағы экономикалық прогресі құлдың еңбегі арқылы өндірісті көбейтіп, онан әрі өркендетуде болды. Бір айқын нәрсе: адам еңбегінің өнімділігі әлі де сондай аз болып, қажетті тіршілік заттарынан мардымсыз ғана асатын өнім беріп тұрған кезде, өндіргіш күштердің өсуі, қарым-қатынастың ұлғаюы, мемлекет пен правоның дамуы, искусство мен ғылымның жасалуы осының бәрі қарапайым дене еңбегін істейтін бұқараның және жұмысты басқаратын, саудамен, мемлекеттік істермен, кейініректе ғылыммен, искусствомен айналысатын аздаған қадірлілердің арасындағы ірі еңбек бөлінісін негіз еткен үдемелі еңбек бөлінісінің арқасында ғана мүмкін еді. Осы еңбек бөлінісінің мүлде стихиялы түрде қалыптасқан, ең қарапайым формасы нақ құлдық болды. Ертедегі дүниенің, атап айтқанда гректер дүниесінің, тарихи алғышарттары тұсында таптық қарама-қарсылықтарға негізделген қоғамға көшу тек құлдық формасында ғана мүмкін еді. Мұның өзі тіпті құлдардың өздері үшін де прогресс болды: құлдар бұқарасын құрастыратын соғыс тұтқындары енді, ең болмағанда, тірі қалып

отырды, ал бұрын оларды өлтіріп тастайтын, одан да бұрынырақ тіпті сойып жейтін.

Реті келгенде айта кетейік, қанаушылар мен қаналушылар, үстем таптар мен езілген таптар арасында осы күнге дейін болып келген тарихи қарама-қарсылықтардың бәрі адам еңбегі өнімділігінің нақ сол біршама нашар дамуынан туған. Нағыз еңбекші халықтың өзінің қажетті еңбегімен болып кеткені соншалық, жалпы маңызы бар қоғамдық істер үшін — жұмысты, мемлекеттік істерді басқару үшін, заңдылықты іске асыру үшін, искусствомен, ғылыммен және т. т. айналысу үшін — оның уақыты қалмайды; — мұндай жағдайда нағыз еңбектен бос ерекше бір таптың болуы сөзсіз еді. Бұл тап қоғамдық істерді басқарды, бірақ реті келгенде өз басының пайдасы үшін еңбектің ауыртпалығын еңбекшілер бұқарасына үсті-үстіне жүктей беруден ешқашанда тартынған емес. Тек ірі өнеркәсіп тұсында қол жеткен дәрежеде өндіргіш күштер қаулап өскен күнде ғана еңбекті қоғамның түгел барлық мүшелерінің арасында бөлуге және осы арқылы әркімнің жұмыс уақытын қысқартуға, қысқартқанда барша жұрттың бүкіл қоғамға қатысы бар теориялық істерге де, практикалық істерге де қатысуына жеткілікті бос уақыты қалатындай етіп қысқартуға мүмкіндік туады. Демек, үстемдік етуші және қанаушы таптың қандайы болса да тек енді ғана керексіз болып отыр, ол ол ма: бұл тап қоғамдық дамуға тікелей кедергі болып отыр; тек енді ғана бұл тап, қарамағында қандай «тікелей зорлық» болса да, рақымсыз жойылатын болады.

Демек, гректер дүниесінің құлдыққа негізделгендігі жөнінде жиреніш білдірген Дюринг мырза гректерде бу машиналары мен электр телеграфының болмағандығын да оларға кіна етіп тағуға сондай праволы. Ол: біздегі кәзіргі жалдама құлдық бұрынғы құлдықтың біраз өзгеріп, жұмсартылған мұрасы ғана және өзінен өзі (яғни осы заманғы қоғамның экономикалық заңдары арқылы) түсіндірілуі мүмкін емес деп отырған болса, не мұның мәнісі құлдық сыяқты жалдама еңбек те, әрбір балаға мәлім, бағыныштылық пен таптық үстемдік формалары болып табылады деген сөз, — не бұл пікір дұрыс емес. Біз де нақ сондай праволылықпен: жалдама еңбекті адам етін жеушіліктің жұмсартылған формасы ретінде ғана түсіндіруге болады, өйткені мұның өзі, кәзіргі кезде анықталып отырғанындай, қай жерде болса да жеңілген жауларды пайдаланудың алғашқы әдісі болды дей алар едік қой.

Бұдан тарихта зорлықтың экономикалық даму жөнінде қандай роль атқаратындығы айқын көрінеді. Біріншіден, қандай саяси өкімет болса да бастапқы кезде әйтеуір бір экономикалық, қоғамдық функцияға негізделеді де, қоғамның мүшелері алғашқы қауымдардың ыдырауы салдарынан жеке меншікті өндірушілерге айналған сайын, демек, олардың және ортақ, қоғамдық

функцияларды атқарушылардың арасындағы қырғый-қабақтық бұрынғыдан бетер күшейген сайын өсе түседі. Екіншіден, саяси өкімет қоғам жөнінде дербес күш болып, оның қызметшісінен қожасына айналғаннан кейін, ол екі түрлі бағытта әрекет ете алады. Не ол заңды экономикалық даму рухы мен бағытында әрекет істейді. Онда өкімет пен осы дамудың арасында ешқандай жанжал тумайды, сөйтіп экономикалық даму шапшаңдайды. Не болмаса саяси өкімет бұл дамуға қарсы әрекет істейді, онда, аздаған ерекшеліктерді былай қойғанда, саяси өкімет, әдетте, экономикалық дамудың қысымымен сөзсіз құлайды. Аздаған ерекшеліктер деп жаугершілік кезінде болатын бірен-саран жағдайларды айтып отырмыз, мұндай реттерде мәдениеті кемдеу жаулаушылар белгілібір елдің халқын қырып немесе қуып жіберіп, оның өндіргіш күштерін жойды немесе бұл өндіргіш күштерді пайдалана білмей, бұлардың құрып кетуіне жол берді. Мәселен, христиандар маврлық Испанияда маврлардың егіншілігі мен бау-бақша шаруашылығының мықтап өркендеуіне себепкер болған суландыру құрылыстарының көпшілігін осылайша құртып жіберген-ді. Мәдениеті кемдеу халық жеңіп шыққан сайын, өзінен өзі түсінікті, экономикалық дамудың желісі бұзылып, қыруар өндіргіш күштер жойылып кетеді. Бірақ жаулап алушылық ұзаққа созылған кезде мәдениеті кемдеу жаулаушы аса көп ретте жауланып алынған елдің жоғары «шаруашылық жағдайына», оның жаулап алғаннан кейінгі түріне бейімделуге мәжбүр болады; жаулап алушы жеңілген халықтың ішіне сіңіп кетіп, көбінесе оның тілін де үйреніп алады. Ал егер әйтеуір бір елдің ішкі мемлекеттік өкіметі, — жаулап алушылықты былай қойғанда, — саяси өкімет атаулының бәрінде дерлік дамудың белгілібір сатысында осы күнге дейін болып келе жатқаны сияқты, елдің экономикалық дамуымен антагонистік қатынаста болған болса, — ондай елде күрес әрдайым саяси өкіметтің құлатылуымен аяқталып отырды. Экономикалық даму мейрімсіздікпен, ешбір бұлтарыссыз өзіне жол салып отырды; бұл жөнінде ең соңғы, өте-өте айқын мысалды жоғарыда атап өткенбіз: ол ұлы француз революциясы. Егер әйтеуір бір елдің «шаруашылық жағдайы», сонымен бірге экономикалық құрылысы да, Дюринг мырзаның іліміне сәйкес, тек қана саяси зорлыққа байланысты болған болса, онда Фридрих-Вильгельм IV-нің 1848 жылдан кейін, өзінің «қаһарман әскерінің» болуына қарамастан, ортағасырлық цехтық құрылысты және басқа романтикалық өнерлерді өз еліндегі темір жол ісіне, бу машиналарына және нақ сол уақытта дамай бастаған ірі өнеркәсіпке иеліктен таңа алмағандығын түсіну мүмкін емес; немесе бұдан анағұрлым асып түсетін зорлықты амалдар қолданушы орыс патшасының өз борышын төлей алмай жүргені былай тұрсын, тіпті өз «зорлығын» Батыс Еуропаның «шаруашылық жағдайынан» үз-

діксіз заемдар алмайынша ұстап тұра алмайтын себебі не екенін де түсіну мүмкін емес.

Дюринг мырза үшін зорлық — абсолюттік қырсық сыяқты бірдеме. Зорлықтың бірінші әрекеті, оның ойынша, күнаға батқандық болды. Оның барлық доктринасы — тура осы уақытқа дейінгі бүкіл тарихты осы зорлық әрекеті ең бастапқы күнамен былғады, бұл албасты құралы — зорлық барлық табиғат заңдары мен әлеуметтік заңдарды масқара бұрмалады деп сарыуайымға салынушылық. Зорлықтың тарихта мүлдем басқа рольді де — революциялық рольді де атқаратындығы туралы, зорлық, Маркстің сөзімен айтқанда, ескі қоғам атаулының қандай болса да жаңа қоғамға жүкті болған кезде, зорлық ескі қоғамды босандырушы болатындығы туралы, зорлық қоғамдық қозғалыс өзіне жол салатын, қатып-сенген, заманы өткен формаларды бұзатын құрал болып табылатындығы туралы Дюринг мырза бір ауыз сөз айтпайды. Қанаушы шаруашылық тәртібін құлату үшін, амал жоқ, зорлық керек болуы мүмкін-ау деп күрсініп, ыңқылдап ол әрең шамалайды, — амал жоқ, өйткені қандай да болса зорлық, көресіз бе, оны қолданғандарды аздырады екен. Бұл сөздер жеңімпаз революцияның қайсысы болса да жоғары моральдік және рухани өрлеу туғызатындығына қарамастан айтылып отыр! Бұл сөздер Германияда, халыққа еріксіз таңылуы мүмкін зорлықты соқтығыстың ең болмағанда бір артықшылығы — отыз жылдық соғыстың қорлығынан ұлттың санасына ұялаған малайлық рухты жоқ қыларлық артықшылығы бола алатын жерде айтылып отыр. Осындай көмескі, болжыр, дәрменсіз поптық ой-пікірді тарихта бұрын-соңды болып көрмеген ең революцияшыл партияға таңуға батылы қалай барды екен?

## V

### ҚҰН ТЕОРИЯСЫ

Біздің ғасырдың бас кезінде отыз реттен астам қайта-қайта басылған бір кітаптың Лейпцигте жарыққа шыққанынан бері жүз жылдай уақыт өтті; қала мен деревняда өкімет адамдары, әралуан уағызшылар мен филантроптар таратқан бұл кітап барлық жерде де оқу кітабы ретінде халық мектептеріне ұсынылды. Бұл кітап Роховтың «Балалар досы» дейтін кітабы. Бұл кітаптың мақсаты — шаруалар мен қолөнершілердің жас ұрпақтарына олардың өмірлік борышы, қоғамдық және мемлекеттік бастықтар жөніндегі міндеттері жайында өсиет айту, сонымен бірге оларға өзінің бұл дүниедегі жазмышына — қара нан мен картопқа, барщинаға, төмен жалақыға, атаның дүресіне және басқа сондай жақсылықтарға ізгілікпен разы бол деген пікірді

ұғындыру еді, және осының бәрі сол кезде өріс алған ағартушылық арқылы істелді. Осы мақсатпен қала мен деревняның жастарына мынадай түсінік берілді: табиғаттың істеген даналығы сондай, адамды өзіне керекті тіршілік пен рақат заттарын еңбекпен табатын етті, демек, әрбір шаруа мен қолөнерші өзінің жейтін тамағын ашы еңбекпен татымды етуге тағдырдың мүмкіндік бергені үшін өздерін сондай бақытты санауға тиіс, — ал асқазаны бұзылып, тамағы сіңбей немесе іші тоқталып ылғый азап шегетін жалмауыз бай ең таңдаулы тағамдардың өзін жеркенип әрең жұтады ғой. Қарт Рохов өз заманындағы саксон шаруаларының балалары үшін жеткілікті деп санаған жалпы қағыйдаларды Дюринг мырза өз «Курсының» 14-ші және келесі беттерінде бізге ең жаңа саяси экономиядағы «мүлде келелі» нәрсе ретінде ұсынып отыр.

«Адамның кәдімгі керектерінде өзіне тән табиғи заңды жүйе болады, сондықтан бұл керектердің өсуіне белгілі шек қойылған; бұларды тек азғындық қана уақытша бұза алады, онда да жеркениш, өмірге тоюшылық, болжырлық, әлеуметтік мүгедектік және, ақырында, құтқарғыш өлім пайда болғанша ғана уақытша бұза алады... Ілгеріде елеулі мақсат көздемейтін, кілең рақатқа толы ойыншық-өмір ұзамай тоқмейілділікке, немесе, дәл сол сыяқты, сезімталдық атаулыдан айырылуға әкеліп соғады. Шын еңбек, белгілібір формада, әрбір дені сау жанның әлеуметтік-табиғи заңы болып табылады... Егер инстинктер мен керектердің қарама-қарсы жағы болмаса, онда олар, өмірдің тарихта өрлей түсетін дамуын айтпағанның өзінде, тіпті таза сәбилік тіршілікті де әрең-әрең қамтамасыз еткен болар еді. Егерде адамның керектерін толық қанағаттандырудың ешқандай қиындығы болмаса, онда олар тез арада-ақ таусылар еді де, өзінің артында бұл керектер тағы да қайтадан пайда болғанша созыла беретін ауыр аралық кезендер түрінде мағнасыз тіршілікті қалдырар еді... Сонымен, инстинктер мен құштарлықты қанағаттандыру белгілібір шаруашылық бөгетті жоюға байланысты, ал мұның өзі барлық жағынан табиғаттың сыртқы құрылысы мен адамның ішкі қасиеттерінің игілікті негізгі заңы болып табылады», т. т., т. т. Бұдан оқушының көретіні — қадірлі Роховтың ең жексұрын пасықтықтары Дюринг мырзаның кітабында өзінің жүз жылдық мерекесін тойлап отыр және оның үстіне бірден-бір нағыз сыншылдық және ғылыми «социалитарлық системаның» «терең негізгі қағыйдасы» ретінде ұсынылып отыр.

Осылайша фундамент салғаннан кейін, Дюринг мырза енді құрылысты онан әрі жүргізе алады. Математикалық методты қолдана отырып, ол бізге ең алдымен, Эвклид қарттың үлгісі бойынша, бірқатар дефинициялар береді. Мұның өте қолайлы болатын себебі, ол әуел бастан-ақ өзінің дефиницияларын осылардың көмегімен дәлелденуге тиісті қағыйдалардың біразы осы

дефиницияларда бұрыннан болатындай етіп құра алады. Мысалы біз ең алдымен мынаны білеміз: бұрынғы саяси экономияның жетекші ұғымы байлық деп аталады екен, ал байлық дегеніміз, бүкіл дүниежүзілік тарихта осы күнге дейін іс жүзінде түсініліп келген күйінде және оның үстемдігі дамып отырған формада, «адамдар мен заттарға жасалатын экономикалық өктемдік» екен. Мұның өзі екі жағынан бірдей дұрыс емес. Біріншіден, ертедегі рулық және селолық қауымдардың байлығы өсте адамдарға жасалған үстемдік болған жоқ. Екіншіден, тіпті таптық қарама-қарсылықтар арқылы қозғалатын қоғамдарда да байлық дегеніміз, оның ішіне адамдарға жасалатын үстемдік кіретіндіктен, көбінесе және тіпті түгелінен дерлік заттарға жасалатын үстемдік *себепті* және соның *арқасында* ғана адамдарға жасалатын үстемдік болып табылады. Құлдарды аулау және құлдарды қанау оқшау кәсіпке айналған өте ерте заманнан бастап-ақ құл еңбегін қанаушылар тек заттарды, сатып алу бағасын, құлдарды асырайтын қаражат пен еңбек құралдарын билеуі арқасында ғана құлдарды сатып алуға, яғни адамдарға үстемдік етуге тиіс болды. Бүкіл ортағасырлықтың өнбойында ірі жер иелігі оброк төлеуші және баршиналық шаруаларды феодалдық дворяндардың өз қарамағына алуына мүмкіндік туғызған алғышарт болды. Ал біздің заманымызда байлық адамдарға тек қана өз қарамағындағы заттар арқылы үстемдік ететінін тіпті алты жасар бала да түсінеді.

Онда, айтыңызшы, өзінің байлық жөніндегі жалған дефинициясын қыйыстыру Дюринг мырзаға не үшін қажет болды, осы күнге дейін барлық таптық қоғамдарда болып келген нақты байланысты бұзу оған не үшін қажет болды? Байлықты экономикалық саладан моральдық салаға көшіріп әкелу үшін қажет болды. Заттарға жасалатын үстемдік — әбден жақсы іс, бірақ адамдарға жасалатын үстемдік — жәдігөйдің жалғаны, ал Дюринг мырзаның өзі өзіне адамдарға жасалатын үстемдіктің себебін заттарға жасалатын үстемдіктен деп түсіндіруге тыйым салғандықтан, ол тағы да батыл айла жасап, адамдарға жасалатын үстемдіктің себебін өзінің үйреншікті зорлығы арқылы жәйше түсіндіре алады. Адамдарға жасалатын үстемдік ретіндегі байлық дегеніміз «тонаушылық» екен, олай болса, біз: «меншік дегеніміз ұрлық» деген әлдеқашан ескіріп қалған прудондық нақылдың ең нашар нұсқасына қайта айналып келеміз.

Осы арқылы біз байлықты аман-есен негізгі екі тұрғыға — өндіріс пен бөлістің тұрғысына әкеліп тіредік: заттарға жасалатын үстемдік ретіндегі байлық, өндірістік байлық, — жақсы жағы; адамдарға жасалатын үстемдік ретіндегі байлық, осы күнге дейін болып отырған үлеспелі байлық, — жаман жағы, құрысын ол! Кәзіргі кездегі қатынастарға қолданып айтқанда мұның мәнісі: капиталистік өндіріс әдісі әбден жақсы, сондықтан бұ-

дан былай да өмір сүруіне болады, ал капиталистік бөліс әдісі түкке тұрмайды, сондықтан жойылуға тиіс деген сөз. Өндіріс пен бөлістің арасындағы байланысты да аңдамастан саяси экономия туралы жазғанында міне осындай мағнасыздыққа келуге болады.

Байлық дефинициясынан соң құн дефинициясы келеді. Онда былай делінген: «құн дегеніміз шаруашылық заттары мен жұмыстарының шаруашылық айналымында алатын маңызы». Бұл маңыз «бағаға немесе эквиваленттің басқа бір атына, мәселен, жалақыға» сәйкес келеді. Басқаша айтқанда: құн дегеніміз баға. Немесе, Дюринг мырзаға әділетсіздік істемей, оның анықтамасының сорақылығын, мүмкіндігінше, оның өз сөздерімен көрсетсек: құн дегеніміз — бағалар. Өйткені 19-бетте ол: «құн және оны ақшамен көрсететін бағалар» дейді, олай болса, Дюринг мырзаның өзі-ақ бәзбаяғы бір құнның тіпті түрліше бағасы болады, демек, нақ сондай түрліше құны болады деп отыр ғой. Егер Гегель алдақашан қайтыс болмаған болса, ол асылып өлген болар еді. Құнның қанша бағасы болса, оның қаншалық түрлі-түрлі құны болады дегенді өзінің бүкіл теологикасымен қоса Гегель де ойлап таба алмас еді. Саяси экономияның жаңа, неғұрлым терең дәлелдемесін: баға мен құнның айырмасы — бірі ақша түрінде көрінеді, ал екіншісі ақша түрінде көрінбейді, бұдан басқа айырмасы белгісіз деп мәлімдеуден бастау үшін, тағы да Дюринг мырзадай өзіне өзің кәміл сенуің керек.

Бірақ біз мұнда құнның не екенін әлі де білмей отырмыз, ал оның немен анықталатындығын бұдан да аз білеміз. Сондықтан Дюринг мырзаның неғұрлым толық түсіндіріп беруіне тура келеді. «Салыстыру мен бағалаудың негізгі заңы, — құн және оны ақшамен көрсететін бағалар негізделетін заң, — өзінің мүлде жалпы түрінде, ең алдымен, бір ғана өндіріс саласында болады, ал құн деген ұғымға тек екінші элемент енгізетін бөлістің бұған келер-кетері жоқ. Табиғи жағдайлар айырмашылығы заттар жасауға бағытталған талаптарға қарсы қоятын аздық-көпті бөгеттер бар, осылардың арқасында бұл айырмашылық шаруашылық күшті аз немесе көп жұмсауға мәжбүр етеді, — бұл бөгеттер сонымен қатар... құнның аз немесе көп мөлшерін де белгілейді», ал құнның өзі «табиғат пен жағдайлардың өндіріске жасаған бөгеттеріне» сәйкес белгіленеді... «Оларға (яғни заттарға) жұмсалған өз күшіміздің мөлшері — құн атаулыны және оның белгілібір шамасын анықтайтын тікелей шешуші себеп осындай».

Мұның бәрінің әйтеуір бір мағнасы болса, ол мынау: белгілі бір еңбек өнімінің құны оны жасап шығаруға қажетті жұмыс уақытымен белгіленеді, ал мұны біз Дюринг мырзасыз да көптен білетінбіз. Фактыны жәйша мәлімдеудің орнына ол мұны бізге оракулдың әдетінше қалай да шатастырып көрсетеді. Бі-



реудің белгілібір затқа жұмсайтын күшінің мөлшері (егер осындай көпірмелі сөзге жол беретін болсақ) құнның және құн шамасының тікелей шешуші себебі болып табылады деудің өзі тіпті дұрыс емес. Біріншіден, күштің қандай затқа жұмсалатындығы, ал, екіншіден, оның қалай жұмсалатындығы маңызсыз нәрсе емес. Егер біреу басқалар үшін ешқандай тұтыну құны жоқ зат жасайтын болса, онда оның бар күші бір атом да құн жасамайды; ал егерде ол машинамен жасағанда жыйырма есе арзанға түсетін затты қол еңбегімен жасаймын деп тыраштанып болса, онда оның жұмсаған күшінің жыйырмадан он тоғыз қүн атаулыны да, оның ешқандай айрықша шамасын да жасай алмайды.

Онан соң, тиімді нәрсе жасайтын өнімді еңбекті кілең тиімсіз нәрсеге — қарсылықты жоюға айналдыру дегеніңіз істің жайын толық бұрмалау деген сөз. Егер істің жайы осындай болса, онда көйлек алу үшін біздің былай етуімізге: ең алдымен мақта тұқымының оны егіп, өсіруге жасайтын қарсылығын, онан соң піскен мақтаның жыйнап, қаптап жөнелтуге жасайтын қарсылығын, мұнан соң оның жайып, түтіп, иіруге жасайтын қарсылығын, онан әрі жіптің тоқу процесіне жасайтын қарсылығын, матаның ағартып, тігуге жасайтын қарсылығын, ақырында, дайын көйлектің киюге жасайтын қарсылығын жоюымызға тура келер еді.

Барлық осы балалық бәлдір-батпақтар мен бұрмалаушылықтар не үшін керек? Бұлар «қарсылық» арқылы «өндірістік құннан», осы нағыз, бірақ кәзірге дейін идеалдық болып келген құннан, зорлықтың күшімен өні айналдырылған, тарихта осы күнге дейін емін-еркін үстем болып келген «үлеспелі құнға» келіп жету үшін керек. «Табиғат жасайтын қарсылықтан басқа... тағы бір, таза әлеуметтік кедергі бар... Адам мен табиғаттың арасында бөгеуші күш пайда болады, бұл күш — тағы да сол адам. Жалғыз және оқшау деп есептелетін адам табиғат жөнінде еркін... Бірақ қолына шпага алып, табиғат пен оның ресурстарына барар жолды бөгейтін және белгілібір формада кірер ақы талап ететін екінші адам пайда болды дегенше-ақ жағдай өзгереді. Бұл екінші адам... алғашқы адамға былайша айтқанда салық салады, сөйтіп, қалаулы заттың құны оны табуға немесе өндіруге жасалатын саяси немесе қоғамдық бөгет жоқ кездегіден артып кетуіне себеп болады... Заттың маңызын осылайша қолдан арттырудың ерекше формалары сан алуан, ал оның әсері еңбектің маңызын тиісінше кемітуден көрінеді... Сондықтан құнды күнiлгерi сөздің шын мағнасында эквивалент деп қарау, яғни белгілібір жұмыс және оның орнына жасалатын басқа жұмыс өзара тең болуға тиіс дейтін принцип бойынша жүзеге асырылған теңе-тең немесе айырбастық қатынасы бар нәрсе деп қарау жалған үміт болар еді... Қайта, құн теориясы-

ның дұрыстығын көрсететін белгі мынау болмақ: мұнда айтылатын бағалаудың ең жалпы себебі зорлықты бөліске негізделетін ерекше бағалау формасына сәйкес келмейді. Бұл форма әлеуметтік құрылыспен бірге өзгеріп отырады, ал енді нағыз экономикалық құн тек өндірістік құн ғана бола алады, ол табиғатқа қарай өлшенеді, сондықтан да табиғи және техникалық сыйпаттағы таза өндірістік бөгеттермен бірге өзгеріп отыруға тиіс».

Сонымен, белгілібір заттың практикада болатын құны, Дюринг мырзаның пікірінше, екі бөлімнен құралады: біріншіден, затқа сіңген еңбектен, ал екіншіден, «қолға шпага алып» күштеп қосатын салық формасындағы үстемеден құралады. Басқаша айтқанда, кәзіргі кездегі құн монополиялық баға болып табылады. Ал егер, осы құн теориясы бойынша, товардың бәрінде де осындай монополиялық баға болатын болса, онда тек екі жағдай ғана болуы мүмкін. Не әрбір адам сатушы ретінде ұтқанын сатып алушы ретінде жоғалтады; баға тек номиналды түрде өзгереді, ал шындығына желгенде — өзінің арақатынасында — өзгеріссіз қалады: бәрі бұрынғыша қалады да, атышулы үлеспелі құн жәй елес болып шығады. — Не болмаса салықтың жалған үстемелері құнның нағыз сомасы болып табылады, атап айтқанда жұмыс істеуші, құн жасаушы тап өндіретін, бірақ монополистер табы иемденіп кететін құн сомасы болып табылады, онда құнның бұл сомасы тек ақы төленбеген еңбектен құралады; бұлай болған күнде, қолына шпага алған адамға қарамастан, салықтың жалған үстемелеріне және жорамал үлеспелі құнға қарамастан, біз тағы да — *қосымша құн* жайындағы Маркс теориясына келеміз.

Алайда, атышулы «үлеспелі құнның» кейбір мысалдарына көз салайық. 125 және келесі беттерде былай делінген: «бағаның жеке конкуренция арқылы құрылуын да экономикалық бөліс пен өзара салық салудың формасы деп қарау керек... Егер белгілібір қажетті товардың запасы кенет едәуір кемитін болса, онда сатушылар жағында қанау үшін шектен тыс үлкен мүмкіндік туады... Бұл ретте құнды орасан мөлшерде арттыруға болатындығы әсіресе қажетті заттар әжелу ісі ұзақ уақыт бөгіліп қалатын реттерде кездесетін ерекше жағдайлардан да көрінеді», т. т. Мұның үстіне, деп сөз қосады Дюринг мырза, істің қалыптаты бет алысы кезінде де бағаны беталды арттыруды мүмкін ететін нақтылы монополиялар бар, мәселен, темір жолдар, қаланы сумен және жарық беруші газбен жабдықтайтын қоғамдар және т. т. — Монополиялық қанаудың мұндай реттері болатындығы көптен мәлім. Ал осылар жасайтын монополиялық бағалар ерекше немесе бірен-саран жағдайлар деп саналмай, нақ кәзіргі уақытта үстем болып отырған құн белгілеу әдісінің үздік үлгілері деп саналуға тиіс деу — міне бұл жаңалық. Тіршілік

заттарының бағасы қалай белгіленеді? Зат әкелу ісі бөгеліп қалған қамаудағы қалаға барыңыз да, үйреніңіз! — деп жауап береді Дюринг мырза. Рынок бағасын белгілеуге конкуренцияның тиізетін әсері қандай? Монополиядан сұраңыз, ол сізге айтып береді!

Тегінде тіпті мұндай монополиялар болатын реттерде де бейне осылардың сыртында қолына шпага алып тұрған адамды табу мүмкін емес. Мұның керісінше: қамаудағы қалаларда шпагалы адам, яғни комендант, тек ол өзінің борышын орындайтын болса, әдетте өте тез арада-ақ монополияны құртып, өнімді бір-келкі бөлу үшін, монополистердің запастарын конфискациялап ала біледі. Ал онан соң, жалпы алғанда, шпагалы адамдар «үлеспелі құнды» жасамақшы болып әрекеттенген жездерде, әрдайым істері насырға шауып, залалға ұшырап отырды. Голландтар өздерінің ост-индиялық саудасын монополиялау арқылы өздерінің монополиясын да, саудасын да құртып тынды. Бұрын-соңды болып көрмеген аса күшті екі үкімет, атап айтқанда Солтүстік Американың революцияшыл үкіметі мен француздың ұлттық конвенті, ең жоғары баға белгілеп көріп еді, толық күйреуге ұшырады. Орыс үкіметі майдаланбайтын банкноттарды үздіксіз шығару арқылы Россияда өзі төмендетіп отырған қағаз ақшасының курсы көтеруге бірнеше жылдан бері-ақ тырысып келеді; осы мақсатпен ол Россияға деген вексельдерді Лондоннан дәл сондай үздіксіз сатып алуда. Соның салдарынан аздаған жылдың ішінде бұл әрекет оған 60 миллион сомға түсті, ал сомның курсы бұрынғы үш марктен астам курсының орнына кәзір екі марктен де төмендеп кетіп отыр. Егер шпагада, Дюринг мырзаның оған танып отырғанындай, сыйқырлы экономикалық күш болатын болса, онда зорлық шаралары арқылы нащар ақшаға жақсы ақшаның «үлеспелі құнын» ұзақ уақытқа теліп қоя немесе ассигнацияларға алтынның құнын бітіру жағын бірде-бір үкіметтің қамтамасыз ете алмай отырғаны қалай? және де дүниежүзілік рынокті билеп-төстейтін шпага қайда?

Онан соң, үлеспелі құн бөтеннің еңбегін эквивалентсіз иемдену үшін қызмет ететін тағы бір форма бар, ол: иелік рента, яғни жер рентасы және капитал пайдасы. Біз әзірше бұл жағдайды атағанда атышулы «үлеспелі құн» жөнінде білетіндеріміздің бәрі осы айтылғандармен бітеді деп көрсету үшін ғана атап отырмыз. — Алайда, бәрі осы ма? Әсте бәрі емес. Онан әрі тындап көрейік:

«Өндірістік құн мен үлеспелі құнды мойындауда көрінетін екі түрлі пікірге қарамастан, сонымен қатар *барлық құндарды құрастыратын*, сондықтан да оларға әрі өлшеуіш болатын *бір зат түріндегі ортақ нәрсе* әрқашанда негіз болып қалады. Тікелей, табиғи өлшеуіш болатын нәрсе — жұмсалған күш, ал ең

қарапайым единица — сөздің ең тұрпайы мағнасындағы адам күші. Адам күші өмір сүру уақытына келіп тіреледі, ал оның *өзін өзі* сақтауы да тамақ асырау мен тіршілік етуде кездесетін бірқатар қыйыншылықтарды жою болып табылады. Үлеспелі құн, яки иемдену құны, өндірілмеген заттарды басқару правосы немесе, неғұрлым үйреншікті тілмен айтқанда, осы заттардың өздері шын мәнісінде өндірістік құны бар қызметке немесе затқа айырбасталатын жерде ғана таза және ерекше түрінде болады. Құнның әрбір көрінісінен білінетін және осының өзінде, демек, құнның бөліс жолымен эквивалентсіз иемделетін негізгі бөлімдерінде де, болатын біркелкілік — міне осы біркелкілік әрбір товарға... сіңген... адам күшінің жұмсалыуында».

Бұл жөнінде не айтуымызға болады? Егер барлық товарлық құндар товарға жұмсалған адам күшімен өлшенетін болса, онда мұндағы үлеспелі құн қайсы, бағаға қосылған үстеме қайсы, салынған алым-салық қайсы? Рас, Дюринг мырза бізге: еңбекпен өндірілмеген, демек, нағыз құны бола алмайтын заттар да үлеспелі құнға ие болып, еңбекпен өндірілген құны бар заттарға айырбасталуы мүмкін дейді. Бірақ сонымен қатар ол *барлық құндар*, демек, оның ішінде тек қана үлеспелі сыйпаттағы құндар да, сол құндарға жұмсалған күштен құралады дейді. Мұнда біз, амал не, еңбекпен өндірілмеген затқа адам күшінің қалайша сіңетіндігін біле алмаймыз. Қалай болған күнде де, бүкіл осы құндар қоспасынан ақыр-аяғында, сірә, мына бір жай белгілі болса керек: үлеспелі құннан, әлеуметтік жағдай арқасында товар бағасына еріксіз қосылып отырған осы үстемеден, шпаганың күшімен салынып отырған осы салықтан тағы да ештеңе шықпай отыр; демек, товарлардың құндары тек қана адам күшінің жұмсалыуымен, *vulgo*<sup>1</sup> — оларға сіңген еңбекпен белгіленеді емес пе? Демек, егер жер рентасы мен аздаған монополиялық бағаларды былай қоятын болсақ, онда Дюринг мырзаның ұқыпсыз, шатып айтып отырғаны Рикардоның — Маркстің сондай қатты жамандалған құн теориясында әлдеқашан анағұрлым анық және түсінікті айтылған нәрсе болып шығады ғой?

Я, оның айтып отырғаны осы, бірақ ол осының ізінше бұған қарама-қарсы пікір айтады. Рикардоның зерттеулерін негізге ала отырып, Маркс былай дейді: товардың құны соған сіңген қоғамдық қажетті жалпы адамзат еңбегімен белгіленеді, ал еңбекті алатын болсақ, ол өзінің ұзақтығымен өлшенеді. Еңбек дегеніміз барлық құндардың өлшеуіші, бірақ оның өзінде ешқандай құн жоқ. Өзінің ұқыпсыздық дағдысына сай болғанымен, Дюринг мырза да еңбекті құнның өлшеуіші ретінде көрсете отырып, тағы да былай дейді: еңбек «өмір сүру уақытына келіп тіреледі, ал оның өзін өзі сақтауы да тамақ асырау мен тіршілік

<sup>1</sup> — жәйша айтқанда. *Ред.*

етуде кездесетін бірқатар қыйыншылықтарды жою болып табылады». Қалай да тың пікір айтуға жәй құмарлықтың ғана желігімен, бірден-бір әңгіме етуге болатын жұмыс уақытын осы күнге дейін ешқашан да құндарды жасап та, өлшеп те көрмеген өмір сүру уақытымен шатастырушылықты ескерусіз қалдырайық. Осы өмір сүру уақытының «өзін өзі сақтауы» арқылы енгізілуге тиісті жалған «социалитарлық» көріністі де ескерусіз қалдырайық; дүние дүние болғаннан бері, ол дүние өмір сүріп тұрғанға дейін, әркім өз өмірін сақтау үшін қажетті заттарды өзі тұтынады, осы мағнада алғанда ол өзін өзі сақтауға тиіс. Айталық, Дюринг мырза өз пікірін дәл экономикалық тілмен білдірген екен дейік; онда жоғарыда келтірілген қағыйданың не ешбір мәні жоқ, не оның мәнісі мынау болмақ: товардың құны товарға сіңген жұмыс уақытымен белгіленеді, ал осы жұмыс уақытының құны осы уақыттың ішінде жұмысшыны асырау үшін керек болатын тіршілік заттарының құнымен белгіленеді. Кәзіргі қоғамға қолданып айтқанда мұның мәнісі: товардың құны сол құнда болатын *жалақымен* белгіленеді деген сөз.

Біз енді, ақырында, Дюринг мырзаның, анығында, не айтайын дегеніне келіп жеттік. Товардың құны, тұрпайы экономияның айтуынша өндіріс шығындарымен белгіленеді. Ал Кәри, мұның керісінше, «құнды өндіріс шығындары емес, ұдайы өндіріс шығындары белгілейді деген ақыйқатты баса көрсетті» («Kritische Geschichte», S. 401<sup>1</sup>). Осы өндіріс немесе ұдайы өндіріс шығындарының мағнасы қандай екенін төменде айтамыз; ал бұл жерде тек бір ескерте кететініміз, бұл шығындар, жұртқа мәлім, жалақы мен капитал пайдасынан құралады. Жалақыдан товарға сіңген «жұмсалған күш», өндірістік құн көрінеді. Пайдадан баж немесе құнға қосылған үстеме, капиталист өзінің монополиясы арқылы, қолындағы шпагасы арқылы еріксіз таңатын үлесіне құн көрінеді. Сөйтіп, Дюрингтің құн теориясының бүкіл шытырман шатағы, ақырында, тамаша үйлесімді айқындықпен шешіледі.

Товардың құнын жалақымен белгілеушілік Адам Смитте құнды жұмыс уақытымен белгілеумен қатар әлі де жиі кездесетін болса, мұның өзі Рикардоның заманынан бастап ғылыми саяси экономиядан қуылған, ал біздің заманымызда бұл тек тұрпайы экономиядан ғана әлі де көрініп отырады. Нақ кәзіргі кездегі капиталистік қоғамдық құрылыстың сикофанттары құнды жалақы белгілейді деп уағыздауда, сонымен қатар капиталистің пайдасын жалақының жоғарғы түрі, капиталистің ұқыпшылдығы үшін (өз капиталын ысрап етпегені үшін) төленетін ақы, тәуекел іс үшін берілетін сыйлық, кәсіпорнын басқару ақысы, т. т. деп көрсетуде. Дюринг мырзаның олардан бір ғана айыр-

<sup>1</sup> «Сын тарихы», 401-бет. Ред.

масы, ол пайданы тонаушылықтың нәтижесі деп түсіндіреді. Басқаша айтқанда, Дюринг мырза өзінің социализмін тікелей ең нашар тұрпайы экономияның теорияларына негіздейді. Осы тұрпайы экономияның ғылыми бағалылығы қандай болса, оның социализмінің ғылыми бағалылығы да дәл сондай: бұлар өзара тығыз байланысты.

Әйтеуір мына жағдай айқын ғой: жұмысшының өндіретіні және оның жұмысшы күшінің қаншаға түсетіндігі,— машинаның өндіретіні мен оның қаншаға түсетіндігі сыяқты, түрлі-түрлі нәрселер. 12 сағаттық жұмыс күнінің ішінде жұмысшы жасайтын құн осы жұмыс уақыты мен осыған жататын демалыс кездерінде сол жұмысшы тұтынатын тіршілік заттарының құнына ешбір жуыспайды. Осы тіршілік заттарында, еңбек өнімділігінің даму дәрежесіне қарай, 3, 4 немесе 7 сағаттық жұмыс уақыты сінген болуы мүмкін. Айталық, бұларды өндіру үшін 7 сағаттық еңбек керек болды дейік. Сонда, Дюринг мырза қабылдап отырған тұрпайы экономикалық құн теориясының мағнасы бойынша, 12 сағаттық еңбек өнімінде 7 сағаттық еңбек өнімінің құны болады, мұнда 12 сағаттық еңбек 7 сағаттық еңбекке тең, яки  $12=7$ . Бұдан да гәрі айқын болуы үшін мынадай мысал алайық: селолық жұмысшы, қандай қоғамдық қатынастар тұсында болса да бәрі-бір, жылына белгілі мөлшерде астық өндіреді, айталық, 20 гектолитр бидай өндіреді дейік. Оның өзі осы уақыттың ішінде 15 гектолитр бидайға тең құн сомасын тұтынады. Бұлай болған күнде осы 20 гектолитр бидайдың құны 15 гектолитр бидайдың құнымен бірдей болады. Ал бұл бәз-баяғы бір рынокте, басқа барабар жағдайларда осындай болмақ; басқаша айтқанда, 20-15-ке тең. Экономикалық ғылым деп отырғаны міне осы!

Адамзат қоғамының бүкіл дамуы жануарлық тағылық сатысынан кейін семьяның еңбегі сол семьяны асырауға қажетті мөлшерден көбірек өнім жасайтын болған күннен, еңбектің бір бөлегін енді жалғыз тіршілік заттарын өндіруге ғана емес, сонымен бірге өндіріс құрал-жабдықтарын өндіруге де жұмсау мүмкін болған күннен басталады. Еңбек өнімінің еңбекті сақтауға жұмсалған шығындардан артық мөлшерде болуы, онан соң, осы артылған өнімнен қоғамның өндірістік және резерв фондысының жасалып, жыйналуы — осының бәрі қоғамдық, саяси және ақыл-ойлық прогресс атаулының негізі болып келді және солай болып қалады да. Бұдан бұрынғы тарихта бұл фонд ардақты таптың меншігі болды, осы меншікпен бірге саяси билік пен рухани басшылық та сол тапқа беріліп отырды. Келешектегі әлеуметтік төңкеріс осы қоғамдық өндірістік және резервтік фондыны, яғни шикізаттың, өндіріс құралдары мен тіршілік заттарының бүкіл жыйынтығын, ардақтаулы таптың қарамағынан алып, ортақ дәулет ретінде бүкіл қоғамға береді де, оны нағыз қоғамдық фондға айналдырады.

Екінің бірі. Не товардың құны сол товарды жасауға қажетті еңбекті сақтауға жұмсалған шығындармен белгіленеді, яғни көзіргі қоғамда жалақымен белгіленеді. Бұлай болған күнде әрбір жұмысшы *өзінің жалақысы түрінде өз еңбегі өнімінің құнын* алады, онда капиталистер табының жалдама жұмысшылар табын қанауы мүмкін емес. Айталық, осы қоғамда жұмысшыны асырауға жұмсалған шығындар сомасы күніне 3 марка болады дейік. Онда жұмысшының бір күндік өнімінің құны, жоғарыда баяндалған тұрпайы экономикалық теория бойынша, 3 марка болады. Ал енді осы жұмысшыны жолдаған капиталист 1 марка мөлшерінде алым алатын болып, өнімнің бағасына пайда қосады да, өнімді 4 маркаға сатады дейік. Басқа капиталистер де дәл осылай істейді дейік. Бірақ бұлай болған күнде жұмысшы енді өзінің бір күндік бюджетін 3 маркамен толтыра алмайды, қайта бұл үшін оған да 4 марка керек болады. Барлық басқа жағдайлар өзгеріссіз қалады деп ұйғарылатындықтан, тіршілік заттары түріндегі жалақы да өзгеріссіз қалуға тиіс, демек, ақша түріндегі жалақы, атап айтқанда — күніне 3 маркадан 4 маркаға дейін, өсуге тиіс. Жұмысшы табынан пайда формасында тартып алатынын капиталистер оған жалақы формасында қайтаруға тиіс. Сонымен, біз бір адым да алға басқан жоқпыз: егер құнды жалақы белгілейтін болса, онда капиталистің жұмысшыны қанауы ешбір мүмкін емес. Бірақ ол кезде артық өнімнің жасатуы да мүмкін емес, өйткені жұмысшылар, біздің ұйғаруымызша, құнды дәл өздері өндірген мөлшерде тұтынады. Ал енді капиталистер ешқандай құн өндірмейтін болса, онда олардың қандай қаражатпен тіршілік етпекші болып жүргенін тіпті біліп болмайды. Егерде өнім мөлшері тұтынудан осылай артылып отырған болса, осындай өндірістік және резервтік фонд дегенмен бар болса, онда да капиталистердің қолында болып отырған болса, онда жұмысшылар өзін өзі сақтау үшін товардың *құнын* ғана тұтынады, ал товардың өзі зат күйінде кейін тұтыну үшін капиталистердің қарамағында қалады деп түсіндіруден басқа ешқандай мүмкіндік жоқ.

Не болмаса мәселенің басқаша шешімін мойындауға тура келеді. Егер капиталистер табының қолындағы осы өндірістік және резервтік фонд іс жүзінде бар болса, ол шынында да жыйналған пайдадан құралған болса (жер рентасын біз әзірше былай қоя тұрамыз), онда бұл фонд сөзсіз жұмысшылар табы капиталистер табына келтіретін және капиталистер табы жұмысшылар табына төлейтін жалақы сомасынан асып түсетін еңбек өнімінің жыйналған артығынан құралады. Бірақ бұлай болған күнде құнды жалақы емес, еңбек мөлшері белгілейді; демек, жұмысшылар табы капиталистер табынан жалақы түрінде алатын құннан гөрі капиталистер табына еңбек өнімі түрінде көбірек құн береді, міне сонда капитал пайдасы, бөтеннің төленбеген еңбегінің өнім-

дерін иемденудің барлық басқа формалары сыяқты, Маркс ашқан осы қосымша құнның жәйбір құрамдас бөлегі ретінде түсінікті болып шығады.

Айтпақшы. Рикардо «белгілібір товардың құны сол товарды өндіру үшін қажетті еңбек мөлшеріне байланысты, бірақ осы еңбек үшін төленген азды-көпті ақыға байланысты емес» дей келіп, өзінің басты еңбегін ұлы жаңалықпен бастаған болса, — замананың сыйпаты болған осы жаңалық туралы Дюринг мырза өзінің бүкіл «Саяси экономия курсында» бір де сөз айтпайды. «Сын тарихында» ол мынадай сәуегейлік желсөзбен өте шығады: «ол (Рикардо) жалақы тіршілік қажеттеріне (!) берілген ассигновка бола алатын азды-көпті пропорция... құндар қатынастарының қалыптасу процесіне белгілі дәрежеде саналуан түр енгізуге тиіс екендігін ескермей отыр». Бұл желсөз туралы оқушы қалай ойласа да бола береді, ең жақсысы — бұл жайында оның ешнәрсе ойламағаны мақұл.

Ал енді бізге Дюринг мырза ұсынып отырған құндардың әралуан бес сортының ішінен өзіне көбірек ұнайтын сортын оқушы өзі таңдасын: табиғаттан шығатын өндірістік құн керек пе, әлде адамзаттың бұзықтығымен жасалған және ерекше бір өзгешелігі — өзінде жоқ, жұмсалған күшпен өлшенетін үлеспелі құн керек пе, әлде, үшіншіден, жұмыс уақытымен өлшенетін құн керек пе, әлде, төртіншіден, өндіріс шығындарымен өлшенетін құн керек пе, немесе, ақырында, бесіншіден, жалақымен өлшенетін құн керек пе. Таңдау көп-ақ, былтық дегенің бастан асады. Ал бізге Дюринг мырзамен бірге: «Құн жайындағы ілім — экономикалық системалардың қасиетін анықтайтын тәжірибеші!» — деп үн қату ғана қалады.

## VI

### ЖӘЙ ЕҢБЕК ПЕН КҮРДЕЛІ ЕҢБЕК

Дюринг мырза Маркстен төменгі кластың шәкіртіне лайық және сонымен бірге өзінде қоғамға қауіпті социалистік сандырақ бар өте өрескел экономикалық қате тапқан. Маркстің құн теориясы «еңбек дегеніміз барлық құндардың себебі, ал жұмыс уақыты — олардың өлшеуіші деген дағдылы... ілім ғана. Мұнда квалификациялы еңбек дегеннің түрліше құнын қалай түсіну керек деген ұғым мүлде көмескі болып қалады. Рас, біздің теориямыз бойынша да, шаруашылық заттарының табиғи өзіндік құны, демек, абсолюттік құны да, тек жұмсалған жұмыс уақытымен ғана өлшене алады. Бірақ бұл ретте біз мынаған сүйенеміз: бізде бір индивидтің жұмыс уақыты екінші біреудің жұмыс уақытымен мүлде барабар деп танылады, сондықтан квалификациялы жұмыстар тұсында бір адамның жеке басының жұмыс



уақытына басқа адамдардың жұмыс уақыты... мәселен, қолданылатын аспап түрінде, қосылатын реттерді қадағалап отыруға ғана тура келеді. Демек, істің жайы: біреудің жұмыс уақытында басқа біреудің жұмыс уақытына қарағанда өзінен өзі-ақ көбірек күн болады, өйткені бұлардың алғашқысында орташа жұмыс уақыты бейне көбірек жыйналған деп Маркс мырзаның бұлдыр ойлағанындай емес; жоқ, жұмыс уақыты атаулының бәрі, түгелінен және принцип жүзінде, — демек, алдымен әлденендей бір орташа мөлшерді шығаруды қажет етпейтін дәрежеде, — мүлде барабар, сондықтан әйтеуір бір адамның жұмыстарын алғанда, әрбір дайын бұйымдағы сыяқты, оның тек өз басы жұмоған — ә дегенде осылай көрінетін — жұмыс уақытында басқа адамдардың қаншалық жұмыс уақыты бүркеулі жатқанын ғана анықтау керек. Қолмен іске қосылатын өндіріс құралы, немесе қолдың өзі, тіпті бастың өзі басқа адамдардың жұмыс уақытысыз айрықша қасиеті мен қабілеті бола алмайтын зат бола ма, жоқ па, — теорияны қатал қолдану үшін мұның титтей де маңызы жоқ. Ал Маркс мырза күн жайындағы өз пікірлерінде квалификациялы жұмыс уақытының сырт жақта бұлдырап көрінген елестінен құтыла алмай отыр. Оның бұл бағытта өзіне жол салуына тачкашының жұмыс уақыты мен архитектордың жұмыс уақыты өзінен өзі-ақ экономика жағынан мүлде барабар деп мойындауды сұмдық нәрсе көретін оқымысты таптардың мұраға қалған ойлау әдісі бөгет болды».

Марксте Дюринг мырзаның сондай «сұрапыл ызасын» келтірген сөздер өте қысқаша. Маркс *товарлардың* құны немен белгіленеді дегенді зерттей келіп: сол товарларға сіңген адам еңбегімен белгіленеді деп жауап береді. Адам еңбегі, дейді ол тағы да, «жәй жұмысшы күшінің жұмсалуды болып табылады, мұның өзі ешқандай арнаулы даярлығы жоқ әрбір кәдімгі адамның тұлғалы организмнің орта жұмысшы күшінің жұмсалуды болып табылады... Біршама күрделі еңбек тек бірнеше еселенген немесе, бәрінен бұрын, көбейтілген жәй еңбек, сондықтан күрделі еңбектің азғантай саны жәй еңбектің көп санына тең келеді. Күрделі еңбекті жәй еңбекке осылай шағып есептеу үнемі болып отыратынын тәжірибе көрсетіп келеді. Товар нағыз күрделі еңбектің өнімі бола алады, бірақ оның құны оны жәй еңбектің өніміне теңейді және, демек, құнның өзі жәй еңбектің белгілі санының нәтижесі болып табылады. Еңбектің әралуан түрлері бұларды өлшейтін өлшем ретіндегі жәй еңбекке шағылып есептелетін түрлі пропорциялар өндірушілерден тыс қоғамдық процесс арқылы белгіленеді, сондықтан мұның өзі товар өндірушілерге әдет бойынша жасалған сыяқты болып көрінеді»<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 51-бет. *Ред.*

Бұл жерде Маркс ең алдымен *товарлардың*, яғни жеке меншікті өндірушілерден құралған қоғамда өндірілетін, — осы жеке меншікті өндірушілер өз есебіне өндіріп, бір-біріне айырбастайтын заттардың құнын белгілеу туралы ғана айтып отыр. Демек, мұнда әсте қайдағы бір «абсолюттік құн» туралы айтылып отырған жоқ, қайта белгілібір қоғамдық форма тұсында күші болатын құн туралы айтылып отыр. Бұл құн, осындай белгілібір тарихи түсінік тұрғысынан алғанда, жеке товарларға сіңген адам еңбегімен жасалып, өлшенетін болып шығады, ал онан соң адам еңбегі жәй жұмысшы күшінің жұмсалуды болып шығады. Алайда еңбектің бәрі бірдей адамның жәй жұмысшы күшін жұмсау бола бермейді; еңбектің көптеген түрлерінде азды-көпті күш, уақыт және ақша жұмсап алынған өнер-білім қолданылады. Күрделі еңбектің осы түрлерінің біркелкі кесімді уақыт ішінде жасайтын товарлық құны жәй еңбектің, жұмсалған бір ғана жәй жұмысшы күшінің жасағанындай ма? Әлбетте, олай емес. Бір сағаттық күрделі еңбектің өнімі бір сағаттық жәй еңбектің өнімімен салыстырғанда неғұрлым жоғары, екі есе я үш есе артық құны бар товар болып табылады. Осылай салыстыру арқылы күрделі еңбек өнімінің құны белгілібір мөлшердегі жәй еңбекпен көрсетіледі, бірақ күрделі еңбектің жәй еңбекке осылайша шағылып есептелуі өндірушілердің еркінен тыс қоғамдық процесс жолымен — бұл жерде, құн теориясын баяндағанда, әлі де түсіндіріле қоймайтын, тек анықтауға ғана болатын процесс жолымен — жүргізіледі.

Маркстің бұл жерде көрсетіп отырғаны — осы заманғы капиталистік қоғамда біздің көз алдымызда құн сайын болып жатқан нақ осы жәй ғана факт. Бұл фактының даусыздығы сондай, тіпті Дюринг мырза да мұны өзінің «Курсында» да, өзінің экономикалық ғылым тарихында да бекер деуге батпай отыр. Маркстің баяндауының түсініктілігі мен айқындығы сондай, сірә, Дюринг мырзадан басқа ешкім де «мұнда мүлде көмескі жағдайда қала» қоймас деймін. Дюринг мырзаның өзі душар болған нақ осы мүлде көмескі жағдайдың салдарынан ол қателесіп, бұл жерде әзірге тек Маркс қана зерттеп отырған товар құнын көмескілікті одан бетер арттыра түсетін «табиғи өзіндік құн» деп біледі, тіпті оны «абсолюттік құн» деп біледі, ал біздің білуімізше, осы уақытқа дейін саяси экономияда мұндай құн болып көрген емес. Алайда, Дюринг мырза «табиғи өзіндік құн» деп нені түсінсе де, оның бес түрлі құнының қайсысы «абсолюттік» құн болып шықса да, — бір күмансыз нәрсе мынау: Маркс бұл нәрселер жайында әсте әңгіме етіп отырған жоқ, ол тек товарлардың құны туралы ғана айтып отыр; «Капиталдың» құн туралы баяндайтын тұғас бір бөлімінде Маркстің товарлар құны жөніндегі өз теориясын басқа қоғамдық формаларға қолдануға болады деп

есептейтін-есептемейтіндігі, есептесе қай мөлшерде есептейтіндігі жайында титтей де өмеурін жоқ. — «Демек, — деп созады Дюринг мырза, — істің жайы: біреудің жұмыс уақытында басқа біреудің жұмыс уақытына қарағанда өзінен өзі-ақ көбірек құн болады, өйткені бұлардың алғашқысында орташа жұмыс уақыты бейне көбірек жыйналған деп Маркс мырзаның бұлдыр ойлағанындай емес; қайта жұмыс уақыты атаулының бәрі, түгелінен және принцип жүзінде, — демек, алдымен әлденендей бір орташа мөлшерді қажет етпейтін дәрежеде, — мүлде барабар». — Дюринг мырзаның бақытына қарай, тағдыр оны фабрикант еткен жоқ, сөйтіп, оны өз товарларының құнын осы жаңа ереже бойынша белгілеу қажеттігінен, демек, сөзсіз банкрот болудан құтқарды. Бірақ сабыр етіңіз. Біз әлі де фабриканттар қоғамында жүрміз бе? Әсте олай емес. Өзінің табиғи өзіндік құнымен және абсолюттік құнымен бірге Дюринг мырза бізді қанаушылардың кәзіргі жексұрын дүниесінен өзінің болашақтағы шаруашылық коммунасына, теңдік пен әділеттіктің кіршіксіз аспан әлеміне қарғуға, нағыз *salto mortalo*<sup>1</sup> жасауға мәжбүр етті, — сондықтан біз, біраз мезгілсіз болғанымен, осы жердің өзінде-ақ сол жаңа дүниеге аздап көз салуға тиіспіз.

Әрине, Дюринг мырзаның теориясы бойынша, шаруашылық коммунасында да шаруашылық заттарының құны тек жұмсалған жұмыс уақытымен ғана өлшене алады, бірақ әркімнің жұмыс уақыты алдын ала мүлде біркелкі бағаланатын болады, жұмыс уақыты атаулының бәрі де түгелінен және принцип жүзінде, онда да алдымен әлденендей бір орташа мөлшерді шығаруды қажет етпейтін дәрежеде, мүлде барабар деп есептелетін болады. Міне енді оқушы осы радикалдық теңгермелі социализмді Маркстің біреудің жұмыс уақытында басқа біреудің жұмыс уақытына қарағанда өзінен-өзі-ақ көбірек құн болады, өйткені бұлардың алғашқысында орташа жұмыс уақыты бейне көбірек жыйналған деген бұлдыр түсінігімен салыстырып көрсін, — ал Маркс тачкашының жұмыс уақыты мен архитектордың жұмыс уақыты экономика жағынан мүлде барабар деп мойындауды сұмдық нәрсе көретін оқымысты таптардың мұраға қалған ойлау әдісінің салдарынан бұл түсініктен құтыла алмай отыр екен!

Тек бір жаман жері сол, Маркс «Капиталдың» жоғарыда келтірілген сөздеріне мынадай ескерту жасайды: «Оқушы мынаны ескеруге тиіс: бұл жерде әңгіме жұмысшының, мәселен, бір жұмыс күні үшін, *алатын жалақысы* немесе құн туралы болып отырған жоқ, жұмысшының жұмыс күні *затқа айналатын товар құны* туралы болып отыр»<sup>2</sup>. Демек, өз Дюрингін алдын ала сез-

<sup>1</sup> — ажалды секіру. *Ред.*

<sup>2</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 51-бет. *Ред.*

гендей-ақ, Маркстің өзі жоғарыда келтірілген қағыйдаларды кәзіргі қоғамда күрделі еңбек үшін төленетін жалақыға болса да қолданудан сақтандырады. Ал егер Дюринг мырза өзінің осылай істеп отырғанын місе тұтпай, оның үстіне жоғарыда келтірілген қағыйдаларды Маркстің социалистік жолмен ұйымдастырылған қоғамда тіршілік заттарын реттемекші болатын негізгі бастамалары деп сыйпаттап отырған болса, — мұның аты барып тұрған арсыздық жала, ал мұндай жаланы тек шыймайшы қарақшылардың әдет-ғұрпынан ғана кездестіруге болады.

Алайда, Дюрингтің «барабарлық туралы ілімін» біраз жақынырақ алып қарайық. Жұмыс уақыты атаулының бәрі де: тачкашының жұмыс уақыты да, архитектордың жұмыс уақыты да мүлде барабар. Сонымен, жұмыс уақытының, демек, еңбектің өзінің де құны бар екен. Бірақ еңбек дегеніміз барлық құндарды жасаушы ғой. Тек жалғыз еңбек қана табиғаттан біз кездестіретін өнімдерге экономикалық мағнада құн бітіреді. Құнның өзі — белгілібір нәрсе түрінде затқа айналған қоғамдық қажетті адам еңбегінің көрінісінен басқа түк те емес. Демек, еңбектің ешқандай құны *болмақшы емес*. Еңбектің құны туралы әңгіме етіп, оны анықтауға әрекеттену — құнның өз құны туралы әңгіме етумен немесе белгілібір ауыр тәннің салмағын емес, ауырлықтың өз салмағын анықтауға әрекеттенумен бірдей. Дюринг мырза Оуэн, Сен-Симон, Фурье сыяқты адамдарды әлеуметтік алхимиктер деп атап, оларды қатты мұқатып тастайды. Ал ол жұмыс уақытының, яғни еңбектің құны туралы білгішсінгенде, осы арқылы өзінің нағыз алхимиктерден әлі де анағұрлым төмен тұрғандығын дәлелдейді. Ал енді оқушы бір адамның жұмыс уақытында екінші бір адамның жұмыс уақытына қарағанда көбірек құн болады және жұмыс уақытының, яғни еңбектің, құны бар деген пікірді ұялмай-қызармай Маркске таңып отырған Дюринг мырзаның арсыздығы мен о жарлығы туралы өзі-ақ төрелік айтсын, — міне осы пікір еңбектің құны *болмақшы емес* екенін және оның дәл неліктен бола алмайтындығын бірінші рет көрсетіп берген Маркске таңылып отыр-ау!

Адамның жұмысшы күшін *товарлық* күйінен азат еткісі келетін социализм үшін еңбекте құн жоқ және болмақшы да емес деген фактыны ұғынудың аса зор маңызы бар. Осындай ұғым болған күнде болашақта тіршілік заттарын бөлу ісін өзгеше бір жоғары формадағы жалақы есебінде реттеу әрекеттерінің бәрі де, — Дюринг мырзаға стихиялық жұмысшы қозғалысынан мұраға көшкен әрекеттердің бәрі де, — негізінен айрылады. Бұдан шығатын келесі қорытынды — бөлу ісі, таза экономикалық мақсаттарға бағынатындықтан, өндірістің мүдделеріне қарай реттелетін болады, ал өндірістің дамуы көбінесе қоғамның *барлық* мүшелерінің өз қабілеттерін неғұрлым барлық жағынан

дамытып, қолдап, өршітіп отыруына мүмкіндік берерлік бөлу әдісі арқылы ілгері басады. Профессиясы жағынан тачкашылары да, архитекторлары да болмайтын және жарты сағат бойы архитектор ретінде нұсқау берген адамы одан соң біраз уақыт бойы, архитектор ретінде жұмыс істеуі қайтадан қажет болғанша, тачканы итеріп жүре беретін заманның туатындығы оқымысты таптардан Дюринг мырза мұра етіп алған ойлау әдісіне, әрине, сұмдық болып көрінуге тиіс. Профессионал тачкашыларды мәңгілік ететін социализмде не жақсылық болмақ!

Егер жұмыс уақытының барабарлығы әрбір қызметкер тепе-тең кесімді уақыт ішінде тепе-тең құндарды өндіреді, сондықтан алдымен әлденендей бір орташа мөлшерді шығарып жатудың қажеті жоқ деген мағнада айтылатын болса, — онда мұның дұрыс еместігі айдан анық. Екі қызметкердің бір сағаттық еңбегі арқылы жасалған құн, бұлар өнеркәсіптің бір тарауында істейтін болса да, еңбек интенсивтілігі мен қызметкердің шеберлігіне қарай, әрқашанда түрліше болып шығады; бұл қырсыққа — тегінде мұның өзі Дюринг á la мырзаларға ғана қырсық болып көрінуі мүмкін — ешқандай шаруашылық коммуна, әйтеуір біздің планетада, амал істей алмайды. Ендеше, еңбек атаулының барабарлығы жайындағы бүкіл теориядан не қалады? Құнды еңбекпен белгілеу мен құнды жалақымен белгілеудің айырмасын білуге Дюринг мырзаның қабілетсіздігін ғана экономикалық арқау еткен даурықпалы бос сөзден басқа түк қалмайды, — тең жұмыс уақыты үшін тең жалақы төленуге тиіс деген жәй нұсқаудан басқа, жаңа шаруашылық коммунаның осынау өзгеше негізгі заңынан басқа түк қалмайды! Бірақ бұлай болған күнде француздың бұрынғы коммунист жұмысшылары мен Вейтлингтің жалақы тең болсын деген өз талаптарын жақтап келтірген дәлелдері анағұрлым орынды еді ғой.

Сонымен, күрделі еңбекке неғұрлым жоғары ақы төлеу жайындағы мәселе тұтас алғанда қалай шешілмек? Жеке меншікті өндірушілер қоғамында болашақ квалификациялы жұмысшының үйретіп жетілдіру жөніндегі шығындарды жеке меншікті адамдар немесе олардың семьялары өтейді; сондықтан квалификациялы жұмысшы күшінің неғұрлым жоғары бағасы алдымен нақ сол жеке меншікті адамдарға тиеді: өнерпаз құл неғұрлым жоғары бағамен сатылады, өнерпаз жалдама жұмысшы неғұрлым жоғары жалақы алады. Социалистік жолмен ұйымдасқан қоғамда бұл шығындарды қоғам көтереді, сондықтан күрделі еңбекпен жасалған жемістер де, яғни көбірек құндар да, осы қоғамға тән. Қызметкердің өзі қосымша ақы талап ете алмайды. Тегінде, бұдан шығатын бір пайдасыз емес қорытынды мынау: жұмысшының үйреншікті ұраны, «еңбек өнімін толығынан» талап етуі де кейде онша орнықты бола қоймайды.

## VII

### КАПИТАЛ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ҚҰН

«Маркс мырзада капиталдың мәнісі, яғни алдымен, капиталды өндірістің өндірілген құрал-жабдықтары деп білегін жалпы жұрт қабылдаған экономикалық ұғым емес. Маркс неғұрлым дербес, диалектикалық-тарихи идея жасауға әрекеттенеді, сөйтіп Марксте бұл идея ұғымдар мен тарихи құбылыстардың метаморфозаларын ойын етушілікке ұласады. Маркстің пікірінше, капитал ақшадан туады; ол XVI ғасырдан басталатын, атап айтқанда дүниежүзілік рыноктің сол заманға жатқызылып отырған жорамал ұрықтарынан басталатын тарихи фаза құрады. Әлбетте, капитал деген ұғымды бұлайша түсіндірген күнде экономикалық анализдің өткірлігі жоғалады. Жартылай тарихи, жартылай логикалық болуға тиісті, ал шындығында тарихи және логикалық фантастиканың шалағай нәтижесі ғана болып отырған мұндай тұрпайы концепцияларда, ұғымдарды адал қолданушылықтың әрқайсысы сыяқты, айырмашылықты аңдау қабілеті де құрып кетеді»... міне тұтас бір беттің ішіндегі сөздер осындай салдырмен кете береді... «Капитал деген ұғымға берілген маркстік сыйпаттаманы қолданған күнде халық шаруашылығы жөніндегі қатаң ғылымға кілең былық енгізуге болады... мұның жемісі терең логикалық ақыйқаттар орнына ұсынылып жүрген ұшқалақтық... негізі солқылдақ болмақ», т. т.

Сонымен, Маркстің пікірінше, капитал XVI ғасырдың бас кезінде ақшадан туыпты-мыс. Егер біреу металл ақша бұдан үш мың жылдан астам уақыт бұрын малдан шыққан, өйткені бұрын басқа заттардың ішінде мал да ақшаның функциясын атқарған екен десе, мұның өзі солай деумен бірдей. Өзінің пікірін осындай тұрпайы және екі ұшты формада білдіруге тек Дюринг мырзаның ғана қабілеті жетеді. Маркс товар айналысы процесін қамтыйтын экономикалық формаларды талдағанда ақшаны соңғы форма деп біледі. «Товар айналысының осы соңғы жемісі капитал *көрінісінің бірінші формасы* болып табылады. Тарих жүзінде капитал қай жерде болса да алғашында ақша формасында, ақшалай мүлік ретінде, купентік және өсімқорлық капитал ретінде жер меншігіне қарсы тұрады... Бұл тарих біздің көз алдымызда күн сайын болып отырады. Әрбір жаңа капитал дүниеге, яғни товар, жұмысшы немесе ақша рыногіне алғаш келген кезінде ылғый ақша түрінде пайда болады,— ал бұл ақша белгілі процестер арқылы капиталға айналуға тиіс»<sup>1</sup>. Сөйтіп, Маркс бұл жолы да тек фактыны атап көрсетеді. Бұл фактыны жоққа шығаруға дәлелсіз болғандықтан, Дюринг мырза: Маркстің пі-

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 153-бет. Ред.

кірінше, капитал ақшадан туады екен деп, — бұл фактыны бұр-малап отыр!

Мұнан кейін Маркс ақшаның капиталға айналуына себепкер болатын процестерді онан әрі зерттейді де, алдымен, ақшаның капитал ретінде жүріп-тұратын формасы ақшаның жалпылама товарлық эквивалент ретінде жүріп-тұратын формасымен салыстырғанда айналған форма болып табылады деп біледі. Жәй товар иесі сатып алу үшін сатады; ол өзіне керек емес нәрсесін сатады да, бұдан түскен ақшаға өзіне керек нәрсесін сатып алады. Ал капиталист, іске кіріскенде, ең әуелі өзіне керек емес нәрсені сатып алады; ол оны сатып алғанда қайтадан сату үшін, онда да қымбатырақ сату үшін, бастапқы кезде сатып алуға жұмсалған ақша сомасын біраз ақша өсімімен қайырып алу үшін сатады. Маркс бұл өсімді *қосымша құн* деп атайды.

Бұл қосымша құн қайдан туады? Мұның өзі сатып алушының товарды құнынан төмен сатып алғандығынан да, сатушының товарды құнынан жоғары сатқандығынан да тумақшы емес. Өйткені бұл жағдайдың екеуінде де әрбір адамның пайдасы мен залалы өзара тең түсіп отырады, өйткені әркім алма-кезек не сатып алушы не сатушы болып отырады. Қосымша құнның алдау нәтижесінде пайда болуы да мүмкін емес, өйткені алдаушылық бір кісіні екінші бір кісінің есебінен байыта алатын болса да, олардың екеуіндегі құндардың жалпы сомасын көбейте алмайды, демек, жалпы алғанда айналыстағы құндардың бүкіл сомасын көбейте алмайды. «Бүкіл бір елдің барлық капиталистер табы өз есебінен өзі кенеле алмайды»<sup>1</sup>.

Солай бола тұрса да әрбір елдің капиталистер табы, түгел алғанда, біздің көз алдымызда үздіксіз баюда, өйткені ол сатып алғанын ондағыдан қымбатырақ сатады, сөйтіп қосымша құнды иемденіп кетеді. Сонымен, біз: бұл қосымша құн қайдан туады? — деген мәселені шешуде бір адым да алға басқан жоқпыз. Бұл мәселені шешкенде, алдаушылық атаулыны, қандай да болсын зорлықтың қыянаты атаулыны шығарып тастап, *таза экономикалық* жолмен шешу қажет, мұнда мәселені былайша тұжырымдау керек: тең құндар үнемі тең құндарға айырбасталатын күнде де, нәрсені сатып алған кездегіден қымбатырақ сатуға болатыны қалай?

Бұл мәселенің шешілуі Маркс еңбегінің аса зор тарихи жемісі болып табылады. Мұның өзі, социалистер буржуазиялық экономистерден кем түспей, осы күнге дейін қалың қараңғыны қармалап жүрген экономикалық салаларға жарқын сәулесін шашып отыр. Ғылыми социализм міне осыдан басталады. Бұл мәселенің шешімі ғылыми социализмнің өзекті пункті болып табылады.

Бұл шешім мынау. Капиталға айналуға тиісті ақшаның құ-

<sup>1</sup> «Капитал», I том, 1952, 169-бет. *Ред.*

ның өсуі *ақшаның* өзі арқылы болуы да, *сатып алу*дан тууы да мүмкін емес, өйткені бұл ақша мұнда товардың бағасын өткізуші ғана, ал бағаның өзі, — өйткені біз тең құндар айырбасталады деп ұйғарамыз, — товардың құнынан өзгеше емес. Бірақ дәл сол себептен құнның өсуі товарды *сатудан* да тұмақшы емес. Демек, мұндай өзгеріс сатып алынатын *товарда* болуға тиіс, бірақ бұл жерде өзгеріске ұшырайтын нәрсе әсте оның *құны* емес, — өйткені товар өзінің құны бойынша алынып, сатылады, — оның атап айтқанда, *тұтыну құны*; яғни, құн өзгерісі осы товарды тұтынудан келіп шығуға тиіс. «Бірақ біз айтқан ақша иесі орайы келіп... рыноктен тұтыну құнының өзінде құнның негізі боларлық тамаша қасиеті бар бір товар табатын болса, — іс жүзінде тұтындылуы еңбекті затқа айналдыру процесі, демек, *құн жасау* процесі боларлық товар табатын болса, ол тек сонда ғана товарды тұтынудан құн өндіре алады. Ал ақша иесі рыноктен осындай ерекше товарды табады да, бұл — еңбек ету қабілеті, яки *жұмысшы күші*»<sup>1</sup>. Егер, жоғарыда көргеніміздей, еңбектің өзінде құн бола алмайтын болса, мұны *жұмысшы күші* туралы айтуға ешбір болмайды. Жұмысшы күші, кәзіргі кезде іс жүзінде болып отырғандай, *товарға* айналды дегенше-ақ, бұған құн бітеді, ал бұл құн «әрбір басқа товардың құны сыяқты, осы өзгеше сауда затын өндіру үшін, демек, ұдайы өндіру үшін де қажетті жұмыс уақытына қарай»<sup>2</sup> белгіленеді, яғни жұмысшының өзін қабілетті күйде сақтауына және өз ұрпағының өсе беруіне қажетті тіршілік заттарын өндіру үшін керек болатын жұмыс уақытына қарай белгіленеді. Айталық, бұл тіршілік заттары, күннен күнге, 6 сағаттық жұмыс уақыты болады дейік. Сонымен, іске кіріскен біздің капиталист, кәсіпорынды жүргізу үшін жұмысшы күшін сатып алатын, яғни жұмысшыны жалдайтын капиталист оған нақ 6 сағаттық еңбекпен барабар ақша сомасын төлейтін болса, оның жұмысшы күшінің толық бір күндік құнын төлеген болып шығады. Демек, осы капиталисте 6 сағат жұмыс істеген жұмысшы оның шығынын, яғни жұмысшы күшінің төленіп қойылған бір күндік құнын толық өтейді. Бірақ бұдан ақша әлі де капиталға айнала қоймайды, ешқандай қосымша құн өндіре қоймайды. Сондықтан жұмысшы күшін сатып алушы өзі жасаған келісімнің сыйпатын мүлде басқаша түсінеді. Жұмысшының 24 сағат ішінде тіршілігін сақтау үшін тек 6 сағаттық еңбектің керек болатындығы жұмысшының осы 24 сағат ішінде 12 сағат жұмыс істеуіне ешбір бөгет болмайды. Жұмысшы күшінің құны мен еңбек процесінде жұмысшы күші арқылы жасалатын құн — екі түрлі мөлшер. Ақша иесі жұмысшы күшінің бір күндік құнын төлеп қойған, сондықтан оны күні

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал» I том, 1952, 173-бет. *Ред.*

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 177-бет. *Ред.*



бойы тұтыну, жұмысшының ұзақты күнге істелетін еңбегі сол ақша иесінің билігінде. Жұмысшы күшін күні бойы тұтыну нәтижесінде жасалатын құнның жұмысшы күшінің бір күндік өз құнынан екі есе артық болуы — сатып алушы үшін ерекше бір олжа, бірақ товар айырбасының заңдары бойынша мұнда сатушының правосын бұзушылық атымен жоқ. Демек, жұмысшының капиталиске түсетін құны, біздің ұйғаруымыз бойынша, — 6 сағаттық еңбектің өнімі, ал жұмысшының күн сайын капиталиске беретін құны — 12 сағаттық еңбектің өнімі. Мұның артығы, атап айтқанда — ақы төленбеген 6 сағаттық қосымша еңбек, 6 сағаттық еңбек сіңген ақысыз қосымша өнім, ақша иесінің қалтасына түседі. Фокус жасалды. Қосымша құн өндірілді, ақша капиталға айналды.

Сонымен, қосымша құнның қалай туатындығын анықтай келіп, товар айырбасын реттейтін заңдар үстем болып тұрғанда оның тек осылайша ғана туа алатындығын дәлелдей келіп, Маркс осы заманғы капиталистік өндіріс әдісі мен соған негізделген иемдену әдісінің сырын әйгіледі, бүкіл осы заманғы қоғамдық құрылысты өз төңірегіне қалыптастырған кристаллизациялық ұйтқыны ашып көрсетті.

Алайда, капиталдың бұлайша пайда болуында бір елеулі алғышарт бар: «ақша иесі рыноктен басы бос жұмысшыны тапқан күнде ғана өзінің ақшасын капиталға айналдыра алады, ал жұмысшының екі түрлі мағнада басы бос: біріншіден, жұмысшы — ерікті адам және өзінің товар ретінде жұмысшы күші бар, екіншіден, онда бұдан басқа ешқандай сатарлық товар жоқ, тырдай жаланап, өзінің жұмысшы күшін практика жүзінде қолдануға қажетті заттардың бәрінен басы бос»<sup>1</sup>. Бірақ, бір жағынан, ақша немесе товар иелерінің және, екінші жағынан, өзінің жұмысшы күшінен басқа дәнеңесі жоқ адамдардың арасындағы бұл қатынас, дегенмен, табиғаттан келген нәрсе емес, барлық тарихи дәуірлерге ортақ қатынас та емес: «мұның өзі, сірә, бұдан бұрынғы тарихи дамудың нәтижесі, қоғамдық өндірістің неғұрлым ертедегі бірқыдыру формацияларының құрып бітуінің... жемісі болу керек»<sup>2</sup>. Осы басы бос жұмысшы жалпы көлемде бірінші рет XV ғасырдың аяғында және XVI ғасырдың басында, феодалдық өндіріс әдісінің ыдырауы нәтижесінде пайда болды. Ал бұл жағдай, сол заманда дүниежүзілік сауда мен дүниежүзілік рыноктің жаңадан құрыла бастағанын қоса алғанда, қолда бар жылжымалы ұшан-теңіз байлықтың барған сайын капиталға айнала түсуіне, ал қосымша құнды жасауға бағытталған капиталистік өндіріс әдісінің барған сайын бірден-бір үстем әдіс болуына негіз салып берді.

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 175-бет. *Ред.*

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 176-бет. *Ред.*

Маркстің «тұрпайы концепциялары», «тарихи және логикалық фантастиканың шалағай нәтижелері» міне осындай, ал осының салдарынан, «ұғымдарды адал қолданудың әрқайсысы сыяқты, айырмашылықты аңдау қабілеті де кұрып кетеді» екен. Ал енді Дюринг мырзаның бізге ұсынып отырған «терең логикалық акыйқаттарын» және «дәл пәндер мағнасындағы әрі мінсіз, әрі қатан ғылыми негізді» әлгі айтылған «ұшқалақтық жемістеріне» қарсы қойып көрейікші.

Сонымен, Маркстің ойынша капитал дегеніміз «капиталды өндірістің өндірілген құрал-жабдықтары деп білетін жалпы жұрт қабылдаған экономикалық ұғым емес», мұның керісінше, Маркс: құндардың белгілібір сомасы қосымша құн жасай отырып, *өзінің құны жағынан өскенде* ғана капиталға айналады дейді. Ал Дюринг мырзаның айтатыны не? «Капитал дегеніміз өндірісті онан әрі жүргізе беру үшін және *жаппай жұмысшы күшінің жемістеріне қатысу үлестерін жасау үшін* қызмет ететін экономикалық қуаттың негізі». Дюринг мырзаның бұл қағыйдасы да қаншама көмескі және кескінсіз айтылғанымен, бір күмансыз нәрсе мынау: экономикалық қуаттың негізі ақыр заманға дейін өндірісті онан әрі жүргізе беруге қызмет ете алады, — сонда да, Дюринг мырзаның өз сөздеріне қарағанда, мұның өзі «жаппай жұмысшы күшінің жемістеріне қатысу үлестерін», яғни қосымша құнды, яки, ең болмағанда, қосымша өнімді жасағанға дейін капитал бола қоймайды. Демек, Дюринг мырза жалпы жұрт қабылдаған капитал деген экономикалық ұғымды қостайтын Маркске мін етіп таққан құнаны өзі жасап қана отырған жоқ; ол мұның үстіне, Маркстен көпірмелі сөздермен «нашар бүркелген» тағы өрескел плагиаттық жасап отыр.

Бұл пікір 262-бетте толығырақ дамытылады: «әңгіме мынада: әлеуметтік мағнадағы капитал» (ал әлеуметтік мағнасы жоқ капиталды Дюринг мырзаның әлі ашуына тура келеді) «жәй өндіріс құрал-жабдығынан ерекше өзгеше; өйткені өндіріс құрал-жабдығының тек техникалық сыйпаты ғана бар және қандай жағдайда болса да қажетті нәрсе болып отырған болса, капитал иемдену және жаппай жұмысшы күшінің жемістеріне қатысу үлестерін жасау жөніндегі өзінің қоғамдық күшімен сыйпатталады. Әлеуметтік капитал *өзінің әлеуметтік функциясында* көбінесе өндірістің техникалық құрал-жабдығынан басқа түк те емес екендігі даусыз; бірақ нақ осы функцияның өзі... жоғалуға тиіс болады». Егер біз құндардың белгілібір сомасының капиталға айналуына бірден-бір себелкер болатын «әлеуметтік функцияны» бірінші рет алға қойған нақ Маркс екенін еске алатын болсақ, онда қалай болған күнде де «предметті мұқият зерттейтін әрбір адам капитал деген ұғымға берілген маркстік сыйпаттаманың тек қана былық туғыза алатындығын көп ұзамай көріп-білуге тиіс», — бірақ былық туғанда, Дюринг мырзаның

ойлағанындай, халық шаруашылығы жөніндегі қатаң ғылымда емес, қайта, кәзіргі жағдайда айқын көрініп отырғанындай, тек қана Дюринг мырзаның өз басында тумак, өйткені ол өзінің «Курсында» осы капитал деген ұғымды өте көп пайдаланғандығын «Сын тарихында» ұмытып та үлгірген.

Алайда Дюринг мырза өзінің капитал жөніндегі анықтама-сын, «тазартылған» формада болса да, Маркстен алып пайдаланғандығымен тынбайды. Ол «ұғымдар мен тарихи құбылыстардың метаморфозаларын ойын ету» жолымен Маркстің соңынан еріп отыр, мұның бәрін өзінің неғұрлым алғыр парасатының тұрғысынан істеп отыр, ал осы парасат бойынша бұдан «тұрпайы концепциялардан», «ұшқалақтық жемісінен», «солқылдақ негізден», т. т. басқа түк те шықпақшы емес. Өзгенің еңбегінің жемістерін өзінің иемденіп кетуіне мүмкіндік беретін және өндірістің жәй құрал-жабдығынан тек осы арқылы ғана өзгеше болып шығатын капиталдың осы «элеуметтік функциясы» қайдан туады? Мұның негізі, дейді Дюринг мырза, «өндіріс құрал-жабдықтарының жаратылысында да емес, олардың техникалық қажеттігінде де емес». Демек, мұның өзі тарих жүзінде туған, сондықтан да Дюринг мырза бізге 252-бетте оның аузынан біздің ондаған рет есіткенімізді ғана қайталап айтады: ол капиталдың тууын екі ердің басында болған көптен белгілі оқыйға арқылы түсіндіреді; олардың біреуі тарихтың бас кезінде екіншісіне зорлық жасап, өзінің өндіріс құрал-жабдығын капиталға айналдырыпты. Құндардың белгілібір сомасының капиталға айналуына бірден-бір себепкер болатын элеуметтік функцияның тарихи бастамасы бар деп мойындағандығымен тынбай, Дюринг мырза мұның тарих жүзінде құрып бітетіндігі жөнінде де: «нақ осының өзі жоғалуға тиіс болады» деп сәуегейлік айтады. Алайда, тарих жүзінде туып, тарих жүзінде қайтадан жоғалатын құбылыс кәдімгі тілде «тарихи фаза» деп аталып кеткен. Сонымен, капитал дегеніміз Маркте ғана емес, Дюринг мырзаның өзінде де тарихи фаза болып табылады, сондықтан біз Дюринг мырза мұнда: екі адамның істеп жүрген ісі бір болғанымен, ол бұдан әсте бірдей болып шыға қоймайды деген иезуиттік ережені ұстап отыр деген қорытындыға келуге мәжбүр болып отырмыз. Маркс: капитал дегеніміз тарихи фаза дейтін болса, мұнысы тұрпайы концепция, тарихи және логикалық фантастиканың шалағай нәтижесі болады екен, мұнда ұғымдарды адал қолданушылықтың әрқайсысы сыяқты, айырмашылықты аңдау қабілеті құрып кетеді екен. Ал енді Дюринг мырза капиталды тарихи фаза деп көрсететін болса, мұнысы экономикалық анализдің өткірлігін, сонымен қатар дәл пәндер мағнасындағы мінсіз және аса қатаң ғылыми негізді дәлелдейтін нәрсе ғана болады екен.

Ал капитал жайындағы дюрингтік түсініктің маркстік түсініктен айырмасы қандай?

«Қосымша еңбекті, — дейді Маркс, — капитал ойлап тапқан жоқ. Қоғамның бір бөлегі өндіріс құрал-жабдықтарына монополиялы болып отырған жерлердің бәрінде ерікті немесе еріксіз қызметкер өндіріс құрал-жабдықтарының меншікшісіне арнап тіршілік заттарын өндіру үшін өз басын асырауға қажетті жұмыс уақытына үстеме жұмыс уақытын қосуға тиіс»<sup>1</sup>. Қосымша еңбек, жұмысшының тіршілігін сақтау үшін қажетті уақыт шегінен шығып кететін еңбек және осы қосымша еңбек өнімдерін басқалардың иемденіп кетуі, яғни еңбекті қанау, сонымен, осы күнге дейін өмір сүріп келген барлық қоғамдық формалардың, таптық қарама-қарсылықтары болған формалардың, ортақ белгісі болып табылады. Бірақ осы қосымша еңбектің өнімі қосымша құн формасына түскен кезде, өндіріс құрал-жабдықтарының меншікшісі өзінің алдынан қанау объектісі болатын басы бос жұмысшыны—элеуметтік байланыстан да, меншіктен де басы бос жұмысшыны — кездестіріп, *товар* өндіру мақсатымен оны қанаған кезде, — тек сонда ғана өндіріс құрал-жабдығы, Маркстің айтуынша, өзгеше капиталдық сыйпат алады. Ал мұның өзі айтарлықтай көлемде тек XV ғасырдың аяғынан және XVI ғасырдың басынан бері қарай ғана болған нәрсе.

Дюринг мырза мұның көрсінше, өндіріс құрал-жабдықтарының «жаппай жұмысшы күшінің жемістеріне қатысу үлесі болатын», демек, қай формадағы болса да қосымша еңбекті шарт ететін *әрбір* сомасын капитал деп жарыялайды. Басқаша айтқанда, Дюринг мырза Маркс ашқан қосымша еңбекті одан алып пайдаланады да, бұл ретте өзіне қолайсыз келіп отырған, нақ сол Маркс ашқан қосымша құнды осы арқылы құртпақ болады. Сонымен, Дюринг мырзаның тұрғысынан қарағанда, құлдардың көмегімен шаруашылық жүргізген Коринф және Афины азаматтарының қозғалмалы байлығы мен қозғалмас байлығы ғана емес, сонымен қатар империя заманындағы Римдегі ірі жер иелерінің байлығы да, дәл сондай-ақ орта ғасырдағы феодалдық барондардың өндіріске әйтеуір бір септігі тиіп отырған байлығы да, — осының бәрі түгелінен капитал болып табылады.

Демек, Дюринг мырзаның өзінің капитал жайындағы «ұғымы капиталды өндірістің өндірілген құрал-жабдығы деп білетін жалпы жұрт қабылдаған ұғым емес», қайта, бұған тікелей қарама-қарсы ұғым, бұған тіпті өндірістің өндірілмеген құрал-жабдықтары — жер мен оның табиғи байлықтары да кіреді. Шынығында капиталды әншейін бір «өндірістің өндірілген құрал-жабдығы» деп білетін ұғым тағы да тек тұрпайы экономияда ғана жалпы жұрт қабылдаған ұғым болып табылады. Дюринг мырзаға соншама ардақты осы тұрпайы экономиядан

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 240-бет. *Ред.*

тысқары «өндірістің өндірілген құрал-жабдығы» немесе жалпы алғанда құндардың белгілібір сомасы пайда немесе процент беретіндегі, яғни төленбеген еңбектің қосымша өнімін қосымша құн формасында иемденіп кететіндігі себепті ғана капиталға айналады, онда да қосымша құнның нақ осы екі түрлі белгілі жеке формасында ғана капиталға айналады. Мұнда бүкіл буржуазиялық саяси экономия құндардың әрбір сомасында — қалыпты жағдайларда өндірісте я айырбаста қолданылатын сомасында — пайда немесе процент берерлік қасиет бар дейтін ұғымға белшесінен батып отырғандығынан мүлде ешқандай келер-кетер еш нәрсе жоқ. Классикалық саяси экономияда капитал мен пайда немесе капитал мен процент себеп пен салдар, әке мен бала, кеше мен бүгін сыяқты айырғысыз нәрселер, бір-бірімен нақ сондай өзара қатынаста. Алайда «капитал» деген сөз өзінің кәзіргі кездегі экономикалық маңызы жағынан алғанда соның көрсететін объектісінің өзі туған заманның тұсында ғана, қозғалмалы байлық товар өндіру үшін басы бос жұмысшылардың қосымша еңбегін иемдене отырып, барған сайын капиталдың функциясын атқара бастаған заманда ғана бірінші рет пайда болған; атап айтқанда: «капитал» деген сөзді капиталистердің тарихтағы тұңғыш ұлты — XV және XVI ғасырлардағы итальяндар — енгізіп қолдана бастаған. Ал егер Маркс кәзіргі кездегі капиталға тән иемдену әдісін түп негізіне дейін талдап көрсеткен болса, егер ол капитал деген ұғымды сайып желгенде осының абстракциялануына және өмір сүруіне негіз болған тарихи фактылармен үйлестірген болса; сөйтіп Маркс осы экономикалық ұғымды классикалық буржуазиялық саяси экономияда да, бұрынғы социалистерде де осыған қосақталып жүрген көмескі және тұрлаусыз түсініктерден тазартқан болса, — онда мұның өзі Дюринг мырза үнемі аузынан тастамағанымен, бір өкініш жері, оның шығармаларынан бізге мүлде кездеспейтін «мінсіз және аса қатаң ғылыми негіз» жолымен жүрген адам нақ Маркс екенін көрсетеді.

Шынында да, Дюринг мырзада істің жайы мүлде басқаша болып отыр. Ол капиталды тарихи фаза ретінде көрсетушілікті алғашында «тарихи және логикалық фантастиканың шалағай нәтижесі» деп атап, сонынан өзі капиталды тарихи фаза деп көрсеткенімен тынбайды. Ол экономикалық қуаттың барлық құрал-жабдықтарын, «жаппай жұмысшы күшінің жемістерінің үлесін» иемденіп кететін *барлық* өндіріс құрал-жабдықтарын, демек, барлық таптық қоғамдағы жер меншігін де беталды капитал деп жарыялайды. Алайда оның бұдан былайғы баяндауында, қалыптасқан дәстүрге әбден сәйкес, жер меншігі мен жер рентасын капитал мен пайдадан бөліп алып, пайда немесе процент беретін өндіріс құрал-жабдықтарын ғана, оның «Курсының» 116 және келесі беттерінде толық көрініп отырғанындай,

капитал деп атауына бұдан келер ешбір бөгет жоқ. Нақ осындай ретпен Дюринг мырзаның ең әуелі «локомотив» деген атауға ат, өгіз, есек, ит сыяқтыларды да енгізуіне болар еді, өйткені экипаж осындай көліктің де күшімен жүре алады ғой, — сөйтіп, кәзіргі инженерлерге, локомотив деген ұғымды осы заманғы паровозбен ғана тежеп, оны тарихи фаза етіп отыр, өрескел концепцияларды, тарихи және логикалық фантастиканың шалағай нәтижелерін туғызып отыр, т. т. істеп отыр деп кіна тағуына болар еді, ал ақыр соңында барып: әйткенмен «локомотив» деген атауды ат, есек, өгіз, ит сыяқтыларға қолдануға келмейді, оны тек паровозға ғана қолдануға болады деп мәлімдей алар еді. — Сонымен, біз тағы да мынаны айтуға мәжбүр болып отырмыз: капитал деген ұғымға нақ Дюрингіше анықтама берген күнде экономикалық анализдің бар өткірлігі құрып кетеді де, ұғымдарды адал қолданудың әрқайсысы сыяқты, айырмашылықты аңдау қабілеті де жоғалады, сондықтан өрескел концепциялар, алжасушылық, терең логикалық ақыйқаттар орнына ұсынылып жүрген ұшқалақтық жемістері және солқылдақ негіз, — осының бәрі нақ Дюринг мырзаның өзінде кең өріс алып отыр.

Алайда бұл әлі де түк емес. Қалай дегенмен бір өзекті жаңалық ашып еңбек сіңірген Дюринг мырза болып қалады, осы күнге дейін өмір сүріп келе жатқан бүкіл саяси экономия, бүкіл саясат пен юриспруденция, — қысқасы, бұдан бұрынғы бүкіл тарих желісі осыған байланысты. Бұл жаңалық мынау:

«Зорлық пен еңбек — әлеуметтік байланыстар орнатарда роль атқаратын негізгі екі фактор».

Осы күнге дейін өмір сүріп келе жатқан экономикалық дүниенің бүкіл конституциясы бір ғана осы қағыйдада. Ерекше ықшам бұл конституцияда былай делінген:

1-статья. Еңбек өндіреді.

2-статья. Зорлық бөледі.

Дюринг мырзаның бар экономикалық даналығы, «адамзаттың және немістің тілімен айтқанда», міне осымен ақыр-тақыр бітеді.

## VIII

### КАПИТАЛ ЖӘНЕ ҚОСЫМША ҚҰН (аяғы)

«Маркс мырзаның көзқарасы бойынша, жалақы дегеніміз өзінің өмір сүруін мүмкін ету үшін жұмысшының нақты істейтін жұмыс уақытының ақысы ғана. Бұл үшін азғантай ғана сағат жеткілікті; көбінесе өте ұзақ келетін жұмыс күнінің басқа бөлегінің бәрі артық өнім береді, мұнда, біздің автордың терминологиясы бойынша, «қосымша құн», немесе жалпы жұрт қолданатын тілмен айтқанда, капитал пайдасы болады. Өндірістің бел-

гілібір сатысында-ақ еңбек құралдарында және осыған жататын шикі материалдарда болатын жұмыс уақытын алып тастағанда, жұмыс күнінің жоғарыда көрсетілген артығы кәсіпкер капиталистің үлесі болып табылады. Демек, жұмыс күнінің ұзартылуы — капиталистің пайдасына түсетін таза қанаушылық олжа».

Сонымен, Дюринг мырзаның ойынша, маркстік қосымша құн кәдімгі тілде капиталистің олжасы немесе пайдасы деп аталатын нәрседен басқа түк те емес. Бірақ Маркстің өзін тыңдап көрейік. «Капиталдың» 195-бетінде<sup>1</sup> қосымша құн — осы сөзден кейін жақшаның ішіне алынған — «процент, пайда, рента» деген сөздермен түсіндіріледі. 210-бетте<sup>2</sup> Маркс бір мысал келтіреді, мұнда қосымша құнның 71 шиллингтік сомасының әралуан формада бөлінетіндігі көрсетілген: шіркеу десятинасы, жергілікті және мемлекеттік салықтар — 21 шиллинг, жер рентасы — 28 шиллинг, арендатордың пайдасы мен проценті — 22 шиллинг; қосымша құнның небәрі, жалпы сомасы — 71 шиллинг. 542 бетте<sup>3</sup> Маркс Рикардоның негізгі кемшілігі — ол «қосымша құнның өзін, яғни оның: пайда, жер рентасы, т. т. сыяқты айрықша формаларынан тыс, алып зерттемеді», сондықтан ол қосымша құнның нормасын анықтайтын заңдарды пайданың нормасын анықтайтын заңдармен тіке шатастырып отыр деп жарыялайды. Бұл жөнінде Маркс былай деп ескертеді: «кейін, осы еңбектің үшінші кітабында, мен қосымша құнның біркелкі нормасы белгілібір жағдайларда мүлде әралуан пайда нормасы болып шығуы, ал қосымша құнның әралуан нормалары біркелкі пайда нормасы болып шығуы мүмкін екенін көрсетпекпін». 587-бетте<sup>4</sup> біз мынаны оқыймыз: «Қосымша құн өндіруші, яғни төленбеген еңбекті тікелей жұмысшылардан сорып алып, товарға сіңіруші капиталист қосымша құнды бірінші болып иемденеді, бірақ әсте оның ең соңғы меншікшісі бола қоймайды. Кейін ол мұны бүкіл қоғамдық өндірісте өзгеше функцияларды атқаратын басқа капиталистермен, жер меншікшісімен, т. т. бөлісуге тиіс. Демек, қосымша құн түрлі-түрлі бөлшектерге бөлінеді. Оның түрліше үлестері түрліше категориядағы адамдардың қолына тиеді де, біріне бірі байланыссыз әралуан формаларға түседі, бұл формалар: пайда, процент, сауда пайдасы, жер рентасы, т. т. Қосымша құнның осы өзгерген формаларын тек үшінші кітапта ғана қарауға болады». Көптеген басқа жерлерде де осы пікір айтылған.

Пікірді бұдан анық айту мүмкін емес. Әрбір реті келген жағдайда Маркс: мәндегі қосымша құнды олжамен немесе ка-

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 213-бет, 22-ескерту. *Ред.*

<sup>2</sup> Қараңыз: бұл да сонда, 226-бет. *Ред.*

<sup>3</sup> Қараңыз: бұл да сонда, 526-бет. *Ред.*

<sup>4</sup> Қараңыз: бұл да сонда, 568—569-беттер. *Ред.*

питал пайдасымен ешбір шатастыруға болмайды, өйткені соңғының өзі, қайта, бағыныңқы форма, ал екінші бірінде тіпті қосымша құнның үлесі ғана болып табылады деп, осыған назар аударып отырады. Егер Дюринг мырза бұған қарамастан маркстік қосымша құн, «жалпы жұрт қолданатын тілмен айтқанда, капитал пайдасы» болып табылады деп отырған болса, егер Маркстің бүкіл кітабы қосымша құн жайында жазылған болса, онда екінші бірі ғана болуы мүмкін: не Дюринг мырза ешнәрсе түсінбейді, онда өзі негізгі мазмұнын білмейтін кітапты жамандау үшін шектен асқан ұятсыз болу керек, не ол істің мәнін түсінеді, ал бұлай болған күнде ол біле тұра подлог жасап отыр.

Онан соң: «қанаушылық шаруашылықты түсінудің осы әдісін Маркс мырзаның қолдануынан көрініп отырған зәрлі өшпенділік әбден түсінікті. Бірақ бұдан да айбарлы ашу білдіруге және жалдама еңбекке негізделген шаруашылық форманың қанаушылық сыйпатын бұдан да гөрі сөзсіз мойындауға болады, — солай бола тұрса да қосымша құн жайындағы маркстік ілімнен көрініп отырған теориялық тәсілді мүлде мойындамауға болады».

Сонымен, ізгі ниетпен қолданылған, бірақ қате теориялық тәсіл Марксте қанаушылыққа қарсы зәрлі өшпенділік туғызады екен; өзінен өзі-ақ адамгершілікке тән құштарлық жалған «теориялық тәсіл» нәтижесінде адамгершілікке жатпайтын сыйпат алады екен де, мұның өзі ізгілікке жатпайтын өшпенділік пен жексұрын зәрлілік түрінде көрінеді екен. Мұның керісінше, Дюринг мырзаның «мінсіз және аса қатаң ғылыми негізі» өзіне лайықты ізгілік сыйпаты бар, адамгершілікке тән құштарлықтан көрінеді екен, формасы жағынан да моральдық болып табылатын, оның үстіне, неғұрлым айбарлы ашу ретінде, зәрлі өшпенділіктен сан жағынан да асып түсетін ашудан көрінеді екен. Дюринг мырза өз мәртебесіне өзі сүйсінумен болып отырған кезінде біз осы анағұрлым айбарлы ашудың негізі қандай екенін анықтауға тырысып көрейік.

«Бұл жерде, — дейді ол тағы да, — конкуренцияға түсуші кәсіпкерлер еңбектің толық өнімін, сонымен бірге қосымша өнімді де, артық жұмыс уақытының жоғарыда аталған қатынасы дәлелдеп отырғанындай, өндірістің табиғи шығындарынан едәуір асып түсетін бара бойынша ұзақ уақыт қалай өткізе алады? — деген сұрақ туады. Біз бұл сұраққа Маркстің доктринасынан жауап таба алмаймыз, ал оның жай ғана бір себебі—бұл мәселе одан өзіне тіпті орын да таппаған. Сән-салтанат заттарын жасап шығару талаптарына бағындырылған және жалдама еңбекті өзіне негіз еткен өндірістің бүкіл сыйпаты Марксте есте мұқият талданбаған, өзінің паразитарлық тіректерімен қоса әлеуметтік құрылыс та ақ нәсілдер құлдығының басты не-



тізі ретінде ешбір танылмаған. Мұның керісінше, саяси-әлеуметтік нәрсе, Маркстің ойынша, әрқашанда экономикадан келіп шығуға тиіс».

Ал шындығында жоғарыда келтірілген сөздерден біз мынаны анық білдік: Маркс әсте қосымша өнімді тұңғыш иемденуші өнеркәсіпші капиталист өнімді, мұнда Дюринг мырзаның жорамалдап отырғанындай, әрқашанда, орта есеппен алғанда, оның толық құны бойынша сатады демейді. Маркс анық былай дейді: сауда пайдасы да қосымша құнның бір бөлегі болып табылады, ал мұның өзі, көрсетілген алғышарттар барда, фабрикант өзінің өнімін саудагерге өнімнің өз құнынан төмен сататын, сөйтіп өз олжасының бір бөлегін саудагерге беретін күнде ғана мүмкін болатын нәрсе. Қалай болған күнде де, бұл мәселе осы арада қойылып отырған түрінде Маркстен өзіне тіпті орын алған да жоқ. Рациональды түрде қойылған бұл мәселе мынадай: қосымша құн өзінің бағыныңқы формаларына — пайда, процент, сауда пайдасы, жер рентасы сыяқты формаларға қалай айналады? Ал бұл мәселені Маркс, қалай болғанда да, үшінші кітапта шешуге уәде беріп отыр. Ал егер Дюринг мырза «Капиталдың» екінші томы<sup>1</sup> жарыққа шыққанша күте алмайтын болса, онда ол әзірінше бірінші томға біраз мұқият назар салуға тиісті еді. Сонда ол, жоғарыда келтірілген сөздермен қатар, мәселен, 323-бетте<sup>2</sup>, мынаны оқыған болар еді: Маркстің пікірінше, капиталистік өндірістің имманенттік заңдары капиталдардың сыртқы қозғалысында конкуренцияның күштеуші заңдары ретінде көрінеді де, осы формада жеке капиталист қызметінің қозғаушы сылтаулары есебінде оның санасына жетеді; сөйтіп, конкуренция жөніндегі ғылыми анализ, — дәл аспандағы тәндердің көзге көрінетін қозғалысы сезімдер арқылы шамаланатын қозғалысты емес, шын қозғалысты білетін адамға ғана түсінікті болатыны сыяқты, — капиталдың ішкі жаратылысы танылғаннан кейін ғана мүмкін бола бастайды. Онан соң Маркс белгілі заңның, атап айтқанда құн заңының, конкуренция жағдайларында белгілібір ретте қалайша көрінетіндігін, бұл заң өзінің қозғаушы күшін қалай білдіретінін бір мысалмен көрсетеді. Осының өзінен-ақ Дюринг мырза қосымша құнды бөлуде конкуренция басты роль атқарады екен деп қорытынды жасай алған болар еді, сөйтіп, шынында да, біраз байыптап қараған күнде, қосымша құнның өзінің бағыныңқы формаларына айналу әдісін, тым болмаса жалпылама түрде, анықтау үшін бірінші томда жасалған осы емеуріндердің өзі-ақ жеткілікті болар еді.

<sup>1</sup> Екінші томға, Маркстің жоспары бойынша, «Капиталдың» екінші және үшінші кітаптары кіруге тиісті еді. Кейін үшінші кітап жеке үшінші том болып бөлінді. *Ред.*

<sup>2</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 322-бет. *Ред.*

Бірақ Дюринг мырза үшін нақ конкуренцияның өзі түсінуге мүмкіндік бермейтін абсолюттік бөгет болып табылады. Ол конкуренцияға түсуші кәсіпкерлер еңбектің толық өнімін, сонымен бірге қосымша өнімді де, өндірістің табиғи шығындарынан едәуір асып түсетін баға бойынша қалайша ұзақ уақыт өткізіп отыра алатындығын пайымдауға дәрменсіз болып отыр. Бұл тағы да Дюринг мырзаға тән «қаташдықпен» көрсетілген, ал шындығында мұның өзі шалағайлық болып табылады. Әңгіме мынада: қосымша өнім дегеніміздің өзі, *Маркстің пікірінше, ешқандай өндіріс шығындарын керек етпейді*: мұның өзі өнімнің капиталист үшін *тегін түсетін* бөлегі болып табылады. Демек, егер конкуренцияға түсуші кәсіпкерлер қосымша өнімді оның өндірістік табиғи шығындары бойынша өткізбек болса, онда олар мұны *тегін беруге* тиісті болар еді. Алайда бұл сыяқты «микрологиялық тегіктерге» тоқталмай-ақ қояйық. Конкуренцияға түсуші кәсіпкерлер шындығында еңбек өнімдерін олардың өндірістік табиғи шығындарынан едәуір асып түсетін баға бойынша күн сайын өткізіп отырған жоқ па? Дюринг мырзаның айтуынша, өндірістің табиғи шығындары «еңбекті немесе күшті жұмсауда, — ал мұның жұмсалудың өзі де сайып келгенде тамаққа шығатын шығындармен өлшене алады», демек, кәзіргі кездегі қоғамда өндірістің табиғи шығындары, «алым-салықтан», пайдадан, қолға шпага алып күшпен қосатын үстемеден өзгеше, шикізатқа, еңбек заттары мен жалақыға жұмсалған нақты шығындардан құралады. Ал оның бер жағында жұрттың бәріне мәлім, біз өмір сүріп отырған қоғамда конкуренцияға түсуші кәсіпкерлер өнімдерін өткізгенде олардың өндірістік табиғи шығындары бойынша ғана өткізіп *қоймайды*, сонымен қатар үстеме, пайда дейтінді де қоса есептейді, — әдетте мұны алып та отырады. Сонымен, Дюринг мырзаның ойынша, Иисус Навиннің бір кезде Иерихонның қорғандарын қыйратқаны сыяқты, Маркстің бүкіл ордасын бір үрлегенде төңкеріп тастау үшін алға қойылуының өзі-ақ жеткілікті көрінетін мәселе, — бұл мәселе Дюринг мырзаның экономикалық теориясынан да орын алып отыр. Енді Дюринг мырзаның бұған қалай жауап беретінін көрейік.

«Егер капитал меншігінде, — дейді ол, — адамзат материалына жасалатын көлденең зорлық та бір мезгілде болмайтын болса, онда ол меншікте ешқандай практикалық мағна болмайды және ол пайдаланыла алмақшы емес. Бұл зорлықтың жемісі капитал пайдасы болып табылады, сондықтан да мұның мөлшері осы үстемдіктің көлемі мен оны қолдану интенсивтілігіне байланысты... Капитал пайдасы дегеніміз конкуренциядан гөрі неғұрлым қуатты ықпалы бар саяси және әлеуметтік институт. Бұл жөнінде кәсіпкерлер бір сословие ретінде қыймылдайды да, әрқайсысы өз позициясын өзінде сақтап отырады. Шаруашылық-

тың үстем болып отырған әдісі тұсында капитал пайдасының едәуір жоғары болуы қажеттілік болып табылады».

Амал не, біз конкуренцияға түсуші кәсіпкерлер еңбек өнімдерін ұзақ уақыт өндірістің табиғи шығындарынан жоғары бағамен қалайша өткізе алатындығын әлі де білмей отырмыз. Кезінде пруссак королінің заңнан жоғары тұрғаны сыяқты, капитал пайдасы да конкуренциядан жоғары тұр деген желсөзбен өз жұртшылығын қанағаттандыруға болады деп есептейтіндей Дюринг мырза оны кем санайды деп жорамалдауға болмайды ғой. Пруссак королінің заңнан жоғары тұрарлық жағдайға жету үшін қолданған айла-шарғылары бізге мәлім; ал капитал пайдасын конкуренциядан құдіреттірек болатын дәрежеге жеткізетін айла-шарғыларды алатын болсақ, — міне бұларды бізге Дюринг мырза түсіндіріп беруге тиіс, бірақ ол түсіндіруден қасарысып бастартып отыр. Ал енді, Дюринг мырзаның айтуынша, бұл жөнінде кәсіпкерлер бір сословие ретінде қыймылдайды да, әрқайсысы өз позициясын өзінде сақтап отырады дегенге келетін болсақ, бұдан істің жайы өзгере қоймайды. Шынында да біз оның: бірнеше адам сословие есебінде ынтымақпен қыймылдаса болғаны, олардың әрқайсысы өз позициясын өзінде сақтап қала алады деген сөзіне нана салуға тиісті емеспіз ғой. Орта ғасырларда цех мастерлерінің, ал 1789 жылы француз дворяндарының сословие ретінде өте батыл-ақ қыймылдағаны мәлім, — солай бола тұрса да олар құрып кетті. Иен түбінде пруссак армиясы да сословие ретінде қыймыл көрсетті, бірақ өз позициясын сақтап қалудың орнына ол, мұның керісінше, лажсыз қаша жөнелуге, ал кейін тіпті бөлім-бөлімімен тізе бұгуге мәжбүр болды. Сол сыяқты, шаруашылықтың үстем болып отырған әдісі тұсында капитал пайдасының едәуір жоғары болуы қажеттілік болып табылады деп сендірушілік те бізді жөнді қанағаттандыра алмайды; әңгіме шынтуайтқа келгенде мұның *неліктен* бұлай екенін түсіндіруде болып отыр ғой. Дюринг мырзаның мына хабары да бізді мақсатқа бір адым да жақындата қоймайды: «Капитал үстемдігі жер үстемдігімен тығыз байланысты болып өсті. Селолық крепостной жұмысшылардың бір бөлегі қалаларға барып, сонда қолөнерші жұмысшыларға, ақыр-аяғында фабрикалық жұмысшыларға айналып кетті. Жер рентасының ізінше иелік рентаның екінші формасы ретінде капитал пайдасы туды». Бұл пікірдің тарихи терістігін былай қойған күнде де, мұның өзі дегенмен тек қана жалаң пікір болып қалады да, нақ түсіндіріп, дәлелдеуді керек ететін нәрсенің ақыйқаттығы жөнінде қайта-қайта кепілдік айтумен ғана тынады. Демек, біз Дюринг мырза өзінің қойған сұрағына: конкуренцияға түсуші кәсіпкерлер еңбек өнімін өндірістің табиғи шығындарынан жоғары бағамен қалайша үнемі өткізіп отыра алады деген сұраққа жауап беруге қабілетсіз, басқаша айтқанда — пайданың тууын түсіндіруге

қабілетсіз дегеннен басқа ешқандай қорытындыға келе алмаймыз. Оған: капитал пайдасы дегеніміз *зорлықтың* нәтижесі деп жәй декрет шығарудан басқа ештеңе қалмайды, ал мұның өзі, тегінде, Дюрингтің әлеуметтік конституциясының: Зорлық бөледі деген екінші статьясымен әбден үйлесіп жатыр. Бұл, әрине, өте әдемі айтылған, бірақ енді мынадай «сұрақ туады»: зорлық бөледі екен, — сонда дәл нені бөлмек? Өйткені бөлу үшін белгілібір объект нақтылы болуға тиіс қой, әйтпесе тіпті ең құдіретті зорлық та қанша тілегенімен ешнәрсені бөле алмайды. Конкуренция жасаушы кәсіпкерлердің өздері қалтасына салатын пайда өте әйгілі де, көп те нәрсе. Зорлық оны *ала* алады, бірақ оны *жасай* алмайды. Сөйтіп Дюринг мырза кәсіпкердің пайдасын зорлық өзіне *қалайша* алатындығын бізге түсіндіруден қарысып бастартып отырған болса, ал зорлық мұны *қайдан* алады деген сұраққа ол жұмған аузын ашпайды. Ешнәрсе жоқ жерде, басқа өкімет атаулы сыяқты, король де өзінің праволарын жоғалтады. Жоқ нәрседен ешнәрсе тумақшы емес, — әсіресе пайда тумайды. Егер капитал меншігінде адамзат материалына жасалатын көлденең зорлық та болмайынша онда ешқандай практикалық мағна болмайды және ол өткізіле алмайды дейтін болсақ, онда тағыда мынадай сұрақ туады: біріншіден, капитал түріндегі байлық осындай күшке қалайша айналды, — бұл жоғарыда келтірілген екі-үш тарихи ыспаттамалармен әсте шешіле қоймайтын мәселе; екіншіден, бұл зорлық капитал құнының өсіңкі түріне, пайдаға, қалайша айналады және, үшіншіден, зорлық бұл пайданы қайдан алады?

Дюрингтің саяси экономиясын біз қай жағынан алып қарасақ та, дегенмен біз бір адым да ілгері-баса алмаймыз. Өзінің көңліне ұнамайтын барлық құбылыстар жөнінде, пайда, жер рентасы, жартымсыз жалақы, жұмысшының кіріптар етілуі жөнінде, — оның тек *жалғыз ғана* түсіндіргіш сөзі бар, ол: зорлық, тағыда және тағыда зорлық, ал «неғұрлым айбарлы ашу» Дюринг мырзада нақ сол зорлыққа қарсы бағытталған жәй ашуға айналады. Біздің көріп отырғанымыз, біріншіден, осылайша зорлыққа сілтеудің өзі жексұрын жалтарушылық, бірдебір экономикалық фактыны түсіндіре алмайтын дәрежеде мәселені экономикалық саладан саяси салаға көшірушілік болып табылады; екіншіден, бұл жағдай зорлықтың өзінің қалай туғанын түсіндірусіз қалдырады — бұлай ету өте орынды да, әйтпесе мұның өзі қоғамдық күш пен саяси өкімет атаулының бәрі тиісті қоғамның экономикалық алғышарттарына, тарих жүзінде белгіленген өндіріс пен айырбас әдісіне негізделеді деген қорытындыға келуге мәжбүр болар еді.

Алайда, саяси экономияның «терең негізін салушы» осы мейрімсіз кемсігерден пайда жөнінде бұдан басқа да бірнеше түсінікті қоймай алуға тырысып көрейік. Егер біз оның жалақы

туралы мәселені баяндауымен жақынырақ танысып көрсек, бәлкім, бізге мұның сәті түсер де. Сол жерде, 158-бетте, былай делінген:

«Жалақы дегеніміз жұмысшы күшін сақтау үшін төленетін жалдау ақысы және бұл жерде ең алдымен жер рентасы мен капитал пайдасы үшін керекті негіз ретінде ғана қаралуға жататын нәрсе. Бұл жерде орын алып отырған қатынастарды әбден анықтап білу үшін, алдымен жер рентасын, онан кейін капитал пайдасын да тарих жүзінде, әуелі жалақысыз, яғни құлдықтың немесе крепостнойлық қалыптың негізінде түсініп алу керек... Құлды немесе крепостнойды асырауға тура келе ме, әлде жалдама жұмысшыны асырауға тура келе ме, — бұл өндіріс шығындарын есептеу әдістеріндегі айырмашылықтарды ғана көрсетеді. *Бұл реттердің бәрінде де жұмысшы күшін пайдалану арқылы өндірілген таза өнім қожайынның табысы болады...* Бұдан тауатын айқын қорытынды... бір жағында *иелік рентаның* белгілібір түрі, ал екінші жағында дәулетсіз жалдамалардың еңбегі көрсетілетін нақ негізгі қарама-қарсылықты бұл қатынас мүшелерінің бірінен ғана іздеуге болмайды, қайта міндетті түрде екеуінен бір мезгілде іздеу керек». Ал иелік рента, 188-беттен біліп отырғанымыздай, жер рентасы мен капитал пайдасының ортақ белгісі болып табылады екен. Онан соң, 174-бетте, былай делінген: «капитал пайдасының бір сыйпаты — *жұмысшы күші өнімінің ең негізгі бөлегін иемденушілік*. Белгілібір формада тікелей немесе жанамалап бағындырылған сабақтас мүше — еңбек болмайынша капитал пайдасының мәнісін түсіну мүмкін емес». Ал 183-бетте: жалақы «қандай жағдайларда болса да мықтағанда жалдау ақысы болып табылады, осы арқылы жалпы алғанда жұмысшыны асырау ісі және оның тұқым жаю мүмкіндігі қамтамасыз етілуге тиіс» делінген. Ақырында, 195-бетте біз мынаны оқыймыз: «иелік рентаның үлесіне тиетін нәрсе жалақының шығыны болуға тиіс және мұның керісінше — жалпы өнімді қабілеттіліктен (!) еңбекке тиетін нәрсе иелік табыстардан алынып тасталуға тиіс».

Дюринг мырза бізге бір сюрпризден соң екіншісін ұсынып отыр. Құн теориясында және келесі тарауларда, конкуренция туралы ілімге дейін және соны қоса алғанда, демек, 1-беттен 155-бетке дейін, товар бағалары немесе құндары онда, біріншіден, өндірістің табиғи шығындары, немесе «өндірістік құн», яғни шикізатқа, еңбек заттарына және жалақыға жұмсалған шығын, ал екіншіден, үстеме, яғни қолдағы шпaғаның күшімен монополистер табының пайдасына салынатын салық ретіндегі «үлеспелі құн» болып бөлінген-ді. Бұл үстеме, жоғарыда көргеніміздей, шындығында байлықты бөлуде ешнәрсені де өзгерте алған жоқ, өйткені Дюринг мырза бір қолымен алғанын екінші қолымен қайтарып беруге мәжбүр болып отыр; оның үстіне, бұл үстеме,

Дюринг мырзаның бізге оның тегі мен мазмұнын білдіруіне қарағанда, жоқ нәрседен туған, сондықтан да жоқ нәрседен құралған үстеме болып шығып отыр. Табыстардың әралуан түрлері туралы баяндайтын келесі екі тарауда, яғни 156-беттен 217-бетке дейін, үстеме туралы енді әңгіме де жоқ. Оның орнына әрбір еңбек өнімінің, демек, әрбір товардың құны, енді екі бөлімге бөлінеді: біріншіден, өндіріс шығындары, бұған төленген жалақы да кіреді; екіншіден, «жұмысшы күшін пайдалану арқылы өндірілген *таза табыс*», бұл — қожайынның табысы. Бұл таза табыстың жұрттың бәрі жақсы білетін бейнесі бар, мұны ешқандай татуировкамен немесе әшекейлеу өнерімен жасыру мүмкін емес. «Бұл жерде үстем болып отырған қатынастарды әбден анықтап білу үшін», оқушы Дюринг мырзаның шығармаларынан жаңа ғана келтірілген сөздер бұдан бұрынырақ қосымша еңбек, қосымша өнім және қосымша құн туралы Маркстен алынып келтірілген цитаталармен қатар басылғанын еске алсын, — сонда оқушы Дюринг мырзаның бұл жерде Маркстің «Капиталын» өзіңше *тура көшіріп алып отырғанын* көреді.

Дюринг мырза осы күнге дейін үстемдік етіп келген таптардың табыстарының негізі, құлдық бола ма, крепостнойлық тәуелділік бола ма, әлде жалдама еңбек бола ма, әйтеуір белгілібір формадағы қосымша еңбек деп мойындайды; мұның өзі «Капиталдың» сан рет цитатаға келтірілген жерінен (277-бет)<sup>1</sup> алынған: «қосымша еңбекті капитал ойлап тапқан жоқ», т. т. — Ал «қожайынның табысы» болатын «таза түсім» ше, — мұның өзі еңбек өнімінің жалақыдан, бұл жерде жалдау ақысының пердесін мүлде орынсыз жамылып отырғанына қарамастан, Дюринг мырзада да жалпы алғанда жұмысшыны асырау ісін және оның тұқым жаю мүмкіндігін қамтамасыз етуге тиісті жалақыдан, артылған бөлегі емей немене? Капиталист «жұмысшы күші өнімінің ең негізгі бөлегін» иемденгенде, Маркстің көрсеткеніндей, жұмысшыдан еңбекті сол жұмысшының тұтынған тіршілік заттарын қалпына келтіру үшін қажетті мөлшерден көбірек сығып алу арқылы, яғни жұмысшыны сол жұмысшыға төленген жалақы құнының орнын толтыру үшін керекті уақыттан ұзағырақ істеуге мәжбүр ету арқылы иемденіп отырмай ма? Олай болса, жұмыс күнін жұмысшының тұтынатын тіршілік заттарын ұдайы өндіру үшін қажетті уақыттан асыра ұзарту, яки маркстік қосымша еңбек, — «жұмысшы күшін пайдалану» деп отырған Дюринг сөздерінің астарында бүркеулі жатқан нәрсе міне осы. Ал Дюринг мырза айтып отырған қожайынның «таза табысы» ше, мұның өзі маркстік қосымша өнім мен қосымша құн түрінде ға-

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 240-бет. *Ред.*

на көрсетілмей, басқаша көрсетіле алмақ па? Сөйтіп, Дюрингтің иелік рентасында маркстік қосымша құннан пікір дәлсіздігінен басқа қандай айырма бар? Тегінде, «иелік рента» деген терминнің өзін Дюринг мырза Родбертустан алып пайдаланған, ал Родбертус жер рентасы мен капитал рентасын, яғни капитал пайдасын «рента» деген ортақ терминмен біріктірген болатын, сондықтан Дюринг мырзаға «иелік»<sup>1</sup> деген сөзді қосу ғана қалғанды. Ал енді бұл жерде плагиат барлығына ешқандай күман қалдырмау үшін, Дюринг мырза «Капиталдың» 15-ші тарауында («Капиталдың» 539 және келесі беттері)<sup>2</sup>. Маркс дамытқан жұмысшы күші бағасы мен қосымша құн мөлшерінің арасалмағы туралы заңды өзіне тән мәнермен қорыта келіп: иелік рентаның үлесіне тиетін нәрсе жалақының жоғалтатыны болуға тиіс және мұның керісінше дейді; сөйтіп ол Маркстің мазмұнды, нақтылы заңдарын мазмұнсыз тавтологияға апарып саяды, өйткені егер белгілібір мөлшер екіге бөлінетін болса, онда оның бір бөлегі кемімейінше екінші бөлегі көбейе алмақшы емес. Сонымен, маркстік идеяларды Дюринг мырзаның иемденіп алған формасы сондай, мұнда Маркстің пікір желісінің даусыз өзгешелігі болып табылатын «дәлме-дәл пәндер мағнасындағы мінсіз және аса қатаң ғылыми негіз» мүлде жоғалып кеткен.

Демек, біз «Сын тарихында» Дюринг мырзаның «Капитал» жөнінде көтерген даурықпалы айқай-шуы, әсіресе, қосымша құнды қарағанда туатын аты-шулы мәселеге байланысты Дюринг мырзаның бүркыратып отырған шаң-тозаңы (өзі жауап бере алмайтын болған соң, оның бұл мәселені қоймағаны-ақ жақсы еді), — осының бәрі «Курста» Маркс жөнінде жасалған плагиатты бүркеу мақсатымен қолданылған соғыс қулықтары ғана, айлакерлік маневр ғана деген қорытындыға келмей тұра алмаймыз. «Маркс мырза «Капитал» деп атаған шумақпен» танысудан, тарихи және логикалық фантастиканың шалағай нәтижелерінен, пегельдік шытырман, бұлдыр түсініктер мен жалтаруулардан, т. с. нәрселерден өз оқушыларын сақтандыруға Дюринг мырзаның шынында да дәлелдері толық еді. Осы айнымас Эккарт<sup>3</sup> неміс жастарын сақтандырып отырған Шолпанды оның өзі Маркстің мекенінен өзіне, қауіпсіз орынға, өз мақсаттары үшін астыртын көшіріп әкелді. Дюринг мырзаны Маркстің жұмысшы күшін пайдалану арқылы өндірілген осы таза түсіммен құттықтаймыз, оны мынау жөнінде де құттықтаймыз: оның маркстік қосымша

<sup>1</sup> Шындығында Дюринг мырза бұл сөзді де қосқан жоқ. Родбертус былай дейді («Soziale Briefe», 2. Brief, S. 59) [«Әлеуметтік хаттар», 2-ші хат 59-бет. *Ред.*] «Бұл теория (яғни оның теориясы) бойынша рента дегеніміз кісінің өз еңбегін жұмсамай, тек қана *иелік етуі себепті* алатын әрбір табысы». [*Энгельстің ескертуі.*]

<sup>2</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 522—532-беттер. *Ред.*

<sup>3</sup> Неміс аңызының кейіпкері. *Ред.*

құнды иелік рента деген атпен аннексиялап алуы Маркс қосымша құн деп тек олжаны немесе капитал пайдасын ғана түсінеді деген оның қасарынқы, — өйткені бұл екі жолғы басылуында да қайталанып отыр, — және жалған пікірін өзгеше анық көрсетіп береді.

Қорытындыда біз Дюринг мырзаның сіңірген еңбектерін оның өз сөздерімен сыйпаттауға тиіспіз: Дюринг «мырзаның көзқарасы бойынша, жалақы дегеніміз өзінің өмір сүруін мүмкін ету үшін жұмысшының нақты істейтін жұмыс уақытының ақысы ғана. Бұл үшін әйтеуір бір азғантай ғана сағат жеткілікті; көбінесе өте ұзақ келетін жұмыс күнінің басқа бөлегінің бәрі артық өнім береді, мұнда, біздің автордың терминологиясы бойынша»... иелік рента болады. «Өндірістің белгілі бір сатысында-ақ еңбек құрамдарында және осыған жататын шикі материалдарда болатын жұмыс уақытын шығарып тастағанда, жұмыс күнінің жоғарыда көрсетілген артығы кәсіпкер капиталистің үлесі болып табылады. Демек, жұмыс күнінің ұзартылуы — капиталистің пайдасына түсетін таза қанаушылық олжа. Қанаушылық шаруашылықты түсінудің осы әдісін»... Дюринг «мырзаның қолдануынан көрініп отырған зәрлі өшпенділік әбден түсінікті»... Мұның есесіне бір түсініксіздеу нәрсе: ол «неғұрлым айбарлы ашуға» керекті орынды өзінің жан жүйесінен тағы да қалай іздеп табар екен?

## IX

### ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ ТАБИҒИ ЗАҢДАРЫ. ЖЕР РЕНТАСЫ

«Өз заманы үшін жәй ғана қанағаттанарлық нәрсе болып қоймай, сонымен қатар *ол үшін жетекші маңызы* бар жаңа системаға талаптанып», «бой көрсетуге» Дюринг мырзаның қалай жеткенін біз осы күнге дейін, қанша қаласақта, аша алмай қойдық. Бірақ, бәлкім, зорлық теориясынан, құн мен капитал туралы ілімнен байқай алмағанымыз Дюринг мырза орнатқан «халық шаруашылығының табиғи заңдарын» қарағанда бізге айдан анық болар. Өйткені, оның өзіне тән әрі тың, әрі өткір пікірмен сөз саптауына қарағанда, «ең жоғары ғылыми негіздің салтанаты тыныштық қалпында тұрған сыяқты көрінетін материалды жәй ғана суреттеп, жіктеуден жасақталу процесінің өзін айқын білдіретін нақты көзқарастарға жетуде. Сондықтан заңдарды тану ең жетік таным болып табылады, өйткені мұның өзі бізге бір процестің екінші процеске байланысты екенін көрсетіп береді».

Бақсақ, шаруашылық атаулының ең тұңғыш табиғи заңын ашқан басқа ешкім де емес, Дюринг мырзаның өзі екен. Адам



Смит, «өте бір таң қаларлық нәрсе, шаруашылық даму атаулының аса маңызды факторын басты орынға қоймағаны былай тұрсын, тіпті мұны айрықша тұжырымдамаған да, сөйтіп, кезіргі кездегі европалық дамуға әсерін тигізген күшті еріксіз бағыныңқы рольге түсірген». «Басты орынға қойылуға тиісті» осы «негізгі заң — адамзаттың табиғаттан дарыған шаруашылық күшін техникамен жабдықтау, тіпті былайша айтқанда, қаруландыру заңы». Дюринг мырза ашқан осы «іргелі заң» мынадай:

Заң № 1. «Шаруашылық құрал-жабдықтарының, — табиғат пен адамзат күші ресурстарының, — өнімділігі *өнертабыстар мен жаңалықтардың арқасында* артып отырады».

Біз қайран қалып отырмыз. Мольердегі белгілі бір қалжақбас қолдан жасалған дворянға: өзің де аңдамастан өмір бойы прозамен сөйлеп келесің деген жаңалық айтып, оған қалай істеген болса, Дюринг мырза да бізге дәл солай істеп отыр. Өнертабыстар мен жаңалықтар еңбектің өндіргіш күшін екінің бірінде арттырып отыратындығын (дегенмен, дүние жүзіндегі барлық мекемелердің патенттер беру жөніндегі қыруар архивтік қоқысынан көрініп отырғанындай, өте көптеген ретте мұны айтуға болмайды), — біз бұрыннан-ақ білеміз; бірақ әлдеқашан ескіріп, жауыр болған осы ақыйқаттың бүкіл саяси экономияның іргелі заңы екендігі, — мұндай жаңалықтың ашылуы бүтіндей Дюринг мырзаның арқасы. Егер саяси экономияда, философиядағыдай, «ең жоғары ғылыми негіздің салтанаты» жалпыға таныс бірінші кездескен ережеге сарынды іт тағып, мұның өзін табиғи немесе тіпті іргелі заң деп жар салуда ғана тұрған болса, онда ғылымда «неғұрлым терең негіз салып», төңкеріс жасау әркімге, — тіпті берлиндік «*Volkszeitung*»<sup>1</sup> редакциясына да, — шынында да мүмкін бола бастайды. Бұлай болған күнде біз Дюринг мырзаның Платон жайындағы мына үкімін оның өзіне «мейлінше қатаңдықпен» қолдануға мәжбүр болар едік: «егер бұл сыяқты нәрсе саяси-экономикалық даналыққа балапаны болса, онда «сын негіздемелерінің» авторы өзінен өзі айқын нәрсе жөнінде орайы келіп әйтеуір бірдеңені ойластырған» — немесе тіпті бірдеңені сандырақтап айта салған — «әркіммен бұл даналыққа ортақ болып шығады». Егер, мәселен, біз: жануарлар жем жейді дейтін болсақ, онда, өзіміз де аңдамастан, ұлы ақыйқатты нақыл еткен боламыз; өйткені әрбір жануар тіршілігінің іргелі заңы жем жеуде десек-ақ болғаны, сонда біз зоологияда толық төңкеріс жасаған болып шығамыз.

Заң № 2. Еңбек бөлінісі: «Кәсіптердің жіктелуі және қызметтердің бөлінуі еңбек өнімділігін арттырады». Мұның өзі орынды болғандықтан, Адам Смиттен бастап бұл да жалпы ережеге ай-

<sup>1</sup> «Халық Газеті» — либералдық-демократиялық бағыттағы берлиндік газет. *Ред.*

налды; бірақ мұны нақ қай дәрежеде орынды деп білуге болатындығын біз үшінші бөлімде көреміз.

Заң № 3. «Жер шалғайлығы мен транспорт — өндіргіш күштердің бірлесіп қыймылдауын тежейтін, не оңайлататын басты себептер».

Заң № 4. «Өнеркәсіпті мемлекеттегі халық аграрлық мемлекеттегіден гөрі неғұрлым тығыз келеді».

Заң № 5. «Экономикалық салада ешнәрсе де белгілібір материалдық мүддесіз істелмейді».

Дюринг мырза өзінің жаңа экономикалық ғылымын негіздеп отырған «табиғи заңдар» осындай. Ол философияда-ақ баяндалған өзінің metodyнан айнымай қалып отыр. Оңалмастай тозығы жеткен бір-екі жалаң ақыйқат, оның үстіне екінің бірінде теріс тұжырымдалған ақыйқат, саяси экономияда да дәлелдеуді керек етпейтін аксиомаларға, іргелі тесремаларға, табиғи заңдарға айналып отыр. Онан соң, шындығында ешқандай мазмұны жоқ осы заңдардың мазмұнын дамыту сылтауымен, Дюринг мырза осы жалған заңдарда аттары аталатын әртүрлі тақырыптар жөнінде, яғни өнертабыстар, еңбек бөлінісі, транспорт құрал-жабдықтары, халық өсуі, мүдде, конкуренция, т. с. жайындағы тақырыптар жөнінде экономикалық мағнасыз бос мылжынға салынады. Бұл жерде бізге тұрпайы жаландығы тек көп уәде ететін сәуегейлік желсөздермен, ал кей жерлерде — бұрмаланған көзқарастармен немесе әралуан казуистикалық астарлар жөнінде, білгішсініп, даналық айтумен бүркелген бос мылжын ұсынылып отыр. Осының бәрінен кейін біз енді, ақырында, жер рентасына, капитал пайдасы мен жалақыға жетіп отырмыз, ал бұдан бұрынғы баяндауымызда біз иемденудің соңғы екі формасына ғана тоқталғанбыз, сондықтан бұл жерде, қорытындыда, біз жер рентасын Дюринг мырзаның қалай түсінетіндігін қысқаша ғана қарап өтпекшіміз.

Мұнда біз Дюринг мырзаның өзінің ізгастаушысы Кәриден тіке көшіріп алған жерлерін ескерусіз қалдырып отырмыз; біздің әңгімеміз Кәри жайында емес, сондықтан осы аталған экономисттің бұрмалаушылықтары мен сорақылықтарынан Рикардоның жер рентасы жөніндегі ұғымын қорғау біздің міндетімізге кірмейді. Біздің әңгімеміз тек Дюринг мырза жайында болып отыр, ал бұл кісі жер рентасын «жер иесінің дәл өзі сол жерден алып отыратын табыс» деп анықтайды. Дюринг мырза өзі түсіндіруге тиісті жер рентасының экономикалық ұғымын ол юридикалық тілге жәйша аудара салады, сөйтіп, біз бір орыннан қозғалмай отырмыз. Сол себепті біздің терең негізшіміз қаласын-қаламасын онан әрі шарлап түсіндіруге тиісті болады. Ол белгілібір именінің фермерге арендаға берілуін белгілібір капиталдың кәсіпкерге қарызға берілуімен салыстырады, бірақ ұзамай бұл салыстыру, «басқа да көптеген салыстыру сыяқты, мүкістеу деген қорытынды-

ға келеді. Өйткені, дейді ол, «егер біз осы аналогияны жүргізе береміз десек, онда жер рентасын төлегеннен кейін арендатордың қолында қалатын пайда әлгі капиталдың көмегімен іс жүргізуші кәсіпкердің үлесіне тиетін капитал пайдасының проценттерді алып тастағаннан кейінгі қалдығына сәйкес келуге тиісті болар еді. *Алайда* арендаторлардың пайдасын негізгі табыс деп, ал жер рентасын — қалдық деп қарау *жөн емес*... Бұл мәселені түсінудегі айырмашылық мына *фактымен* дәлелденеді: жер рентасы туралы ілімде шаруашылықты меншікшінің өзі жүргізетін жағдай ерекше көрсетілмейді, сондықтан арендалық ақы формасындағы рента мөлшері мен шаруашылықты өзі жүргізуші жер иесіне тиетін рента арасындағы айырмашылыққа онша мән берілмейді. Шаруашылықты дербес жүргізуден алынатын рентаны, бір бөлегі жер участогінен түскен процент сыяқты, екінші бөлегі — кәсіпкердің қосымша пайдасы боларлықтай етіп, ойша жіктеуді *әйтеуір ешкім қажет деп есептеген емес*. Арендатор қолданатын меншікті капиталды былай қойғанда, оның арнаулы *пайдасы, сірә, көбінесе* жалақының белгілі бір түрі ретінде *қаралатын сыяқты*. Алайда, бұл мәселе жөнінде пәлен деп кесіп айту *көзжұмбайлық* болар еді, өйткені мұндай анық формада бұл мәселе тіпті алға қойылған да емес. Бізге неғұрлым ірі шаруашылықтар кездесетін жерлердің бәрінде де арендатордың арнаулы пайдасын жалақы түрінде көрсетудің теріс болатындығын байқау оңай. Әңгіме мынада: бұл пайданың өзі селолық жұмысшы күші жөніндегі қарама-қарсылыққа негізделген, ал осы жұмысшы күшін қанаудың бір өзі ғана табыстың бұл түрін қамтамасыз ете алады. Анығында, *рентаның бір бөлегі* арендатордың қолында қалады, осының салдарынан шаруашылықты меншікшінің өзі жүргізгенде алуға болатын *толық рента* кемиді».

Жер рентасы теориясы — саяси экономияның дербес ағылшындық бөлімі, бұл түсінікті де, өйткені рентаны пайда мен проценттен іс жүзінде бөліп жіберген өндіріс әдісі тек Англияда ғана болды. Жұртқа мәлім, Англияда ірі жер иелігі мен ірі егіншілік үстемдік етеді. Жер меншікшілері ірі, көбінесе өте ірі, имениелер түріндегі өз жерлерін арендаторларға жалға береді, бұл жерлерді пайдалану үшін олардың жеткілікті капиталы бар және, біздің шаруалардан бір өзгешелігі, жұмысты өздері істемейді, қайта, нағыз капиталист кәсіпкерлер сыяқты, батрактар мен күндікшілердің еңбегін пайдаланады. Демек, мұнда буржуазиялық қоғамда болатын үш таптың үшеуі де және олардың әрқайсысына тән табыс түрі де бар екенін: жер рентасын алатын жер меншікшісі, пайда алатын капиталист және жалақы алатын жұмысшы бар екенін көреміз. Дюринг мырза *ойлағандай*, арендатордың пайдасын өзгеше бір жалақы деп білу ниеті ешқашанда бірде-бір ағылшын экономисінің басына кіріп шыққан да емес; арендатордың пайдасын мейлінше айқын, көрнекі, даусыз

түрінде қабылдаудың, атап айтқанда — оны капитал пайдасы деп танудың *көзжұмбайлық* болып көрінуі онан бетер мүмкін емес-ті. Арендатордың пайдасы не нәрсе екендігі жайындағы мәселе мұндай анық формада тіпті алға қойылған да емес деген пікір мүлде кісі күлерлік нәрсе. Англияда бұл мәселені алға қоюды қажеті де жоқ, өйткені сұрақ пен жауап фактылардың өздерінде-ақ әлдеқашан берілген, және Адам Смиттің кезінен бері қарай бұл жөнінде ешқашанда күман туған емес.

Дюринг мырзаның сөзімен айтқанда, өздігінен шаруашылық құру жағдайы, немесе, дұрысын айтқанда, Германияда екінші бірінде іс жүзінде кездесіп отыратынындай, шаруашылықты жер иесінің есебінен басқарушы арқылы жүргізу, — бұл жағдай істің мәнін ешбір өзгерте қоймайды. Егер жер иесі өз капиталын жұмсап, шаруашылықты өз есебінен жүргізетін болса, онда ол, жер рентасының үстіне капитал пайдасын да өз қалтасына салады, бұл кәзіргі кездегі өндіріс әдісі тұсында өзінен өзі түсінікті нәрсе — бұдан басқаша болуы мүмкін де емес. Ал егер Дюринг мырза шаруашылықты жер иесінің өзінің жүргізуінен түсетін рентаны (табысты — деу керек еді) ойша жіктеуді бұған дейін ешкім де қажет деп есептеген емес деп отырған болса, мұнысы тіпті дұрыс емес және ең мықтағанда тағы да оның өзінің нағандығын ғана дәлелдейді. Мәселен:

«Еңбектен түсетін табыс жалақы деп аталады; әйтеуір біреудің капиталды пайдалануынан түсетін табыс пайда деп аталады... Тек қана жерден түсетін табыс рента деп аталады және бұл жер иесінікі... Егер табыстың осы әралуан үш түрлі әртүрлі адамдарға тиетін болса, онда бұларды айыру оңай; ал егер бұлар бір адамға ғана тиетін болса, жұрт бұларды, ең болмағанда ауыз екі сөзде, көбінесе шатастырып отырады. Өз жерінің белгілі бір участогінде *шаруашылығын өзі жүргізетін* жер иесі, өңдеуге жұмсалған шығындарды шығарып тастағанда, *жер иесінің рентасын да, арендатордың пайдасын да* алып отыруға тиіс. Алайда ол өзінің барлық табысын пайда деп атауға, сөйтіп, ең болмағанда дағдылы сөзде, жер рентасын пайдамен шатастыруға бейім тұрады. Біздің солтүстік-америкалық және вест-индиялық плантаторлардың көпшілігі нақ осындай жағдайда; көбінесе олар өз меншігіндегі жерді өңдейді, сондықтан да біз белгілі бір плантациядан алынатын рента туралы сирек есітеміз, ал сол жерден түсетін пайда туралы неғұрлым жиі айтылады... Өз бауын өз қолымен өңдейтін бағбанның бір өзі жер иесінің, арендатордың және қызметкердің жұмысын қоса атқарады. Демек, оның өнімі оған біріншісінің рентасын, екіншісінің пайдасын, үшіншісінің жұмыс ақысын өтеуге тиіс. Алайда мұның бәрі, тұтас алынған түрінде, әдетте оның еңбек табысы болып есептеледі; сөйтіп, бұл жерде рента мен пайда жалақымен шатасып кетеді».

Бұл сөздер *Адам Смиттің* бірінші кітабының 6-шы тарауынан

алынған<sup>1</sup>. Сонымен, өздігінен шаруашылық құру жағдайы бұдан жүз жыл бұрын-ақ зерттелген болатын, сондықтан бұл жерде Дюринг мырзаны қатты әбігер етіп отырған күдіктер мен қобалжулардың бәрі де тек қана оның өз надандығының нәтижесі болып табылады.

Ақыр-аяғында ол батыл айланың көмегімен қыйыншылықтан құтылады, атап айтқанда былай: арендатордың пайдасы, дейді ол, «селолық жұмысшы күшін» қанауға негізделеді, сондықтан бұл пайда «рентаның бір бөлегі» екендігі, осының салдарынан, шындығында, бүтіндей жер иесінің қалғасына түсуге тиісті «толық рентаның кемитіндігі» мүлде айқын. Осының арқасында біз екі нәрсені білеміз: біріншіден, арендатор жер иесінің рентасын «кемітеді» екен, ендеше Дюринг мырза рентаны, осы күнге дейін ойлап жүргеніміздей, арендатор жер иесіне рента төлемейді, қайта, мұның керісінше, *жер иесі* оны *арендаторға* төлейді деп қорытынды жасауға тиіс, — шын мәнісінде «негізінен өзгеше көзқарас»; екіншіден, біз, ақырында, Дюринг мырзаның жер рентасы деп нені түсінетіндігін, атап айтқанда — ауылшаруашылық еңбегін қанау арқылы егіншілікте алынатын бүкіл қосымша өнімді түсінетіндігін білеміз. Ал енді бұл қосымша өнім осы күнге дейін өмір сүріп келе жатқан саяси экономияда, бәлкім, бірнеше тұрпайы экономистің шығармаларын қоспағанда, жер рентасы және капитал пайдасы болып бөлінетіндіктен, біз Дюринг мырза жер рентасы жөнінде де «жалпы жұрт қабылдаған көзқарасқа қосылмайды» екен деп пікір қорытуға тиіспіз.

Сонымен, жер рентасы мен капитал пайдасының өзара айырмасы, Дюринг мырзаның пікірінше, тек мынау ғана: біріншісі егіншілікте, ал екіншісі өнеркәсіпте немесе саудада туады. Шыншылдыққа жатпайтын, осындай шым-шытырық пікірге Дюринг мырза лажсыз келіп отыр. Оның «нағыз тарихи көзқарасқа» сүйенгенін, бұл көзқарас бойынша жерге жүргізілетін үстемдік тек қана адамдарға жүргізілетін үстемдікке негізделетіндігін біз жоғарыда көрдік. Демек, жер еріксіз еңбектің белгілі бір формасы арқылы өнделетін болса-ақ, сол жерде жер иесі үшін артық өнім шығады, ал нақ осы артық өнім, өнеркәсіпте жұмысшы өндірген өнімнің жұмысшының табысынан артылғаны капитал пайдасы болатыны сыяқты, рента болып табылады. «Сөйтіп, егіншілік еңбектің белгілі бір еріксіздік формасы арқылы жүргізілетін жердің бәрінде және әрқашанда едәуір мөлшерде жер рентасының болатындығы айқын». Рентаны егіншіліктен алынатын бүкіл қосымша өнім ретінде суреттеген күнде, бір жағынан, ағылшын арендаторларының пайдасы, екінші жағынан — осыдан келіп шығатын және бүкіл классикалық саяси экономия таныған, бұл

<sup>1</sup> Энгельс Адам Смиттің «Халықтар байлығы» деген кітабын айтып отыр. *Ред.*

қосымша өнімнің жер рентасы және арендатордың пайдасы болып бөлінетіндігі, демек, мұның өзі — рентаның *таза*, дәл анықтамасы екендігі Дюринг мырзаның жолына кесе көлденең тұра қалады. Ал Дюринг мырза не істеп отыр? Ол егіншіліктегі қосымша өнімнің арендатор пайдасы және жер рентасы болып бөлінетіндігі туралы, демек, классикалық саяси экономияның бүкіл рента теориясы туралы түк есітпепенсіп отыр. Ол: шынында арендатор пайдасы дегеннің не екендігі туралы мәселе саяси экономияда «мұндай анық формада» әлі де ешбір алға қойылған жоқ, әңгіме мүлде зерттелмеген предмет туралы болып отыр, мұнда жәй көріністен және әлде нендей бір құманды нәрседен басқа түк те мәлім емес деп көлгірсиді. Міне енді ол, егіншіліктегі қосымша өнімі, белгілібір теориялық мектептің өшқандай көмегінсіз-ақ, өзінің құрамдас бөлімдеріне, яғни жер рентасы мен капитал пайдасына, сондай аяусыз жіктеліп отырған құнакар Англиядан ат-тонын ала қашып, — өзінің көңлі сүйетін пруссиялық земство правосының жүретін саласына қарай ұмтылады. Мұнда өздігінен шаруашылық құру ісі мүлде патриархтық түрде гүлденген, «помещик өз жерлерінен түсетін табыстарды рента деп түсінеді», ал юнкер мырзалардың рента жөніндегі көзқарасы ғылымда жетекші роль атқару ниетімен де көрініп отырады. Демек, Дюринг мырза бұл жерде рента мен пайда жөніндегі өзінің шымшытырық ұғымдарымен бірге ештеп сытылып шығуға, тіпті жер рентасын арендатор жер иесіне төлемейді, қайта, мұның керісінше, жер иесі арендаторға төлейді деп ең беріде ашқан жаңалығына бас июшілер табуға да әлі де үміттенуіне болады.

## Х

### «СЫН ТАРИХЫНАН»

Қорытындыда «Ұлттық экономияның сын тарихына», Дюринг мырзаның айтуынша, оның «ізтастаушылары жоқ» осы «кәсіпорнына» тағы да көз салайық. Бәлкім, біз әлде неше рет уәде етілген мінсіз және аса қатаң ғылыми негізді нақ осы арадан, ақырында, кездестіреміз де.

Дюринг мырза «шаруашылық туралы ілімнің» өзі «мейлінше осы заманғы құбылыс» (12-бет) болып табылады деген өзінің жаңалығы жөнінде көп даурығады.

Шынында да, Маркс «Капиталда»: «Саяси экономия... дербес ғылым ретінде мануфактура дәуірінде ғана туады»<sup>1</sup> — дейді, ал «Саяси экономия сынына» деген шығармасында (29-бет)<sup>2</sup>:

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 372-бет. *Ред.*

<sup>2</sup> Қараңыз: *К. Маркс*, «Саяси экономия сынына», — 1952, 40-бет. *Ред.*

«классикалық саяси экономия... Англияда Петтиден, Францияда Буагильберден басталады да, Англияда Рихардомен, Францияда Сисмондимен аяқталады», — дейді. Дюринг мырза өзіне салынып берілген осы жолмен жүреді, мұндағы бір айырмашылық тек мынау ғана: Дюринг мырзада *ең жоғары* саяси экономия буржуазиялық ғылым өзінің классикалық дәуірі аяқталып біткен кезде дүниеге келтірген болымсыз шалағайлықтардан басталады. Сондықтан өзінің «Кіріспесінің» аяғында былай деп масайрауға оның әбден толық правосы бар: «Ал егер өзінің сыртқы өзгешеліктері мен өзінің мазмұнының едәуір бөлегінің жаңалығы жағынан бұл кәсіпорынның ізтастаушылары мүлде болған жоқ десек, өзінің ішкі сын пікірлері мен өзінің жалпы позициясы жағынан бұл анағұрлым зор дәрежеде маған тән» (9-бет). Шынында осы екі жақ — сыртқы және ішкі жақ — жөнінде ол өзінің «кәсіпорнын» (мұнда өнеркәсіптік атау тәуір-ақ қолданылған): «Жалқы адам және оның меншігі» деп атап, мұны алдын ала жарыялауына болатын еді:

Саяси экономияны тарихи туған күйінде алғанда ол капиталистік өндіріс дәуірі экономикасын ғылыми жолмен түсінуден басқа түк те емес, сондықтан бұған жататын қағыйдалар мен теоремаларды, мәселен, ерте замандағы грек қоғамының жазушыларынан кездестіруге болатын бір ғана себеп: товар өндірісі, сауда, ақша, процент беретін капитал, т. т. сыяқты белгілі құбылыстар қоғамдық екі системаның екеуіне де ортақ нәрселер. Гректер кейде осы салаға кездейсоқ экскурстар жасайтын болғандықтан, олар барлық басқа салалардағыдай, бұл жерде де данышпандық пен өзгеше білгірлік көрсетіп отырады. Сондықтан тарих жүзінде алғанда олардың көзқарастары осы заманғы ғылымның теориялық бастама пункттері болып табылады. Ал енді дүниежүзілік-тарихи Дюринг мырзаны тындап көрейік.

«Сөйтіп, ерте замандағы шаруашылықтың ғылыми теориясына келетін болсақ, біз, анығын айтқанда (!), әсте жөнді ештеңе хабарлай алмаған болар едік, ал ғылымға мүлде жат орта ғасыр заманының бұл жөнінде (*ештеңе* хабарламау үшін!) беретін деректері одан анағұрлым аз. Бірақ ғалымдық елесін даңғойлықпен бадырайтып алға ұсыну әдеті... осы заманғы ғылымның таза сыйпатын бұрмалағандықтан, жұрттың есіне салу үшін, ең болмағанда, кейбір мысалдар келтірілуге тиіс». Міне осыдан кейін Дюринг мырза шындығында тіпті «ғалымдық елесінен» де аулақ жатқан сынның үлгілерін береді.

Аристотельдің мынадай бір қағыйдасы бар: «игіліктің қандайы болса да, екі түрлі пайдаланылады: бірі — заттың өзіне тән қасиет, екіншісі — олай емес; мәселен, сандал аяққа кию үшін және айырбастау үшін жұмсалуды мүмкін; мұның екеуі де — сандалды пайдалану әдістері, өйткені сандалды өзіне керекті затқа, мәселен, ақшаға немесе тамаққа, айырбастаушы

адам да сандалды сандал ретінде пайдаланады, бірақ бұл оның табиғи тұтынылу әдісіне сәйкес емес, өйткені ол айырбасқа арналмаған нәрсе»; — бұл қағыйда, Дюринг мырзаның ойынша, «тым мылжың және ежіктеулі формада айтылған». Бірақ ол ол ма — мұнда «тұтыну құны мен айырбас құнының арасында айырма» бар деп білетін адам, «ең жаңа заманда» және «ең үздік система шеңберінде», — әлбетте, Дюринг мырзаның өз системасының шеңберінде, — тұтыну құны мен айырбас құнының бір-жолата құрығанын ұмытып, мүлде «кісі күлерлік жағдайға» душар болады.

«Платонның мемлекет туралы... шығармаларынан да еңбектің халық шаруашылығында бөлінуі жайында *заманымызға сай* тарауды табуға талпынушылар болды». Сірә, бұл ескертпеде «Капиталдың» мына бір жері, тарау XII, 5 (үшінші басылуының 369-беті)<sup>1</sup>, жөнінде айтылып отырған болу керек; мұнда — мүлде керісінше — классикалық ерте заманның еңбек бөлінісі жөніндегі көзқарасы кәзіргі замандағы көзқарасқа «тікелей қарама-қарсы» екендігі дәлелденген. — Еңбек бөлінісін қаланың табиғи негізі деп (гректерде қала деген сөз мемлекетпен барабар ұғынылған) Платонның өз заманына қарай данышпандықпен суреттеуі Дюринг мырзада жиреніш туғызады — басқа түк те емес; — мұның бір ғана себебі, Платон «шекараны» ауызға алмайды (оның есесіне мұны грек Ксенофонт істеді ғой, Дюринг мырза!); шекара болғанда «мұны рыноктің белгілі аумағы кәсіптерді онан әрі өршіту үшін және арнаулы операцияларды техникалық жолмен бөлу үшін керек етеді... Осындай шекара туралы түсінік болған күнде ғана еңбек бөлінісі жайындағы идея, басқаша ұғым тұсында ғылыми идея деп аталуы екіталай болса да, мұнда едәуір экономикалық ақыйқатқа айналады».

Алайда, Дюринг мырза мейлінше жирене қарайтын «профессор» Рошер осы «шекараны» белгіледі, мұнда еңбек бөлінісі жайындағы идея тұңғыш рет «ғылыми» идея болуға тиіс, сондықтан да ол тура Адам Смитті еңбек бөлінісі заңының арғы атасы деп атады. Товар өндіру үстем өндіріс әдісі болған қоғамда «рынок» әрқашанда — Дюрингтің сөз мәнерін қолданып айтқанда — «кәсіп дүниесіндегі адамдар» арасында әбден белгілі «шекара» болды. Бірақ капиталистік еңбек бөлінісін жасаған рынок емес, қайта, мұның керісінше, рыноктің өзі бұрынғы қоғамдық байланыстардың ыдырауы және осыдан келіп еңбек бөлінісінің тууы нәтижесінде жасалғандығын (қараңыз: «Капитал», I тарау XXIV, 5: Өнеркәсіп капиталы үшін ішкі рыноктің жасалуы<sup>2</sup>) түсіну үшін жалаң «білім мен кертартпалықтың инстиктісі» гөрі көбірек нәрсе керек.

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 373-бет. *Ред.*

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 748—752-беттер. *Ред.*



«Ақшаның ролі барлық замандарда шаруашылық (!) ой-пікірдің бірінші және негізгі итермешісі болды. Бірақ қайдағыбір Аристотель бұл роль туралы не білді дейсің? Оның білгені ақша арқылы жүргізілетін айырбас бастапқы заттай айырбастың орнын басты деген түсінік шеңберінен әрі аспағаны мүлде айқын».

Ал егер «қайдағыбір» Аристотель ақша *айналысының* екі түрлі *формасын* — оның бірінде ақша айналыстың жәй құралы ретінде қызмет атқарады, ал екіншісінде ол ақша капитал ретінде қызмет атқарады — ашып отырған болса, ол, Дюринг мырзаның сөздеріне қарағанда, осы арқылы «белгілі адамгершілік антипатия ғана» көрсетеді. Сөйтіп, «қайдағыбір» Аристотельдің шектен тыс дандайсып кеткені сондай, ақшаның *құн өлшеуіші* ретіндегі «ролін» талдауға кірісіп, ақша туралы ілім үшін өте-өте шешуші маңызы бар осы проблеманы шынында да дұрыс қойған кезде, «қайдағыбір» Дюринг мұндай жолсыз оजारлық жайында мүлде үндемей қалуды мақұл көреді, — әлбетте, бұлай өтуінде өте негізді жасырын себептер бар.

Түпкі қорытынды: ертедегі гректер заманын Дюрингтің «еске алу» айнасында бейнеленген түрінде сыйпаттағанда, мұндай «сорақылықтардың» (29-бет) болымсыз я болымды идеялармен әйтеуір бір ұқсастығы болатын болса, онда шынында да «ең болымсыз идеялар ғана» (25-бет) болды.

Меркантилизм туралы Дюринг мырза жазған тарауды «түпнұсқадан», яғни Ф. Листің «Ұлттық системасындағы»: «Мектеп тілінде меркантильдік система деп қате аталып кеткен өнеркәсіптік система» деген 29-тараудан оқыған анағұрлым жақсы. Бұл жерде де «ғалымдық көрініс» атаулыдан Дюринг мырзаның мұқият қаша білетіндігі, басқасын былай қойғанда, мынадан көрінеді.

Лист 28-ші тарауда — «Итальян экономистері» деген тарауда —: «Италия практика жүзінде де, саяси экономия теориясы саласында да барлық ең жаңа ұлттардың алдында болып келді» дейді де, «көбінесе саяси экономияның мәселелерін баяндайтын, Италияда жазылған бірінші шығарма» деп, «неапольдық Антонио Серраның корольдіктерде алтын мен күмісті мол етіп жыйнау әдісі деген кітабын (1613 ж.)» ауызға алады. Дюринг мырза бұл нұсқауды нанғыштықпен қабыл алады да, Серраның «Breve trattato»<sup>1</sup> деген шығармасын «экономикалық ғылымның ең жаңа алғы тарихының босағасына жазылған өзгеше бір жолнама» деп қарайды. Оның «Breve trattato» жөніндегі пікірі шындығында осы «беллетристикалық желсөзбен» тынады. Сорына қарай, істің қайы шындығында басқаша болатын: 1609 жылдың өзінде-ақ,

<sup>1</sup> «Breve trattato delle cause che possono far abbondare li regni d'oro et d'argento, dove non sono miniere», «Рудниктері жоқ мемлекеттерде алтын мен күміс молшылығын жасай алатын себептер туралы қысқаша трактат». *Ред.*

яғни «Breve trattato»-дан төрт жыл бұрын, Томас Мэннің «A Discourse of Trade etc»<sup>1</sup> деген шығармасы жарыққа шыққан еді. Бірінші рет басылып шыққан кезінде-ақ бұл шығарманың өзгеше бір маңызы — Англияда мемлекеттік практика есебінде сол кездің өзінде қорғалып жүрген бастапқы *монетарлық системаға* қарсы бағытталды; демек, мұның өзі меркантилистік системаның өзінің арғы атасы болған системадан саналы түрде өз *іргесін айырғандығы* болды. Өзінің бастапқы күйінде-ақ Мэннің шығармасы бірнеше рет басылудан өтіп, заң шығару ісіне тікелей әсер етті. Автордың өзі бүтіндей қайта өңдеп, 1664 жылы, автор өлгеннен кейін, «England's Treasure etc»<sup>2</sup> деген тақырыппен жарыққа шыққан бұл шығарма тағыда жүз жыл бойы меркантилизмнің евангелиесі болып келді. Демек, егер меркантилизмде «босағаға жазылған өзгеше бір жолнама» ретінде жаңа заман ашқан әйтеуір бір шығарма бар болса, онда Мэннің кітабын осындай шығарма деп тану керек, бірақ дәл сондықтан да бұл кітап Дюрингтің «шен-дәрежені мұқыят сақтайтын тарихы» үшін мүлде жоқ нәрсе.

Кәзіргі саяси экономияның негізін салушы *Петти* туралы Дюринг мырза бізге мынаны хабарлайды: оның өзгешелігі — «ойлау әдісі тым жеңіл-желпі», онан соң — «ұғымдардың ішкі, неғұрлым астарлы айырмашылықтарын түсіну деген жоқ»... «көп нәрсе білерліктей әржақты, бірақ, белгілібір терең пікірлі негізі болмағандықтан, бір нәрседен екінші нәрсеге оңай аттап өтіп отырады»... Ол «халық шаруашылығы туралы әлі де өте тұрпайы ойлайды» және «оғаштығы жағынан ...кейде байсалды ойшыл адамның да күлкісін келтірерлік аңқаулық жасайды». «Қайдағыбір Петтиге» Дюринг мырза сынды «неғұрлым байсалды ойшылдың» ілтипат көрсетіп отырғаны қандай рақымшыл кішіпейілділік десеңізші! Ал осы ілтипат неден көрініп отыр?

Петтидің «өзінде көмескі іздері ғана кездесетін — еңбек және тіпті құн өлшеуіші ретіндегі жұмыс уақыты» жайындағы қағыйдалары осы сөздерден басқа еш жерде ауызға алынбайды. Көмескі іздер. Өзінің «Treatise on Taxes and Contributions»<sup>3</sup> деген еңбегінде (бірінші басылуы, 1662) Петти товар құнының мөлшері жөнінде әбден анық және дұрыс анализ береді. Ең әуелі мұны бірдей мөлшерде еңбекті керек еткен асыл металдар мен астықтың тең құнын мысалға ала отырып нақты түсіндіреді де, Петти асыл металдардың құны туралы ең бірінші, сонымен бірге ақырғы, «теориялық» сөзін айтады. Бірақ, оның үстіне,

<sup>1</sup> «A Discourse of Trade from England into the East-Indies» — «Англияның Ост-Индиямен өкі арадағы саудасы жайындағы пікірлер». *Ред.*

<sup>2</sup> «England's Treasure by Foreign Trade» «Англияның сыртқы сауда арқылы жасалатын байлықтары». *Ред.*

<sup>3</sup> «Алым-салықтар туралы трактат». *Ред.*

Петти анық және жалпылама формада, товардың құндары *тең еңбекпен* (equal labor) өлшенеді деген пікірді де айтады. Ол өзінің жаңалығын түрлі проблемаларды, кейде өте шатасып кеткен проблемаларды, шешуге қолданады да, кей жерлерде, — түрліше жағдайлар мен түрліше шығармаларда, тіпті бұл қағыйданы өзі қайталамайтын жерлерде де, — осы негізгі қағыйдадан маңызды қорытындылар жасайды. Бірақ өзінің бірінші шығармасында-ақ ол былай дейді:

«Мұның өзі (яғни тең еңбек арқылы бағалау) *құндарды теңестіріп, өлшеу үшін негіз* болып табылады деп мен кесіп айтамын; алайда осы қағыйда негізінде орнатылатын қондырмада және мұны практика жүзінде қолданарда көптеген шытырман, шатыс нәрселердің кездесетіндігін мойындауға тиіспін». Демек, Петти өз жаңалығының маңызын да, оны нақтылы жағдайларда қолданудың қиындығын да бірдей ұғынады. Сондықтан кейбір тосын жағдайлар үшін ол басқаша жол тандайды. Құн, қалауымызша, «жерде де, еңбекте де немесе, ең дұрысы, бұлардың екеуінде де» болатындай етіп, жер мен еңбек арасынан табиғи теңдік қатынасын (a natural Par) табу керек. Петтидің адасуының өзінде данышпандық белгі бар.

Петтидің құн теориясы жөнінде Дюринг мырза ерекше терең пікірлілігімен көзге түсетін мынадай ескертпе жасайды: «Егер Петти мырзаның өзі өз пікірін неғұрлым терең ойластырған болса, онда басқа жерлерде қарама-қарсы концепция іздерінің болуы мүлде мүмкін болмаған болар еді, ал бұлар жайында бұдан бұрын-ақ айтылған болатын»; мұның мәнісі — бұлар жайында «бұрын» Дюринг мырзада «іздері» — «көмескі» дегеннен басқа ештеңе айтылған жоқ деген сөз. Дюринг мырзаның өзгеше бір сыйпаты — әлде нендей бір мағнасыз желсөзбен бірденені «бұрынырақ» емексітетін әдеті бар, ондағы мақсаты — «кейін» оқушыны істің мән-жайын «бұрын» білгенсің деп сендіру; ал шындығында жоғарыда аталған автор — бұрын да, кейін де — бұдан жалтарып кетіп отыр.

Бірақ Адам Смиттен құн туралы «қарама-қарсы ұғымдардың іздерін» ғана көріп отырғанымыз жоқ, онда құн жөнінде екі түрлі ғана емес, үш түрлі, ал өте дәл айтқанда — тіпті төрт түрлі мейлінше қарама-қарсы пікір бар екенін, онда бұл пікірлердің қаз-қатар ымыраласып жатқанын немесе бірінің үстіне бірінің қондырылып жатқанын көріп отырмыз ғой. Алайда саяси экономияның негізін салушы, лажсыздан қараңғыны қармалап қылжушы, эксперимент жасаушы, жаңа ғана қалыптасып келе жатқан шытырман идеялармен күресуші адам үшін табиғи нәрсенің өзі — нәтижелері кітаптан жалпы санаға шінара көшіп үлгірген, жүз елу жылдан астам уақыт ішіндегі жұмыстың қорытындыларын шығарушы жазушыға мейлінше ғажап көрінуі мүмкін. Ал енді ұлы нәрседен кіші нәрсеге көшейік: жоғарыда

көрдiк, Дюринг мырзаның өзі бiздiң құзырымызға құнның әр-алуан бес түрiн, осылар мен қатар соншалық қарама-қарсы көз-қарастарды ұсынып отыр. Әрине, «егер оның өзiнде ерекше өткiр пікір болған болса», онда ол өз оқушыларын Петтидiң құн жөнiндегi өте айқын көзқарасынан барып тұрған былыққа қарай кейiн серпiп тастау үшiн мұншама көп еңбек жұмсамаған болар едi.

Петтидiң, бейне бiртұтас заттан құйылғандай, әбден тыңғылықты жазылған еңбегi — «Quantulumcumque concerning Money»<sup>1</sup>; бұл 1682 жылы, оның «Anatomy of Ireland»<sup>2</sup> деген еңбегiнен он жыл өткеннен кейiн жарыққа шықты, өйткенi соңғы аталған еңбек — «ең желбуаз компиляциялық оқулықтардан» көшiрiп алып жүрген Дюринг мырзаның айтқанындай — 1691 жылы емес, 1672 жылы басылып шыққан болатын. Петтидiң басқа шығармаларында кездесетiн меркантилистік көзқарастардың соңғы сарқыншақтары бұл еңбекте мүлде құрыған. Бұл — мазмұны жағынан да, формасы жағынан да нағыз шедевр; дәл сондықтан тіпті оның тақырыбын да Дюринг мырза бiр рет те ауызға алмай отыр. Бұлай болатын себебi түсінікті де: аса данышпан және ерекше дарынды зерттеуші-экономист жөнiнде шамалы бiреудiң тек қана мектеп тәрбиешiсiндей дандайсып күйiнген түрмен күнкiлдеп наразылық айтатыны, теориялық пікір ұшқындары бұл жерден, даяр «аксиомалардай», бiрiнен соң бiрi атып шығып жатпастан, практикалық «шикі» материалға, мәселен, салық системасына тереңдеген сайын жеке-жеке туып отыратындығы жөнiнде тек қана күйiнiш бiлдiретiнi белгiлi ғой.

Дюринг мырза Петтидiң шынайы экономикалық еңбектерiне қалай қараса, Петти негiздеген «саяси арифметикаға», былайша айтқанда — статистикаға, дәл солай қарайды. Петти қолданып отырған методтардың ғажаптығы жөнiнде жиренiшпен аңтаң болудан басқа түк те жоқ! Егер бiз тіпті Лавуазьенiң өзi ғылымның осы саласында жүз жыл кейiн қолданған құбылмалы методтарды еске алатын болсақ, егер бiз кәзiргi статистиканың көрнектi түрде Петти алға қойған мақсаттан әлi де алыс жатқанын еске алатын болсақ, онда екi ғасыр post festum<sup>3</sup> осылайша бiлгiшсiнiп өзiне өзi маз болу мейлiнше сұмпайы ақымалық болып көрiнедi.

Дюринг мырзаның «кәсiпорнында» Петтидiң ең маңызды идеяларының iзi де жоқ бола тұрса да, бұл идеялар, оның ойынша, идеялардың бiрен-саран жарқылы ғана, кездейсоқ пікірлер мен оскертпелер ғана; тек бiздiң заманымызда ғана, деп соғады Дюринг мырза, пікір желiсiнен жұлынып алынған цитаталар

<sup>1</sup> «Ақша жөнiнде бiрнеше сөз». *Ред.*

<sup>2</sup> «The Political Anatomy of Ireland» — «Ирландияның саяси анатомиясы». *Ред.*

<sup>3</sup> — кешiгiн барып, уақыт өткен соң. *Ред.*

арқылы ғана бұл идеяларға өзінде мүлде жоқ маңыз беріліп жүр; демек, бұл идеялар саяси экономияның *шын* тарихында ешқандай роль атқармайды, тек мұның ролі Дюринг мырзаның мәселені түп тамырына дейін қозғайтын сынының дәрежесінен төмен тұрған, оның «жоғары стильдегі тарихнамасынан» төмен тұрған осы күнгі кітаптар үшін ғана бар. Сірә, Дюринг мырза, өз «кәсіпорнын» құрғанда, одан өз пікірлерін дәлелдеуді талап етуге ешбір батпайтын көзсіз нанғыш оқушылар тобына арқа сүйеген болса керек. Біз ұзамай бұл мәселеге (Локк пен Норс туралы әңгіме еткен кезімізде) тағы да қайта ораламыз, ал кезір біз Буагильбер мен Лоуға жол-жөнекей тоқтала кетуге тиіспіз.

Біріншісі жөнінде біз Дюринг мырзаға тән бір ғана жаңалықты атап өтеміз. Ол Буагильбер мен Лоудың арасында бұрын байқалмаған байланыс бар екенін ашты. Атап айтқанда, Буагильбер: асыл металдар — товар айналысында<sup>1</sup> өздері атқаратын қалыпты ақша функциялары барда — кредиттік ақшамен (*un ponceau de papier*<sup>2</sup>) ауыстырылуы мүмкін болар еді дейді. Лоу, мұның керісінше, осы «бір жапырақ қағаздардың» «санын арттырудың» қандайы болса да ұлттың байлығын арттырады деп ойлайды. Бұдан кейін Дюринг мырза үшін мынадай қорытынды туады: «Буагильбердің пікір желісінің өзінде-ақ меркантилизмнің дамуындағы жаңа бетбұрыс бүркеулі жатыр», басқаша айтқанда, — осының өзінде-ақ Лоу бүркеулі жатыр. Бұл нұр сәуле-лі айқындықпен былайша дәлелденеді: «Асыл металдар атқаруға *тиісті* рольді «жәй бір жапырақ қағаздарға» тек қана таңа салу мұң екен, осы жолда дереу меркантилизмнің метаморфозасы жасалды». Нақ осы әдіспен дереу нағашынды апаңа айналдыратын метаморфозаны жасауға да болады. Рас, Дюринг мырза көңіл жұбата: «Қалай деген күнде де, Буагильберде мұндай ниет болған жоқ» деп сөз қосады. Бірақ, айтыңызшы, асыл металдардың ақшалық ролі жөніндегі өзінің рационалистік көзқарасын меркантилистердің ырымшылдық көзқарасымен ауыстыру ниеті онда қалай бола қоймақ, — оның пікірінше, осы рольді атқаратын асыл металдардың қағазбен ауыстырылуы мүмкін деген бір ғана сылтау бұған дәлел болмақ па? — Алайда, деп Дюринг мырза өзіне тән кісі күлерлік байсалдылықпен тағы да жөн айтады, «алайда, кей жерлерде біздің автор нағыз өткір пікір айта біледі» (83-бет).

Лоу жөнінде Дюринг мырза тек мынадай бір «нағыз өткір пікір» айта біледі: «Әлбетте, көрсетілген негізді (яғни «базис ретіндегі асыл металдарды») Лоу да ешқашан да толық жою алған емес, бірақ ол билеттер шығару ісін ақтық шегіне, яғни

<sup>1</sup> Түпнұсқада — «Warenproduktion» деген термин мұнда, «Дюрингтің ұлттық экономия жөніндегі сын тарихына ескертпелер» деген Маркс қолжазбасына сәйкес, «Warenzirkulation» деген терминмен ауыстырылған. *Ред.*

<sup>2</sup> — бір жапырақ қағаз. *Ред.*

бүкіл системаны күйретерлік дәрежеге жеткізді» (94-бет). Алайда, шынына келгенде, қағаз көбелектер, осы жәй ғана ақша знактары, жұртты аралап ұшқанда асыл металдардың базисін «жою» үшін емес, бұл металдарды жұрттың қалтасынан мемлекеттің қаңырап қалған кассаларына арбап түсіру үшін ұшқан-ды.

Петтиге және Дюринг мырзаның оған саяси экономияның тарихынан беріп отырған мардымсыз роліне қайта орала отырып, әуелі Петтидің ең жақын мұрагерлері туралы — Локк пен Норс туралы бізге не айтылатындығын тыңдап көрейік. Нақ сол 1691 жылы Локктің «Considerations on Lowering of Interest and Raising of Money»<sup>1</sup> деген еңбегі және Норстың «Discourses upon Trade»<sup>2</sup> деген еңбегі жарыққа шықты.

«Процент пен монета туралы оның (Локктің) жазғаны меркантилизм үстемдігі тұсында мемлекеттік тіршілік оқыйғаларына байланысты дағдылы нәрсе болған ой өресінен әрі аспайды» (64-бет). — Локктің «Lowering of Interest» деген шығармасы XVIII ғасырдың екінші жартысында Франция мен Италиядағы саяси экономияға нәліктен осындай едәуір ықпал еткендігі, оның үстіне әралуан бағытта ықпал еткендігі, енді осы «мәлімдемені» оқығандар үшін айдан анық болуға тиіс.

«Процент мөлшерін белгілеу бостандығы туралы мәселе жөнінде кәсіп дүниесіндегі көптеген адамдар дәл осылайша (Локк сыяқты) ойлап жүрді, оның үстіне оқыйғалар барысында адамдар процентке шек қоюды іске аспайтын шара деп есептеуге дағдыланып кетті. Қайдағыбір Дадли Норс өзінің «Discourses upon Trade» деген еңбегін еркін сауда теориясы рухында жазуға мүмкіндік алған уақытта процентке шек қоюға қарсы теориялық оппозицияны енді құлақ есітпеген нәрсе сыяқты болып көрінбестей ететін көптеген жағдай бейне ауаны шарлағандай етек алуға тисті болды» (64-бет).

Сонымен, Локк «кәсіп дүниесіндегі» өзімен замандас қайсыбір «адамның» не ойлағандығы жөнінде біраз пікір қорытса, немесе сол кезде «бейне ауаны шарлағандай» болып көрінген көптеген жағдайды іле көтерсе болғаны, процент бостандығы туралы теория жасау үшін, оның бержағында «құлақ есітпеген» ошқандай нәрсені айтпау үшін осының өзі-ақ жеткілікті еді! Алайда, шынына келгенде, Петти 1662 жылдың өзінде-ақ «Treatise on Taxes and Contributions» деген еңбегінде бізде өсімқорлық олжа деп аталып жүрген ақша рентасы (rent of money which we call usury) ретіндегі процентті жер рентасына және

<sup>1</sup> «Some Considerations of the Consequences of the Lawering of Interest and Raising the Value of Money» — «Проценттің төмендеуі мен ақша құнының жоғарылауының салдары туралы кейбір пікірлер». *Ред.*

<sup>2</sup> «Сауда туралы пікірлер». *Ред.*

үй-мүлік рентасына (rent of land houses) қарсы қойып, рентаны — әрине жер рентасын емес, ақша рентасын — заң жүзіндегі шаралар арқылы төмен дәрежеде ұстамақ болған жер иелеріне табиғат заңына қайшы келетін түбелікті азаматтық заңдарды шығарудың құр әурешілік және нәтижесіз әрекет екенін (the vanity and fruitlessness of making civil positive law against the law of nature) түсіндірген болатын. Сондықтан ол өзінің «Quantulumcumque» деген еңбегінде (1682) процент дәрежесін заң жүзінде реттеуді, асыл металдардың шетке шығарылуын немесе вексель курсының ретке салу сыяқты, аса өрескел шара деп жарыялайды. Ол нақ осы шығармасында raising of money<sup>1</sup> (мәселен, бір унция күмістен екі бөлек шиллинг жасау әдісімен жарты шиллингте бір шиллинг деп ат тағу әрекеті) жөнінде де бұлжымас дұрыс пікір айтады.

Осы соңғы пунктте Локк пен Норс оның айтқанын түгелдей дерлік көшіріп алады. Процентке келетін болсақ, Локк ақша проценті мен жер рентасының арасынан Петти жүргізген параллельді өзінің негізгі тірегі етіп алады, ал Норс одан да әрі барып, капитал рентасы ретіндегі (rent of stock) процентті жер рентасына, ал капиталистерді (stocklords) ірі жер иелеріне (landlords) қарсы қояды. Бірақ Петти талап ететін процент бостандығын Локк шенеулі түрде ғана қабылдап отырған болса, Норс мұны бүтіндей қабыл алады.

Дюринг мырза, өз басы «неғұрлым астарлы» мағнадағы айтулы меркантилист бола тұрса да, Дадли Норстың «Discourses upon Trade» атты шығармасын «сауда бостандығы теориясы рухында» жазылыпты деген пікірмен даттап, өз өресінен өзі асып түседі. Мұның өзі біреудің Гарвей жайында: ол қан таралу теориясы «рухында» жазыпты деуімен бірдей. Басқа жетістіктерін былай қойғанда, Норстың еңбегі сыртқы сауданың да, ішкі сауданың да бостандығы жайындағы ілімнің бұлжымас дәйектілікпен жазылған, үздік сыйпаттамасы болып табылады, ал 1691 жылы мұның өзі, дау жоқ, «кұлақ есітпеген нәрсе» болды!

Оның үстіне Дюринг мырза: Норс «саудагер» еді, сонымен қатар оңбаған адам еді, сондықтан оның шығармасы «тәуір баға ала алмады» деп мәлімдейді. Қараңызшы, Англияда қамқорлық баж системасы біржолата жеңіп шыққан заманда бұл сыяқты еңбектің сол кезде айтқанын істеткізіп отырған тобырдан «тәуір баға» алуы ғана қалған екен! Алайда, бұл жағдай Норс еңбегінің дереу теориялық ықпал жасауына бөгет бола қойған жоқ, мұның ықпалын Англияда осы еңбектен кейін, шінара XVII ғасырдың өзінде-ақ, іле-шала шыққан бірсыпыра экономикалық еңбектерден көруге болады.

<sup>1</sup> — ақшаның құнын көтеру. *Ред*

Локк пен Норс жөніндегі мысалдар саяси экономияның барлық салаларында дерлік Петтидің жасаған батыл әрекеттерін оның ағылшын мұрагерлері жеке-жеке қабылдап, онан әрі өңдегендігін бізге дәлелдеп беріп отыр. 1691 жылдан 1752 жылға дейінгі дәуір ішіндегі бұл процестің іздері ең үстірт бақылаушының да көзіне түсе кетеді, оның бір себебі — сол кездегі азды-көпті маңызы бар экономикалық еңбектердің бәрі де, дұрыс я теріс күйінде, Петтидің көзқарастарына сүйенеді. Міне сондықтан да ерен ақыл иелерін мол шығарған бұл дәуір саяси экономияның біртіндеп жасаған генезисін зерттеу үшін аса маңызды дәуір болып табылады. «Капиталда» Петтиге және сол дәуірдегі басқа да жазушыларға осындай мән берілгендігін Маркске кешірілмес кіна етіп тағып — «жоғары стильдегі тарихнама» бұл жазушыларды тарихтан мүлде өшіріп тастап отыр. Бұл «тарихнама» Локктен, Норстан, Буагильбер мен Лоудан тіке физиократтарға аттап өтеді, онан соң саяси экономияның нағыз ордасының босағасында Давид Юм пайда болады. Дюринг мырзаның рұхсатымен, біз хронологиялық тәртіпті қалпына келтірейік те, сөйтіп Юмды физиократтардың алдына шығарайық.

Юмның экономикалық «Тәжрибелері» 1752 жылы шықты. Бірімен бірі байланысты: «Of Money»<sup>1</sup>, «Of the Balance of Trade»<sup>2</sup> «Of Commerce»<sup>3</sup> деген тәжрибелерінде Юм бірден бірге, екінші бірінде тіпті өз елестерінде де, Яков Вандерлинттің: «Money answers all things» (London, 1734)<sup>4</sup> деген кітабының соңынан ілесіп отырады. Осы Вандерлинт Дюринг мырзаға қаншама мәлімсіз болғанымен, XVIII ғасырдың аяғында, яғни Смиттен кейінгі дәуірде шыққан ағылшын экономикалық шығармаларында онымен жұрт әлі де санасып отырды.

Вандерлинт сыяқты, Юм да ақшаны құнның жәй знагі деп қарайды; Юм сауда балансының ылғый белгілібір елге қарсы немесе соның пайдасына бола бермейтін себебі не екенін Вандерлинттен сөзбе-сөз дерлік көшіріп жазады (ал бұл жағдайды атап өту қажет-ақ, өйткені құн знактары теориясын Юмның көптеген басқа шығармалардан да алып пайдалануы мүмкін ғой); Вандерлинт сыяқты, ол да баланстардың табиғи жолмен, жеке елдердің экономикалық жағдайына сәйкес қалыптасатын тепе-теңдігі туралы ілімді дамытады; Вандерлинт сыяқты, ол да сауда бостандығын уағыздайды, тек батылдығы мен дәйектілігі кемдеу; Вандерлинтпен бірге, тек үстірттеу түрде, ол да керексінудің өндіріс итермешісі ретіндегі ролін алға қояды; қатеден баптік ақша мен барлық ресми бағалы қағаздар товардың ба-

<sup>1</sup> «Ақша туралы». *Ред.*

<sup>2</sup> «Сауда балансы туралы». *Ред.*

<sup>3</sup> «Сауда туралы». *Ред.*

<sup>4</sup> «Ақша барлық затқа барабар» (Лондон, 1734). *Ред.*



ғасына әсер етеді деп жорып, ол да Вандерлинттің соңына ереді; Вандерлинтпен бірге ол кредит ақшаны керексіз деп біледі; Вандерлинт сыяқты, ол да товардың бағасын еңбектің бағасына, демек — жалақыға байланысты етіп қояды; ол тіпті қазына жыйнау товардың бағасын төмен дәрежеде қалдырады деген жалған пікірді де Вандерлинттен көшіріп алады, т. т. және т. т.

Дюринг мырза Юмның ақша теориясын кейбіреулердің түсінбейтіндігі жөнінде сәуегейдей құпия сырлы пішінмен көптен бері-ақ бірдемені күбірлеп келеді, оның бержағында айрықша қатты сес көрсете Маркс жақты нұсқайды, ал оның қосымша біркінасы: ол, полициялық ережелерді бұзып, «Капиталда» Юмның Вандерлинтпен және төменде сөз болғалы отырған Дж. Массимен байланысы бар екенін көрсеткен.

Ал осы түсінбеушілікке келетін болсақ, мұнда істің жайы былай. Юмның ақша теориясы бойынша ақша дегеніміз тек құн знактары ғана, сондықтан товардың бағасы, басқа барабар жағдайларда, айналыстағы ақша аумағының көбеюіне пропорциялы түрде көтеріліп, оның азаюына сәйкес төмендеп отырады, — міне осы теорияның шын мағнасы туралы Дюринг мырза, тіпті ең жақсы ниет көздеген күнде де, өзінің қателескен ізтастаушыларының айтқанын тек қайталай біледі, — қайталағанда өзіне тән, айдан анық баяндау мәнерімен қайталайды. Бірақ Юм, көрсетілген теорияны ұсына отырып, өзіне өзі мынадай қарсы пікір айтады (нақ сондай алғышарттарға сүйене отырып, мұны Монтескье де айтқан болатын): Америкада алтын мен күміс кендері ашылған кезден бастап «өнеркәсіп, осы кендердің иелерін қоспағанда, Европаның барлық халықтарында да өсті», ал мұның өсуі «басқа себептермен қатар, алтын мен күміс мөлшерінің көбеюіне де байланысты болды», бұл жөнінде «күман келтіруге болмайды» ғой дейді. Юм мұның мәнісін былайша түсіндіреді: «товар бағасының жоғары болуы алтын мен күміс мөлшерінің көбейгендігінің қажетті нәтижесі бола тұрса да, алайда мұның өзі осылай көбеюден соң іле-шала бола қоймайды, қайта айналыстағы ақша бүкіл мемлекетті аралап шығып, халықтың барлық топтарына өзінің әсерін тигізгенге, біраз уақыт керек болады». Аралықтағы осы дәуірдің ішінде ақша өнеркәсіп пен саудаға игілікті әсерін тигізеді. Осы пікір желісінің аяғында Юм, өзінің ізтастаушылары мен замандастарынан көрі анағұрлым біржақты түсінік бергенімен, бізге мұның нәтижесін бұлай болатындығын да айтады: «Бүкіл қоғамды аралап өтетін ақшаның қыймылын қадағалау қыймыл емес, сонда біз ақша еңбектің бағасын көтеруден бұрын әркімнің ынтасын арттыруға тиісті болатынын көреміз».

Басқаша айтқанда: Юм бұл жерде асыл металдар құнында болатын революцияның, атап айтқанда — олардың бағасыздануының немесе, бұл да сондай, асыл металдардың құн өлшеуіші

регіндегі функциясында болатын революцияның әсерін суреттейді. Ол мынадай дұрыс пікір айтады: товардың бағалары тек бірте-бірте теңестіріліп отыратын болса ғана әлгі бағасызданудың өзі ақыр-аяғында ғана «еңбектің бағасын көтереді», былайша айтқанда, жалақыны көтереді, демек, мұның өзі жұмысшылардың есебінен купецтер мен өнеркәсіпшілердің пайдасын көбейтеді (ал бұл жағдай, оның пікірінше, әбден дағдылы нәрсе), сөйтіп, «ынтаны арттырып отырады» дейді. Алайда, нағыз ғылыми мәселені, — асыл металдардың құны өзгермей тұрған кезде оларды көптеп әкелу ісі товардың бағасына әсерін тигізе ме, тигізсе дәл қалай тигізеді деген мәселені, — Юм өзінің алдына қоймастан, *қалай болса да* «асыл металдар мөлшерінің көбеюін» олардың бағасыздануымен шатастырады. Сөйтіп, Юм дәл Маркстің суреттегеніндей («Zur Kritik», 141-бет)<sup>1</sup> пікір айтады. Біз бұл жөнінде кейінірек әңгіме қозғаймыз, бірақ әуелі Юмның «Interest»<sup>2</sup> туралы «Тәжрибесіне» көз жіберейік.

Юмның: процентті нақты ақшаның аумағы емес, пайда нормасы реттейді деп, тіке Локке қарсы бағыттаған дәлелдемесін, оның проценттің жоғарылы-төменді мөлшерін белгілейтін себептер жайындағы басқа да пікірлерін — осының бәрін, анағұрлым дәл, бірақ жасаңдау формада, 1750 жылы, яғни Юмның «Тәжрибесінен» екі жыл бұрын басылып шыққан бір еңбектен табуға болады, ол еңбек: «An Essay on the Governing Causes of the Natural Rate of Interest, wherein the sentiments of Sir W. Petty and Mr. Locke, on that head, are considered»<sup>3</sup>. Оның авторы — Дж. Масси, әржақты жазушы, сол кездегі ағылшын әдебиетіне қарағанда, жұрт мұның еңбегін көп оқыған көрінеді. Адам Смиттің процент мөлшері жөніндегі түсінігі Юмнан гөрі Массиге жақындау. Олардың екеуі де, Масси де, Юм да, екеуінде біраз роль атқаратын «пайданың» жаратылысы туралы ештеңе білмейді, ештеңе айтпайды да.

«Тегінде, — деп жөн үйретеді Дюринг мырза, — жұрт Юмды бағалауда көбінесе мүлде орынсыз пікір айтып, оған оның өзі мүлде жақтамайтын идеяларды таңып келді». Бұдан соң Дюринг мырзаның өзі бізге осындай «қыймыл бейнесінің» бірталай айқын үлгісін көрсетіп береді.

Мәселен, Юмның процент туралы «Тәжрибесі» мынадай сөз-дәрімен басталады: «Белгілібір халықтың түлденуі жөнінде процент мөлшерінің төмендігінен басқа ешнәрсе де сенімді айғақ бола алмайды, және бұл дұрыс та; дегенмен менің ойымша, бұл

<sup>1</sup> Қараңыз: К. Маркс, «Саяси экономия сынына», 1952, 160—166-беттер. *Ред.*

<sup>2</sup> «Процент туралы». *Ред.*

<sup>3</sup> «Проценттің табиғи дәрежесін анықтайтын себептер туралы тәжірибе, мұнда сэр В. Петти мен м-р Локктің осы предмет жөніндегі көзқарастары жаралады». *Ред.*

көріністің себебі әдетте жұрттың ойлап жүргенінен гөрі біраз басқаша». Сонымен, өз «Тәжрибесінің» бастапқы сөйлемінде-ақ Юм процент мөлшерінің төмендігі белгілібір халықтың гүлденуін көрсететін ең дұрыс айғақ деген пікірді келтіреді де, бұл пікірді жалпы ереже деп қарайды, ал мұның өзі соның тұсында-ақ ескірген ережеге айналған-ды. Шынында да, жұртқа көп тарауы үшін бұл «идеяның» қарамағында Чайльдтің заманынан бастап тұтас жүз жыл уақыт болды. Ал Дюринг мырзадан, мұның керісінше, мынаны оқыймыз: «Процент мөлшері жөніндегі Юмның пікірлерінен: процент мөлшері қалыптардың (қандай?) шын барометрі болып табылады және процент мөлшерінің төмендігі белгілібір халықтың гүлденуін көрсететін мүлтіксіз дерлік белгі болып табылады *деген идеясын әсіресе баса көрсету керек*» (130-бет). Бұл жерде «шәлкестік» көрсетіп отырған кім және қателесіп отырған кім? Дюринг мырзадан басқа ешкім де емес.

Осы арада біздің сыншыл тарихнамашымыз: Юм бір жерде орынды пікір айта келіп, «өзін тіпті оның авторы деп те атамай-ды» деп аңқаулықпен таңданады. Мұндай жағдай Дюринг мырзада әсте болмас еді.

Жоғарыда көргеніміздей, Юм асыл металдар мөлшерінің қандай да болса көбеюін олардың бағасыздана отырып көбеюімен, олардың өз құнында, демек — товар құнының өлшеуішінде болатын революциямен шатастырады. Юмда бұлайша шатастырудың болуы сөзсіз еді, өйткені ол *құн өлшеуіші* ретіндегі асыл металдардың функциясын мүлде түсінбейтін. Мұны түсінуі мүмкін емес те еді, өйткені құнның өзі жөнінде ол мүлде ешнәрсе білмейтін. Оның еңбектерінде «құн» деген сөз, бәлкім, бір рет қана, атап айтқанда ол Локктің асыл металдарда «болжамалы құн ғана бар» деген қате пікірін орынсыз «түзеткен» жерде кездеседі, мұнда ол: асыл металдарда «көбінесе жалған құн» болады дейді.

Бұл мәселеде ол Петти түгіл, өзінің бірқатар ағылшын замандастарынан да едәуір төмен дәрежеде. Өндірістің негізгі тегігі деп «*купецті*» ескі сарынмен әлі де мадақтай беруі де оның «мешеулігін» көрсетеді, — ал Петти бұл көзқарастап Юмнан әлдеқашан бұрын бастартқан болатын. Дюринг мырзаның: Юм өз тәжрибелерінде «негізгі шаруашылық қатынастармен» айналысты деп сендіруіне келетін болсақ, Юмның экономикалық еңбектерінің өресі қаншалық тар екендігін көрін таңдану үшін бұл еңбектерді Адам Смит цитатаға алған тигігі Кантильонның шығармасымен-ақ салыстырудың өзі жеткілікті (бұл шығарма, Юмның «Тәжрибелері» сыяқты, 1752 жылы, бірақ автор өлгеннен кейін көп жыл өткен соң, жарыққа шықты). Жоғарыда айтылғандай, Юм, Дюринг мырзаның оған берген патентіне қарамастан, сыяси экономия саласында да құрметті тұлға болып қалады, бірақ бұл жерде оның ерен зерттеуші ретінде, әсіресе — ғылымда жаңа

заман ашқан ойшыл ретінде танылуы екіталай. Оның экономикалық еңбектерінің сол кездегі оқымысты қауымдарға ықпал еткен себебі бұл еңбектердің тамаша формада баяндалғандығынан ғана емес, сонымен қатар мұның анағұрлым үлкен бір себебі — бұл еңбектер сол кезде гүлдене түскен өнеркәсіп пен саудаға айтылған прогресшілдік-оптимистік мақтау болды, басқаша айтқанда, сол кезде Англияда тез жоғары өрлеп келе жатқан капиталистік қоғамды мадақтау болды, сондықтан да бұл еңбектер одан «тәуір баға» алуға тиісті еді. Бұл жерде қысқаша көрсетіп өткен жеткілікті болады. Ағылшын халық бұқарасының нақ Юмның тұсында көлденең салықтар системасына қарсы қандай қатты күрес жүргізгенін әркім біледі, ал бұл системаны жер меншікшілеріне және жалпы бай адамдарға салынған алым-салықты жеңілдету үшін атышулы сэр Роберт Уолпол жоспарлы түрде іске асырып отырған болатын. «Салықтар туралы» («Of Taxes») тәжірибеде Юм — атын атамай — өзінің айнымас беделді кісісі, көлденең салықтардың ең барып тұрған қас дұшпаны және жер меншігіне салық салуды ең батыл түрде жақтаушы Вандерлинтпен айтысады, міне осыдан біз мынаны оқыймыз: «Егер жұмысшы тіпті барынша күш жұмсап, ұқыптылық көрсеткенімен, бұл ретте өз еңбегінің бағасын арттырмайынша, салық төлеуге мұршасы келмейтін болса, онда бұлар (яғни тұтыну заттарына салынған салықтар) шынында да өте жоғары және өте орынсыз белгіленген болуға тиіс». Бұл жерде Роберт Уолполдың өз айтқанын есіткендей боласың да тұрасың, әсіресе бұған «Мемлекеттік кредит туралы» тәжірибеде мемлекеттік кредиторларға салық салудың қыйындығы жөнінде айтылған мына сөздерді қоса алсаң, осылай көрінеді: «Онда бұлардың табысының азайған орны мұны жәй ғана акциз статьясы немесе таможнялық баж салығы деп көрсетумен ешбір *толмас* еді».

Шотландтан күтуге болатынындай, Юмның буржуазиялық пайдакүнемдікке табынуы әсте таза қыяли нәрсе емес еді. Шыққан тегі жағынан кедей бола тұрса да, ол жылына мыңдаған фунттық аса көп табыс табатын халге жетті, — бұл фактыны Дюринг мырза, бұл жерде әңгіме Петти туралы болып отырмағандықтан, мынадай сыпайы формада көрсеткен: «*Орынды жеке үнемілілігі* арқасында Юм өте мардымсыз қаржысының иегізінде, біреуге жағынып жазуды керек етпейтін жағдайға ие болды». Дюринг мырза онан әрі Юм туралы былай дейді: «Ол партиялардың, князьдардың немесе университеттердің ықпалына еңкілдегенде титтей де көнімділік жасаған емес». Юмның әйтсеуір бір кезде қайдағыбір «Вагенермен»<sup>1</sup> бірлесіп әдеби-ком-

<sup>1</sup> Бұл жерде Бисмарктің агенті, Пруссия чиновнигі Вагенермен Дюрингтің жасасқан байланысы жайында айтылып отыр, осының тапсыруы бойынша Дюринг жұмысшы мәселесі жөнінде баяндама хат жазған болатын. *Ред.*

паниялық істер жүргізгені шығында да мәлімсіз бола тұрса да, — дегенмен біздің білетініміз, ол «*шіркеу* мен мемлекетті» жоғары бағалаған вигий олигархиясының табанды қорғаушысы болды да, осы еңбегінің жұлде-ақысына алғашында Париждегі елшіліктің секретарлық қызметін, онан соң — статс-секретарь жәрдемшісінің бұдан анағұрлым маңызды және табысты қызметін алды. «Саяси жағынан, — дейді қарт Шлоссер, — Юм консервативтік және нағыз монархиялық ой-пікір өресіндегі адам еді және әрқашанда солай болып қалды да. Сондықтан да үстемдік етуші шіркеудің сойыл соғарлары, Гиббонға істегеніндей, оған онша қатты түйліккен жоқ». «Осы эгоист Юм, тарих ғылымдағы осы өтірікші», — дейді «тұрпайы»-плебей Коббет, — ағылшын монархтарын бордақыланған, некесіз, семьясыз тіленшілер деп тілдейді, «ал шындығында оның өзінде ешқашанда семья да, әйел де болған емес, өзі ешқашанда белгілібір қоғамдық қызмет атқарып еңбек сіңірмесе де, едәуір дәрежеде қоғамдық қаражатпен семірген дөңбектей месқарын еді». Ал Дюринг мырадан біз: Юмның «өмірге *практикалық* көзқарасы жағынан Канттан аса зор елеулі артықшылығы бар» деген сөздерді оқыймыз.

Алайда, «Сын тарихында» Юмға осындай ерекше орын беріліп отырған себебі не? Оның жәй ғана себебі — осы «байсалды және ерен ойшылдың» өзі аброй алып XVIII ғасырдың Дюрингісі болған кісі. Дюринг мырза үшін Юм — «ғылымның тұтас бір тарауының (саяси экономияның) жасалуы неғұрлым жетілген философияның ісі болды» деген пікірдің нақты дәлелдемесі. Дәл сол сыяқты Дюринг мырза өзінің ізтастаушысы деп санайтын Юмды ғылымның бүкіл осы тарауының жәй ғана «неғұрлым жетілген» философияны нағыз нұр сәулелі шындық философиясына айналдырып қайта жасаған теңдесі жоқ қайраткерге келіп тыянақтап бітуіне ең жақсы кепілдік деп біледі. Мұның үстіне онда, дәл Юмдағыдай, «неғұрлым шенеулі мағнадағы философиямен айналысу ісі халық шаруашылығының мәселелері жөніндегі еңбектермен ұштастырылып отырады... — неміс жағдайында осы күнге дейін болып көрмеген құбылыс». Осыған сөйкес, біз Дюринг мырза Юмның — дегенмен экономист ретінде құрметтеулі Юмның — ролін асыра дәріптеп, оны бірінші дәрежелі экономикалық шолпан жұлдызға айналдырғанын көріп отырмыз, ал мұның маңызы тек күншілдіктің салдарынан ғана осы күнге дейін еленбей келеді екен, нақ сол күншілдік Дюринг мырзаның «заманға сай жетекші маңызы бар» еңбектерін де осы күнге дейін қатты қасарысып ауызға алмай отыр екен.

Жұртқа мәлім, *физиократтардың* мектебі бізге *Кенәнің «Экономикалық кестесі»* түрінде бір жұмбақ қалдырған-ды, кәзірге дейін мұны қолға алған саяси экономияның барлық сыншылары мен тарихшыларының бұған тісі батпады. Елдің жыйынтық байлығының өндірісі мен айналысы туралы физиократтардың түсінігі айқын және көрнекі формада көрсетуге тиісті болған бұл кесте экономистердің кейінгі ұрпақтары үшін тым-ақ қараңғы нәрсе болып қалды. Дюринг мырза бұл салаға да ақтық ақыйқат сәулесін түсіруге талаптанып отыр. «*Кенәнің өзінде өндіріс пен бөліс қатынастарының осы экономикалық сыйпатының қандай мағнасы бар*» екенін, — дейді ол, — «оның өзіне тән жетекші ұғымдарды *алдын ала дәл зерттеген*» күнде ғана анықтауға болады. Осындай алдын ала зерттеудің өте-мөте қажет болатын себебі — бұл ұғымдар осы күнге дейін «тұрлаусыз және көмескі формада» ғана баяндалып келді, тіпті Адам Смиттен де «мұның елеулі белгілерін көріп-білу мүмкін емес». Дюринг мырза нақ осы дәстүрлі «жеңіл-желпі баяндауды» біржола құртуға талаптанып отыр. Сөйтiп ол тұтас бес беттің ішінде әралуан көпiрмелi сөздермен, бiр айтқанын үнемі қайталаумен, қасақана былық енгізумен мынадай бiр күйiнiштi фактыны — бiзге Кенәнің «жетекші ұғымдары» жайында Дюринг мырзаның өз оқушыларын тынымсыз сақтандырып отырған «ең желбуаз компиляциялық оқулықтар» көлемінде ғана хабарлауға мұршасы әрең жететiндiгiн — бүркеуге тырысып, оқушыны қорлайды. Бұл кiрiспенiн «ең күманды жақтарының бiрi» сол, Дюринг мырза бұл жерде де әзiрiнше аты ғана белгiлi кестенi жанамалап қозғайды да, онан соң әр алуан «ойларға» салынады, — мәселен, «жұмсалған шығын мен нәтиженiң арасындағы айырмашылық» жөнiнде осылай етедi. Егер бұл айырмашылықты «Кенәнің идеясынан даяр күйiнде табуға болмайтын болса», онда Дюринг мырза мұның есесiне өзiнiң шұбалаңқы кiрiспе «шығындарынан» кейiн өзiнiң таңғажайып шолақ «нәтижесiне», кестенiң өзiн түсiндiруге көшiсiмен-ақ бiзге осындай «айырмашылықтың» тамаша үлгiсiн бермек. Сонымен, кәзiр Кенәнің кестесi туралы оның бiзге мәлiмдеудi мақұл көрген нәрсесiнiң бәрiн, онда да *түгел бәрiн*, келтiрейiк.

«Шығындар» жайында Дюринг мырза былай дейдi: «Табысты (Дюринг мырза жаңа ғана таза өнiм туралы айтқан болатын) *ақшалық құн* деп қарап, сыйпаттау керек екендiгi оған (яғни Кенәге) өзiнен өзi айқын нәрсе болып көрiндi... Ол өзiнiң ойларып (!) бiрден *ақшалық құндармен* байланыстырды да, бұларды барлық ауылшаруашылық өнiмдерiнiң бiр қолдан екiншi қолға өтiп сатылғандағы нәтижесi деп ұйғарды. Сөйтiп (!), ол өз кестесiнiң бағаналарында бiрнеше миллиардтарды» (яғни ақшалық құндарды) «келтiредi». Сонымен, бiз Кенәнің кестесi

ауылшаруашылық өнімдерінің «ақшалық құндарын», бұған қоса «таза өнімнің» немесе «таза табыстың» ақшалық құнын келтіріп отырғанын үш мәрте білеміз. Онан соң, текстен біз мынаны оқыймыз: «Егер Кенә мәселені шын табиғи әдіспен қарау жолына түсіп, асыл металдар мен ақша мөлшерін ғана емес, сонымен қатар *ақшалық құндарды* да жайына қалдырған болса... Бірақ Кенә жалғыз ғана *құн сомаларын* келтіреді және таза өнімді *ақшалық құн* деп күнілгері өзіне ой тоғытқан (!)». Сонымен, төртінші және бесінші рет: кестеде тек ақшалық құндар ғана бар екенін көріп отырмыз!

«Ол (Кенә) мұны (таза өнімді) шығындарды алып тастап тапқан және мұнда көбінесе жер меншікшісіне рента есебінде қалатын құн туралы *ойлаған* (!)» (баяндау желісі үйреншікті болмағанмен де, оның есесіне анағұрлым жеңіл-желпі). — Біз әлі де бір орыннан қозғалған жоқпыз, бірақ міне енді алға басамыз: «екінші жағынан, *алайда тағыда* (осы «алайда тағыда» нағыз асқан үлгі ғой!) таза өнім де заттай нәрсе ретінде айналысқа түседі де, осы жолмен... жеміссіз деп аталатын тапты асырау үшін... арналуға тиісті... элемент болады. Бұл жерде пікір желісінің бір жағынан ақшалық құнға, ал екінші жағынан — заттың өзіне байланысты болуынан туатын былықты *дереу* (!) байқауға болады». Тегінде товар айналысының *қандай болса да*, сірә, товар «заттай нәрсе» ретінде де, «ақшалық құн» ретінде де, бір мезгілде айналысқа түседі деген «былықтан» зардап көріп отырса керек. Бірақ біз «ақшалық құндардың» айнала-төңірегінде әлі де айналсоқтап жүрміз, өйткені «Кенә халық шаруашылығы табысының есебін екі жақтан бірдей жүргізуден аулақ болғысы келеді».

Дюринг мырзаның рұқсатымен, мынаны ескерте кетейік: төменде, Кенә кестесінің «Анализінде»<sup>1</sup>, «заттай нәрселер» ретіндегі өнімдердің әралуан түрлері көрсетілген, ал жоғарыда, кестенің өзінде, олардың нақты ақшалық құндары көрсетілген. Кейін Кенә тіпті өзінің қолшоқпары аббат Бодоға заттай нәрселерді олардың ақшалық құндарымен *қатар* тіке кестенің өзіне енгізуді тапсырған да болатын.

Соншалық «шығындардан» кейін, ақырында, «пютиже» келіп шығады. Тындаңыздар да, таңданыңыздар: «алайда біз: *халық шаруашылығының ауыспалы айналымында рента есебінде иемденілген таза өнімнің жайы не болып отыр?*» деген сұрақты қойсақ-ақ болғаны, дәйексіздік» (жер меншікшілеріне Кенәнің беретін ролі жөніндегі дәйексіздік) «*дереу* айқын бола кетеді. Мұнда физиократтардың түсіну әдісі мен *экономикалық кесте* үшін мистицизмге дейін баратын былық пен жүгенсіздік қана мүмкін еді».

<sup>1</sup> «Analyse du Tableau économique» («Экономикалық кесте анализі»). Ред.

Істің тыянағы — оның таж бен тағы. Сонымен, Дюринг мырза «халық шаруашылығының ауыспалы айналымында (кестеде көрсетілгенінде) рента есебінде иемденілген таза өнімнің жайы не болып отырғанын» білмейді. Кесте дегенің оған — «айналым квадратурасы». Өзінің мойындауына қарағанда, ол физиократияның әліппесін де түсінбейді. Айнала-төңіректе барынша шарқ ұрғаннан кейін, күбіндегі сылдыр суды барынша піскеннен кейін, айқыш-ұйқыш секіріп, ойнақ салғаннан кейін, ауық-ауық жасалған қыстырмалардан, шегіністерден, қайталаулардан және естен тандырарлық былықтан кейін, «Кенәнің өзінде кестенің қандай маңнасы бар екенін» мықтап түсіндіруге бізді әзірлеуге тиісті осы нәрселердің бәрінен кейін, қорытындыда — Дюринг мырзаның *мұны өзі де білмейтіндігін* қымсына мойындағанын көреміз.

Ақырында, еңсесін басқан осы құпия сырды, физиократтар еліне саяхат жасаған кезінде мойнына жүктелген осындай гораційлік қайырымсыз әбігерлікті өз бойынан сыпырып тастап, біздің «байсалды және жетік ойшылымыз» қайтадан серпіле жар салады: «Өзінің, дегенмен де, тым қарапайым (!) кестесінде Кенәнің оңды-солды жүргізіп отырған сызықтары» (бұл сызықтар небәрі алтау-ақ!) «және таза өнімнің айналысын көрсетуге тиісті сызықтар» «бағаналардың осы шытырман қоспаларында» әлденендей бір математикалық фантастика бүркеулі жатқан жоқ па екен деген күман туғызады; бұл сызықтар Кенәнің айналым квадратурасы проблемасымен шұғылданғанын еске түсіреді, т. т. Бұл сызықтар, қарапайым бола тұрса да, Дюринг мырзаның өзінің мойындауына қарағанда, оған түсініксіз болып қалып отырғандықтан, ол бұл жерде де өзінің үйреншікті тәсілін пайдаланып, *бұларды күдікті нәрсе деп қарауға* тиіс. Енді ол «таза өнім туралы ілімді осындай *аса күманды жағынан* қарастыра келіп», шым-шытырық кестеге жайбарақат ақтық соққы бере алады, т. т. «Tableau economique» жөнінде өзінің түк білмейтіндігін және онда көрсетілген таза өнімнің атқаратын «ролі» өзіне түсініксіз екенін лажсыз мойындайды да, — нақ осыны Дюринг мырза «таза өнім туралы ілімнің *аса күманды жағы*» деп атайды! Жаннан түңілу кейпі, шын мәнісінде, міне осы!

Алайда, өзінің экономикалық даналығын Дюринг мырзадан «түңғыш рет» сарқып алып отырған адамдардың Кенәнің кестесі жөнінде амалсыздан сұмдық хабарсыз қалған жағдайына оқушыларымызды түсірмеу үшін, мынаны қысқаша ескертіп өтейік.

Жұртқа мәлім, физиократтарда қоғам мынадай үш тапқа бөлінеді: 1) өндіруші, яғни егіншілікте шын жұмыс істеуші тап — фермерлер мен ауылшаруашылық жұмысшылары; бұлардың өндірушілер деп аталатын себебі — бұлардың еңбегі артық өнім — рента береді; 2) осы артық өнімді иемденуші тап; бұл тапқа кіретіндер: жер меншікшілері және соларға тәуелді нә-



көрлер, патша және жалпы алғанда мемлекет ақы төлеп отыратын чиновниктер, ақырында, десятина иемденушілік ерекше рөлі бар шіркеу; біз бұдан былайғы жерде ықшамдық үшін бірінші тапты тек «фермерлер» деп, ал екінші тапты — «жер меншікшілері» деп атаймыз; 3) өнеркәсіпші, яки ұрықсыз (жеміссіз) тап; жеміссіз болатын себебі — физиократтық тұрғыдан алғанда ол өзіне өндіруші тап беретін шикізаттың үстіне нақ сол таптан алып өзі тұтынатын тіршілік заттары мөлшерінде ғана күн қосып отырады. Кенэ кестесінің міндеті — белгілібір елдің (іс жүзінде Францияның) жылдық жыйынтық өнімі осы үш таптың арасында қалай жүріп тұратынын және жылдық ұдайы өндіріс үшін оның қандай қызмет атқаратынын анықтап көрсету.

Кестенің бірінші алғышарты — аренда системасы, сонымен бірге, Кенэнің заманында қолданылып жүрген мағнасында алғанда, ірі егіншілік те барлық жерде бар деп ұйғарылуға тиіс; оның бержағында Кенэнің үлгі етіп алатындары: Нормандия, Пикардия, Иль-де-Франс және басқа бірнеше француз провинциялары. Сондықтан фермер егіншіліктің шын басшысы ретінде көрсетіледі, кестеде ол бүкіл өндіруші (егінші) таптың өкілі және жер меншікшісіне ақшалай рента төлеп отырады. Барлық фермерлер жыйынтығында он миллиард ливр мөлшерінде негізгі капитал, яки сайман бар деп есептелінеді, жыл сайын орны толтырылып отыруға тиісті айналмалы капитал мұның бестен бірі, яғни екі миллиард, — бұл есепке тағы да сол аталған провинциялардағы ең таңдаулы фермалар өлшеуіш болған.

Бұдан былайғы алғышарттар мыналар: 1) түсінікті болуы үшін, баға тұрақты деп, ал ұдайы өндіріс жәй түрде деп ұйғарылады; 2) бүтіндей бір таптың көлемінде жүргізілетін айналыс атаулы шығарылып тасталады да, әралуан таптардың арасындағы айналыс қана есепке алынады; 3) операциялық жылдың ішінде бір тап пен екінші таптың арасында жүргізілетін сатып алу және, тиісінше, сату жұмыстарының бәрі бірыңғай жыйынтық сома болып қосылады. Ақырында, мынаны есте сақтау керек. Кенэнің заманында Францияда, сондай-ақ азды-көпті дәрежеде бүкіл Европада да, шаруа семьясының меншікті үй өнеркәсібі оған тамақ заттарының тобына жатпайтын қажетті өнімдердің де едәуір бөлегін беріп отыратын; сондықтан да үй өнеркәсібі бұл жерде егіншіліктің даусыз телімі деп ұйғарылады.

Кестенің бастама пункті — белгілібір елдің, бұл ретте Францияның жыйынтық егін түсімі, сондықтан да жердің жылдық өнімдері кестесінің ең жоғарғы жағында көрсетілетін жалпы сомасы, немесе «тұтас алғандағы ұдайы өндірісі». Осы жалпы өнім құнының мөлшері сауда жасайтын ұлттардағы жер өнімдерінің орташа бағасына сәйкес белгіленеді. Мұның өзі бес миллиард ливр болады — бұл сома сол кезде мүмкін болған статис-

тикалық есеп-қыйсап кезінде шамамен алғанда Франциядағы жалпы егіншілік өнімінің ақшалық құнын көрсететін сома еді. Басқа бір жағдай емес, нақ осы жағдай «Кенәнің өз кестесінде бірнеше миллиардты» — бес тур ливрі (Liver tournois)<sup>1</sup> емес, дәл бес миллиард — «келтіріп отырған себебін» көрсететін негіз болып табылады.

Сонымен, бес миллиардтық құны бар бүкіл жалпы өнім өндіруші таптың қолында болады, яғни алғашында фермерлердің он миллиардтық негізгі капиталға сәйкес келетін екі миллиардтық жылдық айналмалы капиталды жұмсау жолымен осы өнімді өндірген фермерлердің қолында болады. Айналмалы капиталдың орнын толтыру үшін, демек, соның ішінде, егіншілікте тікелей жұмыс істейтін барлық адамдардың тіршілігін сақтау үшін де керекті ауылшаруашылық өнімдері, тіршілік заттары, шикізат материалдары, т. т. жалпы егін түсімінен *in natura*<sup>2</sup> бөлініп алынады да, ауыл шаруашылығының жаңа өндірісі үшін жұмсалады. Жоғарыда айтылғандай, бір жолы белгіленген көлемде тұрақты баға және жәй ұдайы өндіріс бар деп ұйғарылатындықтан, жалпы өнімнен күнілгері шығарылып тасталатын осы бөліктің ақшалық құны екі миллиард ливрге тең болады. Демек, бұл бөлік жалпы айналысқа түспейді, өйткені, жоғарыда ескерткеніміздей, айналыс, әралуан таптардың арасында жүрмей, әрбір жеке таптың *шеңберінде* жүретін болғандықтан, кестеден шығарылып тасталған.

Жалпы өнімнен айналмалы капиталдың орнын толтырғаннан кейін үш миллиардтық өнім артылып қалады, мұның екі миллиарды тіршілік заттарында, бір миллиарды шикізат материалдарында болады. Ал жер меншікшілеріне фермерлер төлеуге тиісті рента бұл соманың тек үштен екі мөлшерінде ғана, яғни екі миллиардқа тең. «Таза өнім» немесе «таза табыс» деген рубрикамен тек осы екі миллиардтың ғана көрсетіліп отырған себебі не екенін біз ұзамай көреміз.

Бірақ үш миллиарды жалпы айналысқа түсетін бес миллиардтық құны бар ауылшаруашылық «тұтас ұдайы өндірістен» басқа, фермерлердің қолында, — кестеде көрсетілген қозғалыс басталардан *бұрын-ақ*, — ұлттың барлық жыйнақтары (*réserve*), екі миллиард нақты ақша болады. Бұл ақшаның жайы мынадай.

Бүкіл егін түсімі кестенің бастама пункті болатындықтан, шаруашылық жылдың, — айталық 1758 жылдың, — ақырғы пункті де сол болады, бұдан кейін жаңа шаруашылық жылы басталады. Осы жана, 1759 жылдың ішінде жалпы өнімнің айналысқа түсетін бөлегі бірсыпыра жеке төлемдер арқылы, сатып алу

<sup>1</sup> — Француздың ескі монетасы. *Ред.*

<sup>2</sup> — заттай формада. *Ред.*

және сату арқылы басқа екі таптың арасында бөлінеді. Бірінің соңынан бірі келіп отыратын, тұтас жылға бөлшектеніп, созылатын осы қозғалыстар, дегенмен де, — мұндай кестеде сөзсіз болатын нәрсе ғой, — аздаған ерекше әрекеттер болып тоғысады да, бұл әрекеттердің әрқайсысы бірден тұтас жылды қамтыйды. Сөйтіп, фермерлер табы 1757 жылға жер иелеріне рента есебінде төлеген ақша (мұның қалай болатындығын кестенің өзі көрсетіп береді), атап айтқанда — екі миллиардтық сома 1758 жылдың аяғында сол фермерлер табына қайта келіп түседі, ендеше фермерлер табы бұл соманы 1759 жылы қайтадан айналысқа жұмсай алады. Бұл сома, Кенэннің ескертуінше, әрқашанда төлемді сан рет, кішігірім сомалар түрінде жүргізіп отыратын елдің (Францияның) бүкіл айналысы үшін шын керекті сомадан едәуір артық, — сондықтан фермерлердің қолындағы екі миллиард ливр ұлт ішінде айналыс жасайтын ақшаның барлық сомасы болып табылады.

Рентаны күреп алушы жер меншікшілерінің табы алдымен, кәзірде де кездейсоқ болып отырғанындай, төлем алушының ролінде көрінеді. Кенэннің ұйғаруынша, сөздің шенеулі мағнасындағы жер меншікшілері екі миллиардтық рентаның жетіден төртін ғана алып отырады, оның жетіден екісі үкіметке түседі, ал жетіден бірі шіркеу десятинасын алушыларға тиеді. Кенэннің заманында шіркеу Франциядағы ең ірі жер меншікшісі болды және оның үстіне барлық басқа жер меншігінен десятина алып отырды.

Жылдың өнбойында «жеміссіз» тап жұмсайтын айналымалы капитал (*avances annuelles*) бір миллиардтық құны бар шикізаттан, — тек қана шикізаттан, — құралады, өйткені құралдар, машиналар, т. т. осы таптың өз бұйымдары болып саналады. Бұл таптың өнеркәсіп өндірісінде мұндай бұйымдардың атқаратын түрліше рольдері де кестеде, тек қана осы таптың шеңберінде жүргізілетін товар және ақша айналысы сыяқты, есепке алынбайды. Жеміссіз таптың шикізатты мануфактуралық товарларға айналдыруына себепкер болатын еңбек үшін төленетін ақы тіршілік заттарының құнына тең, ал жеміссіз тап бұл заттардың бір бөлегін тікелей өндіруші таптан, бір бөлсін көлденең жолмен, жер меншікшілері арқылы алып отырады. Жеміссіз таптың өзі капиталистер және жалдама жұмысшылар болып бөлінсе де, дегенмен бұл тап, Кенэннің негізгі көзқарасы бойынша, жыйынды бір тап ретінде өндіруші тап мен жер меншікшілеріне жалданып қызмет істейді. Сонымен қатар тұтас алғанда бүкіл өнеркәсіп өндірісі, демек, оның егін түсімінен кейінгі жылғы бөлінетін бүкіл айналысы да, біртұтас тұлға болып біріктірілген. Сондықтан, кестеде көрсетілген қозғалыстың бас кезінде жеміссіз таптың жылдық товар өндірісінің өнімі толығынан соның қолында болады деп ұйғарылады, — демек, оның бүкіл

айналмалы капиталы, яғни бір миллиардтық құны бар шикізат материалы екі миллиардтық құны бар товарға айналды деп ұйғарылады, мұның жартысы осы айналу дәуірінің ішінде тұтынылған тіршілік заттарының бағасы болып табылады. Бұл жерде: бірақ жеміссіз тап өзінің ішкі шаруашылық қажеттері үшін өнеркәсіп бұйымдарын да тұтынады ғой, — жеміссіз таптың бүкіл өнімі айналыс жолымен басқа таптарға өтетін болса, онда бұл бұйымдар қайда көрсетілмек? — деп қарсы пікір айтуға болар еді. Бұған біз мынадай жауап аламыз: жеміссіз тап өзінің меншікті товарларының бір бөлегін өзі тұтынып қана қоймайды, сонымен қатар бұдан басқа да неғұрлым көптеген товарды өзінде ұстап қалуға тырысады. Сондықтан ол өзінің айналысқа түсетін товарларын нақты құнынан жоғары сатады және осылай етуге тиіс те, өйткені біз бұл товарларды бағалағанда бұларды өндірудегі жыйынтық құн бойынша бағалаймыз. Алайда, бұл жағдай кестенің ережелеріне ешқандай өзгеріс енгізе қоймайды, өйткені басқа екі тап жыйынтық өндірісінің құнын төлегеннен кейін ғана мануфактуралық товарларды іс жүзінде ала алады.

Сонымен, біз енді кестеде көрсетілген қозғалыстың бас кезінде әралуан үш таптың экономикалық жағдайы қандай болғанын білеміз.

Өзінің айналмалы капиталының орнын заттай толтырғаннан кейін де, өндіруші таптың қарамағында құны үш миллиардтық жалпы ауылшаруашылық өнімі және екі миллиард ақшасы болады. Жер меншікшілерінің табы өндіруші таптан алуға тиісті екі миллиардтық рента жөніндегі талабын тек енді ғана ұсынады. Жеміссіз таптың қарамағында екі миллиардтық мануфактуралық товарлар болады. Осы үш таптың тек екеуінің ғана арасында жүргізілетін айналысты физиократтар толық емес айналыс деп атайды; барлық үш таптың арасында жүргізілетін айналыс толық айналыс деп аталады.

Енді экономикалық кестенің өзіне көшейік.

*Бірінші* толық емес *айналыс*. Фермерлер жер меншікшілеріне тиісті екі миллиард ливрлік рентаны оларға ақшалай төлейді, бірақ оның орнына ештеңе алмайды. Осы екі миллиардтың бір миллиардына жер меншікшілері фермерлерден тіршілік заттарын сатып алады, сөйтіп, рентаны төлеуге жұмсалған ақшаның жартысы қайтадан сол фермерлерге келіп түседі.

Өзінің «Экономикалық кесте анализінде» Кенэ жер рентасының жетіден екісін алатын мемлекет туралы да, жетіден бірін алатын шіркеу туралы да енді дәнеңе айтпайды, өйткені бұлардың екеуінің де қоғамдық ролі барша жұртқа мәлім. Сөздің шенеулі мағнасындағы жер меншікшілері жөнінде ол мынаны ескертеді: олардың шығындары, мұның ішінде олардың барлық нөкерлерінің шығындары да, ең болмағанда бұл шығындардың

дспі, «олардың имениелерін сақтап, жақсартуға және бұл иениелердің мәдениетін көтеруге» жұмсалатын шағын бөлегінен басқасы, жеміссіз шығындар болып табылады. Ал жер меншікшілерінің нағыз функциясы, «табиғи право» бойынша, дәл мынау: «жақсылап басқарудың қамын ойлау және өздерінің вотчиналарын сақтауға, қаражат жұмсау», немесе, бұдан әрі түсіндіріліп отырғанындай, avances foncières жасау, яғни жер қыртысын әзірлеу үшін және фермаларды барлық қажетті саймандармен жабдықтау үшін қаражат жұмсау; ал мұның өзі фермерге өзінің бар капиталын тек қана нағыз ауылшаруашылық мәдениетінің ісіне пайдалану үшін мүмкіндік береді.

*Екінші (толық) айналыс.* Әлі де өздерінің қолында қалып отырған екінші миллиард ақшаға жер меншікшілері жеміссіз таптан мануфактуралық товарлар сатып алады, ал соңғы тап осындай жолмен түскен ақшаға фермерлерден нақ осынша сомалық тіршілік заттарын алады.

*Үшінші (толық емес) айналыс.* Фермерлер жеміссіз таптан бір миллиард ақшаға тиісті мөлшерде мануфактуралық товарлар сатып алады; бұл товарлардың едәуір бөлегі — егіншілік саймандары және ауыл шаруашылығына қажетті басқа да өндіріс құрал-жабдықтары. Жеміссіз тап өзінің меншікті айналмалы капиталының орнын толтыру үшін бір миллиардқа шикізат сатып алып, нақ сол ақшаны фермерлерге қайтарады. Сөйтіп, фермердің рентаны төлеуге жұмсаған екі миллиард ақшасы өздеріне қайтып келді де, баланс жасалды. Осы арқылы: «шаруашылықтың ауыспалы айналымында рента есебінде иемденілген таза өнімнің жайы, анығында, не болып отыр?» — деген ұлы жұмбақ та шешіледі.

Процестің ең бастапқы кезінде өндіруші таптың қолында үш миллиардтық артық өнім болатынын жоғарыда көрдік. Бұдан жер меншікшілеріне, рента түріндегі таза өнім ретінде, тек екі миллиард төленді. Артық өнімнің үшінші миллиарды фермерлердің барлық негізгі капиталына келетін процент болып шығалды, демек, он миллиардқа — он процент. Бұл процентті олар, — мұны ескертіп өтейік, — айналыстан алмайды: мұның өзі іп папига олардың қолында болады, олар мұны тек айналыс арқылы өткізіп, осы жолмен құны тең мануфактуралық товарға айналдырады.

Бұл процент болмайынша фермер, егіншіліктің осы басты агенті, оған өзінің негізгі капиталын аванс ретінде жұмсамаған болар еді. Міне осы тұрғыдан қарағанда ауылшаруашылық қосымша табыстың процент ретіндегі үлесін фермердің иемденіп кетуі, физиократтардың пікірінше, ұдайы өндірістің, фермерлер табының өзі сыяқты өте қажетті шарты болып табылады; демек, осы құрамдас бөлшекті ұлттық «таза өнім» немесе «таза табыс» категориясына жатқызуға болмайды; атап айтқанда бұл соң-

ғысының бір сыйпаты сол, мұны ұлттық ұдайы өндірістің тікелей мұқтаждарымен ешбір санаспай-ақ тұтынуға болады. Оның бер-жағында осы бір миллиардтық фонд, Кенәнің айтуынша, көбінесе негізгі капиталдың жыл ішінде қажет болатын ремонтты үшін және оны шінара жаңарту үшін, онан соң — бақытсыздық жағдайларға қарсы резерв фонд ретінде, ақырында, мүмкіндігіне қарай негізгі және айналмалы капиталды көбейту үшін, сондай-ақ жер қыртысын жақсартып, ауыл шаруашылығының дақылын ұлғайту үшін жұмсалады.

Бүкіл процесс даусыз «оп-онай». Айналысқа түскендер: фермерлерден — рента төлеуге арналған екі миллиард ақша және үш миллиардтық өнім, мұның үштен екісі — тіршілік заттары және үштен бірі — шикізат; жеміссіз таптан — екі миллиардтық мануфактуралық товарлар. Екі миллиардтық құны бар тіршілік заттарының жартысын өздерінің барлық шылауларымен қоса жер меншікшілерінің табы тұтынады, екінші жартысын өз еңбегінің ақысына жеміссіз тап тұтынады. Бір миллиардтық шикізат нақ сол таптың айналмалы капиталының орнын толтырады. Айналыста жүрген екі миллиард сомалық мануфактуралық товарлардың жартысы жер меншікшілеріне тиеді, екінші жартысы фермерлерге тиеді, мұның өзі олар үшін негізгі капитал процентінің, — ауылшаруашылық ұдайы өндірістен олардың тікелей алатын процентінің — өзгерген формасы ғана. Ал фермердің рентаны төлеп, айналысқа салған ақшасы өнімдерін сатуы арқасында оның өзіне қайта келіп түседі, сөйтіп, нақ осы ауыспалы айналымды келесі шаруашылық жылында қайтадан жасауға болады.

Енді оқушы Дюринг мырзаның «үйреншікті жеңіл-желпі баяндаудан» мейлінше шексіз артық «шынайы-сыншылдық» баяндауына сүйсіне берсін. Ол кестеде Кенәнің жалаң ақшалық құндарды келтіруінен туатын күдіктерді бізге құпияшыл түрмен қатарынан бес рет көрсеткеннен кейін, — мұнысы әрі жалған болып шықты, — ол ақыр-аяғында мынадай қорытындыға келеді: «халық шаруашылығының ауыспалы айналымында рента есебінде иемденілген таза өнімнің жайы не болып отыр» деген сұрақты берсе болғаны, сонда «экономикалық кесте үшін мистицизмге дейін баратын былық пен жүгенсіздік қана мүмкін болады». Бұл кесте, — айналыс арқылы жүзеге асырылатын түрінде алғанда ұдайы өндірістің жылдық процесін көрсетуге келгенде өз заманы үшін қаншалық данышпандық болса, соншалық оңай кесте, — халық шаруашылығының ауыспалы айналымында осы таза өнімнің жайы қандай болып отыр деген сұраққа өте әділ жауап беретінін көрдік. Сөйтіп, «мистицизм» «былық пен жүгенсіздікті» қоса алғанда, Дюринг мырзаның физиократтық зерттеулерінің «аса құманды жағы» және бірден-бір «таза өнім» ретінде тағы да тек қана соның игілігі болып қалады.

Дюринг мырза физиократтардың теориясымен қандай жақсы таныс болса, олардың тарихи ролімен де сондай жақсы таныс. «Тюргомен бірге, — деп жөн үйретеді ол, — физиократия Францияда практика жүзінде де, теория жүзінде де құрып бітті». Өзінің экономикалық көзқарастары жағынан Мирабоның шынында физиократ болғандығы; экономикалық мәселелер жағынан 1789 жылғы құрылтай жыйналысында оның бірінші беделді кісі болғандығы; бұл жыйналыс өзінің экономикалық реформаларында физиократтық ережелердің бірталайын теориядан практикаға көшіргендігі, жеке алғанда, жер рентасына да, жер иелері, «орнын толтырмай-ақ» иемденетін осы таза өнімге де, жоғары мөлшерде салық салғандығы, — осының бәрі «қайдағыбір» Дюринг мырза үшін дүниеде жоқ нәрсе.

Дюринг мырза қаламын құлаштап бір сермегенде 1691 жылдан 1752 жылға дейінгі дәуірді өшіріп тастап, Юмның барлық ізтастаушыларын жолдан тайдырған болса, — сол сыяқты қаламын екінші рет сермегенде Юм мен Адам Смиттің аралығында болған сэр Джемс Стюартты тайдырды. Тарихи құндылығы қандай болғандығына қарамастан, саяси экономия саласын ұзақ уақытқа байытқан оның үлкен шығармасы жайында біз Дюринг мырзаның «кәсіпорнынан» ызың еткен үн де таппаймыз. Оның өресіне Дюринг мырза Стюартты тек өзінің лексиконында ғана бар ең мықты бәлағат сөзбен сыйлайды. — Стюарт Адам Смиттің заманында «профессор» болған еді дейді. Амал не, бұл күдік — шылғый өтірік. Шындығында Стюарт шотландтың ірі жер иесі болған. Стюарттарды жақтап заговорға қатысты деген ұйғарумен Великобританиядан қуылғаннан кейін, ол континентте көп саяқат жасап ұзақ болуы арқасында түрлі елдердің экономикалық жағдайларымен жете танысқан еді.

Қысқасын айтқанда: «Сын тарихы» бойынша, барлық бұрынғы экономистердің маңызы не олардың ілімі Дюринг мырзаның неғұрлым терең, «жетекші» негізгі қағыйдаларының «ұрықтары» сыяқты нәрсе дегенге келіп тіреледі, не өзінің жарамсыздығынан оның артықшылығын мейлінше анықтап көрсетеді дегенге келіп тіреледі. Бірақ дегенмен экономикалық ғылымда да «неғұрлым терең негізгі қағыйда» үшін «ұрықтарын» ғана беріп қоймай, «теоремаларын» да беретін бірнеше геройлар бар, әлгі негізгі қағыйда, дюрингтік натурфилософияның әмірі бойынша, бұлардан шығып «дамымайды», қайта тіке солармен «астарласады». Бұларға жататындар: «теңдесі жоқ көрнекті тұлға» — *Лист*, оның өзі неміс фабриканттарының қырғын пайдасын көздеп, қайдағыбір Ферьенің және басқалардың «неғұрлым әлсіз» меркантилисттік ілімдерін «айбарлы» сөздерге айналдыра қампыйтып жіберген; оған соң келетін *Кэри*, бұл өз даналығының шын мағанасын

мынадай сөздермен ашып көрсетеді: «Рикардоның системасы — алауыздық системасы... мұның өзі таптардың өшпенділігін туғызуға бағытталған... оның шығармасы жерді бөліске салу арқылы, соғыс пен тонаушылық арқылы өкімет басына ұмтылатын демагог үшін нұсқау болып табылады»; ақырында, лондондық Ситидің Конфуцийі<sup>1</sup> — *Маклеод*.

Міне сондықтан да кәзір немесе таяудағы көз жетерлік болашақта саяси экономияның тарихын зерттегісі келетін адамдар «сылдыр шығармалармен», «тұрпайы пікірсымақтармен» және «ең желбуаз компиляциялық оқулықтардың» «сұйық быламықтарымен» қалайда таныса келіп, Дюринг мырзаның «жоғары стильдегі тарихнамасына» сүйенгісі келмейтін болса, анағұрлым дұрыс істеген болып шығады.

Сайып келгенде саяси экономияның Дюрингке тән «өзгеше системасын» біздің талдауымыздың нәтижесінде не шығып отыр? Бұдан шыққан бір ғана нәтиже сол, барлық үлкен-үлкен сөздерден кейін және одан да зор уәделерден кейін біз, философиядағыдай, бұл жолы да алданып қалдық. Құн теориясында — «экономикалық системалардың қасиетін анықтайтын» осы «тәжірибешіде» — мәселе Дюринг мырзаның бір-біріне тіке қарама-қарсы, мүлде әралуан бес түрлі нәрсені құн деп түсінетіндігіне, демек, мықтағанда, не тілейтінін өзі де білмейтіндігіне келіп тірелді. Сондай даңғойлықпен жария етілген «шаруашылық атаулының табиғи заңдары» жалпыға мәлім және екінің бірінде тіпті теріс ұғылған ең нашар сортты ежіктеулі нәрселер болып шықты. Экономикалық фактылар жайында осы «өзгеше системаның» бізге беріп отырған бірден-бір түсінігі бойынша бұл фактылар «зорлықтың» нәтижесі екен, — осы желсөз арқылы ұлт біткеннің филистері өзіне кездескен қырсықтың бәрінде де мындаған жылдар бойы көңлін жұбатып келеді және біздің бұдан кейін білетініміз де дәл бұрынғыдай ғана болып шығады. Бұл зорлықтың тегі мен әрекетін зерттеудің орнына Дюринг мырза бізге: барлық экономикалық құбылыстардың түпкі себебі мен актық түсінігі ретіндегі «зорлық» деген жалғыз сөзге риза болып тыныңдар деп ұсыныс етеді. Еңбекті капиталистік жолмен қанаудың мәнісін неғұрлым толығырақ түсіндіруге мәжбүр болғандықтан, ол әуелі мұны жалпы алым-салық және бағаға қосылған үстеме дегенге апарып саяды, сөйтіп бұл арада Прудонның «алдып ала өндіру» (*prélèvement*) теориясын толық бойына сіңіреді, оған кейін барып капиталистік қанауды, атап айтқанда, қосым

<sup>1</sup> «Анти-Дюрингтің» немісшесінде Маркс жазған X тараудың қолжазбасындағы Confucius деген сөздің орнына сонымен үндес Confusius (шатастырғыш) деген сөз басылған. *Ред.*



на еңбек, қосымша өнім және қосымша құн жөніндегі маркстік теория арқылы түсіндіреді. Сөйтіп, ол біріне бірі мүлде қайшы келетін екі көзқарасты да бір дестен көшіріп алады да, бұларды есебін тауып сәтімен ымыраластырады. Ол Гегельдің идеяларын үнемі пайдалана отырып, сонымен бірге бұл идеяларды сұйылта отырып, нақ сол Гегельді жамандау үшін өз философиясынан жеткілікті тұрпайы сөздер таппаған болса, дәл сол сыяқты, «Сын тарихында» Маркске жабылған жүгенсіз жала капитал мен еңбек туралы мәселе жөнінде «Құрста» айтылған азды-көпті құнарлы пікірлердің бәрі де Маркстен плагиаттықпен алынып, мейлінше сұйылтылған пікірлер екендігін бүркеу үшін ғана керек болып отыр. «Құрстағы» надандық мынадан көрінеді: автор мәдениетті халықтар тарихының бас жағына «ірі жер иесін» қояды да, рулық және селолық қауымдарда жер меншігінің ортақ болғандығы жөнінде, бұл меншік шындығында бүкіл тарихтың бастама пункті екендігі жөнінде бір ауыз сөз айтпайды. Біздің заманымызда мұндай надандық бола бермес деймін. Бірақ, бәлкім, бұдан да асып түсетін тағы бір надандық: ол сын тарихында мұны «тарихи ой өрісінің жан-жақты кендігі» деп, талай рет өзіне өзі сүйсінеді, — жоғарыда біз бұл надандықтың тек бірнеше ең сұмпайы үлгілерін ғана келтіргенбіз. Бір сөзбен айтқанда: алғашында — өзін өзі мақтаушылықтың, базарға тән даурықпалы жарнаманың, бірінен бірі асып түсетін уәделердің «шығыны» ұшан-теңіз еді, ал одан кейінгі «нәтиже» — өңкей нуль.

---

*Үшінші бөлім*  
**С О Ц И А Л И З М**

**I**

**ТАРИХИ ОЧЕРК**

Революцияны дайындаған XVIII ғасырдағы француз философтарының ақылды—бүкіл бар әлемнің бірден-бір тұтқасы деп, соған сүйенгенін біз жоғарыда «Кіріспеден» көріп өттік<sup>1</sup>. Олар ақылға сыйымды мемлекет, ақылға сыйымды қоғам құруды талап етті, мәңгілік ақылға қайшы келетін нәрсенің бәрін де аяусыз жоюды талап етті. Шынына келгенде, бұл мәңгілік ақыл — нақ сол заманда буржуаға айналып келе жатқан орта бюргердің дәріптеген ақылы екенін де жоғарыда көріп өттік. Сондықтан да, француз революциясы осы ақылға сыйымды қоғам мен осы ақылға сыйымды мемлекетті шындыққа айналдырған кезде, жаңа мекемелер, өзінен бұрынғы құрылысқа қарағанда, бүкіл қолайлылығына қарамастан, әсте де мүлтіксіз ақылға сыйымды болмай шықты. Ақыл билеген мемлекет деген толық күйреді. Руссоның қоғамдық договоры террор кезінде жүзеге асты, өзінің саяси қабілеттілігіне сенуден қалған буржуазия осы террордан құтылу үшін әуелі Директорияның<sup>2</sup> сатылғыштығына сүйенді, ал сайып келгенде Наполеон деспотизмінің қанаты астына паналады. Уәде етілген мәңгі тыныштық ұшы-қыйыры жоқ жаулап алу соғыстарына айналды. Ақылға сыйымды қоғамдық құрылыстың халі де бұлардан тәуір болмады. Байлық пен кедейліктің арасындағы қарама-қарсылық жалпыға бірдей бақытты тұрмыс орнауы арқылы жойылудың орнына, бұрынғыдан да бетер шиеленісіп кетті; шиеленіскен себебі: бұл қарама-қарсылыққа соқпай өтетін көпір тәрізді болып келген цехтік және басқа артықшылық жойылды, сол сыяқты, бұл қарама-қарсылықты аздан жұмсартқан шіркеулердің жәрдемі де құрыды. [Феодалдық бұғаудан құтқарылып, енді іс жүзінде жүзеге асырылған «меншік бостандығы» ұсақ буржуа мен шаруа үшін осы ұсақ меншікті, меншік болғанда, ірі капитал мен ірі жер иелігінің

<sup>1</sup> Салыстырыңыз: I бөлім «Философия». [*Энгельстің ескертуі.*]

<sup>2</sup> — Франциядағы 1795 жылдан 1799 жылға дейін болған контрреволюциялық уақытша үкімет. *Ред.*

құдретті конкуренциясы жаныштаған ұсақ меншікті, нақ осы шонжарларға сату бостандығы болып шықты; сөйтіп, бұл «бостандық» ұсақ буржуа мен шаруалар үшін меншіктен қол үзу бостандығына айналды.] Өнеркәсіптің капиталистік негізде тез өркендеуі еңбекшілер бұқарасының кедейлігі мен азап шегушілігін қоғамның өмір сүруіне қажетті шарт етті. [Карлейль айтқандай, ақша барған сайын бұл қоғамның бірден-бір дәнекері болып алды.] Қылмыс істеушілік жыл санап арта берді. Феодалдық заманның бұрын жұрт алдында істелетін бұзықтықтары, — айтқандай, әлі де болса жойылып бітпеген бұзықтықтар, — дегенмен әзірге кейін ығыстырылды, бірақ бұлардың орнына бұрын жұрт астыртын ғана сеніп келген буржуазиялық заманның бұзықтықтары соғұрлым қаулап өрши түсті. Сауда барған сайын зұлымдыққа айнала берді. «Туыскандық» деген революциялық ұран конкуренция туғызатын мұғтайымдық пен бақталастыққа айналды. Күш жұмсап езудің орнын пайда — нара басты, ал семсердің орнына қоғамдық өкіметтің ен басты тұтқасы ақша болып алды. Алғашқы түн правосы феодалдардан буржуа-фабриканттарға көшті. Жезөкшелік құлақ естіп, көз көрмеген дәрежеде көбейді, тіпті некенің өзі де, бұрынғысындай, жезөкшеліктің заң мақұлдаған формасы, оның ресми бүркеншігі болып қала берді, бұған ерлі-зайыптылық адалдығын бұзудың көптеген түрлері қосылды. Қысқасы, «ақылдың жеңуі» арқылы орнаған қоғамдық және саяси мекемелер, ағартушылардың берген тамаша уәделерін масқаралаған, жұртты әбден түңілдірген улы карикатура болып шықты. Тек бұл түңілгендікті ыспаттай алатын адамдар ғана болмады, ал мұндай адамдар жаңа ғасырдың нақ бас кезінде шыға бастады. 1802 жылы Сен-Симонның «Женева хаттары» басылып шықты; теориясының негізі 1799 жылы-ақ салынса да, 1808 жылы Фурьенің ең алғашқы шығармасы басылып шықты; 1800 жылы 1 январьда Роберт Оуэн Нью-Лэнаркті басқаруға кірісті.

Бірақ бұл кезде капиталистік өндіріс әдісі, сонымен бірге буржуазия мен пролетариаттың арасындағы қарама-қарсылық та әлі де болса өте дамымаған еді. Англияда жаңадан ғана пайда болған ірі өнеркәсіп ол кезде Францияда әлі де болса жоқ еді. Ал шынында, тек ірі өнеркәсіп қана, бір жағынан, өндіріс әдісінде төңкеріс жасауды, [оның капиталистік сыйнатын жоюды] өріксіз қажет ететін жанжалдарды күшейтеді, ал бұл жанжалдар осы ірі өнеркәсіптің өзі туғызған таптардың арасында ғана емес, сонымен қатар өзі туғызған өндіргіш күштер мен айырбас формаларының арасында да болады; ал екінші жағынан, сол ірі өнеркәсіптің дәл өзі, өндіргіш күштердің орасан мықтап дамуы арқылы өзі туғызған жанжалдарды шешудің құралын да даярлап береді. Демек, жаңа қоғамдық тәртіптен туатын жанжалдар ХІХ ғасырдың қарсаңында жаңа ғана пайда болған

болса, онда ол жанжалдарды шешу жолдары ол кезде әлі де болса өте нашар дамыған болатын. Террор қолданылған кезде Париждың дәулетсіз бұқарасы көзді ашып-жұмғанша өкіметті қолына алып, [сонымен, буржуазиялық революцияны буржуазияның нақ өзіне қарсы жеңіске жеткізе алса да], олар мұнысымен сол кездегі жағдайларда бұл бұқараның [ұзақ уақыт] үстемдік құруының ешбір мүмкін еместігін дәлелдеп берді. Жалпы дәулетсіздер бұқарасынан жаңа таптың ұрығы есебінде жаңа ғана бөлініп шыққан, өз алдына әлі саяси қыймыл жасай алмайтын пролетариат ол кезде езілген, азап шеккен сословиені тәрізді ғана болды, ол өзіне-өзі жәрдемдесуге дәрменсіз болды, сондықтан оған жәрдемді ең мықтағанда сырттан, жоғарыдан көрсету керек еді.

Бұл тарихи жағдай социализм негізін салушылардың көзқарастарын да анықтады. Капиталистік өндірістің жетілмеген қалпына, жетілмеген тап қатынастарына жетілмеген теориялар да сай келе кетті. Қоғамдық міндеттердің дамымаған экономикалық қатынастар арасында көрінбей жатқан шешу жолын жаңадан тауып, ойлап шығаруға тура келді. Қоғамдық құрылыс тек кемшіліктерді ғана көрсетті, ал оларды жою ойлы ақылдың міндеті болды. Қоғамдық құрылыстың жаңа, неғұрлым жетілген системасын ойлап тауып, оны сырттан, насихат арқылы, мүмкіндігінше үлгілі тәжірибелер жасау арқылы кәзіргі қоғамға таңу керек болды. Бұл әлеуметтік жаңа системалардың утопия болып қалатындығы күні бұрын шешілген еді, сондықтан ол системалар неғұрлым құнттап тексеріліп шешілген сайын, соғұрлым таза қыялға айнала беруге тиіс болды.

Мұны анықтағаннан кейін, біз енді мәселенің түгелінен өтіп кеткендегіге қатысы бар бұл жағына тоқталып жатпаймыз. Осы кезде күлкілі сыяқты болған қыялдарды рақаттанып қағып-сілкуді және мұндай «есінен танғандыққа» қарағанда өздерінің ақыл-ойының сергектігіне сүйініп мәз болуды Дюринг сыяқты әдебиет саудагерлеріне-ақ бердік. Қыял пердесін аяқ аттаған сайын тесіп өтіп, өріс алған данышпандық идеялар, данышпандық ой-пікірлер бізді анағұрлым артық қуантады, ал бұларды соқыр филистерлер көрмей келеді.

[Сен-Симон ұлы француз революциясының ұлы еді, революция басталарда ол әлі отыз жасқа да жетпеген еді. Революция үшінші сословиенің, яғни, өндіріс пен сауда ісінде жүрген ұлттың көпшілігінің, сол кезге дейін ардақталып келген *сауық-сайраншы* сословиелерді — дворяндар мен руханиларды — жеңуі болды. Бірақ кешікпей-ақ, үшінші сословиенің жеңісі сол сословиенің азғана бөлегінің жеңісі ғана болып шыққаны байқалды: ол жеңіс үшінші сословиенің әлеуметтік-ардақты бөлегінің — дәулетті буржуазияның саяси өкіметті жеңіп алуы болды. Оның үстіне бұл буржуазия революция процесінің өзінде тез өркендеді, өркендегенде, бір жағынан, дворяндар мен шіркеудің кон-

фискацияланып алынған, онан соң жұртқа *сатылған* жер меншігін саудаға салу арқылы, екінші жағынан, соғыс керек-жаратын жетістірушілердің ұлтты алдауы арқылы өркендеді. Нақ осы жалдаптардың Директория тұсында үстем болуының өзі Франция мен революцияны апат халіне душар етті, сөйтіп Наполеонның мемлекеттік төңкеріс жасауына себепші болды. Сонымен, үшінші сословие мен ардақты сословиелердің арасындағы қарама-қарсылықты Сен-Симон «жұмысшылар» мен «сауық-сайраншылар» арасындағы қарама-қарсылық деп білді. Оның ойынша, сауық-сайраншылар бұрынғы ардақты сословиелердің өкілдері ғана емес, сонымен қатар өндіріс пен сауда ісіне араласпай өзінің рента табысымен тұратындардың бәрі де сол сауық-сайраншылар болып табылды. Ал оныңша, «жұмысшы» болып жалдама жұмысшылар ғана емес, сонымен қатар фабриканттар да, купецтер мен банкирлер де жұмысшылар болып саналды. Сауық-сайраншылардың ақыл-оймен басшылық ету, саяси үстемдік жүргізу қабілетінен айрылғандығы ешбір күмәнсыз болды, мұны революция біржолата дәлелдеді. Дәулетсіздердің мұндай қабілеті болмағанын, Сен-Симонның ойынша, террор кезінің тәжірибесі дәлелдеді. Ал бұлай болғанда, енді кім басшылық етіп, кім үстемдік жүргізуге тиіс еді? Сен-Симонның ойынша жаңа діни байланыс арқылы біріккен, реформация кезінен бастап бұзылған діни көзқарастардың бірлігін қайта орнатуға тиіс болған сөзсіз мистикалық, қатаң иерархиялық «жаңа христиан діні» арқылы біріккен ғылым мен өнеркәсіп жетекшілік етіп, үстемдік жүргізуге тиіс. Оныңша ғылым дегеніміз — ғалымдар, ал өнеркәсіп дегеніміз — ең алдымен белсенді буржуа, фабриканттар, купецтер, банкирлер. Рас, бұл буржуа қоғамдық чиновниктер, бүкіл қоғамның сенген адамдары тәрізді бірнәрсе болуға тиіс, бірақ ол жұмысшыларға билік жүргізетін қалпын және экономика жүзіндегі артықшылық қалпын сақтауға тиіс. Банкирлерге келсек, нақ солар ғана кредит жұмысын тәртіптеу арқылы, бүкіл қоғамдық өндірісті жолға қоюға тиіс болды. — Мұндай көзқарас ірі өнеркәсіптің сонымен бірге буржуазия мен пролетариаттың арасындағы қарама-қарсылықтың да Францияда жаңадан ғана шығу процесінде отырған дәуіріне толық сай келді. Бірақ Сен-Симонның ерекше атап көрсетіп отырғаны мынау: қашан да, қай жерде болса да оның ең алдымен ойлайтыны — «ең көп және ең кедей таптың» тағдыры (*ea classe ea plus nombreuse et la plus pauvre*)].

Сен-Симон өзінің «Женева хаттарында»-ақ «жұрттың барлығы жұмыс істеуге тиіс» деген қағыйданы ұсынады. Сол шығармасының өзінде-ақ ол: Франциядағы террордың үстемдігі дәулетсіз бұқараның үстемдігі болды дейді. Дәулетсіз бұқараға меңзеп, ол «Францияда сіздердің жолдастарыңыз үстемдік құрып тұрғанда онда не болғанына көз жіберіңіздерші; олар ашар-

шылық туғызды!» — дейді. Бірақ француз революциясының тап күресі болғанын, тап күресі болғанда, [тек дворяндар мен буржуазияның арасындағы ғана емес, сонымен қатар] дворяндардың, буржуазияның және дәулетсіз бұқараның арасындағы тап күресі болғанын ұғыну — мұның өзі 1802 жылы асқан данышпандық жаңалық еді. Сен-Симон 1816 жылы саясат дегеніміз — өндіріс туралы ғылым деп жарыялап, саясаттың экономикаға толық сіңісіп кететінін болжады. Экономикалық хал саяси мекемелердің негізі деген ұғым бұл арада тек бастама түрінде ғана айтылған болса, оның есесіне, адамдарды саясат жағынан басқару, заттарды билеу ісіне, өндіріс процестерін басқару ісіне айналуға тиіс, басқаша айтқанда, соңғы кезде жұрт өте-мөте көп сөз қылған «мемлекеттің жойылуына» әкеліп соғуға тиіс деген пікір әбден ашық айтылған. Сен-Симон 1814 жылы, — одақтастардың Парижге кіруінің артынша, — ал онан соң 1815 жылы, Жүз күндік соғыстың кезінде, өзінің замандастарынан тағыда көш бойы озып шығып: Францияның Англиямен одактасуы және екінші ретте осы екі елдің Германиямен одактасуы Европаның бейбіт дамып, гүлденуіне бірден-бір кепіл болатын нәрсе, дейді. 1815 жылы француздарды: Ватерлоода жеңіп шыққандармен одактасындар деп үгіттеу үшін, неміс профессорларына пәлеқорлық соғыс жарыялаудан гөрі<sup>1</sup>, қалай болғанда да көп ерлік керек еді.

Егер біз Сен-Симоннан көзқарастарының данышпан кендігін, сол себепті оның көзқарастарында соңғы кездердегі социалистердің бірбеткей экономикалық емес ой-пікірлерінің барлығының дерлік ұрығы бар екенін көріп отырсақ, ал Фурьенің сол кездегі қоғамдық құрылысты сынағанын, бұл сынауында француздың өте сөз тапқырлығының, алайда, өте терең анализ жазаумен ұштасып отырғанын көреміз. Фурье революцияға дейінгі буржуазияның шабытты пайғамбарлары мен оның революциядан кейінгі сатылған жағымпаздарын сөздерінен ұстап, ауыздарын аштырмай қойды. Ол буржуазиялық дүниенің бүкіл материалдық және моральдық бишаралығын аяусыз әйгілеп, оны [бұрынғы] ағартушылардың: тек ақыл ғана үстемдік ететін қоғам орнату туралы, жұрттың бәрін бақытқа жеткізетін цивилизацияны орнату туралы алдамшы уәделерімен, — олардың адамзат үздіксіз ілгерілеп жетіле беруге қабілетті деген сөздерімен салыстырды; ол кәзіргі буржуазия идеологтерінің көпірмелі жел сөздерінің дәнемеге тұрмайтындығын әшкереледі, әшкерелегенде олардың даурықпа сөздеріне қандай адам көргісіз шындық тура көліні отырғанын көрсетті, сөйтіп бұл жел сөздерден түк шықпағанын мейлінше қатты түйреді. Фурье — тек сыншы ғана

<sup>1</sup> Бұл сөздер, сірә, Дюрингтің Берлин университетінің профессорларымен жанжалдасуын Энгельстің байқатуы болуы керек. *Ред.*

емес; өзінің жаратылысында үнемі көңілді болған Фурье — сатирик те болды, тіпті барлық замандағы асқан ұлы сатириктердің бірі болды. Революцияның күні батуымен француздың барлық коммерциялық істерін жайлап алған жалдаптық мүтәйімдік пен ұсақ саудагерлік ниетті ол мiрдiң оғындай тиетiн сықақ сөздерiмен суреттедi. Ол жыныстар арасындағы қатынастардың буржуазиялық формасын және буржуазиялық қоғамдағы әйелдiң жайын онда да асқан шеберлiкпен сынады. Әрбiр белгiлi қоғамдағы әйелдердiң азат етiлу дәрежесi — азаттық атаулының табиғи өлшеуi болып табылады деген пiкiрдi тұңғыш рет айтқан Фурье болды. Бiрақ Фурьенiң ұлылығы бәрiнен бұрын оның қоғам тарихы жөнiндегi көзқарасында айқын көрiндi. Қоғам тарихының бүкiл бұдан бұрынғы өрiсiн ол дамудың мынадай төрт сатысына бөледi: тағылық, варварлық, патрiархат және цивилизация; оның цивилизациясы осы күнгi буржуазиялық қоғам дейтiнмен, [демек, XVI ғасырдан бастап дамыған қоғамдық тәртiппен] бiр жерден шығады, сөйтiп ол «варварлықтың тұсында қарапайым күйiнде болған әрбiр бұлықтықты бұл цивилизацияның қалайша күрделi, екi мағналы, екiұшты, екiжүздi етiп шығаратынын» көрсеттi. Ол жеңiп болмайтын және үнемі қайталап отыратын қайшылықтардың «жын ойнағын» көрсеттi; цивилизация осының iшiнде шырқ айналып, арқашан нәтижелерге — шынымен не жорта өзi ұмтылатын нәтижелерге қарама-қарсы келетiн нәтижелерге жетiп отыратынын көрсеттi. Сөйтiп, мәселен, «цивилизацияның кезiнде *кедейлiктi артық өнiмнiң өзi туғызады*». Бұдан бiз Фурьенiң де өзiнiң замандасы Гегель сыяқты диалектиканы өте шебер қолдана бiлгенiн көреміз. Адам баласының дамып, жетiле беруге шексiз қабiлеттiлiгi туралы жел сөздерге қарама-қарсы Фурье: әрбiр тарихи фазистiң өзiнiң жоғары өрлеу және төмендеу өресi болды — деген пiкiрдi де диалектикалық жолмен айтып бердi, сөйтiп ол өзiнiң бұл көзқарасын бүкiл адам баласының болашағы жөнiнде де онан әрi дамытты. Жаратылыс тану ғылымына жердiң келешекте құрайтыны туралы идеяны енгiзген Кант қусап, Фурье де өзiнiң тарих жөнiндегi ұғымына адам баласының келешекте құрайтыны туралы пiкiрдi енгiздi.

Францияда елдi тазалап шыққан революция дауылы болып өткен кезде, Англияда дабылы кемiрек, бiрақ көлемi аса зор тоцкерiс болып жатты. Бу мен машиналы жаңа өндiрiс мануфактураны кәзiргi замандағы iрi өнеркәсiпке айналдырды, сөйтiп буржуазиялық қоғамның барлық негiздерiн революцияшылдандырды. Мануфактура заманындағы дамудың баяу жүрiсi өндiрiстегi нағыз күштi дауыл, қатты шабуыл дәуiрiне айналды. Қоғамның iрi капиталистер мен дәулестiз пролетарларға бөлiнуi барған сайын тездей бердi, ал олардың екi арасында, бұрынғы уақыттағы тұрақты орта сословиенiң орнына, өте-мөте баянсыз

өмір сүруге қалған, халықтың ең тұрақтамайтын бөлегі болып отырған қолөнершілер мен ұсақ саудагерлердің өзгере беретін бұқарасының пайда болғанын көріп отырмыз. Жаңа өндіріс әдісі әлі де болса өзінің өрлеп дамуының алғашқы сатыларында болды; ол әлі қалыпты, [дұрыс], сол кездегі жағдайларда бірден бір мүмкін болған өндіріс әдісі болды. Солай бола тұрса да, ол соның өзінде-ақ өте зор әлеуметтік апаттар туғызып үлгірді: баспанасыз халық үлкен қалалардың адам көргісіз қараңғы түкпірлеріне толып кетті; бұрынғыдан мұра болып қалған барлық байланыстар, патриархтық уклад, семья қыйрады; жұмыс күні әсіресе әйелдер мен балалар үшін сұмдық ұзартылды; күтпеген жерден өмірдің мүлде жаңа жағдайларына, [деревнядан қалаға, егіншіліктен өнеркәсіпке, күн көрудің тұрақты жағдайларынан күн сайын өзгеріп отыратын, мұқтаждық жағдайларына] көшірілген еңбекші халықтың жаппай берекеті қашты. Міне, дәл осы кезде реформатор есебінде, тіпті нәрестедей таза мінезді, адамгершілігі күшті және, сонымен бірге ілуде бір кездесетін нағыз жетекші, жыйырма тоғыз жастағы бір фабрикант шыға келді. Роберт Оуэн XVIII ғасырдағы ағартушы-материалистердің: адам баласының мінез-құлқы, бір жағынан, оның табиғи қалыптасуының, екінші жағынан, адамды бүкіл өмір бойы, әсіресе оның ержетіп есейетін дәуірінде айнала қоршап отыратын жағдайлардың жемісі деген ілімін ұғып алды. Қоғамдағы алатын орындары жағынан Оуэннің пікірлес серіктерінің көпшілігі өнеркәсіп революциясын — лай судан балық аулап, тез баюға жарайтын тәртіпсіздік, лайсаң ғана деп білді. Ал Оуэн болса өнеркәсіп революциясын өзінің ұнататын идеясын жүзеге асыруға, сөйтіп бұл лайсанды тәртіпке салуға қолайлы жағдай деп таныды. 500-ден артық жұмысшы істейтін фабриканың басшысы болып отырып, Оуэн Манчестерде осы идеяны қолдануға әрекет жасады, жасағанда, табысты етіп жасады. Ол 1800 жылдан 1829 жылға дейін Шотландиядағы Нью-Лэнаркте жіп иретін үлкен фабриканы басқарды және кәсіпорынның компанионы да бола отырып, ол мұнда да сол бағытта іс істеді, бірақ ол мұнда анағұрлым еркінрек қыймылдады және көп табыстарға жетті, сол себепті көп ұзамай-ақ оның атағы бүкіл Еуропаға жайылды. Нью-Лэнарктің бірте-бірте 2500-ге жетіп көбейген және алғашында өте ала-құла элементтерден, көбінесе мықтап берекеті кеткен элементтерден құралған халқын Оуэн мүлде үлгілі колонияға айналдырды, онда маскүнемдік, полиция, қылмыс соттары мен процестері, кедейлерді қамқорлыққа алу, қайырымдылық жасау дегендердің бәрі белгісіз нәрсе болып қалды. Ол бұған тек қана мынаның арқасында жетті: адамға адамның адамгершілігіне неғұрлым лайықты жағдай жасады, әсіресе ол өсіп келе жатқан жас буындарды жақсылап тәрбиелеудің қамын ойлады. Нью-Лэнаркте, Оуэн ойлап шы-



ғарған алғашқы балалар бақшалары ашылды. Ол бақшаларға екі жастағы балалардан бастап алды; онда балалардың уақытын көңілді өткізгендігі сондай, оларды ата-аналары үйіне зорға алып қайтатын болды. Оуэннің конкуренттері жұмысшыларын зорлап күніне 13—14 сағаттан жұмыс істеткен кезде, Нью-Лэнаркте жұмыс күні  $10\frac{1}{2}$  сағаттан аспайтын болды. Кездеме тоқу өндірісінде болған кризис жұмысты төрт ай бойы токтатуға мәжбүр еткенде жұмысшылар, бұған қарамастан, толық ақысын алып тұрды. Осылай бола тұрса да кәсіпорынның күны екі еседен артық өсті, сөйтіп кәсіпорын ең ақырына дейін меншік иелеріне көп табыс келтіріп тұрды.

Бірақ мұның бәрі Оуэнді қанағаттандырмады. Өзінің жұмысшыларына туғызған күнкөріс жағдайы, Оуэннің ойынша адамның адамгершілігіне лайықты болудан әлі де болса қашық жатыр еді. «Бұл адамдар менің құлым еді» дейтін ол; оның Нью-Лэнарк жұмысшыларын басқаларға қарағанда тәуір жағдайда қоюы, жұмысшылардың ерікті тіршілік етуі былай тұрсын, тіпті олардың мінез-құлқы мен ақылының барлық жағынан бірдей дұрыс дамуы үшін де мүлде жеткіліксіз еді. «Ал оның бержағында осы 2 500 адамның еңбек етуге жарайтындары қоғам үшін соншама көп реалдық байлық жасап шығарды, мұндай байлықты жасау үшін мұнан бар болғаны жарты ғасыр бұрын 600 000 адамның еңбегі керек болар еді. Мен өзімнен: 2 500 жұмысшы тұтынатын өнімнің мөлшері мен бұрынғы 600 000 жұмысшыға кететін өнім мөлшерінің арасындағы айырма қайда кетеді? — деп сұрадым». Мұның жауабы айқын еді. Бұл айырма фабрика иелерінің қалтасына түсті, олар кәсіпорындарына жұмсаған капиталына 5% өсім, оның үстіне тағыда 300 000 фунт стерлинг (6 000 000 марка) пайда алып отырды. Бұл жағдайды, Нью-Лэнарктен гөрі, Англияның барлық басқа фабрикалары жөнінде көбірек қолдануға болады. «Машиналар жасаған осы жаңа байлық көзі болмаса, Наполеонды құлатып, қоғам құрылысының аристократиялық принциптерін қайта орнату үшін соғыс жүргізуге мүмкіндік болмаған болар еді. Ал бұл жаңа күш еңбекші таптың қолымен жасалған күш еді ғой»<sup>1</sup>. Сондықтан оның жемістері де сол таптікі болуға тиіс еді. Бұған дейін тек жалғыз-жарым адамдарды байытып, бұқараны құл етуге қызмет етіп келген құдіретті жаңа өндіргіш күштер, Оуэннің пікірінше, қоғамды қайта құрудың негізі болуға тиіс еді

<sup>1</sup> [«The Revolution in Mind and Practice» («Ақыл-ой мен практикадағы революция». Ред.] деген атпен жазылған үндесуден, бұл үндеу «Европаның барлық қызыл республикашындарына, коммунистеріне және социалистеріне» және 1848 жылғы француз уақытша үкіметіне арналып жазылған, сонымен бірге «Виктория королеваға және оның жауапты кеңесшілеріне» де жолданған]. [Энгельстің ескертуі.]

және барлық жұрттың меншігі ретінде тек солардың ғана тұрмыс жағдайын жақсартуға қызмет етуге тиіс еді.

Оуэннің коммунизмі, былайша айтқанда, коммерциялық есептің жемісі сыяқтанып, осындай таза іскерлік негіздерден туды. Оның коммунизмі осы практикалық сыйпатын ақырына дейін сақтап келді. Мәселен, Ирландиядағы қайыршылықты жою мақсатымен Оуэн 1823 жылы коммунистік колониялардың жобасын жасады, бұл жобаға жұмсауға керекті капиталдың, жылма-жылғы шығындар мен ұйғарылған кірістердің толық есепкыйсаптарын қосты. Ал болашақ құрылыстың өзі жасаған түпкілікті жоспарында Оуэн істің барлық техникалық жақтарын жете талдап, (жұмыс чертеждеріне, оның фасады мен биік көрінісіне дейін қалдырмай жете талдап) мұның бәрін істің мән-жайын білетін шеберлікпен жасағаны сондай, егер оның қоғамды қайта құру әдісін қабылдасақ, онда тіпті маманның тұрғысынан қарағанда да мәселенің егжей-тегжейлеріне қарсы айтатын пікір өте шамалы болар еді.

Коммунизмге көшу Оуэннің өміріндегі бетбұрыс пункт болды. Ол жай филантроп есебінде шыққанда, ол тек байлық тапты, жұрт оны қостады, жұрт алдында құрметті болды, атағы шықты. Ол Европадағы ең жұртқа мәлім адам болды. Оның сөйлеген сөздеріне, қоғам ішіндегі өзімен дәрежелес адамдар ғана емес, сонымен қатар тіпті министрлер мен тәж-тақтылы кісілер де жақсылап құлақ қойды. Бірақ ол өзінің коммунистік теорияларымен шығысымен-ақ, істің беті басқаша болып кетті. Оның пікірінше, қоғамды қайта құруға зор үш нәрсе кедергі болды: жеке меншік, дін және некенің сол кездегі формасы. Осы кедергілерге қарсы күреске шыққанда ол өзінің ресми қоғам ішінде шеттетілетінін және өзінің қоғам ішіндегі дәрежесінен айырлатындығын жақсы білді. Бірақ бұл пікірлер Оуэнді тоқтата алмады, оның аяусыз шабуылының жігерін бәсеңдеткен жоқ. Сөйтіп оның болжағаны дәлме-дәл келді де. Ресми қоғамнан қуылған, пресса қозғамаған, \* Америкада жасаған, өзінің барлық дәулетін жұтып қойған коммунистік тәжірибелерінің сәті түспей кедейленіп қалған Оуэн тура жұмысшы табына келіп, оның арасында тағыда отыз жыл еңбек етті. Англияда жұмысшы табының мүдделері жолында болған барлық қоғамдық қозғалыстар мен оның барлық шын табыстары Оуэннің атымен байланысты. Мысалы, 1819 жылы оның бес жыл күш жұмсауы арқасында, әйелдер мен балалардың фабрикалардағы жұмысына шек қойған тұңғыш заң алынды. Бүкіл Англия тред-юниондарының жалпыға бірдей бір үлкен кәсіподаққа біріккен бірінші конгресіне Оуэн председатель болды. Оуэннің дәл өзі бүтіндей коммунистік қоғам құрылысына көшу шаралары ретінде, бір жағынан, кооперативтік қоғамдар (тұтыну және өндіріс серіктіктері) ұйымдастырды, бұл қоғамдар ең болмағанда, әр

купецтерсіз, әрі фабриканттарсыз іс қылудың толық мүмкін екенін кейіннен практика жүзінде дәлелдеп көрсетті; ал екінші жағынан, жұмысшы базарларын ұйымдастырды, бұл базарларда еңбек өнімдерін еңбекпен табылған қағаз ақша арқылы айырбастап отыратын болды, ол қағаз ақшаның бір өлшемі жұмыс уақытының бір сағаты болды. Бұл базарлар сөзсіз сәтсіздікке ұшырауға тиіс еді, бірақ бұл базарлар Прудонның бұдан едәуір кейінгі кездегі айырбас банкісін әбден күнілгері болжағандық еді, алайда, олардың бұл банкіден айырмашылығы дәл мынада еді: бұл базарлар барлық қоғамдық жамандықтардан құтқаратын мінсіз шипалы құрал деп дәріптелген жоқ, тек бүкіл қоғамды неғұрлым батыл қайта құру жолындағы тұңғыш адымдардың бірі ретінде ғана ұсынылды.

Суверенді Дюринг мырза өзінің «ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқатының» шыңынан жек көріп қараған адамдар осындай адамдар еді, бұл жек көрушіліктің үлгісін өзіміз «Кіріспеде» келтірдік. Ал бұл жек көрушіліктің өзінің белгілі мағынада жеткілікті негізі де бар еді: ол жек көрушіліктің түпкі негізінің өзі, асылына келгенде, үш утопистің үшеуінің де шығармалары жөнінде дәнеме білмеген нағыз өрескел надандық еді. Мысалы, Сен-Симон туралы Дюринг мырзада былай делінген: «оның негізгі идеясы шын мәнісіне келгенде дұрыс еді, ал егер кейбір сыңаржақтықтарын былай қоятын болсақ, онда ол идея көзір де шын творчествоға демеу бере алады». Алайда, Дюринг мырзаның қолында, сірә, Сен-Симонның кейбір шығармалары болуына қарамастан, біз Сен-Симонға арналған 27 баспа парақ беттің бойында Сен-Симонның «негізгі идеяларын» текке іздегенбіз, мұның өзі «Кенәнің дәл өзінде» оның экономикалық кестесінің шынына келгенде «мәні неде» деген сұраққа бұрындар да текке жауап іздегеніміз сыяқты нәрсе; сонымен сайып келгенде біз мынадай құрғақ сөздермен қанағаттануға тиіспіз: «қыяли жору мен филантропиялық долданушылық... оның өзіне тән өте-мөте қатты қыялға салынуымен қосып Сен-Симонның идеяларының күллі өресін биледі!» Фурьенің шығармаларынан Дюринг мырзаның білетіні романтикалық егжей-тегжейлеріне дейін суреттеліп көрсетілген болашақ қыялдары ғана, Фурьенің «шын қатынастарды сынауға» қалай «*жол-жөнекей* әрекеттеніп отырғанын» зерттеп тексеруден гөрі, Дюринг мырза өзінің Фурьеден шексіз басымдылығын атап көрсету үшін, әлбетте, тек әлгі болашақ қыялдарына «әлде қайда елеулі» көңіл бөлгенді. Жол-жөнекей! Фурьенің шығармаларының әрбір бетінде мерлік соншалық дәріптеліп жүрген цивилизацияның сұмпайтатынын әшкерелейтін сықақ пен сынның ұшқыны жалт-жұлт етіп тұр ғой. Мұның өзі біреу болмаса біреу: Дюринг мырза тек жол-жөнекей ғана Дюринг мырзаны замап біткеннің бәрінің асқан асыл иесі деп жарыялап отыр десе, соған барабар нәрсе. Ал

енді Роберт Оуэнға арналған онекі бетке келетін болсақ, онда Дюринг мырза бұл арада филистер Сарганттың жазған татымсыз өмірбаянынан басқа мүлде ешқандай деректемені пайдаланбаған, бұл Саргант та Оуэннің ең маңызды шығармаларымен — оның неке туралы және коммунистік құрылыс туралы шығармаларымен таныс емес еді. Тек сондықтан ғана Дюринг мырзаның Оуэнде «батыл коммунизм бар деп ұйғаруға болмайды» деуге батылы барып отыр. Қалай болғанда да, егер Дюринг мырза Оуэннің «Book of the New Moral World»<sup>1</sup> деген кітабын тым болмаса қолына алған болса, онда ол бұл кітаптан жұрттың бәріне бірдей еңбек ету міндеттілігімен, өнімге бірдей праволы екендігімен қосып, — Оуэннің әрдайым қоса айтатынындай, жасына сәйкес бірдей праволы екендігімен қосып, — нағыз батыл коммунизмнің тұпа-тура тұжырымын ғана кездестіріп қоймай, сонымен қатар ол кітаптан жұмыс чертеждерімен, фасадымен жоғарыдан көрінетін көрінісімен болашақ коммунистік қауым үйінің әбден тәптіштеліп жасалған жобасын да кездестірген болар еді. Ал егер «социалистік идеялар жүйесі өкілдерінің өз шығармаларын тікелей зерттеу ісін» олардың тақырыптарымен немесе, әрі кеткенде, осы шығармалардың біразына берілген *эпиграфтармен* танысу ісімен ғана доғаратын болса, — Дюринг мырзаның істеп отырғанындай, — онда осы сыяқты өрескел немесе турадан-тура жалған пікірлер айтудан басқа, әрине, дәнеңе де қалмайды. Оуэн «батыл коммунизмді» уағыздап қана қойған жоқ, сонымен қатар оны бес жыл бойына (30-шы жылдардың аяғы мен 40-шы жылдардың басында) Гемпширдегі Harmony Hall<sup>2</sup> колониясында практика жүзінде жүргізді де, мұнда коммунизмнің батылдығы жағына ешбір шек келтіруге болмайды. Мен өзім осы үлгілі коммунистік экспериментке бұрынғы қатысқан адамдардың кейбіреулерін білетін де едім. Бірақ осының бәрі жөнінде де, тегінде Оуэннің 1836 және 1850 жылдардың арасындағы істеген ісін білмегені сыяқты, Саргант мүлде түк білмейді, сондықтан да Дюринг мырзаның «терең мағналы, тарихнамасы» да бұл мәселе жөнінде надандықтың шырмауында қалып отыр. Оуэн «барлық жағынан да филантропиялық байланғыштықтың нағыз бір керемет бәлесі» дейді Оуэн жөнінде Дюринг мырза. Бірақ сол Дюринг мырзаның өзі бізге тақырыптары мен эпиграфтары бойынша өзі әрең таныс кітаптардың мазмұны туралы баяндап отырғанда, біз оны «барлық жағынан да байланғыш надандықтың нағыз бір керемет бәлесі» деп айтуға ешбір праволы емеспіз, өйткені *біздер* айтқан мұндай сөздер «бәлсегаттау» деп аталатын болады ғой.

Утопистердің, жоғарыда өзіміз көргендей, утопист болған

<sup>1</sup> «Жаңа мінсз-құлық дүниесі жайындағы кітап». Ред.

<sup>2</sup> «Жарасты үй». Ред.

себебі, олар капиталистік өндірістің әлі соншама нашар дамыған заманында бұдан ешбір басқаша бола алмады. Олар жаңа қоғамның элементтерін өз бастарынан ойлап шығаруға мәжбүр болды, өйткені ескі қоғамның өз ішінде бұл элементтер жұрттың бәріне айқын болғандай жарыққа шыға қоймаған еді; жаңа үй жөніндегі өздерінің жалпы жоспарын нобайлап жасағанда, олардың ақылға жүгінумен қанағаттануға мәжбүр болған себебі дәл мынадан еді, — олар әлі өз заманының тарихына жүгіне алмаған еді. Бірақ кәзіргі, олар өз пікірлерімен шыққаннан соң 80 жыл дерлік өткеннен кейін, жаңа қоғамдық құрылыстың «басшылыққа алынатын» системасы нақтылы бар, сол құрылыстың қажетті жемісі ретіндегі тарихи дамыған материалдан алып шығармай, қайта өзінің суверенді басынан, өзінің «түпкілікті ақыйқаттарымен» кеселге ұшыраған ақылынан шығаруға дәме қылған Дюринг мырза шыға келген болса, онда қайда қарасанда эпигондарды көресің деп білетін оның өзі утопистердің эпигоны, ең жаңа утопист болып табылады. Ұлы утопистерді ол «элеуметтік алхимиктер» деп атайды. Солай-ақ болсын. Қезінде алхимия қажет болған да еді. Бірақ содан бері ірі өнеркәсіп капиталистік өндіріс әдісінде қалғуда болған қайшылықтарды сұрапыл антагонизмге айналдырғаны соншалық, осы өндіріс әдісінің таянып келе жатқан күйреуін, былайша айтқанда, қолмен ұстап білуге болады, ал жаңа өндіргіш күштер өздерінің кәзіргі даму сатысына сай келетін жаңа өндіріс әдісін енгізу арқылы ғана сақталып, онан әрі дамытылуы мүмкін. Бұл қарама-қарсылықтардың өрши түскендігі соншалық, кәзіргі өндіріс әдісі туғызып, соның өзі барған сайын шиеленісе түсіп отырған антагонизмімен қоса үнемі дүниеге келтіріп отырған екі таптың арасындағы күрес күннен күнге өрши түсіп, барлық цивилизациялы елдерді қамтыды. Сондықтан кәзір енді осы тарихи өзара байланыстар түсінілетін болды, осы өзара байланыстардың себебінен қажетті болған элеуметтік өзгерістің шарттары түсінілетін болды, сонымен қатар осы өзгерістің негізгі белгілері де түсініліп болды. Ал егер Дюринг мырза кәзір утопиялық жаңа қоғамдық құрылысты нақтылы бар экономикалық материалдан жасақтамай, оны әншейін өзінің мәртебелі басынан шығарып отырған болса, онда ол «элеуметтік алхимиямен» шұғылданады деп айту әлдеқайда жеткіліксіз болады. Жоқ олай емес, кәзіргі химияның заңдары ашылып, анықталғаннан кейін... *философиялық таразы тасты* табу үшін ғана бұрынғы алхимияны қайта тірілтпек болатын, атомдық салмақпен, молекулалық формулалармен, атомдардың валенттігімен, кристаллографиямен және спекторлық анализбен пайдаланғысы келетін адам қалай істесе, Дюринг мырза солай істеп отыр.

## II ТЕОРИЯ ОЧЕРКІ

Тарихты материалистік жолмен ұғыну мынадай қағыйдаға сүйенеді: өндіріс, ал өндірістен соң оның өнімдерін айырбастау да әрбір қоғамдық құрылыстың негізі болып табылады; тарихи жарыққа шығатын әрбір қоғамда өнімдерді бөлу, ал онымен бірге қоғамның таптарға немесе сословиелерге бөлінуі сол қоғамның нені өндіретініне, қалай өндіретініне және өндірілген бұл өнімдердің қалай айырбасталатынына байланысты. Сонымен, болып отыратын барлық қоғамдық өзгерістер мен саяси төңкерістердің негізгі себептерін адамның ақыл-ойынан, олардың мәңгі акыйқаттық пен әділдікті түсінуінің өскендігінен іздемеу керек, оны өндіріс пен айырбас әдісінде болған өзгерістерден іздеу керек; оларды *философиядан* іздемей, сол заманның *экономиясынан* іздеу керек. Кәзіргі қоғамдық тәртіптердің ақылға сыйымсыз және әділетсіз екендігін, «ақылға сыйымды нәрсенің мағнасыздыққа, игіліктің азапқа айналғанын»<sup>1</sup> сезе бастағандық — өндіріс әдістері мен айырбас формаларында көзге көрінбей өзгерістер туғандығының, бұрынғы экономикалық жағдайлардың өрнегімен өлшеніп пішілген қоғамдық құрылыстың енді бұл өзгерістерге үйлеспейтіндігінің белгісі ғана болып табылады. Бұдан шығатын тағы бір қорытынды: жұрт көріп отырған жамандықты жою құралдары да, азды-көпті дамыған түрде, осы өзгеріп отырған өндіріс қатынастарының дәл өзінен табылуға тиіс. Бұл құралдарды адамның ақыл-ойынан *іздемеу* керек, қайта оларды ақыл-ойдың көмегімен өндірістің нақты бар материалдық фактыларынан іздеп *табу* керек.

Сонымен, осыған байланысты кәзіргі социализмнің мән-жәйі қандай?

Өмір сүріп отырған қоғамдық құрылысты кәзіргі кезде үстемдік жүргізіп отырған тап — буржуазия туғызды, мұны, сірә, жұрттың бәрі де көптен мойындаған болар. Буржуазияға тән өндіріс әдісі, Маркстің уақытынан бері капиталистік өндіріс әдісі деп аталатын әдіс, жергілікті және сословиелік артықшылықтармен, нақ сол сыяқты феодалдық құрылыстың өзара жеке байланыстарымен де сыйыспайтын болды; буржуазия феодалдық құрылысты қыйратты да, оның қыйраған орнына буржуазиялық қоғам құрылысын орнатты, еркін конкуренция, көшіп-қону бостандығы, товар иелерінің тең праволылығы заманын, — қысқасы, буржуазияның барлық тамашаларының заманын орнатты. Капиталистік өндіріс әдісі енді еркін дамып алатын болды. Бү мен машиналы жаңа өндіріс бұрынғы мануфактураны ірі өнеркәсіпке айналдырғаннан бері қарай, буржуазияның басқаруымен

<sup>1</sup> Гетенің «Фаустындағы» Мефистофельдің сөздері. *Ред.*

жасалған өндіргіш күштер бұрын көз көріп, құлақ естімеген шапшаңдықпен және болып көрмеген көлемде өрши бастады. Бірақ уақытында мануфактураның және оның ықпалымен жетілген қолөнерінің цехтердің феодалдық бұғауларымен шайқасқанындай, ірі өнеркәсіп те өз дамуының неғұрлым жоғары сатысына жеткенде, өзін капиталистік өндіріс әдісі қыспақтап тыққан тар шеңберлермен шайқасады. Жаңа өндіргіш күштер өздерін пайдаланудың буржуазиялық формаларынан кәзірдің өзінде-ақ анағұрлым асып кетті. Сондықтан, өндіргіш күштер мен өндіріс әдісінің арасындағы бұл шайқасу, — адам баласының ең алғашқы кұнаға батушылығы мен тәңірінің әділдігі арасындағы шайқасудай — әсте де адамның ақыл-ойында ғана туған шайқасу сияқты шайқасу емес, шынында бар, объективтік, бізден тыс, соның өзін туғызған адамдардың да еркіне немесе мінезіне тәуелсіз бар болып отырған шайқасу. Кәзіргі социализм — осы факты жүзіндегі шайқасудың ойлаудағы бейнесі, сол шайқасудың ең алдымен одан тікелей азап шегіп отырған таптың — жұмысшы табының ақыл-ойына түскен идеялық бейнесі, одан басқа ешнәрсе де емес.

Бұл шайқасудың мәні қандай?

Капиталистік өндіріс пайда болғанға дейін, яғни орта ғасырларда, барлық жерде де ұсақ өндіріс болып келді, оның негізі — қызметшілердің өндіріс құрал-жабдықтарын жеке меншіктенуі болды; деревняда ерікті немесе крепостной ұсақ шаруалардың өгін шаруашылығы, ал қалада — қолөнері үстем болды. Еңбек жабдықтары — жер, егіншілік құралдары, мастерскойлар, қолөнер аспаптары — жеке адамдардың жекелеп қана қолдануына бейімделген еңбек жабдықтары болды, олай болса, бұл жабдықтар қажетіне қарай ұсақ, кішкентай, шағын болып келді. Сондықтан да олар, дағдыда, өндірушілердің өз жабдықтары болды. Осы бытыраңқы, ұсақ өндіріс құрал-жабдықтарын бір жерге жыйнау, ірілеу, оларды өндірістің кәзіргі орасан күшті гүлқаларына айналдыру — капиталистік өндіріс әдісі мен оны туғызушы — буржуазияның тарихи ролі нақ осындай болды. XV ғасырдан бастап, өндірістің түрліше үш сатысы: жәй кооперация, мануфактура және ірі өнеркәсіп тұсында бұл рольдің буржуазияның тарихи қалай орындап шыққанын Маркс «Капиталдың» IV бөлімінде толық суреттеген. Бірақ жеке адамдардың қолданатын өндіріс құрал-жабдықтарын *көп адам бірігіп* қана қолданатын *қоғамдық* өндіріс құрал-жабдықтарына айналдырмай тұрып, буржуазия шағын өндіріс құрал-жабдықтарын, Маркстің нақ сол бөлімде анықтағанындай, орасан зор өндіргіш күштерге айналдыра алмады. Қол ұршық, қол өрмек станогі темір ұстасының қол балғасы орнына жіп иіретін машина, механикалы тоқу станогі, бу күшімен соғатын балға шықты; кішкентай мастерскойлардың орнына — жүздеген, мыңдаған жұмысшылар-

дың бірігіп еңбек етуін керек қылатын орасан зор фабрикалар шықты. Өндіріс құрал-жабықтары құсап, өндірістің өзі де жеке-дара қыймылдардың қатарынан шығып, қоғамдық қыймылдардың қатарына қосылды, ал өнімдер жеке адам өндіретін өнімдерден қоғамдық өнімдерге айналды. Қазірде фабрикалар мен заводтарда жасалып шығатын иірген жіп, мата, металл товарлар толып жатқан жұмысшылардың бірігіп істеген ортақ еңбегінің жемісі болып табылады, жұмысшылар оған ақырында даяр зат болып жасалып шыққанға дейін белгілібір ретпен еңбегін сіңіріп отырады. Оны ешкім де: «Мынаны мен істеп шығардым, бұл *менің* жасаған өнімім» деп айта алмайды.

Бірақ қоғам ішіндегі [ешбір жоспарсыз, бірте-бірте пайда болған] стихиялық еңбек бөлінісі өндірістің негізгі формасы болып отырған жерде еңбектің бұл бөлінісі өнімдерді сөзсіз *товар* формасына айналдырады, бұларды өзара айырбастау, сатып алу және сату жеке өндірушілерге өздерінің түрліше қажеттерін өтеуге мүмкіндік береді. Бұл орта ғасырларда осылай болған еді. Мәселен, шаруа қолөнершіге өзінің егіншіліктен алған өнімдерін сатып, одан қолөнерімен жасалған заттарды сатып алатын. Жеке өндірушілердің, товар өндірушілердің, осы қоғамына жаңа өндіріс әдісі енді. Бүкіл қоғамда үстем болып келген стихиялық, ешбір *жоспарсыз* еңбек бөлінісі арасында жаңа өндіріс әдісі әрбір жеке фабрикада *жоспармен* ұйымдасқан еңбек бөлінісін орнатты; *жеке ұсақ өндірушілердің өндірісімен* қатар *қоғамдық* өндіріс пайда болды. Бұлардың екеуінің де өнімдері бір рынокте сатылып отырды, ал олай болса, қайткенде де шамалас бағамен сатылды. Бірақ жоспармен ұйымдастырылған еңбек стихиялық еңбек бөлінісінен анағұрлым күштірек болып шықты; қоғамдық еңбекті қолданған фабрикаларда өнімдерді жасап шығару бытыраңқы ұсақ өндірушілердің жасаған өнімдерінен арзанға түсті. Жеке өндірушілердің өндірісі бір саладан соң бір саладан біртіндеп ығыстырыла берді, қоғамдық өндіріс, ақырында, барлық бұрынғы өндіріс әдісін революцияшылдандырды. Алайда, қоғамдық өндірістің бұл революциялық сыйпаты өте кем мойындалды, сондықтан ол қоғамдық өндіріс, керісінше, товар өндірісін күшейту және оны қолдау үшін ғана енгізілді. Қоғамдық өндіріс, өндіріс пен товар айырбасының белгілі, өзінен көп бұрын болған тұтқаларымен: купецтік капиталмен, қолөнерімен және жалдама еңбекпен тікелей байланыса отырып, жарыққа шықты. Қоғамдық өндіріс товар өндірісінің жаңа формасы ретінде пайда болғандықтан, товар өндірісіне тән иемдену формалары бұл жаңа форма тұсында да толық күшінде қалды.

Товар өндірісінің орта ғасырларда дамыған формасы тұсында, еңбектің өнімдері кімге тиісті деген сұрақ тіпті туа да алмады. Ол өнімдерді жеке өндіруші әдетте өзінің, көбінесе өзі даярлаған шикізатынан, өз құралдарымен, өзінің немесе семьясының



күшімен жасайтын. Мұндай өндірушіге өз өнімдерін өзі иемденіп жатудың қажетті де жоқ еді; өнімдер шығу мөніне келгенде оның өзінің еді. Олай болса, өнімдерді меншіктену правосы оның өз *еңбегінен* туатын еді. Тіпті басқа адамның жәрдемімен пайдаланған жерде де, әдетте, ол жәрдем қосымша орын алатын және оған көбінесе тек қана жалақы төлеп қоймайтын, басқа да төлеу жолдары болатын: цех шәкірті мен кіші мастер тамақ асырау немесе ақы үшін жұмыс істеуден гөрі, көбінесе өнер үйреніп, өз алдына дербес мастер болуға даярлану үшін жұмыс істейтін. Енді өндіріс құрал-жабдықтары үлкен мастерскойлар мен мануфактураларға шоғырлана бастады, бұл өндіріс құрал-жабдықтары шынында да қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтарына айналдырыла бастады. Бірақ бұл қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтары мен өнімдерді пайдаланғанда, оларды бұрынғыдай жеке адамдардың өндіріс құрал-жабдықтары мен еңбегінің өнімдері болып қалатындай көріп пайдалана берді. Егер еңбек құралдарының иесі бұған дейін өнімді өзі иемденгенде ол өнім, әдетте, оның өз өнімі болғандықтан иемденіп келген болса, ал көмекші болған кісі еңбегі ара-тұра қолданылған болса, енді еңбек жабдықтарының иесі, өнімдер оның өз *еңбегімен* өндірілмей тек қана *кісі еңбегімен* өндірілген болса да, ол өнімдерді сол бұрынғыдай өзі иемдене берді. Сөйтіп, қоғамдық еңбектің өнімдерін, іс жүзінде өндіріс құрал-жабдықтарын жұмысқа қосқан және шынында осы өнімдерді өндіруші болған адамдар иемденбей, *капиталист* иемденетін болды. Өндіріс құрал-жабдықтары мен өндірістің өзі асылында қоғамдық бола бастады. Бірақ олар жеке өндірушілердің жеке өндірісінен туған иемдену формасына, демек, әрбір өндіруші өз өніміне ие болып, оны рынокке шығарып отыратын уақыттағы иемдену формасына бағынышты болып қалып отыр. Өндіріс әдісі осы иемдену формасының алғышарттарын жоятын болса да, іс жүзінде бұл өндіріс әдісі иемденудің осы формасына бағынады<sup>1</sup>. Жаңа өндіріс әдісіне оның капиталистік сыйпатын беріп отырған бұл қайшылықта *осы замандағы барлық соқтығысулардың бастамасы болды*. Сондықтан өндірістің барлық шешуші тарауларында, экономика жағынан үстем елдердің бәріне де жаңа өндіріс әдісінің үстемдігі неғұрлым кемелі-

<sup>1</sup> Егер иемдену *формасы* сол бұрынғы күйінде қалатын болса, оның *сыйпаты* жоғарыда суреттелген процестің салдарынан өндірістің өзінің сыйпатынан кем революцияға кездеспейтінін бұл арада түсіндіріп жатудың қажеті жоқ. Мен нақ өз еңбегімнің өнімін иемденемін бе немесе кісі еңбегінің өнімін иемденемін бе, бұл, әрине, иемденудің мүлде әртүрлі екі түрі. Жол-жөнекей айта кетелік, бүкіл капиталистік өндіріс әдісі ұрық күйінде көрінбей тұрған жалдама еңбек көп заманнан бері бар; біз оны біріншісінен, кездейсоқ кездесетін формада жүздеген жылдар бойына құлдықтан қатар кездестіріп отырдық. Бірақ көзге көрінбей келген ұрық өзіне қажетті тарихи жағдайлар пісіп жеткен кезде ғана капиталистік өндіріс әдісіне дамый алды. [Энгельстің ескертуі.]

не келіп күшейіп, осы арқылы жеке өндірісті болмашы қалдық нәрсеге түсірген сайын, *қоғамдық өндірістің капиталистік иемденумен сыйыса алмайтыны соғұрлым айқын көріне түсуге тиісті болды.*

Жоғарыда көріп өттік, алғашқы капиталистер жалдама еңбектің даяр тұрған формасына кездесті. Бірақ жалдама еңбек сирек кездесетін, жанама, көмекші кәсіп түрінде ғана, көшпелі хал ретінде ғана болып келді. Оқтын-оқтын күндікші болып жұмыс істеуге жалданатын егіншінің қалт-құлт етіп күн көрерліктей алақандай жері болды. Цех уставтары бүгінгі кіші мастердің ертең мастер болып шығуын қарастырды. Бірақ өндіріс құрал-жабдықтары қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтарына айналып, капиталистердің қолына жыйналысымен-ақ мұның барлығы өзгеріп кетті. Жеке ұсақ өндірушінің өндіріс құрал-жабдықтары мен өнімдерінің бағасы барған сайын түсе берді, сондықтан оған капиталистке барып жалға жүруден басқа ешбір амал қалмады. Бұрын сирек кездесіп, көмекші кәсіп ретінде орын алып келген жалдама еңбек, енді бүкіл өндірістің ережесіне, негізгі формасына айналды; ол бұрынғы жанама кәсіптен жұмысшының бірден бір кәсібіне айналды. Оқта-текте жалға жүретін жұмысшы өмірлік жалдама жұмысшыға айналды. Оның үстіне феодалдық тәртіптің бір кезде қыйрап, феодал нөкерлерінің таратылып, шаруалардың өз қора жайларынан қуылуы сыяқты, тағы сондай себептерден өмірлік жалдама жұмысшылар бұқарасы өте-мөте көбейді. Бір жағынан, капиталистердің қолына жыйналған өндіріс құрал-жабдықтары мен, екінші жағынан, өзінің жұмыс күшінен басқаның бәрінен жүрдай болған өндірушілер бір-бірінен толық айрылысты. *Қоғамдық өндіріс пен капиталистік иемденудің арасындағы қайшылық пролетариат пен буржуазияның арасындағы антагонизм ретінде жарыққа шықты.*

Өзара қоғамдық қатынасы өз өнімдерін айырбастау арқылы болып келген жеке товар өндірушілерден құралған қоғамға капиталистік өндіріс әдісі жарып кіргенін біз жоғарыда көріп өттік. Бірақ товар өндірісіне негізделген әрбір қоғамның ерекшелігі сол — ол қоғамда өндірушілер жеке өзінің қоғамдық қатынастарын билеп-төстеуден айрылады. Әрбір адам өнімді өзбетімен, қолына кездейсоқ түскен өндіріс құрал-жабдықтарымен және өзінің айырбас жөніндегі ерекше қажетін өтеу үшін өндіреді. Өзінің өндіріп жатқан өніміндей өнімнің рынокке қанша түсетінін, қанша алушы таба алатынын ешкім де білмейді; өзінің жеке сибегінің өнімдерінің шынымен керектігін не керек еместігін, өзінің өндіріс шығындарын өтей алатын-алмайтынын, тіпті ол товарының сатылатын-сатылмайтынын ешкім де білмейді. Қоғамдық өндірісте анархия үстем болып отырады. Бірақ, өндірістің барлық басқа формасы сыяқты, товар өндірісінің де

өрекше, өзіне тән және өзінен айырып болмайтын заңдары болды; ол заңдар, анархияға қарамастан, осы анархияның өз ішінде, сол арқылы өзіне жол ашып отырады. Бұл заңдар, қоғамдық байланыстың бірден-бір сақталып келген формасы — айырбас — арқылы жарыққа шығады және конкуренцияның күштеу заңдары ретінде жеке өндірушілерге әсер етіп отырады. Олай болса, олар алғашында өндірушілердің өзіне де білінбейді, өндірушілер оларды бірте-бірте, ұзақ тәжірибе арқылы ғана қабуға тиіс. Демек, ол заңдар, өндірушілердің өндіріс формасының беталды әсер етуші табиғи заңдары ретінде, өндірушілерден тысқары және өндірушілерге қарсы орнайды. Өнім өндірушілерге үстемдік жүргізеді.

Ортағасырлық қоғамда, әсіресе алғашқы ғасырларда, өндіріс көбінесе өндірушінің өзінің тұтынуын өтеуге бағытталған еді. Өндіріс ең алдымен өндірушінің өзінің және оның семьясының қерегін ғана қанағаттандырып отырды. Ал деревнядағы сыяқты, өндірушінің жеке басының тәуелді қатынастары болған жерде, өндіріс феодалдың қерегін де жетістіріп отырды. Олай болса, онда айырбас болмады, өнімдердің де товарлық сыйпаты болмады. Шаруа семьясы өзіне керек нәрсенің бәрін дерлік: тіршілік заттары сыяқты, құралдар мен киім-кешекті де өзі өндірді. Шаруа семьясы өзінің тұтынуынан артық өнім өндіргенде ғана және феодал мырзаға міндетті заттай міндеттемелерін өтегеннен кейін ғана сатуға арнап өнім өндіре бастады; сатуға арналған, қоғамдық айырбасқа түскен бұл артық өнім товарға айналды. Қаладағы қолөнершілер, әрине, әуел бастан-ақ айырбас үшін өндіруге тиіс болды. Бірақ өздерінің тұтынуларына керекті бұйымдардың көбін олар да өздігінен өндірді; олардың огородтары, аяғана егістік жері болды, малдарын қауымдық орман ішіне жайды; сонымен қатар олар қауымдық орманнан құрылыс материалдары мен жағатын отын алып отырды, әйелдер кендір, жүн иірді, т. б. Айырбасқа арнап өндіру, товар өндіру жаңадан ғана пайда бола бастады. Сондықтан айырбас ісінің өрлісі тар болды, рыноктің көлемі шағын болды, өндіріс әдісі өзгермеді, сыртқы дүниемен араласпайтын жергілікті тұйықтық болды, жергілікті шеңбердің ішіне бірлесті, деревняларда марка<sup>1</sup>, қалаларда цех болды.

Ал товар өндірісі кеңейгеннен кейін, әсіресе капиталистік өндіріс әдісі шыққаннан кейін, товар өндірісінің бұрын бәсең болып келген заңдары анағұрлым ашық, билеп-төстеп әсер ете бастады. Бұрынғы байланыстар қаусады, бір кездердегі кедергілер талқандалды, сөйтіп, өндірушілер барған сайын бытыраңқы және бір-біріне тәуелсіз товар өндірушілерге айналды. Қоғамдық өндіріс анархиясы сыртқа теуіп шығып, барған сайын ши-

<sup>1</sup> — ерте замандағы герман қауымы. *Ред.*

ленісе береді. Ал оның бержағында қоғамдық өндірістегі анархияны күшейткенде капитализмнің қолданған құралы анархияға тура қарама-қарсы қалыпта болды: ол әрбір жеке өндіріс кәсіпорындарында қоғамдық өндіріс ретінде өндірісті ұйымдастырудың күшейтілгендігі. Капиталистік өндіріс әдісі осы құрал арқылы өндірістің бұрынғы бейбіт тұрақтылығын құртты. Өнеркәсіптің кез келген тарауына еніп, капиталистік өндіріс әдісі ол тараудан өндірістің бұрынғы тәсілдерін айдап шықты. Қолөнерін игеріп алып, ол бұрынғы қолөнерін жойды. Еңбек майданы тартыс-талас майданына айналды. Географиялық ұлы жаңалық табыстар<sup>1</sup> мен солардың ізін баса жүрген колонизация товар өткізетін жерлерді орасан көбейтіп, қолөнерінің мануфактураға айналуын тездетті. Күрес енді жергілікті жеке өндірушілердің арасында ғана күшейіп қойған жоқ; жергілікті айқасулар өз ретінде ұлғайып, ұлттық көлемдегі күреске, XVII және XVIII ғасырлардағы сауда соғыстарына айналды<sup>2</sup>. Ақыр аяғында, ірі өнеркәсіп және дүниежүзілік рыноктың пайда болуы бұл күресті жалпыға бірдей күреске айналдырып, сонымен бірге оны қатты шиеленістіріп жіберді. Өндірістің тұтас тараулары арасындағыдай, тұтас елдердің арасындағыдай жеке капиталистердің арасындағы қатынастарда да өмір сүру мәселесі өндірістің пайдалы, табиғи немесе жасанды жағдайларына олардың ие болу-болмауына қарай шешіледі. Жеңілгендер аяусыз шетке қағылып отырады. Мұның өзі — Дарвин ашқан жеке өмір сүру жолындағы күрес, күрес болғанда, аса күшейтілген, табиғаттан қоғамға көшірілген күрес. Жануарлардың жаратылыстағы жайы адам баласы дамуының ең жоғарғы дәрежесі болып көрінеді. Қоғамдық өндіріс пен капиталистік иемденудің арасындағы қайшылық жеке фабрикаларда өндірістің ұйымдастырылуы мен бүкіл қоғамдағы өндіріс анархиясының арасындағы қарама-қарсылық болып жарыққа шығады.

Капиталистік өндіріс әдісінен әлдеқашан Фурье тапқан «шыға алмайтын шеңбердің» бойын бойлап, капиталистік өндіріс әдісі, жаратылысынан өзіне тән болған қайшылықтың жарыққа шығуының осы екі формасы ішінде шыға алмай айналады да жүреді. Бірақ бұл шеңбердің бірте-бірте тарылатынын, өндірістің қозғалысы бәрінен бұрын спираль бойынша жүріп отырып, планеталардың жүрісінше, кіндікпен түйісіп аяқталуға тиіс екен-

<sup>1</sup> Бұлардың ішіндегі ең маңыздылары — Христофор Колумбының 1492 жылы Американы ашуы және португалиялық Васко да Гаманың 1498 жылы Индияға баратын теңіз жолын ашуы. *Ред.*

<sup>2</sup> XVII және XVIII ғасырлардағы бұл соғыстар Индиямен және Америкамен жүргізілген саудаға ие болып алу үшін және оларды колонияға айналдыру үшін Португалияның, Испанияның, Голландияның, Францияның және Англияның арасында болды. Бұл соғыстарда Англия жеңіп шықты, XVIII ғасырдың аяғында бүкіл дүниежүзілік сауда сол Англияның қолында болып шықты. *Ред.*

дігін Фурьенің заманында, әрине, білуге мүмкін емес еді. Өндірістің қоғамдық анархиясының қозғаушы күші адам баласының үнемі өсіп келе жатқан көпшілігін пролетарларға айналдырады, ал пролетариат бұқарасы сайып келгенде өз ретінде өндіріс анархиясын құртады. Өндірістің әлеуметтік анархиясының дәл сол қозғаушы күші, ірі өнеркәсіпте қолданатын машиналарды шексіз жетілдіре беру мүмкіндігін әрбір жеке өнеркәсіп капиталісі үшін еріксіз заңға айналдырады, заң болғанда, құрып кету қаупін төндіріп капиталисті үнемі өз машиналарын жетілдіруге еріксіз күштеп отыратын заңға айналдырды. Бірақ машиналарды жетілдіру адам еңбегін белгілі бір мөлшерде керексіз етеді. Егерде машинаны енгізіп, тарату машина жанында істейтін азғантай жұмысшылардың қол еңбегінде жүрген миллиондаған қызметшілерді ығыстырып шығаруы болып табылса, онда машиналарды жетілдірудің өзі машиналы еңбек жұмысшыларының өздерін де барған сайын ығыстыру үстіне ығыстыру болып табылады, сайып келгенде, жұмысшыларды капиталдың керексінуінің орта мөлшерінен оларды ұсынудың артық болып, күшейгендігі болып табылады. Жұмыссыз жүрген толып жатқан жұмысшылар, менің 1845 жылы-ақ айтқанымдай<sup>1</sup>, нағыз резервтік өнеркәсіп армиясын құрайды; бұл армия өндіріс мейлінше дәуірлеп тұрған кезде өндіріске қызмет істейді, ал өндірістің әрбір жандануы соңынан болмай қалмайтын күйреу кезінде бұл армияны көшеге сүйреп тастайды; өмір сүру үшін жұмысшы табы мен капиталдың арасында болып отыратын күресте үнемі жұмысшы табының аяғына темір тұсау болып отыратын бұл армия, жалақыны капиталдың мақсатына сәйкес үнемі төмен дәрежеде ұстап, оны тәртіптеп отырушы болып табылады. Сөйтіп, Маркстің сөзімен айтқанда, машина капиталдың жұмысшы табына қарсы жұмсайтын ең күшті қаруына айналады, еңбек құралдары еңбекшілерден тіршілік заттарын ылғый айырып отырады, сондықтан жұмысшылардың өз өнімі олардың өздерін қанау құралына айналады. Бұл мынаған әкеліп соқтырады: еңбек жабдықтарынан үнсмдеу, сонымен қатар әуелбастан-ақ жұмысшы күшін мейлінше ысырап еткендік және еңбектің қалыпты жағдайлары жөнінде жауыздық жасағандық болып табылады; жұмыс уақытын қысқартудың ең күшті құралы болған машина — капитал құшып арттыру мақсатымен жұмысшының және оның семьясының барлық өмірін жұмыс уақытына айналдырудың ең сенімді құралына айналады. Міне сондықтан жұмысшы табының бір бөлегінің өлшеусіз көп еңбектенуі оның екінші бөлегінің бүтіндей жұмыссыз күйге ұшы-

<sup>1</sup> «Lage der arbeitenden Klasse in England», S. 109. [Энгельстің ескертуі.] («Англиядағы жұмысшы табының жағдайы», 109-беті. — Қараңыз: К. Маркс пен Ф. Энгельс, Англия туралы, 1952, 104—105-беттер немесе К. Маркс пен Ф. Энгельс, Шығармалар, III том, 378—379-беттер. Ред.)

ратылуына себепші болады, ал бүкіл жер жүзінде тұтынушылар іздейтін ірі өнеркәсіп өз елінде жұмысшылар бұқарасының тұтынуын аштан өлмес минимуммен тежейді. Сөйтіп өз ішкі рыногін нашарлатады. «Относительдік артық халықты, немесе резервтік өнеркәсіп армиясын қор жыйнаудың мөлшерімен, күш-қуатымен теңгеріп ұстайтын заң, Гефестің балғасы Прометейді жартасқа қаққанынан да гөрі жұмысшыны капиталға қатты таңады. Ол капиталдың қорлануына сәйкес қайыршылықтың көбеюін туғызады. Олай болса, бір полюсте байлықтың артуы, сонымен қатар қарама-қарсы полюсте, яғни *өзіне тиісті өз өнімін капитал ретінде өндіретін* тап жағында қайыршылықтың, еңбек азабының, құлдықтың, надандықтың, тағыланудың және моральдық жағынан азғындаушылықтың артуы болып табылады» (Маркс, «Капитал» 671-бет)<sup>1</sup>. Капиталистік өндіріс әдісінен өнімдердің басқа түрде бөлінуін күту батарея электродтарының, батареямен қосыла отырып, суды текке айырудан және оң полюске от тегін, ал теріс полюске су тегін жыйнаудан тоқтауын талап етумен бірдей болар еді.

Жоғарыда өзіміз көрдік, кәзіргі машиналардың ең жоғарғы сатыға дейін жеткізіліп, жетілдіріле алатындығы, қоғамдағы өндіріс анархиясы салдарынан, еріксіз күштеу заңына айналады, бұл заң жеке өнеркәсіп капиталистерін өз машиналарын үнемі жақсартып, олардың өндіргіш күшін үнемі арттыруға ұмтылдырмай қоймайды. Өз өндірістерінің көлемін кеңейтудің факты жүзіндегі жай мүмкіншілігі де олар үшін дәл осындай еріксіз күштеу заңына айналады. Ірі өнеркәсіптің орасан зор кеңейе алатындығы — бұған қарағанда газдардың кеңеюі балалардың ойыншығы тәрізді екен — кәзіргі кезде осы өнеркәсіпті сапа жағынан да, сан жағынан да кеңейту *қажеттілігі* түрінде жарыққа шығады, мұның қажеттілігі қарсы қыймылдың ешқандайымен де санаспайды. Бұл қарсы қыймылды ірі өнеркәсіптің өнімдерін тұтыну, өткізу істері және оларға керекті рыноктер туғызады. Ал рыноктердің экстенсивтілік жағынан да, интенсивтілік жағынан да кеңею мүмкіншілігі мүлде басқаша заңдар, күші анағұрлым кем заңдар арқылы белгіленеді. Рыноктердің кеңеюі өндірістің кеңеюіне үлгіріп, ілесе алмайды. Соқтығысу болмай қоймайды, ал бұл соқтығысу, капиталистік өндіріс әдісінің өзін тас-талқан қылмайынша қайшылықты шеше алмайды, сондықтан мұндай соқтығушылық оқтын-оқтын болып тұрады. Капиталистік өндіріс жаңадан «шыға алмайтын шеңбер» туғызады.

Шынында да, 1825 жылдан, бірінші жалпы кризис басталған кезден бастап бүкіл өнеркәсіп пен сауда дүниесі, барлық цивилизациялы халықтардың өндірісі мен айырбас ісі, олардың

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 651-бет. *Ред.*

азды-көпті варварлық шылауларымен бірге, шамамен алғанда, он жылдың ішінде бір рет жолдан тайып отырады. Сауда тоқтайды, рыноктер өтпей жатқан өнімдерге лық толады, қолдағы бар ақша айналыстан шығып қалады, кредит тоқталады, фабрикалар тоқтайды, жұмысшылар тіршілік заттары атаулыдан айрылып, құралақан қалады, өйткені олар бұл заттарды өте мөте көп жасап шығарып қойған болады; банкроттық үдей түседі, аукциондар көбейеді. Тоқырап қалушылық бірнеше жылдарға созылады, азды-көпті бағасы түскен, жыйналып қалған көптеген товарлар, ақырында, таралып біткенше, сөйтіп өндіріс пен айырбас бірте-бірте қайта көтерілгенше толып жатқан өндіргіш күштер мен өнімдер ысырап болып, құрыйды. Бұл қозғалыс аз-аздап тездей бастайды, аяң жүрістен желіске түседі, өнеркәсіптің желісі шоқыраққа айналады, бұл шоқырақ жантамасқан шабысқа, өнеркәсіпті, сауданы, кредит пен жалдаптықты қамтыйтын кедергілі қатты шабысқа айналады, сөйтіп, жантамасқан шабыстан кейін қайтадан күйреудің түпсіз шыңырауына құлайды. Сөйтіп үнемі осылай қайталайды да отырады. 1825 жылдан бері қарай біз бұл қайталауды бес рет басымыздан кешірдік, кәзір (1877 ж.) оны алтыншы рет басымыздан кешіріп отырмыз. Бұл кризистердің сыйпатының айқындығы сондай, — Фурье олардың ең алғашқысын *crise pléthorique*<sup>1</sup>, артық өндіруден туған кризис деп атап, бұл кризистерді бірден-ақ анықтап берген болатын.

Кризистер кезінде қоғамдық өндіріс пен капиталистік иемденудің арасындағы қайшылық күш жұмсау дүмпуіне дейін жетеді. Товар айналысы уақытша тоқтайды; айналыс құралы — ақша — айналысқа бөгет жасайтын кедергіге айналады; товар өндірісі мен товар айналысының барлық заңдары керісінше әсер етеді. Экономикалық соқтығыс өзінің ең жоғарғы шегіне жетеді: *өндіріс әдісі айырбас әдісіне қарсы шығады, өндіргіш күштер өздері асып түскен өндіріс әдісіне қарсы шығады.*

Фабрикалардың ішінде өндірістің қоғамдық ұйымдастырылуы дамып келе сондай дәрежеге жетті, ол қоғам ішіндегі өндіріс анархиясымен, өзімен қатар өмір сүріп отырған және өзіне жол бермей отырған анархиямен сыйыса алмайтын болады, — осы факты капиталистердің өздеріне де сезілетін фактыға айналады, сезілгенде кризистер кезінде толып жатқан ірі капиталистерді және одан да көп ұсақ капиталистерді күйзелту арқылы капиталдарды күшпен шоғырландыру арқасында сезілетін фактыға айналады. Капиталистік өндіріс әдісінің бүкіл механизмі оның өзі жасаған өндіргіш күштердің салмағына төзе алмай кілт тоқтайды. Ол енді өндіріс құрал-жабдықтарының барлығын түгелімен капиталға айналдыра алмайды; олар қолданусыз қалады,

<sup>1</sup> Сөзбе-сөз айтқанда — қанның молдығынан болған кризис. *Ред.*

міне, сондықтан резервтік өнеркәсіп армиясы да лажсыз қарап отырады. Өндіріс құрал-жабдықтары, тіршілік заттары, капиталдың қарауындағы жұмысшылар, — өндіріс пен жалпы тұрмыс элементтерінің барлығы артылып жатады. Бірақ, Фурье айтқандай, бұл «артылып жатқан молшылық мұқтаждық пен жоқшылықтың көзі болады», себебі, дәл соның өзі өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарының капиталға айналуына кедергі жасайды. Өйткені капиталистік қоғамда өндіріс құрал-жабдықтары алдымен капиталға, яғни адамның жұмыс күшін қанау құралына айналмай тұрып күшіне ене алмайды. Бұл өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарын капиталға айналдырудың қажеттігі, бір жағынан, жұмысшылардың, екінші жағынан, сол өндіріс құрал-жабдықтары мен тіршілік заттарының арасына түсіп, елес сыяқты төнеді де тұрады. Осы қажеттіктің жалғыз өзі өндірістің заттық және адамдық құралдарының бірігуіне бөгет болады; тек соның өзі ғана өндіріс құрал-жабдықтарының іс істеуіне, ал жұмысшылардың еңбек етіп, өмір сүруіне кедергі жасайды. Олай болса, бір жағынан, капиталистік өндіріс әдісі, өндіргіш күштерді бұдан былай өзінің басқара алмайтындығын өзі әйгілеп береді. Екінші жағынан, өндіргіш күштердің өздері қаулаған қайратпен бұл қайшылықты жоюға ұмтылады, капитал ретінде өздеріне тән нәрсенің бәрінен арылуға, *факты жүзінде олардың сыйпатын қоғамдық өндіргіш күштердің сыйпаты ретінде тануға ұмтылады.*

Қатты өсіп келе жатқан өндіргіш күштердің өздерінің капиталистік сыйпатына бұлай қарсы келуі, өздерінің қоғамдық жаратылысын осылай таныту қажеттігінің күшеюі, капиталистер табының өзін бұл өндіргіш күштерді бірден-бірге, капиталистік қатынастардың тұсында мүмкін болған қадерінше, қоғамдық өндіргіш күштер деп тануға лажсыз көндіреді. Өнеркәсіптің кредитті шексіз көбейтіп қызған дәуірлері де, капиталистік ірі кәсіпорындарды талқандайтын күйреулерінің өзі де аса көп өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдастырудың кезір түрлі акционерлік қоғамдар түрінде өзіміз көріп отырған формасын туғызады. Осы өндіріс құрал-жабдықтары мен қатынас құралдарының кейбіреулері, мәселен, темір жолдар өзінің жаратылысы бойынша соншалық зор, сондықтан бұлар капиталистік жолмен пайдаланудың бұдан басқа формаларының бәрін де керексінбейді. Дамудың белгілі бір дәрежесінде бұл форма да жеткіліксіз болып шығады; [өндірісті жолға салып тәртіптеу үшін, белгілі бір елдегі өнеркәсіптің бір тарауындағы барлық ірі өндірушілер бір «трестке», бір одаққа бірігеді. Олар өндірілуге тиіс нәрсенің жалпы сомасын белгілейді, оны өзара бөліседі және күні бұрын белгіленіп қойылған сату бағасын жұртқа еріксіз тағады. Ал істің жайы алғашқы рет қиыншылыққа ұшырағанда-ақ бұл трестердің көбі тарап кетеді, сөйтіп бұл трестер бұрынғыдан бө



тер күшті шоғырланған қоғамдасуды туғызады: өнеркәсіптің бүтін бір саласы тұтасқан орасан зор бір акционерлік қоғамға айналады, ел ішіндегі конкуренция осы қоғамның сол ел ішіндегі монополиясына жол береді, 1890 жылы-ақ ағылшынның сілті өндірісінде міне осылай болған-ды, 48 ірі фабрикалардың барлығы қосылғаннан кейін бұл өндіріс 120 миллион марка капиталы бар, бір орталықтан басқарылып отыратын бір қоғамның қолына көшті.

Трестерде еркін конкуренция монополияға айналады, ал капиталистік қоғамның жоспарсыз өндірісі төніп келе жатқан социалистік қоғамның жоспарлы өндірісінің алдында тізе бүгеді. Рас, алғашында тек капиталистердің пайдасына, соларға тиімді түрде ғана тізе бүгеді. Бірақ өзінің осы формасында қанаудың орасан айқындалғандығы сондай, ол тіпті құрып бітуге тиісті болады. Купон қырқумен тұратын азғана адамдардан құралған алаяқтар тобының бүкіл қоғамды ашықтан-ашық қанауына жол беретін трестер басқарған өндіріске ешбір халық та ұзақ уақыт төзіп отыруға көнбес еді.

Капиталистік қоғамның ресми өкілі болып табылатын мемлекет қалай да болса, трестермен болса да, трестерсіз болса да, өндірісті басқару ісін сайып келгенде] лажсыздан<sup>1</sup> өз қолына ала-

<sup>1</sup> Мен «лажсыздан» деп отырмын, өйткені өндіріс құрал-жабдықтарын немесе қатынас құралдарын акционерлік қоғамдар *шынымен* басқара алмайтын болған ретте ғана, оларды мемлекет меншігіне айналдыру *экономикалық* жағынан сөзсіз болған кезде, тек сол кезде ғана — тіпті кезіргі мемлекет оны жасаған күннің өзінде де — оның өзі экономикалық прогресс болады, барлық өндіргіш күштерді қоғамның өзі өз билігіне алуы жолында жасалған жаңа қадам болып табылады. Бірақ соңғы кезде, Бисмарк мемлекет меншігіне айналдыру жолына жармаса кеткеннен бері қарай, өзінше ерекше бір жалған социализм пайда болды, бұл социализм кей жерлерде еркімен болатын маңайлықтың өзгеше бір түріне айналып кетті, бұл социализм өндіріс құрал-жабдықтарын *қандай да болсын*, тіпті Бисмарктік те мемлекет меншігіне айналдыруын түспалдап айтпай-ақ турасынан социалистік деп жарыялайды. Егер мемлекеттік темекі монополиясы социализм болатын болса, онда Наполеон мен Меттерних социализмді негіздеушілердің қатарына даусыз жатқызылуға тиіс. Бельгия үкіметі, тіптен дағдылы саяси және финанстық пікірлерден, басты-басты темір жолдарды салуды өзі қолға алған кезде, Пруссияның басты-басты теміржол линияларын Бисмарк ешбір экономикалық қажеттігі болмаса да мемлекет меншігіне айналдырған кезде, айналдырғанда, тек әншейін соғыс бола қалған күнде оларды соған бейімдеп, пайдалануға ыңғайлы болу үшін ғана, теміржол чиновниктерін қатаң тәртіпке үйрету үшін және оларды ауыз ашпай үкіметті жақтай беретін малға айналдыру үшін, ол көбінесе парламентке тәуелді болмай жаңа табыс көзіне ие болу үшін айналдырған кезде, — мұның бәрі де ешбір ретте де социализмге қарай жасалған адым болған жоқ-ты, тікелей адым да, жапамалай адым да, саналы түрдегі де, санасыз түрдегі де адым болған жоқ-ты. Олай болмағанда теңіз саудасының корольдік қоғамы, корольдік фарфор мануфактурасы және тіпті армиядағы роталардың тегін мастерскойлары да, [немесе тіпті отызыншы жылдары Фридрих-Вильгельм III тұсында бір ақылдысымақтың шынымен басқарған ұсынысы бойынша... жезөкше үйлерін мемлекет меншігіне айналдыру да социалистік мекемелер деп танылуға тиіс еді]. [Энгельстің ескертуі.]

ды. Ең алдымен ірі қатынас құралдарын: почталарды, телеграфтар мен темір жолдарды мемлекет меншігіне айналдыру қажет болады.

Егер кризистер буржуазияның кәзіргі өндіргіш күштерді бұдан бұлай басқара алмайтынын көрсеткен болса, онда ірі өндіріс орындары мен қатынас құралдарының акционерлік компаниялар [мен трестердің] қолына және мемлекет қолына өтуі бұл мақсат үшін буржуазияның тіпті керек емес екенін дәлелдейді. Капиталистің қоғамдық функцияларының бәрін енді жалдама қызметшілер атқарады. Капиталистердің өздеріне табысты күреп тауып, купондарды қырқып, биржада ұтыс ойынын ойнаудан басқа істейтін қоғамдық іс қалмайды, ал биржадағы ұтыс ойынында әртүрлі капиталистер бірінің капиталын бірі ұтып алып жатады. Алғаш жұмысшыларды ығыстырып шығарған капиталистік өндіріс әдісі, енді капиталистердің өздерін де ығыстырып шығарады, рас, оларды өзiрге резервтік өнеркәсіп армиясының қатарына емес, керексіз артық адамдардың қатарына ығыстырып шығарады.

Бірақ акционерлік қоғамдар [мен трестердің] қолына өтуі де, олардың мемлекет меншігіне айналуы да, алайда, өндіргіш күштердің капиталистік сыйпатын жоя алмайды. Акционерлік компаниялар [мен трестер] жөнінде бұл даусыз нәрсе. Ал кәзіргі мемлекет қалайда капиталистік өндіріс әдісінің жалпы, сыртқы жағдайларын әрі жұмысшылардың, әрі жеке капиталистердің қол сұғуынан қорғау үшін, буржуазия қоғамының өзіне құрып алған ұйымы ғана болып отыр. Кәзіргі мемлекет, оның формасы қандай болса да, өзінің асылында капиталистік машина, капиталистердің мемлекеті, нағыз жыйынды капиталист болып отыр. Бұл мемлекет өндіргіш күштерді неғұрлым көп өз меншігіне алған сайын, оның жыйынды капиталиске айналуы соғұрлым толық болмақ, ол соғұрлым көп азаматтарды қанай бермек. Жұмысшылар жалдама жұмысшы, пролетарлар қалпында қала береді. Капиталистік қатынастар жойылмайды, қайта керісінше, онан әрі ұлғайып, ең жоғарғы шегіне жетеді. Ал жоғарғы шегіне жеткенде төңкеріс болады. Өндіргіш күштердің мемлекет меншігінде болуы жанжалды шеше алмайды, бірақ мемлекет меншігінде соны шешудің формалдық құралы, соны шешудің мүмкіншілігі бар.

Бұл жанжал кәзіргі өндіргіш күштердің қоғамдық тегін іс жүзінде мойындағанда ғана шешіледі, олай болса, өндіріс, иемдену және айырбас әдісі өндіріс құрал-жабдықтарының қоғамдық сыйпатына сәйкестірілгенде ғана шешіледі. Ал мұны, өздерін басқарудың қоғамдық әдісінен өзге әдісінің қандайының болса да шеңберінен асып кеткен өндіргіш күштерді ашықтан ашық, ешбір көлденең жол іздемей-ақ қоғамның өз иелігіне алуы арқылы ғана істеуге болады. Сонымен, өндіріс құрал-жабдықты

ры мен өнімдердің қоғамдық сыйпатын, кәзіргі кезде өндірушілердің өздеріне қарсы шығып отырған және, табиғаттың беталды әсер ететін заңындай күшпен, қыйрата жарыққа шыға отырып, өндіріс пен айырбас әдісін оқтын-оқтын шайқалтатын қоғамдық сыйпатын, — олардың осы қоғамдық сыйпатын өндірушілер сол кезде толық саналы түрде пайдаланатын болады, сөйтіп мұның өзі бүліншілік туғызып, оқтын-оқтын болып тұратын күйреулердің себебі болудан өндірістің өзінің аса күшті тұтқасына айналатын болады.

Қоғамдық күштер, біз оларды біліп жеткенше және олармен сапасатын болғанша, табиғаттың күштері сыяқты, беталды күшпен, қыйрата әсер етеді. Ал біз оларды біліп алсақ болғаны, олардың қыймылын, бағытын және тигізетін әсерін зерттесек болғаны, онда оларды бірден-бірге өз еркімізге бағындырып алу және олардың жәрдемімен өз мақсаттарымызға жету тек өзімізге ғана байланысты болады. Мұның әсіресе кәзіргі ең күшті өндіргіш күштерге қатысы бар. Біз олардың тегі мен сыйпатын түсінуден қасарысып бойды аулақ салып отырғанымызда, — ал оны түсінуге капиталистік өндіріс әдісі мен оны қорғаушылар қарсы келіп отыр, — өндіргіш күштер бізге қарамастан, бізге қарсы әрекет етеді, олар бізге өктемдік ете береді, бұл жоғарыда толық көрсетілді. Ал олардың тегін түсініп жеткеннен кейін, олар біріккен өндірушілердің қолында күдіретті қожадан бағынышты құлға айнала береді. Найзағайдың отындағы электрдің қыйратушы күші мен телеграф аппаратындағы және электр шамындағы бағындырылған электрдің арасындағы айырмашылық, өрт пен адамға қызмет ететін оттың арасындағы айырмашылық қандай болса, бұл арада да дәл сондай айырмашылық бар. Жұрт кәзіргі өндіргіш күштерді олардың, ақыр аяғында келіп, мәлім болған тегіне қарай пайдаланатын болған кезде, өндірістегі болып келген қоғамдық анархияның орнын, әрі бүтін қоғамның, әрі оның әрбір мүшесінің керегін жетістіруге арналған қоғамдық-жоспарлы жолмен өндірісті тәртіптеу басады. Сол кезде, өнім алдымен өндірушіні, онан соң иемденушіні құл ететін капиталистік иемдену әдісі кәзіргі өндіріс құрал-жабдықтарының тегінің өзіне негізделген өнімдерді иемденудің жаңа әдісіне орын береді: бір жағынан, өндірісті баянды ету, кеңейту құралы ретінде өнімдерді тікелей қоғам болып иемденуге, ал екінші жағынан, өмір сүру және рақаттану заттары ретінде оларды тікелей жеке иемденуге орын береді.

Халықтың орасан көпшілігін барған сайын пролетарларға айналдыра отырып, капиталистік өндіріс әдісі сондай күш туғызады, бұл күш өзінің апатқа ұшырамауы үшін осындай төңкеріс жасауға мәжбүр болады. Қоғамдастырылған ірі өндіріс құрал-жабдықтарын барған сайын күшпен мемлекет меншігіне айналдыра отырып, капитализм бұл төңкерісті жасаудың жолын

өзі көрсетіп береді. *Пролетариат мемлекеттік өкімет билігін қолына алады да, өндіріс құрал-жабдықтарын ең алдымен мемлекеттің меншігіне айналдырады.* Ал мұнымен пролетариат ретінде ол өзін де жояды, мұнымен ол барлық тап айырмашылықтары мен тап қарама-қарсылықтарын да жояды, сонымен бірге мемлекет ретінде мемлекетті де жояды. Бұрынғы болып өткен және күні бүгінге дейін өмір сүріп келе жатқан қоғамға, тап қарама-қарсылықтарының ішінде өріс алып отырған қоғамға, мемлекет қажет болды, яғни қанаушы таптың өндірісінің сыртқы жағдайларын сақтау үшін, демек, әсіресе қаналушы тапты өндірістің белгілі бір әдісі арқылы белгіленетін басып-жаншу жағдайларында (құлдық, крепостнойлық немесе феодалдық тәуелділік, жалдамалы еңбек) зорлықпен ұстап отыру үшін қанаушы таптың ұйымы қажет болды. Мемлекет бүкіл қоғамның ресми өкілі болды, сол қоғамның бейне корпорацияға бас қосуы болды, бірақ оның олай болған себебі сол мемлекеттің өз заманында бір өзі бүкіл қоғам атын алып жүрген таптың мемлекеті болғандығынан ғана: ерте заманда ол құл иелерінің—мемлекет азаматтарының—мемлекеті болған, орта ғасырларда—феодал дворяндарының мемлекеті болған, біздің заманымызда—буржуазияның мемлекеті болып отыр. Мемлекет ақырында шынымен бүкіл қоғамның өкілі болғанда, ол өзін-өзі басы артық етіп шығарады. Бағындырып ұстау керек болатын қоғамдық таптар қалмаған кезде, бір таптың екінші тапқа үстемдігі болмайтын кезде, өндірістегі кәзіргі анархиядан туған жеке тіршілік ету үшін болатын күрес болмайтын кезде, сол күрестен туатын соқтығысулар, күштеулер құртылған кезде, сонда басып-жаншып ұстау керек болатын да ешкімде қалмайды, сонда кәзір осы функцияны атқарып отырған мемлекеттік өкімет билігінің де ешбір қажеттігі болмайды. Мемлекеттің шынымен бүкіл қоғам өкілі болып шығатын бірінші актысы—өндіріс құрал-жабдықтарын қоғам меншігіне айналдыруы,—сонымен бірге оның мемлекет ретінде өз бетімен істеген актысының ең соңғысы болады. Ол уақытта мемлекеттік өкіметтің қоғамдық қатынастарға араласуы бірден-бірге артық бола бастайды да, өзінен өзі доғарылады. Адамдарға үкім жүргізудің орнын зат бұйымдарды билеп, өндіріс процестеріне басшылық ету басады. Мемлекет «қолдан бұзылмайды», *ол құрыйды.* «Еркін халықтық мемлекеті»<sup>1</sup> деген сөзді, уақытша үгітшілік сөз болып өмір сүруге право алған, бірақ сайып келгенде ғылыми жағынан түкке тұрмайтын сөзді, осы айтылғандарға сүйеніп бағалау керек. Анархистер деп аталатындардың

<sup>1</sup> «Еркін халық мемлекеті» туралы мыналардан қараңыз: *К. Маркс* пен *Ф. Энгельс*, екі томдық, Таңдамалы шығармалар, II том, 22—27-беттер, *В. И. Ленин*, Шығармалар, 25-том, 409—415-беттер және *И. В. Сталин*, 12-том, 80—84 беттер. *Ред.*

мемлекет бүгін-ертеңнен қалмай қолдан бұзылуға тиіс, деген талаптарын да осы айтылғандарға сүйеніп бағалау керек.

Капиталистік өндіріс әдісі тарих сахнасына шыққаннан бері, барлық өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамның өз иелігіне алуы жеке адамдарға да, бүтін секталарға да көбінесе болашақтың азды-көпті күнгірт идеалы болып көрінді. Бірақ оны іске асырудың материалдық жағдайлары нақтылы бар болған кезде ғана оның жүзеге асуы мүмкін болды, тарихи қажетті болды. Қандай да болсын басқа қоғамдық прогресс сыяқты, оның жүзеге асуы да таптардың болуы әділдікке, теңдікке, т. б. қайшы келетінін жұрт түсініп білгендіктен, жұрттың таптарды жоюды жай тілейтіндігінен жүзеге асырарлық болып отырған жоқ, белгілі экономикалық жаңа жағдайлар туғандықтан жүзеге асырарлық болып отыр. Қоғамның таптарға бөлінуі — қанаушы мен қанаушы тапқа үстем тап пен езілуші тапқа бөлінуі — өткен кезде өндірістің шамалы дамығандығының сөзсіз нәтижесі болды. Қоғамдық еңбек жыйындысы жұрттың бәріне де ең керекті күн көру заттарынан әрең артатын өнім беріп отырғанда, еңбек ету қоғам мүшелерінің орасан көпшілігінің барлық немесе барлық дерлік уақытын алып отырғанда, ол қоғам тап-тапқа бөлінбей қоймайды. Тек қана еріксіз еңбекпен шұғылданған халықтың осы орасан көпшілігімен қатар тікелей өндіруші еңбектен босаған және еңбек басқару, мемлекет ісі, әділ сот жүргізу, ғылым, искусство, т. б. сыяқты қоғамның жалпы істерін атқарып отыратын тап құрылады. Олай болса, тап-тапқа бөліну еңбекті бөлісу заңынан туған. Алайда, бұл жағдай таптар құрылған кезде күш жұмсалыуына, жауыздық істелуіне, қулық-сұмдық, алдау-арбау қолданылуына тіпті де бөгет болмады және өкіметті қолына алған үстем таптың еңбекші таптар есебінен өзінің халін нығайтуына, қоғамға басшылық етуді бұқараны [қатты] қанау ісіне айналдыруына бөгет жасаған жоқ.

Сондықтан қоғамның тап-тапқа бөлінуі белгілі ретте тарихи жөн іс болған болса, тек белгілібір дәуірде ғана және белгілібір қоғамдық жағдайлар тұсында ғана жөн болды. Бұл бөліну өндірістің жетімсіздігінен туды, ал кезіргі өндіргіш күштердің әбден дамуы ол бөлінушілікті жояды. Шынында да, қоғамдық таптардың жойылуы тарихи дамудың мынадай сатыға жетуін керек қылады: бұл сатыда, тек белгілібір үстемдік етуші таптың өмір сүруі ғана емес, сонымен қатар тегі үстемдік етуші тап атаулының өмір сүруі де, олай болса, тап-тапқа бөлінудің өзі де анахронизм, күні озған ескілік болып табылады. Олай болса, таптардың жойылуы өндірістің дамуының мынадай жоғары сатыға жетуін керек қылады: дамудың бұл сатысында өндіріс құрал-жабдықтары мен өнімдерді, — ал сонымен қатар саяси үстемдікті, білім алу монополиясы мен рухани басшылықты да, — ерекше бір қоғамдық таптың қолға алуы керексіз нәр-

се ғана болып шықпайды, сонымен қатар экономикалық, саяси дамуға және ақыл-ой дамуына кедергі де жасайтын болады. Кәзір дамудың бұл сатысына жеттік. Буржуазияның саясат және ақыл-ой жағынан банкроттыққа ұшырағаны тіпті оның өзіне де құпия бола қоймас, ал оның экономика жағынан банкроттыққа ұшырауы әр он жылда ұдайы қайталап отырады. Әрбір кризистің тұсында қоғам өзі пайдалана алмайтын өзінің өндіргіш күштері мен өнімдерінің ауыртпалығынан тұншығып, тұтынушылар жетіспегендіктен өндірушілер өнімдерін тұтына алмайтын мағнасыз қайшылықтардың алдында қоғам дәрменсіз болып қалады. Өндіріс құрал-жабдықтарының ұлғайған күші капиталистік өндіріс әдісінің салған бұғауын тас-талқан етіп қыйратады. Өндіріс құрал-жабдықтарын осы бұғаулардан босату өндіргіш күштерді тоқтаусыз, үнемі тездікпен дамытудың бірден-бір алдын ала жасалған шарты, ал осының арқасында — практика жүзінде өндірістің өзінің шексіз өсуінің де шарты болады. Бірақ бұл жеткіліксіз. Өндіріс құрал-жабдықтарын қоғам меншігіне айналдыру өндірісте кездесіп отырған кәзіргі жасанды кедергілерді ғана жойып қоймайды, сонымен қатар өндіргіш күштер мен өнімдерді турадан-тура ысырап етушілік пен құртушылықты да жояды, ал оларды ысырап етіп, құртушылық кәзіргі кезде өндірісте болмай тұрмайтын және кризистердің кезінде өзінің ең жоғарғы дәрежесіне жететін нәрсе. Оның үстіне, осы иемдену кәзіргі үстемдік етіп отырған таптар мен олардың саяси өкілдерінің жөнсіз сән-салтанатта тұруын жою арқылы толып жатқан көп өндіріс құрал-жабдықтары мен өнімдерді қоғам үшін үнемдеп қалады. Қоғам мүшелерінің бәрін қоғамдық өндіріс арқылы, өмір сүрудің әбден жеткілікті және күн санап жақсарып отыратын материалдық жағдайларымен ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен қатар олардың дене күші мен ақыл-ой қабілеттерінің де толық еркін дамуы мен қолдануын қамтамасыз ету мүмкіндігіне, — осы мүмкіндікке кәзір тұңғыш рет қолымыз жетіп отыр, бұған енді шынында да *қолымыз жетті*<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Тіпті капиталистік езгі болып отырғанда да кәзіргі өндіріс құрал-жабдықтарының кеңейіп ұлғая беруге сұмдық қабілеттілігі жөнінде біраз цифр жақындау түсінік бере алады. Гиффенің жасап шыққан ең жаңа есебі бойынша Великобритания мен Ирландияның барлық байлығының жалпы сомасы бүгін санмен мынадай болған:

1814 ж.	2 200 млн. ф. ст.	=	44 млрд. марка
1865 »	6 100 » » »	=	122 млрд. »
1875 »	8 500 » » »	=	170 млрд. »

Ал енді кризистердің кезінде өндіріс құрал-жабдықтары мен өнімдердің құртылуына келетін болсақ, неміс өнеркәсіпшілерінің екінші конгресінде (Берлин, 21 февраль, 1878 ж.) *Герман темір өнеркәсібінің* бір өзінің ғана шеккен барлық зияны соңғы кризистің кезінде 455 млн. маркаға жеткені анықталған болатын. [*Энгельстің ескертуі.*]

Өндіріс құрал-жабдықтарын қоғам өз иелігіне алатын болса, сондықтан, товар өндірісі жойылады, сонымен бірге өнімдердің өндірушілерге үстемдік етуі де жойылады. Қоғамдық өндіріс ішіндегі анархия жойылып, оның орнына жоспар бойынша істейтін саналы ұйым орнайды. Жеке өмір сүру жолындағы күрес пайылады. Сөйтіп адам баласы енді айуандар дүниесінен, — белгілі мағнада айтқанда біржолата, — бөлініп шығып, өмір сүрудің айуандық жағдайларынан нағыз адамға лайық жағдайларына көшеді. Адам баласын айнала қоршап отырған және күні бүгінге дейін оған үстемдік етіп келген тіршілік жағдайлары енді адамдардың өздері билеп, өздері бақылайтын болады, олар табиғатқа да тұңғыш рет шын мәнісінде және саналы түрде өмілін жүргізетін болады, өйткені олар өздерінің қоғамдасқан өміріне өздері қожа бола бастайды. Адамдардың өз қоғамдық қайымылдарының заңдарын, осыған дейін адамдарға жат, оларға үстемдік етуші табиғат заңдары сыяқты өздеріне қарсы тұрған заңдарды адамдар енді істің мәнін толық біліп қолданатын болады, олай болса, ол заңдар адамдардың үстемдігіне бағындырылатын болады. Бұған дейін адамдардың өздеріне қарсы тұрып келген, оларға жоғарыдан табиғат пен тарих таңып келген адамдардың қоғамдық болмысы енді олардың өздерінің еркін ісі бола бастайды. Күні бүгінге дейін тарихқа үстемдік етіп келген объективтік, жат күштер енді адам баласының өзінің бақылауына өтеді. Дәл сол кезден бастап адамдар өз тарихын толық саналы түрде өздері жасай бастайды. Олар қозғалысқа келтіретін қоғамдық себептер тек сол кезде ғана едәуір дәрежеде және барған сайын артып отыратын дәрежеде дәл адамның тілегеніндей нәтиже беретін болады. Міне, мұның өзі адам баласының қажеттілік заманынан бостандық заманына секіріп өтуі болады.

[Қорытындыда, жоғарыда өзіміз баяндап өткен даму жолын қысқаша жыйнақтап шығалық:

I. *Ортағасырлық қоғам*: Жеке ұсақ өндіріс. Мұнда өндіріс құрал-жабдықтары әркімнің жеке қолдануында болады, сондықтан да олардың әрекеті шамалы, қолапайсыз жабайы, ұсақ болды. Өнімдерді өндірушінің өзі тұтынатын болса да немесе оның феодалдық мырзасы тұтынатын болса да, өнімдер тікелей тұтынылу үшін өндіріледі. Өндірілген нәрсе тікелей тұтынудан артылып қалған жерде ғана, сол артылып қалған нәрсе сатуға жатады, айырбасқа түседі: олай болса, товар өндірісі тек жарыққа шығу процесінде болады; бірақ сол уақыттың өзінде де оның бойында *қоғамдық өндіріс анархиясының* бастамасы болады.

II. *Капиталистік революция*: Өнеркәсіптегі төңкеріс, бұл алғашында жай кооперация мен мануфактура арқылы жасалады. Осы уақытқа дейін бытыраңқы болып келген өндіріс құрал-

жабдықтары ірі мастерскойларға жыйналады, осы арқылы олар жеке адамдардың өндіріс құрал-жабдықтары болудан қалып қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтарына айналады — жалпы алғанда, мұнан айырбас формаларына ешбір нұқсан келмейді. Иемденудің бұрынғы формалары сол қалпында қала береді. *Капиталист* пайда болады: өндіріс құрал-жабдықтарын меншіктенуші ретінде ол өнімдерді де иемденеді және оларды товарға айналдырады. Өндіріс қоғамдық актыға айналады; ал айырбас, сонымен қатар өнімдерді иемдену жағы жеке бас актысы, жеке адамдардың актылары болып қалады: *қоғамдық еңбектің өнімін жеке капиталист иемденеді*. Нақ осының өзі негізгі қайшылық болып табылады; кәзіргі қоғамның алға басуында орын алып отырған және ірі өнеркәсіпте ерекше айқын байқалып отырған қайшылықтардың бәрі де сол негізгі қайшылықтан туады.

а) Өндірушінің өндіріс құрал-жабдықтарынан ажыратылуы. Жұмысшының өмір бойы күнін жалдама еңбекпен өткізуге кіріптар болуы. *Пролетариат пен буржуазия арасындағы қарама-қарсылық*.

б) Товар өндірісін билейтін заңдардың барған сайын маңызы артып, әсерінің күшеюі. Жүгенсіз конкуренция. *Әрбір жеке фабрикада өндірістің қоғамдық түрде ұйымдастырылуы мен бүкіл өндірістегі қоғамдық анархия арасындағы қайшылық*.

в) Бір жағынан — машиналардың жетіле беруі, мұның өзі конкуренцияның салдарынан әрбір жеке фабрикант үшін еріксіз қолданатын заңға айналады, сонымен қатар ол жұмысшылардың фабрикадан ығыстырылып шығарылуының үнемі күшейе түсіп отырғанын көрсетеді: *резервтік өнеркәсіп армиясының тууы*. Екінші жағынан — өндірістің шексіз кеңейе беруі, бұл да әрбір фабрикант үшін конкуренцияның еріксіз қолданылатын заңына айналады. Екі жағынан алып қарағанда да — өндіргіш күштер құлақ есітпеген дәрежеде дамып береді, ұсыныс керексінуден асып түседі, асыра өндірушілік туады, рыноктер товарға лық толады, он жылда бір қайта оралып отыратын кризистер туады, шыға алмайтын шеңбер пайда болады: *бір жақта — басы артық өндіріс құрал-жабдықтары мен өнімдер, екінші жақта — жұмыссыз және өмір сүруге қаражаты жоқ басы артық жұмысшылар*. Бірақ өндіріс пен қоғамдық тұрмыстың бұл екі тұтқасының екеуі де біріге алмайды, өйткені өндірістің капиталистік формасы өндіргіш күштер мен өнімдерді алдын ала капиталға айналдырмай тұрып, өндіргіш күштердің қыймыл жасауына, өнімдердің таралуына мүмкіндік бермейді, ал капиталға айналуына олардың басы артығының нақ өзі кедергі жасайды. Бұл қайшылық ұлғайып, барып тұрған мағнасыздыққа айналады: *өндіріс әдісі айырбас формасына қарсы шығады*. Сөйтіп, буржуазияның өзінің қоғамдық өндіргіш күштерін бұдан былайғы жерде басқара алмайтыны әшкереленеді.



г) Өндіргіш күштердің қоғамдық сыйпатта екені шінара мойындалады, мұны шінара мойындауға капиталистердің өздері де лажсыз көнеді. Өндіріс пен қатынастың ірі организмдері алғашында *акционерлік компаниялардың*, кейінірек трестердің, ал оның соңынан *мемлекеттің* де меншігіне айналады. Буржуазия керексіз тап болып шығады; оның қоғамдық функцияларының бәрін енді жалдама қызметшілер атқарады.

III. *Пролетарлық революция*, қайшылықтардың шешілуі: Пролетариат қоғамдық өкіметті, өз қолына алады да, буржуазияның қолынан шығып баражатқан қоғамдық өндіріс құрал-жабдықтарын осы өкіметтің күшімен бүкіл қоғам меншігіне айналдырады. Мұнымен ол өндіргіш күштерді, капитал ретінде оларға осы уақытқа дейін тән болып келген нәрселердің бәрінен құтқарып, олардың қоғамдық сыйпатының дамуына толық еркіндік береді. Сөйтіп, бұдан былайғы жерде қоғамдық өндірісті алдын ала ойланып жасалған жоспармен жүргізуге мүмкіндік туады. Өндірістің дамуы түрліше қоғамдық таптардың бұдан былайғы жерде өмір сүруін керексіз етіп шығарады. Қоғамдық өндірістегі анархия жойыла берген сайын, мемлекеттің саяси беделі де түсе береді. Ақырында, жеке өзінің қоғамдық болмысына өзі қожа болып алған адамдар, осының арқасында табиғатқа қожа болады, өздеріне өздері қожа болып, ерікті адамға айналады.]

Осы дүниені азат ететін ерлікті жүзеге асыру кәзіргі пролетариаттың тарихи міндеті болып табылады. Осы төңкерістің тарихи шарттарын, сонымен бірге нағыз сыйпатын зерттеу, сөйтіп, осы ерлікті жүзеге асыратын кәзіргі езілуші тапқа, оның өз басының істейтін ісінің шарттары мен сыйпатын түсіндіріп беру — пролетарлық қозғалыстың теориялық бейнесі болып отырған ғылыми социализмнің міндеті міне осындай.

### III ӨНДІРІС

Жоғарыда айтылғандардың бәрін ескере келіп, оқушымыз ең соңғы бөлімде баяндалған социализмнің негізгі белгілерінің Дюринг мырзаға әсте ұнамайтынын таңғаларлық нәрсе деп білмейді. Мұның керісінше. Дюринг мырза оларды қоксық төгетін ұраға апарып, барлық өзге «тарихи, логикалық фантастика қоспаның» үстіне, «өрескел концепциялардың» үстіне, «шатастырылған, күңгірт түсініктердің», т. т. үстіне төгіп тастауға тиіс. Ол үшін социализм әсте де тарихи дамудың қажетті нәтижесі емес-ті және онан бетер кәзіргі заманның қарын тойдыру мақсаттарына жетуді ғана көздейтін дөрекі материалдық экономикалық жағдайларының да нәтижесі емес-ті. Дюринг мырзада мәселе

әлдеқайда келелі түрде қойылған. Оның социализмі ең ақырғы инстанциядағы түпкілікті ақыйқат болып табылады, «қоғамның табиғи системасы» болып табылады, оның социализмі «әділеттіліктің универсалды принципінде» жатыр, ал егер Дюринг мырза дегенмен бұрынғы күнәкар тарих жасаған істің кәзіргі жағдайып ескеруге, ескергенде бұл жағдайды жақсарту үшін ескеруге мәжбүр болып отырған болса, — онда мұны ең дұрысы таза әділеттілік принципіне кесе көлденең келген бақытсыздық деп білу керек. Дюринг мырза, барлық өзге нәрселер сыяқты, өзінің социализмін жасағанда өзінің атышулы екі ердің көмегімен жасады. Осы уақытқа дейінгідей мырза мен малайдың ролін атқарудың орнына, бұл екі марионетка бұл жолы жаңалық үшін тең праволылық пьесасын ойнайды — міне сонда келіп Дюрингтің социализмі өзінің негізінде дап-дайын бола кетеді.

Сондықтан дүркін-дүркін өнеркәсіп кризистерінің бұлар жөнінде өзіміз мойындауға тиісті тарихи маңызы Дюринг мырза үшін әсте болмайтыны өзінен өзі түсінікті. Дюринг мырза үшін кризистер «қалыпты жағдайдан» кездейсоқ ауытқығандық қана болып көрінеді және, ең әрі кеткенде, «неғұрлым ретке салынған қоғамның дамуына» себеп болып табылады. Кризистерді артық өндірілу арқылы түсіндіретін «дағдылы әдіс» әсте де оның «неғұрлым дәл түсінігінің» талаптарына жауап бере алмайды. Алайда, кризистерді әлгіндегідей түсіндіруді «жеке салалардағы ерекше кризистерге, сірә, қолдануға болатын шығар». Мәселен, «жаппай өткізуге жарамды, қайта бастырып шығаруға жұрттың бәрі ерікті деп аяқ астынан жарыяланатын шығармалардың басылып шығуының кітап рыногін толтырып жіберу» реті осындай нәрсе. Әрине, өзінің мәңгі жасайтын шығармаларының ешқашанда мұндай дүниежүзілік апат туғызбайтынын қуаныш тұтып, Дюринг мырзаның тыныш ұйықтай беруіне болады. Бірақ үлкен кризистердің тұсында «товар запастары мен оларды өткізудің арасындағы алшақтықтың сайып келгенде соншалық сұмдық ұлғаюы» артық өндірілудің салдарынан болып отырған жоқ, қайта «халық тұтынуының кейін қалып қоюының...» салдарынан, «қолдан жасалған кем тұтынудың салдарынан... *халық тұтынуының* табиғи өсуіне кедергі жасалуының салдарынан болып отыр (!)». Сөйтіп, Дюринг мырза сәті түсіп, кризистердің осындай теориясына дегенмен еруші адам тапқан.

Бірақ бақытсыздыққа, бұқараның кем тұтынуы, бұқараның тұтынуының тіршілікті сақтауға және тұқым жаюға сөзсіз қажетті нәрсемен ғана шектелуі, — әсте де жаңалық нәрсе емес. Кем тұтыну қанаушы және қаналушы таптар бар кезден бері қарай болып келеді. Бұқараның күйі, мәселен, XV ғасырдағы Англиядағыдай, ерекше жайлы болған тарихи дәуірлерде де оның тұтынуы дегенмен жеткіліксіз болған еді. Олар өздерінің керектерін қанағаттандыру үшін өздерінің жылдық еңбектерінің бар-

ық өніміне көбінесе иелік етпеді. Сонымен, кем тұтынушылық мыңдаған жылдар бойына келе жатқан тұрақты тарихи құбылыс осылай табылады, ал енді артық өндірілу салдарынан кризистердің кезінде аяқ астынан пайда бола қалатын өткізудегі жалпы тоқырау соңғы 50 жылдың ішінде ғана біліне бастады. Сонымен, жаңа соқтығысты артық өндірілудің жаңа құбылысымен түсіндірмей, мыңдаған жылдар бойы созылған кем тұтынушылықтың ескі фактысымен түсіндіру үшін Дюринг мырзаның бүкіл тұрпайы-экономикалық үстірттігі керек болыпты. Мұның өзі, егер математикада екі шаманың, тұрақты шама мен айнымалы шаманың қатынасының өзгеруін айнымалы шаманың өзгеруімен түсіндірмей, тұрақты шаманың өзгермейтіндігімен түсіндіретін болса, сонымен бір нәрсе. Бұқараның кем тұтынуы қанауға негізделген қоғам формаларының бәрінің, олай болса, капиталистік форманың да қажетті шарты болып табылады; тек бірақ өндірістің капиталистік формасы істі кризиске жеткізеді. Бұқараның кем тұтынуы, олай болса, кризистердің алғышарттарының бірі болып табылады және бұл кризистерде әлдеқашан жұртқа белгілі рольді атқарады; бірақ мұның өзі бізге кризистердің бұрын неге болмағандығын айтып бере алмайтындығы сыяқты кәзіргі кездегі кризистердің себептерін де сонша мардымсыз шешіп береді.

Дюринг мырзаның дүниежүзілік рынок туралы түсініктері тегінде ғажап түсініктер. Жоғарыда өзіміз көрдік, ол өзі, нағыз неміс әдебиетшісі ретінде, өмірде болып отыратын ерекше өнеркәсіп кризистерін өзіне Лейпцигтің кітап рыногиндегі жорамал кризистерді мысалға алып түсіндіруге, теңізде тұратын дауылды бір стакан судағы дауылмен түсіндіруге тырысады. Ол мұнан соң былай деп жорамалдайды: кәзіргі капиталистік өндіріс «өзінің өнімін өткізуде, көбінесе *дәулетті таптардың өзінің ішінен* әрі аса алмауға» мәжбүр, — мұның өзі небәрі 16 беттен кейін оның, жалпы пікір бойынша, кәзіргі замандағы шешуші индустриялар темір жасап шығаратын және мақта мата өнеркәсібі деп мойындауына кедергі болған жоқ, басқаша айтқанда бұлар өнімдерінің болмашы ғана азын дәулетті таптар тұтынып, өнімдері барлық өзге тараулардың өнімдеріне қарағанда көпшіліктің тұтынуына арналып өндірілетін өндірістің екі тарауы. Біз Дюринг мырзаның қандай пікірін алып қарасақ та әр нәрсенің басын бір шатқан құр бос, қайшылықтарға толы мылжындаушылықтан басқа ешнәрсе де таба алмаймыз. Алайда, мақта мата өнеркәсібінен алып мысал келтірейік. Ольдгеме деген бір шама шағын ғана қалада — Манчестердің төңірегіндегі 50 000 нан 100 000-ға дейін халқы бар мақта мата өндірісімен айналысатын толып жатқан қалалардың бірінде, — осы бір жеке алынып отырған қалада 1872 жылдан 1875 жылға дейінгі төрт жылдың ішінде 32-ші номердің бір өзін ғана иіретін ұршықтардың саны  $2\frac{1}{2}$

миллионнан 5 миллионға дейін өскен; сонымен, Англияның бір қаласының өзінде ғана, оның үстіне орташа ғана қалада бір ғана номерді иіруде Эльзасты қоса есептегенде бүкіл Германияның мақта мата өнеркәсібінде тегі қанша ұршық болған болса, сонша ұршық болған. Егерде, Англия мен Шотландияның мақта мата индустриясының өзге тараулары мен орталықтарындағы өндірістің кеңеюі шамамен алғанда дәл осындай мөлшерде болғанын еске алатын болсақ, онда мақта мата жіптері мен тоқымаларын өткізудегі кәзіргі тоқырауды ағылшынның мақта мата фабриканттары өнімнің артық өндірілуімен түсіндірмей, ағылшын халық бұқарасының кем тұтынушылығымен түсіндіру үшін «мықтап» бетімен кеткендіктің едәуір дозасы керек болғаны<sup>1</sup>.

Алайда осы жетер. Саяси экономияда осыншама нағыз Лейпцигтің кітап рыногін кәзіргі заманның индустриясы мағнасындағы рынок деп түсінетін адамдармен таласудың да керекі жоқ. Сондықтан мынаны ғана көрсетіп өтелік: Дюринг мырза өзінің мұнан былайғы байымдауларында кризистер туралы бізге: мұнда әңгіме «қатты күш салу мен солғындықтың жәй ауысуы жөнінде» ғана болып отыр, шектен тыс жалдаптық «жекеше кәсіпорындардың жоспарсыз көбейіп кеткендігінен ғана туып отырған жоқ», сонымен қатар «артық ұсынылудың туу себептеріне жеке кәсіпкерлердің ағаттығы мен жеке басының жеткіліксіз сақтығын да жатқызу керек» дегеннен басқа дәнне де айта алмай отыр. Бірақта, өз ретінде, ағаттық пен жеке бастың жеткіліксіз сақтығының «тууына себеп» не? Мұның себебі тағыда сол жеке кәсіпорындардың қалай болса солай көбейіп кетуінен көрініп отырған капиталистік өндірістің жоспарсыздығының өзі. Экономикалық фактыны өнеге айтып мінеуге аударуды жаңа себеп тапқандық деп білу де — барып тұрған «ағаттықтың» дәлелі.

Осымен кризистерді бітірейік. Ілгерідегі бөлімде біз капиталистік өндіріс әдісінен туатын кризистердің сөзсіздігін және осы өндіріс әдісінің өзінің кризистері ретіндегі, қоғамдық төңкерістің еріксіз болатын құралдары ретіндегі олардың маңызын анықтағаннан кейін, — осыдан кейін Дюринг мырзаның қарастырылып отырған мәселе жөніндегі үстірт көзқарастарына қарсы пікір айтып жатуға сөзді қор қылудың орны жоқ. Енді оның жөнді деген творчествосына, оның «қоғамның табиғи системасы» дегеніне көшелік.

«Әділеттіліктің универсалдық принципіне» негізделіп құрылған, сөйтіп, ығыр қылатын материалдық фактылармен санасу

---

<sup>1</sup> Кризистерді кем тұтынушылықпен түсіндірудің өзі Сисмондидан басталады, Сисмондида мұның өзінің біраз мағнасы да бар еді. Сисмондидан бұл түсінікті Родбертус қабыл алды, ал Дюринг мырза, өз тарапынан, оны Родбертустан көшіріп алып, оған, өзінің әдетінше, дөрекі сыйпат қана берді. [Энгельстің ескертуі.]

саясаттіңің қапдайынан болса да құтылған бұл система — шаруашылық коммуналарының федерациясы, деген сөз, ал бұл формалардың арасында «көшіп-қону еркіндігі және белгілібір шендер мен әкімшілік нормалары бойынша міндетті түрде жаңа мүшелер қабылдау тәртібі» бар. Шаруашылық коммунасының ең алдымен «бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызы бар, барлығын тұтас қамтыйтын схематизм» болып табылады және, айтамыз, Маркс деген біреудің «қате шалағайлықтарынан» әлде қайда басым түседі. Дюринг мырза «өздерінің белгілібір мөлшердегі жер көлемі мен бір топ өндірістік кәсіпорындарын биіксіне әлеуметтік правосы болғандықтан бірігіп әрекет етіп, ербиысты бөлісуге бірігіп қатысу үшін бас біріктірген адамдардың бірлестігін» коммуна деп түсінеді. Әлеуметтік право дегеніміз «...табиғат пен өндірістік тәртіптерге *таза әлеуметшілдік қозғалыс* мағнасында затқа правосы болушылық». Ал мұның мәнісінің не болатындығына, — шаруашылық коммунасының болашақ юристері ойланып толғана берсін, ал біз қандай да болсын бұл бағытта әрекет етуден бастартамыз. Біз Дюринг мырзадан тек мынаны ғана біліп отырмыз: бұл право «жұмысшы қоғамдарының корпорациялық меншігімен» әсте де бір нәрсе емес екенін, бұл меншік өзара конкуренцияны, тіпті жалдама субъекті қанауды да болғызады екен. Мұнымен қатар ат үсті айттыла кетіп отырған бір нәрсе — Марксте де кездесетін «ортақ меншік идеясы ең кемінде күңгірт және күмән туғызатын идея, өйткені болашақ туралы мұндай түсінік әрқашан да жұмысшылардың жеке топтарының корпорациялық меншігін көрсететін түсінік сыяқты болып көрінеді де тұрады» екен. Біз бұл жерде тағыда Дюринг мырзада соншама дағды болып кеткен бұрма-лаудың «оңбаған тәсілін» көріп отырмыз, «мұндай тәсілдің тұрпайы сыйпатына» (оның өзі айтып отырғандай) «пасық деген тұрпайы сөз толық сай келер еді»; мұның өзі де, ортақ меншік Марксте «бір мезгілде дара меншік те, қоғамдық меншік те» болып табылады екен дейтін Дюринг мырзаның өзге де өтірігі сыяқты ойдан шығара салған өтірігі.

Қалай болғанда да бір айқын нәрсе мынау: белгілібір шаруашылық коммунасының өзінің өндіріс құрал-жабдықтарына әлеуметшілдік правосы ең болмағанда қандай да болсын басқа шаруашылық коммунасы жөнінде, сонымен қатар бүкіл қоғам мен мемлекет жөнінде алғанда тек қана меншік правосы болып табылады. Бірақ бұл право «...сыртқы дүниеден оқшаулану» мүмкіндігінен айрылған болуға тиіс, «...өйткені түрлі-түрлі шаруашылық коммуналарының арасында ...кәзіргі кездегі пәлендей бір шаруашылық организмге жататындық немесе қауымның шаруашылық істеріне қатысушылық сыяқты... көшіп-қону еркіндігі және белгілібір заңдармен әкімшілік нормалары бойынша міндетті түрде жаңа мүшелер қабылдау тәртібі бар». Демек,

бай және кедей шаруашылық коммуналары болады, және олардың теңесуі халықтың бай коммуналарға келіп қосылып, оның кедей коммуналардан кетуі арқылы болып отырады. Сонымен, өнімдерге бола жеке коммуналардың арасында болатын конкуренцияны ұлттық көлемде сауда ісін ұйымдастыру арқылы жойғысы келетін Дюринг мырза өндірісшілерге бола конкуренцияның бола беруіне тым-тырыс жол береді. Заттар конкуренция сферасынан тыс қойылды, ал адамдар болса конкуренцияға тәуелді күйінде қалдырылды.

Алайда мұның өзі бізге «элеуметшілдік право» жөнінде әлдеқайда анық түсінік бермейді. Бұдан екі беттен соң Дюринг мырза бізге мынаны жарыялайды: сауда коммунасының алып жатқан өрісі «ең алдымен саяси-қоғамдық саланың өрісіндей ұлан-байтақ өріс, саяси-қоғамдық саладағы адамдар өздерінің бірлестігінде бірыңғай праволық субъект болып табылады және осындай субъект ретінде қоғамдық жерлерді, тұрғын үйлер мен өндірістік аппаратты билеуге праволы». Сөйтіп, билеу правосы дегенмен жеке коммунаникі емес, бүкіл ұлттыкі екен. «Элеуметтік право», «зат жөніндегі право», «табиғатқа элеуметшілік көзқарас», т. с. — мұның бәрінің де «ең кем дегенде күңгірт екені, күман туғызатыны» былай тұрсын, сонымен қатар өзіне өзі тура қайшы келеді. Шындығына келгенде біз ең болмағанда, жеке әрбір шаруашылық коммунасы право субъектісі де болып табылатындықтан, — «бір мезгілде дара меншікті де, қоғамдық меншікті де» көріп отырмыз; ал осы «күңгірт қоспа форманы» сондықтан тағыда осы Дюринг мырзаның өзінен ғана кездестіруге болады.

Қалай болғанда да, шаруашылық коммуна өндіріс мақсаттары үшін өзінің еңбек құралдарын билейді. Ал енді осы өндіріс қалай жүріп жатыр? Егерде бізге Дюринг мырзаның хабарлап отырғанына қарай пікір айтатын болсақ, ол өндіріс мүлде ескіше жүріп жатыр, айырмасы тек мынау ғана: капиталистің орнын енді коммуна басты. Ең мықтағанда біздің мұнан тағыда біліп отырған нәрсеміз — осыдан былайғы жерде ғана әркімге еркін түрде кәсіп таңдап алу еркі беріледі және жұрттың бәріне бірдей дәрежеде еңбек ету міндеті белгіленеді.

Бұған дейін өмір сүріп келген өндірістің бәрінің негізгі формасы, бір жағынан, қоғам ішінде, екінші жағынан, әрбір жеке өндіріс орнының ішінде еңбек бөлінісі болды. Ал енді еңбек бөлінісіне дюрингтік «социалитет» қалай қарайды?

Ең бірінші ірі еңбек бөлінісі қаланың деревнядан бөлінуі болып табылады. Бұл антагонизм «осы заттың өзінің табиғаты жағынан да жойып болмайтын» антагонизм деп ойлайды Дюринг мырза. Алайда, «егіншілік пен индустрияның арасындағы тұңғыйықты ...толтырып болмайтын тұңғыйық деп ұғу тегі мүлде дұрыс болмас еді. Іс жүзінде кәзірдің өзінде-ақ бұлардың

арасындағы ауысуда кейбір үздіксіздік бар, ал келешекте оның өзі әлдеқайда зор болғалы тұр». Мысалға алсақ, егіншілік пен ауыл шаруашылығына көзірдің өзінде-ақ екі түрлі индустрия еніп алды: «біріншіден, арақ-шарап жасау, екіншіден, қант қызылшасынан қант өндіру... ал спирт өндірудің маңызының зор екені соншалық, оның маңызын асыра көрсетуден гөрі кемітін көрсетіп жүр». Ал «егер пәлендей бір жаңалықтар ашудың нәтижесінде неше түрлі көп индустрия құру мүмкін болып, деревняда өндірісті тежеп, оны шикі материалдарды өндірумен тікелей байланыстыру қажеттігі туса», онда осы арқылы қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылық бәсеңдеп, «цивилизацияның дамуына өте кең негіз табылған» болар еді. Алайда, «осы сыяқты бір нәрсе басқа жолмен де пайда болар еді. Техникалық қажеттіліктің үстіне, әлеуметтік ділгерліктердің маңызы да барған сайын арта береді, ал осы әлеуметтік ділгерліктер адам баласы әрекетінің әралуан түрлерін жіктеуге шешуші әсер ететін болған кезде, деревняның шұғылданатын кәсіптері мен өнімдерді техникалық жағынан қайта өндеп шығару жөніндегі әрекеттің арасындағы үзілмейтін тығыз байланыстан келетін пайданы енді елемей қалдырушылық мүмкін болмайды».

Бірақ дәл осы арада шаруашылық коммунада әлеуметтік ділгерліктер туралы мәселе туып отыр. Бұлай болғанда шаруашылық коммуна жоғарыда айтылған егіншілікті индустриямен ұштастырудан келетін пайданы толық пайдаланып қалуға ұмтылмас па екен? Әрине, енді Дюринг мырза өзінің әдеттегі тыңғылықтылығымен шаруашылық коммунаның бұл мәселеге көзқарасын өзінің «неғұрлым дәл түсінетіндігін» бізге кешіктірмей жеткізер ме екен? Бұлай ойласа оқушы қатты алданған болар еді. Пруссияның земстволық правосының арақ-шарап жасау, қант қайнату әрекетінің сферасынан үнемі айналшақтап шыға алмай жүрген жоғарыда келтірілген құнарсыз, бишаралық жалпы сөздер, — міне, қала мен деревняның арасындағы кәзіргі және болашақ уақыттағы қарама-қарсылығы туралы мәселе жөнінде Дюринг мырзаның бізге бар айта алатындары осы ғана.

Еңбек бөлінісінің егжей-тегжейін қарастыруға келейік. Бұған келгенде енді Дюринг мырза аздап «неғұрлым дәлдеу» болып шығып отыр. Ол өзі «істің *тек қана бір* түрімен шұғылдануға тиісті адам» туралы әңгіме етеді. Егерде мәселе өндірістің пәлендей бір жаңа тарауын енгізу туралы болатын болса, онда мәселе тек мынада ғана: *өзін өнімнің бір түрін өндірудің жолына арнайтын* белгілібір *жандарды* кейбір ретпен табуға мүмкіншілік бар ма, сонымен қатар оларға қажетті тұтыну туғызу мүмкін бе (!). Социалитетте өндірістің қай тарауы болса да «қалың көптеген *адамның еңбек етуін керек етпейді*». Социалитетте де «өздерінің тұрмыс қалпына қарай айырмашылықтары болатын».

адамдардың «экономикалық түр-түрі» болады. Сонымен, өндіріс сферасында бәрі де азды-көпті бұрынғы күйінде қалады екен. Рас, Дюринг мырза қоғамда күні бүгінге дейін «теріс еңбек бөлінісі» орын алып келеді деп мойындайды, бірақ бұл соңғының мәнісінің не екенін және шаруашылық коммунада оның орнына қандай еңбек бөлінісінің болатынын алсақ, бұл жөніндегі біздің білетініміз мына төмендегі ғана: «Еңбек бөлінісінің өзі жөніндегі мәселеге келетін болсақ, онда, жоғарыда өзіміз айтқандай, табиғат жағдайларының, адам қабілеттерінің айырмашылықтары еске алынғаннан кейін ол мәселе шешілген мәселе болып саналады». Қабілетпен қатар адамның бейімділігі де роль атқарады: «үлкен қабілетті және алдын ала дайындықты керек ететін іс түрлеріне көшуге қызығушылық тек қана тиісті бір кәсіпке бейімділікке және *ешқандай да басқа нәрсені емес, нақ осы нәрсені* орындаудан рахаттанып сүйсінушілікке негізделетін болады» (нәрсені орындау!). Социалитетте осындай жолмен жарыс тауытын болады, «өндірістің өзі белгілі мән алады, сөйтіп өндірісті табыс табудың құралы ретінде ғана бағалайтын топас қолөнершілігі бүкіл қоғамдық қатынастарға өзінің терең зардабын тигізуден қалады».

Өндірісінің дамуы стихиялы түрде қалыптасқан қоғамның қай қайсысында болса да, — ал кәзіргі қоғам нақ осындай қоғам, — өндіріс құрал-жабдықтарына өндірушілер үстемдік етпейді, қайта өндіріс құрал-жабдықтары өндірушілерге үстемдік етеді. Мұндай қоғамда өндірістің әрбір жаңа тұтқасы өндіріс құрал-жабдықтарының өндірушілерді құлдыққа салуының қажетті түрде жаңа құралына айналады. Бұл айтылғанның ең алдымен өндірістің ірі индустрия пайда болғанға дейінгі аса құдіретті болған тұтқасына, — еңбек бөлінісіне қатысы бар. Ең бірінші үлкен еңбек бөлінісінің өзі-ақ — қаланың деревнядан бөлінуі — село халқын мындаған жылдардағы топастыққа ұшыратты, ал қала адамдарын — әрқайсысын өзінің арнаулы қолөнері құлдыққа салды. Оның өзі село халқының рухани дамуы мен қала адамдарының күш-қайрат дамуының негізін жойды. Егер шаруа жерді билеп алып, ал қала қолөнершісі өзінің қолөнерін билеп алатын болса, онда дәл осындай дәрежеде жер шаруаны билеп алады да, ал қолөнері қолөнершіні билеп алады. Еңбек бөлінісімен бірге адамның өзі де екіге бөлінеді. Пәлсеңдей бір істің дамуына өзгелей күш-қайрат, рухани қабілеттердің бәрі де құрбан етіледі. Мануфактурада өзінің жоғарғы даму шегіне жететін еңбек бөлінісі қандай дәрежеде өсетін болса, адамды осылай жарымжан етушілік сондай дәрежеде өседі. Мануфактура қолөнерін өзінің жеке бөлшек операцияларына жіктейді, олардың әрқайсысын жеке жұмысшыға оның өмірлік кәсібі етіп береді, сөйтіп жұмысшыны бүкіл өмір бойына белгілі бір бөлшек функцияға және белгілі бір еңбек құралына матап



қояды. «Мануфактура, жұмысшының біржақты машықтануының бір өзін ғана жасанды түрде өршітіп, оның өндірістік бейімділіктері мен дарындарының күллісін тұншықтырып, жұмысшыны кемтар етеді... индивидуумның өзі екіге жарылады, белгілібір бөлшек жұмыстың автоматтық құралына айналады» (*Маркс*)<sup>1</sup>,

көп жағдайларда жұмысшыны тұп-тура күш-қайрат, рухани жағынан кемтар ету арқылы өзінің кемеліне келетін автоматтық құралға айналады. Машиналы өндірістің тұсында, ірі индустрияда жұмысшы тіпті машина болудан да қалып, машинаның жәй ғана шылауы болу роліне дейін түсіріледі. «Бөлшек құралды меңгеру сыяқты өмірлік мамандығы — бөлшектік машинаға қызмет ету сыяқты өмірлік мамандыққа айналады. Машинамен қыянат еткенде жұмысшының өзін ерте бала жасынан-ақ бөлшектік машинаның бір бөліміне айналдыру үшін қыянат етеді» (*Маркс*)<sup>2</sup>. Сонымен, жұмысшылардың бір өзі ғана емес, сонымен қатар оларды тікелей немесе жанамалап қанайтын таптар да, еңбек бөлінісінің салдарынан, өз әрекеті құралдарының құлдары болып шығады: рухы сөнген буржуа — дәл өз капиталы мен пайдаға деген өз құмарлығының құлы болып шығады; юристер өздерінің қатып сенген праволық көзқарастарының құлдығына түсті, бұл көзқарастары өзіне дербес күш ретінде юристерді билеп алып отыр; «білімді таптар» тегінде жергілікті тарөрістілік пен сыңаржақтылықтың әралуан формаларының, дәл өздерінің күш-қайрат, рухани тайыздығының, белгілібір мамандықтың үлгісімен пішілген тәрбиесінің оңбағандығының, өздерінің өмір бойына дәл осы мамандыққа — тіпті бұл мамандығы түк бітірмеушілік болған кезде де осы мамандығына — басы байлаулылығының құлдығына түсті.

Утопистердің өзі де еңбек бөлінісінің зардаптарын әбден түсінген-ді, бір жағынан, жұмысшының жарымжандыққа ұшырағанын, ал екінші жағынан, жұмысшы бүкіл өмірі бойына белгілібір операцияны біркелкі, қалай болса солай қайталай беретін еңбек әрекетінің өзінің бұзылуын түсінді. Оуэн де, Фурье де жалпы еңбек бөлінісінің ескі системасын құртудың бірінші және негізгі шарты ретінде қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылықты жоюды талап еткен-ді. Бұлардың екеуінің де көзқарасы бойынша, ел ішінде халық 1600—3000 адамнан топ-топқа бөлінуге тиіс; әрбір топтың өз территориясының ортасында орасан ордасы болады және бәріне ортақ үй шаруашылығын жүргізеді. Фурье де кей жерде қалалар туралы әңгіме етсе де, алайда бұл қалалардың өзі бір бірімен іргелес осындай төрт немесе бес ордадан тұрады. Бұлардың екеуінің де көзқарасы бойынша, қоғамның әрбір мүшесі егіншілікпен де, өнеркәсіп-

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 368-бет. *Ред.*

<sup>2</sup> Бұл да сонда, 427-бет. *Ред.*

пен де шұғылданады. Фурьеде өнеркәсіпте басты роль атқаратын нәрсе қолөнері мен мануфактура, ал Оуэнде, мұның керісінше, — ірі өнеркәсіп, және ол бу мен машина күшін үй шаруашылығының жұмыстарына да қолдануды талап етеді. Бірақ бұлардың екеуі де егіншілік пен өнеркәсіпте жеке адам үшін кәсіптердің мүмкіндігінше көбірек алмастырылып отыру және осыған сәйкес жастарды мүмкіндігінше неғұрлым жан-жақты техникалық іске баулып дайындап отыру талабын қояды. Екеуінің пікірі бойынша, жан-жақты практикалық іске араласу арқылы адам өзінің қабілеттерін жан-жақты дамытуға тиіс, сөйтіп еңбек бөлінісінің салдарынан өзі айрылып қалған тартымдылығын еңбек өзіне қайтарып алуға тиіс — қайтарып алғанда, ең алдымен жоғарыда айтылған кәсіптерді алмастырып отыру арқылы және осыған сәйкес келетін аз уақыттық «сеанс» арқылы (Фурьенің сөзімен айтқанда) қайтарып алуға тиіс. Осы аталған утопистердің екеуі де қанаушы таптардың Дюринг мырза мұра етіп алған ой жүйесінен өлшеусіз жоғары тұр, бұл ой жүйесі бойынша қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылық бұл нәрсенің өзінің табиғаты жағынан жойып болмайтын қарама-қарсылық. Осы бишаралық, тар өрісті ой жүйесі бойынша, белгілібір «жандар» барлық жағдайларда да бұйымның *бір* түрін өндірумен қалуға тиіс: өздерінің тұрмыс қалпына қарай айырмашылығы болатын адамдардың, — адам болғанда, өздері басқа ешқандай іспен емес, бір іспен шұғылданатынына разы, өздерінің құлдыққа түскеніне, өздерінің сыңаржақ адамға айналуына өздері *қуанатын* адамдардың — «экономикалық түр-түрінің» болуын осындай жолмен мәңгі еткілері келеді. Фурье «деліқұлдың» тіпті өте батыл фантазияларының өзіндегі негізгі пікірлермен салыстырып қарағанда, «дөрекі, күнгірт және тайыз» Оуэннің тіпті ең тайыз идеяларымен салыстырып қарағанда, өзі де әлі бүтіндей еңбек бөлінісінің құлы болып қалып отырған Дюринг мырза менменсіген ергежейлі ғана екен.

Өндіріс құрал-жабдықтарын қоғамдық-жоспарлы жолмен қолдану мақсаттарында барлық өндіріс-құрал жабдықтарына ие болып алып, қоғам адамдарды дәл өздерінің өндіріс құрал-жабдықтарының кәзіргі кездегі құлдыққа салып отырғандығын құртады. Әлбетте, әрбір жеке адамды да азат етпей тұрып, қоғам өзін азат ете алмайды. Олай болса, ескі өндіріс әдісі түп негізімен құртылуға тиіс, ал әсіресе ескі еңбек бөлінісі құруға тиіс. Оның орнын өндірістің мына түрде ұйымдастырылуы басу керек, мұнда, бір жағынан, ешкім де өзінің өнімді еңбекке, адамның күн көруінің осы табиғи жағдайына қатысу үлесін басқаға арта салмайтын болу керек, мұнда, екінші жағынан, өнімді еңбек, адамдарды құлдыққа салудың құралы болудың орнына, оларды азат етудің құралы болатын болу керек, әркімге өзінің барлық қабілетін, күш-қайрат қабілетін де, рухани қабілетін де барлық бағытта

және батымды түрде өрістетугіне мүмкіндік берілуі керек, олай болса, мұнда өнімді еңбек ауыр азаптан жан рахатына айналуы керек.

Мұның бәрі кәзіргі кезде енді әсте де фантазия емес, ізгі ниет те емес. Еңбекке жұрттың бәрі түгел қатысқанда әркімнің жұмыс күні, кәзіргі түсінік бойынша, азғантай ғана мөлшерге түсірілу үшін, өндіргіш күштердің кәзіргі дамуының тұсында өндіргіш күштерді қоғамдастыру фактысының өзінен туатын өндірістің ұлғаюының өзі де жеткілікті, өндірістің капиталистік әдісінің салдарынан туатын қыйыншылықтар мен кедергілерді, өнімдер мен өндіріс құрал-жабдықтарын ысырап етушілікті құртудың бір өзі-ақ жеткілікті.

Сондай-ақ еңбек бөлінісінің ескі системасын жою әсте де еңбек өнімділігіне нұқсан келтіріп барып қана жүзеге асырылатын талап емес. Қайта, ірі өнеркәсіптің арқасында оның өзі өндірістің өзінің шартына айналды. «Машиналы өндіріс жұмысшылар топтарын түрлі машиналарға бөлуді мануфактуралық жолмен баянды етудің қажеттігін, белгілібір жұмысшыларды мәңгі белгілібір функцияларға бекітіп қояды жояды. Фабриканы бүтіндей қозғалысқа келтіретін жұмысшы емес, машиналар болғандықтан, мұнда еңбек процесін үзбей-ақ персоналдар үнемі ауыстырылып отырады... Ақырында, адам жас шағында машинаның қасында істеп дағдыланған жылдамдық, өз ретінде тек қана машинамен істейтін жұмысшылардың ерекше категориясын баулып шығару қажеттігін жояды»<sup>1</sup>. Бірақ сонымен қатар машиналарды қолданудың капиталистік әдісі, ескі еңбек бөлінісінің техникалық жағынан керексіз болып шығуына қарамастан, қатып қалған бөлшектік функцияларымен қосып, сол ескі еңбек бөлінісін мұнан әрі де сақтауға мәжбүр болып отырғанда, — машиналы өндірістің өзі осы анахронизмге қарсы келеді. Ірі индустрияның техникалық базисі — революциялы базис. «Машиналар, химиялық процестер және басқа методтар арқылы ірі индустрия өндірістің техникалық базисінде үнемі төңкерістер жасап отырады, сонымен бірге жұмысшылардың атқаратын функциялары мен еңбек процесінің қоғамдық тіркестерінде де төңкеріс жасап отырады. Осылай етіп ірі индустрия қоғам ішіндегі еңбек бөлінісін де дәл сондай үнемі революцияландырып, көптеген капитал мен көптеген жұмысшыларды өндірістің бір тарауынан үздіксіз екінші тарауына ауыстырып отырады. Сондықтан ірі өнеркәсіптің жаратылысы еңбек ауыстыруды, функцияларды өзгертіп отыруды, жұмысшының жан-жақты ептілігін туғызады... Осы абсолюттік қайшылықтың... жұмысшы табының үздіксіз жусап қырылуынан, жұмысшы күштерін шектен тыс ысырап етушіліктен және қоғамдық анархияға байланысты жойқын

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 426—427-беттер. *Ред.*

ойрандардан қалай сұрапыл түрде көрініп отырғанын жоғарыда өзіміз көрдік. Мұның өзі — ірі өнеркәсіптің теріс жағы. Ал егер еңбек ауыстыру кәзір өзіне жеңіп болмайтын табиғи заң ретінде ғана және барлық жерде де кедергіге кездесіп отырған табиғи заңның ойрандаушы дүлей күшімен жол салып отырса, онда, екінші жағынан, ірі өнеркәсіптің өзі өзінің апаттары арқылы еңбек ауыстыру ісін мойындауды, олай болса жұмысшылардың мүмкіндігінше анағұрлым сегіз қырлы келуін де мойындауды өмір мен өлім мәселесі етіп отыр, мұны қалыпты түрде жүзеге асырылуына қатынастардың бейімделуі тиіс қоғамдық өндірістің жалпылама заңы етіп отыр. Ірі өнеркәсіп, өмір мен өлім мәселесі ретінде, мына міндетті қойып отыр: капиталдың қанау жөніндегі өзгеріп отыратын ділгерліктеріне запас ретінде ұстап отыратын резервтегі бақытсыз жұмысшы халықтың жан түршігерлік қалпын өзгертіп, еңбек жөніндегі өзгеріп отыратын ділгерліктерге адамды мүлде жарайтын ету; белгілі бір қоғамдық бөлшек функцияны жәй ғана орындаушы бөлшекші жұмысшыны барлық жағынан жетік, түрліше қоғамдық функциялар өзіне бірінің орнын бірі басатын тіршілік әрекетінің әдістері болып көрінетін индивидууммен ауыстыру міндетін қояды» (Маркс, «Капитал») <sup>1</sup>.

Бізге азды-көпті барлық жерде жүзеге асатын молекулалық қозғалысты техникалық мақсаттар үшін массаның қозғалысына айналдыруды үйретіп, ірі индустрия едәуір дәрежеде өнеркәсіп өндірісін жергілікті шектерден босатты. Судың күші сол араның өзімен байланысты болды, будың күші — еркін күш. Егер судың күші қажеттіліктен деревнямен байланысты болса, ал будың күші әсте міндетті түрде қаламен байланысты емес. Будың күшін капиталистік жолмен пайдалану ғана оны көбінесе қалаларда болғызып, фабрикалық селоларды фабрикалық қалаларға айналдырады. Бірақ осынысы арқылы оның өзі мұнымен қабат өндірістің қалыпты жүрісінің жағдайларына зыян келтіреді. Бу машинасының ең бірінші керек ететіні және ірі өнеркәсіптің барлық тарауларының дерлік басты керек ететіні — біршама таза судың болуы. Бірақ фабрикалық қала қандай суды болса да сасық лайсаңға айналдырады. Сондықтан қалаларда шоғырлану қаншалық дәрежеде капиталистік өндірістің негізгі шарты болатын болса, жеке алынған әрбір өнеркәсіп капиталисі нақ сондай дәрежеде осы шоғырлану сөзсіз жасайтын үлкен қалалардан өзінің кәсіпорнын ауылшаруашылық өндірісінің жағдайына көшіруге үнемі ұмтылып отырады. Бұл процесті Ланкашир мен Йоркширдің тоқыма округтерінде толық зерттеуге болады; капиталистік ірі өнеркәсіп өзінің үнемі қаладан деревняға қарай ұмтылуы арқылы үздіксіз үлкен жаңа қалалар жасап отырады. Металл

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 492—493-беттер. *Ред.*

өңдейтін өнеркәсіп округтерінде де осындай жағдай болады, мұнда дәл әлгіндегідей нәтижелер шінара басқа себептерден туады.

Бұл жаңа кесапатты жағдайды, кәзіргі өнеркәсіптің осы үнемі өзгеріп отыратын қайшылығын жойғанда тағыда сол оның капиталистік сыйпатын жойып қана жоюға болады. Бірыңғай жалпы жоспар бойынша өндіргіш күштердің үйлесімді байланысын орната алатын қоғам ғана өнеркәсіптің бүкіл ел ішінде оның дамуына, сақталуына, сонымен қатар өндірістің өзге де элементтерінің дамуына анағұрлым қолайлы болатындай болып орналасуына мүмкіндік береді.

Сонымен, қала мен деревняның арасындағы қарама-қарсылықтың жойылуы мүмкін ғана емес, — оның жойылуы ауылшаруашылық өндірісіне қажет болатыны сыяқты, өнеркәсіп өндірісінің өзі үшін де тікелей қажеттілікке айналды және мұның үстіне оның жойылуы қоғамдық гигиена мүдделері үшін де қажетті нәрсе. Қала мен деревняны қосу арқылы ғана ауаның, судың және топырақтың кәзіргі улануын жоюға болады, міне осылай болған жағдайда ғана қала халқының кәзіргі жүдеп жүрген бұқарасы өздерінің тастандылары ауру туғызудың орнына ауыл шаруашылығы үшін тыңайтқыш ретінде пайдаланылатын жағдайға жете алады.

Капиталистік өнеркәсіп кәзірдің өзінде өзіне қажетті шикі материалдарды жергілікті жерде өндірудің тар шеңберінен біршама тәуелсіз бола бастады. Тоқыма өнеркәсібі көбінесе шеттен әкелінетін шикізатты өңдеп шығарады. Испанияның темір рудасы Англия мен Германияда өңделеді, испан және оңтүстік американың мыс рудасы — Англияда өңделеді. Әрбір таскөмір бассейні, жылдан жылға барған сайын ұлғайып отырған облысты қамтып, өнеркәсіпті өз жерінен әлдеқайда алыс жерлерде жанар материалмен жабдықтауда. Бүкіл Европа жағалауында бу машиналарын ағылшын таскөмірі, кейбір жерлерде — неміс пен бельгия таскөмірі жүргізеді. Капиталистік өндірістің бұғауынан құтылған қоғам бұл бағытта мұнан әлдеқайда ілгері бара алады. Бүкіл өнеркәсіп өндірісінің ғылыми негіздерін түсінетін және әрқайсысы өндірістің бірсыпыра тарауларын басынан аяғына дейін практика жүзінде зерттеп үйренген барлық жағынан жетік өндірушілердің жаңа ұрпағын өсіріп шығарып, қоғам осынысы арқылы шикізаттар мен жанар материалдарды неғұрлым алыс жерлерден тасымалдау еңбегінен артығымен асып түсетін жаңа өндіргіш күш жасайды.

Олай болса, қала мен деревняның арасындағы алшақтықты жою ірі өнеркәсіпті бүкіл ел ішінде мүмкінінше неғұрлым біркелкі етіп орналастыру тұрғысынан қарағанда да әсте утопия емес. Әрине, цивилизация бізге ірі қалалар түрінде мұра қалдырды, бұл мұрадан құтылу көп уақытты, көп күш жұмсауды

керек етеді. Бірақ бұлар жойылуға тиіс — мұның өзі өте ұзақ процесс болғанымен жойылады да. Пруссак-герман империясының көресі күні қандай болатын болса да, Бисмарк, өзінің көңіліндегі тілегі, үлкен қалалардың құруы, сөзсіз жүзеге асады деген мақтаныш сезіммен көрге кіре алады.

Енді, жоғарыда айтылғандардың бәрінен кейін, Дюринг мырзаның балалық жеңілтек түсінігіне тиісінше баға беруге болады, оның түсінігі бойынша, қоғам, ескі өндіріс әдісінде түбірлі төңкеріс жасамай-ақ, ең алдымен ескі еңбек бөлінісін жоймай-ақ, өндіріс құрал-жабдықтарының бәрін тұтасымен өз иелігіне ала алады-мыс; жұрт «табиғи жағдайлармен және адамның қабілеттерімен санасатын болса» болғаны-ақ, мәселені шешілді деп мойындауға болады-мыс. Бірақ бұл ретте толып жатқан адамдар бұрынғыша өнімдердің пәлендей *бір* түрін өндіруге байлаулы болу күйінде қала берді, көптеген «халық» өндірістің пәлендей бір тарауымен айналысатын болады, сөйтіп адамзат, осы уақытқа дейінгідегідей, түрліше жолмен жарымжан болған адамдардың белгілі мөлшердегі «экономикалық түр-түріне» бөлінетін болады, кәзіргі кезде «тәшкешілер» мен «архитекторлар» осындай адамдар. Қоғамның әрбір жеке мүшесі өзін құлдыққа салудың *белгілібір* құралын таңдап алуға ғана право алып, өз өндіріс құрал-жабдықтарының құлы болып қалуы үшін ғана бүкіл қоғам өндіріс құрал-жабдықтарының қожасы болуға тиіс болып шығады. Оқушы мұнымен қатар мынаған да назар аударсын: Дюринг мырза қала мен деревняның арасындағы алшақтықты «бұл нәрсенің өзінің табиғаты жағынан жойып болмайтын» алшақтық деп қалай жарыялап, бұл жөнінде, өзінің байланысы жағынан, ерекше бір пруссактық өндіріс тарауларында — арақ-шарап, қызылша қант жасайтын тарауларында болмашы ғана уақытша шараға жол беріп отырғанына назар аударсын; өнеркәсіптің бүкіл ел ішінде орналастырылуын оның қалай болашақта ашылатын жаңалықтарға байланысты етіп қойып отырғанына және өнеркәсіп өндірісін шикізат шығарумен — шикізат болғанда, оның шығарылатын жерінен барған сайын қашық жерде кәзір іске жаратылып жатқан шикізатты шығарумен тікелей баланыстырудың *еріксіз* қажеттігіне байланысты қойып отырғанына назар аударсын, — және оның, қорытындысында, мұнымен экономикалық құрбандық жасалып отырғандай-ақ тіпті экономикалық пікірлерге де *қарамастан*, әлсуметтік ділгерліктер сайып келгенде не дегенмен егіншіліктің индустриямен ұштасуына жеткізеді деп сендірумен өзінің тылын қалай бүркеуге тырысып отырғанына назар аударсын.

Ескі еңбек бөлінісін, ал сонымен бірге қала мен деревняның арасындағы алшақтықты да жойып, бүкіл өндірісте төңкеріс жасауға тиісті революциялық элементтер кәзіргі ірі индустрияның өндіріс жағдайларында кәзірдің өзінде-ақ ұрық түрінде бар

және өзінің мұнан былай дамуына кәзіргі капиталистік өндіріс әдісінен ғана кедергі кездестіреді. Бірақ мұны түсіну үшін, әрине, арақ пен қызылша қантын индустрияның шешуші өнімдері деп есептейтін және сауда кризистері туралы кітап рыногинің істеріне қарап пікір айтатын пруссактардың земстволық правосының әрекет саласынан гөрі біраз кеңірек ой-өрісі болу керек. Бұл үшін ірі индустрияның нағыз өзін білу керек, білгенде, сол индустрияның шыққан елі, бірден-бір шыққан жері болып табылатын, ол өзінің үздік даму дәрежесіне жеткен елі болған елдің нақ өзіндегі әлгі ірі индустрияның тарихи дамуын және оның кәзіргі шын жағдайын білу керек. Ал сонда кәзіргі ғылыми социализмді бұрмалап кірлеу деген және оны Дюринг мырзаның *ерекше бір пруссактық социализмінің* дәрежесіне дейін түсіру деген, әрине, ешкімнің де ойына келмек емес.

## IV

### БӨЛІС

Біз жоғарыда дюрингтік саяси экономия: капиталистік *өндіріс* әдісі әбден жақсы және сақталуы керек, бірақ капиталистік *бөліс* әдісі — жынның ісі деген қағыйдаға тірелетінін өзіміз көрдік те. Дюрингтік «социалитеттің» өзі осы қағыйданың фантазияда жүзеге асырылуы, одан басқа ештеңе де емес екеніне енді біздің көзіміз жетті. Шынында да, Дюринг мырза капиталистік қоғамның өндіріс әдісінің дәл өзінен ешқандай да дерлік кемшілік таппайды, ол бұрынғы еңбек бөлінісін барлық мәнді белгілері жағынан түгел сақтағысы келеді, сондықтан да ол өзі жобалап отырған шаруашылық коммунадағы өндіріс туралы ол жартымды ешнәрсе де айта алмай отыр. Әрине, өндіріс дегеніміз — өзіміз едәуір көп фактылармен істес болатын сала, сондықтан «рационалды фантазия» мұнда өзінің еркін жаныңның шарықтауына болмашы ғана өріс бере алады, өйткені маскара болып қалу қаупі тым зор. Бөліс болса — бұл бір басқа мәселе, бөліс, Дюринг мырзаның пікірінше, өндіріспен ешқандай байланыста емес және оны өндіріс белгілемейді, қайта еріктің жәй актысы белгілейді: бөліс дюрингтік «элеуметтік алхимияның» майданы болуға тәңірінің өзі жіберген нәрсе сыяқты.

Жұрттың бәріне бірдей өндіріске қатысу міндетіне тұтынуға бірдей праволы болу сай келеді, — соңғысының шаруашылық коммунада да, бірсыпыра шаруашылық коммуналарын қамтитын сауда коммунасында да ұйымдасқан сыйпаты бар. Мұнда «еңбек бірдей бағалау принципі бойынша басқа еңбекке айырбасталады... Орындалған еңбек және оған айырбас ретінде берілетін нәрсе мұнда шынында да бірдей мөлшердегі еңбек болып

табылады». Ал оның үстіне осы «адам күштерінің теңбе-тең теңестірілуі» «жеке адамдардың қанша өнім өндіргеніне, көп немесе аз өнім өндіргеніне қарамастан, *тіпті* олар кездейсоқ *ештеңе* өндірмей қалған жағдайда да» өзінің маңызын сақтайды, өйткені қандай істі болса да, оның өзі уақыт немесе күш жұмсауды керек ететін болғандықтан, — олай болса, кегель ойнауды да, қыдыруды да, — орындалған жұмыс деп қарауға болады. Бірақ бұл айырбас жеке адамдар арасында болмайды, өйткені қауым барлық өндіріс құрал-жабдықтарының, олай болса, барлық өнімдердің де меншікшісі болып табылады; бұл айырбас, бір жағынан, әрбір шаруашылық коммуна мен оның жеке мүшелерінің арасында болады, ал екінші жағынан, түрлі-түрлі шаруашылық және сауда коммуналарының арасында болады. «Өйткені жеке шаруашылық коммуналары дәл өз іштерінде ұсақ сауданың орнын барынша жоспарлы түрдегі өткізумен жауып отырады ғой». Ірі көлемдегі сауда да дәл осылай ұйымдастырылатын болады. «Сондықтан еркін шаруашылық қоғам системасы... орасан зор айырбас мекемесі болып қалады, бұл мекеменің шаралары асыл металдар беретін негіздер бойынша жүзеге асырылып отырады. Осы негізгі қасиеттің сөзсіз қажеттілігін түсіну біздің схемамызды тіпті көп тарап жүрген социалистік түсініктердің неғұрлым рационалды формаларына да араласып кеткен күңгірт көзқарастардың бәрінен де өзгеше етеді».

Осы айырбас мүдделерін көздеп, қоғамдық өнімнің бірінші иеленушісі ретіндегі шаруашылық коммуна «заттардың әрбір түрі үшін» өндірістің орта шығынына сай келетіндей «бірыңғай баға» белгілеуге тиіс. «Құн мен бағаны анықтау үшін өндірістің өзіндік құны дейтіннің кәзіргі кезде атқарып жүрген ролін... (социалитетте) керекті еңбек мөлшерін есептеу ісі атқарады. Бұл бағалар әрбір адамның шаруашылық салада да теңдей правосы бар екенін мойындайтын принцип бойынша сайып келгенде жұмысқа қатынасқан адамдардың санына байланысты болады; бұл бағалар сонымен бірге өндірістің табиғи қатынастарына да, орналастыру жөніндегі қоғамдық правоға да бірдей сай келетін баға қатынасын анықтауға негіз де болады. Асыл металдарды өндіру кәзіргі кезде ақшаның құнын белгілеу үшін қолданылатын қандай маңызы болса, сол кезде де сол маңызын сақтайды... Бұдан көрінетіні — өзгерген қоғамдық құрылыста бір еңалдымен құн үшін, ал олай болса, өнімдер өзара айырбасталып отыратын қатынастар үшін де қолданылатын анықтаудың шын принципі мен өлшеуішін жоғалтпайтынымыз былай тұрсын, қайта бұларды нақ осы арадан тұңғыш рет табамыз». Әйгілі «абсолюттік құн», ақырында, орналастырылды.

Бірақ, екінші жағынан, коммуна сонымен қатар өндірілген өнімдерді өзінен жеке адамдардың сатып алуына да мүмкіндік беруге тиіс, бұл үшін коммуна өзінің әрбір мүшесіне күн сайын



апта сайын немесе ай сайын оның еңбегіне эквивалент ретінде белгілі, жұрттың бәріне бірдей сомада ақша төлеп отыратын болады. «Сондықтан, социалитеттің тұрғысынан алғанда, жалақы құруға тиіс деп айту керек пе, немесе жалақы экономикалық табыстардың ерекше формасына айналуға тиіс деп айту керек пе, мұның бәрі бір нәрсе». Бірақ бірдей жалақы мен бірдей баға «сапа жағынан демесек, сан жағынан тең тұтыпуды» туғызады, сөйтіп «әділеттіліктің универсалдық принципі» экономика жағынан жүзеге асады. Ал енді болашақтағы осы жалақының дәрежесін анықтауға келетін болсақ, онда бұл жөнінде Дюринг мырза мұнда, барлық басқа да реттердегі сыяқты, «бірдей еңбек бірдей еңбекке» айырбасталып отырады дегенді ғана айтады. Алтысағаттық еңбекке сондықтан өзіне алты сағат еңбек сіңген ақша сомасы төленетін болады.

Алайда «әділеттіліктің универсалдық принципін» буржуань коммунизм атаулының бәріне қарсы, әсіресе стихиялық жұмысшы коммунизміне қарсы соншалық қатты ызаландыратын дәрекі теңгермелікпен әсте де шатастыру керек емес. Бұл принцип ырыққа көнбейтін болып көрінгісі келгенмен, тіпті де соншалықты ырыққа көнбейтін принцип емес. «Экономикалық салада праволардың принциптік теңдейлігі әділеттілік талаптарын қанағаттандырумен қатар *ерікті түрде* ерекше алғыс айтып, құрмет білдіруде орын алатындығын жоққа шығармайды... Істің жоғарғы түрлерін атап көрсетіп, бұған тұтыну мұқтаждары үшін *орташа ғана үстеме* бере отырып, қоғам *өзіне өзі аброй* әпереді». Сондықтан, кептердің жуастығын жыланның даналылығымен ұштастырып, болашақтың Дюрингтерінің орташа ғана үстеме тұтынуы жөнінде соншама көңіл қозғайтындай қамын жегенде Дюринг мырза да өзіне аброй туғызып отыр.

Мұнымен, Дюринг мырзаның ойынша, капиталистік өндіріс әдісі біржолата құртылады. Өйткені «егер тіпті мұндай жағдай болып отырғанда біреулердің шынында да өз қарамағында басы артық жеке құрал-жабдықтары болған болар еді десек те, ол бұл басы артық құрал-жабдықтарды капиталистік жолмен қолдануға орын таба алмаған болар еді. Жеке адам да, адамдар тобы да бұл басы артық құрал-жабдықтарды айырбас немесе сатып алу жолымен болмаса басқа жолмен өндіріс мақсаттары үшін ала алмайтын болады, бірақ олар ешқашанда біреулерге процент немесе пайда төлеуге мәжбүр болмайды». Сондықтан да «теңдік принципіне сай келетін мұралану» мүмкін нәрсе. Мұралану сөзсіз нәрсе, өйткені «қандай бір формадағы болса да мұралану әрдайым семьялық принциптің қажетті серігі болмақ». Мұралану правосы да «зор байлық жыйнатқыза алмайды, өйткені меншіктің құралуы... мұнда ендігі жерде өндіріс құрал-жабдықтарын құрап, тек қана рантье есебінде күн көру мүмкіншілігін туғызу мақсатын көздей алмайды».

Сонымен, шаруашылық коммуна сәтті болып жасалып шыққан сияқты. Енді оның қалай шаруашылық жүргізетіндігін қарастырайық.

Біз Дюринг мырзаның жобаларының бәрі де толық жүзеге асырылды деп ұйғарамыз; олай болса, шаруашылық коммуна өзінің әрбір мүшесіне оның күнделікті алты сағаттық еңбегі үшін алты сағат еңбек сіңірілген ақша сомасын, айталық 12 марка төлеп отырады деп алдын ала ұйғарайық. Сондай-ақ біз баға құнға дәл келеді деп ұйғарайық, яғни, біздің алғышартымыз бойынша, бағада шикізатқа жұмсалған ақша, машинаның тозығы, еңбек құралдарының жұмсалуды және төленген жалақы бар дейік. Жұмыс істейтін жүз мүшеден құрылған шаруашылық коммунасы бұлай болғанда күн сайын 1 200 марканың товарын өндіреді, ал 300 жұмыс күнінен тұратын бір жылдың ішінде 360 000 марканың товарын өндіреді, және дәл осындай соманы коммуна өзінің мүшелеріне төлейді, оның бұл мүшелерінің әрқайсысы күніне өзінің күніне алатын 12 маркалық немесе жылына алатын 3 600 маркалық үлесімен қалаған ісін істейді. Жылдың аяғында, сондай-ақ жүз жылдан кейін де, коммуна ең бастапқы кездегісінен асып байып кетпейді. Бүкіл осы уақыттың ішінде коммунаның, егер ол бұл үшін өзінің өндіріс құрал-жабдықтарының фондысына тиім демесе, тұтыну мұқтаждары үшін Дюринг мырзаға орташа үстеме беруге де шамасы келмейтін болады. Қор жыйнау мүлде жайына қалған. Ол былай тұрсын: қор жыйнау қоғамдық қажеттілік болып табылатындықтан және ақшаны сақтау қор жыйнау үшін қолайлы форма болатындықтан, шаруашылық коммуна ұйымы өзінің мүшелерінің жеке қор жыйнауына тура дем береді, сөйтіп коммунаның өзін қыйратуға дем береді.

Шаруашылық коммунаның жаратылысындағы бұл келіссіздіктен қалай құтылуға болады? Шаруашылық коммуна бұдан құтылудың жолын ең ұнамды «алым-салық салудан», бағаға үстеме қосудан табар еді де, сөйтіп өзінің жылдық өнімін 360 000 марканың орнына 480 000 маркаға сата алар еді. Бірақ барлық былайғы шаруашылық коммуналар дәл сондай жағдайда болғандықтан, сондықтан да дәл әлгіндегідей істеуге тиіс болғандықтан, олардың әрқайсысының, басқамен айырбас жасағанда, өз қалтасына салатын сомасындай сомада «алым» төлеуіне тура келер еді, сөйтіп, «алымның» өзі бүтіндей коммунаның өз мүшелерінің мойнына түсер еді.

Ис болмаса коммуна бұл істі әлдеқайда оңай шеше салады, атап айтқанда — коммунаның әрбір мүшесінің алтысағаттық еңбегін коммуна алтысағаттық емес еңбектің, аз сағаттық еңбектің өнімін, айталық — небәрі тек төрт сағат еңбектің өнімімен төлейтін болады, басқаша айтқанда 12 марканың орнына

күніне 8 марка ғана төлеп, мұнымен қабат товарлардың бағасын бұрынғы дәрежесінде қалдыратын болады. Бұл ретте коммуна өткен реттегі жасырын, бұрма жолмен істеуге әрекеттенген нәрсесін енді өзі тура ашықтан-ашық істейді: коммуна жыл сайын 120 000 марка мөлшерінде Маркс ашқан қосымша құнды жыйнап отырады да, өз мүшелерінің еңбегін нағыз капиталистік әдіс бойынша өндірілген құннан төмен төлейді және сонымен қабат коммуна мүшелері коммунаның өзінен ғана сатып алатын товарларды толық құны бойынша бағалайды. Сонымен, егер шаруашылық коммуна өзін нағыз кең коммунистік негіздегі «игілендірілген» truck system<sup>1</sup> ретінде әшкерелейтін болса ғана өзі резервтік фонды құра алады.

Сонымен, екіншісі: не шаруашылық коммуна «бірдей мөлшердегі еңбекті бірдей мөлшердегі еңбекке» айырбастайды, ал бұлай болған ретте коммуна емес, жекеше адамдар ғана өндірісті сақтап, кеңейту үшін өзінде фонд жыйып ала алатын болады, не болмаса мұндай фондыны коммуна жасайтын болады, ал бұлай болған күнде коммуна «бірдей мөлшердегі еңбекті бірдей мөлшердегі еңбекке» айырбастамайды.

Шаруашылық коммунадағы айырбастың мазмұны жөніндегі істің жайы осындай. Ал оның формасы жөніндегі істің жайы қалай? Айырбас металл ақшалар арқылы жүзеге асырылады, сөйтіп Дюринг мырза осы жаңалықтың «бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызын» айтып аз мақтанып жүрген жоқ. Бірақ коммуна мен оның мүшелерінің арасындағы қатынастарда бұл металл ақшалар әсте де ақша емес, ол металл ақшалар әсте де ақша ретінде қызмет атқармайды. Ол ақша нағыз еңбек сертификаты міндетін атқарады немесе, Маркстің сөзімен айтқанда, ол ақша тек болғаны «өндірушінің жалпы еңбектегі жеке өзінің қатысқан үлесін және жалпы өнімнің тұтылуға арналған бөлімінен оның жеке өзіне талап ететін үлесін» көрсетеді және өзінің осы функциясында «оның, айталық, театр билеті сыяқты, ақшаға оншалықты қатысы жоқ»<sup>2</sup>. Металл ақшаларды сондықтан тілесе қандай да белгімен болса да ауыстыруға болады, ал Вейтлинг, мәселен, металл ақшаларды «сауда кітабымен» ауыстырады, мұнда кітаптың бір жағында жұмыс сағаттары жазылып көрсетіледі, ал екінші жағында сол сағаттарға тиетін тұтыну заттары жазылады. Қысқасы, шаруашылық коммунаның өзінің мүшелерімен қатынастарында металл ақшалар тек әншейін оуэндік «жұмысшы ақшалары» ретінде қызмет атқарады; бір сағат еңбек — Дюринг мырза соншама жек көріп қарайтын, бірақ ол өзінің болашақ

<sup>1</sup> Англияда truck system деп Германияда да жақсы мәлім системаны атайды, бұл системаның тұсында дүкен иелері фабриканттардың өздері болады да, өздерінің жұмысшыларын осы дүкенлерден өзіне керекті товарларды сатып алып отыруға еріксіз көндіреді. [Энгельстің ескертуі.]

<sup>2</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 101-бет, 50-ескерту. Ред.

шаруашылығына енгізуге мәжбүр болған осы «фантом» «жұмысшы ақшаларының» единицасы болып табылады. Орындалған «өндірістік міндеттердің» және осы үшін қол жеткен «тұтыну праволарының» мөлшерін көрсететін марка бір жапырақ қағаз бола ма, жетон бола ма, әлде алтын монета бола ма, — мұның өзінің бұл мақсат үшін мүлде бәрібір нәрсе. Бірақ басқа мақсаттар үшін мұның тіпті де бәрібір нәрсе емес, бұл төменде көрсетілетін болады.

Егер, сонымен, металл ақшалар енді шаруашылық коммунаның өз мүшелерімен қатынастарында ақша ретінде жүрмей, бүркемеленген еңбек маркалары ретінде жүрсе, онда ол ақшалар түрліше шаруашылық коммуналардың арасындағы айырбаста өзінің ақшалық функциясын онан бетер кем атқарады. Мұнда, егер Дюринг мырзаның алғышарттарын мақұлдасақ, металл ақшалар мүлде керексіз. Шынында, бұл арада жай бухгалтерияның өзі-ақ өбден жеткілікті болар еді, бұл бухгалтерия, егер өзі есеп жүргізгенде еңбектің табиғи өлшеуіші болып табылатын уақыт арқылы және еңбектің единицасы ретіндегі жұмыс сағаты арқылы жүргізсе, белгілібір мөлшердегі еңбектің өнімдерін сондай мөлшердегі еңбектің өнімдеріне айырбастауды әлгі бухгалтерияның жұмыс сағаттарын алдын ала ақшаға айналдырған кезіндегіден гөрі әлдеқайда оңай жүргізеді. Бұл арада айырбас шынында таза заттай айырбас болып табылады; керектен артып шыққан нәрсенің бәрі басқа коммуналарға ауыстыру жолымен жеп-жеңіл және оп-оңай теңестіріледі. Ал егер бір коммуна басқа коммуналарға шынымен дефицитте болып шықса, онда «әлемдегі алтынның» бәрі, оны «өзінің табиғаты жағынан ақша» деп қалай есептесең де, егер тек бұл коммуна басқа коммуналарға қарыз тәуелділігіне түсемін демесе, әлгі коммунаны өз еңбегін арттыру жолымен дефицитін жабу қажеттігінен құтқара алмайды. Алайда, біздің бұл арада есте де болашақты құрастырумен шұғылданып отырмағанымызды оқушы әрқашан да есінен шығармасын. Біз әншейін Дюринг мырзаның жорамалдарын шартты түрде қабылдап, сол жорамалдардан тумай қоймайтын қорытындыларды ғана шығарып отырмыз.

Сонымен, «өзінің табиғаты жағынан ақша болып табылатын» алтын шаруашылық коммунасы мен оның мүшелерінің арасындағы айырбаста да, жеке коммуналардың арасындағы айырбаста да өзінің осы табиғи функциясын жүзеге асыра алмайды. Солай бола тұрсада Дюринг мырза ақшаға бұл функцияны «социалитетте» де орындатқызатын етіп отыр. Істің жәйі осылай болып отырғанын кейін бұл функция үшін басқа бір іс атқару сферасын іздеуге тура келеді. Ал мұндай сфера шынында бар екен. Дюринг мырза әркімге «сан жағынан бірдей тұтынуға» право беріп отырса да, бірақта ол бұған ешкімді де зорлай алмайды. Қайта, ол өзі жасаған дүниеде әркім өзінің ақшасымен не істей

мін десе соны істейді деп мақтаныш етеді. Олай болса, Дюринг мырза басқа мүшелер өздерінің табыстарын амалдап жеткізе алмай отырғанда, коммунаның кейбір мүшелерінің ақшаны жыя беруіне тоқтау сала алмайды. Ол мұралану правосында семьяның ортақ меншігі болуын ашықтан-ашық мойындап, әлгі ақша жыя беруді тіпті сөзсіз нәрсе етеді, ата-ананың балаларын асырауға міндеткерлігі сол ортақ меншіктің болуынан шығады. Мұның өзі сан жағынан бірдей тұтыну принципіне күмансыз зор нұқсан келтіреді. Бойдақ адам өзінің сегіз немесе онекі маркалық күнделік табысына тамаша жақсы, көңілді тұрады, ал ержетпеген сегіз баласы бар жесір адам мұндай табыспен әрең ғана күн елте алады. Екінші жағынан, коммуна, қандай ақшаны болса да ескертусіз-ақ төлеуге қабылдай отырып, мұнысымен бұл ақшаның кісінің өз еңбегімен табылмай басқа жолмен табылуына мүмкіндік береді. Non olet<sup>1</sup>. Коммуна ақшаның қайдан шыққанын білмейді. Бірақ бұлай болғанда бұған дейін еңбек маркасы ролін ғана атқарып келген металл ақшалардың шынымен ақша функциясын атқара бастауына барлық жағдай бар. Бір жағынан, қазна жыйнауға, екінші жағынан, борыштың пайда болуына мүмкіншілік пен сылтау бар болып шығады. Мұқтаж адам ақша жыйнаған адамнан қарыз алады. Қарызға алынған, тіршілік заттарына төлеуге коммуна қабылдай алатын ақшалар кәзіргі қоғамда өзі не болып табылса тағыда соған айналады, — адам еңбегінің қоғамдық көрінісіне, еңбектің шын өлшеуішіне, айналыстың жалпылама құралына айналады. Дүние жүзіндегі барлық «заңдар мен әкімшілік нормалары» көбейту кестесін немесе судың химиялық құрамын өзгерте алмайтыны сыяқты, мұны өзгертуге де дәрменсіз. Ал енді қазна жыюшы мұқтаж адамды өсім төлеуге көндіруге мүмкіндігі болатындықтан, нағыз ақша ретінде жүретін металл ақшалармен бірге өсімқорлық та орнайды.

Бұған дейін біз дюрингтік шаруашылық коммунаның әрекет сферасында металл ақшалардың сақталуынан туатын зардаптарды ғана қарастырдық. Бірақ бұл сферадан тыс былайғы күнакәр дүние өзiрге ескі қалпында келеді. Дүниежүзілік рынокте алтын мен күміс бүкіл дүниежүзілік ақша, жалпылама сатып алу, төлем құралы, байлықтың абсолюттік қоғамдық көрінісі болып қалып отыр. Сөйтіп, асыл металдың осы ерекше ролімен бірге шаруашылық коммунасының жеке мүшелері үшін қазна жыюға, баюға, өсімқорлыққа жаңа сылтау, — сылтау болғанда, жыйналған жеке байлықты дүниежүзілік рынокте орналастырып, коммуна жөнінде де, оның сыртында да еміп-еркін, тәуелсіз түрде айла-шарғы жасауға итермелейтін сылтау пайда болады. Бұл өсімқорлар айналыс қаражаттарымен сауда жасайтындарға,

<sup>1</sup> — истенбейді (яғни ақша истенбейді). *Ред.*

банкирлерге, айналыс қаражаттары мен дүниежүзілік ақшаға ие мырзаларға, демек, өндіріс пен өндіріс құрал-жабдықтарының өзін, бұл өндіріс құрал-жабдықтары көп жыл бойына құр ресми түрде шаруашылық және сауда коммунасының меншігі болып саналып келсе де, осыларды өз қолдарына басып алған мырзаларға айналады. Бірақ, сонымен, осы банкирлерге айналған қазна жыюшылар мен өсімқорлар шаруашылық және сауда коммунасының өзінің де мырзаларына айналады. Дюринг мырзаның «Социалитетінің» өзге социалистердің «күнгірт түсініктерінен» шынында да өте мәнді өзгешелігі бар. Оның социалитеті ірі финансистерді көркейтуден бақса ешқандай мақсат көздемейді; егер коммуна тегінде бір кезде пайда болып, өмір сүретін болса, ол осы финансистердің бақылауымен және солардың қалтасы үшін жан аямай өзін жұмыспен тыйықтататын болады. Коммунаны бірден-бір құтқаратын нәрсе мына жағдай ғана болар еді: қазна жыюшылар, бәлкім, өздерінің бүкіл дүниежүзілік ақшаларының көмегімен бір минут те кідірместен... коммунадан қашуды ұнатар.

Бұрынғы социалистік ілімдермен Германияда үстем болып отырған мүлде таныс еместіктің салдарынан қайсыбір аңқау жасөспірім: мәселен, Оуэннің еңбек маркалары дәл осындай қыянат етушілікке себеп болмаспа екен деген сұрақ беруі мүмкін. Біз бұл жерде осы еңбек маркаларының маңызын айқындамақшы болып отырмағанымызбен де, дегенмен — Дюрингтің «барлығын түгел қамтыйтын схематизмін» Оуэннің «дәрекі, күнгірт және тайыз идеяларымен» салыстыру үшін — біз мынаны айта кетуді орынды деп есептейміз. Біріншіден, Оуэннің еңбек маркаларымен осындай қыянат жасау үшін оларды алдын ала шын ақшаға айналдыру қажет болар еді, ал Дюринг мырза болса, шын ақша енгізуді ұйғарып отыр, бірақ ол бұл ақшаның жәй ғана еңбек маркалары ретіндегіден басқаша міндет атқаруына тыйым салғысы келеді. Алғашқы ретте шын қыянат жасаушылық орын алар еді, ал соңғы ретте ақшаның имманенті, адам еркінен тәуелсіз табиғаты өзіне жол салады: ақшаның табиғатын өзінің түсінбейтіндігі себепті Дюринг мырза ақшаға еріксіз таңғысы келетін қыянат жасаушылыққа қарама-қарсы ақша бұл арада өзінсән қалыпты тұтынылуын көздейді. Екіншіден, еңбек маркалары Оуэнде қоғамдық ресурстардың толық ортақтығына және оларды емін-еркін пайдалануға өтетін форма ғана және, ең әрі кеткенде, тағыда бір жанама мақсатты — коммунизмді Британия жұртшылығына неғұрлым жарамды ету мақсатын көздейді. Егер, сонымен, қайсыбір қыянат жасаушылық реті оуэндік қоғамға еңбек маркаларын жойғызса, онда мұнымен бұл қоғам өзінің мақсатына жету жағына қарай бір қадам алға басып, дамудың неғұрлым жоғары сатысына көтерілген болар еді. Мұның керісіншесі, дюрингтік шаруашылық коммуна ақшаны жойса болғаны, ол дереу өзінің «бүкіл дүниежүзілік-тарихи маңызынан»

айрылады, өзінің неғұрлым өзгеше тамашалығынан айрылады, дюрингтік шаруашылық коммуна болудан қалады және күнгірт түсініктердің дәрежесіне дейін түсіп төмендейді, Дюринг мырза шаруашылық коммунаны рационалдық фантазияның сондайлық ауыр жағдайларымен әлгі түсініктерден жоғары көтерді<sup>1</sup>.

Дюринг мырзаның шаруашылық коммунасы айналып шықпайтын осы ғажап адасушылықтар мен шатасушылықтардың бәрі қайдан шығып отыр? Бұлар Дюринг мырзаның басында күн мен ақша ұғымдарын шырмап жатқан және оны ақыр аяғында келіп еңбектің құнын табамын деп тырысуға мәжбүр етіп отырған шатасушылықтың арқасында ғана туып отыр. Бірақ Германияда Дюринг мырзаның бұл сыяқты шатасқан түсініктерге әсте де монополиясы болмай, қайта, бұл жөнінде оның көптеген бәсекелестері болып отырғандықтан, біз бұл жерде оның шебер жасаған «шумағын тарқатумен өзімізді бір минут шұғылдандырайық».

Саяси экономия білетін бірден-бір күн — товардың құны. Товар дегеніміз не? Товар дегеніміз азды-көпті оқшауланған жеке өндірушілердің қоғамында өндірілген өнімдер, яғни ең алдымен жеке меншікті өнімдер. Бірақ бұл жеке меншікті өнімдер товарға айналғанда олар кісінің өзінің тұтынуы үшін өндірілмей, басқалардың тұтынуы үшін, демек, қоғамдық тұтыну үшін өндірілгенде ғана айналады; бұл өнімдер айырбас арқылы қоғамдық тұтынуға өтеді. Сонымен, жеке өндірушілер өзара қоғамдық байланыста болады, қоғам құрайды. Демек, олардың өнімдері, жеке әркімнің жеке меншікті өнімдері болса да, сонымен қатар, бірақ ойланылған жолмен емес бейне өндірушілердің еркінен тыс қоғамдық өнімдер де болып табылады. Бұл жеке меншік өнімдердің қоғамдық сыйпаты неде? Екі түрлі қасиетінде екені анық; біріншіден, мынада: бұл өнімдердің бәрі адамның қандай да бір көрегін өтейді, өндіруші үшін ғана емес, басқалар үшін де тұтыну құны бар; және, екіншіден, мынада: ол өнімдер, жеке еңбектің нағыз алуан-алуан түрлерінің өнімдері болса да, сонымен қатар жалпы адам еңбегінің, бүкіл адамзат еңбегінің өнімдері де болып табылады. Бұл өнімдердің басқалар үшін де тұтыну құны болатындықтан, олар тегінде айырбасқа түсетін болғандықтан, олардың өзінде бүкіл адамзат еңбегі, адамның жұмыс күшінің жәй жұмсалуды болғандықтан, міне сондықтан олар айырбаста бір-бірімен салыстырылады, олардың әрқайсы-

<sup>1</sup> Жол-жәнекей ескерте кетейік: Оуэннің коммунистік қоғамында еңбек маркаларының атқаратын ролі Дюринг мырзаға мүлде белгісіз. Ол бұл маркалар туралы — Сарганттың кітабынан біледі, бірақ, бұл маркалар табиғи түрде сәтсіз болып шыққан Labour Exchange Bazaars-та [жұмысшы айырбас базарлары. *Ред.*], тікелей еңбектік айырбас арқылы кәзіргі қоғамнан коммунистік қоғамға өтудің осы әрекеттерінен көрініп отырғандықтан ғана біледі. [*Энгельстің ескертуі.*]

сындағы осы еңбектің санына қарай бір-бірімен теңдей немесе теңдей емес болады. Бірімен бірі бірдей жеке меншікті екі өнімде, қоғамдық жағдайлар бірдей болып отырғанда, жеке меншік еңбектің әртүрлі мөлшері болуы мүмкін, бірақ әрдайымда жалпы адамзат еңбегінің бірдей мөлшері ғана болады. Шебер темір ұстасы он таға соғып шығаратын уақыттың ішінде олақ темір ұстасы тек қана бес таға соғып шығара алады. Бірақ қоғам жеке адамның кездейсоқ олақтығын құнға айналдыра алмайды; қоғам кәзіргі уақытта қалыпты орта ептілігі бар еңбекті ғана жалпы адамзат еңбегі деп таныйды. Сондықтан олар темірұстасының бес тағасының біреуінің құны айырбасқа түскенде шебер темірұстасының бірдей жұмыс уақытының ішінде істелген он тағасының бірінің құнынан артық болмайды. Жеке меншік еңбек қоғамдық қажетті еңбек болғандықтан ғана, оның өзі жалпы адамзат еңбегі болады.

Сонымен, әйтеуір бір товардың белгілібір құны болады дегенімде, мұнымен менің айтатыным мынау: 1) оның өзі қоғамдық-пайдалы өнім; 2) оны жеке меншік адам жеке меншік есебіне өндiрген; 3) жеке меншік еңбектің өнімі бола тұрып, ол товар сонымен бірге өндірушінің бейне рұқсатынсыз және оның еркіне қарамастан, қоғамдық еңбектің, оның үстіне осы еңбектің қоғамдық жолмен, айырбас арқылы белгіленетін белгілібір мөлшерінің өнімі болып та табылады; 4) еңбектің бұл мөлшерін мен еңбектің өзі арқылы, пәлендей бір жұмыс сағатының саны арқылы көрсетпеймін, қайта *кейбір басқа товар арқылы* көрсетемін. Демек, егер мен мына бір бөлек мауты қанша тұрса, сағат та сонша тұрады десем, және де бұл екі заттың әрқайсысының құны 50 маркаға тең десем, онда мен мұнымен сағатта, маутыда және осы сомадағы ақшада мөлшері бірдей қоғамдық еңбек бар дегенім. Сонымен, мен оларға сіңірілген қоғамдық жұмыс уақытының қоғамдық жолмен өлшенген екенін және бір бірімен теңдей болып шыққанын анықтаған боламын. Бірақ жұмыс уақытын басқа реттерде өлшегендей, оны жұмыс сағатымен немесе жұмыс күнімен, т. б. көрсетіп өлшегендей, тікелей, абсолютті ретпен өлшенген жоқ, қайта жанама жолмен, айырбас арқылы, относителді ретпен өлшенді. Сондықтан да мен жұмыс уақытының осы белгілібір мөлшерін санының қанша болатыны өзіме мәлімсіз жұмыс сағаттарымен көрсете алмаймын, қайта мұны да жанама жолмен, относителді ретпен,— бірдей мөлшердегі қоғамдық жұмыс уақытын көрсететін пәлендей бір басқа товар арқылы көрсете аламын. Бір бөлек маутының құны қандай болса, сағаттың да сондай құны бар.

Бірақ товар өндірісі мен товар айырбасы, өздеріне негізделін отырған қоғамды осындай жанама жолды қолдануға мәжбүр ете отырып, ол қоғамды сонымен бірге бұл жолды мүмкіндігінше көбірек қысқартуға мәжбүр етеді. Товар өндірісі мен товар ай



айырбасы товарлардың жалпы плебейлік жыйынның ішінен түпкілікті түрде барлық басқа товарлардың құнын көрсететін бір асыл товарды бөліп шығарады,— товар болғанда, қоғамдық еңбектің тікелей көрінісі ретінде маңызы бар, сондықтан да басқа товарлардың барлығына тікелей және сөзсіз айырбастала алатын товарды бөліп шығарады: бұл товар — ақша. Ақшаның ұрығы құн деген ұғымның өзінде-ақ бар, ақша дамып жеткен құнның өзі ғана. Бірақ товарлардың құны, товарлардың өзінен өзгеше, ақша түрінде дербес орын алған кезле товар өндіріп, товар айырбастайтын қоғамға жаңа фактор енеді,— қоғамдық жаңа функциялары мен әрекеттері бар фактор енеді. Біз әзірге бұл факторды тәптіштеп қарастырып жатпай, оны атап қана өтеміз.

Товарлық өндірістің саяси экономиясы бізге относителді түрде ғана мәлім факторлармен ісі болатын тіпті де бірден-бір ғылым емес. Физикада да біз газдың белгілібір көлемінде белгілібір қысым мен температурада газдың қаншама жеке молекуласы бар екенін білмейміз. Бірақ, Бойльдің заңы дұрыс болғандықтан, біз: пәлендей бір газдың белгілібір көлемінде қысым мен температура бірдей болған жағдайда кез келген басқа бір газдың сонымен теңдей көлемінде қанша молекула болса, дәл соншама молекула болатынын білеміз. Сондықтан біз қысым мен температураның нағыз түрліше жағдайларында нағыз түрлі-түрлі газдардың нағыз түрлі-түрлі көлемдерін өздерінің бойындағы молекулалық маңызына қарай өзара салыстыра аламыз; сөйтіп егер біз температурасы  $0^{\circ}\text{C}$ , қысымы 760 миллиметр 1 литр газды единица етіп алатын болсақ, сонда біз осы единица арқылы әлгінде айтылған молекулалық мазмұнды өлшей де аламыз. — Сондай-ақ, химияда да жеке элементтердің абсолюттік атомдық салмағы бізге мәлім емес. Бірақ біз олардың относителдік салмақтарын білеміз, өйткені біз олардың өзара қатынастарын білеміз. Олай болса, товарлық өндіріс пен оны зерттейтін саяси экономия жеке товарлардың бойындағы өздеріне белгісіз еңбектің мөлшерлерінің относителдік көрінісін білгенде осы товарларды олардың относителді еңбектік маңызына қарай салыстыру жолымен білетіні сыяқты, — химия да өзіне белгісіз атомдық салмақтардың шамасының относителдік көрінісін тапқанда жеке элементтерді олардың атомдық салмағы бойынша салыстыра отырып және бір элементтің атомдық салмағын басқа элементтің (күкірттің, оттегінің, сутегінің) ессі немесе бөлшекті санымен көрсете отырып табады. Сөйтіп, товарлық өндірістің алтынды абсолютті товар, былайғы товарлардың жалпылама эквиваленті, барлық құндардың өлшеуіші дәрежесіне көтеріп отырғаны сыяқты, химия да дәл солай сутегін химиядағы ақша товары дәрежесіне көтеріп отыр, көтергенде, сутегінің атомдық салмағын единица ретінде алып және барлық былайғы элементтердің атомдық салмақтарын сутегіне теңеп, бұл атомдық сал-

мақтарды сол сутегінің атомдық салмағының еселі санымен көрсетіп барып көтеріп отыр.

Алайда товарлық өндіріс — әсте де қоғамдық өндірістің бірден-бір формасы емес. Ерте замандағы үнді қауымдары мен оңтүстік славян задругасында өнімдер товарға айналған емес. Қауым мүшелері қоғамдық байланыс арқылы — тікелей өндіріс үшін біріккен; еңбек әдет-ғұрып пен керектеріне қарай бөлініп отырған, өнімдер де осындай жолмен бөлініп отырды, өйткені өнімдер тұтынуға жұмсалып отыратын-ды. Тікелей қоғамдық өндіріс, турадан-тура бөлісу де қандай да болсын товар айыр-басын болғызбайды, демек, өнімдердің товарға айналуын да болғызбайды (ең болмағанда қауым ішінде), ал сонымен бірге өнімдердің *құнға* айналуын да болғызбайды.

Қоғам өндіріс құрал-жабдықтарын иелігіне алып, оларды тікелей қоғамдастырылған формада қолдана бастасымен-ақ, әрбір жеке адамның еңбегі, оның өзіне ерекше пайдалылық сыйпаты қалай түрліше болғанымен де, әуел бастан және тікелей қоғамдық еңбекке айналады. Бұл жағдайларда өнімнің бойындағы қоғамдық еңбектің мөлшерін анықтау үшін жанама жолды қолданудың қажеті жоқ; осындай еңбектің орташа қаншама мөлшері қажет екенін күнделікті тәжірибе тікелей көрсетіп отырады. Қоғам бу машинасына, соңғы егіннен жыйналған гектолитр бидайға, белгілібір сападағы жүз шаршы метр маутыға қанша сағаттық еңбек сіңгенін тек әншейін есептеп отырады. Өнімдердегі еңбектің мөлшерлері бұл ретте тікелей және абсолютті түрде белгілі болып отырғандықтан, оларды мұның үстіне тағыда бір относительді, аумалы және жеткіліксіз өлшем арқылы, бұдан тәуір құрал болмағандықтан бұрын шарасыз нәрсе болса да, сондай өлшем арқылы көрсету, — яғни оларды өздерінің *уақыт* сыяқты табиғи, адекватты, абсолютті өлшемімен көрсетпей, үшінші бір өнім арқылы барып көрсету деген қоғамның ойына да келуі мүмкін емес. Сондай-ақ, егер химия атомдардың салмағын абсолютті түрде, олардың адекватты өлшемімен, атап айтқанда — олардың шын салмағымен, грамның биллион немесе квадриллион бөлшектерімен көрсете алса, онда бұл жағдайда химия да түрлі элементтердің атомдық салмағын жанама жолмен, олардың сутегі атомына қатынасы жағынан алып көрсетпеген болар еді. Демек, жоғарыда көрсетілген жағдайларда, қоғам да өнімдерге пәлендей бір құнды таңа алмайды. Жүз шаршы метр мауты өзін өндіру үшін, айталық, мың сағат еңбекті керек етті деген жай ғана фактыны қоғам бұл маутының мың жұмыс сағатындық *құны* бар деп, жанама және мағнасыз түрде көрсете алмайды. Әлбетте, қоғам бұл ретте де әрбір тұтыну затын өндіру үшін қанша еңбек керек екендігін білуге тиіс болады. Қоғам өзінің өндірістік жоспарын өндіріс құрал-жабдықтарымен сәйкестіріп жасауға тиіс болады. Бір

бірімен және өздерін даярлауға керекті еңбектің мөлшерімен салыстырылған түрлі-түрлі тұтыну заттарының пайдалы әрекеттері бұл жоспарды біржолата анықтап береді. Сонда жұрт даңқы шыққан «құнның» көмегінсіз-ақ мұның бәрін тіпті оңай істейтін болады<sup>1</sup>.

Құн деген ұғым товарлық өндірістің экономикалық жағдайларының неғұрлым жалпы, сондықтан да тегіс бәрін қамтыйтын көрінісі болып табылады. Сондықтан құн деген ұғымда ұрық түрінде ақша ғана емес, сонымен қатар товар өндірісі мен товар айырбасының неғұрлым дамыған формаларының бәрі де бар. Құнның жеке меншік өнімдердегі қоғамдық еңбектің көрінісі болып отырған жағдайының өзі қоғамдық еңбек пен сол әлгі өнімдегі жеке меншік еңбектің арасында сан жағынан айырмашылық болу мүмкіндігін көрсетеді. Егер, сонымен, қоғамдық өндіріс әдісі алға кетіп отырғанда пәлендей бір жеке меншікті өндіруші ескі әдіспен өндіре беріп отырса, онда жоғарыда көрсетілген айырмашылық оған қатты сезілетін болады. Товардың пәлендей бір түрін өндіретін жеке меншікті өндірушілердің бәрі сол товарды қоғамға керегінен асып түсетін мөлшерде өндіргенде де сондай жағдай болады. Әрбір товардың құны басқа товардың құны арқылы ғана көрінетін және соған айырбастағанда ғана жүзеге асырылатын жағдайда айырбастың тегінде болмай қалу немесе, қалай болғанда да, айырбаста ақықат бар құнның жүзеге асырылмай қалу мүмкіндігі болады. Ақырында, рынокке ерекше бір товар — жұмысшы күші шыққанда, оның құны, қандай да болсын басқа товардың құны сыяқты, оны өндіруге кететін қоғамдық қажетті жұмыс уақытымен белгіленеді. Сондықтан өнімдердің құнының формасында өндірістің бүкіл капиталистік формасы, капиталистер мен жалдамалы жұмысшылардың арасындағы қарама-қарсылық, өнеркәсіптің резервтік армиясы, кризистер ұрық түрінде көптен бар нәрсе. «Ақықат құнды» анықтау арқылы өндірістің капиталистік формасын құртуды тілеу — мұның өзі «ақықат» папаны таңдап алу арқылы католицизмді жоюға тырысу немесе өндірушілердің дәл өз өнімінің құлдығына түсу фактысының неғұрлым толық көрінісі болып табылатын экономикалық категорияны дәйекті түрде жүзеге асыру арқылы, ақырында, өндірушілер өз өніміне үстем болатын қоғамды құруға әрекеттену дегеннің дәл өзі болмақ.

<sup>1</sup> Жоғарыда айтылған пайдалы нәтиже мен еңбек шығынын салмақтап қарау ісі өндірістік жоспарды жасағанда саяси экономияда қолданылатын құн ұғымынан коммунистік қоғамда бар қалатын нәрсе болса, онда мен мұны 1844 жылдың өзінде-ақ айтқан болатынымын («Неміс-француз әржылдығы», 95-бет). [Қараңыз «Саяси экономия сынының очеркі», *К. Маркс пен Ф. Энгельс*, Шығармалар, II том, 1929 жылғы басылуы, *Ред.*] Бірақ бұл қамқанды ғылыми негіздеу, жұртқа мәлім, Маркстің «Капиталының» арқасында ғана мүмкін болды. [*Энгельстің ескертуі.*]

Товар өндіруші қоғам товарлардың өзіне тән құн формасын ақша формасына айналдырғаннан кейін, әзірге құнның бойында жасырын жатқан басқа ұрықтар да сыртқа теуіп шығады. Мұның бір табан жақын және неғұрлым мәнді нәтижесі — товарлық форманың барлығын түгел қамтыйтын сыйпат алып отырғандығы болып табылады. Тіпті бұрын өндірушінің тікелей өз тұтынуы үшін өндіріліп отырған заттарға да ақша товарлық форма беріп, оларды айырбасқа тартады. Мұнымен бірге товарлық форма мен ақша тікелей қоғамдық өндіріс арқылы байланысқан қауымдардың ішкі шаруашылық өміріне де енеді; товарлық форма мен ақша қауымдық байланыстарды бірінен соң бірін үзіп, қауымды толып жатқан бытыранды жеке меншікті өндірушілерге ыдыратады. Әуелі ақша, мұны Индияда байқауға болатындай, жерді қауым болып өндеудің орнына жерді жеке-дара ұқсатуды қояды; онан соң ақша, егістік жерді біржолата бөліске салу жолымен, оқтын-оқтын қайталанып, қайта бөліске түсіп отырған ортақ жер меншігін ыдыратады (жердің қайта бөліске түсіп отыруы, мәселен, Мозель өзенінің бойындағы *Gehöferschaften*<sup>1</sup> дейтіндерде байқалып отырған және кәзірдің өзінде-ақ орыс қауымында да басталып отырған құбылыс); ақша, ақырында, әлі де бар қауымдық ормандар мен жайылымдарды да осындай бөліске салады. Өндірістің дамуының өзінде жатқан қандай да басқа себептер бұл процеске қатысқанымен де, ақша дегенмен олардың қоғамдық тұрмысқа әсер етуінің анағұрлым күдіретті құралы болып қалады. Сөйтіп егер дюрингтік шаруашылық коммуна әйтеуір бір кезде жүзеге асатын болса, ақша нақ сондай табиғи қажеттілікпен, барлық «зандар мен әкімшілік нормаларға» қарамастан оны да ыдыратуға тиіс болар еді.

Еңбектің құны туралы сөз қылу деген — ішкі қайшылыққа кездесу екенін біз жоғарыда көрдік те («Саяси экономия», VI тарау). Еңбек белгілібір қоғамдық қатынастардың тұсында өнімдер өндіріп қана қоймай, сонымен қатар құндарды да өндіретін болғандықтан, ал бұл құндардың өзі еңбек арқылы өлшенетін болғандықтан, ауырлық ретінде ауырлықтың ерекше салмағы болатыны сыяқты, немесе жылылықтың ерекше температурасы болатыны сыяқты, еңбектің де оншама ерекше құны бола қоймайды. Бірақ «ақыйқат құн» жөнінде сәуегейлік айтатын қандай да болсын әлеуметтік шатасушының өзіне тән ерекшелігі — кәзіргі қоғамда жұмысшы өзінің еңбегінің толық «құнын» алмайды, сондықтан социализмнің міндеті істің мұндай жағдайын жою деген пікірі болып табылады. Бұл үшін әрине, ең алдымен еңбектің құны дегеннің не екенін анықтап

<sup>1</sup> — үй қауымдары. *Ред.*

алу керек болар еді; ал еңбектің құнын іздегенде еңбекті оның адекватты өлшеуішімен — уақытпен өлшемей, оның өнімімен өлшеуге әрекеттеніп іздейді. Жұмысшы «өзінің еңбегінің толық өнімін» алуға тиіс, дейді. Еңбектің өнімі ғана емес, сонымен қатар еңбектің өзі де тікелей өнімге айырбасталуға тиіс: бір сағат еңбек — еңбектің екінші бір сағатының өніміне айырбасталуға тиіс, дейді. Бірақ дәл осы араға келгенде «елеулі» қыйышылық туады. *Барлық өнім* түгел бөліске түсетін болып шығады. Қоғамның ең маңызды прогресті функциясы — қор жыйнау — қоғамның қолынан алынып, жеке адамдардың қолына, солардың билігіне беріледі. Жеке адамдар өздерінің «табыстарын» не қыламын десе о қылады, ал қоғам, ең мықтағанда, өзінің бұрынғы кездегі сіндей соншама бай немесе кедей болып қала береді. Өткендегі жыйналған өндіріс құрал-жабдықтары болашақта қайтадан бытырап, жеке адамдардың қолында болып шығуы үшін ғана қоғамның қолына шоғырландырылған болып шығады. Сөйтіп бұл теория дәл өзінің алғышарттарын күл-талқан етіп, нағыз сандыраққа айналады.

Тірі еңбек — әрекетті жұмысшы күші — еңбек өніміне айырбасталып отыруға тиіс. Бұлай болған күнде тірі еңбекте өзі айырбасталуға тиісті өнім сыяқты товар болып табылады. Ал егер осылай болатын болса, онда бұл жұмысшы күшінің құны әсте де оның өнімі арқылы белгіленбейді, қайта сол өнімге сіңген қоғамдық еңбек арқылы, — демек, жалақы жөніндегі кәсіргі заң бойынша белгіленеді.

Бұлай болмауға тиіс, дейді бізге. Тірі еңбек — жұмысшы күші — өзінің толық өніміне айырбасталуға тиіс, дейді. Мұның аты, тірі еңбек өзінің құны бойынша айырбасталмай, өзінің *тұтыну құны* бойынша айырбасталуға тиіс деген сөз; барлық басқа товарлар үшін құн заңы жүріп, бірақ жұмысшы күші жөнінде ол заң бұзылуға тиіс болып шығады. «Еңбек құны» теориясының тасасында бүркеулі жатқан, өзін өзі құртатын шатасушылық міне осындай.

«Теңдей бағалау принципі бойынша, еңбекті еңбекке айырбастау» дегеннің мәнісі, бұл сөздерде тегінде мағына болғандықтан, қоғамдық еңбектің бірдей мөлшерлерінің өнімдері біріне бірі айырбасталады деген сөз. Бұл құн заңы атап айтқанда товар өндірісінің, демек, оның жоғарғы формасы — капиталистік өндірістің де негізгі заңы болып табылады. Ол заң кәсіргі қоғамда өзіне жол ашқанда жеке меншікті өндірушілер қоғамында экономикалық заңдар өзіне қандай әдіспен жол ашып алатын болса, сондай әдіспен ғана жол ашады, яғни заттар мен қатынастардың өз бойындағы және өндірушілердің еркі мен тілектеріне қарамайтын табиғаттың дүлей әрекет етуші заңы ретінде жол ашады. Бұл заңды бүкіл шаруашылық коммунаның негізгі

заңының дәрежесіне көтеріп, оның бұл заңды толық саналы түрде іске асыруын талап ете отырып, Дюринг мырза кәзіргі өмір сүріп отырған қоғамның негізгі заңын өзінің фантастикалық қоғамының негізгі заңы етеді. Ол кәзіргі қоғамды сақтағысы келеді, бірақ сақтағанда оның теріс жақтарынсыз сақтағысы келеді. Ол Прудон қандай негізде болса, мүлде сондай негізде тұр. Прудон сыяқты, ол товар өндірісінің капиталистік өндіріске дамуының салдарынан туған істің теріс жақтарын жойғысы келеді, жойғанда, капиталистік өндірістің әрекеті нақ осы теріс жақтарды туғызған негізгі заңның өзін сол теріс жақтарға қарсы қоя отырып жойғысы келеді. Прудон сыяқты, ол да құн заңының шын зардаптарын фантастикалық зардаптар арқылы жойғысы келеді.

Бірақ біздің саяқатшы серіміз, біздің заманымыздың Дон-Кихоты өзінің айбынды Санчо Пансасы, Абрагама Энсін<sup>1</sup> қасына ертіп, өзінің ізгі Тулағына мініп шіреніп, Мамбрина шлеміне — «еңбек құнына» ие болу үшін жорыққа аттанғанымен, біз сақал-шаш аларда керек болатын әйгілі ескі шылапшыннан басқа үйіне ол дәнеңе алып қайта алар ма екен деп қатты қауіптенеміз.

## V

### МЕМЛЕКЕТ, СЕМЬЯ, ТӘРБИЕ

Соңғы екі тарауда өзіміз Дюринг мырзаның «жаңа әлеуметтік ұйымының» экономикалық мазмұнын тамамдап шықтық деуге болады. Тіпті болмағанда бұған «тарихи ой-өрісінің универсалды кеңдігі» Дюринг мырзаға тіпті өзімізге мәлім орташа ғана қосымша тұтынуының үстіне өзінің арнаулы мүдделерін сақтауына әсте де бөгет болмайтынын қосып айту керек болар еді. Ескі еңбек бөлінісі социалитетте бола беретін болғандықтан, шаруашылық коммунаның архитекторлар мен тәшкешілердің үстіне профессионал әдебиетшілермен де санасуына тура келеді, оның бержағында бұлай болғанда авторлық правоны қайту керек деген сұрақ туады. Бұл мәселеге Дюринг мырза қандай болсын басқа мәселеден көбірек көңіл бөледі. Авторлық право барлық жерде де, — мәселен, Луи Блан мен Прудонды еске алғанда, оқушының көзіне біткен сүйелдей қалмайды; онан соң «Курстың» тұтас тоғыз бетінде ол туралы толық баян етіледі. Ақырында, «еңбекке ақы төлеу» деген жұмбақ формада, — оның бержағында орташа ғана қосымша тұтынудың болатын-

<sup>1</sup> Маркс пен Энгельске қарсы бағытталып жазылған жалған өсектің (1877 ж.) авторы. *Ред.*

болмайтыны жөнінде бір де сөз айтылмайды, — авторлық право аман есен социалитеттің тып-тыныш пристанына келіп тоқтайды. Қоғамның табиғи системасындағы бүргелердің күйі туралы тарау да дәл осындай дәрежеде орынды болар еді және қалай болғанда да оншама жалықтыра қоймайтын тарау болар еді.

Болашақтың мемлекеттік құрылысы жөнінде «философиядан» толық жазылған бұйрықты көреміз. Бұл мәселеде Руссо, Дюринг мырзаның «алдында өткен бірден-бір елеулі адам» бола тұрса да, дегенмен оншама терең фундамент сала алмады; оның неғұрлым терең ізбасары бұл кемшілікті мықтап түзетеді, Руссоның пікіріне барынша тырыса су қосып, бұған Гегельдің право философиясының тастандыларынан алынған соншалық сұйық қара көжені құя түседі. «Индивидтің суверенитеті» дюрингтік болашақ мемлекеттің негізі болып табылады; оны енді бұдан былай көпшіліктің үстемдігі жаныштамайтын болады, қайта ол енді ғана шынымен өзінің шыңына жетеді. Бұл қалай болады? Тіпті оп-оңай болады. «Егерде барлық бағытта да әркіммен әркімнің келісімі болады деп ұйғарсақ және егерде бұл келісімдер әділетсіз зәбірлеушіліктерге қарсы өзара көмектесу міндетін көздейтін болса, — онда мұнымен правоны қолдау үшін қажетті күш тек нығаятын болады, сөйтіп ешбір правоға енді мұнан былайғы жерде бұқараның жеке адамнан немесе көпшіліктің азшылықтан жәй ғана басым болып шығуынан тудырылмайды». Шындық философиясының сыйқырлары аса елеулі қыйыншылықтарды міне қалай оп-оңай аттап өтеді десейші, ал егер оқушы бұдан ешнәрсе түсіне алмадық дейтін болса, онда Дюринг мырза оған: мәселеге бұлай оңай қарауға болмайды деп жауап береді, өйткені «коллектив еркінің ролін түсінудегі *сәл ғана қателік* индивидтің суверенитетін *жоқ қылар* еді, ал бұл суверенитет шын праволарды тудыру үшін негіз болатын нәрсенің нақ өзі (!)». Дюринг мырза, өз адамдарын қорлап, оларға нақ өздеріне лайық көзқараспен қарап отыр. Ол тіпті мұнан да бетер әдепсіздік жасар еді: шындық философиясының курсың тыңдаушы студиялар сірә мұны байқай алмас та еді.

Индивидтің суверенитеті шын мәнісінде мынада: «жеке адам мемлекеттік *зорлауға мүлде* бағынулы болады», бірақ бұл зорлау өзін ақтағанда оның өзі «табиғи әділеттілікке шынымен қызмет ететін» болғандықтан ғана ақтай алады. Бұл мақсат үшін «зандар мен сот өкіметі» болады, бірақ бұлар «бүкіл коллективтің қолында болуға тиіс», ал мұнан соң «әскердің немесе ішкі қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі арналып қойылған пәлендей бір атқарушы органның бірлесіп қыймылдауынан» көрінетін қорғаныс одағы болады, демек, армия да, полиция да, жандармдар да болады деген сөз. Дюринг мырза өзін әлденеше рет айбынды пруссак етіп көрсетті де; дәл осы жерде ол, министр фон

Рохов марқұмның айтқанындай, «өзінің жандармын жүрегінде сақтайтын» үлгілі пруссакпен туыстастығын іс жүзінде дәлелдеді. Бірақ болашақтың бұл жандармериясы кезіргі әпербақандардай оншама қауіпті емес. Жандармерия суверенді индивидке не корлық көрсетсе де, ол индивидтің әрдайымда *бір жұбанышы* болады: «өзі, жағдайларға қарай, ерікті қоғамның тарапынан кездестіретін әділеттілік немесе әділетсіздік ешқашан да *табиғи күйдің* өзі душар ететін нәрседен *жаман* болмайды!». Сөйтіп мұнан соң, өзінің болмай қоймайтын авторлық правосына бізді тағыда сүріндіруге мәжбүр етіп, Дюринг мырза өзінің орнататын жаңа дүниесінде «әлбетте, әбден еркін және жұрттың бәрінің қолы жететін адвокатура» болады деп бізді үміттендіреді. «Кезір ойлап табылған еркін қоғам» барған сайын қырқуру бола түседі. Архитекторлар, тәшкешілер, әдебиетшілер, жандармдар, ал енді келіп адвокаттар да шықты! Бұл «ой-пікірдің байсалды, сыншыл патшалығы» дінге сенуші өзінің бүдүниелік өмірін рахаттандырған нәрсенің бәрін жарқыраған түрінде әрдайым қайта кездестіріп отыратын түрліше діндердің түрліше аспан әлеміндік патшалықтарына айнағатасыз дәл келеді. Ал Дюринг мырза «әркім өз ыңғайына қарай бассауғалай алатын» мемлекеттің адамы ғой. Енді бізге бұдан артық не керек?

Бізге керегі не екенінің, — мұның бұл арада біз үшін, алайда, бәрі бір нәрсе. Әңгіме Дюринг мырзаға керегінің не екені туралы болып отыр. Ал оны мен Фридрих II нің арасында мынадай айырмашылық бар: дюрингтік болашақ мемлекетте әсте де әркім өз ыңғайына қарай бассауғалай алмайды. Бұл болашақ мемлекеттің конституциясында былай делінген: «Еркін қоғамда ешқандай табынушылық болмауға тиіс, *өйткені* оның мүшелерінің әрқайсысы табиғаттан жасырын немесе одан жоғары өзіне құрбандық жасау немесе сыйыну арқылы әсер етуге болатын күдірет бар дейтін алғашқы заманғы балалық түсініктен жоғары тұрады». «Сондықтан дұрыс түсінілген социалитарлық система... рухани сыйқырдың барлық аксессуарларын, олай болса, табынушылықтың елеулі деген элементтерінің бәрін *құртуға тиіс*». Дінге тыйым салынады.

Бірақ дін атаулының бәрі адамның күнделікті өмірінде оған үстемдік ететін сыртқы күштердің адамның басындағы фантастикалық бейнесінен, — бүдүниелік күштер одүниелік күштердің формасын алатын бейнесінен басқа ештеңе де емес қой. Тарихтың бас кезінде бұл бейненің объектілері ең алдымен табиғат күштері болды, бұл табиғат күштері онан әрі эволюциялануында түрлі-түрлі халықтарда нағыз әралуан, әрқыйлы кейіп алады. Бұл ең алғашқы процесс салыстырмалы мифология арқылы — ең болмағанда үнді-европалық халықтарда — өзінің тұңғыш көрінісіне дейін Индия ведыларынан байқалды, ал өзінің сонан былайғы дамуында ол процесс индустерден, парсылардан, грек



терден, римдіктерден, германдардан және, материал жеткілікті болғандықтан кельттерден, литвандар мен славяндардан да толық зерттелді. Бірақ көп кешікпей-ақ, табиғат күштерімен қатар, қоғамдық күштер де пайда болады, — күш болғанда, адамға қарама-қарсы тұратын және табиғат күші сыяқты, адам үшін сондай жат және алғашында түсіндіріп те болмайтын, табиғат күштері сыяқты адамға бейне табиғи қажеттілікпен үстемдік етіп отырған қоғамдық күштер пайда болады. Бастапқы кезде табиғаттың тек құпия күштері ғана бейнелеген фантастикалық образдар енді қоғамдық атрибуттарға да ие бола бастайды да, тарихи күштердің өкілдеріне айналады<sup>1</sup>. Дамудың басқа, содан былайғы сатысында толып жатқан көп құдайдың табиғи және қоғамдық атрибуттарының бүкіл жыйыны құдіретті *бір* құдайға көшеді, бұл құдай, өз ретінде, абстрактылы адамның бейнесі ғана болып табылады. Неғұрлым бертінірек замандағы гректің тұрпайы философиясының тарихи соңғы жемісі болған және өзі иудейлік, тек қана ұлттық құдай Ягва арқылы көрінген монотеизм осылай пайда болды. Осы пайдалануға ыңғайлы және барлығына да бейімделгіш формада діннің өзі адамдардың өздеріне үстем жат күштерге, табиғи және қоғамдық күштерге, көзқарасының тікелей, яғни эмоционалды формасы ретінде өмір сүре бере алады, өмір сүргенде, адамдар факты жүзінде осы күштердің билігінде қала бергенде өмір сүре алады. Бірақ біз жоғарыда мына жағдайды әлденеше рет көрдік: кәзіргі буржуазиялық қоғамда адамдарға олардың өздері жасаған экономикалық қатынастар, олардың өздері өндірген өндіріс құрал-жабдықтары қайдағы бір жат күш ретінде үстемдік етіп отыр. Олай болса, бейнеленудің идеологиялық процесі ретіндегі діннің факты жүзіндегі негізі өмір сүре береді, ал осы негізбен бірге оның діндегі бейнеленуі де өмір сүре береді. Ал егер буржуазиялық саяси экономия жат күштердің осы үстемдігінің себептік байланысын біраз түсіндіріп те отырса, онда бұдан істің жәйі титтей де өзгермейді. Буржуазиялық саяси экономияның жалпы кризистерді болғызбауға да, жеке капиталисті зыяндардан, үмітсіз борыштар мен банкроттықтан сақтап қалуға да, жеке жұмысшыны жұмыссыздық пен қайыршылықтан арылтуға да шамасы келмейді. Адам болжайды, ал құдай (яғни капиталистік өндіріс

<sup>1</sup> Кейіннен құдайлардың образдары енген бұл скіжақты сыйпат кейіннен мифологияларда пайда болған былықтың себебі болды, — себебі болғанда, құдайларды сонымен қабат табиғат күштерінің бейнесі ғана деп танып берген салыстырмалы мифологияның көрмей қалған себебі болды. Мысалы, кейбір герман тайпаларында соғыс құдайы ерте заманғы скандинавиялық тілмен Тир деп аталды, ерте заманғы жоғарғы немістер тілімен Цю деп аталады, мұның өзі, олай болса, гректің Зевсіне, Диу-питер дегеннің орнына латынның Юпитеріне дәл келеді; басқаларда ол соғыс құдайы Эр, Эор деп аталады, сөйтіп гректің Аресіне, латынның Марсына дәл келеді. [Энгельстің ескертуі.]

әдісінің адамға жат күштерінің үстемдігі) билейді деген мәтел әлі күнге дейін күшінде. Қоғамдық күштерді қоғам үстемдігіне бағындыру үшін танымның тек бір өзі жеткіліксіз, бұл таным буржуазиялық саяси экономияның танымынан ілгері кетіп, тереңдеп отырса да жеткіліксіз. Бұл үшін бәрінен бұрын қоғамдық қыймылдың болуы қажет. Сонымен осы қыймыл жасалған кезде, қоғам, өндіріс құрал-жабдықтарының бәрін түгел иелігіне алып, оларды жоспарлы түрде бағыттап, осы арқылы өзін және өзінің барлық мүшелерін құлдықтан, құлдық болғанда, сол қоғам мүшелерінің дәл өздері өндірген, бірақ жеңіп болмайтын сыртқы күш ретінде соларға қарсы тұратын өндіріс құрал-жабдықтары күні бүгінге дейін олардың өзін ұстап келе жатқан құлдықтан, құтқарған кезде, олай болса, адам болжап қана қоймай, сонымен қатар билейтін де болған кезде міне сол кезде ғана әлі күні бүгінге дейін дінде бейнеленіп келе жатқан ең ақырғы жат күш құрйды, ал сонымен бірге діни бейнеленудің өзі де құрйды, құрығанда, енді ол кезде бейнелейтін де ештеңе қалмайтын жәй себептен құрйды.

Бірақ Дюринг мырза діннің өзінің табиғи өлімімен өлуіне дейін күтуге бейім емес. Ол бұған мықтап кірісіп отыр. Ол Бисмарктың өзінен де асып түсті: ол тек католицизмге ғана емес, сонымен қатар жалпы дін біткенге қарсы онан да бетер қатаң май айынын заңдарын декреттеп отыр; ол өзінің болашақ қоғамының жандармдарын дінге қарсы айдап салып отыр, сөйтіп діннің жапа шегіп азап көруші атағына бөленіп, осы арқылы өзінің өмірін ұзартуына дінге көмектесіп отыр. Қайда қарасақ та, — барлық жерден өзіне ерекше пруссактық социализмді көреміз.

Дюринг мырза дінді осылай ойдағыдай жоқ қылғаннан кейін, «өзіне өзі ғана, табиғатқа ғана арқа сүйейтін және өзінің коллективтік күштерін түсіну дәрежесіне дейін жетіп кемеліне келген адам істің барысы мен оның адамдық өз қасиеті өзіне көрсетіп беріп отырған барлық жолдармен батыл алға бара алады». Ал енді жаңалық үшін, өзіне өзі арқа сүйейтін адам Дюринг мырзаның басшылығымен батыл алға баратын «істің барысын» қарастырайық.

Істің барысындағы бірінші кезең, соның арқасында адам өзіне өзі тірек болатын бірінші кезең — адамның дүниеге келуі. Сонан соң өзінің табиғи ержетпеген уақыты бойына ол «балалардың табиғи тәрбиешісінің», яғни анасының қамқорлығында болады. «Бұл дәуір, ерте замандағы рим правосындағыдай, ер жеткенге дейін, яғни шамамен 14 жасқа дейін созылуы мүмкін». Ержеткен тәрбиесіз ересек балалар анасының беделін жеткілікті қалдірлемейтін болған реттерде ғана әкенің араласуы, ал әсіресе қоғамдық тәрбие шаралары бұл кемістікті зиянсыз етуге тиіс. Ержетіп есейген соң, бала егер тек әкесі бар болса

және мұның үстіне «әкелігі даусыз болса» «әкенің табиғи қам-қорлығына» көшеді; бұлай болмаған күнде қауым балаға қам-қоршы тағайындайды.

Жоғарыда өзіміз көргендей, Дюринг мырзаның өндірістің өзін өзгертпей-ақ, капиталистік өндіріс әдісін қоғамдық өндіріс әдісімен ауыстыруды әбден мүмкін деп есептейтіні сыяқты, — дәл осы сыяқты ол, кәзіргі буржуазиялық семьяны оның экономикалық негізінен бөліп алуға болады, бөліп алғанда, сонымен бірге семьяның формасын негізінен өзгертпей-ақ бөліп алуға болады деп ойлайды. Бұл форманы ол сондайлық дәрежеде бір өзгермейтін форма деп түсініп, ол тіпті «ерте замандағы рим правосын», біраз «игілендірілген» түрде болса да, мәңгі уақыттық семьялық қатынастар үшін міндетті етеді, семьяны өзі тек «мұра қалдыратын», яғни меншікке ие единица ретінде ұғады. Бұл мәселеде утопистер Дюринг мырзадан өлшеусіз жоғары тұр. Олар үшін, еркін қоғамдық байланыстарды орнатумен және жеке үй жұмысын қоғамдық индустрияға айналдырумен бірге, жасөспірімдерді тәрбиелеу ісін қоғамдастыру да, сонымен бірге семья мүшелерінің шынымен еркін өзара қатынастарын орнату да тікелей орын алады. Онан соң, Маркс те әлдеқашан мынаны анықтады («Капитал», 515 және онан кейінгі беттерінде): «ірі өнеркәсіп, әйелдерге, екі жыныстағы да жасөспірімдер мен балаларға үйдегі отбасының жұмысынан тыс өндірістің қоғамдық жолмен ұйымдастырылған процесінде шешуші роль бере отырып, семьяның жоғарғы формасы үшін және жыныстар арасындағы қарым-қатынастар үшін экономикалық негіз жасайды»<sup>1</sup>.

«Әрбір социал-реформатор қиялшының, — дейді Дюринг мырза, — дайын түрінде өзінің элеуметтік жаңа өміріне сай келетін педагогикасы болатыны табиғи нәрсе». Осы тұрғыдан алғанда Дюринг мырзаның өзі социал-реформатор қиялшылардың арасындағы «нағыз монстр» болып табылады. Авторлық правоға ол қаншалық көңіл бөлсе, болашақтың мектебіне ең кемінде соншалық көңіл бөліп отыр, ал мұның өзі тегін нәрсе емес. Оның бүкіл «көз жетерлік болашақ» үшін ғана емес, сонымен қатар өтпелі дәуір үшін де мектептер мен университеттер жөнінде бір-жолата дайындалған жоспары бар. Алайда, ең ақырғы инстанциядағы түпкілікті социалитетте екі жыныстың да жасөспірімдеріне не берілетіндігін шолып өтумен ғана қанағаттанамыз.

Жалпыға бірдей халық мектебі өзінің шәкірттеріне «өзінен өзі және принципті түрде адам үшін тартымдылығы бар нәрсе-нің бәрін» үйретеді, демек, әсіресе — «дүние мен өмірді түсінуге қатысы бар білімдердің бәрінің негіздері мен басты-басты табыстарын» үйретеді. Онда бәрінен бұрын математиканы оқытады, оқытқанда да жәй есеп пен қосудан бастап интегралдық

<sup>1</sup> «Капитал», I том, 1952, 495-бет. Ред.

есептеуге дейін барлық принциптік ұғымдар мен тәсілдер өрісі «толық өтілетін» болады. Алайда, бұдан бұл мектепте жұрт шынымен дифференциялаумен, интегралдаумен болады деген мағына шықпайды. Мұның мүлде керісінше: онда тұтасынан алғандағы математиканың мүлде жаңа элементтері оқытылатын болады, — әрі кәдімгі жай математиканың, әрі жоғарғы математиканың ұрығы бар элементтері оқытылады. Дюринг мырза бұл болашақ мектебі «оқулықтарының мазмұны» «өзінің басты-басты жүйелері жағынан схема түрінде кәзірдің өзінде-ақ өзіне айқын көрініп тұр» деп сендіргенімен де, алайда ол күні бүгінге дейін, амал не, «тұтасынан алғандағы математиканың» бұл «элементтерін» аша алмады, ал оның істей алмайтынын «шынында да жаңа қоғамдық құрылыстың еркін және өскелең күштері ғана істейді деп күтуге болады». Бірақ егер болашақ математикасының жемістері әлі тым көк болса, оның есесіне болашақтың астрономиясы, механикасы мен физикасы «бүкіл мектеп оқуының ұйтқысы» бола отырып, қыйынға соқпайды, ал енді «өздерінің барлық теорияларына қарамастан әлі күнге дейін көбінесе суреттеме сыйпаты бар ботаника мен зоология» көбінше «оңай, қызықты әңгіме үшін» қызмет етеді. «Философия курсының» 417-бетінде осылай делінген. Дюринг мырза осы күнге дейін көбінесе суреттеме ботаника мен зоологияны ғана біледі. Өзі органикалық дүниенің салыстырмалы анатомиясын, эмбриологиясын және палеонтологиясын қамтыйтын бүкіл органикалық морфология оған тіпті аты жағынан да таныс емес. Биология саласында оның көзіне түспей он-ондап мүлде жаңа ғылымдар туып жатқанда, оның балалық жүрегі Раффтың «Балаларға арналған табиғат тарихы» деген кітабынан «ойлаудың табиғи-ғылыми жүйесінің барынша кәзіргі замандық білім алу элементтерін» әлі де болса қабылдауда, сөйтіп органикалық дүниенің осы конституциясын бүкіл «көз жетерлік болашаққа» да тарту етуде. Химия дегеннің бар екендігін ол осы арада да, үйреншікті әдетінше, мүлде есінен шығарып отыр.

Тәрбиелеу ісінің эстетикалық жағына келетін болсақ, онда бұл салада Дюринг мырзаның бәрін де қайтадан жасауға ойы бар. Бүкіл бұрынғы поэзия бұл іске жарамсыз екен. Дін атаулыға тыйым салынған жерде бұрынғы ақындардағы дағдылы «мифологиялық және өзгелей діни шатпақтардың» мектепте төзерлік нәрсе емес екені өзінен өзі түсінікті. Сондай-ақ «мәселен, Гете тым бейім болған поэтикалық мистицизм» мінеуге тұрарлық нәрсе. Сөйтіп, «ақылмен жарасқан фантазияның неғұрлым жоғары талаптарына» жауап беретін поэтикалық асқан өнерлі бізге Дюринг мырзаның өзі беруіне және «дүниенің кемелін келуі болатын» нағыз шын идеалды өзі суреттеп беруіне тұр келеді. Ол тек кешіге көрмесін. Шаруашылық коммуна дүниені өзіне қаратып алғанда, егер ол ақылмен жарасты алсақ

сандриялық тақпақтың жүгіртпе адымымен жорыққа аттанатын болса, сол ретте ғана қаратып ала алады.

Болашақтың жеткіншек азаматын филологиямен онша мазаламайтын болады. «Өлі тілдер мүлде құрайды... ал тірі шетел тілдерін үйрену... бір екінші дәрежедегі нәрсе сыяқты болып қалады». Халықтардың арасындағы қатынастар халық бұқарасының өзінің қоныс аударып отыруынан көрінетін жерде ғана шетел тілдері, қажет болуына қарай, әркім үшін оңай түсінілетін етілуге тиіс. «Тілдерді шын білім аларлықтай оқып үйрену» мақсаттарына былайынша айтқанда жалпылама грамматика қызмет етуге тиіс, қызмет еткенде де «ана тілінің материясы мен формасы» негізінде қызмет етуге тиіс. Кәзіргі заман адамының ұлттық тарәрістілігі Дюринг мырза үшін әлі де болса тым космополиттік. Ол кәзіргі құрылыстың тұсында тарәрісті ұлттық көзқарастан жоғары көтерілуге біраз болса да мүмкіндік беретін екі тетікті де жойғысы келеді — ол ерте заман тілдерін білуді жойғысы келеді, оларды білу ең болмағанда түрлі ұлттардың тамаша білім алған адамдары үшін өздеріне ортақ, неғұрлым кең ой өрісін ашады. Мұнымен бірге ол жаңа тілдерді білуді де жойғысы келеді, ал жаңа тілдердің көмегімен түрлі ұлттардың адамдары бір-бірімен түсінісе алады және олардың өз елдерінен тыс жерде не болып жатқанымен танысады. Оның есесіне ана тілінің грамматикасы мықтап жатталатын нәрсе болуға тиіс. Бірақ «ана тілінің материясы мен формасы» түсінікті болғанда оның пайда болуы мен бірте-бірте дамуы зерттеліп отырғанда ғана түсінікті болады, ал егер, біріншіден, ана тілінің өзінің өшкен формаларын және, екіншіден, түбірлес тірі және өлі тілдерді назарсыз қалдыратын болсақ, әлгілердің түсінікті болуы мүмкін емес. Сонымен, біз тыйым салынған салаға қайта келеміз. Бірақ Дюринг мырза өзінің оқыту жоспарынан бүкіл кәзіргі заманғы тарихи грамматиканы сызып тастап отырғаннан кейін, тілдерді үйрету үшін Дюринг мырзада ескі классикалық филологияның стилінде жасалған ескі үлгідегі техникалық грамматика ғана қалады, қалғанда, тарихи фундаментінің жоқтығынан туған оның бүкіл казуистикасымен, жадағайлығымен қоса қалады. Ескі филологияны жек көрушілігі оны мынаған дейін апарып отыр: Дюринг мырза ескі грамматиканың ең оңбаған жемісін «тілдерді шын білім берерліктей үйренудің өзекті пункті» етіп отыр. Соңғы 60 жылдың ішінде сондайлық күшті, жемісті дамыған тарихи тіл білімі жөнінде ешқашан да дәнене есітпеген филологпен істес болып отырғанымыз айқын нәрсе, — сондықтан да Дюринг мырза тіл білімінің «зор білім беретін элементтерін» Боппыдан, Гриммнен және Дитціден іздемей, маркүм Гейзе мен Беккерден іздестіреді.

Бірақ осылай оқып шыққаннан кейін де болашақтың жас азаматының әлдейқайда «өзіне өзі сенетін тірегі» болмайды.

Бұл үшін «ең соңғы философиялық негіздерді біліп алу» арқылы неғұрлым терең фундамент жасап алу керек. «Бірақ бұлай тереңдеудің өзі...» — Дюринг мырза бұл салада кең жол салғаннан бері «орасан зор міндет болып табылмайды». Шынында да, «егер ескі білімнің болмыстың жалпылама схематикасы мақтан ете алатын аздаған қағыйдаларын схоластикалық жалған түйдектерінен тазартса, егер» Дюринг мырза «растаған шындықтың ғана маңызы бар екенін барлық жерде мойындауға бел байланса», онда элементарлық философия болашақтың жасөспірімдеріне де әбден түсінікті болатын болады. «*Барынша қарапайым жәй тәсілдерді еске түсірсек болғаны, осы тәсілдердің көмегімен біз шексіздік ұғымдары мен бұл ұғымдар жөніндегі сынды бұл уақытқа дейін мәлім болмаған маңызына дейін көтердік*», — міне сонда «кеңістік пен уақыттың осы замандағы терең зерттелуі мен жұрттың назарын аударуы арқасында соншалық қарапайым түр алған кеңістік пен уақытты мінсіз түсіну элементтерінің, — осы элементтердің неліктен, ақырында келіп, дайындық білімдердің разрядына көше алмасына тіпті ешқандай негіз жоқ...» Дюринг мырзаның «анағұрлым негізді идеялары жаңа қоғамның мінсіз білім беру систематикасында екінші дәрежелі роль атқаруға тиіс емес». Материяның өзіне өзі тең қалпы және есептеліп анықталған сан жетпеушілік, қайта мұның керісінше, «адамды аяғынан тік бастыруға ғана» тиіс емес, «сонымен қатар оны *абсолют* дейтіннің *адамның өз аяғының астында екенін* өз күшімен түсініп білетін етуге» тиіс.

Болашақтың халықтық мектебі, оқушының көріп отырғанындай, шын мәнісіне келгенде біраз «өнегелі» көрсетілген пруссактық гимназиядан басқа ештеңе де емес. Бұл мектепке грек тілі мен латынның орнына таза және тәжірибелік математика бірсыпыра көп кіргізілген, әсіресе шындық философиясының элементтері кіргізілген, ал неміс тілін оқыту тағыда марқұм Беккердің дәрежесіне дейін түсірілген, басқа сөзбен айтқанда — бастауыш мектептің дәрежесіне дейін түсірілген. Шынында да, Дюринг мырзаның өзі сөз қылған салалардың бәрінде де өзіміз қарастырып өткеннен кейін оның өзінің барынша мектептік болып шыққан «білімдері» неліктен, немесе, ең дұрысы, алдын ала мықтап «тазартылғаннан» кейін тегінде сол білімдерінен қалғандары сайып келгенде бүтіндей және толығымен «дайындық білімдердің разрядына» неліктен өте алмайды, бұған «тіпті ешқандай дәлел жоқ», өйткені Дюринг мырзаның білімдері бұл дәрежеден ешқашан да жоғары көтерілген емес-ті. Әрине, Дюринг мырзаның құлағына тиіп қалған нәрсе — социалистік қоғамда еңбек пен тәрбие ісі ұштастырылатын болады, өсуші ұрпақтардың осы арқылы әржақты техникалық білім алуы қамтамасыз етілетін болады, ғылыми тәрбие алудың практикалық фундамен-ті де қамтамасыз етіледі; ол осы қағыйданы өзінің әдеттегі

дағдысында социалитетке қолданады. Бірақ бұрынғы кездердегі еңбек бөлінісі, өзіміз жоғарыда көргендей, мәнді белгілері жағынан дюрингтік болашақ қоғамда өндірісте аман-есен сақталатын болғандықтан, бұл техникалық мектеп білімі соңғы кезде қандай да болсын практика жүзінде қолдануынан ада болады, өндірістің өзі үшін қандай да болсын маңызынан ада болады, — техникалық білім беру ісі тек қана мектептік мақсатты көздейтін болады: бұл білімнің орнын гимнастика басуға тиіс, біздің батыл жаңашылымыз бұл гимнастика туралы тындағысы да келмейді. Міне сондықтан да Дюринг мырзаның бұл жөнде бізге айта алатыны мына төмендегі сыяқты екі-үш ауыз өрескел сөздер ғана: «жасөспірімдер де, қарттар сыяқты, бұл сөздің дәлме-дәл мағнасында жұмыс істеуге тиіс». Бұлай дәрменсіз, мағнасыз бостан-босқа езе берушілік оны «Капиталдың» мына бір жерімен (508—515)<sup>1</sup> салыстырғанда шын мәнісінде бишаралық әсер қалдырады, бұл жерінде Маркс мына қағыйданы дамытады: «егжей-тегжейін Роберт Оуэннің үлгісінен байқап шығуға болатындай, болашақ заман тәрбиесінің ұрығы фабрикалық системадан өсіп шықты, болашақ заманда белгілібір жастан асқан барлық балалар үшін өнімді еңбек сабақ оқытумен, гимнастикамен ұштастырылғанда қоғамдық өнімді көбейту құралдарының бірі ретінде ғана емес, сонымен қатар барлық жағынан бірдей жетебілімді адамдарды шығарудың бірден-бір құралы ретінде де ұштастырылатын болады».

Шындық философиясы барлық білімнің ұйтқысы болатын және медицина факультетімен қатар юридикалық факультет те өрістейтін болашақ университетін былай жайына қоялық; «арнаулы оқу орындарын» да былай жайына қоялық, бұл оқу орындары туралы біздің бар білетініміз — олар тек «екі-үш дисциплинаны оқытуға» ғана арналады екен. Болашақтың жас азаматы мектеп курстарының бәрін бітіріп шыққаннан кейін оның — «өзіне өзі сене» алатындығы соншалық, өзіне әйел қарастырумен шұғылдана алатын болады делік. Бұл жерде Дюринг мырза оған қандай жағдайды ашып беріп отыр?

«Сапа қасиеттерін нығайту, жою және араластыру үшін, тіпті олардың творчестволық жетілуі үшін де, тұқым жаюдың маңыздылығы себепті, адамдық немесе адам еместік қасиеттің ең ақырғы тамырларын едәуір дәрежеде жыныс қатынасы мен іріктелуден іздеу керек және тағы мұның үстіне туылатын баланың белгілібір нәтижесін қамтамасыз етудің немесе алдын алудың қамын жеуден іздеу керек. Бұл салада орын алатын тағылық пен топастыққа төрелік жасауды практика жүзінде ең кейінгі заманға беруге тура келеді. Алайда соқыр сенімдердің тіпті кәзіргі мез қылып отырған жағдайында да сәтті немесе сәтсіз болып

<sup>1</sup> Қараңыз: «Капитал», I том, 1952, 489-494-беттер. Ред.

шыққан текте немесе адам мұқияттылығында нәрестелердің сапалы болуы олардың санынан анағұрлым маңыздырақ нәрсе. Рас, зағып жандар барлық заманда да және қандай праволық құрылыстың тұсында болса да өлтіріп тасталынып отырды, бірақ дені дұрыс адамнан адамдық түрінен айырылумен байланысты зағыптыққа дейін апаратын сатының көп басқышы болады... Жарым-жан ғана болып шығатын адамның дүниеге келуіне қарсы шаралар қолданылатын болса, онда мұның тек қана пайда келтіретіні анық». Дәл осылай басқа бір жерінде былай дейді: «Философиялық ойлану әлі дүниеге келмегеннің мүмкін тәуір композицияда болып шығу правосын қыяндалмай-ақ түсінеді... Баланың бітуі және, қалай болғанда да, тууы бұл жөнінде алдын алу шараларын көруге, ең болмағанда — іріктелу жағын көздеуге де сылтау болады». Мұнан әрі былай дейді: «Адамдар көркемдеуі кем, сондықтан да миллиондардың өмірлік тағдыры үшін әлдеқайда зор маңызды міндетті — адамның жаралуын тәні мен қанынан жетілдіру міндетін қолға алған кезде дәріптелген формада адамды мрамордан жасап көрсететін грек искусствосы өзінің бұрынғы тарихи маңызын сақтай алмайды. Адамды тәні мен қанынан жетілдіру өнері әншейін тасты қашау жұмысы емес, сондықтан оның эстетикасы өлі формаларды пайымдау емес», т. т.

Болашақтағы біздің жас азаматымыз аспаннан салбырап түседі екен. Нөкелескенде әңгіме әншейін тас қашау өнерінде, өлі формаларды пайымдауда емес екенін, мұны жас азаматымыз, әрине, Дюринг мырзасыз да білген; бірақ Дюринг мырза оған өзіне тиісті тәнімен қоса елжіреген әйел жүрегіне кезігу үшін, өзінің алдында уақыттың барысы мен оның өзінің адамдық қасиеті ашатын жолдардың бәрімен де еркін қарыштай алады дегенді уәде етті ғой. «Ешбір олай емес», — дейді оған жауап ретінде «неғұрлым терең және қатаң мораль». Әңгіме бәрінен бұрын жыныс қатынасы мен іріктелу саласында жайлап отырған тағылық пен топастықтан арылу және жаңа туып келе жатқан дүниенің мүмкін болатын тәуір композицияға праволы екенін еске алу туралы болып отыр. Осындай салтанатты кезеңде біздің жас азаматымыздың алдында тұрған міндет — адамның жаралуын тәні мен қанынан кемеліне келгенше жетілдіру, бұл жөнде, былайша айтқанда, Фидей болып шығу. Бұл іске қалай кіріспек керек? — Дюринг мырзаның жоғарыда келтірілген жасырын сырлы мәлімдемелері, Дюринг мырзаның өзі мұның өзін — «өнер» деп отырса да, оған бұл жөнінде ешбір нұсқау бермей отыр. Бәлкім, Дюринг мырзаның кәзірдің өзінде-ақ бұл өнер жөнінде «көз алдында схемалы түрде» басшылық ережесі бар болар, болғанда, мәселен, үлгілері — аузы жапсырылған конверттерде — немістің кітап саудасында кәзір лық толып кеткендей ережесі болар. — Шынында да, біз енді бұл арада социалитет



дүниесінде тұрған жоқпыз, қайта бұдан гөрі «Сыйқырлы сырнай» дүниесінде тұрмыз, мұндағы өзгешелігі сол ғана — шат көңілді франкмасон попы Зарастро біздің неғұрлым терең ойлы, қатаң моралисiмiздiң қасында тiптi «екiншi класс абызы» деп атала қояр ма екен. Бұл поптың өз әдептерiнiң арасындағы сүйiсiскен екi жарға тартқызыған тауқыметтерi, Дюринг мырзаның өзiнiң суверендi екi индивидiнiң «өнегелi, ерiктi некеге» енуiне рұқсат студен бұрын оларға қаһарлы сынақ жүргiзуiмен салыстырғанда жәй әншейiн баланың ермегi болып табылады. Мысалы, былай болуы да мүмкiн, «өзiне өзi тiрек болатын» бiздiң болашақ Таминомыз екi аяғымен бiрдей абсолют дегенде тұрғанымен де оның бiр аяғы бiр-екi сүйем қалпынан кем болуы мүмкiн, сондықтан тiлi қыршанқы адамдар оны шойнақ деп атайды. Сонымен қатар былай болуы да мүмкiн, оның болашақтағы ардақты Паминасы<sup>1</sup> оң жақ ұйығы жағына қарай бiраз қыйсығырақ болған себептi әлгi айтылған абсолютте оншама түзу тұра алмаса керек, мұндай қыйсайыңқыраған жайды адамның күншiлдiгi тiптi аздаған бүкiрлiк деп те атапқызады. Сонда не iстемек керек? Бiздiң неғұрлым терең ойлы, неғұрлым қатаң мiнездi Зарастро оларға тәнi мен қаны жағынан мiнсiз адам жарату өнерiн қолдануға тыйым сала ма, ол бұларға «бала бiтерде» өзiнiң «алдыналу шараларын» қолдана ма әлде «бала туарда» өзiнiң «iрiктеу» практикасын қолдана ма? Iстiн басқаша бет алатындығына он есе артық бәс тiгуге болады: сүйiскен екi жар Зарастро-Дюрингтi жер соқтырып, чиновникке — неке тiркеу бастығына барады.

Токтай қалыңыз! — деп айқайлап жiбередi Дюринг мырза. — Сiздер менi түсiнбесiздер ғой. Пiкiрiмдi айтып шығайыншы. «Игiлiктi жыныс байланыстары үшiн неғұрлым жоғары, шын адамгершiлiкке жататын қозғаушы себептер» болған күнде... «ең жоғарғы сатысы қатты сүйiсушiлiк түрiнде көрiнетiн жыныс құмартуының адамгершiлiкке жататын игiлендiрiлген формасы өзiнiң екi жағы да жарасты болып келген күйiнде өзiнiң тұқымдары жағынан да сәттi ерлi-зайыптылықтың ең тамаша кепiлi болып табылады... Жарасымды қатынастардан жарасымды қасиеттерi бар тұқым да болады — мұның өзi тек екiншi дәрежедегi нәрсенiң нәтижесi ғой. Бұдан тағыда бiр шығатын қорытынды — қандай да болсын зорлау деген нәрсе зиянды әсер iстуге тиiс», т. т. Осындай жолмен, ең тәуiр социалитеттердiң iшiнде бәрi де осылай ең тәуiр болып бiтедi. Шойнақ жiгiт пен бүкiр қыз бiрiн бiрi қатты сүйедi, сондықтан екi жағы да жарасты болып келген күйiнде «екiншi дәрежедегi нәрсенiң» жарасымды «нәтижесi» үшiн ең тәуiр кепiл болып табылады; бәрi де романдағыдай бо-

<sup>1</sup> Зарастро, Тамино мен Паминa — «Сыйқырлы сырнай» деген Моцарттың операсындағы оқыйғаға қатысатын адамдар. *Ред.*

<sup>21</sup> Анти-Дюринг

лып жатыр: олар бірін бірі сүйіп, неке қылысады екен. «Неғұрлым терең, қатаң моральдың» бәрі де, дағдыдағыша, жарасымды былшыл сөз екен.

Дюринг мырзаның тегінде әйелдер жөнінде қандай мейірбандық көзқараста екені — бұл оның кәзіргі қоғам жөніндегі мынадай айыптауынан көрінеді: «Адамды адам езуге және адамды адамға сатуға негізделген қоғамда жезөкшелік еркектің пайдасына жасалған зорлап некелестірудің табиғи үстеуі болып танылады, ал *әйелдер үшін мұндай ешнәрсенің де болмайтындығы* әбден түсінікті, сонымен бірге өте *астарлы* факт». Бұлай көтермелегені үшін әйелдер тарапынан Дюринг мырзаға жауатын алғысты алуға мен тіпті ешбір келіспеген болар едім. Мұның үстіне, кәзіргі кезде табыстың тіпті оншалықты сирек емес түрін — әйел қамқорлығынан болатын стипендияларды (Schürzenstipendien) Дюринг мырзаның шыныммен-ақ мүлде білмегені ме. Бір кездерде Дюринг мырзаның өзі де референдарий болып, Берлинде тұрған еді ғой, сол Берлинде менің заманымда, яғни бұдан 36 жыл бұрын, Referendarius, — лейтенанттар демеу үшін, — тіпті екінің бірінде-ақ Schürzenstipendiarius дегенмен үндесіп кететін еді ғой!

\* \* \*

Тіпті бастан аяқ соншалықты құрғақ, іш пыстыратын болып көрінуге тиісті болған тақырыбымызбен енді дау-дамайсыз көтеріңкі көңілмен қоштасуыма болатын шығар деймін. Өзіміздің жеке даулы пункттерді талдап тексеріп шығуымызға тура келгендіктен, біздің үкіміміз объективті, даусыз фактылармен байланысты болды; осы фактыларға қарай үкімнің өзі қажеттіліктен екінің бірінде-ақ қатал, тіпті ауыр да болып шықты. Енді, философия, саяси экономия және социалитет кейінде қалып, біздің көзалдымызда өзі жөнінде жеке көзқарастары бойынша ілгеріде пікір айтуымызға тура келген жазушының бет бейнесі айқындалғаннан кейін, — міне енді оның қандай адам екендігіне байланысты пікірлер бірінші орынға шығуы керек; енді біз түсініксіз болып келген көп нәрсені басқаша түсіндіре алатын боламыз, автордың ғылыми адасулары мен құманданушылығын оның қара басының қасиеттерімен түсіндіріп, Дюринг мырза жөніндегі өзіміздің жалпы пікірімізді: «есінен *таңғандық ұлылық маниясының нәтижесі*» деп қорыта аламыз.

## Қ О С Ы М Ш А

### «АНТИ-ДЮРИНГКЕ» ЖАЗЫЛҒАН БҰРЫНҒЫ АЛҒЫСӨЗ. — ДИАЛЕКТИКА ТУРАЛЫ<sup>1</sup>

Бұл еңбек әсте де пәлендей бір «ішкі талпынудың» жемісі емес. Мұның керісінше, Дюринг мырзаның ең жаңа социалистік теориясын сын көзімен баяндап шығуға мені көндіру үшін өзінің қанша еңбектенгенін менің досым Либкнехттің өзі куаландыра алады. Өзім бұған бел байлаған соң, өзін жаңа философиялық системаның соңғы практикалық жемісі деп көрсететін ол теорияны осы системаның ішкі байланысы жағынан алып қарап шығудан, ал сонымен қатар осы системаның өзін де талдап тексеріп шығудан басқа маған ешнәрсе қалмады. Сондықтан мен Дюринг мырза барлық мүмкін нәрселер жөнінде және онан да басқа онша-мұнша бірдемелер жөнінде сөз қылған орасан кең салада Дюринг мырзаның соңынан ере беруге мәжбүр болдым. Бір қатар мақалалар осылай пайда болды, бұл мақалалар 1877 жылдың басынан бастап Лейпциг «Vorwärts-інде» басылып осы арада байланысты түрде беріліп отыр.

Өзінің барлық мақтануына қарамастан, соншалық мардымсыз системаға жасалған сынның тыңғылықтылығын, — предметтің өзінің сыйпатымен байланысты тыңғылықтылықты екі пікір орынды етіп отыр. Бір жағынан, бұл сын маған білімнің әралуан салаларында кәзіргі уақытта жалпы ғылыми немесе практикалық маңызы бар талас мәселелер жөніндегі өзімнің түсінігімді дұрыс формада дамытуыма мүмкіндік берді. Жәнеде Дюринг мырзаның системасына басқа бір системаны қарама-қарсы қою менің ойыма қаншама аз келсе де, сонда да болса мынаған сенуге болады: мен қарап шыққан материал соншалық алуан түрлі болғанымен мен білдірген көзқарастарда ішкі байланыс бар екені оқушының көзіне түспей қалмайды.

Екінші жағынан, «система жасаушы» Дюринг мырзаның өзі

---

<sup>1</sup> Бұл мақала шамамен айтқанда 1878 жылдың майында «Анти-Дюрингтің» бірінші басылуына алғысөз ретінде жазылған, бірақ басқа алғысөзбен ауыстырылған, және кейіннен Энгельс «Табиғат диалектикасы» жөніндегі материалдарға қосқан. *Ред.*

осы күнгі неміс өмір шындығында жалғыз-жарым құбылыс емес. Біраз уақыттан бері, саясаттың, саяси экономияның, т. т. толып жатқан жаңа системаларын айтпағанның өзінде, философия, әсіресе натурфилософия системалары Германияда, жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай қаулап өсіп келеді. Осы заманғы мемлекетте әрбір азамат өзінің пікір білдіруіне тура келетін барлық мәселелер жөнінде пікір айта алады деп есептелетіні сыяқты; саяси экономияда әрбір сатып алушы өзінің тіршілік қажеттері үшін сатып алуына тура келетін товарларды танығышта болады деген ұйғарынды негізге алынатыны сыяқты, — осыған ұсап кәзір ғылымда да дәл сондай болжалды ұстау керек деп есептелінеді. Әркім барлық нәрсе жөнінде жаза алады, сондықтан да «ғылым бостандығы» депеннің өзі адамның әсіресе өзі зерттемеген нәрсе жөнінде жазу, сонымен қатар оны бірден-бір нағыз ғылыми метод деп көрсету правосы деп түсініледі. Ал Дюринг мырза осы бетімен кеткен жалған ғылымның аса ерекше типтерінің бірі болып табылады, бұл жалған ғылым біздің заманымызда Германияның барлық жерлерінде алдыңғы қатарға ентелеп, өзінің лепірме бос мылжыңының дүрмегімен бәрін де басып кетіп жүр. Поэзиядағы, философиядағы, саяси экономиядағы, тарих ғылымындағы лепірме бос мылжың, кафедралар мен мінбелерден айтылатын бос мылжың, барлық жердегі мылжың, артықшылық пен терең мағналылыққа дәмелі лепірме бос мылжың, басқа ұлттардың қарапайым дөрекі-түрпайы бос мылжыңынан өзгеше бос мылжың, «арзан, бірақ шірік» деген ұраны бар неміс интеллектуалдық индустриясының аса сыйпатты және неғұрлым жаппай жемісі ретіндегі бос мылжың, — айнағатасыз өзге де неміс фабрикастары сыяқты нәрсе, амал не, бұл бос мылжың Филадельфия көрмесінде әлгі фабрикастармен қатар қойылмаған. Тіпті неміс социализмі де, — әсіресе Дюринг мырза берген игі үлгіден бермен қарай, — біздің заманымызда тым-ақ ықлас қойып лепірме мылжыңмен айналысып жүр; социал-демократиялық практикалық қозғалыстың осы лепірме бос мылжыңнан жолдан онша таймай отырғанының өзі біздің елдегі жұмысшы табының кіршіксіз тамаша мінезінің жаңа дәлелі болып табылады, бұл елде кәзіргі уақытта, жаратылыс тануды қоспағанда, қалғандарының барлығы дерлік ауруға шалдыққан.

Егер Негели жаратылыс зерттеушілердің Мюнхенде болған съезінде<sup>1</sup> сөйлеген сөзінде адамның білімінің ешқашанда бәрін білу сыйпаты болмайды деген мағнада пікір айтқан болса, онда оған Дюринг мырзаның ерлігі, сірә, белгілі болмағаны. Бұл ерліктер мені мықтағанда өзім дилетант ретінде ғана шыға алатын бірқатар салаларда Дюрингтің соңына түсуге мәжбүр етті.

<sup>1</sup> 1877 ж. сентябрьде. *Ред.*

Бұл әсіресе жаратылыс тану ғылымының түрлі тарауларына жатады, бұл тарауларда осы уақытқа дейін, қайдағыбір «мыйғұла» өзінің пікірін айтуға ұмтылса екінің бірінде сыпайылықтың жоқтығынан да гөрі өрескел нәрсе болып саналып келді. Алайда Вирхов мырзаның әрбір жаратылыс зерттеуші өзінің мамандығынан тыс салада шала білетін, vulgo мыйғұла болып табылады деген нақ сол Мюнхенде айтылған және басқа бір жерде толығырақ баяндалған ескертуі<sup>1</sup> мені біраз жігерлендіре түседі. Сондай маманның кейде көрші салаларға көше алатындығы және көшуге тиісті екендігі сыяқты және ондай жағдайда сол салалардың мамандары оның сөздеріндегі қолапайсыздық пен аздаған дәл еместікті оған кешіретіні сыяқты, мен де өзімнің жалпы теориялық көзқарастарымды растайтын мысал ретінде табиғаттың белгілі процестері мен оның заңдарын келтіруге бел байладым, сондықтан мен де сондай кешірімділік болуын күтуге өзімізді праволымын деп санаймын. Мәселе мынада: осы заманғы жаратылыс зерттеушілер — өздері оны тілесін, мейлі тілемесін — жалпы теориялық қорытындыларға келуге қаншалық мәжбүр болып жүрсе, теориялық мәселелермен шұғылданатын адамның қай-қайсысына да осы заманғы жаратылыс танудың нәтижелері соншалық еріксіз таңылып жүр. Сөйтіп бұл арада белгілі дәрежеде қарымы қайтып отыр. Егер теоретиктер жаратылыс тану салаларында шала білушілер болса, онда осы заманғы жаратылыс зерттеушілер іс жүзінде теория саласында, осы күнге дейін философия деп аталып келген салада дәл сондай дәрежеде шала білушілер болып табылады.

Эмпирикалық жаратылыс тану сондай ұшықкыйырсыз түбелікті материал жыйнақтаған, зерттеудің әрбір жеке саласында осы материалды системалы түрде және ішкі байланысына лайық етіп реттеу шынында мойын бұрғызбайтын қажет іс болып отыр. Білімнің жеке салаларын өзара дұрыс байланысқа келтіру міндеті де дәл сол сыяқты мойын бұрғызбайтын іс бола бастады. Бірақ, осымен шұғылданып, жаратылыс тану теориялық салаға кіреді, ал мұнда эмпирикалық методтар дәрменсіз болып шығады, мұнда тек теориялық ойлау ғана көмектесе алады. Бірақ теориялық ойлаудың өзі тек қабілеттілік түріндегі туа біткен қасиет болып табылады. Бұл қабілет дамытылуға, жетілдірілуге тиіс, ал ол үшін осы уақытқа дейін бүкіл бұрынғы философияны үйренуден басқа ешбір құрал жоқ.

Әрбір заманның теориялық ойлауы, ал олай болса біздің заманымыздың да теориялық ойлауы, мұның өзі — әрқыйлы уақыттарда өте әртүрлі формалар алатын және сонымен қатар өте әртүрлі мазмұн алатын тарихи жеміс. Олай болса, ойлау туралы

<sup>1</sup> Вирховтың «Осы заман мемлекетіндегі ғылым бостандығы» деген баяндамасы жеке кітапша болып Берлинде 1877 ж. басылып шықты. *Ред*

ғылым дегеніміз басқа ғылымдардың бәрі сыяқты тарихи ғылым, адам ойының тарихи дамуы туралы ғылым болып табылады. Ал мұның эмпирикалық салаларға практика жүзінде қолдану үшін де аса үлкен маңызы бар. Өйткені, біріншіден, ойлау заңдарының теориясы, мұны филистерлік ойдың логика деген сөзбен байланыстырып жүргеніндей, әсте де қайдағы бір біржолата анықталған «мәңгілік ақыйқат емес». Формалдық логиканың өзі, Аристотельден бастап біздің уақытымызға дейін, шиеленіскен талас майданы болып келеді. Ал диалектикаға келетін болсақ, оны азды-көпті дәлірек түрде екі ғана ойшыл: Аристотель мен Гегель зерттеді. Бірақ дәл осы диалектика осы заманғы жаратылыс тану үшін ойлаудың неғұрлым маңызды формасы болып табылады, өйткені тек диалектика ғана, аналог болып табылады және осынысы арқылы табиғатта болып жатқан даму процестерін, табиғаттың жаппай байланыстарын, зерттеудің бір саласынан екіншібір саласына өтуді түсіндірудің методы болып табылады.

Ал, екінші жағынан, адам ойлауының тарихи дамуының барысымен, сыртқы дүниенің жаппай байланыстары жөнінде түрлі уақыттарда болған көзқарастармен танысудың теориялық жаратылыс тану үшін қажет болатын себебі, бұлармен танысу теориялық жаратылыс танудың өзі ұсынған теорияларға берілетін бағаның көлемін белгілейді. Бірақ мұнда философия тарихымен таныстықтың жеткіліксіздігі едәуір жиі және айқын көрініп отырады. Бұдан жүздеген жыл бұрын философияда анықталған ережелер, философия әлдеқашан-ақ аяқтаған ережелер, теория соғушы жаратылыс зерттеушілерінде екінің бірінде ең жаңа ақыйқаттар ретінде көрсетіліп, тіпті уақытша модаға айналып отырады. Жымылықтың механикалық теориясы энергияның сақталуы жөніндегі ережені растау ретінде жаңа дәлелдемелер келтіріп, оны тағыда алдыңғы қатарға шығарғанда, мұның өзі оның сөзсіз зор табысы болды; бірақ бұл ережені тіпті Декарттың ұсынғанын физик мырзалар естеріне түсірсе, бұл әлдеқалай соншалық бір мейлінше жаңа ереже ретінде көріне қояр ма еді? Физика мен химия тағыда бүтіндей дерлік молекулалармен, атомдармен дәлел ете бастағаннан бері, ерте заманғы гректердің атомдық философиясы қажетті түрде қайтадан алдыңғы қатарға шықты. Бірақ оны жаратылыс зерттеушілердің тіпті жақсыларының да сондай үстірт баяндайтыны-ай! Мысалы, Кекуле оның негізін салушысы (Левкипптің орнына) Демокрит екен («Ziele und Leistungen der Chemie»)¹ дейді, сонымен қатар былай дейді: сапа жағынан әртүрлі элементарлық атомдар бар деген пікірге бірінші рет келген және оларда түрлі элементтерде әртүр-

¹ Энгельстің айтып отырған *Кекуленің* «Химияның ғылыми мақсаттары мен жетістіктері» деген, 1878 ж. Боннада шыққан кітапшасы. *Ред.*

лі, өзінде ерекше салмақ болады деп бірінші айтқан Дальтон болыпты дейді; оның бержағында Диоген Лаэртийден (X, §§ 43—44 және 61) мынаны оқуға болады: тіпті Эпикурдың өзі атомдар көлемі мен формасы жағынан ғана емес, сонымен қатар *салмағы* жағынан да әртүрлі болады деген, яғни Эпикур атомдық салмақпен атомдық көлемді өзінше-ақ біліп қойған болатын, дейді.

Германияда жалпы алғанда ешнәрсені ақырына жеткізбеген 1848 жыл онда тек философия саласында толық төңкеріс жасады. Практика саласына ұмтылып және, бір жағынан, ірі өнеркәсіппен жалдаптықтың негізін салып, ал, екінші жағынан, Германияда жаратылыс тану ғылымы сол кезден бері басынан кешіріп отырған және өзінің бірінші елкезбе уағыздаушысы карикатуралық кейіпкерлер Фогт, Бюхнер, т. т. болған күшті өрлеуге негіз салып, — ұлт берлиндік ескі гегельшілдіктің құрдымдарына барып жоғалып кеткен классикалық неміс философиясынан сырт айналып кетті. Берлиндік ескі гегельшілдікке бұл әбден лайық. Бірақ ғылымның шыңында болғысы келетін ұлт теориялық ойлаусыз тұра алмайды. Гегельшілдікпен бірге диалектиканы да сыртқа тастады — тастағанда да, табиғат процестерінің диалектикалық сыйпаты пәрменді түрде ойға таңыла бастаған кезде, олай болса, жаратылыс тану ғылымының теориялық қыйыншылықтардан шығуына тек диалектика ғана көмектесе алатын кездің дәл өзінде сыртқа тастады. Осының салдарынан жұрт тағыда ескі метафизиканың құрбандығы болып шықты. Сол кезден бастап жұртшылықтың арасына, бір жағынан, филистердің рухани дәрежесіне бейімделген Шопенгауердің тұрпайы ойлары, кейіннен тіпті Гартманның да ойлары, ал екінші жағынан — әрқыйлы Фогттер мен Бюхнерлердің елкезбе уағызшылар стиліндегі тұрпайы материализмі кең тарады. Университеттерде эклектизмнің тіптен алуан түрлері бәсекелесті, бұларға ортақ болған нәрсе тек сол еді — бұлардың бәрі ескі философиялық системаның жалаң бір қоқыстарынан ғана жасалған және бәрі де бірдей метафизикалық еді. Классикалық философияның қалдықтарынан тек белгілі дәрежедегі неокантшылдық сақталды, оның ақырғы сөзі мәңгі білуге болмайтын өзіндік зат болды, яғни Кант ілімінің сақталуға лайықтығы бәрінен де кем бөлімі сақталған. Ақырғы нәтижесі кәзіргі кезде теориялық ойлау саласындағы үстем болып отырған алауыздық пен былықпа болды.

Кәзір жаратылыс тану саласынан теориялық кітаптың қайсысын алып оқысаң да оны оқығаныңда мынадай пікір туады: жаратылыс зерттеушілердің өздері осы алауыздық пен осы былықтың өздеріне қандай күшті үстемдік етіп отырғанын, ал кәзірде қолданылып жүрген философиясымақ мүлдем ешбір жол тауып бермейтінін сезеді. Ал мұнда белгілібір формада метафизикалық ойлаудан диалектикалық ойлауға қайтып келуден бас-

қа айқындыққа жетудің ешқандай жолы, ешқандай басқа мүмкіндігі шынында жоқ.

Бұл қайтып келу түрлі жолмен болуы мүмкін. Ол өзіне бұдан әрі ескі метафизикалық прокруст төсегіне сыймайтын жаратылыс-ғылыми жаңалықтардың өздерінің тегеуірінінің арқасында стихиялық түрде жәй ғана жол сала алады. Бірақ бұл — ұзақ және қыйын процесс, мұнда сансыз көп керексіз егестерді жеңуге тура келеді. Бұл процесс едәуір дәрежеде кәзірдің өзінде, әсіресе биологияда болып жатыр. Егер теориялық жаратылыс танудың өкілдері диалектикалық философиямен оның тарихи нақты формаларында бір табан жақын танысқысы келсе ол процесс өте қысқартылуы мүмкін. Бұл формалардың ішінде осы заманғы жаратылыс тану үшін әсіресе жемісті болатыны екі форма.

Бірінші — грек философиясы. Мұнда диалектикалық ойлау әлі алғашқы қарапайым түрінде, XVII және XVIII ғасырдың метафизикасы өзіне өзі жасаған — Бэкон мен Локк Англияда, Вольф Германияда жасаған — жарқын кедергілер және жалқыны түсінуден тұтасты түсінуде, заттардың жаппай байланыстарын пайымдауда өзінің жолын бөгеген кедергілер бұзбаған алғашқы түрінде шығып отырады. Гректерде — олар әлі табиғатты жіктеуге дейін, талдауға дейін жеткен жоқ еді, нақ сондықтан — табиғат әлі жалпы, біртұтас түрінде қаралады. Табиғат құбылыстарының жалпы байланысы егжей-тегжейленіп дәлелденбейді: ол байланыс гректер үшін тікелей байқаудың нәтижесі болып табылады. Грек философиясының кемістігі осында, осының салдарынан ол философияның ақырында орынды басқа көзқарастарға бөруіне тура келді. Бірақ өзінің кейініректегі метафизикалық қарсыластарынан оның артықшылығы да осында. Егер егжей-тегжейлеу жағынан гректерге қарағанда метафизиканикі дұрыс болса, онда тұтас алып қарау жөнінде метафизикаға қарағанда гректердікі дұрыс. Мұның өзі бізді, басқа да толып жатқан салалардағы сыяқты, философияда да осы кішкене халықтың өзінің мінсіз дарындылығы мен қызметі адамзат тарихынан басқа ешбір халық таласа алмайтын орында өзіне қамтамасыз епкен осы кішкене халықтың табысына қайта-қайта оралып соғуға мәжбүр ететін себептердің бірі. Ал екінші бір себебі, грек философиясының әралуан формаларында дүниеге көзқарастардың ең соңғы типтерінің бәрі дерлік ұрық күйінде, туу процесінде сол кезде-ақ болғандығы. Сондықтан теориялық жаратылыс тану ғылымында да, егер ол өзінің кәзіргі жалпы қағыйдаларының тууы мен дамуының тарихын қарап шыққысы келсе, гректерге оралып соғуға мәжбүр. Ал осыны түсіну өзіне барған сайын үсті-үстіне жол ашуда. Өздері грек философиясының, мысалы, атомистиканың, үзінділерін мәңгі ақыйқаттар ретінде қолданып отырып, гректерге, оларда эмпирикалық жара-



тылыс тану ғылымы болмады деп, Бэконша, жоғарыдан қарайтын жаратылыс зерттеушілер барған сайын азая түсуде. Осы түсінік тереңдеп, грек философиясымен шын мәнінде танысуға жеткізсе, дұрыс-ақ болар еді.

Диалектиканың екінші формасы, дәл неміс жаратылыс зерттеушілеріне әсіресе жақын формасын немістің Канттан Гегельге дейінгі классикалық философиясы. Мұнда кәзірдің өзінде кейбір негіз салынған, өйткені сонымен қатар және жоғарыда айтылған неокантшылдықтың үстіне Кантқа оралып соғу қайтадан модаға айнала бастады. Канттың данышпандық екі гипотезаны, өзінсіз жаратылыс тану ғылымы бір адым да аттай алмайтын екі гипотезаны жасаушы екендігін ашқаннан бері, — атап айтқанда бұрын Лапласікі делініп жүрген күн системасының туу теориясы мен жердің айналуының теңіз тасуы себебінен бәсеңдеуі теориясы ашылғаннан бері, — сонан бері Кант тағыда жаратылыс зерттеушілер алдында тиісінше құрметке ие болып шықты. Бірақ біз Гегельдің шығармаларында, мүлде жалған негізден басталып дамытылып отырса да, диалектиканың көлемді компендилерін көріп отырғанымыздан бері диалектиканы Канттан үйрену текке әуре болушылық және қасиетсіз жұмыс болар еді.

Бір жағынан, «натурфилософияға» қарсы реакция, — осы жалған негізгі пунктпен және берлиндік гегельшілдіктің түкке тұрғысыз мардымсыздануымен едәуір дәрежеде ақталатын реакция, — ақыр соңында жәй балағатқа айналып азып, сүлдері біткеннен кейін, екінші жағынан, жаратылыс тану ғылымын өзінің теориялық талаптарында әйгілі эклектикалық метафизика дәрменсіз халде үмітсіз қалдырып кеткеннен кейін, — бәлкім, жаратылыс зерттеушілердің алдында Гегель туралы тағыда сөз көтеруге мүмкін болар, көтергенде, олардың Дюринг мырзаның сонша күлдіргі болып көрінетін витта селкілдегін тудырмай көтеруге болар.

Бәрінен бұрын мынаны анықтап алу керек: мұнда әңгіме есте де Гегельдің негізгі көзқарасын, рух, ой, идея — алғашқы нәрсе, ал шын әлем — идеяның бедері ғана деп санайтын негізгі көзқарасын жақтау туралы болып отырған жоқ. Онан Фейербах та бастартқан. Біздің бәріміз де мынаған келісеміз: кез келген ғылыми салада — табиғат саласында да, тарих саласында да — бізге белгілі *фактыларға* сүйену керек, олай болса, жаратылыс тану ғылымында — материяның түрлі заттық формалар мен қозғалысының түрлі формаларына сүйену керек<sup>1</sup>, ал олай болса, сон-

<sup>1</sup> Бұл арада текстің алғашқы редакциясында нүкте тұрған еді, мұнан кейін аяғына дейін жазылмаған, кейіннен Энгельс өшіріп тастаған мынадай сөйлем басталған еді: «Социалистік материалист біздер бұл жөнінде жаратылыс зерттеушілерге қарағанда, тіпті онан да әрі барамыз, өйткені бізде...» *Ред.*

дай-ақ теориялық жаратылыс тану ғылымында да байланыстарды құрастыруға және оларды фактыларға енгізуге болмайды, қайта оларды фактылардан шығарып алу керек және тапқаннан кейін оларды мүмкін болғанынша тәжірибе арқылы дәлелдеу керек.

Дәл сондай-ақ Гегель системасының догмалық мазмұнын, оны берлиндік гегельшілдердің үлкендері мен кішілері тарапынан уағыздалған түрінде сақтау жөнінде де әңгіме болуы мүмкін емес. Идеалистік негізгі пунктпен бірге оған негізделген система да құлайды, демек, атап айтқанда гегельдік натурфилософия да құлайды. Бірақ мұнда мынаны еске салу керек: Гегельге қарсы табиғи-ғылыми айтыс, жалпы алғанда бұл айтыс оны дұрыс түсінгендіктен, тек мына екі пунктке: идеалистік негізгі пунктке және қалай болса солай, фактыларға қайшы келетін, системалар құрылысына қарсы бағытталған.

Осының бәрін шығарып тастағанда әлі де Гегельдің диалектикасы қалады. Маркстің сіңірген еңбегі — ұмытылып кеткен диалектикалық методты «кәзіргі заманғы Германияда көзге түсіп жүрген барпылдауық, өркөкірек және тым өрісі тар эпигондыққа»<sup>1</sup> қарама-қарсы тұңғыш рет тағыда жарыққа шығады, оның Гегель диалектикасына байланысын, ал сонымен бірге ол диалектикадан оның айырмашылығын да көрсетті және сонымен қатар «Капиталда» бұл методты белгілі эмпирикалық ғылымның, саяси экономияның фактыларына қолдануды көрсетіп берді. Ал мұны оның табысты етіп істегені соншалық, тіпті Германияда да ең жаңа экономикалық бағыт тұрпайы фритредерліктен жоғары көтеріліп отыр, көтерілгенде ол Марксті сынау деген сылтаумен одан көшіріп алумен (көбінесе теріс) шұғылдандуының арқасында ғана көтеріліп отыр.

Гегель системасының басқа да барлық тарауларындағы сыяқты, оның диалектикасында да шын мәнісіндегі байланыстардың бәрін бұрмалау үстем болып отыр. Бірақ, Маркс айтқандайын, «Гегельдің қолында отырып диалектикаға енген мистика дәл сол Гегельдің тұңғыш рет диалектика қозғалысының жалпылама формаларының барлығын тегіс қамтыйтын және саналы суреттемесін беруіне әсте кедергі бола алған жоқ. Гегельдің диалектикасы басымен тұр. Оны аяғынан тік қою керек, сөйтіп мистика қауызына бүркенген керекті дәнді аршып алу керек»<sup>2</sup>.

Ал жаратылыс тану ғылымының өзінде де мынадай теорияларды: шын мәніндегі қатынастар басымен қойылған, бейненің өзі бейнеленетін объектінің орнына қабылданатын, сондықтан да

<sup>1</sup> Бұл сөздер «Капиталдың» I томының екінші басылуына Маркс жазған соңғы сөзден алынған. (Қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс*: Екі томдық Таңдамалы шығармалар, I том, 438-бет). *Ред.*

<sup>2</sup> Қараңыз: *К. Маркс пен Ф. Энгельс*. Екі томдық Таңдамалы шығармалары, I том, 438—439-беттер. *Ред.*

әлгідей аударып қояды керек ететін теорияларды өте жиі кездестіреміз. Ондай теориялар көбінесе ұзақ уақыт бойы үстемдік етеді. Жылылық жөніндегі ілім нақ сондай: екі жүз жыл бойы дерлік жылылық кәдімгі материя қозғалысының формасы ретінде қаралмады, ерекше бір жұмбақ материя деп қаралды; жылылықтың механикалық теориясы ғана мұнда қажетті аударып қояды жүзеге асырды. Осылай бола тұрса да, өзінде жылу тегі теориясы үстем болған физика жылылықтың жоғары дәрежелі маңызы бар бірқатар заңдарын ашты. Әсіресе Фурье<sup>1</sup> мен Сади Карно бұл жерде дұрыс теорияға жол ашты, бұл теорияның үлесіне қалғаны өзінен бұрынғы теорияның ашқан заңдарын аударып қойып, оларды өзінің бағытына келтіру ғана болды<sup>2</sup>. Нақ сол сыяқты, химияда флогистон теориясы өзінің ғасыр бойы жасаған эксперименттік жұмысымен тұңғыш рет сондай бір материал берді, Лавуазье осы материалдың көмегімен Пристли тапқан оттегінен фантастикалық флогистонның реалдық антиподын аша алды, сөйтіп бүкіл флогистондық теорияны жоя алды. Бірақ бұл флогистиканың тәжірибе арқылы жеткен нәтижелерін әстеді жою деген сөз емес. Қайта мұның керісінше, олар өмір сүре берді; тек олардың тұжырымдары аударылып қойылды, флогистон теориясының тілінен осы заманғы химия тіліне аударылды; сондықтан да олар өз маңызын сақтап қалды.

Жылу тегі теориясы — жылылықтың механикалық теориясына қандай қатысса, флогистон теориясы — Лавуазье теориясына қандай қатысса, Гегельдің диалектикасы рационалдық диалектикаға сондай қатысты.

## «АНТИ-ДЮРИНГКЕ» ӘЗІРЛІК ЖҰМЫСТАРЫНАН<sup>3</sup>

### І Б Ө Л І М Г Е

#### III т а р а у ғ а

#### [Идеялар — шындықтың бейнелері]

Идеялардың барлығы тәжірибеден алынған, олар шындықтың, дұрыс немесе бұрмаланған, бейнелері.

<sup>1</sup> Энгельстің сөз қылып отырғаны математик Жан Батист Жозев Фурье, «Жылылықтың аналитикалық теориясы» деген трактаттың авторы («Théorie analytique de la chaleur», Paris 1822). *Ред.*

<sup>2</sup> Карнода көрсетілген С функциясы дәл мағнасында айтқанда аударылып қойылған:  $\frac{1}{C}$  = абсолюттік температураға. Егер оны солай етіп аударып қоймаса, ол түкке аспайды. [Энгельстің ескертуі].

<sup>3</sup> ««Анти-Дюрингке» әзірлік жұмыстарының» тиісті үзінділері жататын тараулар мен беттерді көрсеткен, сондай-ақ квадрат жақшаға алынған үзінді аттарын берген редакция. *Ред.*

### III тарауға, 37—38-беттер

#### [Материалдық дүние және ойлау заңдары]

Екі түрлі тәжірибе — сыртқы, материалдық, және ішкі — ойлау заңдары мен ойлау формалары. Сонымен қатар ойлау формалары да даму арқылы шінара мұра болған (мысалы, математикалық аксиомалардың европалықтар үшін өзінен-өзі айқындығы, бірақ, әрине, бушмендер мен австриялық негрлер үшін олай еместігі).

Егер біздің алғышарттарымыз дұрыс болса және біз оларға ойлау заңдарын дұрыс қолдансақ, онда нәтиже шындыққа сәйкес келуге тиіс, сәйкес келгенде, аналитикалық геометриядағы есептеп шығару геометриялық құрылысқа қандай сәйкес келуге тиіс болса дәл сондай сәйкес келуге тиіс, бұлардың екеуі де мүлде басқаша методтар бола тұрғанымен де солай болуға тиіс. Бірақ, амал не, ешуақыт бұлай болмайды деуге болады, ал немесе мүлдем қарапайым әрекеттерде ғана болады.

Сыртқы дүние дегеніміз, өз ретінде, не табиғат, не қоғам.

III тарауға, 37—39-беттер; IV тарауға, 43—47-беттер,  
X тарауға, 96-бет

#### [Ойлаудың болмысқа қатысы]

Ойлаудың бірден-бір мазмұны дүние және ойлау заңдары.

Дүниені зерттеудің жалпы қорытындылары осы зерттеудің ақырында шығады; олай болса, олар *принциптер* болып табылмайды, негізгі пункттер болып табылмайды, қайта *нәтижелер*, қорытындылар болып табылады. Бұл нәтижелерді ойда жасалған құрастырулар арқылы алу, негіз ретінде оларға сүйеніп, ал сонан соң олардан ойда дүниені қайта құрастыру — *идеология* дегеніміз міне осы, идеология болғанда, осы уақытқа дейін материализмнің алуан түрлерінің бәрі де шалдыққан идеология. Материализмге, әрине, ойлаудың *табиғаттағы* болмысқа қатынасы біршама айқын бола тұрса да, бірақ бұл қатынас тарихта айқын болмады, ол ойлаудың нақтылы реттің қандайында болса да тарихи материалдық жағдайларға байланысты екендігін түсінбеді.— Дюринг фактыларға сүйенбей, «принциптерге» сүйенгендіктен, ол идеолог болып табылады, ол өзінің қағыйдаларын соншалық жалпы және мағнасыз формада білдіріп, өзінің идеолог екендігін жасырады, бұл қағыйдалары *аксиомалық*, *дәрекі* түрде ұғынылады, ал осылай болып отырғансоң ол қағыйдалардан ешқандай қорытындылар жасауға болмайды, оларға қалай болса солай маңыз *беруге* ғана болады. Мысалы, тым болмағанда *болмыстың бірден-бірлігі* принципі. Дүниенің біртұтастығы және ол дүниедегі болмыс дегеннің сорақылық екендігі — дүние-

ні бүкіл зерттеудің нәтижесі, ал мұнда *ойлаудың аксиомасына* сүйеніп, оны а priori деп дәлелдеу көзделіп отыр. Осыдан келіп мағнасыздық туады. — Бірақ осылай аударып қоймайынша оқшауланған философияның болуы мүмкін емес.

### III тарауға, 39—40-беттер

#### [Дүние — байланысқан біртұтастық. Дүниені тану]

*Систематика*<sup>1</sup> Гегельден кейін мүмкін емес. Дүниенің бірыңғай система, яғни байланысқан біртұтастық екені түсінікті нәрсе, бірақ бұл системаны тану бүкіл табиғат пен тарихты тануды керек етеді, бұған адамдар *ешуақытта* жете алмайды. Сөйтіп, кімде-кім система құрса, сансыз көп олқы нәрселерді *өзінің ойынан шығарғандарымен* толтыруға, яғни *иррационалдық* түрде қыялдауға, идеолог болуға тиіс.

Рационалды қыял — *alias*<sup>2</sup> комбинация!

### III тарауға, 40—43-беттер

#### [Математикалық амалдар және нағыз логикалық амалдар]

Есептеуіш парасат — *есеп машинасы!* — Материалдық дәлелдеуді, тексеруді қолданатын математикалық амалдарды, — өйткені олар абстрактылық болса да тікелей материалдық аңғаруға негізделген, — ойша қорытынды жасау арқылы ғана дәлелдеуді қолданатын, ал сондықтан да өздеріне математикалық амалдарға тән дұрыс анықтық тән емес *нағыз* логикалық амалдармен шағастырады, — ал олардың соншалық көбі қате болып шығады! Интегралдау үшін машина, салыстырыңыз: Andrews, speech. Nature, Sept. 7, 76<sup>3</sup>.

Схема = шаблон.

### III тарауға, 40—43-беттер; IV тарауға, 43—46-беттер

#### [Реалдылық және абстракция]

Барлығын қамтыйтын болмыстың бүкіл бірыңғайлылығы туралы қағыйданың көмегімен, — бұған папа мен шейх-уль-ислам өздерінің күнасыздығынан және діннен ешбір бастартпай-ақ қол қоя алады, — Дюрингтің математикалық аксиоманың қандайынан

<sup>1</sup> Систематика — бұл жерде әбден аяқталған система құру мағнасында. *Ред.*

<sup>2</sup> — басқаша айтқанда. *Ред.*

<sup>3</sup> Эндрьюс, сөйлеген сөз. «Табиғат» 7 септябрь, 1876 ж. — Энгельстің айтып отырғаны Бельфастегі Британия ғылым ассоциациясының 46-жылма жылғы жыйналысында Томас Эндрьюстің сөйлеген сөзі. *Ред.*

болса да құру жолымен үшбұрыш немесе шар шығара алмайтыны, немесе аксиомадан Пифагордың теоремасын шығара алмайтыны сыяқты, ол бүкіл болмыстың бірыңғай *материалдылығы* да дәлелдей алмайды. Мұның екеуі үшін де нақты алғышарттар керек, ал осы алғышарттарды зерттеу жолымен ғана сол нәтижелерге жетуге болады. Материалдық дүниеден басқа тағы бір ерекше рухани дүниенің жоқтығы жөніндегі сенім нақты дүниені ұзақ және қыйын зерттеудің, у *compris*<sup>1</sup>, сонымен қатар адам мыйының жемістері мен процестерін де зерттеудің нәтижесі. Геометрияның нәтижелері басқа ешнәрсе де емес, түрлі сызықтардың, үстіңгі беттердің және денелердің, сонымен қатар олардың комбинацияларының табиғи қасиеттері ғана болып табылады, бұлардың көбі-ақ (радиолярии, жәндіктер, кристалдар, т. т.) адам өмір сүруден көп бұрын табиғатта кездескен болатын.

### *VI тарауға, 61 және келесі беттер*

#### **[Қозғалыс дегеніміз материя болмысының формасы]**

*Қозғалыс дегеніміз материя болмысының формасы*, демек, оның жәй ғана қасиетінен гөрі артық бірдеме. Қозғалыссыз материя болмайды және ешуақытта болған болуы да мүмкін емес. Дүние кеңістігіндегі қозғалыс, шамалырақ массалардың жеке дүниелік денедегі механикалық қозғалысы, молекулалардың жылылық ретінде толықсуы, электр күші, магнит поляризациясы, химиялық ыдырау және қосылу, организмді тіршілік, оның жоғарғы жемісі ойлауға дейін, — қозғалыстың формалары міне осылар, бұларда — бұлардың не анасында, не мынасында — әрбір белгілі кезеңде заттың әрбір жеке атомы бар. Тепе-теңдіктің қандайы болса да, не тек относителдік тыныштық болып табылады, немесе өзі тепе-теңдіктегі қозғалыс болып табылады, мысалы, планеталардың қозғалысы осындай. Материя жоқ жерде ғана абсолюттік тыныштық болуы мүмкін. Сонымен, материядан қозғалыстың нақ өзін де, оның формаларының қандай болсын бір түрін де, мысалы, механикалық күшті, бөлуге болмайды; сорақылыққа түспейінше материяға қозғалысты ерекше бір нәрсе, оған жат бір нәрсе ретінде қарсы қоюға болмайды.

### *VII тарауға, 71—73-беттер*

#### **[Табиғи іріктелу]**

Дюринг *natural selection*<sup>2</sup> теориясына қуана жабыса түсуге тиіс еді, өйткені ол дегенмен оның санасыз мақсаттар мен құрал-

<sup>1</sup> — оған қоса. *Ред.*

<sup>2</sup> — табиғи іріктелу. *Ред.*

дар туралы іліміне ең жақсы дәлелдеме береді.— Егер Дарвин табиғи іріктелуді, өзгеріс баяу болатын *форманы* зерттеген болса, ал Дюринг Дарвиннің өзгерістің *себепін* көрсетуін де талап етеді, ол себеп жөнінде Дюринг мырзаға да сондай-ақ ешнәрсе белгісіз. Ғылымның табысы қандай болса да Дюринг мырза әрдайым: әлі де бірдеме жетпейді дейді, міне сөйтіп, күңкілдеуге оның жеткілікті дәлелі болып шығады.

## VII тарауға

### [Дарвин туралы]

Асқан сыпайы Дарвин қандай ұлы адам, ол бүкіл биологиядан мыңдаған фактыларды салыстырып, жіктеп және өңдеп қана қоймайды, сонымен қатар, өзінің ізтастаушыларының әрқайсысы туралы, ол адам қандай мардымсыз бола тұрса да, қуанышпен айтады, мұнысы тіпті өзінің даңқына нұқсан келтіретін болса да сөйтеді,— егер оны мақтаншақ, өзі ешнәрсе бермейтін, бірақ басқалардың бергендеріне жиреніп қарайтын Дюрингпен салыстырса, және өзі...

*VII тарауға, 72—73-беттер; VIII тарауға, 79—80-беттер*

*Дюрингішілдік. Дарвинизм, 115-бет<sup>1</sup>.*

Өсімдіктердің *бейімделуі* физикалық күштердің немесе химиялық факторлардың комбинациясы болып табылады, демек, тіпті де бейімделу емес. Егер «өсімдік өзінің өсуінде неғұрлым көп жарық алатын жолды таңдап алса», онда ол мұны, өсімдіктердің түрі мен қасиетіне қарай, әртүрлі жолдармен және әртүрлі әдістермен істейді. Бірақ физикалық күштер мен химиялық факторлар әрбір өсімдіктерде түрліше әсер етеді және осы «химиялық пен физикалыққа, т. т.» қарағанда анығында басқа бірдеме болып табылатын өсімдік өзіне қажет жарықты алғанда, ұзақ уақыт болып өткен дамудың арқасында өзіне тән болған жолмен алуына көмектеседі. Осы жарық шіміркену ретінде өсімдіктің клеткаларына әсер етеді, нақ осы жарықтың өзі реакция ретінде оларда әлгі күштер мен факторларды туғызады<sup>2</sup>. Ал бұл процесс организмді клеткалық түзілісте болатындықтан және жүйкелер арқылы мыйда болатындығы сыяқты, мұнда да болып отырған шіміркену мен реакция формасын алатындықтан олардың, — бұл екі жағдайдың екеуінде де бір сөзді — бейімделу де-

<sup>1</sup> Көрсетіліп отырған беттер Дюрингтің «Философия курсына» жатады. *Ред.*

<sup>2</sup> Бұл жерде қолжазбаның шетіне былай деп жазылған: «сонымен қатар хайуандарда да еріктен тыс бейімделу басты роль атқарады». *Ред.*

генді қолдануға болады. Ал егер бейімделу қалайда сана арқылы ғана болуға тиіс болса, онда сана мен бейімделу қай жерде басталады және олар қай жерде тоқталады? Монераларда ма, жәндік қоректі өсімдікте ме, губкаларда ма, кораллада ма, бірінші жүйкеде ме? Дюринг мұның шегін көрсетсе, ол ескі дәстүрлі жаратылыс зерттеушілерді зор сүйсіндірген болар еді. Протоплазманың шіміркенуі және протоплазманың реакциясы жанды протоплазма болған жердің бәрінде бар. Ал протоплазма баяу өзгертін шіміркенулердің әсерінің себебінен нақ солай өзгертін болғандықтан, — олай болмағанда ол құрыған болар еді, — сондықтан барлық организмді денелерге нақ бір сөзді, атап айтқанда бейімделу деген сөзді қолдану *қажет*.

### *VII тарауға, 72-бет және келесі беттер*

#### **[Бейімделу және тұқым қуалаушылық]**

Геккель бейімделуді түрлердің дамуы жөнінде өзгеріс туғызатын теріс фактор ретінде қарайды, ал тұқым қуалаушылықты — түрді сақтайтын дұрыс фактор ретінде қарайды. Дюринг, мұның керісінше, былай дейді: (122-бет) тұқым қуалаушылық теріс нәтижелерді де туғызады, *өзгерістер* жасайды (бұл арада преформация жөнінде бос сөз). Бұл қарама-қарсылықтарды аударып қою — осы тәрізді басқа да қарама-қарсылықтардың бәрі сыяқты, — өте оңай және, оның керісінше, форманың нақ өзгеруі арқасында бейімделудің мәнді нәрсені, *органның дәл өзін* сақтайтындығын көрсету өте оңай, ал тұқым қуалаушылық болса еді, әрдайым әртүрлі, индивидтің қосылуының арқасында әрқашан өзгеріс туғызады, бұлардың жыйналуы түрдің өзгеруін болғызбай тастамайды. Бейімделудің нәтижелері де тұқым қуалайды ғой! Бірақ мұнымен біз бір адым ілгері баспаймыз. Біз *істің шындық жайымен* санасуға және оны зерттеуге тиіспіз, ал сонда біз әрине тұқым қуалаушылықты мәселенің шын мәніне келгенде консервативтік, дұрыс, ал бейімделуді — процестің революцияландырушы, теріс жағы деп санағанда Геккельдің пікірінің әбден дұрыс екенін көреміз. Жануарлар мен өсімдіктерді қолға үйрету, өсіру және еріктен тыс бейімдеу — бұл фактылар бізге Дюрингтің «нәзік концепцияларының» бәрінен гөрі неғұрлым нағарлық әсер қалдырып отыр.

### *VIII тарауға, 81—84-беттер*

Дюринг, 141-бет.

*Тіршілік.* Соңғы жыйырма жыл ішінде физиологтер-химиктер және химиктер-физиологтер зат алмасуы тіршіліктің аса маңызды құбылысы деп талай рет айтып келді, — ал бұл жерде мұның



өзі қайтадан тіршілік дефинициясына көтеріліп отыр. Бірақ бұл дефиниция дәл де, жеткілікті де болып табылмайды. Біз тіршілік болмағанда да зат алмасуын байқаймыз, мысалы, химиялық жәй процестер жағдайында, олар шикі материалдар қосылып отырғанда әрқашан өзіне тән жағдайларын қайтадан туғызады, оның бержағында процесті туғызушы белгілі дене болып табылады (мысалды қараныз: Роско, 102<sup>1</sup>, күкірт қышқылын өндіру), эндосмос және экзосмос болғанда (өлі органикалық және тіпті органикалық емес жарғақтар арқылы да ма?), Траубенің жасанды клеткаларында және оларды коршаған ортада. Сонымен, өздері арқылы тіршілікті түсіндірмек болған зат алмасуларының өздері, өз ретінде, неғұрлым дәл анықтауды керек етеді. Түрлі терең дәлелдеулерге, нәзік концепцияларға және шебер зерттеулерге қарамастан, біз, демек, дегенмен де мәселенің шын мәнін түсінуге жеткен жоқпыз және әлі де болса: тіршілік деген не? — деп сұрастырамыз.

Дефинициялардың ғылым үшін маңызы жоқ, өйткені олар әрқашанда жеткіліксіз болып шығады. Бірден-бір нақтылы дефиниция істің өзінің мәнінің дамытылуы екен, ал мұның өзі олай болса дефиниция емес. Тіршіліктің не екенін анықтап, көрсету үшін біз тіршіліктің барлық формаларын зерттеуге және оларды өздерінің өзара байланыстарында көрсетуге тиіспіз. Бірақ әдеттегіше қолдану үшін дефиниция дейтіндегі неғұрлым жалпы және сонымен қатар неғұрлым ерекше көзге түсерлік белгілерді қысқаша көрсетіп өту көбінесе пайдалы болады, тіпті қажетті де, егер дефинициядан өзінің шамасы келіп білдіретіннен артықты талап етпесе, ол тіпті зыян да келтірмейді. Сонымен, тіршілікке толық анықтама беруге тырысып көрейік, мұны анықтауға нәтижесіз тырысқан адам аз болған жоқ. (Никольсонды қараныз).

Тіршілік дегеніміз белоктық денелердің өмір сүру әдісі, ал осы өмір сүру әдісі өзінің мәні жағынан белоктық денелердің химиялық құрамды бөліктерінің қоректену және денеден сыртқа шығару жолымен ұдайы жаңарып отыруында.

...Белоктың елеулі функциясы болып табылатын органикалық заттар алмасуынан және оған тән созылмалықтан келіп тіршіліктің барлық басқа, ең қарапайым функциялары: белок пен оның қорегінің арасындағы өзара қыймылында болатын шіміркенушілік; қоректі сіңіруде көрінетін жыйырылушылық; өсуге қабілеттілік, бұған ең төменгі сатыда (монера) бөліну арқылы көбею жатады; ішкі қозғалыс, мұнсыз қоректің сіңуі де, ассимиляциялануы да мүмкін емес. Жай созылмалы белоктен клеткаға,

<sup>1</sup> Roscoe und Schorlemmer, Ausführliches Lehrbuch der Chemie, В. I, Braunschweig 1877 (*Роско және Шорлеммер, Химияның толық оқулығы, I том Брауншвейг 1877*). Ред.

демек, организмге жетілу процесінің қалай болатындығын зерттеп байқау арқылы ғана анықтауға болады, ал ондай зерттеу енді тіршіліктің әдеттегі қарапайым анықтамасына жатпайды. (Дюринг 141-бетте тағы бүтіндей бір аралық дүние туралы айтады, өйткені бойымен заттар тарайтын каналдар системасы болмайынша және «ұрық схемасы болмайынша» нағыз тіршілік жоқ. Осы жері тамаша.)

### *X тарауға, 97—102-беттер*

#### **Дюринг — экономика. — Екі ер адам**

Әңгіме мораль туралы болып отырғанда, Дюринг оларды тең деп санай алады, бірақ мұнысы, әңгіме экономика туралы бола бастасымен-ақ, мүмкін болмай шығады. Егер, мысалы, осы екі ер адамның бірі broken, into all trades<sup>1</sup> янки болып, екіншісі мектеп пен шындық философиясын бітіргендігі туралы аттестатынан басқа, және де қолдарынан басқа, қолдарды болғанда, өзін күшті ететін сайысуға принцип бойынша ешуақытта жаттықпаған қолдарынан басқа, ештемесі жоқ берлиндік студиоз болып шықса, міне мұндай ретте теңдік туралы сөз болуы мүмкін бе? Янки бәрін өндіреді, студиоз анда-санда ғана көмектеседі, ал бөліс олардың әрқайсысының істегеніне сәйкес болады, — сөйтіп көп кешікпей янкиге (туудың немесе иммиграцияның арқасында) өсіп отырған колония халқын капиталистік жолмен қанауына мүмкіндік болады. Сөйтіп, екі еркек бүкіл кәзіргі заманғы құрылысқа, капиталистік өндіріске және басқаларға оңай бастама сала алады, ал мұнда олардың бірде-біріне қылыш жұмсауға тура келмейді.

### *X тарауға, 103—107-беттер*

#### **Дюрингішілдік.**

*Теңдік — әділеттік.* — Теңдік дегеніміз әділеттіктің көрінісі, жетілген саяси және әлеуметтік құрылыстың принципі деген түсінік барынша тарихи жолмен туған. Алғашқы қауымдарда теңдік деген болған жоқ, ал болған болса ол жеке қауымның толық праволы мүшесі үшін өте тежеулі көлемде ғана болып, құлдық тәртіптің өмір сүруімен үйлестіріліп отырылды. Арғы заманғы демократияда да солай болған. Барлық адамдардың — гректердің, римдіктер мен варварлардың, еріктілер мен құлдардың, мемлекет ішінде туғандар мен шетелдіктердің, мемлекет азаматтарының және оның қамқорлығымен ғана пайдаланатындардың және т. б. — тең болуы арғы заман адамына ақылсыздық болып қана қоймай, сонымен

<sup>1</sup>—бәрі қолынан келетін. *Ред.*

қатар қылмыс та болып көрінді және оның алғашқы бас-тамалары христиан дінінде қуғынға ұшырауы заңды болды. — *Қунакарлар ретіндегі барлық адамдардың құдай алдындағы жағымсыз теңдігі* және Христостың қайырымы мен қаны арқылы ақталған белгілібір құдай пенделерінің неғұрлым тар мағнадағы теңдігі христиан дінінде ең алғаш көрінді. Бұл екі түсініктің екеуі де құлдардың, қуылғандардың, аласталғандардың, қуғын көргендердің, езілгендердің діні есебіндегі христиан дінінің ролінен туды. Христиан діні жеңгеннен кейін бұл жағы кейінге шегінді, ең алдымен діншілдер мен мәжүсилер, ақыйқат діндегілер мен еретиктер арасындағы қарама-қарсылық ең маңызды нәрсе бола бастады. — Қалалар күшеюі және сонымен қатар, — буржуазияның да, пролетариаттың да азды-көпті жетілген элементтерінің күшеюі буржуазиялық өмір сүрудің шарты есебінде теңдік талабының бірте-бірте көтерілуін тағыда сөзсіз туғызуға тиіс болды, ал пролетарлардың саяси теңдіктен әлеуметтік теңдікті шығарып ала бастауы осыған байланысты болды. Алғаш рет бұл — әрине, діни формада — Шаруа соғысында өте айқын көрінді. — Теңдік талабының буржуазиялық жағын айқын түрде, — бірақ әлі де болса жалпы адамдық талап түрінде, — алғаш рет Руссо тұжырымдады. Буржуазияның барлық талаптарының бәріндегі сыяқты, пролетариат бұл жағдайда да қатерлі көлеңке есебінде буржуазияға еріп отырады және өз қорытындыларың жасайды (Бабэф). Буржуазиялық теңдік пен пролетарлық қорытындылар арасындағы бұл байланысты неғұрлым толығырақ талдау керек.

Сөйтп, теңдік-әділдік принципін жасау үшін өткен тарих түгелдей дерлік керек болды, ал оны буржуазия мен пролетариат өмір сүріп отырған кезде ғана тұжырымдауға сәті түсті. Ал теңдік принципі мынада болды: ешқандай артықшылықтар болуға тиіс емес, олай болса, ол шын мәніне келгенде *теріс* болып шығады, ол бүкіл болып өткен тарихты жарамсыз деп жарыялайды. Ол принцип дұрыс мазмұннан жұрдай болғандықтан және бұрынғы өткеннің бәрін орынсыз теріске шығарып отырғандықтан, ол 1789—1796 жылдардың ұлы революциясының жарыялауына да, ең соңғы, системалар ойлап шығаратын тұрпайы ақыл иелеріне де бірдей жарамды. Бірақ теңдік-әділеттік қағыйдасын жоғарғы принцип деп, соңғы ақыйқат деп көрсету сорақылық. Теңдік теңсіздікке қарама-қарсы ғана болады; әділеттік әділетсіздікке қарама-қарсы ғана болады; олай болса, бұл ұғымдарға тағыда бұрынғы өткен тарих жөніндегі қарама-қарсылығы, демек — ескі қоғамның өзі<sup>1</sup> қосылады.

<sup>1</sup> Бұл жерде қолжазбаның шетінде былай деп жазылған: «Теңдік туралы түсінік товарлар өндірудегі жалпы адам еңбегінің теңдігінен [туады]. «Қапитал», 36-бет». — Қараңыз: «Қапитал», I том, 1952, 66-бет. *Ред.*

Сондықтан да жоғарыда көрсетілген қағыйда мәңгілік әділеттік пен ақыйқатты білдіре алмайды. Қоғам дамуының бірнеше ұрпақтарынан кейін, коммунистік құрылыс тұсында және тіршілік сақтау заттарының саны көбейген кезде адамдар сондай бір халге жетеді де, теңдік пен правоны өркөкірек талап етушілік сонша адам күлерлік, адам күлерлік болғанда да кәзір дворяндық және сол сыяқты мұралық артықшылықтармен дандайсу қандай адам күлерлік ерсі болып көрінсе, нақ сондай болып көрінетін халге жетеді. Ескі теңсіздік пен ескі түбелікті право жөнінде де, сондай-ақ жана, өтпелі право жөнінде де қарама-қарсылық нақтылы өмірден жойылады; кімде-кім өнімдердің өзіне тиесілі тең және әділетті үлесінің педанттық дәлдікпен берілуін талап етсе, — оған күлкі етіп екі үлес береді. Мұны «болжап білуге» болады дегенге тіпті Дюринг те қосылды, ал онда, тарихи естеліктер сақталатын қоймада болмағанда, теңдік пен әділдік қандай орында болмақ? Кәзір мұндай желсөздер үгіт үшін аса жарамды болғанымен, олар әсте де мәңгілік ақыйқат бола алмайды.

(Теңдіктің *мазмұнын* анықтау. — Праволық жағымен шектелу, т. т.).

Солай бола тұрса да, кәзіргі уақыттың өзінде де және бір-қыдыру алыс болашақ үшін де теңдіктің абстрактылық теориясы сорақылық болып шығады. Бірде-бір пролетар-социалист немесе социалистік теоретик өзімен бушменнің немесе Отты Жерде туған адамның, немесе тым болмаса тіпті *шаруаның*, не болмаса жартылай феодалдық күндікшінің арасында абстрактылық теңдіктің болуына жолбергісі келмейді; ал мұның өзі тым болмаса Европада жойылысымен-ақ, теңдік жөніндегі абстрактылық көзқарас та жойылады. Рационалды теңдікті орнатқан кезде бұл теңдіктің өзі барлық маңызын жоғалтады. Егер кәзір теңдікті талап етіп отырса, онда оның өзі ақыл-ой мен мінез-күллықты *тегістеуді* күнібұрын сезудің арқасында болып отыр, мұның өзі *кәзіргі тарихи қатынастардың тұсында* өзінен өзі басталады. Ал *мәңгілік* мораль әрқашан және *барлық жерде* мүмкін болуға тиіс еді. Мұны теңдік туралы айтуға тіпті Дюрингтің де батылы бармайды; ол, мұның керісінше, өтпелі дәуір үшін репрессияны мүмкін деп санайды, олай болса, теңдіктің мәңгілік ақыйқат емес екенін, белгілі тарихи жағдайлардың тарихи жемісі және ерекше белгісі екенін мойындайды.

Буржуазиялық теңдік (таптық *артықшылықтарды* жою) пролетарлық теңдіктен (таптардың өздерін жою) өте өзгешіс. Бұдан асып түсетін, яғни абстракты түрде ұғылған, теңдікті талап ету сорақылық болып шығады. Сайып келгенде Дюринг мырзаның өзі де қарулы және әкімшілік, соттық пен полицейлік күштеуді жасырын түрде қайтадан амалдап кіргізуге мәжбүр болып отыр.

Сонымен, *теңдік туралы түсініктің өзі тарихи жеміс екен*, оны жасап шығару үшін бүкіл бұрынғы өткен тарих қажет екен, олай болса, бұл түсінік мәңгілік ақыйқат ретінде ежелден бері келе жатқан емес екен. Ал кәзіргі уақытта ол адамдардың көпшілігіне — *en principe*<sup>1</sup> өзінен өзі түсінікті бір нәрсе болып көрінсе, онда мұның өзі олардың аксиомалық сыйпатының нәтижесі емес, қайта XVIII ғасырдың *идеяларын таратудың* нәтижесі. Сонымен, кәзіргі уақытта атышулы екі ер адам теңдік көзқарасында тұрған болса, онда мұның өзі оларды XIX ғасырдың «білімді» адамдары және мұның өзін олар үшін «*табиғи*» нәрсе деп білуге тура келетіндіктен туады. Ал *шын* адамдардың өздерін қалай ұстап отырғандары және қалай ұстағандары өздері өмір сүрген тарихи жағдайларға қашанда байланысты болады және қашанда байланысты болып келді.

*IX тарауға, 92—95-беттер; X тарауға, 103—107-беттер*

#### [Идеялардың қоғамдық қатынастарға байланыстылығы]

*Адамдардың тіршілігінің жағдайларын олардың идеялары мен түсініктері жасалты*, оның керісінше емес, дейтін көзқарас бүкіл бұрынғы өткен тарих арқылы теріске шығарылып отыр, ол тарихта осы уақытқа дейін нәтижелер әрқашан күткен нәтижелерден басқаша болып шығып отырды, ал кейіннен келе күткен нәтижелерге көбінесе қарама-қарсы нәтижелер шығып отырды. Бұл көзқарас бірсыпыра уақыттан кейін келешекте шындыққа сәйкес келуі мүмкін, өйткені адамдар қатынастарының өзгеруі туғызатын қажеттікті, қоғамдық құрылыстың өзгерілуі (*sit venia verbo*<sup>2</sup>) қажеттігін күнібұрын білетін болады және адамдар бұл өзгерістің өздерінің санасынан және еркінен тыс өздеріне таңылуынан бұрын ол өзгерістің болуын тілейді. — Мұның өзін *право* туралы түсініктерге де қолдануға болады, ал, олай болса, саясатқа да қолдануға болады (*as far as that goes*<sup>3</sup>, бұл пунктті «философия» бөлімінде қарау керек, — «зорлық» саяси экономияға қалады).

*XI тарауға, 114—115-беттер (сонымен қатар III бөлім, V тарау, 313—314-беттерді де салыстырыңыз)*

*Табиғатты дұрыс бейнелеудің өзі — қыйын іс, тәжірибенің ұзақ уақыттық тарихының жемісі. Табиғаттың күштері алғашқы адамға бір жат, сырлы, өктем нәрсе сыяқтанып көрінеді. Барлық мәдениетті халықтар өтетін белгілі даму сатысында ал-*

<sup>1</sup> — принциптікпен. *Ред.*

<sup>2</sup> — солай деуге болатын-ақ болсын. *Ред.*

<sup>3</sup> — орынды болғандықтан. *Ред.*

ғашқы адам табиғат күштеріне бейнелеу арқылы үйренеді. Нақ осы бейнелеуге тырысу барлық жерлерде бірдей құдайларды жасады, және құдайдың барлығы жөніндегі дәлелдің сүйеніші болып жүрген *consensus gentium*<sup>1</sup> қажетті өтпелі саты есебінде бейнелеуге осылай тырысудың, демек, діннің де нақ жалпылық екендігін ғана дәлелдейді. Табиғат күштерін шын тану ғана құдайларды немесе құдайды бір саладан кейін бір саладан қуады (Секки және оның күн системасы). Қазіргі кезде бұл процестің алға басқандығы сонша, теориялық жағынан алғанда оны аяқталды деп есептеуге болады.

*Қоғамдық* құбылыстар сферасында бейнелеу одан да гөрі қыйын іс. Қоғам тарихи алғышарттармен қатар экономикалық қатынастармен, өндіріспен және айырбаспен белгіленеді.

*XII тарауға, 120—122-беттер. (Кіріспені, 24—27-беттерді салыстырыңыз)*

*Қарама-қарсылық*,— егер нәрсеге қарама-қарсылық тән болса, онда ол нәрсе өзімен өзі *қайшылықта* болады; мұның өзі бұл нәрсенің ойдағы көрінісіне де қатысты. Мысалы, нәрсе нақ сол нәрсе қалпында қалып отырады да және сонымен қатар үнемі өзгеріп отырады, ол нәрсенің өзінде «тұрақтылық» пен «өзгерістің» арасында қарама-қарсылық бар, *қайшылық* міне осында.

### *XIII тарауға*

#### **[Бекерге шығаруды бекерге шығару]**

...Барлық индоевропалық халықтары *қауымдық* меншіктен бастайды. Ол меншік халықтардың бәрінде дерлік қоғамдық дамудың барысында жойылады, *бекерге шығарылады*, басқа формалармен — жеке меншікпен, феодалдық меншікпен, т. т. ығыстырылады. Әлеуметтік революцияның міндеті мынадай: осы бекерге шығаруды бекерге шығару, қоғамдық меншікті дамудың неғұрлым жоғарғы сатысында қалпына келтіру. Немесе: арғы заман философиясы алғашында стихиялық материализм болып табылды. Одан идеализм, спиритуализм, материализмді бекерге шығару туды, туғанда алғашында жан мен тәннің арасындағы қарама-қарсылық түрінде, кейіннен өлмейтіндік туралы ілімде және монотизмде туды. Спиритуализм христиан діні арқылы көпшілікке тарады. Осы бекерге шығаруды бекерге шығару — ескіні неғұрлым жоғары сатыда жанадан жасау, осы заманғы материализм, бұл материализм, өткендегіге қарағанда, өзінің теориялық аяқталуын ғылыми социализмнен табады.

<sup>1</sup> — жалпы жұрт пікірі. *Ред.*

...Осы табиғи және тарихи процестердің ойлайтын мыйда бейнеленетіндігі және онда, жоғарыда келтірілген —  $a \times a$  —  $a$ , т. т. мысалдарда көрініп отырғанындай, қалпына келетіндігі өзінен өзі түсінікті, атап айтқанда жоғары диалектикалық есептер осы метод арқылы ғана шешіледі.

Әлбетте, жаман, жеміссіз бекерге шығару да бар. — Шын, табиғи, тарихи және диалектикалық бекерге шығару (форма жағынан қаралатын бекерге шығару) даму атаулының нақ қозғауыш негізі болып табылады — қарама-қарсылыққа бөліну, олардың күресі және шешілуі, сонымен бірге (тарихта шінара, ойлауда толығымен) жасалған тәжірибенің негізінде бастапқы негізгі пунктіне қайтадан жетуге болады, бірақ неғұрлым жоғары дәрежеде. — Ал жеміссіз бекерге шығару дегеніміз, істің өзінің дамуының кезеңі емес, сырттан енгізілген *nikip* болып табылатын таза субъективтік, жекеше бекерге шығару болып табылады. Ал оның тұсында ешнәрсе шығуы мүмкін болмағандықтан, сөйтіп, бекерге шығарушы дүниемен араз болуға, өмір сүріп отырғанның бәрін және бүкіл болған, бүкіл тарихи дамуды мыжындап жақтырмауға тиіс. Ерте замандағы гректердің кейбір нәтижелерге қолы жеткен болса да, бірақ олар спектрлік анализді де, химияны да, дифференциалды есептеуді де, бу машинасын да, тас төселген жолды да, электр телеграфты да, темір жолды да білген жоқ. Сондай артта қалған адамдардың шығармаларына тоқталып жатудың қажеті бар ма? Өзіміздің аса жоғары мәртебелі басымыздан басқаның бәрі жаман — өйткені мұндай бекерге шығарушылар пессимистер, — ол жетілген болып шықты, ал осындай жолмен біздің пессимизм өзіміздің оптимизмге айналады. Сөйтіп, біздің өзіміз бекерге шығаруды бекерге шығардық.

Тіпті Руссоның тарихқа көзқарасы: бастапқы теңдік, — теңсіздік тудырған бүлдіру, — неғұрлым жоғары дәрежеде теңдік орнату — бекерге шығаруды бекерге шығару болып табылады<sup>1</sup>.

Дюринг үнемі идеализмді — идеалық көзқарасты уағыздайды. Егер біз кәзіргі бар көзқарастардан болашақ жөнінде қорытынды жасасак, егер біз тарихтың барысында өзінің әрекетін көрсететін *teris* элементтердің *durus* жағын аңғарсақ және зерттесек, — ал мұны ой өрісі барынша тар прогрессист, тіпті идеалист Ласкер де өзінше істейді, — онда Дюринг оны «идеализм» деп атайды, сондықтан да ол болашақтың жобаларын жасап шығаруға өзін праволымын деп есептейді, ол жобаларда тіпті мектептерде оқытудың жоспары да белгіленеді және олар фантазиялық болып шығады, өйткені олар надандыққа негізделген. Сонымен ол өзінің *бекерге шығаруды бекерге шығарып* отырғанын есінен шығарып жібереді.

<sup>1</sup> Бұл ескерту қолжазбаның шетіне жазылған. *Ред.*

### XIII тарауға, 136—137-беттер

*Бекерге шығаруды бекерге шығару және қайшылық.* Қандай да бір түбелікті нәрсенің «ештеме еместігі»,— дейді Гегель,— айқын ештеме емес болып табылады. «Дифференциалдардың *нағыз нольдер* ретінде қаралуына болады, және оларды *нағыз нольдер* ретінде қолдануға болады, алайда, олардың арасында белгілі қатыс бар, бұл қатыс нақ осы ретте қаралатын мәселенің күйінен туады. Математика жағынан бұл сорақылық болып шықпайды»,— дейді Боссю. Бөлшек  $\frac{0}{0}$  егер ол алым мен бөлімнің бір уақытта жойылып кетуінің арқасында пайда болса, өте белгілі маңыз ала алады. Сол сыяқты  $0 : 0 = A : B$ , демек, бұл жерде  $A$  мен  $B$ -ның маңызы өзгеруімен  $\frac{0}{0} = \frac{A}{B}$  өзгерді (95-бет, мысалдар). Нольдердің арасында еселік қатынастардың барлығы, яғни олар жалпы маңыз ала алатындығы былай тұрсын, сонымен қатар тіпті түрлі маңыздар ала алатындығы, оларды сандар арқылы былай көрсетуге болатындығы:  $1 : 2 = 1 : 2$ ;  $1 - 1 : 2 - -2 = 1 : 2$ ;  $0 : 0 = 1 : 2$  — мұның өзінде «қайшылық» бар емес пе?

Дюрингтің өзі былай дейді: жоғарыда айтылып кеткен шексіз аз шамаларды жыйнақтау — жәй сөзбен айтқанда, интегралды есеп — математикада ең жоғарғы, т. т. амалдар болып табылады. Есептің бұл түрі қалай жасалады? Бізде екі, үш — немесе онан да көп — ауыспалы шамалар, яғни өзгергенде араларында белгілі қатыс көрінетін шамалар бар. Мысалы, екі шама,  $x$  және  $y$ , берілген екен делік, белгілібір, бастауыш математиканың көмегімен шешілмейтін  $x$  және  $y$  қатынасын есепті шығару керек. Мен  $x$  пен  $y$ -ті дифференциалдаймын, яғни оларды соншалық шексіз аз шамалар ретінде аламын, олар қаншалық болғанынша кішкене нақты шамамен салыстырғанда тіпті жоғалып кетеді, сөйтіп  $x$  пен  $y$ -тен, ешбір материалдық негізсіз, өзара еселік қатыстарынан басқа ешнәрсе қалмайды, олай болса,  $\frac{dx}{dy} = \frac{0}{0}$ , ал осы  $\frac{0}{0}$  өзі  $\frac{x}{y}$  еселік қатысын көрсетеді. Бұл жойылып кеткен екі шаманың еселік қатысының, олардың жойылуының анықталған кезеңінің, қайшылық болып табылатындығы бізді тандандыра алмайды. Сөйтіп, мен  $x$  пен  $y$ -ті бекерге шығарудан басқа ешнәрсе істегенім жоқ, бірақ оларда енді менің жұмысым жоқ деген мағнада емес, қайта істің жағдайларына сәйкес. Мен  $x$  пен  $y$ -тің орнына осы формулаларда немесе теңдемелерде олардың бекерге шығуын,  $dx$  пен  $dy$ -ті көріп отырмын. Сонан кейін мен осы формулалармен кәдімгі амалдарды жасаймын,  $dx$  пен  $dy$ -ке олар нақты шамалар болса қалай қарайтын болсам, сондай қараймын, сөйтіп белгілі пунктте мен бекерге шығаруды бекерге



шығарамын, яғни дифференциалды формуланы интегралдаймын,  $dx$  пен  $dy$ -тің орнына  $x$  пен  $y$ -тің нақты шамаларын қоямын, сонымен, мен тіпті де бір орында қала беріп отырғаным жоқ, мен есеп шығарамын, ал элементарлық геометрия мен алгебраның оған тісі батпай текке арамтер болар еді.

## ІІ БӨЛІМГЕ

### II тарауға

*Құлдық* — ол өндірістің үстем формасы болған жерде, — еңбекті құлдық қызметке, яғни ерікті адамдарды масқаралайтын қызметке айналдырады. Сонымен өндірістің ондай әдісінен құтылу жолы жабылады, оның бержағында, екінші жағынан, неғұрлым дамыған өндіріс үшін құлдық кедергі болып табылады, сондықтан құлдықты жою өте қажет іске айналады. Құлдыққа негізделген өндіріс атаулы және оған сүйенетін қоғам атаулы сол қайшылықтан құрылды. Оның шешілуі құрып бара жатқан қоғамды көбінесе неғұрлым күшті қоғамдардың күшпен кіріптарлыққа салуы арқылы болады (Грецияны Македония бағындырып алды, ал кейіннен Рим бағындырып алды). Бұл соңғылар, өз ретінде, құлдық еңбекке негізделіп отырғанда, орталықтың ауысуы ғана орын алады, сөйтіп, құлдықтың орнына өндірістің жаңа әдісін енгізген халықтың ақырында келіп (Рим) жаулап алуы болмай тұрғанда, бүкіл процесс неғұрлым жоғары дәрежеде қайталап отырады. Не құлдық күш жұмсау арқылы немесе ерікті түрде жойылады, ал ондай жағдайда *бұрынғы өндіріс әдісі құрылды*: ірі мәдениеттің орнын Америкадағы сыяқты скваттерлердің парцеллалық шаруашылығы алады. Сонымен құлдықтан Греция да құрыды, тіпті Аристотель де: құлдармен қатысу, құлдардың азаматтарға еңбекті мүмкін етпейтіндігін айтпағанның өзінде, азаматтарды аздырады, деген болатын (Шығыстағы сыяқты үй құлдығы өзалдына бір басқа; мұнда ол тікелейінше өндіріс негізі болмайды, жанамалай болады, семьяның құрамды бөлегі ретінде, оған елеусіз түрде өтіп болады (күндер харамы)).

### III тарауға

Қиналануға лайық дюрингтік тарихта зорлық үстем болып отыр. Ал алға басқан шынайы тарихи қозғалыста материалдық табыстар үстем болады, олар сақталады.

### III тарауға

Ал зорлық, армия не арқылы сақталады? *Ақша арқылы*. Сөйтіп, тағыда, ол да өндіріске байланысты болып шығады. Афиндік флот пен 380—340 жылдардағы саясатты салыстырыңыз.

Ұзаққа созылатын соғыстарды жігерлі түрде жүргізу үшін қажетті материалдық қаражаттардың жеткіліксіздігі салдарынан одақтастар жөніндегі зорлық сәтсіздікпен аяқталды. Жаңа, ірі өнеркәсіп тарапынан берілген ағылшын субсидиялары Наполеонды жеңді.

### *III тарауға*

#### **[Партия және әскери дайындық]**

Тіршілік үшін күресті және Дюрингтің күрес пен қаруға қарсы тақпағын қарағанда мынаны баса көрсету керек — революциялық партияға күресті де білу қажет: партияның революция жасауына тура келіп отыр, — мүмкін, алдағы таяу уақытта жасап қалар. Бірақ кәзіргі әскери-бюрократиялық мемлекетке қарсы емес, — ол саяси жағынан алғанда Бабефтің Директориядан коммунизмге тікелей қарғып өтпек болған әрекетінің дәл өзі сыяқты ессіздік болар еді, тіпті онан да өткен ессіздік болар еді, өйткені Директория қалай дегенмен буржуазиялық және шаруалық үкімет еді. Бірақ буржуазияның өзі белгілеп берген заңдарды қорғау үшін партия кәзіргі мемлекеттің орнына келетін буржуазиялық мемлекетке қарсы революциялық шаралар қолдануға мәжбүр болып шығуы мүмкін. Сондықтан да кәзіргі уақытта болып отырған жалпыға бірдей әскери міндетті барлық жұрт күреске үйрену үшін пайдалануға тиіс; мұның әсіресе алған білімдері бір жыл ішінде ерікті түрде қатысушылар ретінде тиісті әскери дайындықты, офицер болу үшін қажетті дайындықты, өтуіне мүмкіндік беретін адамдарға қатысы бар.

### *IV тарауға*

#### **[«Зорлық» туралы]**

Зорлық революциялық та роль атқарады, атап айтқанда, социалитетке өтудегі сыяқты, шешуші маңызы бар «қыйын-қыстау» замандардың бәрінде революциялық та роль атқарады, онда да тек реакциялық сыртқы жаулардан амалсыздан қорғау ретінде ғана роль атқарады деп мойындалады. Ал Маркс суреттеп көрсеткен төңкерістің, XVI ғасырда Англияда болған төңкерістің өзінің революциялық жағы да болды: оның өзі феодалдық жер иелігін буржуазиялық жер иелігіне айналдырудың және буржуазияның дамуына негізгі шарттардың бірі болды. 1789 жылғы француз революциясы да едәуір дәрежеде зорлық қолданды, 4-август шаруалардың зорлықты қыймылдарына ғана жол ашты және дворяндық, шіркеулік мүліктерді конфискациялаумен толықтырылды. Германдар жасаған зорлық арқылы жаулап алу,

жаулап алынған жерлерге қала емес (ертедегі дүниедегі сыяқты), деревня үстемдік етегін мемлекеттер орнату — нақ сондықтан — құлдықты ауыртпалығы кемдеу крепостниктік правоға және шаруалардың тәуелділігінің басқа да формаларына айналдырумен қабат жүрді (ертедегі дүниеде латифундиялар өгістік жерлерді мал жайылымдарына айналдырумен қабат жүрді).

#### IV тарауға

### [Зорлық, қауымдық меншік, экономика мен саясат]

Индогермандар Еуропаға қоныс аударған кезде, олар, бұрыннан мекендеп келе жатқан адамдарды *зорлық* арқылы ығыстырып, қауымдық жер иелену жағдайында жер өндеді. Қауымдық жер иелену болғандығын әлі де тарих жүзінде кельттерден, германдар мен славяндардан анықтауға болады, ал славяндарда, германдарда және тіпті кельттерде де (gundale) оның өзі шаруалар тәуелділігінің тіпті тікелей формасында (Россия) немесе жанама формасында (Ирландия) әлі де өмір сүреді. Лапландықтар мен баскілер ығыстырылғаннан кейін зорлық тоқталды. Қауымдар ішінде теңдік үстем болды, немесе ерікті түрде танылатын артықшылықтар туып отырды. Қауымдық меншіктен жеке шаруалардың жерге жеке меншігі туған жерлерде бұл бөлісу XVI ғасырға дейін қауым мүшелері арасында мүлде зорлаусыз жүргізіліп отырды; көпшілік жағдайларда ол өте бірте-біртелікпен болып отырды, ал қауымдық иеленудің қалдықтары тым дағдылы құбылыс болды. *Зорлық* туралы әңгіме де болған емес, ол осы қалдықтарға қарсы ғана қолданылды (XVIII, XIX ғасырлардағы Англия, көбінесе XIX ғасырдағы Германия). Ирландия ерекше жағдай болып табылады. Бұл қауымдық меншік Индия мен Россияда саналуан түрлі зорлықпен жаулап алулардың және жауыздықтардың жағдайында бейбіт өмір сүрді және соларға негіз болды. Өндірістік қатынастар зорлықтың саяси қатынастарын қалай белгілейтіндігінің Россия дәлелдемесі болып табылады. XVII ғасырдың аяғына дейін орыс шаруасы қатты езгіге ұшыраған жоқ, жүріп-тұруға ерікті болды, тәуелсіз дерлік халде болды. Бірінші Романов шаруаларды жерге бекітті. Петрдің заманынан бері қарай Россияның сыртқы саудасы басталды, ол егіншілік өнімдерін ғана сыртқа шығара алатын еді. *Осы* арқылы шаруаларды езу туды, *ол езгі сыртқа зат шығару* өскен сайын өсе түсті, өйткені езудің өзі *сыртқа зат шығару мақсатынан болған-ды*, бұл езу Екатерина оны кемеліне жеткізгенге дейін және заң шығарып аяқтағанға дейін жүргізіле берді. Бұл заңдар помещиктерге шаруаларды барған сайын қыспаққа ала түсуге мүмкіндік берді, сөйтіп езу барған сайын күшейе түсті.

## IV тарауға

Егер зорлық әлеуметтік және саяси қалыптардың себебі болатын болса, онда зорлықтың себебі не нәрсе? Оның себебі бөтеннің еңбегінің *өнімдерін* және *бөтеннің жұмыс күшін* иемдену болып табылады. Зорлық өнімдердің тұтынылуын өзгерте алды, бірақ нағыз өндіріс әдісін өзгерте алмады, ол барщинаны жалдама еңбекке айналдыра алмады, олай істеуге қажетті жағдайлар әзір болған реттерден және крепостнойлық еңбек формасы өндіріске тұсау болған кездерден басқа реттерде айналдыра алмады.

## IV тарауға

Осы уақытқа дейінгі зорлық — бұдан былай социалитет. Таза игі тілек, «әділеттілікті» талап ету. Бірақ Т. Мор бұл талапты бұдан 350 жыл бұрын ұсынған болатын, ал ол әлі күнге дейін орындалған жоқ. Ал ол кәзір не себептен жүзеге асырылмақ? Дюринг бұған жауап бермейді. Шынында ірі өнеркәсіп бұл талапты ұсынады, ұсынғанда әділеттікті талап ету ретінде емес, өндірістен туған қажеттілік ретінде ұсынады, ал мұның өзі істі түбірінен өзгертеді.

## III БӨЛІМГЕ

### I тарауға

*Фурье* (Nouvju Monde eandustrieI et Societaire)<sup>1</sup>. *Теңсіздік* элементі: «адам, инстинкті бойынша теңдіктің жауы бола отырып», 59-бет.

«Мүтгәйімдіктердің осы механизмін цивилизация деп атайды», 81-бет.

«Оларға (әйелдерге), бізде әдетке айналған, арзымайтын қызметтерді, күндік рольдерді беруді тоқтату керек еді, оларға бұл рольдерді әйелдер горшоктарды жуып, ескі шалбарларды жамауға жаралған деп философия арнайды», 141-бет.

«Құдай мануфактуралық еңбекке, қоғамдық адамның еңбекке жұмсай алатын уақытының *ширегіне* ғана сәйкес келетін, тартымдылық үлесін бөлген». Қалған уақыт сондықтан егіншілікке, мал шаруашылығына, кухняға, өнеркәсіп армияларына жұмсалуға тиіс, 152-бет.

---

<sup>1</sup> «Өнеркәсіптік және қоғамдық жаңа дүние». — Осы үзіндіде тырнақшаға алынған сөйлемдер мен сөздер туп нұсқа тілінде Фурьенің шығармаларынан Энгельс келтірген цитаталар болып табылады. Тырнақшаларды редакция қойған. *Ред.*

«Мүләйім мораль, сауданың момын және таза досы», 161-бет. Моральді сынау, 161-бет және келесі беттер.

Осы заманғы қоғамда, «цивилизациялы механизмде» «қыймылдарда әкіжүзділік, жеке мүдде мен коллективтік мүдденің арасында қайшылық» үстем болып отыр; бұл — «индивидтердің бұқараға қарсы жаппай соғысы. Ал біздің саяси ғылымдарымыздың қыймылдар бірлігі туралы айтуға әліде батылы барып отыр!» 172-бет.

«Табиғатты зерттеуде осы заманғы зерттеушілер барлық жерде сәтсіздікке ұшырады, өйткені ерекшеленулер немесе ауысу теорияларын, *будандасу* теорияларын білмеді». («Будандасу» мысалдары: айва, нектарин, жылан балық, жарқанат, т. т.) 191-бет.

«Анти-Дюрингке» дайындық жұмыстарының қолжазбасының екінші бөлегі Дюрингтің «Ұлттық және әлеуметтік экономия курсынан» алынған үзінді болып табылады. Энгельстің сын тұрғысынан жазған ескертулері қатар келтіріледі. — Бұдан былай Энгельстің «Анти-Дюрингте» дамытылған қағыйдаларды толықтыратын ескертулер келтіріледі. Дюрингтен келтірілген үзінділер бұл жерде қысқартылған күйінде беріліп отыр; олар петитпен берілген және квадрат жақшаға алынған.

[«Ерік қызметі, адамдардың бірлестігін жасайтын ерік қызметі жаратылыс заңдарына бағынады», деген Дюрингтің сөзі жөнінде Энгельс былай дейді:]

Сөйтіп, *тарихи* даму туралы бір де сөз айтылмаған. Табиғаттың мәңгілік заңы ғана. Барлығы психологияға тіреледі, психология, амал не, саясатқа қарағанда әліде болса анағұрлым «артта қалған» екен.

[«Әлеуметтік-экономикалық құрылыстың таза-саясаттық тегі бар формалары» ретінде қаралатын құлдық, жалдама еңбек және зорлықты меншік туралы Дюрингтің пікірлеріне байланысты Энгельс мынадай ескертпелер жасайды:]

Баяғыбір мынаған сену: саяси экономияда мәңгілік табиғат заңдарының ғана күші бар, ал барлық өзгеріс пен бұрмаланушылық жарамсыз саясаттан ғана туады.

Сөйтіп, бүкіл зорлық теориясында дұрысы мынау ғана болып шығады: осы уақытқа дейін барлық қоғамдық формалар өзін сақтау үшін зорлыққа ділгер болды және тіпті шінара *зорлық* арқылы орнады да. Бұл зорлық өзінің ұйымдасқан формасында *мемлекет* деп аталады. Сөйтіп, бұл жерде, адам нағыз тағылық қалыптан шыққаннан бері барлық жерде мемлекет өмір сүріп келді деген ескірген пікір айтылған, ал мұның өзі адамзатқа Дюрингке дейін де мәлім болатын. — Бірақ мемлекет пен зорлықтың нақ өзі осы уақытқа дейін өмір сүріп келген қоғамдық формалардың бәріне *ортақ*, ал егер мен, мысалы, шығыс деспотияларын, арғы заманғы республикаларды, Македония монархия-

ларын, Рим империясын, орта ғасырлар феодализмін, міне осылардың бәрі *зорлыққа* негізделген деп түсіндірсем, онда мен әлі ешнәрсені түсіндірмеген болып шығамын. Олай болса, алуан түрлі әлеуметтік және саяси формалар зорлықпен түсіндірілмеуге тиіс, өйткені зорлық әрдайым бірқалыпта қала береді ғой, қайта *зорлықтың неге қолданылатынымен*, тонау объектісінің не болатынымен, — әрбір заманның өнімдерімен және өндіргіш күштерімен және олардың өздерінен туатын өздерінің бөлінуімен түсіндірілуге тиіс. Ал сонда шығыс деспотизмі қауымдық жер иеленуге, арғы заман республикалары — егіншілікпен шұғылданған қалаларға, Рим империясы — латифундияларға, феодализм — материалдық негіздері болған қалаға деревняның үстемдік етуіне негізделген болып шыққан болар еді, т. т.

[Энгельс Дюрингтің сөздерін келтіреді:

«Шаруашылықтың табиғи заңдары тек мына жолмен ғана барынша айқындала алады: біз мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің, атап айтқанда — еріксіз жалдама еңбекпен байланысты зорлықты меншіктің әрекеттерінің ойша жоямыз, міне тек осы жолмен ғана — біз соңғыларды адамның өзгермейтін табиғатының (!) қажетті салдары деп қараудан сақтанамыз, міне осы жолмен ғана айқындала алады...»

Дюрингтің осы пікіріне байланысты Энгельс мынадай ескертпелер жасайды:]

Сөйтіп, шаруашылықтың табиғи заңдарын *осы уақытқа дейін өмір сүріп келген шаруашылықтың бәрінен безіп қана ашуға болады* екен; осы уақытқа дейін олар бұрмаланбаған күйінде ешуақытта көрінбеген екен! — Адамның *өзгермейтін* табиғаты — маймылдан Гегеге дейін!

Дюринг атамзаманнан және барлық жерде көпшіліктің зорлыққа ұшырап келгендігінің, ал азшылықтың — зорлықты қолданушылар болып келгендігінің себебін осы «зорлық» теориясымен түсіндірмекші болады. Ал мұның өзі зорлық қатынастың негізі экономикалық жағдайлар екенін, оларды саяси шаралармен қалай болса солай жоюға болмайтындығын өзінен өзі дәлелдейді.

Дюринг рента, пайда, процент, жалақы дегендерді түсіндірмейді, бірақ ол бұларды *зорлық арқылы* орнаған дейді. Ал зорлық қайдан шығады? Non est!

Зорлықты иелік туғызады, ал иелік = экономикалық қуат. Сөйтіп, зорлық қуатқа тең.

Маркс «Капиталда» (қор жыйнау) мынаны дәлелдеді: дамудың белгілі сатысында товарлы өндірістің заңы барлық сұмдықтарынмен қосып капиталистік өндірісті туғызбай қоймайды, ал *бұл үшін зорлықтың қажеті болмайды*.

Дюринг саяси қыймылды тарихтың ақырғы шешуші күші

1 — жоқ (яғни жауап жоқ). Ред.

ретінде қарап, оны жаңа бірдеме ретінде ұсынғанда, ол бұрынғы тарихшылардың бәрінің айтқандарын ғана қайталайды, ол тарихшылардың көзқарасынша әлеуметтік формалар да өндіріспен емес, тек қана саяси формалармен түсіндіріледі.

*C'est trop bon!*<sup>1</sup> Смиттен бастап еркін сауданың барлық бағыты, Маркске дейінгі барлық экономикалық ілім экономикалық заңдарды, — өздері бұларды түсінетіндіктен, — «табиғи заңдар» деп біледі де, бұл заңдардың әрекетін мемлекет, «мемлекеттік және қоғамдық мекемелердің әрекеттері бұрмалайды» дейді.

Алайда, осы теорияның бәрі Кэридің: экономика өз өзінен үйлесімді, мемлекет өзінің килігуімен бәрін бүлдіреді, деген ілімі арқылы социализмді дәлелдеу әрекеті ғана.

Зорлыққа қосымша мәңгі әділеттік: ол 282-бетте шығады.

[Смитті, Рикардо мен Кэриді сынауымен байланысты Дюрингтің өрістеткен көзқарасын Энгельс мына түрде сыйпаттайды: «Өндірісті оның неғұрлым абстрақтық формасында Робинзонды мысалға алып, бөлісті — жұрттан оқшау аралда тұрған екі адамды мысалға алып өте жақсы зерттеуге болады, оның бержағында, толық теңдіктен бастап мырза мен құлдың арасындағы толық қарама-қарсылықпен аяқтаған аралық сатылардың бәрін көзге елестетуге болады». Энгельс Дюрингтен мына сөздерді келтіреді: «Тек әлеуметтік жағынан *шындал* (!) қарау арқылы ғана (!) бөліс теориясы үшін, сайып келгенде, шешуші маңызы бар көзқарасқа келуге болады». Осыған байланысты Энгельс былай дейді:]

Сонымен, әуелі түрлі праволық қатынастарды шын тарихтан абстракциялайды және оларды тарихи негіздерден, өздері туғанда негіз болған және өздерінің тек сол негізде ғана мағынасы болатын тарихи негіздерден бөліп тастайды, сөйтіп оларды екі индивидке — Робинзон мен Пятницаға аударады, мұнда бұл қатынастар, әрине, мүлде қалай болса солай жасалған болып табылады. Ал оларды сөйтіп тек қана зорлыққа әкеліп сайығаннан кейін, оларды сонансоң тағыда шын тарихқа аударады және осы жолмен келіп: бұл жерде де түгелдей зорлыққа негізделген деп дәлелдейді. Дюринг зорлықтың материалдық субстратқа қолданылатындығына және осы субстраттың қалай туғандығын анықтаудың керек екендігіне көңіл бөлмейді.

[Энгельс Дюрингінің «Курсынан» мына жерін келтіреді:

«Әдетке айналған, барлық саяси-экономикалық системалар қостайтын, көзқарас бойынша бөліс дегеніміз, былайша айтқанда, дайын жыйынтық өнім ретінде қаралып отырған, өндіріс жасаған өнімдердің жыйынына бағытталған өткінші процесс болып табылады... *неғұрлым тереңірек* дәлелдеу, мұның керісінше, экономикалық және экономикалық-әрекетті праволарға қатысты бөлісті, осы праволардың күнделікті және жыйпақталып отыратын нәтижелеріне ғана қатысып қоймайтын бөлісті алып қарауға тиіс». Осыған байланысты Энгельс былай дейді:]

<sup>1</sup> — бұл өте жақсы! *Ред:*

Сөйтіп, күнделікті өндірістің бөлісін зерттеумен тығуға болмайды.

Жер рентасы жер иелігінің болуын, пайда — капиталдың, жалақының меншігі жоқ, бір ғана жұмыс күшіне ие жұмысшылардың болуын керек етеді. Олай болса, мұның қалай шыққанын анықтау қажет. Маркс,—бұл өзінің міндетіне жатқандықтан,—мұны бірінші томда капитал жөнінде және меншігі жоқ жұмысшы күші жөнінде жасады; осы заманғы жер иеленудің шығуын зерттеу жер рентасын зерттеуге жатады, демек — оның екінші томына жатады. Дюрингтің зерттеуі және тарихи дәлелдеуі: *зорлық!* деген бір сөзбен тынады. Ал бұл жерде барып тұрған *mala fides*<sup>1</sup>.—Д<sup>2</sup>. Ірі жер меншігін қалай түсіндіретіндігі жөнінде *байлық* пен *құнды* қараңыз; оны осы араға көшірген жақсы.

Сөйтіп, зорлық заманның, халық өмірінің экономикалық, саяси, т. т. жағдайларын жасайды. Ал зорлықты кім шығарады? Ұйымдасқан күш ең алдымен *армия* болып табылады. Ал экономикалық жағдайларға нақ армияның құрамындай, ұйымдасуындай, қару-жарағындай, стратегиясы мен тактикасындай байланысты болатын ешнәрсе болмайды. Негізі қару-жарак болады, ал оның өзі тағыда өндірістің қол жеткен дәрежесіне тікелей байланысты. Тас, қола, темір қару, сауыт, атты әскер, дәрі және, ақырында, дүмінен оқталатын иір ойықты мылтықтың, артиллерияның — ірі өнеркәсіп қана өзінің бір қалыпта істейтін және мейлінше ұқсас дерлік өнімдер шығаратын машиналарымен жасап шығара алған өнімдердің арқасында ірі өнеркәсіп жасаған соғыс ісіндегі орасан зор төңкеріс. Армияның құрамы мен ұйымдасуы стратегиясы мен тактикасы өз ретінде қару-жаракқа байланысты. Тактика қатынас жолдарының күйіне де байланысты,—Иенс тұсындағы ұрыста әскерлердің орналасуы мен қолжеткен табыстар осы күнгі тасжолдар кезінде мүмкін емес,— және, ақырында, темір жолдар! Олай болса, зорлықтың нақ өзі өндірістің кәзіргі бар жағдайларына бәрінен де көбірек байланысты болады, ал мұны тіпті капитан Иенс те түсінген (К. Z.—Макиавелли т. т.)<sup>3</sup>.

Бұл арада соғыс жүргізудің осы заманғы әдісін айрықша атап көрсету керек, найзалы мылтықтан дүмінен оқталатын мылтыққа дейін, бұл жағдайда істің тегігін қылыш ұстаған адам шешпейді, қару шешеді, — нашар әскерлердің сап, колоннасы,

<sup>1</sup> — ұятсыздық. *Ред.*

<sup>2</sup> Дюринг. *Ред.*

<sup>3</sup> Энгельстің айтып отырғаны Берлиндегі «Ғылыми қоғамда» Иенстің оқыған: «Макиавелли және жалпыға бірдей әскери міндет идеясы» деген баяндамасы туралы «Kölnische Zeitung-te» («Кельн Газетінде») 1876 ж. 20 апрельде басылып шыққан хабар Ол баяндама туралы Энгельс «Анти-Дюрингтің» екінші бөлімінде жазады, III тарау (осы басылуының 169-бетін қараңыз). *Ред.*



алайда, олар атқыштармен қорғалған (Jena contra Wellington)<sup>1</sup>, ал, ақырында, атқыштар тізбегіне жаппай жайылып кету және баяу аяңды жүгіріспен өзгерту.

[Дюрингтің ойынша, «шебер қол немесе бас қоғамға жататын өндіріс құрал-жабдығы ретінде, өнімі қоғамға жататын машина ретінде қаралуға тиіс. Бірақ машина дегенмен құнды ұлғайтпайды, ал шебер қол оны ұлғайтады!» Осыған байланысты Энгельс былай дейді:]

Олай болса, құн заңына, quant á cela<sup>2</sup>, тыйым салынады екен, сонымен бірге күшінде қалуға тиіс болса да солай екен.

[Дюрингтің «бүкіл социалитеттің саяси-юримдикалық негізі» деген концепциясы жөнінде Энгельс былай дейді:]

Мұнымен бірден-ақ идеалистік масштаб қолданылады. Өндірістің өзі емес, *право* екен.

[Дюрингтің «коммунасы» және онда үстем болып отырған еңбек бөлінісі, бөліс, айырбас системасы мен ақша системасы жөнінде Энгельс мынадай ескертпе жасайды:]

Олай болса, жеке жұмысшыға қоғамның *ақы төлегені* де.

Олай болса, байлықтың жыйналуы да, өсімқорлық та, кредит те және ақша кризистері мен ақша жетімсіздігіне дейінгі барлық зардаптар да. Ақша арқылы жеке мүшелерінің арасында айырбас болатындықтан, ол кәзіргі кезеңде орыс қауымының жарылуын дайындағаны сыяқты және оның семьялық қауымды жарып отырғаны сыяқты, ақша шаруашылық коммунаны да дәл сондай сөзсіз жарады.

[Энгельс өзінің ремаркасын жақшаның ішінде көрсетіп, Дюрингтен мына сөйлемді келтіреді: «Шын еңбек, сөйтіп, табиғаттың әлеуметтік заңы болып табылады, ол заңға сау ұйымдар бағынған (бұдан шығатын қорытынды: бұрынғы ұйымдардың бәрі сау болмаған)» Осы жөнінде Энгельс мынадай ескертпе жасайды:]

Не мұнда еңбек экономикалық, материалдық өнімді еңбек ретінде қаралады, ал олай болғанда бұл сөйлем мағнасыз және бүкіл бұрынғы тарихқа қолдануға жарамайды. Немесе еңбек неғұрлым жалпылама формада қаралады, оның бержағында еңбек деп қандай болсын бір дәуірде керекті немесе жарамды әртүрлі қызмет, басқару, сот жұмысы, әскери жаттығу түсініледі, ал олай болса бұл сөйлем тағыда шектен тыс көпірме мағнасыз сөз болып шығады және саяси экономияға ешбір қатынасы болмайды. Ал осы ескі қоқсықты «табиғи заң» деп атап осы арқылы социалистерді өзіне тартпақ болу, a trifle impudent<sup>3</sup>.

<sup>1</sup> — Иена Веллингтонға қарсы. *Ред.*

<sup>2</sup> — бұған келетін болсақ. *Ред.*

<sup>3</sup> — ұятсыздық бірдеме. *Ред.*

[Дюрингтің байлық пен тонаудың арасындағы байланыс туралы пікірі жөнінде Энгельс былай дейді:]

Бұл жерде барлық әдіс бар. Экономикалық қатынас атаулы әуелі *өндіріс* тұрғысынан қаралады, оның бержағында тарихи анықтаулар мүлдем еске алынбайды. Сондықтан нағыз жалпы бос сөздерден басқа ешнәрсе айтуға болмайды, ал Дюрингтің онан әрі барғысы келетін болса, онда оған белгілі заманның нақты бір тарихи қатынастарын есепке алуға тура келеді, яғни абстрақтық өндіріс саласынан шығып былық туғызуға тура келеді. Сонан кейін нақ сол экономикалық қатынас *бөліс* тұрғысынан қаралады, яғни осы уақытқа дейін болып келген тарихи процесті *зорлық* деген жел сөзге тірейді, сонан кейін зорлықтың қасіретті зардаптары жөнінде наразылық білдіріледі; мұның неге әкеп соғатынын біз табиғи заңдарды қарағанда көреміз.

[Үлкен көлемде шаруашылық жүргізу үшін құлдық немесе крепостнойлық тәуелділік қажет деген Дюрингтің сөзі жөнінде Энгельс былай дейді:]

Сонымен, 1) бүкіл дүниежүзілік тарих ірі жер меншігінен басталады! Кең көлемді жерді ұқсату ірі жер иелерінің жерді ұқсатуына барабар! Италияның жері, латифундиялардың арқасында мал жайылымына айналдырылған жері, соған дейін ұқсатылмай жатты! Солтүстік Америка Құрама Штаттарының өзінің орасан зор өскендігі ерікті шаруалардың арқасы емес, қайта құлдардың, крепостнойлардың, т. т. арқасы!

Тағыда *mauvais salembaur*<sup>1</sup>: «кең көлемді жерде шаруашылық жүргізу» деген сол жердің ұқсатылуы деген болып шығуға тиіс, бірақ табанында-ақ мұның өзі үлкен көлемде шаруашылық жүргізу = ірі жер меншігіне иелік ету ретінде түсініледі! Ал осы мағнада қандай тамаша жаңалық: егер біреу өзі және өзінің семьясының ұқсатуға шамасы келмейтін жер участогін иеленсе, онда ол өзіне қарасты барлық жерді бөтен адамның еңбегін пайдаланбай ұқсата алмайды! *Крепостной шаруаларды пайдалану арқылы шаруашылық жүргізу* деген естеде онша-мұнша үлкен жер участогін ұқсату деген сөз емес, қайта нақ *кішке* жер *участоктерін* ұқсатуды көрсетеді ғой, ал барлық жерде крепостнойлық тәуелділіктің алдында осылай ұқсату болды (Россия, фламандық, голландық және фриздік колонияларда, славяндық маркада, қараңыз: Langenthal<sup>2</sup>); әуелі бостан шаруалар тәуелді *етіледі*, ал кейбір жерлерде тіпті *формалды* түрде еркімен крепостной болып алады.

<sup>1</sup> — жаман каламбур. *Ред.*

<sup>2</sup> *Chr. Eb. Langehal. Geschichte der deutschen Landwirtschaft. Jena 1847—1856 (Langenthal. Герман ауыл шаруашылығының тарихы. Йена, 1847—1856). Ред.*

[Құнның шамасы керектерді қанағаттандыру процесі кездесетін қарсылықтың және «шаруашылық күшті көп немесе аз жұмсауға еріксіз көндіретін (!)» қарсылықтың шамасымен белгіленеді деген Дюрингтің сөзі жөнінде Энгельс мынадай ескертпе жасайды:]

*Қарсылықты жою* — мұның өзі математикалық механикадан алынған категория, бұл саяси экономияда мағнасыз болып шығады. Мұндай ретте: мен мақта-матаны иіремін, тоқыймын, ақтаймын, өрнектеймін деген сөздер — мынаны көрсетеді: мен мақтаны иіру процесіне қарсылығын, жіптің тоқу процесіне қарсылығын, матаның ақтау мен өрнектеу процесіне қарсылығын жоямын деген болып шығады. Мен бу машинасын жасаймын деген сөз; мен темірді бу машинасына айналдыруға ол темірдің істеген қарсылығын жойып жатырмын дегенді көрсетеді. Мен істің мәнін лепірме сөздер арқылы білдіремін, орағытып кетемін — сөйтіп тек қана мағнасын бұрмалау болып шығады. Ал осының арқасында мен *үлеспелі құнды* еңгізе аламын, мұның тұсында да қарсылықты жоюға тура келетін тәрізді. Мәселе осында!

[Дюрингтің «үлеспелі құн таза және айрықша күйінде өндірілмеген заттарды билеу правосы немесе (!), неғұрлым дағдылы тілмен айтқанда, сол (өндірілмеген!) заттар шын өндірістік құны бар қызметке немесе заттарға айырбасталатын жерде ғана кездеседі» деген сөздері жөнінде Энгельс былай деді:]

Өндірілмеген зат деген не? *Осы заманғы тәсілдерді қолданып ұқсатылатын жер ме?* Немесе бұл сөз меншікшінің өзі өндірілмеген заттарды көрсетуге тиіс пе? Ал өндірілмеген затқа «шын өндірістік құн» қарсы қойылады. Кейінгі сөйлем біздің тағыда *mauvais salembourg*-мен істес болып отырғанымызды көрсетеді. Еңбекпен жасалмаған табиғат заттары «төлеусіз иеленілетін құнның құрамды бөлектерімен» шатастырылады.

[Дюрингтің, бүкіл адам мекемелері мейлінше детерминделген, бірақ олардың «табиғаттағы сыртқы күштердің ауытқуынан өзгешелігі», «өздерінің негізгі белгілерінде практика жүзінде» тіпті де «өзгермейтін» болып табылмайды деген сөзі жөнінде — Энгельс былай дейді:]

Сөйтіп, мұның өзі — табиғи заң және табиғи заң болып қала береді.

Бүкіл жоспарлы емес және былық өндірісте экономияның заңдары осы уақытқа дейін объективті заң ретінде адамға қарсы тұрып келгендігі, бұл заңдар жөнінде адамдар дәрменсіз, олай болса — *табиғи заңдар формасында* қарсы тұрып келгендігі жөнінде бірауыз сөз жоқ.

[«Бүкіл саяси экономияның негізгі заңы» жөнінде, Дюринг мына түрде тұжырымдаған: «Шаруашылық жабдықтардың, — табиғаттың *ресурстары* мен *адам күшінің*, — өнімділігі *өнертабыстар мен жаңалықтардың* арқасында өсіп отырады, оның бержағында мұның өзі бөліске байланыссыз болып отырады, бөліс өзін алғанда дегенмен едәуір өзгерістерге ұшырай алады немесе ол өзгерістерді туғыза алады, бірақ негізгі нәтиженің *сыйлатын* (!) белгілемейді» деп тұжырымдаған негізгі заңы жөнінде Энгельс былай дейді:]

Мына қорытынды сөйлем: «оның бержағында», т. т. дегені заңға ешбір жаңалық қоспайды, өйткені егер заң дұрыс болса, онда бөліс оған ешқандай өзгеріс енгізе алмайды, сонымен, бұл заң бөлістің қандай формасы үшін де дұрыс деп айтып жатудың қажеті жоқ: олай болмағанда ол табиғи заң болмас еді ғой. Ал бұл сөйлем дегенмен Дюрингтің мүлде мазмұнсыз және дәрекі заңды оның бүкіл жалаңаш күйінде тұжырымдауға ұялғандығынан ғана қосылған. Оның үстіне бұл сөйлем мағынасыз сөйлем,— шынында егер бөліс дегенмен едәуір өзгеріс туғыза алатын болса, онда оны «мүлде сырт қалдыруға болмайды» ғой. Сөйтіп, біз осы қорытынды сөйлемді сызып тастаймыз, ал сонда *rig* және *simple*<sup>1</sup> заңды — *бүкіл саяси экономияның негізгі заңын* аламыз. Мұның бәрі әлі онша дәрекі емес.

[Дюринг былай дейді: шаруашылық прогресс өндіріс құрал-жабдықтарының жыйынтығына емес, «қайта білімге және қызметтің жалпы техникалық әдістеріне ғана» байланысты, ал мұның өзі, Дюрингтің ойынша, «егер капиталды өндірістің аспабы ретінде табиғи мағынада түсінсе дереу-ақ көріне кетеді». Осы жөнінде Энгельс былай дейді:]

Хедивтің Нилде жатқан бу плугтары және орыс дворяндарының сарайларында пайдаға аспай тұрған молотилкалары және сол сыяқты құралдары осыны дәлелдейді. Ал бу үшін тарихи алғышарттар бар, оларды, расында, жасау онша қыйын емес, бірақ олар дегенмен жасалуға тиіс. Ал Дюринг, сөйтіп, мүлде басқаша мағынасы бар жоғарыда айтылған ережені соншалық бұрмалағандығына, бұл «идеяның біздің... ең басты нәрсе етіп қойған заңымызбен дәл келгендігіне» өте масаттанады. Экономистер бұл заңға тағыда белгілібір нақтылы мағына қосқан. Ал Дюринг ол заңды барынша мағынасыздыққа айналдырды.

[«Еңбек бөлінісінің табиғи заңын» Дюринг былай тұжырымдайды: «мамандықтарды жіктеп бөлу және қызметті бөлу еңбек өнімділігін көтереді». Энгельс мынадай ескерту жасайды:]

Бұл қате тұжырымдау, өйткені ол буржуазиялық өндіріс үшін ғана дұрыс, ал мамандықтарды бөлу индивидтердің кемтарлануы мен қатып-сенуінің салдарынан өндіріс үшін бұл арада да ауыр болып шығады, ал болашақта ол бөліс мүлде құрйды. Осы мамандықтарды *кәзіргі* сарында бөлудің Дюрингке *социалитет* үшін де күші болатын, өзгермейтін бірдеме болып көрінетіндігін біз осы арада кәзірдің өзінде-ақ көріп отырмыз.

<sup>1</sup> — ешқандай тежеусіз. *Ред.*

## ПЕХОТАНЫҢ ТАҚТИКАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ НЕГІЗДЕРІ. 1700—1870 ЖЫЛДАР.

XIV ғасырда мылтық дәрісі және дәрімен атылатын қару Батыс Европа мен Орталық Европада мәлім болды, ал осы таза техникалық прогрестің бүкіл соғыс ісін революцияландырғанын кәзір мектеп оқушысының қайсысы болса да біледі. Бұл революция, алайда, өте баяу болды. Алғашқы дәрімен атылатын мылтық, әсіресе карабиндер, өте тұрпайы болды. Ал толып жатқан жеке жетілістер — иір ойықты ствол, дүмінен оқталатын мылтық, жольцово́й замок, т. т. ертеректе-ақ жасалып шыққан болса да, — соған қарамастан бүкіл пехотаны қаруландыруға жарамды мылтық, XVII ғасырдың аяқ кезінде, жасалып шыққанға дейін 300 жылдан астам уақыт өтті.

XVI және XVII ғасырларда пехотаның бір бөлегі найзамен<sup>1</sup> қаруланған жаяу әскерлерден, бір бөлегі атқыштардан тұратын. Алғашында найзашылардың атқаратын міндеті ұрыстың шешуші кезеңінде атылмайтын қарумен атақаға бару еді, ал атқыштардың оғы қорғау болды. Сондықтан найзашылар, ертедегі гректердің фалангасы сыяқты, иін тірескен топ болып соғысты; ал атқыштар бірінің артынан бірі 8—10 адам болып құрылды, өйткені нақ осындай санда олар, біреуі мылтығын оқтап болғанша, бірінен соң бірі оқ атып үлгіретін. Оқ атуға дайын болғаны алға жүгіріп шығып оқ атып, сонсын қайтадан мылтығын оқтау үшін қатардың соңына тұратын.

Дәрімен атылатын қарудың бірте-бірте жетілуі бұл арасалмақты өзгертті. Білтелі мылтық сонша тез оқталатын болғандықтан, оқты үзбестен атып тұруға енді тек 5 адам керек болды. Сөйтіп, атқыштар ротасы тек 5 қатар шеренгадан құрыла алатын болды. Енді, демек, мушкетерлердің бұрынғы санымен, бұрынғыға қарағанда екі есе ұзын дерлік фронтты алып тұруға болды.

---

<sup>1</sup> Найзамен қаруланған жаяу әскерлерді шетел армияларында пикенер деп атайтын. Ертедегі орыс армиясында копейщики немесе копыеносцы деп аталатын, кейіннен оларды орыс армиясында да пикенер (найзашы) деп атайтын болды. *Ред.*

Мылтықтың оғы көп, тұтас топқа өте ойранды тиетін болғандықтан, енді найзашылар да алты немесе сегіз қатар болып құрылды, сонымен ұрыстық тәртіп барған сайын линиялық сапқа жақындай түсті, бұлай болғанда ұрыстың тағдырын мылтықтың оғы шешті, ал найзашылардың атқаратын міндеті енді шабуыл жасау емес, атқыштарды кавалериядан қорғау болды. Бұл дәуірдің аяғында жауынгерлік сап екі отрядтан және бір резерв бөлімнен тұрды. Әрбір отряд линия түрінде сап құрды, көпшілік ретте бұл сап алты шерөңгадан құралатын. Артиллерия және атты әскер шінара батальондардың арасына, шінара флангтарға орналасты. Бұл ретте әрбір пехота батальонының ең көп дегенде үштен бірі найзашылардан, ал, кем дегенде, үштен екісі — мушкетерлерден тұратын.

XVII ғасырдың аяғында, ақырында, шақпақ таспен атылатын, дайын патрондармен оқталатын, штықты мылтық шықты. Сөйтіп найза пехотаның қару-жарағынан біржолата шығарылды. Енді мылтықты оқтау үшін аз уақыт керек болды, неғұрлым тез атылу өзіне өзі қорғау болды, штық, қажет болған ретте, найзаның орнына қолданылды. Осының нәтижесінде ұрыс линиясының тереңдігін алтыдан төрт адамға дейін, сонсын үш адамға дейін, кей жерде, ақырында, екі адамға дейін қысқартуға болды; сөйтіп адамдардың саны бірдей болып отырғанда линия барған сайын ұзара берді, барған сайын көптеген мылтықтар бір мезгілде іске қосылды. Бірақ сонымен бірге осы ұзын және жіңішке линиялар барған сайын икемсіз бола түсті. Олар ұрыс тәртібінде тек тегіс, кедергілер кездеспеген жерлерде ғана жүре алатын, — ал онда да өте баяу, минутына 70—75 адым жасайтын. Ал нақ тегіс жерде осы линиялар жаудың кавалериясының әсіресе флангаларға ойдағыдай шабуыл жасауларына мүмкіндік берді. Біржағынан осы флангаларды қорғау үшін, ал шінара атыстың алдыңғы шебін күшейту үшін барлық кавалерияны флангаларға қойды, сөйтіп нағыз ұрыс линиясы сөздің дәл мағнасында алғанда тек бір ғана пехотадан, батальондық жеңіл пушкалары бар пехотадан ғана құрылды. Өте икемсіз, ауыр зенбіректер флангаларда тұрды және бүкіл ұрыс бойында өзінің тұрған қалпын бірден көп өзгерте алмайтын. Жаяу әскерлер екі отряд болып сап түзейтін, бұлардың флангаларын бұрышталып құрылған пехота қорғаған, сөйтіп осы құрылыстың күллісі өте ұзын, іші бос бір төртбұрыш болды. Бүтін бір тұтас ретінде қозғала алмайтын ретте мүлде дәрменсіз болған бұл топ тек үш бөлімге — орталыққа және екі флангаға бөлінетін. Бөлімдердің барлық қыймылы: — жауды орағытып кету мақсатымен — жаудың флангасынан сан жағынан басым фланганы алға шығаруда болды, ал екінші фланг жаудың майданда нақ сондай өзгеріс жасауына кедергі жасау үшін қауіп төндіру ретінде кідіре тұрды. Ұрыс сапын ұрыстың

өзінің барысында өзгерту сонша көп уақытты керек етті және жауға соншалық көп осал жерлерді байқауға мүмкіндік берді, ал ондай ұмтылушылық әрқашанда дерлік жеңілумен барабар болып келді. Бастапқы құрылыс, сонымен, ұрыстың барлық уақытына сақталуға тиіс болды, ал пехота ұрысқа кіріскен бетте ұрыстың тағдыры бір күйрете берген соққымен шешілді. Ұрысты жүргізудің, Фридрих II ерекше жетілдірген, бүкіл осы әдісі екі материалдық фактордың бірігіп жасаған қыймылының сөзсіз салдары болды. Бұл факторлардың бірі жыйнап алынған князь әскерінің адам құрамы болды, бұл әскер шінара дұшпан, әскерге күштеп алынған соғыс тұтқындарынан құрылды, — ол әскер жақсы үйретілген, бірақ сенімсіз және оны таяқтың күші ғана бағындырған еді. Екінші фактор қару-жарақ еді — икемсіз, ауыр пушкалар және тегіс стволды, тез, бірақ жаман ататын шақпақтаспен атылатын штыкты мылтық болды.

Ұрыс жүргізудің бұл әдісі қарсыласушы екі жақ та адам құрамы мен қару-жарақ жөнінен бір жағдайда болып отырғанда қолданыла берді. Сондықтан екі жақтың қай-қайсысына да белгіленген ережені қолдану тиімді болды. Америкада тәуелсіздік жолында соғыс басталғанда жыйнап алынған, жақсы үйретілген солдаттарға кенет көтерілісшілер отрядтары қарсы аттанды, олар, рас, әсем жүре білмейді, бірақ оның есесіне өте жақсы ата білді, көп реттерде жақсы атылатын мылтықтары болды және, өздерінің ең зәру мақсаты үшін соғысып, дезертирлік жасамады. Бұл көтерілісшілер ағылшындарға ұнайтын іс істеген жоқ — олар жадағай жерлерде өздерімен таныс жауынгерлік менуэтті соғыс этикетінің барлық бабымен жай басып билеп жүрмеді. Көтерілісшілер жауды қалың тоғайға алдап енгізді, онда жаудың марштық ұзын колонналары бытыраңқы, көрінбейтін атқыштардың оғынан қорғансыз болды. Ұсақ жүрдек отрядтарға бөлініп, олар жауға соққы беру үшін әрбір табиғи қалтарыстарды пайдаланды. Сонымен қатар өздерінің өте жүрдектігінің арқасында олар икемсіз жау әскерлері үшін үнемі қол жеткісіз болды. Сонымен бытыраңқы атқыштардың ұрыс атысы, мылтықты қолдана бастаған кезде кейбір міндет атқарған атысы, кезір, — белгілі жағдайларда, атап айтқанда ұсақ айқастарда, — линиялық сапқа қарағанда өзінің артықшылығын көрсетті.

Егер еуропалық жыйнап алынған әскерлердің солдаттары партизандық соғыс жүргізуге жарамсыз болса, ал ондай соғысқа олардың қару-жарақтарының жарамдылығы онан да кем болды. Рас, енді, білтелі замоктармен жабдықталған мушкеттары бар бұрынғы мушкетерлердей, атқан уақытта мылтықты кеудеге тіреудің қажеті болмады: мылтық кезіргідей ыйыққа сүйеліп атылатын болды. Дегенмен көздеу туралы сөзде болуы мүмкін емес еді, өйткені стволдың жалғасы болған мүлде түзу

дүмі болғандықтан көз стволдың бойымен еркін жылжып қарай алмайтын. Тек 1777 ж. аңшы мылтығының икем дүмі Францияда жаяу әскер мылтығына да қабылданды, ал осының арқасында атқыштардың күшті атысы мүмкін болды. Екінші, айтарлықтай жетіліс XVIII ғасырдың ортасында зеңбірекке арнап Грибовал жасаған өте жеңіл, сонымен қатар берік лафеттер: ал осылар артиллерияға үлкен икемділік берді, бұл икемділік кейіннен келе артиллерияға сөзсіз қойылатын талапқа айналды.

Француз революциясының үлесіне ұрыс майданында осы техникалық жетілістің екеуін де пайдалануға тура келді. Француз революциясына коалициялық Европа шабуыл жасағанда революция үкіметтің қарамағына ұлттың соғысқа жарамды мүшелерінің бәрін берді. Бірақ үйрену маневрлерінде линиялық тактиканы жеткілікті дәрежеде игеріп алуға, сөйтіп ескі, тәжірибелі пруссиялық және австриялық пехотаға нақ сондай жауынгерлік сапты қарсы қоюға ұлттың уақыты болмады. Екінші жағынан, Францияда америкадағыдай қалың орманның болмағаны былай тұрсын, тіпті шегінуге қолайлы кең жазықтық та болмады. Жауды шекара мен Париждің арасында талқандау керек болды, демек, белгілі жерді қорғау керек болды, ал бұлай істеуге сайып келгенде тек ашық жаппай ұрыста ғана болатын еді. Демек, атқыштардың отрядтарымен қатар тағы басқа форма, нашар үйретілген француз бұқарасы жеңіске жетуге кейбір үмітпен Европаның тұрақты армияларына қарсы шыға алатын форма табу керек болды. Бұл форма иін тірескен колонна түрінде табылды, ол колонна, рас, бұрын да белгілі жағдайларда қолданылатын, бәрінен де жиірек тек плацпарадта қолданылатын. Линиялық сапқа қарағанда колоннаны тәртіпте ұстау жеңіл болды. Тіпті, колоннаға ыдырау кірген жағдайлардың өзінде де, ол біріккен тұтас нәрсе ретінде, дегенмен, ең болмағанда самарқау қарсылық көрсететін; оны басқару оңай болды, ол команданың басылығына көбірек көнді және тез қозғала алатын. Марштың жылдамдығы минутына жүз адымға дейін, тіпті онанда көп артты. Ал ең маңызды нәтиже мынау болды: соғыс жүргізудің бірден-бір көп қолданылатын формасы ретінде колоннаны қолдану икемсіз, біртүрлі бүтін линиялық жауынгерлік сапты белгілі дербестік алған, жалпы нұсқауды нақтылы жағдайларға бейімдей алатын жеке бөлімдерге бөлуге мүмкіндік берді. Бұл бөлімдердің әрқайсысы қарудың барлық үш түрінен құрала алатын, армияның бөлімдерін мүмкін болған комбинацияның қандайында болсын пайдалануға мүмкіндік беру үшін колонна жетерліктей икемділігімен көзге түсті; колонна тіпті Фридрих II аса қатаң түрде тыйым салған деревнялар мен усадьбаларды пайдалануға мүмкіндік берді, олар осы уақыттан бастап әрбір ұрыста негізгі бекініс пунктке айналды; колонна кезкелген жерде қолданыла алды. Колонна, ақырында, линиялық тактикаға, бәрі



бірден тәуекелге салынатын тактикаға ұрыс жүргізудің сондай бір әдісін қарсы қойды, ол әдістің тұсында атқыштар отрядтарының қыймылдары және ұрысты соза түсу үшін әскерді бірте-бірте іске қосу жаудың шебін қажытты және оны соншалық әлсіретті, әлсіреткені соншалық тіпті ол ақырында келіп резервте тұрған тың жауынгер күштердің тегеурініне шыдап тұра алмайтын болды. Ал линиялық саптың барлық пункттерінде қарсылық күші бірдей болғандықтан, ал колонна болып ұрысатын жау, нашар күшті іске қосып, жалған атака жасап шептің бір бөлегінің көңілін алаңдата алады және сол уақыттың ішінде, позицияның шешуші пунктіне атака жасау үшін өзінің негізгі күштерін топтастырады. Енді атыс қыймылдарын көбінесе атқыштардың бытыранды отрядтары жүргізді, ал колонналар штык салысу атакасына арналады. Сонымен, бұл жерде XVI ғасырдың басында болған атқыштар отрядтары мен найзашылар тобының арасында болған қатынас сыяқты қатынас қалыптасады, мұндағы айырмашылық тек мынада: жаңа типті колонна қалаған уақытта атқыштар тізбектеріне тарап кете алды, ал өз кезегінде тағыда колонна болып бірігіп отыра алды.

Ұрыс жүргізудің, Наполеон шыңына жеткізіп жетілдірген, жаңа әдісінің ескі әдістен асып түскендігі соншалық, ол ескі әдіс біржолата және түпкілікті жойылды, — Йена тұсында икемсіз, баяу жылжыған, көбінше бытыранды ұрысқа жарамсыз, пруссиялық шептер француздардың атқыштар отрядтарының оғының астында көріне көзге өшті, бұған олар жеке взводтардың оқ атуымен жауап бере алды, осыдан кейін ескі әдіс біржолата және түпкілікті жойылды. Ал егер линиялық ұрыс тәртібі істен шыққан болса, ал оны жауынгерлік сап құру ретіндегі линия жөнінде ешбір айтуға болмайды. Пруссактар өздерінің жауынгерлік линияларымен сондай масқара болғаннан бірнеше жылдан кейін Веллингтон өзінің линияға тұрғызылған ағылшындарын француздардың колонналарына қарсы бастаған болатын және, әдетте, оларды талқандап келді. Ал Веллингтон француздардан нақ олардың бүкіл тактикасын қабылдады, тек олардан өзгешелігі, ол иін тірескен пехотасын ұрыстарда колоннамен тұрғызбады, қайта линиямен тұрғызды. Мұндағы оның ше болған артықшылығы: бір мезгілде атыс қыймылына барлық мылтықты, ал атакаға — барлық штыкты пайдалана алды. Осы ұрыс тәртібін ағылшындар ұрыстарда кейінгі уақытқа дейін қолданып келді, мұның өзі шабуыл жасағанда да (Альбугера), сондай-ақ қорғаныста да (Инкерман) олардан сан жағынан асып түсетін жау жөнінде оларға басымдық берді. Ағылшындардың осы линияларымен кездесуіне тура келген Бюжо линияларды колонналардан кейінгі уақытқа дейін артық көріп келді.

Осының бәрімен қатар пехотаның мылтығы өте жаман болып

келді, жаман болғандығы сондай, тіпті ондай мылтықтан жүз адым жердегі жеке адамға тигізу сирек қана болатын, ал үш жүз адым жерден бүгін батальонға тигізу де дәл сондай сирек болатын. Сондықтан, француздар Алжирға келгенде, бәдеуилдердің ұзын мылтығы француздардың мылтығы жетпейтін жерден француздарды ауыр шығынға ұшыратып отырды. Мұнда тек иір ойықты мылтық қана көмектесе алатын еді. Ал нақ Францияда иір ойықты мылтықты қолдануға үнемі, тіпті төтенше реттерде де, қарсы болып келген, өйткені оны оқтауға көп уақыт кететін және тез тозаң енетін. Енді, алайда, оңай оқталатын мылтық керек болған кезде, ол тез-ақ қанағаттандырылды. Дельвиннің алдын ала жасаған жұмысынан кейін Тувененнің винтовкасы және Миньенің кеңейіл кететін оғы шықты; осы жетілістер иір ойықты мылтықты оқталуы жөнінен тегіс стволды мылтықпен бірдей етті, сөйтіп сол уақыттан бері бүкіл пехота оғы алысқа кететін және жақсы ататын иір ойықты мылтықтармен қарулана алатын болды. Ал аузынан оқталатын иір ойықты мылтық тиісті тактика жасауға жеткізгенге дейін, ол мылтықтың орнына дәрімен атылатын ең жаңа мылтық, — дүмінен оқталатын мылтық шықты, сонымен бірге иір ойықты пушкалардың соғыстық сапасы барған сайын жақсартыла берді.

Бүкіл ұлтты, революция енгізген, қаруландыру тез уақыт ішінде едәуір тежелді. Тұрақты армияға қызметке әскери міндетті барлық жас адамдардың жеребе салу арқылы тек бір бөлегін ғана алды, ал басқа азаматтардың белгілі бөлегінен — кейде көп, кейде аз — мықтағанда үйретілмеген ұлттық гвардия ұйымдастырды. Ал немесе жалпыға бірдей әскери міндетті атқару принципі нағыз қатаң қолданылған жерде ең көбі милициялық армия құрды, ол армия ту астында бар болғаны бірнеше апта ғана болып отырды, — Швейцарияда осылай болды. Финанстық жағдайдан туған пікір рекруттық пен милициялық армияның аралығынан бірдемені таңдауға мәжбүр етті. Европада тек бір ғана ел, сонымен қатар ең кедей елдердің бірі, жалпыға бірдей әскери міндетті тұрақты армияның болуымен сыйыстыруға тырысты. Бұл ел Пруссия еді. Ал тұрақты әскерде жалпыға міндетті қызмет еш жерде қатаң түрде жүргізілмеген болса да, — мұнда да айнымайтын финанстық пікір бойынша жүргізілмеген болса да, — дегенмен прустық ландвер системасы үкіметтің қарамағына дайын кадр болып үйретіліп, ұйымдасқан сонша көп адам берді, сондықтан Пруссия халық саны бірдей басқа елдерден белгілі түрде басым болды.

1870 жылғы Француз-пруссак соғысында рекрутқа алу системасы Пруссияның ландвер системасынан жеңіліп қалды. Ал бұл соғыста сонымен қатар екі жақ та дүмінен оқталатын мылтықпен алғаш рет қаруланған болатын, — ал тәртіптеліп белгіленген формалар, армияның жүріп тұру және соғысу формала-

ры негізінен алғанда бұрынғы шақпақ таспен атылатын мылтықтың тұсындағы қалпында қалып келген. Мықтағанда атқыштардың отрядтары біраз көбейе түсті. Ал басқасы жағынан француздар әлі де бұрынғы батальондық колонналарда соғысты, ал кей кездерде сонымен қатар линия бойынша сап құрды, ал немістер болса ең болмағанда роталық колоннадан жаңа қару-жараққа неғұрлым қолайлы ұрыс формасын табуға ұмтылды. Алғашқы ұрыстарда осылай болды. Ал Сен-Приваға (18 августа) шабуыл жасағанда прусстық гвардияның үш бригадасы осы роталық колоннаны шындап қолданып байқағанда, дүмінен оқталатын винтовканың күйреткіш күші көрінді. Осы ұрыста ең көп қатысқан бес полкта (15 000 адам) офицерлер түгелдей дерлік (176) және 5 114 солдат қаза тапты, демек, адам құрамының үштен бірінен астамы қаза тапқан. Ұрысқа қатысқан бүкіл гвардиялық пехота 28 160 адам болатын, сол күні 8 230 адамынан, оның ішінде 307 офицерінен айрылды. Сонан бері роталық колонна, сол сыяқты батальондық колоннаны немесе линиялық сапты қолдану да істен шығарылды; жаудың оғының астына қандай да бір иін тірескен отрядты қоюға тырысудың қандайы болса да қалдырылды; немістер тарапынан ұрыс атқыштардың жиі тізбектері бойынша жүргізілді, ал бұл тізбектерге бұрын, жоғарғы командирлер құрамының тәртіпті бұзу деп күресуіне қарамастан, колонналардың өздері әдетте жаудың жаудырып тұрған оғының астында бытырап кететін. Солдат тағыда офицерден ақылды болып шықты; нақ сол солдат инстинкт бойынша бірден-бір ұрыс формасын тапты, ол форма осы уақытқа дейін дүмінен оқталатын мылтықтың оғының астында өзін ақтады, және бастықтардың қарсылығына қарамастан ол форманы ойдағыдай сақтап қалды. Ойранды мылтық атысының қыймыл сферасында дәл сол сыяқты тек әлсін-әлсін жүгіріп барып тасалау ғана қолданылды.

---

## «АНТИ-ДЮРИНГКЕ» ЕСКЕРТУЛЕР<sup>1</sup>

Шын дүниедегі математикалық шексіздіктің  
бейнесі туралы

### **17—18-беттерге<sup>2</sup>, Ойлау мен болмыстың арасындағы үйлесім. — Математикадағы шексіздік**

Біздің бүкіл теориялық ойлауымызға мына факт: біздің субъективтік ойлауымыз бен объективтік дүние дәл ортақ бір заңдарға бағынған, сондықтан олар өздерінің нәтижелері жағынан бір-біріне қайшы келе алмайды, қайта өзара үйлесуге тиіс деген факт абсолюттік күшпен үстем болып отыр. Бұл факт біздің теориялық ойлауымыздың санасыз түрдегі және сөзсіз алғышарты болып табылады. XVIII ғасырдың материализмі өзінің шын мәніндегі метафизикалық сыйпатының салдарынан бұл алғышартты тек оның мазмұны жағынан зерттеді. Бұл материализм ойлау мен білім атаулының мазмұны сезімдік тәжірибеден шығуға тиіс дегенді дәлелдеумен тынды және мына қағыйданы қалпына келтірді: nihil est in intellectu, quod non fuerit in sensu<sup>3</sup>. Тек ең жаңа идеалистік, сонымен қатар диалектикалық философия да — әсіресе Гегель — бұл алғышартты *формасы* жағынан да зерттеді. Осы арада өзіміз көріп отырған толып жатқан қалай болса солай жасалған қағыйдалар мен фантазиялық ойдан шығарылғандарға қарамастан; ол алғышарттың нәтижесінің — ойлау мен болмыс бірлігінің — идеалистік, басымен қойылған формасына қарамастан, мынаны бекерге шығаруға болмайды: бұл философия, нағыз алуан түрлі салалардан алынған, толып жатқан мысалдар арқылы ойлау процестері мен табиғат және тарих процестерінің арасында ұқсастық бар екендігін — оның керісінше де болатындығын — және осы процестердің бәрі үшін бірдей заңдар бар екендігін дәлелдеп берді. Екінші жағынан,

---

<sup>1</sup> Бұл ескертулердің пайда болуы, сірә, 1885 жылдың бас кезіне, Энгельс баспаға «Анти-Дюрингтің» екінші, *кеңейтілген* басылуын әзірлемекші болған кезге жататын болу керек. Энгельс «Анти-Дюрингтің» кейбір жерлеріне бірсыпыра қосымшалар жазып, оларды осы шығарманың екінші басылуының аяғына қосуды ойлады. *Ред.*

<sup>2</sup> Беттері 1878 жылдың жазында шыққан «Анти-Дюрингтің» бірінші басылуынан көрсетілген. Бұл — бірінші бөлімнің III тарауының екінші және үшінші беттері. *Ред.*

<sup>3</sup> — интеллектіде бұрын сезімде болмаған ешнәрсе жоқ. *Ред.*

Осы заманғы жаратылыс тану ғылымы ойлаудың күллі мазмұнының тәжірибеден шығуы туралы тезисті кеңейтті, яғни оның бұрынғы метафизикалық тар өрістілігі мен тұжырымы мүлде теріске шығарылып кеңейтілді. Осы заманғы жаратылыс тану ғылымы жүре біткен қасиеттердің тұқым қуалайтындығын мойындайды және сонымен тәжірибе субъектінің кеңейтеді, кеңейткенде, оны индивидтен тұқымға қолданып кеңейтеді: енді бәрін әрбір индивидтің өзі жеке басының тәжірибесінен байқауы қажет болып саналмайды; оның жеке басының тәжірибесінің орнына белгілі дәрежеде өзінің бірқатар ата-бабалары тәжірибесінің нәтижелері жарауы мүмкін. Егер, мысалы, біздің математикалық аксиомалар сегіз жасар балалардың әр қайсысына, ешбір тәжірибе арқылы дәлелдеуді керек етпейтін, өзінен өзі түсінікті бірдеме болып көрінсе, онда мұның өзі «жыйнақталған тұқым қуалаушылықтың» нәтижесі ғана болып табылады. Ал бушменге немесе австралиялық негрге оларды дәлелдеу арқылы түсіндіруге сірә бола қояр ма екен.

Жоғарыда келтірілген шығармада диалектика қозғалыс атаулының неғұрлым жалпы заңы туралы ғылым ретінде қаралады. Мұның мәнісі, диалектика заңдарының табиғат пен адам тарихындағы қозғалыс үшін де, сондай-ақ ойлау қозғалысы үшін де күші болуға тиіс деген сөз. Мұндай заң бұл үш саланың екеуінен, тіпті рутинер-метафизикке өзінің жалпы бір заңмен істес болып отырғаны айқын болмаса да, үшеуінен де танылуы мүмкін.

Мысал алалық. Білімнің барлық теориялық табыстарының ішінен бірде-бірі адам ой-жігерінің XVII ғасырдың екінші жартысында шексіз аз шаманы есептеп шығаруды тапқандағыдай соншалық жоғары салтанаты болып санала қоймас. Ал егер біз бір жерде адам ой-жігерінің таза және тамаша ісін көріп отырсақ, нақ осы арада көріп отырмыз. Шексіз аз шамаларды есептегенде қолданылатын шамаларды—дифференциалдар мен түрлі реттердің шексіз аз шамаларын—біздің заманымызда да қоршаған жұмбақ бұл арада біздің кездесіп отырғанымыз адам рухының объективті дүниеде ешбір нәрсе сәйкес келмейтін, бір-ыңғай таза «еркін жасағандары мен қыялының жемістері»<sup>1</sup> екен дейтін түсініктің әлі де болса тарап отырғандығының жақсы дәлелдемесі болып табылады. Ал солай бола тұрса да дәл осының керісіншесі дұрыс. Табиғат бізге осы қыялда болатын шамалардың бәрінің бейнелерін береді.

Біздің геометрия кеңістік қатынастарға негізделеді, ал біздің арифметика мен алгебра саннан құралған шамаларға сүйенеді, біздің жер бетіндегі қатынастарымызға сәйкес келетін, яғни денелік шамаларға, өздері жер бетінде кездесетін және қоз-

<sup>1</sup> Дюрингінің сөзі. *Ред.*

тердің бірқатар химиялық және физикалық қасиеттерін түсіндіруде химия, сірә, дұрыс бағытта болса керек. Бірақ бірде-бір химиктің белгілі бір элементтің барлық қасиеті Лотар Мейердің қыйсық сызығындағы<sup>1</sup> оның алатын орнымен барынша толық көрсетіледі деп, соның бір өзімен, мысалы, көміртегі органикалық тіршіліктің негізі ететін оның ерекше қасиеттерін, немесе мыйда фосфордың болу қажеттігін бір кезде түсіндіру мүмкін деп айтуға батылы бармайды. Ал солай бола тұрса да «механикалық» концепция нақ осыған тіреледі. Өзгерістің қандайы болса да механика ауысу арқылы түсіндіреді, сапа мен санның арасындағы қатыс өзара болатындығын, санның сапаға айналуы сыяқты, сапаның да санға айналатынын, бұл жерде өзара әрекеттестіктің барлығын ескермей сапа айырмашылығының бәрін сан айырмашылықтары арқылы түсіндіреді. Егер сапаның барлық айырмашылықтары мен өзгерістері сан айырмашылықтары мен өзгерістеріне, механикалық ауысуларға тірелетін болса, онда біз бүкіл материя *барабар* өте ұсақ бөлшектерден тұрады деген және материяның химиялық элементтерінің сапа айырмашылықтарының бәрін сан айырмашылықтары, осы өте ұсақ бөлшектер атомға біріккен кездегі өздерінің сан жағындағы және кеңістіктік топтасуындағы айырмашылықтар тудырады деген тезиске біз лажсыздан келеміз. Ал бұған біз әлі жеткеміз жоқ.

Біздің кәзіргі жаратылыс зерттеушілеріміздің осы күні неміс университеттеріне тараған, ең қарапайым тұрпайы философиядан басқа философиямен таныс еместігі ғана оларға «механикалық» деген сыяқты сөздермен осындай бағытта әрекет істеуге мүмкіндік береді, оның бержағында олар бұдан шығатын қандай қорытындыларға сөйтіп өздерін лажсыздықпен міндеттейтінін ойламайды немесе тіпті сезбейді. Материяның абсолюттік түрде сапа барабарлығы туралы теорияның өзінің жақтаушылары бар ғой; ол теорияны эмпирикалық жолмен дәлелдеуге болмайтыны сыяқты, теріске шығаруға да болмайды. Ал егер барлығын «механикалық түрде» түсіндіргісі келетін адамдардан бұл қорытындының сөзсіз екендігін түсіне ме және материяның барабарлығын мойындай ма деп сұрайтын болсақ, онда бұл сұраққа алуан түрлі жауап естисін!

Ең бір кісі күлерлік нәрсе — «материалистік» пен «механи-

<sup>1</sup> «Лотар Мейердің қыйсығы» деп элементтердің атомдық салмақтары мен олардың атомдық көлемдерінің арасындағы арақатысты бейнелейтін қыйсық сызық аталады. Л. Мейердің «Die Natur der chemischen Elemente als Funktion ihrer Atomgewichte» («Химиялық элементтердің жаратылысы дегеніміз олардың атомдық салмақтарының функциясы») деген мақаласы 1870 жылы жарыққа шықты. Химиялық элементтердің периодикалық заңын орыстың ұлы ғалымы Д. И. Менделеев ашқан болатын, бұл заңды ол 1869 ж. өзінің «Қасиеттердің, элементтердің атомдық салмағымен арақатысы» деген мақаласында бірінші рет тұжырымдаған болатын. *Ред.*

калықты» теңеу Гегельден басталады, ол «механикалық» деген эпитетпен материализмді кеміткісі келді. Бірақ әңгіме мынада: Гегель сынаған материализм — XVIII ғасырдағы француз материализмі — шынында да барынша *механикалық* материализм болды, ал оның ең табиғи себебі: ол кезде физика, химия мен биология әлі жетілмеген болатын және олар табиғатқа кейбір жағынан жалпы көзқарас үшін тіпті де негіз бола алмайтын-ды. Дәл сол сыяқты Геккель *causae efficientes* деген сөздің аудармасын Гегельден «механикалықпен әрекет етуші себептер» деп және *causae finales* деген сөздің аудармасын — «мақсатқа сай әрекет етуші себептер» деп алады; бірақ Гегель бұл жерде «механикалық» деген сөзді — ойламай, санасыз түрдеде әрекет ету деген мағынада түсінеді, ал Геккельше, механикалық деген мағынада түсінбейді. Сонымен қатар Гегельдің өзі үшін де осы қарсы қоюдың бәрі соңшалық шектен асқан көзқарас болып саналады, *тіпті* оның өзі ол туралы «Логикадағы» өзінің себептілікті баяндауының бірде-бірінде *айтпайды*, оны тек «Философияның тарихында» ғана сөз қылады, онда да ол тарихи факт ретінде келетін жерлерде сөз қылады (демек, Геккельден біз барып тұрған түсінбестікті, үстірттіктің нәтижесін көреміз!) және телеологияны қарағанда мүлде жол-жөнекей сөз қылады (Logik, III, II, 3)<sup>1</sup> мұнда осы қарсы қою туралы механизм мен телеологияның арасындағы қарама-қарсылықты *бұрынғы метафизика* тұжырымдаған форма ретінде ғана айтылады. Ал жалпы алғанда Гегель айтылып отырған қарсы қоюды әлдеқашан жеңілген көзқарас ретінде түсіндіреді. Сонымен, Геккель, өзіне көрінгеніндей, бұл жерден өзінің «механикалық» концепциямды растайтын бір нәрсе таптым деп қуанып, Гегельден жай ғана теріс көшіріп алған және осы жолмен ол мынадай тамаша қорытындыға келеді: табиғи іріктелу белгілібір жануарда немесе өсімдікте белгілібір өзгеріс жасаса, онда ол өзгеріс *causa efficiens* арқасында болады; ал егер нақ осы өзгеріс *қолдан* іріктеу арқылы туған болса, онда ол өзгеріс *causa finalis* арқылы болады! Зоотехник дегеніміз *causa finalis*! Әлбетте, Гегель сыяқты диалектик *causa efficiens* пен *causa finalis* арасындағы тар өрісті қарама-қарсылықтың шеңберінде шатасуы мүмкін емес-ті. Ал ғылым дамуының кәзіргі сатысы үшін осы қарама-қарсылық туралы мағынасыз мылжынға мына жағдай тыйым салады: біз тәжірибе мен теориядан білетініміз — материяны және оның болмыс формасын — қозғалысты — біреу жасамайды, олай болса, өздерінің өзіндік ақырғы себептері болып табылады: шынында уақыттың белгілі кезеңдерінде және жеке орындарда өздерін әлем дүниесі қозғалыстарының өзара әрекеттестік шең-

<sup>1</sup> Энгельстің сөз қылып отырғаны Гегельдің «Үлкен Логика» («Ұғым туралы ілім») деген кітабының II бөлімінің III тарауы. *Ред.*

берінде оқшаулайтын немесе онда біздің ойымыз оқшаулайтын жеке себептерде мүлде ешқандай жаңа түсінік қосылмайды, қайта, егер біз ол себептерді *арекет етуші* себептер деп атаған жағдайда шатастыратын элемент қана қосылады. Әрекет етпейтін себеп тіпті де себеп емес.

NB. Материяның тап өзін алсақ, ол — түгелдей ойдың жасағаны және абстракция. Заттарды, денелік бар нәрсе ретінде, материя деген ұғыммен біріктіргенімізде, біз олардың сапалық айырмашылықтарын былай қоя тұрамыз. Материяның тап өзін алсақ, белгілі, бар материядан өзгешелігі, ол, сонымен, сезім арқылы білінетін бар бірдеме емес. Жаратылыс тану өзіне біртүрлі материяның тап өзін табуды және сапа айырмашылықтарды, барабар өте ұсақ бөлшектердің ұштасуымен пайда болатын, сан айырмашылықтарына аударуды мақсат етіп қойғанда, онда оның онысы, шиенің, алмұрттың, алманың орнына жемістің тап өзін көргісі келгендік, мысықтың, иттің, қойдың т. т. орнына сүт қоректі жануардың тап өзін көргісі келгендік, газдың тап өзін, металдың тап өзін, тастың тап өзін, химиялық қосындының тап өзін, қозғалыстың тап өзін көргісі келгендік қандай болса, сондай іс істегені. Дарвиннің теориясы сондай бастапқы сүтқоректіні, Геккельдің *Protoplasmalein* талап етеді, бірақ сонымен қатар мынаны мойындауға тиіс: егер ол сүтқоректі өзінің бойында бүкіл болашақ және кәзір өмір сүріп отырған сүтқоректілерді ұрық күйінде сақтаған болса, онда шындығына келгенде ол сүтқоректі осы күнгі сүтқоректілердің бәрінен төмен болғаны және жабайы түрде дәрекі болғаны, сондықтан олардың бәрінен де гөрі ауыспалы болғаны. Гегельдің дәлелдеп те қойғанындай, («Энциклопедия», 1, 199-бет)<sup>1</sup> бұл пікір, материя тек сан арқылы анықталады, ал сапа жағынан ежелден бірдей дейтін «сыңаржақ математикалық көзқарас» XVIII ғасырдағы француз материализмінің «көзқарасының дәл өзі». Бұл көзқарас санды, сан жағынан айқындықты заттардың мәні ретінде қараған Пифагорге де қайта оралу болып табылады.

«Анти-Дюрингтің» 1950 жылығы  
басылуының тексті бойынша  
басылып отыр.

<sup>1</sup> Энгельстің сөз қылып отырғаны Гегель шығармаларының неміс тілінде басылуының (Берлин, 1840 немесе 1843) VI томындағы Гегельдің «Кіші логикасының» 199-беті. *Ред.*



## ПРЕДМЕТ КӨРСЕТКІШІ

### А

- Абсолютизм* — 168
- Абсолюттік ақыйқат* — қараңыз: *Ақыйқат*.
- Абстракция* — 41 — 42, 43, 96, 333, 369, 374; реалдылық және *абстракция* — 334; математикалық *абстракция* — 366—368, 369.
- Агрегаттық қалып* — 15—16, 47—48, 65—66, 126.
- Аксиомалар* — 42—43, 96, 98—99, 150, 217 333; математикалық *аксиомалар* — 42, 332, 334, 365—366.
- Акционерлік қоғам, Акционерлік компания* — 271—273, 281.
- Алхимия* — 261.
- Анабаптистер* — 21.
- Анализ* — 136—137; *анализ* және синтез — 44—45.
- Анархизм* — 276—277.
- Анархия* — капитализм тұсындағы қоғамдық өндіріс *анархиясы* — 19, 161, 266—272, 276, 279—280, 291—292; социализм тұсында қоғамдық өндіріс *анархиясының* жойылуы — 279, 281.
- Антагонизм* — 139—140, 261, 286—287; таптар *антагонизмі* — 266.
- Антиномиялар* (Канттың) — 51—52.
- Априоризм, Дюрингтің априорлық методын сынау* — 37—48, 96—102, 333.
- Армия* — қараңыз: *Соғыс өнері*.
- Ассимиляция* — 82—84, 337.
- Астрономия* — 59, 63, 88, 368—369.
- Атомдар* — 62, 77—78, 326—327, 367—368; *атомдардың* қозғалу формалары 62, атамистика 328; атомдық салмақ — 305, 320—327, 368; атом және химиялық әрекет — 77—78.
- Айырбас* — 105—106, 145—152, 159,—160, 223—224, 262, 266—267, 303—304, 307—309. Өндіріс пен *айырбас* — қараңыз: *Өндіріс*.
- Алтын мен күміс.* — 104—105, 139, 233, 301.
- Асыра өндірушілік* — 280, 282—284.
- Ағартушылар* — XVIII ғасырдағы француз *ағартушылары* — 19—20, 149, 256—257.
- Ақша* — ақша қоғамдық еңбектің тікелей көрінісі — 305; *ақша* — күн өлшемі — 224—225, 335; *ақша* — жалпылама эквивалент 198—199; *ақша* — айырбас құралы — 146; металл *ақшалар* — 146; 299—301; бүкіл дүниежүзілік *ақшалар* 301—302; қағаз *ақшалар* — 186, 228—230; *ақшаның* капиталға айналуы — 191—204; *ақша жөніндегі* Юмның теориясы — 232—236; Оуэннің «жұмысшы *ақшалары*» — 228—229.
- Ақыйхат* — 22, 86—93; 150; абсолюттік және относителдік *ақыйхат* — 88—89, 91—96; «мәңгі *ақыйхаттар*» — 85—86, 89—94.
- Ақыл-парасат* — 333.

### Б

- Байланыс* — 23—29, 330—331. Ішкі *байланыс* — 26—27 системалық *байланыс* — 39—40; табиғат *бай-*

- ланьсы — 38—39, 325—327, Жаратылыстық байланыс — 23—25; тарихи байланыс — 23—25, 261; дүниелік байланыс — 39—41; жаппай байланыс — 326—327, 328; байланыстардың формасы — 41—42.
- Байқау** — 328—329, 333.
- Барабарлық** — 56—57, 120, 371—373; абсолюттік барабарлық өзінен өзі өзгеріске барып ұштаса алмайды — 56—57; Гегельдің ой мен болмыс барабарлығы — 46—47.
- Баға** — 199—200; жұмысшы күшінің бағасы — 214—215; монополиялық баға — 185—187.
- Бейне** (*Бейнелеу*) — 24—25, 96, 312—314, 330—332, 341—342.
- Бекерге шығару** — тарихи және диалектикалық бекерге шығару — 343; бекерге шығару жолы процестің айрықша сыйпатымен белгіленеді — 141; бекерге шығаруды бекерге шығару — 128 — 142, 342—344.
- Белок заттары** — 68, 77—83.
- Биология** — 13, 15—16, 77—78, 89, 370—371, 373.
- Биологиядағы түр** — 69—72, 89; түрлердің шығуы — 75—76; түрлердің өзгергіштігі — қараңыз: *Түрлердің өзгергіштігі*; түрлердің дамуы — 69, 76—77.
- Биржа** — 145, 274.
- Болымды мен болымсыз** (оң мен теріс) — 25—26, 48.
- Болмыс** — 25, 30, 38, 43—48, 53—55, 364; болмыстың негізгі формалары — 53—54; болмыс және ойлау — қараңыз: *Ойлау*.
- Бостандық** — бостандық және қажеттілік — 112—114, 279, 281; социализм тұсындағы шын бостандық — 114—115, 281, 291—292, 313—314; сонымен қатар қараңыз: *Теңдік*.
- Бұлдыр** — алғашқы бұлдыр — 58—60.
- Буржуазия** — 19—21, 155, 262—263, 274—275; буржуазия және феодализм — 20—21, 104—105, 161—162, 262—263; буржуазияның даму тарихы — 161—164, 250—252, 262—263; буржуазия және пролетариат — 29—30, 106—107, 158, 162—165, 251—253, 255—256, 266, 280; буржуазияның экономикалық, саяси және ақыл-ой жағынан банкротталуы — 278.
- Бөліс** — 146—149, 151, 153—155, 183—184, 196—197, 294—295, 353—356; бөліс әдістері және таптар — 146, 262; бөлістегі қарама-қарсылықтар — 147; бөліс теңсіздігі — 148, 158.
- Бөлік және бүтін** — қараңыз: *Тұтас*

## Г

- Геология** — 88, 91; геологияда бекерге шығаруды бекерге шығару — 135—136.
- Газдардың кинетикалық теориясы** — 15—16.
- Геометрия** — 138, 332, 365—366.
- Германиядағы шаруалар соғысы** — 21, 106—107, 339.
- Гипотеза** — физика мен химиядағы гипотеза — 86—88; тірі организмдерді зерттеудегі гипотеза—88.

## Д

- Даму** — 13—14, 107, 177—178, 179—180, 349—350; даму теориясы — 75—76; уақыт жөнінен даму — 14; табиғат пен адамзат қоғамындағы даму — 25—28, 177—179, 191—192; адам ойының даму тарихы — 13.
- Дарвинизм** — 69—77, 335—336.
- Дворяндар** — 20, 161—162,
- Деизм** — 69, 73, 75.
- Демократия** — арғы заман демократиясы — 338; буржуазиялық демократиялық республика — 20; 1848 жылғы буржуазиялық демократия — 168.
- Деревня** — қараңыз: *Қала*.
- Деспотизм** — шығыс деспотизмі — 159, 176—177, 178—179.
- Дефинициялар** — 83—84, 336—337.
- Диалектика** — 12, 15—17, 23—28, 29—30, 47—49, 64—65, 119—120, 121—123, 133—135, 160, 325—327, 342—343, 357; диалектиканың анықтамасы — 141, 364; қозғалыстың диалектикалық заңдары — 13—14, 170, 364; табиғат процестерінің диалектикалық сыйпаты — 14—17, 327; диалектикалық ойлау — 16—17, 23—24, 121—122,

327—329, *диалектика* формасы — 327—329; логика және *диалектика* — 28—29—91; материалистік диалектиканың Гегельдің идеалистік диалектикасына қарама-қарсылығы — 26—28, 328—331; сонымен қатар мыналарға қараңыз: Заң, *Материализм* және *Метод* —

*Диалектика және жаратылыс тану ғылымы* — 25—28, 325—327.

*Динамикалық* және *Динамикалық* — қараңыз: *Статикалық* және *Динамикалық*.

*Дифференциал* — 136—138, 356—359, *Дифференциалдық және интегралдық есеп* — 120, 134, 136—138, 146, 343—345, 357—363.

*Дюрингтің шаруашылық коммунасы* — («социалитет»), оның буржуазиялық, қанаушылық мәні — 195—197, 284—291, 295—299, 317—322, 353—355, 356.

*Дін* — 74, 94, 253, 312—315, 316—317, 341—342 дінде экономикалық қатынастарды хиалды түрде бейнеленуі — 312—315; сонымен қатар *Христиандар* дегенді қараңыз:

*Дүние* — 41—42, 47—52, 332; *дүние* дегеніміз байланысты бір бүтін нәрсе — 39—41, 333.

*Дүниеге көзқарас* — 134—135, 138; 328—329; *дүниеге* коммунистік көзқарас — *Коммунизм* дегенді қараңыз:

*Дүниенің материалдықтығы* — *Материализм* дегенді қараңыз.

## Е

*Еркін сауда* — 231—232, 350—351; сонымен қатар: *Фритредерлік бағыт* дегенді қараңыз:

*Ерте заман тілдері* — 317—318.

*Еңбек бөлінісі* — 126, 177—179, 223—225, 263—264, 286—292, *еңбек бөлінісі* және таптар — 281—282; қауымдық *еңбек бөлінісі* — 159; егіншілік семья ішіндегі *еңбек бөлінісі* — 176—178; егіншілік пен өнеркәсіп арасындағы *еңбек бөлінісі* — 177—178; *еңбек бөлінісі* және машиналық өндіріс — 290—292; *еңбек бөлінісі* және қаланың деревнядан бөлінуі — 286—291, 294—295.

*Еңбек* — *еңбек* адамзаттың өмір сүруінің табиғи шарты — 290—291; күл *еңбегі* — 158—159; крепостной

*еңбегі* — 347—348; қоғамдық *еңбек* — 264—265, 281, 304—307; жалпы адамзат *еңбегі* — 105—106, 302—304; *еңбек* барлық құндардың өлшемі — 187—189; затқа айналған *еңбек* — 196—197; қоғамдық қажетті *еңбек* — 105—106, 188—189, 196—197, 204; өнімді *еңбек* — 184—185, 281, 290—291, 353—354; қарапайым *еңбек* — 193—195; күрделі *еңбек* — 193—196, 197—198; жалдамалы *еңбек* — 161, 179—180, 263—264, 347—348; қосымша *еңбек* — 200—201, 203—204, 213—215; —250; *еңбек* бөлінісі — қараңыз: *Еңбек бөлінісі*; *еңбекті* қоғамдастыру — 132—133; капитализм тұсында ой *еңбегі* мен дене *еңбегінің* арасындағы қарама-қарсылық — 287—289; социализм тұсында дене *еңбегі* мен ой *еңбегінің* арасындағы қарама-қарсылықтың жойылуы — 196—197, 290—291; социализм тұсындағы *еңбек* — 290—291, 306—308.

*Еңбек өнімділігі* — 178—179.

## Ж

*Жалақы* — 125—126, 190—192, 195—196, 265.

*жалақы* заңы — 71, 309; *жалақы* және қосымша *еңбек* — 213—215; маманданған жұмысшының *жалақысы* — 197—198; *жалақы* және өнеркәсіптің резервтік армиясы — 269—270; *жалақы* туралы мәселедегі тұрпайы саяси экономия — 189—191.

*Жалпы мен жеке* — 23—25.

*Жаратылыс тану ғылымы* — 12—17, 24—25, 46—47, 56—57, 69, 74, 324—326, 331; теориялық *жаратылыс тану ғылымы* — 9—10, 12, 26—27, 14, 326—330; *эмприкалық жаратылыс тану ғылымы* — 16—17, 325—326, 328—329; *жаратылыс тану ғылымының* дамуы — 24—25; *жаратылыс тану ғылымы* және материализм — 28—29; *жаратылыс тану ғылымы* және *диалектика* — қараңыз: *Диалектика және жаратылыс тану ғылымы*; *жаратылыс тану ғылымы* және тарих — 24—25.

*Жақсылық пен жамандық* — 93—95. *Жеке адам* — капитализм тұсындағы

- жеке адам* — 287—290; социализм түсіндегі *жеке адам* — 278—279, 290—291.
- Жеке мен жалпы* — қараңыз: *Жалпы мен жеке*.
- Жеке меншік* — қараңыз: *Меншік*.
- Жер иелігі* — қауымдық жер иелігі — 146, 172—174, 347—348, 349—350; *Ірі жер иелігі* және оның дамуы — 172—175, 219—220, 251—253.
- Жылылық* — 14, 63—64, 68, 331, 334, 371—372, *жылылықтың* механикалық теориясы — 58—59, 65—66, 326—327, 330—331; механикалық қозғалыстың жылылыққа айналуының ашылуы — 114—115; байланысты жылылық — 65—66.
- Жұмысшы базарлары* — Оуэннің жұмысшы базарлары — 257—258.
- Жұмыс күні* — 188—190, 195—196, 214—215, 255—256.
- Жұмысшы күші* — қараңыз: *Күн, Қанау және Товар Жұмысшы қозғалысы* — 28—30.

## 3

- Зат* — 13; сонымен қатар қараңыз: *Материя*.
- Заттардың алмасуы* — 82—84, 336—337.
- Заң* — диалектикалық ойлау заңы — 16—17, 27—28, қарама-қарсылықтардың бірлік заңы — 25—26, 53—54; санның сапаға, сапаның санға айналу заңы — 47—48, 125—129; бекерге шығаруды бекерге шығару заңы — қараңыз: *Бекерге шығару*; табиғат заңы — 38—39, 140, 149, қозғалыс заңы — қараңыз: *Қозғалыс*; энергияның сақталу заңы, энергияның өзгеру заңы — қараңыз: *Энергия*; Бойль заңы — 92—94, 305; адамзаттың даму процесінің заңдылығы — 26—28; товар өндірісінің экономикалық заңдары — 309, 355—356; саяси экономия заңы — қараңыз: *Саяси экономия* — *Зоология* — 75

## И

- Идеализм* — 28—30, 138, 342—343, 352—353; тарихты түсінудегі *идеализм* — 29—30; құбылыстардың шын байланыстарын идеализмнің бұрмалауы — 27—29, 331; Гегель философиясының идеалистік жалған негізгі пункті — 328—331.

- Идеология* — 39—40, 96, 332—333.
- Идея* — идеялар — шындықтың бейнеленуі — 332; *идеяның* қоғамдық қатынастарға байланыстылығы — 341; Гегельдің «идеясы» — 27—28, 330.
- Икемделу* — 72—73, 335—336.
- Иемдену* — 207—208, 278; орта ғасырлардағы товар өндірістері *иемдену* — 263—264; капиталистік *иемдену* — 265—267, 276, 347—348; товар өндірісіндегі *иемдену* заңының капиталистік *иемдену* заңына айналуы — 160; ақы төленбеген еңбекті *иемдену* — 30—31, 160, 186—187, 191—192, 203—205; капиталистік өндіріс әдісі және соған негізделген *иемдену* әдісі — 201—203, 205—206; қоғамдық өндіріс пен капиталистік *иемденудің* арасындағы қайшылық — қараңыз: *Өндіріс*; социалистік қоғамдағы *иемдену* әдісі — 275—276, 278.
- Индивид* — жануар *индивидуумы* — 15—17; дербес өзгешеліктер және тіршілік үшін күрес — 70; жеке өзгерістер — 71—73; *индивидуум* және тек, ру — 364—366; сонымен қатар қараңыз. *Жеке адам*.
- Индустрия* — қараңыз: *Өнеркәсіп*.

## К

- Капитал* — 28—29, 30—31, 123—125, 132—133, 151—153, 198—199, 201—216, 269—275, 280; Капиталдың алғашқы қорлануы — қараңыз: *Қорлану*; ақшаның *капиталға* айналуы — қараңыз: *Ақша*; тұрақты және ауыспалы *капитал* — 123—125; *капитал* пайдасы — қараңыз: *Пайда*; *капиталдың* шоғырлануы — 132—133, 147, 274.
- Капитализм* — 262 — 276; сонымен қатар мыналарды қараңыз: *Өндіріс*, *Өндіріс құрал-жабдықтары*, *Иемдену*, *Тұтыну*, *Мемлекет*. *Категориялар* — 91—92; Гегельдік «өзіндік» және «өзі үшін» *категория* — 61.
- Кездейсоқтық* — 22; *кездейсоқтық* және заңдылық — 27—28; тарихи

- оқығалардың бейне кездейсоқтығы — 13.
- Кеңістік — 47—48, 50—58, Кеңістік және уақыт — болмыс атаулының бәрінің негізгі формалары — 53—54;
- Кеңістіктің үш өлшемі — 51—53; кеңістік формалары — 41—44; кеңістіктік қатынастар — 365—366.
- Классификациялау және эволюциялық теория — 16.
- Клетка — 13, 15—17, 25—26, 77—80. 89; клеткалық өзек — 77—79; Траубенің жасанды клеткасы — 81—82, 337.
- Коммунизм — 14, 21, 256—258; дүниеге коммунистік көзқарас — 10—12; стихиялық жұмысшы коммунизмі — 296—297; сонымен қатар қараңыз: Социализм.
- Конкуренция — 208—211, 251—252, 267, 280; еркін конкуренция — 28—30, 146—147, 273.
- Конституция — 20, 106—107.
- Кооперация — 126, 130—131, 132—133, 262—263, 280.
- Крепостнойлық тәуелділік — 105—106, 353—355.
- Кризис — өнеркәсіп кризисі — 271—273, 274, 282—285; ақша кризисі — 353—354; сауда кризисі — 161.
- Күн системасы — 14, 26—27, 59, 328—329, 368—369.
- Күш — 13; механикалық күш — 15—16, 55—56, 61—63.
- Күштеу — 98—99, 155—164, 176—177, 180—182, 199—200, 211—213, 250, 346—347; күштеу және экономикалық даму — 150, 159, 163—164, 170—171, 179—181, 346—348, 349—353; күштеудің революциялық ролі — 180—182, 346—347.

Л

- Лайықтылық — 73.
- Латифундиялар — 173—174, 349—350.
- Левелерлер — 21.
- Лион көтерілісі — 1831 жылғы Лион көтерілісі — 28—29; 1834 ж. Лион көтерілісі — 29—30.
- Логика — 91, формальдық логика және диалектика — 28—29, 133—135, 325—327; формальдық логика және математика — 42, 133 —

135; Гегель логикасы — 38—39, 47—48, 68.

М

- Магнетизм — 62, 68, 334.
- Мальтусшылдық — 69—71, 77—78.
- Мануфактура — 105—106, 126, 222—223, 262—265, 280; қолөнер кәсібінен мануфактураға көшу — 104—105, 161—163, 268—269, 288—289; мануфактура және ірі өнеркәсіп — 255—256, 262—263.
- Марка — 172—174, 267, 354—355.
- Математика — 12—14, 40—44, 52—54, 88, 133—135, 332—334, 368—369; математикалық қатынастар — 134—135; математика адамдардың практикалық мұқтажынан пайда болды — 41—42; элементарлық математика — 120—121, 133—135; жоғарғы математика — 120—121, 134—135, 136—138; математикалық аксиома — қараңыз: Аксиома; Маркстің математика жөніндегі қолжазбасы — 14.
- Материализм — 28—29, 38—40, 138, 332—333, 342; дүниенің шын бірлігі оның материялықтығында — 46—47; диалектикалық материализм — 12, 28—29; алғашқы стихиялық материализм — 138, 342; XVIII ғасырдағы француз материализмі — 28—29, 364, 373—374.
- Материя — 60—62, 373—374; материясыз қозғалыстың мүмкін болмайтыны сыяқты, қозғалыссыз материяның болуы да мүмкін емес — 62; материяның жасауға және бұзуға келмейтіндігі — 62, 70, 374; материяның құрылымы — 368; үздіксіз және дискреттік материя — 369; материя формаларының шексіздігі — 60, материя қозғалысының жоғарғы формалары — 120—121; материя және ойлау — 138.
- Машина — 184—185, 269—271, 280, 288—289; бу машинасы — 113—115, 145, 292—293, 306. Иіру машинасы — 263—264.
- Мақсат — 68, 73.
- Мемлекет — 8—9, 103—107, 158, 161, 173—174, 177—179, 223—224, 308—312, 346—347; мемлекеттік өкімет-

- тің шығуы — 175—177; мемлекеттің таптық қоғамдағы ролі — 147, 274—277, 349—350; капиталистік мемлекеттер арасындағы бәсеке және милитаризм — 167—168; мемлекеттік капитализм — 274—275, 281; пролетариаттың мемлекеттік өкіметті қолына алуы — 276; мемлекеттің құруы — 277, 281; XVIII ғасырдағы француз ағартушыларының «ақылға сыйымды мемлекетті» талап етуі — 19—20; 251; «халықтық еркін мемлекет» ұранын сынау — 277.
- Меншік** — 20, 139, 160—162, 183—184, 265, 281, 285—286, 302; қауымдық меншік — 90, 138, 159—160, 342, 347—348; жеке адамның меншігі — 130—131, 133—134; жеке меншік — 94, 103—104, 130—134, 159—161, 262—263, 342; жер меншігі — 172—173, 205—206, 354—355; ұсақ меншік — 251—252; өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншік — 130—131, 278—279, 342; мемлекеттік меншік — 274—275, 281.
- Меркантилизм** — 224—226, 228—231.
- Метафизика** — 16—17, 24—27, 64—65, 136—137, 141—142, 327—329, 364—366; метафизикалық ойлау әдісі — 23—25, 59, 120, 121—122, 327—328; тарихты метафизикалық түсіну — 29—30; табиғатқа метафизикалық көзқарас — 26—27; XVII және XVIII ғасырлардағы метафизика — 327—329.
- Метод** — 16—17, 25—26, 133—134; диалектикалық метод — 25—26, 122—123, 329—330.
- Механика** — 13—14, 41—42, 58, 63—64, 68, 88, 365—367, 368—371; механикалық күш — қараңыз: *Күш*; масса *механикасы* — 68; аспан денелерінің *механикасы* — 68; *механикада* статикалықтың динамикалыққа қатынасы — 64; *механика* тек санды ғана біледі — 370—371.
- Механикалық жұмыс** — 64.
- Милитаризм** — милитаризм және пруссактық ландвер системасы — 166—167; милитаризм және 1848 жылғы буржуазиялық демократия — 167—168; милитаризм дамуындағы диалектика — 167—168.
- Мифология** — 311—313.
- Молекула** — 15—16, 62, 65—66, 68, 77—78, 88, 305, 366—368, 370—372; молекулалық теория — 126.
- Монархия** — 164.
- Монетарлық система** — 225—226.
- Монополия** — 132—133, 152—155, 161—162, 170—171, 186—190, 203—204, 272—273, 278.
- Монотеизм** — 138, 312, 313, 342.
- Мораль** — 93—95, 101—102; *моральдің* таптық негіздері — 94—95; христиандық-феодалдық *мораль*, буржуазиялық *мораль*, ағартушылық *мораль*, пролетарлық *мораль* — 94; *мораль* және право — 112—113, 150—152.
- Мый** — 38—39, 342, 372.
- Мән** — 47—49, 121—122, 374.
- «*Мәңгі ақыйқат*» — қараңыз: *Ақыйқат*.

## Н

**Натуралдық шаруашылық** — 146, 161—163.

**Натурфилософия** — 12—14, 16—17, 38—39, 43—44, 48—49, 55—56, 67, 143, 328—330, 378.

**Неокантшылық** — 327—329.

**Нәсіл** — 71.

**Ой** — (ойлав) — 20, 22—23, 25—27, 44—45, 84—85, 332—333, 364, *ой* мен сана — адам мыйының жемісі — 38—39, *ой* — организмді тіршіліктің жоғарғы жемісі — 334, *ой* және болмыс — 38—39, 44—46, 364, 369, *ойлау, заңдары* — 325, 326, 332; *ойлау заңдары* мен табиғат заңдары — 38—39; *ойлау* формалары — 38—39, 332; диалектикалық *ойлау* — қараңыз: *диалектика*; теориялық *ойлау* — 325—326, 364; адамзат *ойының* суверенділігі — 87—88; *ойдың* дамуындағы қайшылық — 87—88, 120—121; *ойдың* тарихи дамуы — 325—327; *ойлаудың* мефизикалық әдісі — қараңыз: *Метафизика*.

**Организм** — 15—17, 25—26, 70, 73, 77—79, 80—81.

**Органикалық дүние** — 24—25, 68, 73.

**Относительдік** — 16—17, 62—87, 304—305; тыныштық атаулы мен те-

пе-тендік атаулының *относительдігі* — 62, танымның *относительдігі* — қараңыз: *Таным*.

**П**

- Пайда* — 191—193, 204—213, 218, 222—223, 234. капитал пайдасы — 182—200, 191—192, 207—208, 210—212, 218—222; кәсіпкердің пайдасы — 211—212; сауда пайдасы — 207—209; арендатор пайдасы — 218—223.
- Палеонтология* — 75, 313—314.
- Пантеизм* — 69.
- Партия* — пролетариат *партиясы* тарихтағы ең революцияшыл *партия* — 181—182; *партия* және әскери әзірлік — 346—347.
- Право* — 89—96, 103—105, 107—109, 112—113, 143, 150—151, 172—174, 331, 351—353; праволық мекемелер дегеніміз *кондырма* — 29—30; Рим *правосы* — 103—104, 112—113; Француз *правосы* — 107—110; ағылшын *правосы* — 108—110; 112—113, 173—174; пруссиялық *земстволық право* — 107—113, 143, 222—223, 294—295.
- Принцип* — *принциптер* өздерінің табиғат пен тарихқа сәйкес болғандығынан ғана *дұрыс* — 38—39; *теңдік принципі* және оның тарихи сыйпаты — 338—341.
- Пролетариат* — *пролетариаттың* даму тарихы — 21, 132—133, 152—153, 252—253, 255—256; *пролетариат* пен буржуазияның арасындағы *қарама-қарсылық* 251—252, *пролетариат* пен буржуазияның арасындағы *таптық күрес* — 28—30; *пролетариат* және *дүниеге коммунистік көзқарас* — 10—11; *таптарды жоюдың пролетарлық талабы* 106—107, 154—156, 340; *пролетариаттың өндіріс анархиясын жоюы* — 268—269.
- Протестантизм* — 94.
- Протистер* — 74—78—79.
- Протоплазма* — 13, 74, 336.
- Процент* — 204—205, 206—209, 230—232, 234—236.
- Процесс* — 15—16, 26—28, 29—30, 291—292, 305, 326—328; даму процесі *бекерге шығаруды бекерге шығару заңының дәлелдемесі* — 133—134, 140—141; *антагонистік процестер* — 140.

**Р**

- Реальдық* — *реальдық дүниеден абстракцияланған заңдар* — 41—42; *реальдық қатынастар және математика* — 42—43.
- Революция* — XVII ғасырдағы ағылшын буржуазиялық революциясы — 21, 162; *американ буржуазиялық революциясы* (тәуелсіздік жолындағы соғыс) — 165—166; XVIII ғасырдың аяғындағы француз буржуазиялық революциясы — 21—162, 165—166, 251—252, 339; 1848 жылғы революция — 180—181; *пролетарлық социалистік революция* — 281.
- Рента* — жер *рентасы* — 187—189, 205—209, 218—223, 231, 351—352; *классикалық саяси экономиядағы жер рентасының теориясы* — 219—223.
- Рефлексия* — 16—17.
- Рынок* — 30—31, 191—192, 198—200, 224—225, 263—267, 270—271, 280, 284—285, 307; *дүниежүзілік рынок* — 187—188, 201, 268—269, 283—284, 301.

**С**

- Сан* — 40—42; *сан қатары* — 52—53; *Пифагор саны* — 374.
- Сан* — 15—16, 46—48, 374; *сан өзгерістері* — қараңыз: *Өзгеріс*; *сан қатынастары* — 41—42; *сонымен қатар қараңыз: Сапа*;
- Сана* — 13, 17—18, 29—30, 44—45, 87, 336; *сана және табиғат* — 38—39.
- Сапа* — 15—16, 370—374, *санның сапаға және сапаның санға ауысу заңы* — 46—48, 125—129, 370—374; *сапа өзгерістері* — қараңыз: *Өзгеріс*; *сапалық секірме* — қараңыз: *Секірме*.
- Сауда* — 104—106, 159, 162, 233, 252, 270—272; *дүниежүзілік сауда* — 104—106, 145, 163, 201.
- Саясат, саяси қатынастар, саяси құрылыс* — 90, 96—98, 104—106, 161—163, 170—172, 179—181, 212—213, 253, 341; *саяси үстемдіктің пайда болуы* — 175—177; *сонымен қатар қараңыз: Экономика және саясат*.
- Саяси экономия* — 11, 69, 98, 188—

- 189, 204—205, 219—220, 222—223, 225—226, 232 249, 303, 305, 329—330, 353—354; *саяси экономияның* предмети мен методы — 145—151; ең кең мағнасындағы *саяси экономия* — 145, 148—149; неғұрлым тар мағнасындағы *саяси экономия* — 149; *саяси экономияның тарихи сыйпаты* — 145—146; *саяси экономияның* заңдары — 145—146, 149; буржуазияға дейінгі *саяси экономия* — 149; классикалық *саяси экономия* — 18, 204—206, 222—224; тұрпайы *саяси экономия* — 191—193, 204—205; 183—193, 210—216, 249—250, 353—354.
- Себептілік* — 23—26, 204—205, 373—374; метафизикалық түсіністері *себептілік* — 25—26; диалектикалық түсіністері *себептілік* — социализм тұсындағы қоғамдық себептер және адамдардың саналы ісі — 279; саяси экономиядағы *себептілік* — 312—313; биологиядағы себептілік — 70—72, 89.
- Секірме* — 68, 279, 368; сапалық секірме — 47.
- Семья* — егіншілік *семья* ішіндегі еңбек бөлінісі — 176—178; *семьяның* еңбек өнімділігінің өсуі және қоғамның дамуы — 191—192; ортағасырлық өндіріс және семья — 263—265, 267; машиналық өндіріс және жұмысшы *семьясы* — 269—270; капитализм тұсында *семьяның* бұзылуы — 255—256; Дюрингтің *семьяға* көзқарасын сынау — 312—314, 318—322.
- Синтез* — қараңыз: *Анализ*.
- Система* — барлық дүниелік байланыстардың *системасы* — 39—41; дүние біртұтас система болып табылады — 333; дүниенің коперниктік *системасы* — 59.
- Социализм* — 19, 22—23, 29—31, 156, 196—197, 262—263, 279, 281; Ғылыми *социализм* — 23—24, 30—31, 198—199, 281, 294—295, 342; социализм және тарихты материалистік гүрғыдан түсіну — 29—31; утопиялық *социализм* 22—23, 29—31, 252—253, 261; теңгермелі социализм — 195—196; стихиялық жұмысшы *социализмі* 196—197; француз *социализмі* — 22—23, 29—30; ағылшын *социализмі* — 22—23, 29—30; алғашқы неміс социалистері — 22—23, неміс социализмі — 9—10, эклектикалық социализм — 22—23, социализм — тарихи пайда болған екі таптың күресінің қажетті нәтижесі — 29—30; *социализм* тұсындағы өндіріс — 275—276, 279, 281, 306—307; сонымен қатар қараңыз: *Өндіріс құрал-жабдықтары, социализм* тұсындағы бөліс — 196—197; *социализм* тұсындағы қоғамдық меншік және дара меншік — 130—132; *социализм* тұсында қала мен деревня арасындағы қарама-қарсылықтың жойылуы — қараңыз: *Қала; социализм* тұсындағы еңбек — қараңыз: *Еңбек; социализм* тұсындағы *тәрбие* — қараңыз: *Тәрбие; социализм* тұсындағы жеке адам — қараңыз: *Жеке-адам*.
- Социалист-утопистер* — қараңыз: *Утопистер*.
- Соғыстар* — грек-парсы *соғыстары* — 158; Германиядағы шаруа соғысы — 21, 106—107, 339; Отыз жылдық *соғыс* — 99, 181—182; XVII және XVIII ғасырлардағы сауда *соғыстары* — 268—269; тәуелсіздік жолындағы америкнн соғысы — 164—165; 1806 және 1807 жылдарда Пруссияның соғыста жеңілуі — 99, 211—212, 361; Наполеон *соғыстары* — 128, 166, 251—252, 254—255; 1853—1856 жылдардағы Қырым *соғысы* — 169—170; 1870 жылғы француз-пруссак соғысы — 166—168.
- Соғыс өнері, соғыс және өндіргіш күштердің дамуы* — Армия мен флоттың экономикалық жағдайларға байланыстылығы — 164—172, 351—353; соғыс ісінің материалдық негіздері — 357—364; соғыс кемелерін жасау және ірі өнеркәсіп — 169—171; қоғамдық қатынастар және армияны құру — 164—169; линиялық сап — 357—364; колонна — 357—364; бүкіл халықты қаруландырудың революциялық *системасы* — 166—168, 361—362; соғыс өнерін үйрету — 167—168, 346—347; сонымен қатар қараңыз: *Стратегия*.



- Спиритуалистер* — 46, 342.  
*Статикалық және динамикалық* — 61, 63, 67.  
*Стратегия* — 164—172, 351—353, 357—364, Сонымен бірге қараңыз. *Соғыс өнері*.  
*Суландыру* — шығыс елдері тарихында қолдан *суландырудың* ролі — 176—177.

**Т**

- Табиғат* — *табиғаттың* уақыт жөнінен тарихы бар — 28—29, 59; адамзаттың табиғатқа үстемдігі — 113—114, 175—176, 279, сонымен қатар қараңыз: *Диалектика және жаратылыс тану ғылымы*.  
*Табиғатты механикалық жолмен түсіну* — 369—377.  
*Табиғи іріктелу* — 69—77, 335; жасанды іріктелу — 69—70.  
*Тактика* — қараңыз: *Соғыс өнері және Стратегия*.  
*Таным* — 15—16, 325—326; *танымның* относительдігі 85—93, 121.  
*Тап күресі* — 28—30, 261; тарихты ескіше, идеалистік тұрғыдан түсіну материалдық мүдделерге негізделген ешбір *тап күресін* танымады — 29—30.  
*Таптар* — 20—23, 29—30, 94, 155, 252—253, 261, 270—272, 277—278, 281, 288—289; қоғамдық таптар — экономикалық қатынастардың жемісі — 29—30; *таптардың* құрылуы — 175—180; *таптардың* қарама-қарсылығы — 19—21, 95, 146—147, 178—180, 251—254, 261, 280, 307; *таптардың* жойылуы — 95; 106—108, 155, 278, 281; таптардың күресі және соғыс ісін ұйымдастыру — 164—172; Физократтар тап туралы — 241—245; сонымен қатар қараңыз: *Қоғам*.  
*Тарих* — 28—29, 94, 329—330, 339—341; тарихқа диалектикалық көзқарас — 12, 29—30; *тарихты* материалистік тұрғыдан түсіну — 12, 28—31, 262, табиғаттың уақыт жөнінен өзінің *тарихы* бар — 28—29; адамзат *тарихы* — 12—13, 23—24, 26—28, 37—39, 87, 89—90, 113—116, 175—176, 311—312; ал-

ғашқы жабайы күйден басқа бүкіл бұрынғы *тарих таптар* күресінің *тарихы* болды — 29—30; адамзат ойының даму *тарихы* — 13; логикалық принциптер табиғат пен тарихтан шығады, абстракцияланады — 38—39; *тарихта* бекерге шығаруды бекерге шығару — 138—140, 342—343, социализм түсінде адамдардың өз тарихын саналы түрде жасауы — 279; *тарихты* идеалистік түсіну — 29—30; *тарихты* метафизикалық түсіну — 29—30.

- Тартылыс* — 14, 57—59, 77—78.  
*Телеология* — 68, 373.  
*Теория* — 252—253; эволюция теориясы — қараңыз: *Эволюциялық теория*; күн системасының пайда болуының Қанттық системасы — 14—59; газдардың кинетикалық теориясы — 15—16; жылылықтың механикалық теориясы — қараңыз: *Жылылық*; XVIII ғасырдағы коммунистік теориялар — 21.  
*Теңдік* — 20, 102—104, 338—341; *теңдік* идеясының дамуы — 102—108, буржуазиялық *теңдік* — 20, 104—108, 340; пролетарлық *теңдік* талабы — 106—108.  
*Тепе-теңдік* — 62, 64—65, 334; механикалық *тепе-теңдік* — 62.  
*Теңсіздік* — 97—99, 102—103, 139—140, 158.  
*Товар* — 159—160, 193—195, 198—201, 235, 263—264, 266—267; 304—306; *товар* анықтамасы — 303—304; еңбек өнімдерінің товарға айналуы — 160—303; *товардың* қоғамдық сыйпаты — 303; *товар* ретіндегі жұмысшы күші — 30—31, 199—201, 307.  
*Товар айналысы* — 151, 160, 198—199, 271—272.  
*Трест* — 272—274, 281.  
*Трэд-юниондар* — 257—258.  
*Тұтас* — 39—40, 327—329; бүтін және бөлік — 42.  
*Тұқым қуалау* — 70, 72—74.  
*Тыныштық* — 64—65; тыныштық және қозғалыс — 25—26, 64, 120; қозғалыс пен тыныштық арасындағы қарама-қарсылықтың относительдік сыйпаты — 62, 64, 334; сонымен қатар қараңыз: *Қозғалыс*.

- Тіршілік* — 62, 68, 77—84, 121, 334, 336—338, тіршіліктің пайда болуы — 74; тіршілік дегеніміз белок денелердің өмір сүру әдісі — 82—84, 337.
- Тіршілік үшін күрес* — 69—71, 76—77, 143, 268—269, 276, 279.
- Түйсік* — 79—81, 84—85, 116—117.
- Түрткі* — механикадағы *түрткі* — 63—64; «бірінші түрткі» — 26—27, 54—56, 61.
- Түсінік* — 15—16, 40—42, 96; түсінік дегеніміз — тәжірибенің мәліметтерін қорыту — 16—17; *түсінік* заттардың ойда бейнеленуі — 24—25.
- Тұтыну* — 160, 199—201, 269—271, 278, 306—307; капитализм тұсындағы *тұтыну* — 278; кем *тұтынушылық* — 282—285.
- Тұтыныс тапшылығы* — қараңыз: *Тұтыну*.
- Төңкеріс* — 104—105, 280—281, 291—292; әлеуметтік және саяси *партиялардың* себептері — 160—163, 262; саяси
- Төңкеріс* — 104 — 105, 280 — 281, 291—292, әлеуметтік және саяси *төңкерістердің* себептері — 160—163, 262; социалистік *төңкеріс* — 154—156, 191—192, 274—275.
- Тәжірибе* — 40—43, 332, 343, 364—366; *тәжірибе тарихы* — 341.
- Тәрбие* — 310; капитализм тұсындағы *тәрбие* — 288—290; социалистік қоғамдағы *тәрбие* мен еңбек — 290—292, 318—319; Фурье және Оуэн социализм тұсындағы *тәрбие* туралы — 289—291; Дюрингтің *тәрбиеге* көзқарасын сынау — 313—319.

## У

- Уақыт* — 41—42, 50—51, 53—55; кеңістік және *уақыт* — болмыс атаулының бәрінің негізгі формалары — 53—54; *уақыттың* шексіздігі — 50—54; *уақыт түсінігі* және нағыз *уақыт* — 53—55; *уақыт* және өзгеріс — 54—55; *уақыт еңбек өлшемі* — 306—308; жұмыс *уақыты* — 105—106, 178 — 179, 184—185, 189—191, 305—306, 308, 290—291, 304, 307.
- Утопистер* — 21—24, 252—262, 289—291; Утопиялық социализм — қараңыз: Социализм.

## Ф

- Фабрика* — 263—264 268—269, 280, 290—293, 319.
- Феодализм* — 22—23, 104—105, 148, 164, 173—174, 251—252, 267, 279—280, 349—350; *феодализм* және буржуазия — 20—23, 104—105, 161—162, 262—263.
- Физика* — 9—10, 88, 92—93, 326—327, 370—372; молекула *физикасы* — 68; атомдар *физикасы* — 68.
- Физиократтар* — 232, 237, 240—241, 246—247; Кенэннің «Экономикалық кестесі» — 237—247; физиократтардың таптары — қараңыз: *Таптар*
- Физиология* — 25—26.
- Филология* — 316—318.
- Философия* — 16—17, 39—40, 62, 134—135, 261—262, 326—329; *философия* — қондырма — 29—30; грек *философиясы*, арғы заман философиясы — 23—25, 138, 327—329; 343, бертінірек замандағы гректің тұрпайы философиясы — 312—313; ағылшын философиясы — 23; XVIII ғасырдағы француз философиясы — 19—20, 23—24, 251—252; неміс *философиясы* — 12, 23—24, 26—27, 326—331; философия және жаратылыс тану ғылымы — 138—373; *философия тарихы* бекерге шығаруды бекерге шығарудың дәлелдемесі болып табылады — 138—139.
- Флогистон* — 331.
- Фритредерлік бағыт* — 331.

## Х

- Химия* — 9—10, 62, 68, 84—85, 88, 127—129, 326—327, 334, 343, 370—372; *химиядағы* заттар ауысуы — 81—82; физиологиялық *химия* — 81—82; белок химизмі — 68, 82—84.
- Христиан діні* — 100—101, 103—105, 253—254, 338—339, 342; сонымен қатар қараңыз: *Мораль*

## Ц

- Цехтар* — 105—106, 162, 180—181, 210—212, 262—263, 265—267.
- Цивилизация* — Руссо *цивилизация* туралы — 139—140; Фурье *цивилизация* туралы — 254 — 255, 258—259, 348—349.

## Ч

*Чаргистер* — 28—29.

## Ш

*Шама* — 365—369; турақты және ауыспалы *шама* — 41—42; тұрақты *шамалар* математикасы — 121—122; 134—135 ауыспалы *шамалар* математикасы — 88, 121—122, 134—135 теріс *шама* — 121; жорымалы *шамалар* — 41—42.

*Шаруалар* — 105—106, 168, 263—264; *шаруалар* және қауымдық жер меншігі — 159—160; еркін шаруалар — 174—175; *шаруалар* және құлдық еңбек — 158—159, 173—174; еркін шаруаларды крепостной шаруаларға айналдыру — 347—348; 354—355; *шаруалар* және ірі жер иелігі — 173—174; шаруалар және феодализм — 105—106, 267; *шаруалар* орта ғасырларда өндіріс құрал-жабдықтарының меншікшілері — 262—263; капитализм тұсындағы *шаруалар* 251—252, 266.

*Шексіздік* — 48—54; шексіздік дегеніміз қайшылық — 52—54; кеңістіктегі *шексіздік* — 50 — 54; уақыттағы *шексіздік* — 50—54; сан қатарының шексіздігі — 48—50, 51—53; шын дүниедегі математикалық шексіздіктің бейнесі — 364—369; танымның шексіз үдемелі қозғалысы — 87—88, 120—121; «жөнсіз» *шексіздік* — 48—49, 54—55.

*Шіміркенушілік* — 83—84, 337, сонымен қатар қараңыз: Түйсік.

*Ысықлау* — ысқылау арқылы от алу — 113—115.

## Э

*Эволюциялық теория* — 13, 15—17. *Эквивалент* — 160, 305, сонымен қатар қараңыз: *Ақша*, *Эклектизм* — 327—328. *Эмика және саясат* — 104—106, 157—158, 161—163, 212—213, 253—256, 347—351.

*Экспроприаторларды экспроприациялау* — 130—131, 132—133.

*Электр* — 15—16, 62, 68, 334.

*Эмансипация* — әйел *эмансипациясы* *Фурьеше* жалпы *эмансипация* өлшемі — 254—255.

*Эмбриология* — 75—76, 314.

*Эмпириктер* — 13—14; ағылшын *эмпиризм* — 16—17.

*Энергия* — икинетикалық *энергия* — 15—16; потенциалдық *энергия* — 15—16; молекулярлық *энергия* — 66; *энергияның* сақталу заңы — 15—16; *энергияның өзгеру* заңы — 15—16.

## Қ

*Қажеттілік* — 30—31, 48—49, 113—114, 279; сонымен қатар қараңыз: *Бостандық*.

*Қайшылық* — 25—26, 120—121, 140—155, 342—343, 345—346; шексіздік *қайшылығы* — 52—54; математикадағы *қайшылық* — 120—121; қозғалыс *қайшылығы* — 120—121; материя қозғалысының жоғарғы формаларындағы *қайшылық* — 121; таным міндеті мен танымның өзінің әрбір жеке сатысында аяқталмағандығының арасындағы *қайшылық* — 40—41, 87—89, 121; капитализмнің негізгі *қайшылығы* — 280; өндірістің қоғамдық сыйпаты мен капиталистік иемдену арасындағы *қайшылық* — қараңыз: Өндіріс; Гель система-сының ішкі *қайшылығы* — 27—28; *қайшылықты Дюрингтің* түсінуін сынау — 119—121.

*Қала* — *қала* мен *деревня* — 280—287, 288—290, 291—294, 349—350; ірі *қалалар* — 293—294; капитализм тұсында *қала* мен *деревня* арасындағы қарама-қарсылық — 288—289; социализм тұсында *қала* мен *деревня* арасындағы қарама-қарсылықтың жойылуы — 289—291, 292—294.

*Қанау* — 30—31, 132—133, 151, 190—191, 203—205, 271—273, 275, 282—284, 291—292.

*Қарама-қарсылықтар* — 14—16, 24—25, 48—49, 61, 91—92, 140, 147, 342; *қарама-қарсылықтың* өзара біріне бірі сіңіп отыру — 25—26; қым-қыйғаш *қарама-қарсылық* — 16—17, 91; *қарама-қарсылық* полюстары — 25—26.

- Қоғамның экономикалық құрылымы** — 29—30; сонымен қатар: *Кондырма*.
- Қару** — 163—172, 352—353, 357—363.
- Қатынастар** — шын денелерден дерексіз *қатынастар* — 42—43; кеңістіктік қатынастары — қараңыз: *Кеңістік*, сонымен қатар қараңыз: *Сан және математика*.
- Қауым** — 146—147, 172—179, 306, 338, 347—348; алғашқы *қауым* — 103—104, 158—160, 172—173, 175—177, алғашқы *қауымның* ыдырауы — 147, 160, 179—180, 308; орыс *қауымы* — 308, 353—354.
- Қозғалыс** — 23—24, 56—59, 61—63, 374. Қозғалыс дегеніміз материя болмысының формасы — 60—62, 334, 374; *қозғалыстың* жасалмайтындығы және күйремейтіндігі — 15—16, 62, 374; *қозғалыс* дегеніміз қайшылық — 120; *қозғалыс* өзінің өлшемін өзінің қарама-қарсылығынан, тыныштық қалпынан кездестіреді — 64; *қозғалыс* және тепе-теңдік — 62, 64—65; *қозғалыс* заңы — 15—16; *қозғалыс* мөлшері — 15—16, 62; белсенді және баяу *қозғалыс* — 62, *қозғалыс* формалары — 15—16, 62, 65, 121; механикалық *қозғалыс* — 62, 334, 372; молекулярлық *қозғалыс* — 58, 62, 88, 291—292, 367, *қозғалыс* — сапасының өзгеруі — 372; *қозғалыстың* жоғарғы формалары — 121; *қозғалыстың* экономикалық формасы — 148.
- Қондырма** — праволық және саяси мекемелер қоғамның экономикалық құрылымынан туған *қондырма* — 29—30; философия, дін, искусство *қондырма* ретінде — 29—30, 89.
- Қорлану** — 269—271, 309; капиталдың алғашқы *қорлануы* — 131—133;
- Қосымша күн** — 30—31, 186—187, 191—192, 198, 204, 206—209, 213—216, 250.
- Қоғам** — 19, 90, 97, 103—104, 279, 292—293, 302—303, 332, *қоғамның дамуы* — 190—191; қоғам экономикалық қатынастарға байланысты — 342; қоғамның таптарға бөлінуі — 147, 255—256, 261—262, 277—278; қоғамның таптық қарама-қарсылықтарда дамуы — 90, 175—176, 178—179, 182—183, 203—204; құлиелену қоғамы — 158—159, феодалдық *қоғам* — 104—106, 261—263, 267, 279—280; товар өндірушілер *қоғамы* — 193—194, 266, 303; буржуазиялық *қоғам* — 104—106, 251—252, 255—256, 274—275, 312—313; капиталистік *қоғам* — 271—274; тапсыз *қоғам* — 85, 114—115; социалистік *қоғам* — 272—273; сонымен қатар қараңыз: Социализм XVIII ғасырдағы француз философтарының «ақылға сыйымды қоғам» талап етуі — 251.
- «*Қоғамдық договор*» — Руссоның «*Қоғамдық договоры*» — 20, 251.
- Қоғамдық меншік** — қараңыз: *Меншік*.
- Қоғамдық қатынастар** — 20, 89, 96—98, 149—150, 277, 341.
- Қоғамдық өндірістік және резервтік фонд** — 190—192.
- Құлдық** — 146, 153, 158—159, 177—179, 338, 345—347; арғы заман *құлдығы* — 177—178; *құлдық* еңбек бөлінісінің ең қарапайым формасы — 178—179; *құлдық* өндіріс формасы — 345—346.
- Күн** — 123—125, 184—198, 199—201, 227—229; күн және еңбек — 193—194, 196—197, 303—304; күн — қоғамдық еңбектің көрінісі — 188—189, 196—197, 303—304; күннің мөлшері — 184—185; күн заңы — 105—106, 209—210, 352—353; товар күны — 187—189, 193—195, 303; күн және товар айырбасы — 303, 308; күн және ақша — қараңыз: *Ақша*; асыл металдардың күны — 233—235; жұмысшы күшінің күны — 30—31, 177—178, 200—307; классикалық саяси экономиядағы күн — 227—229; тұрпайы экономиядағы күн — 189—190.

## F

**Ғылымдар** — ғылымдардың үш тобы — 88—91; дәл ғылымдардағы «мәңгі ақыйқаттар» — 88—89; жанды организмдерді зерттейтін

ғылымдағы «мәңгі ақыйқаттар» — 89; тарихи ғылымдардағы «мәңгі ақыйқаттар» — 89—91; ой туралы ғылым — 91, 325—326.

Ө

**Өзара әрекет** — 23—27, 72.

**Өзгеріс** — 23—25, 46—47, 53—56, 72, 126—127. Уақыт және өзгеріс — қараңыз: Уақыт; сапа өзгерістері — 370—372; сан өзгерістері — 370—372.

«Өзіндік зат» — 65, 327—328.

**Өлшем** — 306; қозғалыс өлшемі — 64; сонымен қатар мыналарды қараңыз: өлшеу қатынастарының түйінді желісі, Уақыт, Еңбек және Ақша.

**Өлшеу қатынастарының түйінді желісі** — 47, 68, 126.

**Өндіргіш күштер** — 154—155, 163—164, 175—177, 178—180, 252, 260—263, 271—276, 278, 281, 290—291, 349—350; капитализм тұсында өндіргіш күштердің дамуы, өндіргіш күштер мен өндіріс әдісі арасындағы жанжал — 261—263, —270—272; социализм тұсындағы өндіргіш күштердің дамуы — 279.

**Өндіріс қатынастары** — 29—30, 151, 261—262, 347—348.

**Өндіріс** — 151—157, 162—164, 267—271, 276—295; өндіріс әдісі — 30—31, 146—149, 158, 161—162, 201, 251, 262—272, 274—275, 290—291, 345—348; өндіріс әдісі және қоғамдық құрылыс — 147—148, 201,

**Өндіріс пен бөліс** — 146—148; **Өндіріс пен айырбас** — 145—149, 160, 261—262, 280; жерге қауымдық иелік және өндіріс — 138; Англиядағы ұсақ өндіріс — 132—133; орта ғасыр қоғамындағы өндіріс — 262—265, 267; цехтік кол өнер өндірісі — 146; товар өндірісі — 160, 263—267, 279—280, 305—306; капиталистік өндіріс — 30—31, 125, 147—149, 160, 262—263, 280—281; жеке фабрикаларда өндірісті ұйымдастыру мен бүкіл қоғамдағы өндіріс анархиясының арасындағы қарама-қарсылық — 268—269, капиталистік өндіріс-

тің заңдары — 148, 209—210, 266—267; қоғамдық өндіріс пен капиталистік иемдену арасындағы қайшылық — 263—266, 268—269, 271—272, 280; социализм тұсындағы өндіріс — 275—276, 279, 281, 290—291; сонымен қатар қараңыз: **Өндіріс құрал-жабдықтары.**

**Өндіріс әдісі** — қараңыз: **Өндіріс.**

**Өндіріс құрал-жабдықтары** — өндіріс құрал-жабдықтары өндірісі — 190—191; орта ғасырлардағы өндіріс құрал-жабдықтары — 262—264, 279; өндірушінің өндіріс құрал-жабдықтарынан ажырауы — 280; өндіріс құрал-жабдықтарына монополия және қосымша еңбек — 153, 160—161—162; өндіріс құрал-жабдықтарының капиталға айналуы — 203—205, 271—272; капитализм тұсында өндіріс құрал-жабдықтарының шоғырлануы, оның ішкі қайшылығы — 132—133, 262—266, 280; өндіріс құрал-жабдықтары және кризистер — 271—273; капитализм тұсында өндіріс құрал-жабдықтарының өндірушілерге үстемдігі — 288—291; социализм тұсындағы өндіріс құрал-жабдықтары — 275—276, 306—307, 312—313.

**Өнеркәсіп** — 104—105, 158—159, 161—164, 169—171, 175—176, 252, 268—269, 289—290, 293—294; қол-өнер өнеркәсібі — 104—105, 158, 161—163; ірі өнеркәсіп — 28—29, 126, 147, 155, 169—171, 172—173, 252, 255—256, 268—269, 289—295; өнеркәсіп төңкерісі — 255—257, 280.

**Өнеркәсіптің резервті армиясы** — 268—272, 280, 307.

**Өнім** — 160, 190—192, 200—201, 203—205, 263—267, 270—271, 276, 278—280, 290—291, 306—309; ерте заман қауымдарындағы еңбек өнімі — 306; орта ғасыр қоғамындағы еңбек өнімі — 263—265, 267, 279; еңбек өнімінің товарға айналуы — 159, 263—264, 280, 303—304; өнімнің құн формасы —

—307; капитализм тұсындағы қоғамдық еңбектің өнімі — 263—264, 280, 304; капитализм тұсындағы қосымша өнім — 160, 200—201, 204—205, 208—210; жұмысшылар еңбегі өнімінің оларды қанау құралына айналуы — 213—214; социализм тұсындағы қоғамдық өнім — 130—131, 278.

Өсімдік — 79—81.

Өсімдіктер мен жануар түрлерінің өзгергіштігі — 69—72.

Өтпелілер — өтпелілер және табиғаттағы байланыстар — 56—58.

Ә

Әділеттік — ағартушылардың «мәңгі әділеттік» жөніндегі ұғымы — 20; әділеттік ұғымының тарихи сыйпаты — 90—91; сонымен қатар қараңыз: Теңдік.

## ЕСІМДЕР КӨРСЕТКІШІ

### А

- Анаксагор* (біздің заманымызға дейінгі 500—528 ж. шамасы) — 20.  
*Анфантен* Бартелеми Проспер (1796—1864) — 35.  
*Аристотель* (біздің заманымызға дейінгі 384—322 ж.) — 23, 89, 223, 225, 326, 345.

### Б

- Бабеф* Франсуа Ноэль (Гракх) (1760—1797) — 21, 35, 339, 346.  
*Беккер* Карл Фердинанд (1775—1849) — 317—318.  
*Бисмарк* Отто Эдуард (1815—1898) — 112, 273, 294, 314.  
*Блан* Луи (1811—1882) — 34, 310.  
*Богуский* Иосиф Юрий (1853 ж. туған) — 92.  
*Бодо* Николай (1730—1792) — 239.  
*Бойль* Роберт (1627—1691) — 92, 305.  
*Бопп* Франц (1791—1867) — 317.  
*Боссю* Шарль (1730—1814) — 344.  
*Буагильбер* Пьер (1646—1714) — 223, 229, 232.  
*Бэкон* Фрэнсис (1561—1626) — 24, 328.  
*Бюжо* Тома Робер (1784—1849) — 361.  
*Бюхнер* Людвиг (1824—1899) — 327.

### В

- Вагнер* Герман (1815—1889) — 236.  
*Вагнер* Рихард (1813—1883) — 32, 116.  
*Вандерлинг* Якоб (1740 ж. өлген) — 232, 233, 236.  
*Вейтлинг* Вильгельм (1808—1871) — 22, 197, 299.

- Веллигтон* Артур Уэлсли (1769—1852) — 353, 361.  
*Виктория*, Англияның королевасы (1819—1901) — 257.  
*Вирхов* Рудольф (1821—1902) — 9, 16, 325.  
*Вольф* Христиан (1679—1754) — 328.

### Г

- Гален* Клавдий (131—200 шамасы) — 89.  
*Галле* Иоганн (1812—1910) — 59.  
*Гаюей* Вильям (1578—1657) — 231.  
*Гартман* Эдуард (1842—1906) — 327.  
*Гаусс* Карл Фридрих (1777—1855) — 52.  
*Гегель* Георг Вильгельм Фридрих (1770—1831) — 13, 14, 19, 20, 23, 27—30, 34, 38—41, 43, 45, 47, 48—49, 54, 61, 75, 80, 102, 113—114, 119, 123—125, 128—130, 139, 140, 142—144, 184, 249, 255, 326, 329—331, 333, 344, 364, 370, 373, 374.  
*Гейзе* Иоганн Христиан (1764—1829) — 317.  
*Геккель* Эрнст (1834—1919) — 13, 72—74, 139, 370, 371, 373, 374.  
*Гексли* Томас Генри (1825—1895) — 79.  
*Гельмгольц* Герман (1821—1894) — 14.  
*Генрих XXII* (XIX ғасыр) — 173.  
*Гераклит* (біздің заманымызға дейінгі VI ғасырдың аяғы V ғасырдың басы) — 24.  
*Гете* Иоганн Вольфганг (1749—1832) — 95, 144, 316, 350.  
*Гиббон* Эдуард (1737—1794) — 237.  
*Гиффен* Роберт (1837—1910) — 278.

- Грибодаль* Жан Батист (1715—1789)—158, 360.  
*Гримм* Якоб Людвиг Карл (1785—1803)—317.

## Д

- Дальтон* Джон (1766—1844)—327.  
*Дарвин* Чарлз (1809—1882)—26, 34, 69—76, 81, 125—126, 143, 335, 374,  
*Декарт* Рене (1596—1650)—23, 55, 62, 121, 326.  
*Дельвин* Анри Густав (1799—1876)—362.  
*Демокрит* (біздің заманымызға дейінгі 460—370 ж. шамасы) — 326.  
*Дидро* Дени (1713—1784)—23.  
*Диоген* Лаэртций (шамамен III ғасырдың бірінші жартысы) — 327.  
*Дитц* Фридрих (1794—1876) — 317.  
*Дюринг* Евгений (1833—1921).

## Е

- Екатерина II* (1729—1796) — 347.

## Ж

- Жерар* Шарль Фридрих (1816—1856) — 126.

## И

- Иенс* Макс (1837—1900) — 169, 352.

## К

- Кампгаузен* Лудольф (1803—1890)—109.  
*Кант* Иммануил (1724—1804) — 14, 26, 34, 51—52, 58—60, 67, 237, 255, 329.  
*Кантильон* Ричард (1680—1734) — 235.  
*Карлейль* Томас (1795—1881) — 251.  
*Карно* Никола Леонар Сади (1796—1832) — 331.  
*Кауфман* К. П. (1818—1882) — 101.  
*Кекуле* Фридрих Август (1829—1896) — 326, 370, 371.  
*Кенэ* Франсуа (1694—1774) — 17, 237—246, 259.  
*Келлер* Иоганн (1571—1630) — 14.  
*Кирхгоф* Густав (1824—1835) — 14.  
*Коббет* Вильям (1762—1835) — 237.  
*Конфуций* (Кун — Фу — цзы) (біздің заманымызға дейінгі 551—479 ж. шамасы) — 248.

- Коперник* Николай (1473—1543) — 59  
*Крупн* Фридрих Альфред (1800—1902) — 170.

- Ксенофонт* (шамамен біздің заманымызға дейінгі 430—355) — 224.  
*Кэри* Генри (1793—1879) — 182, 238, 247, 351.

## Л

- Лавуазье* Антуан Лоран (1743—1794) — 228, 331.  
*Ламарк* Жан Батист (1744—1829) — 34, 69, 75, 76.  
*Лангеталь* Христиан Эдуард (1806—1878) — 354.  
*Лаплас* Пьер Симон (1749—1827) — 27, 329.  
*Ласкер* Эдуард (1829—1884) — 343.  
*Лассаль* Фердинанд (1825—1864) — 35, 108, 109, 127.  
*Лафарг* Поль (1842—1911) — 12.  
*Леверье* Урбен Жан Жозеф (1811—1877) — 59.  
*Левкипп* Абдерадан (біздің заманымызға дейінгі V ғасыр) — 327.  
*Лейбниц* Готфрид Вильгельм (1646—1716) — 135.  
*Либих* Юстус (1803—1873) — 13.  
*Либкнехт* Вильгельм (1826—1900) — 323.  
*Линней* Карл (1707—1778) — 28.  
*Лист* Фридрих (1789—1846) — 225, 247.  
*Лоу* Джон (1671—1729) — 229, 230, 232.  
*Локк* Джон (1632—1704) — 17, 24, 229—232, 234, 235, 328.  
*Лоран* Огюст (1807—1853) — 126.

## М

- Мабли* Габриель Боно (1709—1789) — 19, 21.  
*Майер* Вильгельм Роберт (1814—1878) — 63.  
*Маккиавелли* Никколо (1469—1527) — 352.  
*Макелод* Генри (1821—1902) — 248  
*Мальпиги* Марчелло (1628—1694) — 89.  
*Мальтус* Томас Роберт (1706—1834) — 69, 70.  
*Мантейфель* Отто Теодор (1805—1882) — 42.  
*Маркс* Карл (1818—1883) — 10—15, 16, 17, 31, 35—36, 48, 105, 107,



108, 122—132, 133—134, 140, 149, 153, 160, 181, 188, 192—199, 202—210, 214—216, 222, 231—234, 249, 262, 263, 269, 270, 285, 289, 292, 299, 307, 315, 319, 330, 345, 350—351, 352.

**Масси** Джозеф (1784 ж. өлген) — 233, 234.

**Маурер** Георг Людвиг (1790—1872) — 173.

**Мейер** Лотар (1830—1895) — 372.

**Менделеев** Дмитрий Иванович (1834—1907) — 86.

**Меттирних** Клеменс Венцель (1773—1859) — 273.

**Минье** Клод Этьен (1814—1879) — 362.

**Мирабо** Оноре Габриель (1749—1791) — 247.

**Михелет** (Michelet) Карл Людвиг (1801—1893) — 38.

**Мольер** Жан Батист (1622—1673) — 217.

**Монтеские** Шарль (1689—1755) — 233.

**Мор** Томас (1478—1535) — 348.

**Морган** Льюис Генри (1818—1881) — 12.

**Морелли** (XVIII ғасыр) — 19, 21.

**Мэн** Томас (1571—1641) — 226.

**Монцер** Томас (1490—1525 ж. шамасы) — 18, 155.

## Н

**Наполеон I** Бонапарт (1769—1821) — 90, 109, 121, 166, 253, 257, 273, 346, 361.

**Негели** Карл Вильгельм (1817—1891) — 324.

**Никольсон** Генри (1844—1899) — 337.

**Норс** Дадли (1641—1692) — 15, 229—232.

**Ньютон** Исаак (1642—1727) — 14, 28, 35.

## О

**Окен** Лоренц (1779—1851) — 14.

**Оуэн** Роберт (1771—1858) — 21, 35, 147, 196, 251, 255—260, 289, 290, 302, 319.

## П

**Петр I** (1672—1725) — 347.

**Платти** Вильям (1623—1687) — 17, 223, 226—232, 234—236.

**Пифагор** (біздің заманымызға дейінгі 571—497 ж. шамасы) — 334, 374.

**Платон** (біздің заманымызға дейінгі 427—347 ж. шамасы) — 217, 224.

**Плиний** Старший, Гай Секунд (біздің заманымыздың 24—79 ж. шамасы) — 174.

**Пристли** Джозеф (1733—1804) — 331.

**Прудон** Пьер Жозеф (1809—1865) — 310, 311.

## Р

**Раф** Георг Христиан (1748—1788) — 316.

**Реньо** Анри Виктор (1810—1878) — 92.

**Рикардо** Давид (1772—1823) — 71, 98, 188, 189, 192, 207, 223, 248, 351.

**Родбертус** Иогани Карл (1805—1875) — 284.

**Романов** Михаил Федорович (1596—1645) — 347.

**Роско** Генри Энфильд (1833—1915) —

**Рохов** Густав Адольф (1792—1847) — 312.

**Рохов** Фридрих Эбергард (1792—1847) — 181, 182.

**Рошер** Вильгельм Георг Фридрих (1817—1894) — 224.

**Руссо** Жан Жак (1712—1778) — 20, 23, 98, 99, 103, 138—139, 140, 143, 150, 250, 311, 339, 343.

## С

**Саргант** Уильям (1809—1889) — 259, 303.

**Секки** Анджело (1818—1878) — 342.

**Сен-Симон** Анри (1760—1825) — 21, 27, 35, 147, 196, 251—254, 259, 260.

**Серра** Антонио (XVI ғасыр) — 225.

**Сисмонди** Симонд де (1773—1842) — 223, 284.

**Смит** Адам (1723—1790) — 98, 149, 189, 216, 217, 220, 221, 224, 228, 234, 235, 238, 247, 351.

**Смит** Георг (1840—1876) — 74.

**Спиноза** Барух (Бенедикт) (1632—1677) — 23, 110, 141.

**Струве** Густав (1805—1870) — 118.

**Стюарт** Джемс (1712—1780) — 247, 248.

**Стюартар** (XVII—XVIII ғасырлар) — 248.

*Сэй Жан Батист* (1767—1832)—151.

## Т

*Томсон Вильям* (лорд Кельвин) — (1824—1907) — 366.

*Траубе Мориц* (1826—1894)—82, 337.

*Тревиранус Готфрид Рейнгольд* (1776—1837) — 14.

*Тувенен Луи Роберт Жак* (1727—1781) — 362.

*Тюрго Анн Роберт Жак* (1727—1781) — 247

## У

*Уолпол Роберт* (граф Оксфорд) (1676—1745) — 236.

## Ф

*Фейербах Людвиг* (1804—1872) — 329.

*Фервер Франсуа* (1777—1861) — 247.

*Фидий* (біздің заманымызға дейінгі 500—430 ж. шамасы) — 320.

*Фихте Иоганн Готлиб* (1762—1814) — 34, 144.

*Фогт Карл* (1817—1895) — 11, 326, 327.

*Фридрих XII* (1712—1786) — 165, 312, 359, 360.

*Фридрих Вильгельм III* (1770—1840) — 273.

*Фридрих Вильгельм IV* (1795—1861) — 180.

*Фурье Жан Батист Жозеф* (1768—1830) — 331.

*Фурье Шарль* (1772—1837) — 21, 35, 147, 196, 251, 254, 255, 259, 268, 271, 289, 290, 348.

## Ч

*Чайльд Джосна* (1630—1699) — 235.

## Ш

*Швенингер Эрнст* (1850—1924) — 12.

*Шеллинг Фридрих Вильгельм* (1775—1854) — 34, 48, 144.

*Шлоссер Фридрих Христофор* (1776—1861) — 237.

*Шопенгауер Артур* (1788—1860) — 327.

*Шорлеммер Карл* (1834—1892) — 337.

*Штирнер Макс* (Каспар Шмидтің әдеби псевдонимі) (1806—1856) — 99.

## Э

*Эвклид* (біздің заманымызға дейінгі IV — III ғ.) — 182.

*Эндрьюс Томас* (1813—1885) — 333.

*Энс Абрагам* — 310.

*Эпикур* (біздің заманымызға дейінгі 341—270 ж. шамасы) — 327.

## Ю

*Юм Давид* (1711—1776) — 17, 124, 232—237, 247.

## МАЗМҰНЫ

<i>КПСС Орталық Комитетінің жанындағы Марксизм-ленинизм Институтынан</i> . . . . .	5
<i>Үш басылуына арналған алғысөздер</i> . . . . .	7
<b>Кіріспе</b>	
I. Жалпы ескертпелер . . . . .	19
II. Дюринг мырза не нәрсе уәде етеді . . . . .	31
<b>Бірінші бөлім. ФИЛОСОФИЯ.</b>	
III. Тарау. Априоризм . . . . .	37
IV. Дүниелік схематика . . . . .	43
V. Натурфилософия. Уақыт пен кеңістік . . . . .	48
VI. Натурфилософия. Қосмогония, физика, химия . . . . .	58
VII. Натурфилософия. Организмді дүние . . . . .	68
VIII. Натурфилософия. Организмді дүние (соңы) . . . . .	77
IX. Мораль және право. Мәңгілік ақыйқат . . . . .	84
X. Мораль және право. Теңдік . . . . .	96
XI. Мораль және право. Еріктілік және қажеттілік . . . . .	108
XII. Диалектика. Сая және сапа . . . . .	118
XIII. Диалектика. Бекерге шығаруды бекерге шығару . . . . .	119
XIV. Қорытынды . . . . .	142
<b>Екінші бөлім. САЯСИ ЭКОНОМИЯ</b>	
I. Предмет пен метод . . . . .	145
II. Зорлық теориясы . . . . .	156
III. Зорлық теориясы (жалғасы) . . . . .	163
IV. Зорлық теориясы (аяғы) . . . . .	171
V. Күн теориясы . . . . .	181
VI. Жәй еңбек пен күрделі еңбек . . . . .	192
VII. Капитал және қосымша күн . . . . .	198
VIII. Капитал және қосымша күн (аяғы) . . . . .	206
IX. Шаруашылықтың табиғи заңдары. Жер рентасы . . . . .	216
X. «Сын тарихынан» . . . . .	216

Үшінші бөлім. СОЦИАЛИЗМ.	
I. Тарихи очерк . . . . .	250
II. Теория очеркі . . . . .	262
III. Өндіріс . . . . .	281
IV. Бөліс . . . . .	295
V. Мемлекет, семья, тәрбие . . . . .	319

*Қосымша:*

«Анти-Дюрингке» жазылған бұрынғы алғысөз — Диалектика туралы	323
«Анти-Дюрингке» әзірлік жұмыстарынан . . . . .	331
Пехотаның тактикасы және оның материалдық негіздері . . . . .	357
«Анти-Дюрингке» ескертулер . . . . .	364
<i>Предмет көрсеткіші</i> . . . . .	375
<i>Есімдер көрсеткіші</i> . . . . .	389

## **ФРИДРИХ ЭНГЕЛЬС**

### **АНТИ-ДЮРИНГ**

(на казахском языке)

---

Сдано в набор 10/1 1957 г. Подписано к печати 5/VI 1957 г. Формат 60×92<sup>1</sup>/<sub>16</sub>—  
—24,75=24,75 п. л. (23,9 уч. изд. л.).

Тираж 80 00

Казгосиздат, г. Алма-Ата, Панфилова, 141.  
Цена 6 р. 45 коп.

---

Заказ № 57. Типография № 2 Главиздата  
Министерства культуры КазССР,  
г. Алма-Ата, ул. Карла Маркса, 63.

